



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

20–21 мамыр, 2021 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIII Orazbayev Readings» on the theme
«HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE
OF ANCIENT AND TRADITIONAL SOCIETIES
OF CENTRAL ASIA:
NEW DISCOVERIES
AND INTERDISCIPLINARY RESEARCH»

20–21 may, 2021

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«XIII Оразбаевские чтения» по теме
«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ
НАСЛЕДИЕ ДРЕВНИХ
И ТРАДИЦИОННЫХ ОБЩЕСТВ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: НОВЫЕ ОТКРЫТИЯ
И МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ
ИССЛЕДОВАНИЯ»

20–21 мая, 2021 г.



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ:
ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты
«XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТИ
БАСПАҮЙІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ
«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-
МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты
«XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

20–21 мамыр, 2021 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
«XIII Orazbayev Readings» on the theme
«HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF ANCIENT AND TRADITIONAL SOCI-
ETIES OF CENTRAL ASIA: NEW DISCOVERIES AND INTERDISCIPLINARY RESEARCH»

20–21 may, 2021

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«XIII Оразбаевские чтения» по теме
«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ ДРЕВНИХ И ТРАДИЦИОННЫХ ОБЩЕСТВ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: НОВЫЕ ОТКРЫТИЯ И МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫЕ
ИССЛЕДОВАНИЯ»

20–21 мая, 2021 г.

Алматы
«Қазақ университеті»
2021

Редакция алқасының төрағасы

Ж.Қ. Түймебаев – филология ғылымдарының докторы
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы-ректор

Редакциялық алқа:

Т.С. Рамазанов – эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми-инновациялық жұмысы жөніндегі проректоры, ф.-м.ғ.д., ҚР ҰҒА корр.-мүшесі;
Нұрсан Әлімбай – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің директоры, профессор;
М.С. Ноғайбаева – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінің деканы, т.ғ.к., қауым.профессор;
Ә.Т. Төлеубаев – т.ғ.д., эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры;
Ғ.Қ. Омаров – эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының доценті;
Г.Р. Мұхтарова – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейін директоры;
М.О. Амирғалиев – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-музейінің директоры;
Ғ. Теміртон – PhD, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі директорының орынбасары.

Жауапты редактор

Р.С. Жуматаев – PhD, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі

Құрастырушы

Б.Б. Бесетаев, А.Е. Ергабылов

«Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 468 б.

ISBN 978-601-04-5517-7

«XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағына Қазақстан және іргелес өңірлердің археологиясы мен этнологиясының, музей ісінің бүгінгі күнгі өзекті мәселелеріне арналған зерттеулер енген. Материалдар жинағы археологтарға, этнологтарға, тарихшыларға және қалың көпшілікке арналған.

В сборник материалов международной научно-методической конференции «XIII Оразбаевские чтения» вошли актуальные исследования, посвященные современным проблемам археологии, этнологии музеологии Казахстана и сопредельных регионов. Материалы сборника предназначены археологам, этнологам, историкам и широкой общественности.

КІРІСПЕ СӨЗ

М.С. Ноғайбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих факультетінің деканы

Құрметті конференцияға қатысушылар! Біз дәстүрге айналған кезекті «Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясында бас қосып отырмыз. Университетіміздегі археология және этнология кафедрасының негізін қалаушы А.М. Оразбаевтың құрметіне өткізіліп келе жатқан бұл ғылыми конференция бүгінгі күні отандық зерттеушілердің ғана емес, жақын және алыс шет ел ғалымдарының жыл сайын пікір алмасатын үлкен бір платформасына айналып отыр. Оның бір көрінісі жыл сайынғы қатысушылар географиясының кеңеюі. Биылғы жылы он үшінші рет ұйымдастырылып отырған бұл конференцияның атап өтерлік келесідей ерекшеліктері бар.

Біріншіден, аталмыш конференцияның Тәуелсіздіктің 30 жылдығымен тұспа-тұс келуі. Оның үлкен әрі зор символдық мәні бар екендігі айтпаса да түсінікті. Өйткені терең тарихымыз бен бай мәдениетімізге, мемлекеттік бастауларымызға жаңаша, тәуелсіз көзбен үңілетіндігіміз белгілі. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында тәуелсіз еліміздің өткені, бүгінгі және болашағы жан-жақты айшықталды. Осы мақалада мемлекет басшысы тарихшылар қауымына үлкен міндеттер жүктеді. Міне сондықтан да, осындай ғылыми жиындарда ел тарихын жан-жақты зерделеу бойынша сүбелі ойлар айтылып, орамды байламдар жасалуы қажет деген пікірдемін.

Екіншіден, осы ғылыми жиынның ұйытқысы, білім мен ғылымның орталығы Археология, этнология және музеология кафедрасының құрылғанына 50 жыл толып отыр. Жарты ғасырда бұл кафедра отандық тарихқа, оның ішінде археология, этнология және музейтану салаларына қаншама жоғары деңгейдегі мамандарды дайындады. Олардың әрқайсысы тәуелсіз еліміздің бай мұрасы мен мәдениетін зерттеу, сақтау және насихаттау ісінде орасан зор жұмыс атқарып келеді. Жоғарыда айтылып өткен Мемлекет басшысының міндеттері бойынша бұл ұжымның, жалпы аталмыш сала мамандарының абыройлы әрі қастерлі істі жүзеге асыруда аянып қалмайтындығына сенімдімін.

Үшіншіден, кез келген үлкен бастаманы жүзеге асыруда сенімді серіктестің болуы шараның деңгейі мен сапасын жоғарылата түсетіндігі белгілі. Осы орайда «Оразбаев оқулары» тәрізді халықаралық ғылыми конференцияның жоғары деңгейде өтуіне ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи мемлекеттік қорық-музейі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі секілді мекемелердің өз үлестерін қосып жүргендіктерін атап өтпей кетуге болмас. Аталған мекемелердің бастамасымен конференция қатысушылары үшін далалық семинарлар, түрлі көрмелер, дөңгелек үстелдер және т.б. іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Биылғы жылғы мерейтойлар тізбесін ҚР Мемлекеттік Орталық музейі толықтырып отырғандығы да қуантарлық жайт. Отандық музейлердің қара шаңырағы биылғы жылы өзінің 190 жылдығын мерекелеп отыр. Ұлттық құндылықтарымызды сақтаушы ғана емес, оларды насихаттаушы және ғылыми айналымға енгізуші бұл ұжымның тәуелсіз ел тарихына берері әлі де мол деп ойлаймын.

Құрметті конференцияны ұйымдастырушылар мен қатысушылар! Ең алдымен барлығыңызды Тәуелсіздігіміздің мерейлі 30 жылдығымен құттықтаймын. Ел іргесі аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз баянды болсын! Ал биыл мерейтой жылын атап өтіп отырған жоғарыдағы екі орталыққа ғылым-білім саласында толағай табыстар тілеймін. Барлық қатысушыларға зор алғыс білдіре отырып, конференция жұмысының сәтті әрі жемісті болуына тілектестік білдіремін.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІНЕ 190 ЖЫЛ

Әңгіме отандық музей ісінің бастауы әрі күні бүгінге дейін ұйытқысы болып отырған еліміздің бас музейінің ұйымдық-институционалдық және тарихи-мәдени құндылықтар қорының қалыптасу үрдісінің сонау XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастау алатындығы жөнінде болып отыр. Өзара себеп-салдарлық байланыстағы сан алуан мәліметтерге негізделген тарихи хроника Орталық музей тарихының «Орынбор кезеңі» деп аталатын осынау үрдісті Орынбор облысының әскери губернаторы граф П.П. Сухтеленнің өз құзырындағы өлкеде музей ісі саласындағы 1830-1833 жылдарындағы ұйымдастырушылық қызметімен байланыстырады. Бұл айғақты ақиқатты осы салада зерттеу жүргізгендердің күллісі қолдайды. Расында да П.П. Сухтеленнің тікелей бастамасымен Орынбор қаласындағы Неплюев әскери училищесінің жанынан құрылған «museum» 1831 жылдың 1 сәуірі күні өзінің алғашқы келушілерін қабылдаған еді.

Осы ретте аталған «museum» қорының жасақталуына жергілікті қазақ аристократтарының әйгілі өкілдері де үлкен үлес қосқандығын ерекше екшеп айтқан жөн. Мысал ретінде Ішкі Бөкей Ордасына билік жүргізген Жәңгір ханның «museum»-ге кезінде біраз аса құнды тарихи-этнографиялық артефактілер тапсырғанын айтуға болады. Соның ішінде кейбіреулері, мысалы, ханның жұбайы Фатима ханшаның сән-салтанаты келіскен камзолы мен көйлегі қазір Орталық музей қорында сақталып, көрермендердің назарына ұсынылып отыр.

Сонымен, аталмыш 1831 жылдың 1 сәуірі Орталық музейдің институционалдық-ұйымдық негізі мен құндылықтар қорының қалыптасуының бастауы болды деп айтуға толық негіз бар.

Осы тұста аталған «museum»-нің, кейін Орынбор губерниялық өлкелік музейінің Орталық музейге қандай қатысы бар деген заңды сұрақ туындайды. Баршаға мәлім, 1920 жылы 26 тамыз күнінен бастап «Советтік Социалистік Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Республикасының құрылуына байланысты Орынбор қаласы қазақ елінің астанасына айналған болатын. Сөйтіп, біраз губерниялық ұйымдар, мекемелер, соның ішінде Орынбор өлкелік музейі де жаңа республиканың құзырына көшті. Мемлекеттік Орталық архивтің 81-қорының 1-тізімдеу, 26-ісінің 21-бетіндегі мәліметке қарағанда, 1920 жылдың 31 тамызы күні Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту комиссарлығы өкілдерінің және Орынбор-Торғай губерниялық халықтық білім бөлімі қызметкерлерінің бірлескен мәжілісі Орынбор өлкетану музейін аталмыш комиссарлықтың қарамағына беру және оны Жалпықырғыздық (Жалпықазақтық) деңгейдегі музей ретінде қайта құру туралы қаулы қабылдаған болатын. Сондай-ақ, Мемлекеттік Орталық архивтің 81-қорының 1-тізімдеу, 26-ісінің 22-бетіндегі ақпаратқа сүйенсек, аталмыш қаулыны жүзеге асырудың тәртібін пысықтау мақсатында 1921 жылдың 10 қаңтары күні аталмыш комиссарлықтың ғылыми бөлімі өкілдерінің және Орынбор-Торғай губерниясының халықтық білім мен музей, тарихи, өнер ескерткіштерін қорғау секциясының қызметкерлерінің бірлескен мәжілісі жоғарыда аталған (1920 ж. 31 тамыздағы) қаулыны негізге ала отырып, Орынбор өлкелік музейін Қырғыз (Қазақ) Халық ағарту комиссарлығының ғылыми бөлімінің құзырына беру туралы акт қабылдаған екен.

Алайда тек Орталық музей ғана емес, жаңадан қаз басқан отандық музей ісі үшін де айрықша маңызды осы және осы құралыптас басқа да республикалық орталық органдардың сол кездегі шешім-қаулылары 1921 жылдың аяғына дейін қағаз жүзінде қалып қойған сыңайлы.

Осы ретте 1922 жылдың бас кезеңінен бастап жарық көрген сан алуан басылымдарда орныққан Қазақстан Орталық өлкетану музейі немесе 1929 жылдың шілде айынан бастап Қазақстан Орталық музейі деген сөйлемдердегі «орталық» деген институционалдық-статустық мәнді терминнің қай уақытта пайда болғандығы жөнінде көпшіліктің көкейінде жүрген сұрақ жөнінде бірер сөз. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық архивтің 1308 нөмірлі қорының 1-тізімдеуінің 7-ші ісінің 9-бетінде төмендегідей мәлімет кездеседі: «В конце 1921 года Коллегия Кирнаркомпроса переименовала музей, назвав его Центральным Краевым музеем – ЦК музей – носившего название «Музей Оренбургского края». Алайда аталмыш архивтің қорындағы Орталық музейдің XX ғасырдың 20 жылдарындағы «Орынбор кезеңіне» қатысты республикалық Халық ағарту комиссарлығы коллегиясының әр жылы ай сайын хатталып, қағазға түсірілген барлық материалында (хаттамалар, бұйрықтар, шешімдер, қаулылар және т.б.) жоғарыда келтірілген архивтік мәліметті растайтын

бірде бір ілік боларлық дерек табылмады. Демек, күні бүгінге дейін жарық көрген тиісті зерттеулердегі және қорғалған диссертациялардағы республикалық Халық ағарту комиссарлығының құзырына өткен Орынбор өлкелік музейі Қырғыз (Қазақ) Орталық өлкетану музейі деген статуска 1921 жылдың қыркүйек айында ие болды деген тұжырым шындыққа сәйкес келмейді.

Есесіне аталмыш Орталық архивтің 1308-қоры 1-тізімдеуіндегі 1922 жылдың 1 қаңтары деген уақыты көрсетілген 41-ісінде «Қырғыз (Қазақ) Орталық Өлкелік музейі» деген сөз тіркесі кездеседі. Демек, осынау бұлыңғыр жайттың себеп-салдары әлі де болса дендеп зерттеп, дәйектеуді қажет етеді.

Қалай дегенмен де, Орталық музейдің 1929 жылдың мамыр айының аяқ шенінде Алматы кезеңіне ұласқан Орынбор кезеңі еліміздің бас музейінің ұйымдық-институционалдық, алуандаған тарихи, мәдени, табиғи құндылықтар қорының, сондай-ақ мекеменің сан салалы функциясын қамтамасыз етуге бағытталған айрықша қажетті іс-тәжірибенің қалыптасуында өзіндік роль атқарғандығын ерекше атап өткен жөн.

Бүгіндері Орталық музей отандық және шетелдік келушілерді бек риза етіп отырған мәдени-білім мекемесі ғана емес, еліміздің ғылыми кеңістігінде өзіндік орны бар іргелі ғылыми-зерттеу құрылымы ретінде жоғарғы беделге ие болып отыр. Мәдени-білім саласы бойынша Орталық музей төмендегідей іргелі жобалардың бастамашысы әрі ұйытқысы болды:

– 2005 жылы отандық музей тарихында еліміздің «қария» музейі тұңғыш рет халықаралық «музей түні» акциясын ұйымдастырды;

– «ашық қор» мәдени-білім жобасын республикалық музей кеңістігінде бірінші болып жүзеге асырды. Нәтижесінде қордағы сан жылдар бойы көпшілікке беймәлім болып келген музейлік құндылықтарды көпшіліктің назарына ұсынудың сәті түсті;

– Орталық Азия елдеріндегі музейлер арасында алғашқы болып арнайы антропологиялық музей ұйымдастырылды.

Орталық музей ғылыми-зерттеу жұмысы саласында да үлкен іс-шаралардың бастамашысы болды. Мысал ретінде 2005 жылы Орталық музейдің отандық музей тарихында ең бірінші болып ресми мемлекеттік аттестациялаудан ойдағыдай өтудің нәтижесінде ғылыми-зерттеу мекемесі деген ресми статуска ие болғандығын ерекше екшеп айтуға болады. Содан бері еліміздің бас музейі (отандық музей тарихында тағы да тұңғыш рет) ғылыми ортаның ғана емес, қалың көпшіліктің жоғары бағасын алған ондаған ғылыми каталогтарды, мыңдаған ғылыми мақалалар мен зерттеулерді жарыққа шығарды. Соның ішінде екі рет басылып үлгерген ғылыми-этнографиялық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі» атты барлығы 500 баспа табақты құрайтын іргелі бес томдық энциклопедияны (Алматы: Әлем, Даму, Интеграция. 2017.) және ұлы Абайдың 175 жылдығының құрметіне 2020 жылы жарық көрген «Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар» деп аталатын екі кітаптан тұратын іргелі зерттеуді айрықша атап өтуге болады.

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ АРХЕОЛОГИЯСЫ

Ж.Ж. Тілеукабыл

Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі

Қызылорда облысы, Қазақстан.

1981janat1981@mail.ru


СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС АРАЛ МАҢЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДІҢ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Тақырыбымызға негізгі арқау болып отқан Солтүстік-Шығыс Арал маңының ежелгі дәуір ескерткіштері жайлы зерттеу жұмыстары және жаңадан ашылған ескерткіштері, оның тарихи құндылығы жайлы болып отыр.

Аймақтың географиялық орналасуы Арал теңізі көлемі жағынан Еуразия құрылығындағы төртінші орында тұрған теңіз болып есептелді, біраз тұзды су болғандықтан теңіз болып есептелсе, ғылыми айналымда көл болып айтылады.

Арал теңізі – Өзбекстан мен Қазақстан (қазіргі Қызылорда және Ақтөбе обл.) жерінде, Тұран ойпатының шөлді белдемінде, Үстірттің шығыс шетінде орналасқан. Арал теңізіне құятын Әмудария мен Сырдария өзендерінің бойында адамдар, сонау көне замандардан қоныстанған, өсімдік және жануаларға бай аридті аймақ (Берг, 1908, с.10-25).

Арал маңы аумағының көп бөлігін біркелкі жоғарылау Үстірттер мен жазықтықтар алып жатыр. Аймақтың батыс бөлігі шөлді болып келетін, барлық жағынан тік кемерлер, құрғақ сайлар мен жыралар қоршалған Үстірт жазығы тиіп жатыр. Аумақтың солтүстік бөлігінде, Орал тауының оңтүстік сілемі болып табылатын Мұғалжар таулары орналасқан. Олар терістіктен түстікке қарай созылып жатыр және беткейлері ұсақ тасты және тасты шыңдары бар дөңгелек төбелер тізбегі сияқты болып келеді (Яншин, 1953, с.450-455).



1-сурет. Арал аймағының тас ғасыры мен қола дәуірінің ескерткіштерінің орналасу картасы. Құрастырған И.С. Құрманязов

Арал теңізіне құятын Сырдария өзені Орта Азияның төрт мемлекетінің (Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан) аумағын басып өтеді және алабында ұзындығы 10 км-ден асатын 497 тұрақты ағатын салалары бар. Осы өзеннің жалпы ұзындығы 14750 км (Кривоногов, 2012, с. 46-53).

Арал маңының оңтүстік бөлігі Қызылқұм шөлі, бірқатар бөлігін үлкен көлемді, кей жерлерінде жан-жағыннан өсімдіктермен шектелетін құм массивтері алып жатыр, олар терістікте Арал маңы Қарақұмы, Үлкен және Кіші Борсықтар құмдарымен шектесіп жатыр.

Солтүстік-Шығыс Арал маңының зерттелуіне тоқталатын болсақ алғаш болып бұл өңірлердің ескерткіштері алғаш геологтар, географтар және биологтардың ықпалымен ашылған. Солардың алғашқысы «Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің» қызметімен тікелей байланысты болды. Үйірме жиырма жылдан аса (1895-1917 жж.) Орта Азия мен Қазақстанның археологиялық және материалдық мәдениетін зерттеумен айналысқан, сол кезеңдегі гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандандырылған жалғыз ғылыми-өлкетанушылық қоғамдық ұйым еді. В.В.Бартольд, А.Симонов, В.В.Радлов, В.Смирнов, В.А.Каллаур, А.Кастанье сынды көптеген білікті ғалымдар мен шығыстанушылар есімдері Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің жұмысымен тығыз байланысты болды (Касатанье, 1910, с.15-20).

Ол ғалымдар Арал теңізінің жай күйін бақылау жұмыстары кезінде Сексеуіл тұрағын 1938 жылы геолог А.Л. Яншин ашып, ескерткіштің бетінен көптеген тас құралдарын жинап алған. Мәскеудің мемлекеттік тарих музейі қайтадан толықтай 1944 жылы экспедицияға шығып барлау нәтижесінде тас құралдар материалдарын жинап алса, оны кейіннен А.А.Формозов мақаласында толықтай сипаттама беріп оның кельтеминар мәдениетіне жатқызып, неолит дәуірінен қола дәуіріне өткен мерзімі деп тұжырым жасаған (Формозов, 1945, с.3-5; 1946, с. 24-24; 1950 с. 141-147).

1954 жылы А.В.Виноградовтың Солтүстік Арал маңында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ғалым кельтеминар мәдениетіне жатқызып, А.А.Формозовтың тұжырымен келіскен. Ашылған ескерткіштердің қазіргі таңдағы белгілері Жалғыз-ағым, Тәмпі (қазіргі Тапа қонысы) Шөлқұм, Терменбес т.б. тұрақ орындарын анықтаған (Виноградов, 1959, с.76-81). Тұрақтардан алынған материалдары неолит және қола дәуірімен кезеңдестірген. Кейінгі осы аты аталған тұрақтар 1960 жылы шығарылған «Археологическая карта Казахстана» атты жинақта жарық көрді (Археологическая карта Казахстана, 1960, с. 193-194).

Алғашқы археологиялық кезеңдестіру бойынша А.А.Формозов танысып, әкелінген материалдар негізінде бірнеше ғылыми мақалаларын шығарады, зерттеуші бұл ескерткішті оны Кельтеминар тарихи мәдени қауымдастығының шекарасына кіргізіп неолит және энеолит дәуіріне жатқызып бұл тұжырымын А.В.Виноградов қолдау жасаған.

Бұл мәдениетті алғаш зерттеп ашқан Хорезм археологиялық этнографиялық экспедициясы Әмударияның төменгі ағысынан С.П.Толстов анықтаған (Толстов, 1948, с.23; 1948, с.35; 1962, с. 35). Мерзімделу уақыты б.з.д. III-II мыңжылдықтар. Кельтеминар мәдениетінің таралу аймағы Батыс Қазақстан даласы, Ақшадария атырабы, Узбой, Сарықамыс арналарының аралығы, Сырдарияның төменгі ағысы, Іңкәрдария өзенінің сағасына дейін, Зеравшан өңіріне дейін тараған деп шекараларын кіргізген (Виноградов, 1981, с. 90-99).

Сырдарияның төменгі ағысынан, Іңкәрдария арнасы мен Жаңадария бойынан қазіргі Қармақшы ауданы аумағынан Жалпақ, Есентөбе ескерткіштерін, 1963 және 1973 жылдары Қосмола, Аймора, Талас ескерткіштерін ашып зерттеген. Табылған тас құралдар жиынтығы жақындығы жағынан Сексеуіл ескерткіштерінен табылған тас құралдармен ұқсас болып келген.

Келесі кезең зерттеулері Арал маңында жүргізілген 1960 жылдары Арал ауданы аумағында геологиялық карта және пайдалы қазбаларды іздеу барысында Шөлқұм 1-3, Тапа қонысы маңайындағы басқа да қоныстардан беткі қабатынан кейінгі тас ғасыры ерте темір дәуірінге аралықта қамтитын археологиялық қыш ыдыстар және тас құралдары жиынтықтары жиналып алынды. Осы материалдар негізінде А.В.Виноградовтың кең көлемді мақаласы жарық көрді. Алғашқы нәтижелер неолит және энеолит кезеңіндегі кельтеминар мәдениетімен мерзімделсе қола дәуірі кезеңіндегі Орта Азиялық тазабагаяб, әмірабад кезеңдермен мерзімделген (Виноградов, Кузьмина, Смирин, 1973, с. 85-103).

Арал маңы неолит-қола дәуірі ескерткіштері табиғаттың қаталдығына байланысты мәдени қабаты сақталмаған. Беткі қабатынан жиналып алынған заттарға байланысты кезеңдестіріп қарастыруға болады. Қазіргі таңда 1954 жылы ашылған ескерткіштердің кейбіреулері сақталмаған. Осы материалдар 1983-1984 жылдары Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі қызметкерлерінің Мәскеуге ғылыми іссапарлары кезінде қайтарылып, қазіргі таңда қор бөлімінде және экспозицияға қойылған.

Арал маңының тас ғасырының дәуірінің тұрақтарына 1998-1999 жылдары кең көлемді барлау жұмыстарын жүргізген Ресей ғылым академиясы, Ресей-Қазақстан-Қырғызстан-Өзбекстан біріккен археологиялық экспедициясы (жетекшілері академик А.П.Деревянко және Ж.К.Таймағамбетов) палеолит, неолит дәуірлерінің тұрақтарын қайта зерттеу жұмыстарын жүргізген, нәтижесінде Аральск 1-8 және Сарышығанақ, Қосаман, Бірғыз тұрақтарының негізінде, Г.Т.Искаковтың «Каменные индустрия Мугоджар и Северного Приаралья в мезолите-энеолите» атты кандидаттық диссертациясы жазылып қорғалды (Искаков, 2006 с. 30).



2-сурет. Арал маңы Қарақұмы Тапа ауылының маңы археологиялық барлау жұмыстары 2019 жыл. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Археология және этнография» ҒЗО ғалымдары Ә.Ә.Тәжекеев, И.С.Құрманиязов «Жергілікті өлкетанушы Жұмабаев Аманжол ағамен сұхбат»

Осы жоғарыдағы аталған дәуірлердің ескерткіштері 2004-2011 жылдары Шірікқабат археологиялық экспедициясының (жетекшісі Ж.Құрманқұлов) барлау тобы аралап шығып, көптеген ескерткіштер есепке алынып «Қызылорда облысының ескерткіштерінің жинағы» атты еңбекке еніп 2007 жылы орысша және 2011 жылы қазақша нұсқасы жарық көрген. Бұл ұжымдық еңбекте көбінесе Арал ауданы мен Қазалы ауданының тас дәуірі тұрақтары берілген, мұндағы ескерткіштердің көбісі сақталмай бүгінгі күнге дейін жетпеген (Құрманқұлов, Тәжекеев, Дарменов 2007, с. 25-30; Құрманқұлов, Байпаков, Елеуов 2011, с. 504).

2018-2020 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығы (Ә.Ә.Тәжекеев, И.С. Құрманиязов) Арал маңының ежелгі тайпаларының қоныстарын зерттеу, жүйелеу мақсатында Қызылорда облысы, Арал мен Қазалы аудандарында археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді (1-2 сурет).

Жаңадан ашылған Үрген, Сарышоқы, Рай, Жантлес тұрақтары ашылып тас және қола дәуірлерінің ескерткіштерін алынған материалдар тереңінен сараланып жаратылыстану ғылымдарымен байланыстырылып қосымша ақпарат алу зертханалық жұмыстар жүргізіліп жатыр (Тәжекеев, 2019, с. 178-190; Бексеитов, Құрманиязов, Иманғалиева, 2020, с. 176-185; Бексеитов, Құрманиязов, Каримолдақызы, 2020, 472-477 бб.).

Аймақты зерттеуде анықталған нәрсе Арал маңының алғашқы қауымдық тайпаларының шаруашылығының негізі көшпелі мал шаруашылығы болды, өйткені ол тұрақты тұрғын үй құрылысын қажет етпеді, алғашқы қауымдық тайпалардың тіршілік ету іздері мәдени ландшафтта сақталмады және қазір қайта салынған немесе қайта салынған тұрақтар түрінде ұсынылған. Уақытша тұрақтар көбінде сол уақытта жұмыс істеп тұрған арналарға жақын орналасқан, оларды кейіннен су басып орындары сақталмаған.

Жоғарғы айтылған мәліметтер негізінде осы аталған аймақтың тас ғасыры, соның ішінде палеолит, неолит ескерткіштеріне назар аударып бұл кезеңнің толыққанды зерттелмегендігін

байқауымызға болады. Сонда да қолдағы бар материалдарға сүйене отырып, Арал маңы ескерткіштерінің материалдары көбінесе Кельтеминар мәдениетінің материалдарымен сабақтасып, ұқсастық табуы осы аймақтың мәдениеттердің хронологиясын жасауға үлесін қосады. Зерттеу деңгейі әлі де аз, кешенді зерттеулер жұмыстары тәуелсіздік жылдарын алғаннан бері тіпті жүргізілмеген десек те болады. Тас ғасыры-қола дәуірінің ескерткіштері қазіргі таңда зерттеуді қажет етеді.

Арал маңы Қазақстанның тас ғасыры мен қола дәуірінің ескерткіштерінің мәдениеттері Еуразияның көне тарихының құрамдас бөлігі болып табылады. Арал маңының тас және қола дәуіріне қатысты отандық археологтардың еңбектері арқылы әлем жұртшылығы арқылы қазақ халқының сан ғасырлық тарихы бар екендігін біледі.

Әдебиеттер

- Берг Л.С. Аральское море: Опыт физико-географической монографии // Известия Турк. отд. РГО, т. 5. вып. 9. 1908. 580 с.
- Яншин А.Л. Геология Северного Приаралья М. Московское общество испытателей природы. 1953. 736 с.
- Кривоногов С.К. Арал умер. Да здравствует Арал // журнал Природа №8, 2012 С.46-53.
- Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. — Труды Оренб. уч. архив. ком., 1910, вып. 22, 332 с.
- Формозов А.А. Об открытии кельтеминарской культуры в Казахстане. «Вестник КазФАН», 1945, №2, Алма-Ата. С.3-5
- Формозов А.А. Новые точки кельтеминарской культуры в Казахстане // Вестник Казахстанского филиала АН СССР 1946. №5 С.24-25.
- Формозов А.А. Кельтеминарская культура в Западном Казахстане. КС ИИМК. Вып. XXI, 1950. С.141-147.
- Виноградов А.В. Археологическая разведка в районе Аральска -Саксаульской в 1955 г. // Труды ИИАЭ АН КазССР. Т. 7. 1959. С. 76-81.
- Археологическая карта Казахстана. Реестр Алма-Ата, Изд-во АН КазССР. 1960, 450 с.
- Толстов С.П. Древний Хорезм: Опыт историко-археологического исследования. М.: МГУ, 1948. - 440 с.
- Толстов С.П. По следам древних хорезмийских цивилизаций М. 1948 М.-Л.: издательство Академии наук СССР, 1948. - 328 с.
- Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. М., 1962 328 с.
- Виноградов А.В. Древние охотники и рыболовы Среднеазиатского междуречья. // ТХАЭЭ. Т. XIII. М., 1981. С. 90-94.
- Виноградов А.В. Кузымина Е.Е. Смирин В.М. Новые первобтные памятники в Северо-Восточном Приаралье // Сборник проблемы археологии Урала Сибири М. Наука С. 85-103.
- Искаков Г.Т. Каменная индустрия Мугоджар и Северного Приаралья в мезолите-энеолите. Автореферат дисс... на соискание ученой степени канд. истор. наук: 07.00.06. -А.: 2006. - 30 с.
- Курманкулов Ж., Тажекеев А.А., Дарменов Р.Т. Свод памятников истории культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. - Алматы. Аруна, 2007. 376 с.
- Құрманқұлов Ж., Байпаков К.М., Елеуов М. Қазақстан Республикасы Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштерінің жинағы. - Алматы, 2011. 504 б.
- Тажекеев А.А. Курманиязов И.С. Новые исследования древних памятников в Восточном Приаралье // Отан тарихы журналы №4,(88) 2019. С.178-190.
- Бексеитов Г.Т., Курманиязов И.С., Иманғалиева М.Ж. Находки каменных орудий в Северном-Восточном Приаралья и геолого геоморфологические особенности их локализация // Вестник КазНУ №2 (97) 2020. С.176-185.
- Бексеитов Г.Т., Құрманязов И.С., Каримолдақызы Г. Арал аудандық тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған қола дәуірі кезеңінің қыш ыдыстары // №2 (65) 2020. С. 472-477

ARCHAEOLOGICAL MONUMENTS OF ANTIQUITY LOCATED NEAR THE NORTH-EASTERN ARAL SEA

The article considers the geographical location of the North-Eastern Aral Sea region and the archeological excavations carried out at different stages in the monuments of the Late Stone Age.

There is also a definition of the Neolithic period of the Late Stone Age, areas of location, the discovery and study of the culture of Keltiminar, and S.P Tolstov and A.A Formozov's terms and stages are scientifically analyzed.

СТРОИТЕЛЬСТВО АРХИТЕКТУРЫ БОТАЙСКОГО ЖИЛИЩА

Любой крупный регион имеет свою индивидуальную судьбу развития. Почти каждый из них прошел догосударственную стадию формирования общества. Можно считать, что именно на этой стадии возникают основы градостроительной культуры, имеющие определенные общие черты и признаки. Строительство зданий, архитектура и искусство являются более древними видами деятельности человека, чем градостроительство. Город, несмотря на свою изначальную древность и многообразие, может возникнуть лишь при наличии этой достаточно развитой триады, а также при наличии определенных социокультурных, экономических и пространственно-климатических условий.

Для появления долговременного поселения в доисторические времена был необходим мягкий климат, наличие пресной воды и естественных укрытий, а также было необходимо наличие материалов для изготовления орудий труда и плодородных почв или возможность их создания. Этим условиям больше всего соответствовала полоса Земного шара между 40°С и 23°С градусами северной широты.

Ландшафтные и климатические условия во многом диктовали численность населения и размеры древних городков. Миграции племен земледельцев и скотоводов зачастую были связаны с поиском новых земель, пригодных для жизни. (Лучкова, 2007. С. 44) Социокультурная сфера этого периода характеризуется завершением формирования языческих культов с иерархией внутри пантеона божеств. Чаще всего пантеон богов возглавлял бог или боги Солнца. Очень большую роль играл орнамент, который нес в себе значительную и разнообразную информацию, включающую магическую составляющую. Он стал структурной основой почти всех видов искусств этого мира, наиболее активно развивались танцы, живопись, архитектура. На многих территориях появился земледельческий календарь.

Культовые составляющие раньше или позже начали связывать с земледельческим календарем, они стали поведенческой основой общества. В этот же период начинается активное культовое строительство и активное распространение культа, особенно культа Солнца и природных сил, а также культа предков по территории зоны влияния Средиземного моря и других зон древнейших цивилизаций. Культовые сооружения и комплексы получают разнообразную трактовку: от небольших зон в структуре древнего дома или поселения до крупных культовых ансамблей, становящихся центром окрестных селений.

Производственно-экономическая сфера начальной стадии возникновения постоянного населенного пункта во многом зависела от вида деятельности племени. Наиболее характерными являлись: завершение периода собирательства; продолжение охоты и рыболовства; возникновение мотыжного, подсечного земледелия, а затем пашенного земледелия и железных орудий труда, возникновение животноводства (оседлое пастушеское скотоводство). В этот период начинается развитие ремесла и торговли зерном, сырьем и предметами ремесла.

И тогда же возникает начальное расслоение общества по имущественному признаку, что приводит к повсеместному переходу от матриархата к патриархату. В строительстве жилых домов этот период характерен массовым переходом от крупных домов площадью до 1000 кв. м к индивидуальному жилью на одну нуклеарную семью.

Широко известно, что любая искусственная вещь или конструкция обладают утилитарными и символическими свойствами («вещностью» и «знаковостью»), а соотношение между этими двумя функциями определяется семиотическим статусом. Этнографы и историки культуры считают, что в древности семиотический статус жилищ был выше. «Нет необходимости доказывать, что эта оценка, отражающая наш опыт оперирования вещами, наблюдений над их функционированием, может существенно отличаться от прежних, других, причем не, только в диахронии, но и в синхронии, в культурном и этническом пространстве». Жилище связывает человека с внешним миром, в то же время оно само является моделью микрокосма, ограничивая пространство, создавая психологический уют, впечатление освоенности части внешнего мира.

Ботайские жилища копируют структуру мира. Округло-многоугольная форма, шатровое перекрытие – свод, центр жилища – очаг, огонь – искусственное солнце. Днем лучи солнца проникали

через круглое дымовое отверстие, ночью костер (очаг) освещал жилище. Причем, дымовое отверстие играло магическую космогоническую роль воссоединения искусственного и натурального солнца. Отражением этого явления можно считать использование колеса в качестве замка, куполов мавзолеев у казахов (Зайберт В.Ф. Ботайская культура. С. 227).

М.А. Маманбаев и М.К. Сембин писали, что мы имеем дело с проявлением культа колеса-солнца, являющегося «реликтом древнейших архаических верований». Свидетельством большого семиотического значения ботайских жилищ может служить и тот факт, что в послеенеолитическое время в условиях сохранения традиций коневодческого хозяйства у населения степей вплоть до этнографической современности сохранился принцип сооружения ботайских жилищ (использование глины, куполообразное перекрытие, округлая форма). Этот принцип стал использоваться в сооружениях, носящих культовый, сакральный характер. В ботайское время утилитарные и сакральные функции жилища совмещались в сложном мировоззренческом и бытовом единстве. Яркие примеры этого – устройство в жилищах погребальных камер, захоронения у входов трупов собак или их черепов, использование в культовых целях в жилищах черепов людей с глиняными масками, обычай обряда принесения строительных жертв при закладке жилищ (Маманбаев, Сембин, 1980. С. 224-226).

Факт обнаружения фаланг в одном жилище может свидетельствовать о том, что жилище служило местом собрания ботайцев и хранения знаковых символов.

Основная функция поселений и жилищ – создание необходимого закрытого пространства, ограничивающего человека от вредного воздействия окружающей природной и социальной среды. С этим связаны топографическая привязка поселков, наличие в ряде их оборонительных сооружений, ориентировка жилищ, расположение построек относительно водоемов и господствующих ветров, наличие дренажных канав и т.д. Это же обстоятельство диктовало и соответствующие технические решения при сооружении жилищ. С учетом экологической обстановки решались вопросы защиты человека от холода, сырости, жары, а также отопления помещения, приготовления пищи. В зависимости от природной обстановки использовались камень, дерево, камыш или другой строительный материал.

Облик поселений и их построек во многом определялся также характером трудовой деятельности и типом хозяйства, ибо вторая (не менее важная) функция поселения и жилища – обеспечение жизнедеятельности коллектива и ее организация. Это предполагало определенный численный состав обитателей поселка и каждого жилища, расположение поселений в местах, удобных для рыбной ловли, добычи необходимого сырья (камня, руд и т.п.), выпаса скота и т.д. (Лучкова, 2007. С. 51).

На поселении Ботай за период его существования было построено не менее 600-800 построек жилого и хозяйственного назначения.

Застройка поселения плотная. Жилища располагались близко друг к другу, образуя кварталы «сотовой» планировки. Выделяются «улицы» шириной 4-8 и длиной до 50 м., состоящие из параллельных цепочек построек. На поселении Ботай четко выделяются жилая зона (на возвышении) и хозяйственная (у берега реки).

Жилища ботайской культуры – это помещения полуземляночного типа с овальным, четырехугольным или многоугольным котлованом с закругленными углами. Котлован углублялся на 60-80 см. от дневной поверхности, его площадь составляла от 30 до 120 кв. м. Снаружи котлована наращивались глинобитные стены высотой 60-100 см., на которые устанавливалось перекрытие ложно-сводчатого типа из бревен, покрытое шкурами, пластами дерна. Входы в жилище были наземные либо слабо-углубленные. Часто жилища соединялись между собой переходами. Пол котлована жилища ровный, слегка углубленный к центру. Очаг находился обычно в центре котлована. Очаг округлый в плане, наземный или слегка углубленный в пол, вокруг стен сооружались мелкие хозяйственные ямы. В стенах котлованов делались многочисленные ниши для хозяйственных и культовых нужд.

Жилища выполняли различные функции: пространства, где регулировались семейно-общественные отношения, места для приготовления пищи, обработки сырья, складирования запасов, содержания молодняка скота, защищали человека от экстремальных воздействий климата и погоды и т.д. Большая роль в жилищах и за их пределами отводилась очагам, которые использовались для приготовления пищи, освещения и для нужд домашних промыслов. Жилище можно рассматривать как искусственную оболочку микрокосмоса со своим климатом и системой поведения – образами, процедурами, действиями. Определенное значение в быту имело расположение хозяйственных ям

в жилищах, ниш для хранения продуктов, многих вещей, фетишей, талисманов и других культовых предметов (Зайберт В.Ф. Ботайская культура. С. 87-88).

Относительно семантики жилищ. Широко известно, что любая искусственная вещь или конструкция обладает утилитарными и символическими свойствами («вещностью» и «знаковостью»), а соотношение между этими двумя функциями определяются сематическим статусом. Этнографы и историки культуры считают, что в древности семиотический статус жилищ был выше. «...Нет необходимости доказывать, что эта оценка, отражающая наш опыт оперирования вещами, наблюдений над их функционированием, может существенно отличаться от прежних, других, причем не только в дисохронии, но и в синхронии, в культурном и этническом пространстве».

Жилище связывает человека с внешним миром, в то же время, оно ограничивает пространство, создавая психологический уют, впечатление освоенности части внешнего мира.

Не все жилища были одинаковой формы и однотипны по внутреннему расположению очагов, хозяйственных ям и ниш.

Кроме многоугольно-овальных форм площадью до 70 кв.м, были и небольшие жилища подквадратной формы площадью до 25 кв. м. Часто очаги в них находились не в центре, а у стен (пристенного типа). Такие постройки известны в этнографии у ряда скотоводческих народов, и могли использоваться как бани.

Некоторые большие жилища могли использоваться ботайцами в общественных целях. Так в жилище № 62, расположенном в центре поселения, на полу у очага найдены 12 гравированных путовых костей лошадей. Фаланги покрыты по продольным, и иногда по венечным краям насечками, а по одной из плоских поверхностей геометрическим орнаментом. Чаще анализ загадочных предметов ведется в трёх аспектах: их функция, иконографическая характеристика орнамента и его числовая обусловленность, семиотическая значимость. Все три аспекта анализа связаны с археологическим и историческим контекстами.

Например в мансийской традиционной культуре очаг являлся не только источником тепла, света и приготовления пищи, но и местом обитания обожествленного «домашнего огня». Все, что связано с огнем, приобретало сакральный характер. Очаг согревает, освещает, треском предупреждает об опасности, ест дрова, спит в остывающих углях и бодрствует в разгорающемся пламени. Огонь способен уберечь от темных сил оставленного в люльке ребенка; его нельзя ворошить железными предметами: огонь живой, у него как у человека, есть душа, обитающая в голубой кромке пламени.

В мансийских жилищах различных типов очаг являлся связующим звеном между зонами жилища, обеспечивающим целостность жилого пространства. В бревенчатом доме очаг располагался справа или слева от двери. Его традиционное устройство таково: из длинных жердей, обмазанных глиной, делалась труба диаметром около 80 см. Спереди половина трубы срезалась, образуя камин с отверстием в 70 – 80 см. Печь устраивалась на земляном фундаменте. В конусообразном жилище очаг состоял из камней, расположенных овалом. (Гемуев, 1990; 2003. С. 16-17).

Огонь в представлениях обских угров различался по своей изначальной природе. Он мог быть «божественным», «громовым», полученным от молнии бога громовника *Сяхыл-Торума*; мог быть «деревянным», возникшим в результате трения, «каменным» – при высечении из кремня. «Домашний огонь» – огонь очага – обладал наибольшей силой.

Богом очага и дома у лозьвинских манси считался *Ловья-хум*, обитающий в бревенчатом доме в трубе (*сёвал*), а в конусообразном (*ерн-кол*) – в костре. При постройке нового жилища ему приносились дары – платки с завязанными в них монетами. По мнению манси, это должно было привлечь *Ловья-хум* поселиться в доме. (Гемуев, 2003. С. 81).

Огонь домашнего очага играл значительную роль в погребальном обряде манси. В случае смерти кого-либо из членов семьи, в очаге сразу разводился огонь, сохраняемый насколько это было возможно. «Домашний огонь» сопровождал умершего в его последний путь до места погребения. При этом из очага поджигался трухлявый кусок березового ствола, от которого затем на кладбище разводили костер. Таким образом, очаг (дух очага) находился рядом с человеком от момента его рождения до перехода в мир мертвых. Если «домашний» огонь в доме умершего гас, то родственники оплакивали его как ушедшего от них навсегда близкого человека.

У манси существовали специальные культовые места, посвященные Огню. Одно из таких святилищ, *Арась кан* «Огня место», находилось вблизи Новинских юрт на Малой Оби. (Kannisto, Limola, 1958; Karjalainen, Vertes, 1982).

Процесс создания жилища как микрокосма среднего мира является процедурой изъятия из окружающей среды (сакрального пространства) элементов материального свойства – дерева, глина, вода, камни, кустарник, трава, помет животных, кости животных, и созидание из элементов природы социализированные (коллективные) новообразования, в котором труд отдельной личности опосредован задачами коллектива и его оценкой общественной значимости. Отсюда и утверждается сакрализация социальных и духовных отношений. Вместе с тем, в жилище как в сакральном образе взаимодействуют личности в рамках определенных производственных специализаций. Огромное количество артефактов, представленных часто большими сериями позволяют отметить как сам факт отраслей деятельности и их сакральные составляющие.



Рисунок 1. Жилища Ботайской культуры

Литература

- Гемуев И.Н. Мировоззрение Манси. Дом и Космос. – М.: Наука, 1990.
- Гемуев И.Н. Народ Манси: воплощение мифа. – Новосибирск: Институт археологии и этнографии СО РАН, 2003.
- Зайберт В.Ф. Ботайская культура. – Алматы: "Қазақпарат", 2009. - 576 стр.
- Kannisto A., Limola M. Wogulische Volksdichtung. Bd. 4. – Helsinki, 1958.
- Karjalainen K.F., Vertes E. Sudostjakische Volksdichtung. Bd. 7. Worterverzeichnis zu den Banden 1-6. – Helsinki, 1982.
- Лучкова В. И. Краткая история градостроительства доиндустриального мира. – Москва, 2007 г. — 354 стр.
- Маманбаев М.А., Сембин М.К. Культ колеса /солнца у казахов // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана, –Алма-Ата: Изд-во ЦСООПК Каз. ССР., 1980. –С. 224-226.

CONSTRUCTION OF THE BOTAY HOUSING ARCHITECTURE

In this article, building construction, architecture and art are more ancient human activities than urban planning. A dwelling connects a person with the outside world, at the same time, it itself is a model of the microcosm, limiting space, creating psychological comfort, the impression that a part of the outside world has been mastered. Botay dwellings have a rounded-polygonal shape, the hipped roof is a vault, the center of the dwelling is a hearth, and the fire is an artificial sun. During the day, the sun's rays penetrated through a round smoke hole, at night a bonfire illuminated the dwelling. The smoke hole played the magical cosmogonic role of reuniting the artificial and natural sun.

Ә.Т. Төлеубаев, С.Т. Шакенов, А.Е. Ерғабылов
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан
E-mail: toleubayev@mail.ru;
samatakrit@gmail.com; akbarergabylov0@gmail.com

ТАРБАҒАТАЙДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ САБЫРБАЙ ҚОРЫМЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Қазіргі таңда Қазақстан жері, оның ішінде Шығыс Қазақстан аумағында кейінгі қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелуі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Тарихнамалық тұрғыдан алып қарағанда, аталған аймақта ерте қола дәуірі ескерткіштерін зерттеу алғаш рет XVIII ғасырда басталғанымен, археологиялық зерттеулер кездейсоқ болып келді. Көптеген ғалымдар табылған материалдардың тарихи маңыздылығын анықтауды мақсат етті. Дегенмен сол заманда археология ғылымының төменгі деңгейде болу себебінен, ғалымдар табылған материалдардың адамзат қоғамы өміріндегі рөлі және де ең бастысы, қозғаушы күштердің тарихи дамуындағы маңыздылығы жайлы бір шешімге келе алмаған болатын. Шығыс Қазақстан жерінде қола дәуірінің зерттелу тарихын 2 кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең, XIX ғасырдың 40-жылдарынан бастап XX ғасырдың 80- жылдары арасындағы алғашқы материалдарды жинау болса, екінші кезең, мақсатылы зерттеулер 1980- жылдың соңынан қазіргі уақытқа дейін. Сондықтан, әр дәуірде жүргізілген зерттеулерді жүйелеп, олардың алдыңғы кезеңі қола кезеңі жайлы бұрынғы ізденістердің мәнін, археологиялық ізденістердің маңыздылығын көрсету, зерттелу тарихын баяндау қазіргі уақытта тарихнама ғылымындағы күрделі мәселе болып табылады.

2019 жылғы далалық зерттеу жұмыстары барысында, біздің ғылыми топтың тарапынан Елеке сазы жазығының шеткері аймағында орналасқан Мәзібай қорымында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қорым түрлі тарихи кезеңдерге жататын бірнеше ескерткіштер тобынан тұрады. Қазба жұмыстары қорымның солтүстік-шығысындағы Сабырбай бөктерінде орналасқан қола дәуірінің қорған-қоршауларында жүргізілді. Аталмыш топта түрлі типтегі 16 қорған-қоршау тіркелді. Қазіргі таңда Қалба-Нарым жерлерінде қола дәуіріне тән көптеген қорымдар зерттелді. Мысалы: Беткудук, Кіші Қойтас, Жартас, Белокаменка, Қанай, Усть Буконь, Сарыкөл көлі бойындағы қорымдар, Жаңажұрт ауылы маңындағы ескерткіштерді жатқызамыз. Аталған ескерткіштерді ғалымдардың зерттеуі нәтижесінде қола дәуірінде халықтардың шаруашылығы, тау кен ісі, әлеуметтік қарым-қатынастары, тұрмыс- тіршілігі, физикалық бейнесі жайлы көптеген тың деректер ашылды.

Аталған қорымда зерттеу жұмыстарының негізінде көптеген тың ескерткіштер анықталды. Қазба жұмыстарының нәтижесінде, анықталғын заттар арқылы өңірде қола дәуіріне жататын ескерткіштердің мерзімін жобалай айтуға болады.

Қола дәуірі жайлы мәліметтерді А.Г. Максимова, Г.Б. Зданович, О.А. Кривцова-Гракова, М.П. Грязнов, С.С. Черников, М.К. Кадырбаев, А.М. Оразбаев, Ж. Курманкулов, С. Марьяшев, А.З., Самашев З., Төлеубаев Ә.Т., Омаров Ғ.Қ., және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектерінен көруге болады.

Аталған авторлар Қазақстанның басқа да аймақтары: Солтүстік қазақстан жерінде, Шығыс Қазақстанның Тарбағатай теріскейінде, Алтай жерлерінде Сабырбай қорымына ұқас, қола дәуірі ескерткіштеріне зерттеу жұмыстарын жүргізіп, көптеген ғылыми еңбектер жазған. Шығыс Қазақстан, соның ішінде зерттелуіне 250 жылдан астам уақыт болған Қалба- Нарым жоталары. Бұл жердегі қорғандыр, ежелгі заттар, жерлеу орындары, ежелгі рудалар, тағы басқа археологиялық ескерткіштер жайлы 18 ғасырда П. Паллас, Г.Ф. Миллер, И. Г. Гмелин, М. П. Фальк сияқты ғалымдар, саяхатшылар өз еңбектерінде жазып кеткен. Қазіргі таңда Қалба-Нарым жерлерінде қола дәуіріне тән көптеген қорымдар зерттелді. Мысалы: Беткудук, Кіші Қойтас, Жартас, Белокаменка, Қанай, Усть Буконь, Сарыкөл көлі бойындағы қорымдар, Жаңажұрт ауылы маңындағы ескерткіштерді жатқызамыз. Қорымдағы жерлеу орындарына көптеген археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген. Аталған ескерткіштерді ғалымдардың зерттеуі нәтижесінде қола дәуірінде халықтардың дүниетанымы, шаруашылығы, тау кен ісі, әлеуметтік қарым- қатынастары, тұрмыс-тіршілігі, физикалық бейнесі жайлы көптеген тың деректер ашылды. Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан аумағында айталған аймақта ерте қола дәуіріне жататын 16 қорым белгілі, оның 33 жерлеу орнына зерттеу жұмыстары жүргізілген. Олардың көпшілігі ежелгі заманда бұзылғандықтан зерттеудің деректік базасын айтарлықтай шектеді, алайда қолда бар ақпарат қарастырылып отырған

кезеңде аталмыш аймақ халқының жерлеу салтының кейбір элементтері арқылы дүниетанымыны, өмірге деген көзқарастары жайлы тың деректерді анықтауға мүмкіндік береді.

№2 қоршау. Қазбаға дейін ескерткіш ұзынша, шығыс және батыс сызығы бойынша созыла орналасқан, бетінде, солтүстік шетінде бірқатар тастар тігінен тұрған қалыпта қойылған, беткі топырақ қабаты 15 см. Ескерткішке көлемі 15x8 м көлемінде қазба салынып, нәтижесінде 6 тас жәшік ашылды (1-сурет). Орталық Қазақстан жерінде осыған архитектурасы ұқсас Беласар, Балакулболды III т.б. ертебеғазы уақытына жататын ескерткіштер зерттелген (Маргулан А.Х, 1979: 33-55).



1-сурет. №2 қоршау. Шым қабатын алған соң көрінісі

Аталған қоршауды қазу барысында тас жәшіктерді қолайлылық үшін, батыстан шығысқа қарай реттік латын әріптермен белгілеген болатынбыз. Яғни, А жәшігі, В жәшігі, С жәшігі және тағы солай.

Тас жәшік А. Тас жәшіктің оңтүстіктен-солтүстікке ұзындығы 1,50 см, ені 1,35 см, беткі топырақ қабатынан тазарту барысында жәшіктің бетін жапқан жабын тақта тастар анықталды. Дегенмен бір тақта тас орнынан жылжығанын айтып өткен жөн, өйткені бір гранит тақта тас жәшіктің батыс бөлігінде жеке-дара жатқан күйінде табылды. Бұл тонаушылардың ізі болса керек, бірақ екінші қосын жерлеудің салдарынан орын алуы да мүмкін болып тұр. Себебі тас жәшікті қазу барысында бар-жоғы 25 см тереңдікте, жәшіктің солтүстік қабырғасы, яғни дәл сол орнынан қозғалған тақта тастың тұсынан, бала сүйектері және қыш ыдыс сынықтары табылған болатын. Жалпы жәшіктің тереңдігі 60 см тереңдікке дейін жетіп, 2 мәйіт жерленгені анықталды. Мәйіттердің бастары оңтүстік-батысқа бағытталған, аяқтарын бүгіп жерлеген. Жәшіктегі солтүстік тастың өлшемдері: ұзындығы 1 м, ені 20 см, шығысындағы тас, ұзындығы 90см, ені 15см.

Қаңқа сүйектері анатомиялық қалпында сақталғанына қарамастан, №1 қаңқаның бас сүйегі қатты бүлініске ұшыраған. Антропологиялық талдауға сүйенсек бұл 18-23 жас шамасындағы ер адамның сүйегі болып шықты. Ал №2 қаңқа дәл №1 қаңқа секілді оң бүйірімен, басы оңтүстік-батысқа бағытталып қойылған, жасы шамамен 40-50 болып табылады.

Заключение. Наскальные рисунки, которые являются незаменимым ресурсом для периода до изобретения письменности и отражают связь с человеческим образом жизни, культурой, структурой верований и природой, прошли через разные этапы исторического процесса. Когда мы исследуем, помещая современных людей в центр, наскальные рисунки природы, мы можем сказать, что картины этого периода на самом деле были созданы, чтобы подавить психологические проблемы, страхи и убеждения и обеспечить душевное расслабление. Кроме того, тот факт, что природа предлагает, как возможности, так и бедствия, заставляло уважать природу. Таким образом, начался процесс имитации, рисования, повествования и передачи природы.

Потребность в питании была обеспечена, в результате возможностей, предлагаемых природой, особенно горных козлов и оленей, на которых можно было легко охотиться. Эти возможности и совершенное функционирование в природе потребовались, чтобы сформировать чувство веры в человеческие существа и положили начало процессу поиска Бога. Считается, что концепции веры и Бога возникли в человеческом разуме одновременно.

Благодаря охоте был достигнут коллективный успех и совместное использование, а также был достигнут переход к коллективной организации. Человек и человеческие отношения, возникшие с охотой, привели к религиозным обрядам. Следы церемоний, проводимых в определенное время с использованием определенных символов и предметов, часто встречаются на наскальных рисунках. Толпа, собравшаяся для проведения церемоний, превратилась в социальные модели и стала основой для возникновения социальных организаций, таких как род и сообщества. Церемонии важны с точки зрения закрепления религиозного понимания.

Следы любопытства к небу, которое становится доминирующим в церемониях, можно увидеть на наскальных рисунках. Желание дотянуться до неба, хранящего свою тайну, хорошо видно в наскальных рисунках, изображающих путешествие в небо со священным оленем. Для степняков, постоянно смотрящих на небесные стихии (Солнце, Луну, звезды), было вполне естественно желание дотянуться до неба.

При переходе от конкретного к абстрактному, способность рисовать и использовать символы развивалась, и абстракция стала доминирующей в мыслях. Наряду с символами, которые являются видимыми знаками невидимой реальности, предметы, для выражения которых может потребоваться много времени, были перенесены в измерение краткого значения. Хотя неизвестно, как долго символы, имеющие интеллектуальную основу, существуют в человеческом разуме, они были источником передачи абстрактных мыслей и формирования штампов.

Отпечатки на наскальных рисунках свидетельствуют о том, что определенный этап развития и становления прошел. Клеймы, которые впервые использовались, чтобы отличать стада животных друг от друга, со временем приобрели святость. Кроме того, очень сложно найти эквивалент семантических значений стигм, которые функционируют как конституционный механизм в социальных отношениях. В этом контексте следует проводить систематический анализ для интерпретации семантики стигм, содержащих скрытые и глубокие значения.

Литература

- Bayat, F., (2007). *Türk Mitolojik Sistemi Ontolojik ve Epistemolojik Bağlamda Türk Mitolojisi*, C. 2, İstanbul, Ötüken Yayınları.
- Bilgin, V., (2011). *İbadet-Şekilsel Sembolik ve Toplumsal*, Emin Yayınları.
- Bloch, M., (2013). *Ritüel, Tarih, İktidar*, çev. Ümit H. Yolsal, Ankara, Dipnot Yayınları.
- Brünnow, R. E., (1897). *A Classified List of Simple and Compound Ideographs*, Leyden.
- Cassirer, E., (1997). *İnsan Üstüne Bir Deneme*, çev. Necla Arat, İstanbul, Yapı Kredi Yayınları.
- Sembolik Formlar Felsefesi-II Mitik Düşünme*, çev. Milay Köktürk, Ankara, Hece Yayınları.
- Sembol Kavramının Doğası*, çev. Milay Köktürk, Ankara, Hece Yayınları.
- Chattopadhyaya, I., (2016). “Living Tradition: A Study of Prehistoric Rock-paintings and Indigenous Art from District Sonbhadra, Southern Uttar Pradesh, India”, *Athens Journal of Humanities & Arts*, 3/4, s. 251-270.
- Cox, J. L., (2004). *Kutsalı İfade Etmek Din Fenomenolojisine Giriş (Teori, Metot ve Uygulama)*, çev. Fuat Aydın, İstanbul, İz Yayıncılık.
- Droogers, A., (2012). “Dinin Tanımlanması Bir Sosyal Bilim Yaklaşımı”, çev. Ahmet Onay, *Din Sosyolojisi Kuram ve Yöntem*, der. Peter B. Clarke, ed. İhsan Çapcıoğlu, Ankara, İmge Yayınevi, s. 415-438.
- Dürkheim, E., (2010). *Dinsel Yaşamın İlk Biçimleri*, çev. Özer Ozankaya, İstanbul, Cem Yayınevi.
- Eliade, M., (2001). *Mitlerin Özellikleri*, çev. Sema Rifat, İstanbul, Om Yayınevi.
- Babil Simyası ve Kozmolojisi*, çev. M. Emin Özcan, İstanbul, Kabalcı Yayınevi.
- 2003). *Dinler Tarihine Giriş*, çev. Lale Arslan, İstanbul, Kabalcı Yayınevi.
- Demirciler ve Simyacılar*, çev. M. Emin Özcan, İstanbul, Kabalcı Yayınevi.
- Dinler Tarihi İnançlar ve İbadetlerin Morfolojisi*, çev. Mustafa Ünal, Konya, Serhat Yayınları.
- Doğuş ve Yeniden Doğuş İnsan Kültürlerinde Erginlenmenin Dini Anlamları*, çev. Fuat Aydın, İstanbul, Kabalcı Yayınevi.
- Frazer, J. G., (2004). *Altın Dal Dinin ve Folklorun Kökleri I*, çev. Mehmet H. Doğan, İstanbul, Payel Yayınevi.
- İnsan, Tanrı & Ölümsüzlük*, çev. Onur Aydın-İrem Demirel, İstanbul, Altın Bilek Yayınları.
- Freyer, H., (2013). *Din Sosyolojisi*, çev. Turgut Kalpsüz, Ankara, Doğu Batı Yayınları.
- Geertz, C., (1998). “Kültürel Bir Sistem Olarak Din”, *Din Sosyolojisi*, der. Yasin Aktay-M. Emin Köktaş, Ankara, s. 179-189.
- Gömeç, S., (2011). *Şamanizm ve Eski Türk Dini*, Ankara, Berikan Yayınevi.
- Gray, M. P., (2010). *Cave Art and the Evolution of the Human Mind*, Melbourne, Victoria University of Wellington.
- Güllüdağ, N., (2015). “Türklerde Damga Geleneği ve Nogay Türklerinin Damgaları Üzerine Bir İnceleme”, *Avrasya Uluslararası Araştırmalar Dergisi*, C. 3, S. 6, s. 132-150.
- Hamilton, M., (2012). “Rasyonel Seçim Kuramı: Bir Eleştiri”, çev. M. Ali Kirman, *Din Sosyolojisi Kuram ve Yöntem*, der. Peter B. Clarke, çev. İhsan Çapcıoğlu, Ankara, İmge Yayınevi, s. 197-222.
- Hawkes, J., (1965). *Prehistory (Vol. I Part I of the History of Mankind Series)*, Mentor-New York.
- Hoppál, M., (2013). *Shaman and Symbols Prehistory of Semiotics in Rock Art*, International Society for Shamanistic Research, Budapest.
- Köktürk, M., (2014). *Kültür ve Sembol Bir Cassirer İncelemesi*, Ankara, Aktif Düşünce Yayınları.
- Lucien Lévy-Bruhl, (2006). *İlkel Toplumlarda Mistik Deneyim ve Simgeler*, çev. Oğuz Adanır, İstanbul, Doğu Batı Yayınları.
- Mithen, S., (1999). *Aklın Tarih Öncesi*, çev. İrem Kutluk, Ankara, Dost Kitabevi.
- Morris, B., (2004). *Din Üzerine Antropolojik İncelemeler Bir Giriş Metni*, çev. Tayfun Atay, Ankara, İmge Kitabevi.
- Otto, R., (2014). *Kutsal'a Dair-Kutsal Tasarısındaki Sezgisel Faktör ve Rasyonele Olan İlişkisi Üzerine Bir Araştırma*, çev. Sevil Ghaffari, İstanbul, Altıkırkbeş Yayınları.
- Ouzman, S., (1998). “Toward a Mindscape of Landscape: Rock Art as Expression of World-Understanding”, *The Archaeology of Rock-Art*, ed. C. Chippindale-Paul S. C. Taçon, Cambridge, Cambridge University Press, s. 30-41.
- Ögel, B., (1971). *Dünden Bugüne Türk Kültürünün Gelişme Çağları*, C. II, İstanbul, Milli Eğitim Basımevi.
- Türk Mitolojisi (Kaynakları ve Açıklamaları İle Destanlar)*, C. II, Ankara, TTK Yayınları.
- Öztekin, S., (2008). *Dinlerde Hayat Ağacı*, (Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi), Ankara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, Felsefe ve Din Bilimleri Anabilim Dalı, Ankara.
- Paden, W. E., (2008). *Kutsalın Yorumu*, çev. Abdurrahman Kurt, İstanbul, Sentez Yayınları.

- Petru, S., (2012). “Man, Animal or Both? Problems in the Interpretation of Early Symbolic Behaviour”, *Documenta Praehistorica XXXIX*, s. 269-276.
- Rozwadowski, A., (2001). “Sun gods or shamans? Interpreting the 'solar-headed' Petroglyphs of Central Asia”, *In the Archaeology of Shamanism*, ed. N. Price, London, s. 65-86.
- Samashev, Z., (2013). *Drevnetyurskaya Grafika*, Prosper Print, Astana.
- Samashev, Z.-Bazylikhan, N., (2010). “Ancient Turks Tamga-Signs”, *Traditional Marking Systems: A Preliminary Survey*, London-Dover s. 311-329.
- Schmidt, P. W., (1966). “Tukue’lerin Dini”, *İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Tarih Enstitüsü Dergisi*, XIV, İstanbul, s. 63-80.
- Somuncuoğlu, S., (2011a). *Saymalıtaş Gökyüzü Atları*, İstanbul, Atokyay Yayınları.
- Tedlock, B., (2006). *Şaman’ın Bedenindeki Kadın*, çev. Pınar Savaş, İstanbul, MİA Yayınları.
- Torday, L., (1997). *Mounted Archers: The Beginning of Central Asian History*, Durham, Academic Press.
- Turner, B. S., (2012). “Max Weber’e Göre İslam ve Konfüçyanizm: Kantçı Sekülerleşme Kuramı”, çev. İhsan Çapcıoğlu, *Din Sosyolojisi Kuram ve Yöntem*, der. Peter B. Clarke, ed. İhsan Çapcıoğlu, Ankara, İmge Yayınevi, s. 143-169.
- Vikrama, B., (1995). *Temples and the Stages of Economic and Societal Evolution*, Unpublished Dissertation, Institute of Archaeology, New Delhi.
- Whitehead, A. N., (2001). *Sembolizm*, çev. Ramazan Ertürk, Ankara, A Kitap.

ROCK ART IN HISTORICAL PROCESS: EVALUATION OF SIGNIFICANT DIFFERENTIATION STAGES

Rock art is the products of history, culture, civilization, and art that man has made since the early ages. Rock art, which is indispensable resources for the period before the invention of writing, reflect the lifestyle, culture, belief structure of the human being, and the relationship with nature and the individual. It is necessary to interpret the rock art to reveal, examine and evaluate human history. From Asia to Europe, Turks made a significant portion of the rock art. These paintings belong to different periods. Most of the rock art, which is among the most valuable tangible assets of early Turkish culture and civilization, belong to the periods before the use of writing. These pictures bear deep traces of the socio-cultural life of Turks.

Rock art outline the relationship of man with nature, the universe, and cosmology. These pictures expressed the relationship between man and God. In these pictures, celestial elements, animal, and plant depictions have been used. It was believed that these have extraordinary features in the universe.

This paper tries to classify the stages of the rock art related to Turkish culture in the historical process. Thus, the rock art tried to be revealed. Also, within the scope of the classification, a historical process has been tried to be based on the rock art, which cannot be given a chronological definite date limitation. In this context, the process of imitation of nature, human-nature relationship, human-human relationship, cosmology understanding, and the transition from concrete to abstract is explained in the direction of the development of human consciousness. Besides, each passed process has been evaluated in the center of human consciousness.

Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шагирбаев, Н.Б. Нұрғали
Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты
Алматы қ., Қазақстан
eraly_a@mail.ru; mambet__87@mail.ru; nesipbay.nurgali01@mail.ru

ШУ Өңірінен Жаңадан Ашылған Ортағасырлық Төрткүлдер (2018–2020 жылдардағы зерттеу жұмыстары бойынша)*

Орта ғасырлардағы құрылысы ерекше ескерткіштердің бірі – төрткүлдер. Төрткүл деп жоспары бойынша шаршылы немесе төртбұрышты келген, қабырғалары немесе бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған құрылысты айтамыз (Ақымбек, Шагирбаев, 2018, б. 243–248). Төрткүлдер Орталық Азияның белгілі бір бөлігіне кең тараған. Қазақстанның негізінен оңтүстік аймақтарында көп кездеседі. Оның ішінде Шу мен Талас өңірлері, Жетісу өлкесі және Алакөл қазаншұңқыры аумағында көбірек орналасқан. Ескерткіштің осы түрлерінің орналасуы мен жоспарлануында, құрылысы мен қорғаныс жүйесінде, мәдени қабаттары мен археологиялық материалдарында көптеген айырмашылықтармен қатар ұқсастықтар да бар. Белгілі бір арақашықтық пен табиғи жер жағдайына қарай орналасқан Шу өңірінің төрткүлдерін зерттеу мәселесімен соңғы жылдары

* Жұмыс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы бойынша № АР09260358 «Талас өңірінің ортағасырлық төрткүлдері және мәдени ландшафты» жобасы аясында орындалды.

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Шу археологиялық отряды (Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шагирбаев) айналысып келеді (1-сурет). Негізінен орта ғасырларда қалыптасқан төрткүлдерді зерттеу қалалық мәдениетті тереңірек түсінуге мүмкіндік туғызады.

Ортағасырлық төрткүлдерді ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесі ХІХ ғ. басталады. Алғашқы зерттеу кезеңінде ескерткіштердің орналасқан жері, топографиялық ерекшелігі, сақталу жағдайы, жергілікті халықтың берген атауы, кей жағдайда араб-парсы деректерімен сәйкестендірілуі сөз болып, жарияланған.

В.В. Бартольд 1893–1894 жж. Орталық Азияға ғылыми сапармен келген есебінде Шу, Талас, Ыстық көл және Іле өзенінің бойындағы ескерткіштер қарастырылып, дерекнамалық тұрғыдан қазіргі ескерткіштер орнымен сәйкестендіру мәселелеріне тоқталған. В.В. Бартольд Талас өңіріне қатысты зерттеулерінде келесі мәліметтерді келтіреді: «... О происхождении ... турткулей у местных жителей существуют различные предания, но большей частью основание их приписывается калмыкам – единственному народу, о котором киргизы еще помнят. В тех местах, где более проявляется влияние оседлой культуры, предание, кроме калмыков, указывает также на эмира Тимура...» (Бартольд, 1966, с. 31).

В.А. Каллаурдың 1897 ж. 5 мамырда Түркістан әуесқой археологтар үйірмесінің хаттамасында жарияланған «Древние местности Аулиеатинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в восточной Туркестан» атты мақаласында төрткүл сөзі бірнеше рет аталып, ол туралы мынадай мәлімет береді: «Ознакомившись с книгой Н.Ф. Петровского «Древние арабские дорожники по средне-азиатским местностям», я задался мыслью заняться разысканием и исследованием древних местностей в Аулиеатинском уезде, помянутых в «дорожниках». С той целью, при своих поездках по уезду я обращал внимание на встречающиеся развалины городищ и так называемых “турт-кулей”.» (Каллаур, 2011, с. 78).

Түркістан әуесқой археологтар үйірмесінің мүшесі В.П. Лаврентьевтің аталған үйірменің хаттамасында 1899 ж. 5 қазанда жарияланған «Краткий перечень бугров (курганов) находящихся в черте г. Аулие-ата» атты мақаласында аталған аймақта орналасқан 48 төбені анықтап, жалпы сипаттамасын берген (Лаврентьев, 2011, с. 223-227). Оның ішінде тоғыз төбенің пішіндері төртбұрышты немесе шаршы тәріздес екендігін анықтап, оларды төрткүл (Турт-куль) деп атаған.

В. Лаврентьев пішіндері жарты ай тәріздес және дөңгелек келген төбелерді де сипаттап (жалпы саны 48 төбе), бұлардың қала территориясына кіріп орналасқанын және қолдан жасалған құрылыс жүйесі екендігін атап айтады. Бірақ жергілікті халық бұл ескерткіштердің тарихынан бейхабар екендігін де ескерткен. В.А. Каллаур бұл мәліметтерге талдау жүргізе келе, өзі көрсеткен ескерткіштердің ішінде № 19, 40 төбелердің пішіні шаршы және № 1, 3, 12, 33, 34, 35 және 36 ескерткіштердің пішіні төртбұрышты екендігіне назар аударған. Бірақ В. Лаврентьевтің мақаласында № 25 ескерткіштің пішіні төртбұрышты және атауы «Төрткүл» деп берілгеніне қарамастан, В. Каллаур бұл ескерткіш туралы ештеңе айтпаған.

Г.И. Пацевич Үлкен Шу каналының (Большой Чуйский канал немесе БЧК) құрылысына байланысты, аталған канал өтетін Шудың орта ағысы, Жамбыл облысы, Мерке ауданы аймағына археологиялық ескерткіштерге зерттеу жүргізген (Пацевич, 1941, с. 72). Г.И. Пацевич өзі жүріп өткен маршруттар негізінде жазған «Археологические памятники района среднего течения реки Чу» атты ғылыми есебінің қолжазбасын талдау барысында жалпы саны – 40 ескерткішті анықтағаны белгілі болды. Жекелей талдайтын болсақ: 1) обалар тобы – 9; 2) жеке оба – 5; 3) мұсылман мазары – 3; 4) төбе – 16; 5) қала – 4; 6) төрткүл – 1; 7) Қоқан бекінісі – 1; 8) Ақыртас (жеке қарастырған). Г.И. Пацевичтің қолжазба есебінде көрсетілген қалалар Ақтөбе, Аспара, Жаңа жол?, Чапаев (Тасөткел аймағы). Жеке қарастырған төрткүл бұл – қазіргі ортағасырлық Ақтөбе қаласының цитаделінен шығыста 500 м жерде орналасқан төрткүл. Зерттеуші аталған төрткүлдің орналасқан жерін шахристаннан бөлек, рабад аймағына кіретін, оңтүстік қабырғадан солтүстікте 1,5 шақырым жерде, Ақсу өзенінің оң жағалауында орналасқан деп көрсетіп, сол кездегі сақталу жағдайы, негізгі өлшемдеріне тоқталады және жергілікті халық арасында Ақсу төрткүлі деп аталатынын атап өткен (Пацевич, 1941, с. 40). Бірақ төрткүлдің қандай қызмет атқарғанына, хронологиясына, бетіндегі материалдардың аздығына байланысты терең тоқталмаған. Г.И. Пацевич қала аумағында тағы бір төртбұрышты бекіністі атаған. Бірақ орналасқан жерін толық көрсетпеуіне байланысты, нақты қай төрткүл екендігін анықтау мүмкін емес.

А.Н. Бернштамның 1950 ж. шыққан «Чуйская долина (Труды Семиреченской археологической экспедиции)» атты еңбегінде Ақбешім, Кіші Ақбешім, Қызылөзен және Бурана қалалары туралы мәліметтер береді. Ғалым өз зерттеулерінде төрткүл мәселесіне арнайы тоқталмағанымен, жалпы төрткүл атауын жиі қолданғанын көреміз. Сонымен қатар, Х ғ. аяғында Қарахандықтар

династиясының құрылуымен Шу өңіріндегі қала құрылымында өзгерістер орын алғанын айтады. Оның ішінде Шу өңірімен қатар, Іле және Тянь-Шаньда қарахандық типтегі қалалармен қатар төртбұрышты пішіндегі қалалардың дамығандығын, әрі мұндай типтегі қалалардың қабырғалары емес, бұрыштары дүниенің төрт бұрышына қарайтыны және цитадельсіз болып келетініне назар аударады (Бернштам, 1950, с. 10-14; 147).

Ә.Х. Марғұлан Шу-Талас өңіріндегі ортағасырлық қалалардың пайда болуы мен қалыптасуы және зерттелу мәселесіне қатысты өз пікірін білдіріп өткен (Марғұлан, 1948, с. 4-9). Ғалым өзінің «Некоторые итоги и перспективы археологического изучения Казахстана» атты мақаласында Шу-Талас өңіріндегі ортағасырлық ескерткіштердің қалыптасу кезеңдерін сипаттай келе, Шудың төменгі ағысы, Бетпақ даламен шекаралас өңірлердегі ортағасырлық қалалардың Орталық Қазақстандағы керуен жолдарымен тікелей байланысы бар екендігіне назар аударған. Сонымен қатар, ортағасырлық Тараз, Аққұм, Түймекент, Ақыртас кешені, Шудың төменгі ағысындағы Саудакент төрткүлдерін зерттеу мәселесіне ерекше назар аударған (Марғұлан, 1948, с. 6-8).

П.Н. Кожемяко «Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины» атты еңбегінде 18 ұзын қорғанды қала мен 41 қоныс пен бекіністердің тарихи-топографиялық сипаттамасын жасаған (Кожемяко, 1959). П.Н. Кожемяко қоныстар мен бекіністерді ұзын қорғанды қалалардың маңына және үлкен тау аңғарларынан шығар аузының маңына топтастырады. Ғалымның еңбегіндегі 41 қоныс пен бекіністердің топографиялық сипаттамасын ескере отырып, ұзын қорғанды қалалардың маңында орналасқан 27 қоныс пен бекіністің ішінде 19-ы төрткүл типіне жататын болса, қалған сегізінші пішіндері дөңгелек, сопақ болып келген. Тау аңғарында деп топтастырылған 14 қоныс пен бекіністің топографиялық сипаттамасына қарап, барлығы дерлік төрткүлдер екендігі анықталды (Кожемяко 1959, с. 131-167). Жалпы алғанда П.Н. Кожемяко көрсеткен 41 қоныс пен бекіністің 33-і төрткүл типіндегі ескерткіштерге жататыны белгілі болды. П.Н. Кожемяко төрткүл типіндегі ескерткіштері қоныс және бекіністер деп сипаттайды. Бірақ тау аңғарында орналасқан ескерткіштердің ішінде Советский ауылы мен Тарсу шатқалы маңайындағы екі ескерткішті «төрткүл» деп атап көрсеткен (Кожемяков, 1959, с. 162-163).

М.Е. Елеуов өзінің «Шу-Талас өңірінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI–XIII ғ. басы)» атты докторлық диссертациясында Шу өңіріндегі төрткүлдердің тарихи-топографиялық құрылымы мен жіктелуіне терең талдау жасаған (Елеуов, 1999, б. 126-131). Ғалым Шу өңірінің орта және төменгі ағыстарын А-1, А-2, А-3 және А-4 – деп төрт ықшам ауданға бөле отырып, сонда орналасқан ескерткіштердің ішінде төрткүлдерге жеке тоқталады. А-1 яғни Боам шатқалынан Шөміш тауына дейінгі аралықта 37 төрткүл, А-2 яғни Бішкектен Құланға дейінгі аралықта 30 төрткүл, А-3 яғни Шөміш тауынан Иткешу өткеліне (Шуға Қорағаты өзенінің құятын жері) дейінгі аралықта 10 төрткүл, А-4 яғни Иткешу өткелінен Жайлаукөлге дейінгі аралықта 8 төрткүл, жалпы саны 85 төрткүл екендігін айтып өткен. Шу-Талас өңірінде жалпы саны 189 төрткүл бар екендігін ескере келе, оларды мерзіміне қарай екіге бөледі: бірінші, VI–VIII ғғ. қалыптасқан төрткүлдер саны – 40. Екінші, IX–XII ғғ. қалыптасқан төрткүлдер саны – 149 (Елеуов, 1999, б. 102).

М.Е. Елеуов Шу-Талас өңіріндегі төрткүлдердің қалыптасуының алғашқы кезеңін VI–VIII ғғ. мерзімдейді. Бұл кезеңге қатысты төрткүлдер саны – 40 болса, IX–XII ғғ. кезінде төрткүлдер саны – 189-ға жеткенін айтады. Мұнымен қатар, ғалым төрткүлдердің ішкі топографиялық құрылымына кең ауқымды талдау жұмыстарын жасап, төрткүлдерді тағы үш топқа топтайды. Олар: бірінші цитадель, шахристан және рабадқа бөлінген қалалар саны – 5. Екінші, цитаделі бар төрткүлдер саны – 35. Үшінші, іштей бөлінбейтін төрткүлдер саны – 149. Сонымен қатар, М.Е. Елеуов VI–VIII ғғ. қалыптасқан кейбір төрткүлдердің цитадельдері бастапқыда бекіністі-үй немесе бекіністі-қамал қызметін атқарғанын айтып өткен [Елеуов, 1999, с. 131].

К.М. Байпақов 1978 ж. жарық көрген «Городища типа тортуль» атты мақаласында, Қазақстан территориясында кездесетін төрткүлдерді саралап, мұндай типтегі ескерткіштердің Іле өңірі, Шу-Талас алқабы, Оңтүстік Қазақстан, Сырдарияның төменгі ағысы, Орталық Қазақстан аймағында кездесетініне көңіл аударады (Байпақов, 1978). Зерттеушінің осы еңбегінен кейін, төрткүлдер орта ғасырлардағы ескерткіштің бір түрі ретінде қарастырыла бастады.

Е.Ш. Ақымбек «Шу өңірінің ежелгі және ортағасырлық керамикасы (Қордай ауданы материалдары бойынша)» атты еңбегінде Шу өңіріндегі VII–XII ғғ. аралығында пайда болған төрткүлдердің орналасқан жерлері, көлемдері, мәдени қабаттарының қалыңдығы, фортификациясы, топографиясының біркелкі еместігін айтып өткен (Ақымбек, 2017, б. 36-37).

Жоғарыда аталған ғалымдар орта ғасырлардағы төрткүлдерге ғылыми тұрғыдан тұжырымдар жасап, оларды ғылыми айналымға енгізді. Дегенмен, ескерткіштердің арнайы тізімін жасау мақсатында жүргізілген экспедициялар бар. Олар зерттеу жүргізген кезде сол уақытқа дейін белгілі

болған ескерткіштердің орнын, жай-күйін анықтаумен қатар, жаңа ескерткіштерді де ашты. Зерттеу нәтижелері жеке тарихи-мәдени ескерткіштер жинағы болып жарияланды. Шу өңірінің Қазақстанға қарасты бөлігінің көпшілік жері Жамбыл облысы аумағына кіреді. Ал, Жамбыл облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы бүгінге дейін үш рет жарияланды.

1960 ж. сол уақытқа дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарында анықталған ескерткіштердің Қазақстан бойынша археологиялық картасы жарияланды. Осы ескерткіштердің реестрінде (тізілімінде) Шу өңірінен де көптеген ескерткіштер енді (Археологическая карта., 1960). Мұнда төртбұрышты келген құрылыстардың көбі «керуен сарай» деп берілсе, кейбір ескерткіштерді аталуына байланысты «Тортколь» деп жазылған.

1976–1982 жж. аралығында Жамбыл облыстық тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының қолдауымен Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы (С. Алипчиев, К. Байбосынов) Жамбыл облысы аумағында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 1982 ж. облыстың алғашқы ескерткіштер жинағы жарияланды. Еңбектің ішінде бірқатар ескерткіштердің атауы «турткуль», «торткуль» деп берілген (Алипчиев, Байбосынов, 1982).

1986–1989 жж. аралығында Жамбыл облысы ескерткіштерінің энциклопедиялық сипаттағы ғылыми-анықтамалық басылымына материалдарды дайындауға Қазақ КСР ҒА Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты (археология, тарих және монументалдық өнер ескерткіштері), «Қазжобалауқайтажаңғыру» институты (архитектура және қала құрылысы ескерткіштері) қатысады.

2000–2002 жж. бұрынғы материалдарды толықтыру мақсатында Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен Материалдық мәдениет ескерткіштерін ғылыми-зерттеу және жобалау институтының экспедициялар ұйымдастырады. Нәтижесінде 2002 ж. Қазақстан Республикасы Жамбыл облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы жарияланады (Свод памятников., 2002). Жинақта ескерткіштердің басым бөлігінің фотосуреті мен жоспары беріліп, кейбірінің географиялық координаттары көрсетілген. Төртбұрышты келген ескерткіштердің бірқатары «торткуль», «тортколь» деп аталған.

2009 ж. Жамбыл облысы әкімдігі Мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» КММ-сі тапсырысы бойынша Жамбыл облысының барлық аудандары мен Тараз қаласының ескерткіштер жинағын жеке-жеке кітап етіп басу қабылданады. Осы мақсатта 2009–2014 жылдары Жамбыл облысының барлық аудандары мен Тараз қаласының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы басылып шығады. Шу өңіріне қарасты аудандарға «Археологиялық сараптама» ЖШС-нің Ескерткіштер жинағы экспедициясы археологиялық іздестіру және барлау жұмыстарын жүргізіп, жаңадан көптеген ескерткіштерді анықтайды. Зерттеу жұмыстарында бірқатар жаңадан төрткүлдерді ашады (Жамбыл облысы (Қордай ауданы)…, 2010; Жамбыл облысы (Шу ауданы)…, 2012; Жамбыл облысы (Мойынқұм ауданы)…, 2012; Жамбыл облысы (Меркі ауданы)…, 2011; Жамбыл облысы (Тұрар Рысқұлов ауданы)…, 2011).

Жоғарыда аталған экспедициялар өңірдегі тарихи-мәдени ескерткіштердің барлығын қарастырып, олардың орналасқан орын, жоспары мен фотосуретін алды. Зерттеу жұмыстарының мақсаты ескерткіштердің тізілімін алу болғандықтан, барлау жұмыстарында көптеген ескерткіштер ашылып, саны артты.

Шу өңірінің ортағасырлық төрткүлдерді арнайы тақырып ретінде зерттеу тек 2018 ж. басталды. 2018–2020 жж. аралығында ҚР БҒМ Ғылым комитетінің қаржыландыруымен АР05132457 «Шу өңірінің ортағасырлық төрткүлдері: топографиясы, стратиграфиясы, хронологиясы» атты тақырыпта (жетекшісі: Е.Ш. Ақымбек) Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Шу археологиялық отряды Шу өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдердің топографиясы, стратиграфиясы және хронологиясы бойынша бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар жаңа ескерткіштерді ашу бойынша жүргізілген барлау жұмыстарында өңірден негізінен X–XII ғғ. жататын үлкенді-кішілі оннан астам төрткүлдер анықталды (2-сурет).

Барлау жұмыстары. Шу өзені мен оған келіп құятын өзендердің алқабында жүргізілген іздестіру және барлау жұмыстарының барысында жыл өткен сайын ортағасырлық төрткүлдер анықталып, ашылып келеді. 2018–2020 жылдары анықталған ортағасырлық төрткүлдердің басым бөлігі Алатаудың тау шатқалдарының аузы мен тау алды беткейлер мен жазықтардан анықталды. Жалпы, Шу өңіріне Қазақстан аумағында әкімшілік бөліну бойынша Жамбыл облысының Қордай, Мойынқұм, Шу, Меркі және Т. Рысқұлов аудандары кіреді. Осы аудандардың ішінде төрткүлдердің көбі Меркі мен Т. Рысқұлов аудандарының аумағынан анықталды. Төменде ортағасырлық төрткүлдердің сипаттамасы беріліп отыр.

Жазық төрткүлі Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Жамбыл ауылынан солтүстік-шығыста 9 км, Шу өзенінің оң жағасындағы ескі арнасының бойында орналасқан. Үсті тегіс келген төрткүлдің қабырғалары әлемнің төрт тарабына бағытталған. Жоспары бойынша шаршылы келген, көлемі 75×75 м, жал болып жатқан қабырғаларының ені 15-25 м, биіктігі, сыртын айнала қоршап жатқан, білінер-білінбес ордың табынан есептегенде 0,5-1,2 м аралығында ауытқиды. Төрткүлдің ішкі бөлігі сыртына қарағанда 0,2-0,5 м төмен жатыр. Бұрыштары мен қабырғаларының ортасынан мұнара іздері байқалады. Үстінен сырсыз керамикалардың сынығы мен темір қождары кездеседі (3-сурет).

Танабай төрткүлі Жамбыл облысы Шу ауданы Ақсу ауылдық округі аймағында, Шу өзені арнасының сол жағалауындағы (0,5 км) биік адырдың үстінде, ортағасырлық Ақтөбе қаласының сыртқы жалына жақын орналасқан. Төрткүлдің көлемі 160×160 м, жалының биіктігі 0,2-0,4 м. Жалының сыртынан болмашы сайдың орны білінеді. Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған төрткүлдің ортасынан, шығыс және батыс бұрыштары бағытында Оразалы батыр-Ақсу ауылдары аралығындағы автомобиль жолы өткен. Жолдың екі жағында да, ескерткіштің үсті егістік алқабына айналған. Сондықтан төрткүлдің қабырға жалдары мен мұнара қалдықтары бұзылып, жайылып кеткен. 2014 ж. ескерткіштің солтүстік-шығыс бөлігі мия өсімдігінің тамырын өңдеу зауытын салу барысында бұзылып кеткен. Солтүстік-шығыс қабырғасының орта тұсын зауыттың темір қоршауын орнату кезінде жойылған. Ескерткіштің айналасынан және ішінен онға тарта оба анық байқалады. Өз уақытында олардың кейбіреуін қарауыл төбе ретінде де пайдаланған болуы мүмкін. Ескерткіштің үстінен өте аз мөлшерде керамика сынықтары кездеседі (4-сурет).

Қаратұмсық төрткүлі Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Қорағаты ауылынан 12 км шығыста, Қорағаты өзеніне құятын Тасшолақ өзенінің оң жағасында, сазды жерде орналасқан. Қабырғалары әлемнің төрт тарабына сәл ауытқып орналасқан. Көлемі 75×75 м, жал болып жатқан қабырғаларының ені 10-15 м, жалының ішкі жағынан биіктігі 0,5-1 м, сыртынан 2-2,5 м. Бұрыштарында және қабырғаларының бойында екеуден мұнараларының орны бар. Сыртын қоршап жатқан ордың ені 10-15 м, тереңдігі 1,5-2 м. Оңтүстік қабырға етегінен өзен арнасы өтсе, қалған бөлінде ордың ізі жатыр. Ескерткіш өте қауіпсіз жерге салынған. Үстінен өте аз мөлшерде сырлы ыдыстың және көп мөлшерде сырсыз керамиканың сынықтары кездеседі (5-сурет).

Сыпатай төрткүлі Жамбыл облысы Меркі ауданы Сыпатай батыр ауылының орта тұсында, жолдың жағасында орналасқан. Үстіне қазіргі заманның зиратының түсуі барысында қатты бұзылып кеткен. Қабырғалары әлемнің төрт бағытына қараған төрткүлдің көлемі 70×55 м, қабырға жалының ені 10-15 м, биіктігі сыртынан есептегенде 2-2,5 м, ішінен есептегенде 0,5-1 м. Шығыс қабырға жағынан төрт мұнараның ізі байқалса, қақпа оңтүстік қабырға ортасында орналасқанға ұқсайды. Сыртын айнала қоршап жатқан ордың ізі оңтүстік қабырға сыртынан жақсы байқалады. Төрткүлдің шығыс жағынан, қорымның астында да құрылыс болғанға ұқсайды. Төрткүлдің үстінен керамика сынықтары кездеседі (6-сурет).

Сұрат құрылыс орны Жамбыл облысы Меркі ауданы Сұрат ауылының солтүстік шетінен 0,5 км солтүстікте, егістік алқабының ортасында орналасқан. Қатты бұзылып кеткен ескерткіштің сақталған бөлігі біршама төртбұрышты болып келген, көлемі, шамамен 40×40 м, биіктігі 1,2 м, қабырға жалы қатты жайылып кеткен. Ескерткіштің үсті мен айналасынан керамиканың сынықтары кездеседі (7-сурет).

Жаләрік төрткүлі Жамбыл облысы Меркі ауылынан 8 км оңтүстік-шығыста, тау алды тегіс беткейде орналасқан. Үсті бау-бақша және суару жұмыстары барысында қатты бұзылып кеткен. Қабырғалары әлемнің төрт тарабына қараған ескерткіштің көлемі 56×54 м, қабырға жалдарының ені 2,5-3 м, биіктігі 0,6 м. Қабырға бойы мен бұрыштарынан ешқандай мұнараның ізі байқалмайды. Бір кездері қорғаныс немесе шаруашылық мақсатта пайдаланған болуы да мүмкін. Ескерткіш кейінгі кезеңдердің құрылысына ұқсайды (8-сурет).

Бақтай төрткүлі Жамбыл облысы Меркі ауылынан 8,5 км оңтүстікте, Меркі өзенінің бір сағасының сол жағасындағы тау алды беткейде орналасқан. Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталып жатқан төрткүлдің көлемі 70×70 м, жал болып жатқан қабырғаларының ені 8-10 м, биіктігі 0,5-2 м. Бұрыштарынан мұнара орындары анық, ал қабырғаларының ортасынан бір ғана мұнараның ізі әлсіз байқалады. Сыртындағы ордың іздері де көмескі көрінеді. Оңтүстік-батыс қабырғасы және қабырға жалдарының іші мен сырты ауылшаруашылық жұмыстары барысында қатты бұзылып кеткен. Үстінен және айналасынан көп мөлшерде керамиканың сынықтары кездеспейді (9-сурет).

Талдыбұлақ төрткүлі Жамбыл облысы Меркі ауданы Талдыбұлақ ауылынан 3 км оңтүстік-батыста, шатқалдың аузына жақын, өзеннің сол жағындағы тау алды биік адырдың үстінде орналасқан. Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған. Көлемі 43×40 м, қабырғасының ені 4-

5 м, биіктігі сыртымен есептегенде 0,8-1 м, ішімен есептегенде 0,4-0,5 м. Сыртын айнала ор қоршап жатыр. Орының ені 2-3 м, тереңдігі 0,2-0,5 м. Солтүстік-шығыс қабырғасының ортасында ені 4 м болатын жер сай қақпа орны болуы мүмкін. Бұрыштары мен қабырға бойынан орта ғасырларға жататын мұнаралардың ізі байқалмайды және үстінен ешқандай керамика сынықтары кездеспегенімен, мәдени қабатынан жануарлардың сүйегі көптеп кездеседі. Ескерткіш кейінгі уақыттарға жатуы да мүмкін (10-сурет).

Ойранды құрылыс орны Жамбыл облысы Меркі ауданы Жаңатұрмыс ауылынан 10 км оңтүстікте тау алды төбенің үстінде орналасқан. Ескерткіштің батыс бөлігінен басқа жақтарына айнала зират түсіп кеткен. Оңтүстік жағынан бірнеше моланы алып жатқан төртбұрышты қоршаудың жал болып жатқан қалдығы байқалады. Жоспары бойынша шаршылы келген құрылыстың көлемі 35×35 м, қатты жайылып кеткен қабырғаларының биіктігі 0,3-0,5 м (11-сурет).

Қарақыстақ төрткүлі Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Каменка ауылынан 9,7 км оңтүстік-оңтүстік-шығыста, Қарақыстақ шатқалының аузында, өзеннің оң жағасында орналасқан. Қабырғалары әлемнің төрт тарабына бағытталған төрткүлдің көлемі 45×45 м, сыртындағы жалының ені 5-7 м, биіктігі 0,8-1,2 м. Бұрыштарынан мұнара іздері және шығыс жағынан қосымша бір құрылыстың ізі байқалады. Қақпа солтүстік қабырғаның ортасында орналасқан сияқты, себебі осы бөлігіндегі қабырға ортасы сай болып жатыр. Ескерткіштің үстінен керамика сынығы кездеспегенмен, айналасынан сырсыз керамика сынықтары ұшырасады (12-сурет).

Сұлтүр төрткүлі Жамбыл облысы Құлан ауылынан 4,5 км оңтүстікте, Сұлтүр өзенінің сол жағасында орналасқан. Бұрыштары әлемнің төрт тарабына бағытталған төрткүлдің көлемі 60×60 м, қабырға жалының ені 8-10 м, биіктігі 1-1,7 м. Бұрыштарынан мұнаралардың іздері байқалады. Оңтүстік-шығыс қабырғасының ортасындағы сай қақпа орны болуы мүмкін. Солтүстік-батыс қабырғасының сыртынан ордың орны байқалады. Төрткүлдің үсті мен айналасынан аз мөлшерде керамика сынықтары табылды (13-сурет).

Шайтанкөпір төрткүлі Жамбыл облысы Құлан ауылынан 9,5 км оңтүстікте, Сұлтүр шатқалының аузында, өзеннің жағасында орналасқан. Төрткүлдің қабырғалары әлемнің төрт тарабына бағытталып орналасқан. Көлемі 90×85 м, білінер-білінбес қабырғаларының ені 8-10 м, биіктігі 0,05-0,2 м. Сақталған бөлігіне қарағанда ескерткіш ұзақ өмір сүрмеген. Оның үстіне шаруашылық жұмыстары мен судың тасуы барысында қатты бұзылып кеткен. Ескерткіштің үсті мен айналасынан керамика сынықтары кездеседі (14-сурет).

Қорытынды

Жалпы төрткүлдердің өте ыңғайлы табиғи-географиялық жерлерде мақсатты түрде орналасқандығы байқалады. Бұл олардың маңызды стратегиялық және экономикалық қызмет атқарғанын көрсетеді. Топографиялық ерекшелігіне сай керуен жолдардың, жергілікті халықтың және әрбір төрткүл өзі орналасқан аймақтың толық немесе жекелеген аудандарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуі де мүмкін.

Шу өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдердің зерттелу мәселесі күрделі болып отыр. Соңғы жылдары Шу өңірінің ортағасырлық ескерткіштерімен байланысты зерттеу жұмыстарында белгісіз болып келген төрткүлдерді ашу бойынша барлау жүргізіліп келеді. Төрткүлдерді жеке зерттеу нысаны ретінде қарастыру өз кезегінде, осы аймақтың ортағасырлық палеоэкономикасы, мәдени байланыстары және архитектуралық-құрылыс кешендері және т.б. туралы құнды мәліметтер бере алады. Төрткүлдерге кешенді зерттеу жұмыстарын жүргізу, олардың топографиясы, стратиграфиясы, хронологиясы бойынша қызықты мәліметтер береді.


Төрткүл тәріздес ескерткіштердің нақты атқарған қызметі туралы біржақты пікір қалыптаса қоймаған. Ғалымдар арасында төрткүл тәріздес ескерткіштер ортағасырларда шаруашылық мақсатта қолданылған немесе бекініс орда қызметін атқарған деген пікірлер басымдау болып келеді. Отандық зерттеушілер арасында төрткүлдерді керуен сарай ретінде қарау да қалыптасқан. Төрткүл тәріздес ескерткіштердің кейбіреулерінің XVIII-XIX ғасырларға дейін қолданылып келгенін ескеретерін болсақ (Жолдасбаев, 1976, с. 46-59; Галкин, 1868, с. 180-181), аталған ескерткіштердің орналасқан аумағы мен мәдени қабатындағы материалдар кешені және құрылыс ерекшеліктері бойынша кешенді талдау, жоғарыда аталған сұрақтарға жауап беруге ықпал етері сөзсіз.

Тағы бір назар аударатын мәселе, Шу өңіріндегі жаңадан ашылған төрткүлдерге жүргізілген зерттеулер барысында, бірқатар ескерткіштердің кейінгі жылдары жүргізіліп жатқан құрылыс (Танабай төрткүлі), ауылшаруашылық (Бақтай төрткүлі) және жерлеу құрылыстары (Сыпатай төрткүлі) әсерінен жойылып бара жатқанын көрсетіп отыр. Өкінішке орай, соңғы жылдары мұндай антропогендік жұмыстардың қатты белең алуы, шаруашылық үшін ыңғайлы жерлерде орналасқан


төрткүл тәріздес ескерткіштердің көпшілігінің жойылуына алып келуі мүмкін екендігін ескеру маңызды.




1-сурет. Қазақстан Республикасының және Жамбыл облысының картасы (google.com/mars бойынша)



2-сурет. 2018–2020 жылдары Шу өңірінен анықталған ортағасырлық төрткүлдер:
1. Жазық; 2. Танабай; 3. Қаратұмсық; 4. Сыпатай; 5. Сұрат; 6. Жалөрік; 7. Бақтай;
8. Талдыбұлақ; 9. Ойранды; 10. Қарақыстақ; 11. Сұлутөр; 12. Шайтанкөпір



3-сурет. Жазык төрткүлі. Өуеден түсірілген фотосуреті мен топографиялық жоспары



4-сурет. Танабай төрткүлі. Ғарыштан түсірілген фотосуреті мен схемалық жоспары



5-сурет. Қаратұмсық төрткүлі. Әуеден түсірілген фотосуреті




6-сурет. Сыпатай төрткүлі. Әуеден түсірілген фотосуреті



7-сурет. Сұрат төрткүлі. Өуеден түсірілген фотосуреті



8-сурет. Жалөрік төрткүлі. Өуеден түсірілген фотосуреті




9-сурет. Бақтай төрткүлі. Өуеден түсірілген фотосуреті мен топографиялық жоспары




10-сурет. Талдыбұлақ төрткүлі. Өуеден түсірілген фотосуреті мен топографиялық жоспары




11-сурет. Ойранды төрткүлі. Өуеден түсірілген фотосуреті



12-сурет. Қарақыстақ төрткүлі. Өуеден түсірілген фотосуреті мен топографиялық жоспары



13-сурет. Сұлутөр төрткүлі. Әуеден түсірілген фотосуреті мен топографиялық жоспары



14-сурет. Шайтанкөпір төрткүлі. Әуеден түсірілген фотосуреті

Әдебиеттер

Ақымбек Е.Ш. Шу өңірінің ежелгі және ортағасырлық керамикасы (Қордай ауданы материалдары бойынша). – Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2017. – 112 б.

Ақымбек Е.Ш., Шағирбаев М.С. Ортағасырлық төрткүлдер хақында // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – Б. 243-248.

Алипчиев, К. Байбосынов К. Свдл памятников истории и культуры Джамбулской области. – Джамбул, 1982. – 208 с.

Археологическая карта Казахстана. – Алма-ата: АН КазССР, 1960. – 450 с.

Байпаков К.М. Городища типа «торткуль» // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата, Наука. 1978. – С. 80-96.

- Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью в 1893–1894 гг. Сочинение. – Москва, 1966. – Т. 4. – 495 с.
- Бернштам А.Н. Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина» // Материалы и исследования по археологии СССР. – М.-Ленинград: АН СССР, 1950. – №14. – 249 с.
- Галкин М.Н. Этнографические и исторические материалы по Средней Азии. – Санкт Петербург, 1868. – С. 180-181.
- Елеуов М. Шу-Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары мен мекендері (VI–XIII ғ. басы): тарих ғыл. док... дис. – Алматы, 1999. – 360 б.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Қордай ауданы. – Алматы, 2010. – 396 б.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Меркі ауданы. – Алматы, 2011. – 256 б.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Мойынқұм ауданы. – Алматы, 2012. – 216 б.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Тұрар Рысқұлов ауданы. – Алматы, 2011. – 268 б.
- Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Шу ауданы. – Алматы, 2012. – 368 б.
- Жолдасбаев С. Типы оседлых поселений казахов по данным археологических исследований Южного и Центрального Казахстана // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. – Алма-Ата: Наука, – 1976. – С. 46-59.
- Каллаур В.А. Древние местности Аулиеатинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в восточной Туркестан // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М.М. – Туркестан: Туран, 2011. – С. 78-85.
- Кожемяко П.Н. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. – Фрунзе: Типография АН Кирг.ССР, 1959. – 184 с.
- Лаврентьев В.П. Краткий перечень бугров (курганов) находящихся в черте г. Аулие-ата // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / Авторы предисловия и составители Елеуов М., Бахтыбаев М.М. – Туркестан: Туран, 2011. – С. 223-227.
- Маргулан А.Х. Некоторые итоги и перспективы археологического изучения Казахстана // Известия НАН РК. Сер. археол. – 1948. – Вып. 1. – №46. – С. 4-9.
- Пацевич Г.И. Археологические памятники района среднего течения реки Чу // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. – 1941. – Фонд 2, опись 2, дело 64а.
- Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Жамбылская область. – Алматы: РГП «НИПИ ПМК», 2002. – Т. 2. – 350 с.

NEW MEDIEVAL TORTKULI FROM THE SHU VALLEY (According to the research work for 2018-2020)

The article considers the medieval sites of tortkuls in Shui Valley, discovered by the Shui Archaeological Group of the Institute of Archeology named after A. Kh. Margulan during the scientific project AP05132457 "Medieval tortkuls of the Shui Valley (topography, stratigraphy, chronology)" (leader: E.S. Akymbek). Information about medieval tortkuls in Shu-Talas Valley is found in the works of V.V. Bartold, V.A. Kallaur, V.P. Lavrentiev, G.I. Patsevich, A.N. Bernstam, A.Kh. Margulan, P.N. Kozhemyako, M. Eleuov, K.M. Baipakov and other scientists.

The authors of the article analyze the topographic, typological structure of tortkuls identified during archaeological exploration work carried out by them in recent years, and try to find out the function of such sites. The article describes the locations, external forms and the modern state of preservation of medieval tortkuls, topographic plans and aerial photography are given.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚЫШҚАЛА (БАРШЫНКЕНТ): ЭПОСТЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕ*

Сырдың төменгі ағысында Алтын Орда дәуірі кезінде жүздеген қалалар, елді мекендер, керуен сарайлар болған, олардың қалдықтары қазіргі таңда белгісіз төбелерге айналған. Ортағасырларда Орталық Азия мен Сыр өңірінде болған жиһангездер мен саудагерлерді таң қалдырған, көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болған қалалар, жойқын соғыстардың әсерінен, таққа талас және өзара қырқсулардың нәтижесінде, басқада сыртқы факторлардың әсерінен қирап бұзылған. Сол дәуірден қалған ескерткіштер тарихымыздың баға жетпес қазынасы болып табылады. Осындай мұраларға қатысты құнды мәліметтер халқымыздың «батырлар жыры» деп аталатын аузша деректерінде жақсы сақталған.

Тарихи тұлғалар мен оқиғалардың, топонимдік жер-су атаулары атаулары жөнінде аса құнды мәлімет беретін дерек көздерінің бірі батырлар жыры. Батырлар жыры халық ауыз әдебиетіндегі бай мұралардың бірі. Батырлар жырының бастауы жерімізде мекен еткен ертедегі ру тайпалар мен тайпалық одақтардың ауыз әдебиетінде екенін ескерсек оның тарихи дерек ретіндегі маңызы да тереңдей түседі. Мәселен жыр-дастандарда сипатталатын маңызды оқиғалардың тарихи негізі барлығын; қалалар мен жер-су аттарының күні бүгінге дейін сақталғандығын, содай-ақ батырдың шынайы тарихи тұлға екендігін ескере отырып бұл жырларды дерек ретінде пайдалануға болады. Ең алғаш батырлар жырына көңіл аударып, оларды зерттеуге мән берген ғалым Ш. Уәлиханов болды. Ол қырғыздың «Манас» эпосы туралы: «Батыр төңірегіне топтастырылған барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, жағрафия, дін және салттық жоралғы, әдет-ғұрып жөнінде түсініктердің энциклопедиялық жинағы» деген сипаттама береді (Валиханов, 2012: 356). Ал қазақ әдебиеті ғылымының негізін салушылардың бірі М. Әуезов: «Қазақ халқының эпосында батырлар жыры ең бір мол сала» - деп баға берген (Әуезов, 1969: 234-235).

Академик Ә. Марғұлан өзінің зерттеулерінде батырлар жырының кейбір құпия жақтарын ашумен қатар оларға тарихи дерек ретінде қарап, қазақ эпосын алты дәуірге бөліп қарастырған (Марғұлан, 1946: 75-81). Ал Ә. Қоңыратбаев қазақ эпосын тегі мен жанры жағынан онсалаға бөледі (Қоңыратбаев, 1991: 133), С. Қасқабасов болса эпосты «Ғашықтық жыр, тарихи жыр және балладалық жыр» - деп үш түрге бөлген (Қасқабасов, 2009: 214-293). Мұнадғы тарихи жырдағы батырлық жанр өз кезегінде Оғыз-Қыпшақ, Алтын Орда, Қазақ хандығы тұсындағы жырлар деп бөлінеді (Бабалар сөзі, 2012 : 483).

Алтын Орда дәуірінен сыр шертетін эпостарды: Едіге батыр, Қарабек батыр, Қамбар батыр, Көрғұлы, Орақ Мамай, Ер Тарғын (Бабалар сөзі, 2012: 392) жырларын тарихи жырлар деп қарастыра келе, жырдағы жер, су, қала атауларын Сырдарияның төменгі ағысындағы археологиялық ескерткіштерден іздеуді жөн көрдік. Сондықтан түркі халқтарының ортақ шығармасы «Алпамыс» батыр жырындағы тарихи оқиғалар мен археологиялық деректердегі жер, су, адам атауларының ұқсастығына назар аударсақ.

Алпамыс батыр жыры – қазақ халқының батырлар жырының ішіндегі ең көнесі. Жыр дәл қазіргідей классикалық бүтіндікке ғасырлар бойында жетілу, толығу арқасында жеткен. Жырда көрсетілген жер, мекен, адам аттары, елдің шаруашылық кәсіптері, салт-ғұрыптары эпостың Алтын Орда дәуірінің төл туындысы екендігін дәлелдейді.

Жыр негізінен Алпамыс батыр мен оның жары Гүлбаршын сұлудың махаббат сюжеттерінен құралған:

..... Сарыбай деген бай еді
Жалғыз туған Гүлбаршын
Он бесте туған ай еді.
Жасыңнан саған айттырған

Гүлбаршын сұлу жар еді (Бабалар сөзі, 2012: 81). Жырда аты аталған Гүлбаршын сұлу мен моңғолдар күйретен ортағасырлық Баршынкент қаласының өзара тарихи сабақтастығы жайында деректер мен зерттеушілердің бірқатар пікірлер бар.

* Мақала №AP09260898 «Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контекстінде» жобасы бойынша жазылды.

1219 жылы моңғол әскерлерінің Сығанақтан Женке қарай бара жатқан жолында жаулап алынған қалалар Жувейнидің еңбегінде сипатталады (Бартольд, 1963: 236). Ал, Рашид-ад-Дин осы қалалардың моңғолдарға соғыссыз берілгені туралы (Материалы, 1939: 485) жеткізеді. К.Д'Оссон келтірген Жувейнидің мағлұматы бойынша Жошы және оның әскерінің аймақта тірі жан қалдырмағанын» (Д'Оссон, 2003, 116-б) хабарлайды. XIII-XIV ғасырларда өмір сүрген ортазиялық тарихшы Абұлғазы: «Баршын қаласы Оғыз еліне даңқы жайылған жеті қыздың бірі – Гүлбаршынның атымен байланысты» (Әбілғазы, 1991: 102), – деп көрсеткен Яғни бұл келтірілген деректерден біз Сырдария өзенінің төменгі ағысында көптеген қалалардың және олардың ішіндегі ең әйгілісі Баршынкент атты қаланың болғандығын анықтаймыз.

Енді жырдағы мына зәулім қаланың қалай ойырандалғаны туарлы тіркестерге көңіл аударсақ:

...Айқай сүрен салады

Күркіреген даусы

Күншілік жерді алады.

Қаланың аузын қан қылды

Қақпаның аузын шаң қылды... – деп (Бабалар сөзі, 2012: 460) онда қырық қақпалы қала болғандығы жайлы баяндалады (Алпамыс батыр, 1977: 208-223).

Академик Ә.Х. Марғұлан жоғарыда келтірілген Абұлғазының пікіріне сүйене отырып, Баршынкент атауын халық поэмасының кейіпкері «Алпамыспен» байланыстыра келіп: «Оғыз феодал ақсүйектерінің өкілі Баршын есімді сұлу, атақты әйел Сырдарияның бойындағы қаланы өз есімімен атады, осыдан Қызқала шыққан» (Марғұлан, 2011: 222) – деп, бұл қаланың қираған бөліктері: «Сырдарияның оңтүстік жағасында Қызылорда мен Шиелі арасында орналасқан және Қызқала атауымен белгілі» – деп жазған (Марғұлан, 2011: 222).

1951 жылы В.М. Жирмунский Түркология жинағындағы «Следы огузов в низовьях Сыр-дарьи» атты мақаласында: «"Оғыз" сөзі жалпы зат есім ретінде "бұқа" дегенді білдіреді, ал жалпы тілдік қолданыста "барчин" сөзі "барқыт" дегенді білдіреді, алайда бұл аймақта бірқатар оғыз атаулары мен оғыз естеліктерінің болуы сізді оғыз халқы мен оның эпикалық кейіпкері, батыр қыз Барчин туралы ойлануға мәжбүр етеді. Аты аңызға айналған Барчин сұлудың кесенесі баршин-дарьямен көршілес орналасқан», - деп жазған (Жирмунский, 1951: 101). В.М. Жирмунскийдің бұл ойын Ә.Қоңыратбаев да растайды. Ол «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршын есіміне тоқтала отырып, бұл есімнің этимологиясы түрлі негіздерге байланысты қарастырылатынын келтіреді: «Оны парчин (парча – мата атауы) деп ұғынатындар бар, қыздардың сұлулығын, нәзіктігін гүл, жібекке теңеу түркі тайпаларында кең етек алған үрдіс десек, бұл пайымдауының негізі болуға тиіс. Бірақ антропонимдік тұлғадағы көне атауды бір ғана эпитет деңгейінде ұғыну жеткіліксіз болар еді» (Қоңыратбаев, 1991: 218) – дейді.

С. Жолдасбайұлы Баршынкент туралы: «Баршынкент атының XIII ғ. орта кезіндегі жазба деректерде кездесуі, ертедегі аңыздар мен батырлар жырындағы хабарлар мен сәйкес келуі бұл аймақтағы соңғы кездегі ел аузындағы кенттің, атының сақталуы, дарияның Баршын аталуы жай нәрсе еместігін байқатады. Олай болғанда оғыздармен қыпшақтар өмір сүрген Баршынкент мекенінің болғандығы сөзсіз» деп жазған (Жолдасбайұлы, 1996: 13).

Осы келтірілген деректер мен ғылыми зерттеулер негізінде археолог мамандар Алтын Орда кезіндегі Баршынкент қаласының орнын Ортағасырлық Қышқала деп болжам жасайды (Мәмиев, 2004, 14-27 бб; Байпаков, 2007: 35-61).

Ортағасырлық Қышқала Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданы, Қоғалыкөл ауылдық округі жерінде орналасқан.

1990-жылдарда Қышқалада жүргізілген қазба жұмыстарының барысы, онан ашылған құрлыстар, табылған археологиялық заттар Т. Мәмиевтің «Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII – XVIII ғғ.)» тақырыбына тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациялық жұмысында қысқаша жазылған (Мәмиев, 1999: 64-69). Жұмыста ескерткіштің қолдан сызылған жобасы, жүргізілген қазбалардың жобалары, кесінділері және олардан табылған сырлы қаптамалардың суреті берілген (Мәмиев, 1999: 64-69).

2018-2020 жылдары Қышқаладағы зерттеу жұмыстарын «Археолог» Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС, Тұран археологиялық экспедициясы жетекшісі М. Елеуов және Қызылорда облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының, Қызылорда облысының тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қаржыландыруымен бастап, 2018 жылы бірнеше жерде қазба жұмыстары жүргізіліп (Таллев, Елеуов, Есенов, 2018: 259-271), 2019 жылы 2-қазбаны кеңейтіп, тереңдетіп, оның 19 бөлмеден тұратын сегіз қырлы медресе болғанын және қазба 3-тен қыш кесек күйдіретін пеш, ал

«Керамика» термині грек тілінен алып аударғанда *keramike* (ҚЫШ ӨНЕПІ), *keramos* (САЗ) деген мағынаны білдіреді. Керамика дегеніміз не? минералды заттардың (саздан) қоспаларын араластыру және күйдіру нәтижесінде алынған қосынды. Керамика ежелгі грек тілінен аударғанда «*keramos*» құмыра сазынан қалыптап кептіріп және күйдіріп алынған бұйым дегенді білдіреді (Бобринский А.А., 1988 г, с 6). Кейінірек «Керамика» деген атау саздан жасалаған бұйымдардың барлығына дерлік қолданыла бастаған. Керамика өндірісі сонау адамзат баласының пайда болған кезеңінен басталып, мезолит (орта тас) кезеңінде сәл бәсеңденіп, жаңа тас (неолит) кезеңінде пайдаланудың жоғарғы шегіне жете білді. Бастапқы кезеңде адам қолының көмегімен пішінделіп, кейінірек шарық пен пеш көріктің көмегімен өзіндік форма беріліп, күйдірілді. Тек б.з.б. III мыңжылдықта ғана (кейінгі энеолит пен қола дәуірі) қыш ыдыстардың қарқынды әрі жедел дамуына мүмкіндік көздері ашыла бастады. Ал ортағасыр кезеңінде барлығымызға белгілі «қыш құмыра» өндірісі өмірдің бір бөлшегіне айналды. Керамикалық қыш ыдыстардың диаметрлерін анықтау мақсатында көптеген үлгі түрлері қолданылады (Глушков И.Г., 1996 г, с 328). Себебі, аталған кезеңде теріден, түрлі-түсті металлдардан жасалған құрал-жабдықтар мен қатар қыштан жасалған ыдыс-аяқ заттары тұрмыстық тұрғыда асүйлік және шаруашылық мақсатта көбірек қолданыла бастады (Актуальные проблемы изучения древнего гончарства, 199 г, с 233).

Асүйлік ыдыстардың қатарына әдетте қазандар мен көзелерді жатқызамыз. Қыштан жасалған ыдыс-аяқтардың жасалу, пайдалану ерекшеліктеріне қарай табылған қыш ыдыстардың жасалу техникасының құрылымдарына, сыртқы пішіндеріне қарап асүйлік, асханалық және шаруашылық мақсатта қолданған деп жіктей аламыз. Бұл аталған шаруашылық салаларының өздеріне ғана тән ерекшеліктері бар (Мыльникова Л.Н., 2007 с, с 82). Мысалы асүйлік – оған тығыз иленген, күйдіру температурасы сәл жоғары, қысымға төзімді болып келеді. Асханалық және шаруашылық бағытта қолданылатын қыш ыдыстар асүйлік қыш ыдыстарға қарағанда қоспалары жағынан, күйдірілу техникасы жағынан сәл әлсіздеу болып келеді. Сонымен қатар, ыдыстың жасалу техникасына қарай (аузы, денесі, қабырғасы, мойыны, ернеуі, паллет, аяғы мен аяқтың негізі) тұрады (Глушков А.А., 1988 г, с 328).


Түрлік ерекшеліктеріне қарай қыш ыдыстарды геометриялық тұрғыда сипаттауға арналған денелермен ұқсастықтары бойынша (шар, эллипс, сопақ, цилиндр, гиперболоид, конус) сипаттама жұмыстарын жасай аламыз.

Тұрмыстық жағдайда керамиканың сыртқы пішінін өңдеу мен әшекейлеуде әр түрлі әдіс-тәсілдер қатары қолданылды (штамп, рельеф, түрлі өрнектер сызу, түр ерекшеліктеріне қарай элементтерді жапсыру). Сонымен қатар, сыртқы бет-бейнесін түрлі-түсті бояулармен бояу (ангоб) әдістерін қолдану кең етек ала бастады.

Қыш бұйым құралдарын (керамика) жасау үшін қолданылатын шикізат құрамына тоқталып өтсек. Аталған өндірісте көбінесе шикізат құрамы ретінде каолинит, галуазит, гидрослюдадар мен монтмориллониттер өте көптеп қолданылған.

Ортағасырлық Рахат археологиялық кешені (Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылдық округі) маңында орналасқан ескерткіштердің өмір сүру кезеңі (тас ғасыры, темір дәуірі, түркі дәуірі) хронологиялық шеңберіне сәйкес келеді десек жаңылыспаймыз (Мартынов А.И., 2005 г, с 447).

Ортағасырлық Рахат археологиялық кешенінің географиялық координаты: N: 43°20.250'; E: 077°22.614. Кешеннің жалпы алып жатқан аумағы 88,7 гектар. Ортағасырлық Рахат қалашығы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Рахат ауылдық округіне қарасты Есік обалы қорымдарының оңтүстік беткейіндегі тау етегінде, Есік-Талғар тас жолының бағытына қарай 5 шаршы шақырым қашықтықта орналасқан тарихи маңызға ие бірегей баға жетпес тарихи нысан (Байпаков К.М., 2009 ж, 407 б). (Сурет 1)



1-сурет. Рахат археологиялық кешенінің Ортофото жоспары

2020 ж. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қызметкерлері Рахат (Енбекшіқазақ ауданы, Алматы обл.) ескерткішіне археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын атқарды. Археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұл ескерткіш бірнеше белгісіз тұстарынан анықталған. Алғаш Рахат археологиялық кешеніне ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу идеясының авторы ретінде, көрнекті археолог ғалым Б. Н. Нұрмұханбетовты келтіреміз (Мухтарова Г.Р, Железняков Б.А, Тулегенов Т.Ж, 2020 г, с 83). Ол кісінің болжамы бойынша Рахат кешені ақсүйектердің қонысы болуы мүмкін, себебі осы аралықта жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған жәдігерлердің, қыш ыдыстардың көпшілігі жоғарғы деңгейде өңделген, сонымен қатар қоныстарының орналасу реті өзгешеленген. Осы бір сыртқы келбетіне қарап мұнда ақсүйектер мекен етті деген болжамға тоқталамыз. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған қыш ыдыстар мен түрлі деңгейдегі жәдігерлердің артефактілеріне қарап, сақ ақсүйектерінің шұрайлы мекені болған деген болжамды алға тартамыз.

Қазба жұмыстарының барысында табылған артефактілердің көпшілігі Х ғ.–ХІІІ ғ. бастапқы кезеңдеріне жатады. Әрине бұл табылып жатқан артефактілердің көпшілігі керамика бөлшектері. Бұл аталған артефактілердің көптеп табылуы осы кешен орналасқан аймаққа жақын аралқтарда жерлеу орындары орналасуы әбден мүмкін. Ғұрыптық салт-дәстүрлер орындалатын аймақтардың қатарына жатқзамыз. Қазба орнынан алынған керамикалар қарахан дәуіріне тиесілі және олардың жиынтығындағы көлденең екі ілгек тәрізді тұтқасы бар әр түрлі көлемдегі қазандар, орташа және кішігірім екі тұтқалы құмыралар, сондай-ақ, хұмдар, саптыаяқтар да сол дәуірге тән. Көбінесе отбасына арналған орташа көлемдегі ас үй ыдыстары кездеседі. Шамасы, қазба жүргізілген жерді негізінен арнайы рәсімдерді орындау үшін пайдаланса керек (Мухтарова Г.Р, Железняков Б.А, Тулегенов Т.Ж, 2020 г, с 83).

1-кесте

Түрлі жылдарда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары. Сатаева Б.Е.

№	Экспедиция болған аймақ	Экспедиция құрамы	Экспедиция Жетекшілері	Экспедиция болған жыл	Нәтиже
1	Рахат археологиялық кешені	Қазақ-Американ біріккен археологиялық құрамы	К.М. Байпақов, Ф.П. Григорьев, К.Чанг	1994-2005 жж	Сақ-үйсін кезеңдеріне тән қоныстардан тұрғын үйлер, жартылай жергөлелер мен шикі кірпіштен жер бетінде тұрғызылған баспаналарды қазылып, керамика

					қалдықтары мен артефактілерін жинап, шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарында сараптама жұмыстары жасалды
2	Рахат археологиялық кешені	Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қызметкерлері		2004 ж	Са-үйсін кезеңіне тән 5 қорғанда қазба жұмыстары орындалды
3	Рахат археологиялық кешені	Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының «Көне дәуір археологиясы» бөлімінің мамандары	О.А. Артюхова	2006-2007 жж	Жоғарғы палеолиттік тұрақтың жасы анықталды. Және тас ғасырына тән құрал-жабдықтар легі жиналып алынды
4	Рахат археологиялық кешені	«Есік» тарихи-қорық мұражайының ғылыми қызметкерлері	Б. Нұрмұханбетұлы	2011-2012 жж	Ерте темір дәуіріне тән қорғандар қазылып, ғылыми айналымға енді
5	Рахат археологиялық кешені	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанынан құралғын «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының қызметкерлері	Г.Т. Бексейтов	2015 ж	Жоғарғы палеолиттік тұрақтың жасы анықталды. Сонымен қатар сақ, үйсін кезеңіне тән қорғандарда ғылыми-зерттеу жұмыстары қоса атқарылды.
6	Рахат археологиялық кешені	«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайымен Қытайдың Сиан университетінің ғалымдары		2019 ж	
7	Рахат археологиялық кешені	Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанынан құралғын «Геоархеология» халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының қызметкерлері	Г.Т. Бексейтов	2019 ж	Жоғарғы палеолиттік тұрақтың жасы анықталды. Сонымен қатар сақ, үйсін кезеңіне тән қорғандарда ғылыми-зерттеу жұмыстары қоса атқарылды.
8	Рахат археологиялық кешені	«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының Ғылыми қызметкерлері	Г.Р. Мухтарова	2020 ж	№ 1 қазба N: 43°21.989'; E: 077°22.165, № 2 қазба N: 43°21.984'; E:077°22.159 қазбалары орындалды

Қыш ыдыстардың сипаттамасы:

Қазан ернеуі

Жасалу технологиясы мен пішінделу формасына қарай біршама түр-сипат ерекшелігіне ие. Ернеу бөлшегінің сақталған бөлшек сынығына қарағанда пішіні шар (сфера) тәрізді болып келген. Қазанның ОБ бағытында ІІ ярустан табылды. Ернеуінің диаметрі 21 см, ернеуінің қалыңдығы 0,8 см, қабырғасының қалыңдығы 0,9 см (9, 10 сурет). Қазанның сақталған сынығының ұзындығы 19,4 см, ені 9,5х3,7х5,4 см. Ыдыстың жасалу формасы шар тәрізді бүйір тұсында ойылған 0,5 см болатын екі тесігі орналасқан. Ыдыс құылымының ернеу қимасына қарай бүйір үсті қабырғалары сыртқа қарай қиамысында қырлы үшбұрыш жасап барып ернеуі қырлы болып аяқталған. Бұл ыдыстың сынығына қарасақ жазық мойынды болып келген, асүй шаруашылығында қолданылғанын байқаймыз.

Формасының ерекшелігіне қарай беріректе өмір сүрген адамзат қоғамының қолданыс аясына 40-55 % пайыз сәйкес келеді. күйдірілу температурасы 1200 градусқа тең. Негізінен Жетісу аймағынан табылған керамикалардың сыртқы пішіндері Азия елдерінің керамикаларына 60 % пайыз ұқсас. Аталған қазанның сыртқы пішініне қарап ХІ ғасырға жатқыза аламыз. Сыртқы формасына қарап, ас үй шаруашылығында кең қолданылғанын және азық-түліктерді сақтауға да жиі пайдаланылған аңғарамыз. Ернеу бөлшегінің пішініне, сыртында қалған оттық дақтарына қарап, қазан болғанын нақты айта аламыз.


Қазанның жасалған сазының құрамында майда құм, слюда, дала шпаты, дала өсімдіктері қатар қосылған. Жасалған саздың түсі сарғыш, қоңыр, сұр біркелкі етіліп алынған. Қазанның сазы өте жақсы иленген, әрі тығыз. Ыдыстың пішініне зер салсақ шарықта жасалынып, форма берілген.

Пішіндеп болғаннан кейін ыдыстардың сыртын арнайы құралмен өндеген немесе сүртіп, форма берген.

Ыдыстың күйдірілу температурасы жоғары бірқалыпты түсі ашық қоңыр қызыл, ашық қызғылт қоңыр түсті болып келген.

Сырттарында шарыққа айналдыру барысында қалған майда іздерінен бөлек, айтарлықтай өрнектер жүргізілмегенімен, ернеуінің төменгі тұсында екі тесік ойылып жасалған. Бұл ойықтар тұтқа рөлін атқаруы мүмкін, себебі осы тесікке темір немесе жіпті өткізіп тартқан.

Ыдыстың сыртқы пішіні қара қоңыр түсті ангоб (сұйықтық) жағылып, ыдыстың үстіңгі ернеу бөлшегінің біршама бөлігі сақталғандықтан күйе ізі анық байқалады.



2-сурет. Қазан ернеуінің сызбасы

Қазанның ернеуі мен тұтқасы

Қарастырылып отырған қазанның ернеуі мен тұтқасы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде қазанның ОБ бағытқа қарай ІІ ярустан жиыстырылып алынып, бір-біріне жапсырылды. Ернеу бөлшегі мен тұтқасының сақталған бөлшек сынықтарына қарағанда пішіні доғалша шар (сфера) тәрізді болып келген. Сақталған ернеу сынығы бойынша диаметрі 20 см, қабырғасының қалыңдығы 0,6 см, ернеуінің қалыңдығы 1 см. Сақталған фрагменттің ұзындығы 9,8 см, ені 8х16х10,9 см. Ыдыстың жасалу құрылымы бүйір үсті қабырғасы сыртқа жоғары қарай еркін иіліп көтеріліп барып қиамысында доғалша болып аяқталған (11, 12 сурет).

Жетісу аймағында негізінен осылайша жапсырмалы құлақтармен жасалған керамикалар қатары санаулы десек қателеспейміз. Себебі мұндай қыш ыдыстар көбінесе ортағасырлық қалашықтарға тән. Өмір сүру кезеңі ХІІ ғасырға сәйкес. Сыртқы формасы адам қолына ыңғайлы етіліп, тұтқа бөлігі

жапсырылған. Су сыйымдылы 3-4 литр. Келтіріліп отырған керамика қазан ретінде шаруашылықта өзіндік қызметін атқара білген.


Көзелік сазының құрамында құм, слюда, дала шпаты, өсімдік қалдықтары қосылған. Сазы жақсы иленген, әрі тығыз. Ыдыс қолмен жапсыру арқылы жасалынып, пішінделген.

Ыдыстың күйдірілу температурас бірқалыпты, түсі қоңыр қызыл. Ернеу бөлігінде күйе іздері сақталған.

Доға секілді келген қазан тұтқасының бір бөлігі сақталған. Ыдыстың қабырғасына ернеуінен 4,3 см аралықта саздан домалақ етіп иіліп, сыланып жапсырылған тұтқасы саусақтың көмегімен домалақ етіп жасалып, жалпы ұзындығы 8,8 см, қалыңдығы 3,6x1,8x3,7 см, тұтқаның диаметрі 2,7 см болып элипс етіліп иіліп жасалған. Тұтқа қазанның қабырғасына жапсырылып бекітіліп, сыртынан саусақ ұшымен бір реті батырылып сызылған.

Көзелік сазының құрамына майда құм, слюда, дала шпаты, өсімдік қалдықтары қосылған. Көзелік сазы жақсы иленген, әрі тығыз. Ыдыстың сақталған бөлшек қабырғасына қарағанда шарықта жасалынып, пішінделгенін байқай аламыз.

Күйдірілу температурасы жоғары әрі бірқалыпты, түсі ашық қоңыр қызыл. Сыртына қара қоңыр түсті ангоб жағылған. Сыртқы формасына қарасақ асүй шаруашылығында кеңінен қолданған деп топшылауымызға болады.



3-сурет. Қазан ернеуі мен тұтқасының сызбасы

Хұмша ернеуі


Рахат елді-мекенінде жүргізілген № 2 қазбаның II ярусынан 77 см тереңдіктен О бағыттан ОБ бағытқа қарай хұмшаның ернеу тұсы табылды. Ыдыстың тек ернеу сынығы сақталған. Ернеуінің диаметрі 40 см, қабырғасының қалыңдығы 1,3 см. Сақталған ернеуінің жалпы ұзындығы 20,1 см, ернеу қабырғаларының қалыңдығы 3,6x3,8 см, ені 5x6,х3,7 см. ыдыс құрылымы ернеуінің қимасы бойынша бірдей орындалған. Аласа келген мойнына қабырғасы айнала сакиналанып келіп жалғасқан. Сакиналы белдеуінің қыры саусақ ұшымен бастырылып бедерленіп өрнектелген (17, 18 сурет).

Бұл Хұмшаның ернеуіне қарай отырып біз Ортағасырлық Тараз қалашығының (Төлебай базары) орынында 2014 жылы жетекшілері К.М. Байпақов, М.Е.Елеуов, В.Ф. Зайберд, Ж. Смағұловтардың қазбаларынан табылған хұмшаларға салыстырмалы түрде сәйкестердіре аламыз. Өмір сүру ерекшелігіне қарай XII ғасырға (Қараханид) жатады.

Көзелік саздарының құрамы бірдей, оған қыш ұнтағы, дала шпаты, органикалық заттар легі қосылған. Сазы жақсы иленген әрі тығыз. Сыртқы бейнесіне қарасақ тас шарыққа салынып, қолмен жапсыру арқылы орындалған. Күйдірілу температурасы жоғары, бірқалыпты, түсі ашық қоңыр қызыл, сұр түсті болып келген. Сондай-ақ бұл аталған ыдысты әр түрлі мақсатта қолданылғанға ұқсайды.



4-сурет. Хұмшаның ернеу бөлігінің фотосуреті



5-сурет. Хұмшаның ернеу бөлігінің сызбасы

Хұмшаның қабырғасы

Ортағасырлық Рахат тұрағының орнында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу және қазба жұмыстары нәтижесінде № 1 қазбасының ОШ бағытқа қарай II яруста 67 см тереңдіктен хұмшаның қабырға фрагменті табылды.

Хұмшаның қабырға бөлігінің фрагмент бөлшегіне қарасақ, сфераконус тәрізді болып келген. Ешқандай да тұтқаның орны анықталмады.


Сақталған ыдыстың жалпы ұзындығы 4x8,5x5,2 см, ені 10x10,8x8,5 см, қабырғасының қалыңдығы 1x1,5x1,2x0,9 см аралығынла ауытқыған (19, 20 сурет).

Сақталған қабырғасында құрал көмегімен толқынша етіп ойылып жасалған өрнек іздерін байқай аламыз және екіге бөлініп қалған. Оны қалпына келтіру кезеңінде біріктіріп, фрагментті фотоға түсіріп алдық.

Ыдыстың сыртқы формасы сәл сфераконус секілді болып келген. Ернеу бөлшегінің сақталмай қалуына қарап ас үй шаруашылығында жиі қолданғанын аңғарамыз. Өйткені күйе іздері жиі ұшырасады. Өрнектеріне қарап ортағасыр кезеңіне сәйкестендіреміз.

Ыдыста ешқандай да ернеу бөлшегі сақталмаған. Көзелік саздарының құрамына өте майда құммен қоса дала шпаты, органикалық заттар қатары қосылған. Көзеліктің сазы өте жоғары деңгейде иленген, әрі тығыз орналасқан. Ыдысты шарықта салу арқылы пішін беліліп, қабырғасының іші-сыртынан саусақ ұшының айнала түскен бедерін байқай аламыз. Сонымен қатар, қатты заттың көмегімен толқынша, сызық етіп ойылып жасалған өрнекті көре аламыз.

Ыдыстың күйдірілу температурасы жоғары әрі бірқалыпты. Фрагмент бөлшегінің түсі ашық қоңыр қызғылт болып келген. Қабырғасының сыртына қоңыр түсті ангоб жағылған.



6-сурет. Хұмшаның қабырға бөлігінің сызбасы

Құмыра (2 дана).

№ 1 құмыра


Құмыраның тек астыңғы бөлшегі ғана табылды. Ол жүргізілген № 2 қазбаның ОБ бағытын 1,58 м тереңдету барысында ұзындығы 2 м, ені 1,10 м болатын жерлеу қабірі аршылды. Сол аршылған қабірдің ШС бағытына қарай құмыра ыдысының түпкі бөлшегі IV ярустан табылды (25, 26 сурет).

Ыдыста ешқандай тұтқа мен ернеу бөлшектері анықталмады. Сақталған ыдыс түбінің диаметрі 10,3 см, сақталған ұзындығы 16,3 см, қалыңдығы 0,9x0,8x1,2 см, биіктігі 5,3x2,6x10 см.

Табылған ыдыстың түбіне қарап біз оны құмыра десек жаңылыспаймыз. Өйткені сақталған фрагмент бөлшектері соны аңғартады. Күйдірілу температурасы 1200 градус Жетісу аймақтарынан табылған керамикалық ыдыстардың сипаттық ерекшелігіне сәйкес XIII ғасырға тән.

Көзелік саздарының құрамына майда құм, қыш ұнтағы, дала шпаты, органикалық заттардың қалдықтары қосылған. Ыдыстың өзіндік формасын шығару үшін тас шарыққа салып, саусақтың көмегімен айналдырып, батырып пішінін беруге тырысқан.

Ыдыстардың күйдірілу температуралары жоғары әрі бірқалыпты Ыдыстардың түсі қызғылт, ақшыл қоңыр. Ыдыстың түбінен 4x1,4 см болатын күйе ізі анықталды. Сыртына қызғылт сары түсті ангоб жағылып көмкерілген. Ішкі тұсында саусақты батыру арқылы өзіндік формасын келтіріп, пішінін жасауға тырысқан. Асүй шаруашылығында сұйықтық заттарды құюға кеңінен пайдаланылған.



7-сурет. № 1 Құмыра түбінің сызбасы

№ 2 құмыра


Рахат қала жұртында жүргізілген № 1 қазбасының ОБ бағытында IV ярустан 1,58 м тереңдіктен ұзындығы 81 см, ені 65 см болатын шаруашылық шұңқырынан құмыраның түп жақ бөлшегі табылды. Ыдыстың ернеуі мен тұтқасы анықталмады. Табылған бөлшектің түбінің диаметрі 9,3 см, жалпы ұзындығы 10,7 см, биіктігі 7,3x2,5 см, қабырғасының қалыңдығы 0,5x0,7x1 см (27, 28 сурет).

Күйдірілу температурасы 1200 градусқа тең, формасы жағынан құмыраға ұқсас. Асүй шаруашылығында сұйықтық заттарды сақтауға жиі қолданылған. Сонау сақ, үйсін беріріктегі ортасырлық қалалардың өмір салтында керамикалар өмір желісінде және арғы (өлім) өмірлерінде пайдаланылады деген сеніммен жерлеу орындарында жиі қойылған. Себебі арғы өмірлерінде шаруашылық мақсаттарында қолданады деген үлкен серімдері болған. XII-XIII ғасырға сәйкес келеді.

Ыдысты жасау барысындағы саздың құрамына майда құм, қыш ұнтағы, дала шпаты, органикалық заттардың қалдықтары қосылған. Қыш құмыраның өзіндік пішінін шығару үшін тас шарыққа салып, айналдырып, саусақтың көмегімен пішін беруге тырысқан. Ыдыстың түбі қазба барысында күректің әсерінен 3x2,8 см ара қашықтықтағы жарқыншағы ұшып кеткен.

Ыдысты одан әрі дайындау барысындағы күйдірілу температурасы жоғары әрі бірқалыпты орындалған. Қыштың түсі қызғылт, ақшыл қоңыр, түбінде күйе іздері анық байқалады.

Сыртына қоңыр қызғылт түсті ангоб жағылып көмкерілген. Түбінің ішкі бөлігін шарықта айналдыру барысында ағаштан жасалған құралдың көмегімен домалақ шеңбер етіп, сызық арқылы жасаған. Ыдыстың негізгі қолданыс аясы асүй шаруашылығы десек артық айтпаймыз. Өйткені жасалу технологиясы жағынан соны аңғартады.



8-сурет. № 2 Құмыра түбінің сызбасы

Қорыта келе, қазіргі таңда әлемдік археология ғылымы саласында «Қыш өндірісі», (керамика) мәдениет пен өнер саласында алатын орны мен мән-маңызын алдыңғы орынға шығарып қарастыра ала аламыз. Себебі, болашақ өскелең ұрпаққа керамикалық қыш ыдыстардың басым көпшіліктерінің ескерткіштер мен тұрақ-қоныстардың жасын анықтау барысында зерттеу объектісі ретіндегі ролі мен маңызын қарастыра аламыз.

Қыш құмыралардың технологиялық тұрғыдан зерттеу салаларында мамандарды даярлау үшін алдымен тәжірибиелік тұрғыда өте көп уақытты қажет етеді. Сонымен қатар, керамикалық материалдар археология ғылымы саласында ғылым, уақыт пен кеңістік алға қойған міндеттердің, сұрақтардың жауабын іздеумен ілгерілейді. Оның жаратылыстану, техника, математика, физика тәрізді салалары еңбек өнімділігін арттырумен ұлттың байлығын еселесе, қоғамдық-гуманитарлық салада материалдық өндіріске жанама түрде оңтайлы ықпал етіп, түпкі мақсаты – ұлт ғұмырын ұзартуға қызмет етеді. Бұл орайда археология ғылымының арқалаған жүгі мейлінше жауапты. Артта қалған жылдарда ұлттың тапқаны мен жоғалтқанын, бары мен жоғын, тағылымы мен тәжірибесін таразылаумен археология ғылымы ұлттың санасын ашады, мінезін түзейді, отансүйгіштік қасиетін қалыптастырады.

Әдебиеттер

Актуальные проблемы изучения древнего гончарства: коллектив. моногр. – Самара: Изд-во Самар. гос. пед. ун-та, 1999. – 233 с.

Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ. Қазақстан археологиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 401 б.

Бобринский А.А. Функциональные части в составе емкостей глиняной посуды / А.А. Бобринский // Проблемы изучения археологической керамики. – Куйбышев: Изд-во Куйбышев. гос. ун-та, 1988. – С. 5–21.

Глушков И.Г. Керамика как археологический источник // И.Г. Глушков. – Новосибирск: Изд-во ИАЭТ СО РАН, 1996. – 328 с.

Мартынов А.И. Археология: Учебник. – 5-е изд., перераб. – М.: Высш. шк., 2005. – 447 с.

Мухтарова Г.Р. Железняков Б.А., Тулегенов Т.Ж. // «Қазақстан археологиясы». – Алматы: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, 2020, № 3(9). – 82-92 с.

Мыльникова Л.Н. Методы изучения археологической керамики: учеб.-метод. пособие / Л.Н. Мыльникова. – Новосибирск: Изд-во НГУ, 2007. – 82 с.

FEATURES OF MANUFACTURING AND FUNCTIONS OF CERAMIC PRODUCTS FOUND IN THE MEDIEVAL ARCHAEOLOGICAL COMPLEX RAKHAT (based on the archeological excavation report for 2020)

In the article, The author Sataeva Botakoz Yerbolovna wrote her own book " features and functions of making ceramic products found in the Archaeological Complex of medieval Rakhat (based on the report of the archaeological excavations for 2020)» - in the course of writing the article, first of all, a general description of the pottery found during the field archaeological excavations of the medieval Rakhat archaeological complex in 2020 by the staff of the Issyk state historical and Cultural Reserve museum was given, as well as the coordinates of the geographic location, as well as the functions of the pottery.

ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Нұрсан Әлімбаев

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

csmrk1986@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ ҚОРЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ БЕС ТҮПНҰСҚА-ҚОЛЖАЗБАЛАР ЖӨНІНДЕ*

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҚОЛЖАЗБАЛАР МЕН СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН БІРЕГЕЙ БАСЫЛЫМДАР ЖӨНІНДЕ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ

Қазақ халқының тарихи-мәдени мұраларының бірегейі – мазмұны бағзы заманнан бүгінге дейінгі тарихи ұзақ мерзімді қамтитын сан алуан қолжазбалар мен сирек басылымдардың түпнұсқалары баға жетпес құнды жәдігерлер. Әртүрлі тілдерде жазылған мұндай жазба ескерткіштер отандық және шетелдік музейлердің, архивтердің, ғылыми зерттеу мекемелерінің қорында мол сақталған. Мысал ретінде Алматы қаласындағы төмендегі мекемелердің қорындағы сақталынып отырған қолжазбалардың ұзын саны – Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігіне қарасты Орталық ғылыми кітапханада 22 мың және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында 25 мыңнан астам екендігін айтуға болады. Сондай-ақ М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында барлығы 1128 бумадан (соның ішінде жеке тұлғаларға байланысты қолжазбалар 921 буманы құрайды) тұратын бірегей қолжазбалар сақтаулы. Ал қазір жойылып, қоры Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханаға берілген Республикалық кітап музейінде сирек кездесетін қолжазбалар мен бірегей басылымдардың саны кезінде 80-нен астам сақтам бірлігін құрайтын (Абусейтова, Нурманова, 2004, 167-181 бб.).

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің (әрі қарай – ҚР MOM) қолжазба және бірегей басылымдар қорында да Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты жазба ескерткіштердің құнды нұсқалары – әртүрлі тақырыпқа жазылған сирек кездесетін қолжазбалар мен бірегей басылымдар сақталып отыр. Солардың ішінде көне ұйғыр, ескі қыпшақ, орта түркі (шағатай), қазақ тілдеріндегі араб, латын, кирилше жазумен түсірілген түпнұсқалар, сондай-ақ араб, парсы, қытай, соғды, тибет, моңғол, манжұр, орыс және басқа тілдерде жазылған қолжазбалар кездеседі.

Жазылған уақыты, шыққан мерзімі, орны, сақталу жағдайы әртүрлі болып келетін мұндай қолжазбалар мен сирек кездесетін басылымдар халқымыздың материалдық һәм рухани мәдениетінің айғағы әрі ескерткіші ғана емес, танымдық тағылымы өлшеусіз деректердің ерекше категориясы болып табылады. Яғни, қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеп, зерделеуге негіз һәм негіздеме боларлық айрықша құнды деректік корпусының бірегейі десек артық айтқандық емес. Айтылған қисын тұрғысынан отандық музей қорларындағы аталмыш қолжазбалар мен басылымдарды ғылыми каталогтаудың, сөз жоқ, деректік тұрғыдан да, тарихнамалық жағынан да маңызы айрықша екендігі сондықтан.

Отандық музейлер, соның ішінде әсіресе 200 жылға жуық тарихы бар ҚР MOM қорында сақтаулы қолжазбалар мен сирек басылымдар ұзақ жылдар бойы әр қилы жолдармен жинақталған. Әуелі, қазақ тарихы мен мәдениетіне байланысты басқада сан алуан артефактілермен бірге оларды 1831 жылдан бастап ҚР MOM-нің «орынборлық кезеңінде» қазақтың игі жақсылары, жергілікті өлкетанушылар, зерттеуші ғалымдар, музей қызметкерлері жинады. Солардың біразы ХХ ғасырдың 20-шы жылдарының бас кезеңінде кезінде «Қырғыз өлкелік орталық музейі» деген атпен құрылып кейін Қазақстан Мемлекеттік Орталық музейіне айналған республиканың бас музейінің қорына берілді: архив дерегіне сүйенсек, 1921 жылы Орынбор губерниясы атқару комитетінің ұйғарымы бойынша Орынбор губерниялық музейінен Қазақстан Халық ағарту комиссариатына «Қырғыз өлкелік орталық музейі» қорына өткізілген артефактілердің жалпы саны 288 сақтам бірлігін

* Баяндама 2020 жылы жарық көрген екі кітаптан тұратын «Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорынан). Ғылыми-инвентарлық каталог» деп аталатын еңбектегі осы жолдардың авторының кіріспе мақаласы негізінде жазылды. Оның мәтіні концептуалдық тұрғыдан да, құрылымдық һәм дәйектеме жағынан да әжептәуір толықтырылып, нақтыланды – автор.

құрайды екен. Оның сыртында 62 көне құжат, 7356 кітап аталмыш музей қорына түскен (ҚР Мемлекеттік Орталық мұрағаты. 21-парақ.). Осы артефактілер негізінде ҚР MOM қорының бүгінгі бірегей қолжазбалар мен басылымдардың коллекциясы қалыптаса бастаған деп айтуға болады. Кейінірек, 1933 жылдан бастап М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ә. Жиреншин және басқа ғалымдардың тарихи-деректанулық іздестіру, жинастыру жұмыстары нәтижесінде көптеген жәдігерлер жинақталды.

ҚР MOM қорындағы сирек кездесетін қолжазбалар мен бірегей басылымдар, жазба деректер соншалықты мол болмаса да, танымдық тағылымы айрықша деп бағамдауға әбден болатын жалпы саны 410-нан астам сақтам бірлікті құрайды. Аталмыш жәдігерлердің жинақталу тарихы мен оның қалыптасу барысына байланысты төмендегідей бірер жайтты айта кеткен жөн. ҚР MOM-нің Бас түсімі кітабында (КП) әрбір қолжазба мен кітаптардың келіп түскен деректері мен қабылдау актілеріндегі мәліметтер тым сараң, баз біреулерінде тіптен жоқ. Ал кейбіреулерінде, «араб қарпіндегі қолжазба, арабша кітап» деп ғана берілген. Жалпы, қабылдау актілерін толтыруда атқарушылар тарапынан әжептәуір қателіктер жіберілген. Бұл совет кезеңіндегі отандық музейлердегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының мүшкіл күйін аңғартса керек. Тағы бір ерекше айта кетер жайт – қордағы материалдардың басым көпшілігі жеке тұлғалардан сатып алыну жолымен жинақталған, ал музейге жәдігерлерді сыйға тапсырғандар сиректеу кездеседі. Дейтұрғанмен, 1942-1951 жылдары ҚР MOM-інің директоры болған көрнекті абайтанушы-ғалым Әбусағит Жиреншиннің Қазақстанның шығыс аймақтарына өзі тікелей ұйымдастырған ғылыми экспедициялары барысында жинақталған сан алуан тарихи-этнографиялық және археографиялық материалдың музейдің қорын байытудағы үлесінің айрықша болғандығын ерекше екшеп айтқан ләзім.

Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы жөніндегі қолжазбалар.

Жоғарыда сөз болған қолжазбалар мен сирек кездесетін басылымдар коллекцияларының ішіндегі бірегейлері, сөз жоқ, ұсынылып отырған зерттеудің нысаны болып отырған Абайдың жеке өмірі, шығармашылығы және қоғамдық-саяси қайраткерлігі туралы төмендегі түпнұсқа-қолжазбалар:

Осы ретте ұлы Абайдың «براز سوز قازاقتنگ تويي قايدان چقانالعی طورالی» ҚР MOM КП 17569. » «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» **** бірегей шығармасын ерекше атап өту керек. Оның мәтіні, дұрысы аталмыш еңбектің Мүрсейіт Бікіұлының көшірме-қолжазбасы 1933 жылы Мұхтар Әуезовтың жеке бастамасымен әрі тікелей қатысуымен жарыққа шыққан Абай шығармаларының толық жинағынан бастап, ақынның өлеңдері, поэмалары мен қарасөздерінен тұратын әр жылдары басылған жинақтарына енді (Qunanbaiuly, 1933, 319-323 бб.; Qunanbaiuly, 1940, 248-253 бб.; Абай (Ибраһим) Құнанбаев, 1945, 112-113 бб.; Абай (Ибраһим) Құнанбаев, екінші том. 1977, 226-234, 295-296 бб.; Абай, екінші том. 2013, 155-158, 296-297 бб.) (аталмыш және басқа да жинақтарға енгені – жоғарыда аталған Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы Абайдың шығармалар жинағының көшірме-қолжазбасындағы нұсқа. Бұл нұсқаны шартты түрде «Мүрсейіттік нұсқа» деп атауды жөн көріп отырмыз. Яғни қазір ҚР MOM қорындағы «Біраз сөз...» қолжазба еш уақытта толық мәнді жарық көрген емес. Бұл туралы сәл кейінірек айтылады).

Мәліметтерге қарағанда, ақын осы туындысын 1899 жылы 54 жасында Семей губерниясы, Шыңғыстау өңірінде (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы) жазған. Бұл шығарманың екі нұсқасы сақталып отыр. Біріншісі – тиісті зерттеулер мен Абай шығармаларының жинақтарында жиі айтылатын 1907 жылы қағаз бетіне Мүрсейіт Бікіұлы түсірген ақын шығармалары жөніндегі қолжазба нұсқа (Абай, 1995, 3-б.). Екіншісі – біздің ойымызша, тіпті, абайтану мәселесімен тікелей айналысатын ғалымдардың көбісі біле бермейтін ҚР MOM қорындағы ұлы ақынның өз қолымен жазылған қолжазба. Абайдың аталмыш төлтума қолжазбасының ҚР MOM қорында ғана сақтаулы тұрғандығын 1995 және 2013 жылдары басылып шыққан Абайдың екі томдық шығармалар жинағындағы бір-біріне айна қатесіз ұқсас төмендегі жолдар да айғақтайды: «Алғаш рет 1933 жылғы жинақтың «Тарихи сөз» деген бөлімінде жарияланған. Одан кейін 1933-1934 жылдары М.Әуезов басқарған экспедиция тауып әкелген Абайдың өз қолжазбасымен (1899 ж.) салыстырылып, тиісті түзетулер жасалып, 1939-1940 жж. екі томдық жинаққа енгізілген. *Абайдан қалған бірден-бір қолжазба қазір Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұражайында сақтаулы*» (Құнанбайұлы, 1995, 343-б.; Құнанбайұлы, 2013, 296-б.).

** Баяндама мәтінінің Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты бөлімінің тиісті мәліметтерін жинақтауға, жүйелеуге және араб қарпімен берілген қолжазбаның мәтінін кирилшеге түсіруге үлкен еңбек сіңірген Жасұлан Белтеновке автор алғыс білдіреді.

Араб қарпімен қазақ тілінде (төте жазу) қара қарындашпен жазылған бұл қолжазбадағы жазу үлгісі өзінің ұқыптылығымен және әсем түсірілгендігімен ерекшеленеді. Ақшыл-сұрғылт түсті қалындау қағазға түсірілген қолжазбаның әрбір бетінің өлшемі 22x35,6 см. 4 парақтан (8 бет) 160 жолдан тұрады. Қағазы ескі, әрбір парақтың ортасында жыртық тесік бар. 1 парақтың сол жақ бұрышы жыртықтау, 4 парақтың сол жақ бұрышы жыртылып жоғалған. Оның ҚР МОМ қорының түсім кітабындағы тіркеу нөмірі – ҚР МОМ КП 17569. Әрбір қағазының жоғарғы бұрышында «Успенская фабрика №7» деген таңба (оттиск) соғылған. Бұл – 1886-1994 жылдары Ресейдің Свердлов облысы, Тугулым ауданындағы кеңсе қағазын шығаратын фабриканың логотип-белгісі. Демек, қағаз – осы ресейлік фабриканың өнімі. Қолжазбаның бірінші парағының жоғарғы оң жақ бұрышында 18 X/X 99 деген сандар бар. Бұл қолжазбаның жазылған мерзімі болуы да ықтимал.

Қорды есепке алу тобының 1982 жылғы 10 маусымында жазылған №294 қабылдау актісінде төмендегідей мәлімет кездеседі: «Автограф рукописи Абая Кунанбаева «Несколько слов о происхождении казахов» («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы») 1899 г.». Рукопись написана арабским шрифтом, карандашом, на плотной белой бумаге «Успенской фабрики №7». На первой странице, в углу, справа написано тушью 18 X/X99, а также тушью в верхней половине листа, по краю надпись на русском языке «Начало киргизского бытия». 4 листа. 36x22 см. Бумага пожелтела, края оборваны и загнуты, видны следы сгибов, по центру сгиба порвано, у четвертого листа оторван нижний левый угол. На последней, восьмой странице внизу надпись карандашом по-русски «Ибрагим Кунанбаев». Заключение отборочной комиссии принять подлинный автограф рукописи Абая в основной фонд для пополнения коллекции материалов о творчестве Абая Кунанбаева. Легенда: из старых поступлений». Қолжазба ҚР МОМ-нің қалпына келтіру кеңесінің шешімімен біраз қалпына келтірілді (қалпына келтіру кеңесінің №230. (06. 2010 жылғы хаттамасы). Өкінішке орай, ҚР МОМ қорының Түсім кітабында аталмыш қолжазба жайында бар мәлімет жоғарыдағы келтірілген ақпаратпен шектеледі.

Аталмыш шығарма-қолжазбаның сөз болып отырған «музейлік нұсқасының» факсимилесін 2020 жылы ғана ҚР МОМ ғалымдары осы жолдардың авторының ғылыми жетекшілігімен және тікелей қатысуымен (Абайдың жеке өміріне һәм қоғамдық қызметіне және шығармашылығына байланысты басқа да төрт қолжазбаларының факсимилелерін де) кирилшеге түсіріп жарыққа шығарды. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – тек Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты шығармасының «музейлік нұсқасы» ғана емес, басқа да төрт қолжазба Абайтану саласында тұңғыш рет ғылыми айналысқа түсіп отыр (Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар 1-к. 2020. 820 б.; Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар 2-к. 2020. 560 б.).

Қазақ халқының шығу тегі мәселесіне арналған шығарманың сюжеттік өрбітілу және қисынына қарағанда ұлы ақын осы еңбегін дәстүрлі қазақы ортада сан тарихы кезеңдер бойы орнығып һәм толығып отырған көшпелілердің ауызша тарихнамасының бірегей салалары – фольклорлық, соның ішінде, әсіресе шежірелік мәліметтерге және сан алуан аңыз-әңгімелерге, тіпті кейбір тарихи туындыларға сүйене отырып жазған сынайлы. Осы ретте қолжазбаның қара қарындашпен жазылғандығы ерекше назар аудартады. Расында да ұлы Абай өз шығармаларының денін қара қарындашпен жазған екен. Бұл жайтты Абайдың ұлы Тұрағұлдың (1875-1934 жж.) төмендегі естелігі де растайды: «Әкемнің алдында ақ қағазы, қолында қарындашы, күңіреніп отырып, өлең жазып тастайды...» (Абайұлы, Қолжазба, ҚР МОМ КП 3119). Оның үстіне, бұл қолжазбадағы жазу үлгісі Абайдың әдеби хатшысы болған, оның шығармаларын көшіріп жазушы Мүрсейіт Бікіұлы және Тұрағұл Абайұлының қолжазбаларындағы жазу ерекшеліктеріне мүлдем ұқсамайтындығы анық көрініп тұр. Демек, аталмыш қолжазба ұлы ақынның төлтума туындысы деуге толық негіз бар.

Абайдың осынау халықтық этимологиялық желіспен жазылған әйгілі тарихи зерттеуі қазақ халқының тек-тамыры – этногенез мәселесін қаузады. Бұл қолжазбаның ақынның осы құралыптас өзге мұрасынан ерекшеленетіндігі де сондықтан. Аталмыш қолжазба туралы абайтанушы ғалым М. Мырзахметов төмендегідей пікір келтіреді: «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» (1899 ж.) деген ғылыми негіздегі тарихи мақаласының жазылу себебі «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты» газетінде о баста қатар уағыздалған діншілдік теріс танымдағы мақалаларға қарама-қарсы жазылған еңбек екеніне көзіміз жете түседі. Бұл зерттеу сипатындағы мақаланы Абай өз кезінде қазақ қауымында көп сөз болып, өріс алған, бірақ негізгі шындықтан тыс, ғылымға жат ойға құрылған пікірдің өріс алуына байланысты жазған сияқты. Себебі Абайдың осы мақаласы жазылған күнге дейін «Түркістан уәлаяты» мен «Дала уәлаяты» газеттері сөз еткен бірнеше мақалалардың жалпы сарыны осыны аңғартады. Газет уағыздауындағы қазақтың қайдан шыққандығы, яғни қазақтың түбі арабтан, пайғамбар қауымынан шықты деген алыпқашпа көзқарасқа қарсы Абай

ғылымға негізделген өз ойын: «Біздің қазақтың ықыласы атасын арабтан шықты дегенді, яки бәни Исраилдан шықты дегенді ұнатқанда. Онысы, әрине, тауарихтан хабар тисе, сол жақтан тигендіктен. Ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс» (Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар 1-к., 2020. 17, 25 бб.; Мырзахметов, 1994, 14-15 бб.).

Қолжазбаның зерттелуі туралы қысқаша мәлімет. Сөз болғалы отырған мәселені қаузаудың алдында күні бүгінге дейін Абай шығармаларының әр жылдары жарық көрген жинақтарында және Абайтану саласындағы барлық еңбектерде «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» ақын шығармаларының Мүрсейіт Бікіұлының жоғарыда аталған 1907 жылғы екінші қолжазбасындағы көшірме-нұсқасы ғана пайдаланылып отырғандығын ерекше екшеп айтқан ләзім. Демек, мақаланың басында ішінара айтылғандай, аталмыш қолжазбаның ҚР MOM қорында сақталып отырған «музейлік нұсқасы» еш уақытта ғылыми ортаның зерттеу нысанына айналған емес.

Рас, 1939-1940 жылдары латын әріпімен түсірілген «Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының шығармалары» атты 2 томдық еңбегінде қолжазбаның 3-беті (факсимелесі) беріліп, астына *Абайдың «қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген сөзінің өз қолжазбасынан суретке түсірілген нұсқасы* – деген жазу кездеседі. Бұл фотокөшірмені «музейлік түпнұсқамен» салыстырғанда, мәтіннің 1-жолдан емес 2-жолдан басталғанын, яғни 1-жолдың тұтас түсіп қалғаны анықталды.

Сонымен бірге, Ә.Жиреншиннің 1959 жылғы «Абай және орыстың ұлы революцияшылы демократтары» кітабында аталмыш қолжазбаның осы үшінші беті (факсимелесі) еш қатесіз «Абайдың қолжазбасы» деген атпен жарияланды (Жиреншин, 1956, 167 б.).

Сондай-ақ, «Абай» энциклопедиясында аталмыш қолжазбаның «музейлік нұсқасының» бірінші және сегізінші беттері (факсимелесі) «Ақынның қолтаңбасы» деген атпен басылған. Бұл көшірменің ҚР MOM қорынан алынғандығын қолжазбаның бірінші бетінің төменгі жағындағы «ЦГМ КП 17569» деген жазу айғақтайды (Абай, Энциклопедия, 1995, 92 б.).

Алайда, жоғарыда аталған және басқа да еңбектерде ешқандай жүйелі талдаусыз берілген қолжазбаның «музейлік нұсқасының» «үзінділері» бұл шығарманың маңызын толықмәнді бере алмайтындығы, әлбетте, түсінікті жайт болса керек.

Сонымен, жоғарыда атап өтілгендей, аталмыш еңбектерден басқа Абай шығармаларының әр жылдары жарық көрген жинақтарында да, Абайтануға байланысты зерттеулерде де аталмыш шығарманың Мүрсейіт Бікіұлының 1907 жылғы нұсқасы ғана пайдаланылып келеді. 1945 жылы Абайдың туғанына 100 жыл толу мерекесіне арналып шығарылған Абай шығармаларының толық жинағында аталмыш мұра жөнінде төмендегідей ақпарат келтірілген: «...бұл сөз Абайдың өз қолжазбасынан алынып, тұңғыш рет 1939-1940 жылғы Абай шығармаларының екі томдық академиялық жинағына енгізілген. Абайдың өзі жазған осы қолжазбасы СССР Ғылым Академиясының Қазақ филиалы Тіл, әдебиет Институтында сақтаулы, мұны 1934-1935 жылдары М.О. Әуезов басқарған экспедиция тапқан, мұнан басқа Абайдың өз қолымен жазған қолжазбасы жоқ» (Абай (Ибраһим) Құнанбаев, 1945, 402-407 бб.).

Бірақ «Абайдың осы қолжазбасын М.Әуезов басқарған экспедиция 1934-1935 жылдары тапқан» деген пікір жаңсақтау көрінеді. Өйткені, бұл туынды аталмыш уақытқа дейін, яғни 1933 жылы арабша нұсқасынан латын әріптеріне аударылып, ең алғаш «Abaj Qunanbai ulь. Toьq сыjnaq. Сынавсь: Әvez ulь Muqtar. Qarap сыqыр sөz basьn җazgan: Ғansyгур ulь Иijas. – Кзыл-Орда: Гостипография №1, Qazaqьstan baspasь» деген жинақтың «ҮІ BӨLIM TAPЬJQЬ SӨZ 1899 – ҒЫL» атты бөлімінде жарияланған (Abaj Qunanbaiulь, 1933, 319-323 бб.). Демек, жоғарыда сөз болған М.О. Әуезов басқарған экспедиция қазір кейбір зерттеулерде айтылып жүргендей, 1934-1935 жылдары емес, бұрынырақ аталмыш жинақ жарық көрген 1933 жылға дейін ұйымдастырылды деп кәміл сеніммен айтуға болады.

1977 жылы жарық көрген Абай шығармаларының екі томдық толық жинағында төмендегідей ақпарат берілген: «*Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы*» шығарма алғаш рет 1933 жылы М.Әуезов құрастырған Абай шығармаларының толық жинағында «Тарихи сөз» деген бөлімінде жарияланған. Содан бергі Абай шығармаларының жинақтарында басылып келеді. Бұл басылымда бұрынғы жинақтарда жарияланып жүрген «біраз сөз...» М.Әуезов әдеби-мемориалдық музейінің фондында сақтаулы тұрған оригиналымен салыстырылды. Алайда он екінші абзацтың асты көмескі тартқан қолжазба текстері оқылмайды. Сол себепті «біраз сөз...» текстің толықтай 1933 жылғы тұңғыш басылымымен, онда кеткен әріп, сөз қателерін жөндеп, М.О. Әуезов бастырған 1940 жылғы жинақпен салыстырып шықтық» (Абай, 1977, 295-296 бб.) (алайда осы жолдардағы «он екінші абзацтың асты көмескі тартқан қолжазба текстері оқылмайды» деген тұжырымның

қарастырлып отырған қолжазбаның «музейлік» емес, «Мүрсейіттік нұсқасына» ғана қатысы бар. Бұл жөнінде сәл кейінірек айтылады).

Қолжазбаның 1945 жылы кирилшеге түсіріліп, Абай шығармаларының толық жинағына өзінің төл атымен енді. Сондай-ақ қолжазба 1957 жылғы Абай (Ибраһим) Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағының 2-томында және 1961 жылы жарияланған Абай Құнанбаевтың бір томдық жинағының құрамында жарық көрді. Сонымен бірге аталмыш мұра жоғарыда аталған 1977 жылы басылып шыққан ақынның толық шығармалар жинағынан басқа 1986 жылы және кейінгі уақыттарда да жарық көрген Абай шығармаларының жинақтарына енген болатын.

Бірақ осы еңбектердің бәрінде де аталмыш қолжазбаның сегіз беттік аудармасы келтірілгенмен, оның транслитерациясы мүлдем берілмеген. Әйгілі абайтанушы М.Е.Сильченко аталмыш қолжазба туралы төмендегідей өте құнды пікір айтқан еді: «Единственная, дошедшая до нас рукопись – автограф Абая содержит его заметки об истории казахского народа» (Сильченко, 1957, с. 281-282). Автор өзінің осы дәлелдемесін Абайдың аталмыш қолжазбасының 3-бетін (факсимилесін) жариялау арқылы оның ұлы ақынның өз қолымен жазған еңбек екендігін дәйектеген болатын.

Алайда, М.Е.Сильченко жариялаған бұл факсимиле фотосурет болуы да мүмкін. Өйткені осы қолжазбаның жарияланған 3-бетінің 1-жолы түпнұсқада «*бара алмабды*» деп басталса, біз мұқият текстологиялық зерттеу жүргізген қолжазбаның осы бетінде М.Е.Сильченконың факсимилелік жарияланымдағы әлгі сөз тек «.....бды» деп берілгендігі анықталды. Яғни «*бара алма...*» деген сөздер түсіп қалған, сондай-ақ бірінші жолдың аяғы мен екінші жолдың басындағы «*есебден*» деген сөздің «*еб-де*» деген екі буыны басылмай қалған. Өкінішке орай, қолжазбаның осы үшінші беті М.Е.Сильченконың жіберген аталмыш қателігімен Ә.Жиреншиннің 90 жылдығына арналып шыққан еңбекте де беріліп кетті (Жиренчин, 2003. с. 208). Сондай-ақ, Абайдың бұл қолжазбасының аудармасы 2002 және 2005-жылдары шыққан «Абай. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қара сөздер» атты жинақтарына да енді.

Осы ретте, біріншіден, жоғарыда 1977 жылғы «Абай шығармаларының екі томдық толық жинағынан» келтірілген «...он екінші абзацтың асты көмескі тартқан қолжазба текстері оқылмайды» деген үзіндінің сөз болып отырған Абай шығарма-қолжазбасының «музейлік нұсқаның» мәтініне еш қатысы жоқ екендігін ерекше екішеп айтқан жөн. Себебі «музейлік нұсқаның» мәтіні бастан аяқ қағазға анық та қанық түсірілген. Яғни жақсы оқылады (Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар, 1-к., 2020, 17-24 бб.). Демек, жоғарыда келтірілген үзіндінің мазмұнына қарағанда, әңгіме аталмыш шығарма-қолжазбаның «Мүрсейіттік нұсқасы» жөнінде болып отыр. Екіншіден, 1933 жылдан бастап қазірге дейін жарық көріп келе жатқан Абай шығармаларының барлық жинақтарында «*Біраз сөз...*» Мүрсейіт Бікіұлының көшірме нұсқасымен беріліп отырғандығын айғақтайтын тағы бір дәйек төмендегідей: «Мүрсейіттік нұсқаның» мәтіні әлде бір себептермен аяқталмай қалған: ақынның өз қолымен жазылған «музейлік нұсқамен» салыстырғанда аталмыш «Мүрсейіттік көшірме нұсқаға» «музейлік нұсқадағы» соңғы тоғыз сөйлемнің түспегені анықталды (Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар, 1-к., 2020, 17-24 бб.).

Қолжазбаның «Мүрсейіттік нұсқасының» текстологиясына қатысты бірер мәселелер. Осы қолжазбаны текстологиялық тұрғыдан зерттеу барысында Абайдың бұрын-соңды жарияланған (әр жылдардағы) шығармалары бір-бірімен салыстырылды. Салыстыру барысында аталмыш қолжазбаның сегізінші бетіндегі, яғни 151-жолдан басталатын: «*Бізнің қазақның мұңғұлдан чықбақлығы бізге ұят имәс, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақдықмыз ұят. Қалмақның төрт атасының бірі – Хазар. Сол Хазардан үч атаның оғылы фарсы йұртында қалыб иді: Қажар, Афшар, Үчташлы дигән. Сол қызылбас дүниадағы бір искі падишаларының сарқұты – Кәсірәй ғажам йұрты сол. Біздің қазақның Әмудариясынан қорқиб қачыб келиіб, Сырдариясының айағында қалмақтан жиңлиб, Ақтабан чұбұрұнды көретұғұны, Әмудариядан қачамин диб болған. Сол Надир Афшардан иді. Осы күнгі Нәсірәддин шаһ - Қажардан чыққан кісі. Кім жетсе талабы өнәриминән житәді. Оларға атаң қалмақ диб кім бөгәт болды?*» деген тұтас бір абзац осы уақытқа дейін жарияланып келген нұсқалардың бәрінде бірінші бетке басылып келген.

Бұл жайтты үлкен қателік деп бағамдауға тура келеді. Өйткені, түпнұсқа бойынша аталмыш жолдар сегізінші бетте ғана кездеседі. Бұл қателік Абайдың 1933 жылғы жинағынан басқа нұсқаларда әлі күнге дейін қайталанып отыр (ал 1961 жылғы жарық көрген ұлы Абайдың шығармаларының жинағында белгісіз себептермен мүлдем берілмеген).

Сондай-ақ, 1940 жылы жарық көрген «Abai (Ibrahim) Qunanbai ulь сығармаларь. Audarmalarь мен қара сөздері» атты латын әріпімен жазылған жинақтың екінші томының соңында авторлардың төмендегідей анықтамасымен де мүлдем келісуге болмайды: «Осы арада, екі-үш жолдың аяғы Абай

жазбасында жыртылып қалыпты. Сондықтан аяқталған бірер сөзді қисынына қарай өзіміз қостық. М.А.». Дәл осы құралыптас қателік 1945 жылы басылып шыққан Абай Құнанбайұлының шығармалары жинағында кездеседі: «Осы сөздің аяғында үш жолын («сол сөз осы күнге шейін мақал болып қалған» деген жерден») Абай жазбасының қағазы жыртылып қалғандықтан, қисынына қарай М.Әуезов басқарған редакция қосқан» (Құнанбаев, 1945, 402-407 бб.).

Шынтуайтында, келтіріліп отырған бұл түсініктемелер сөз болып отырған қолжазбадағы тиісті жолдармен сәйкес келмейді. Өйткені, қолжазбаның 148-жолдан басталатын «*Сол сөз осы күнге шейін мақал болып қалған. Сонан... бізді қайтып Шағатай тұқұмы биләген имес. Онан соңғы біздің ханымыз, төрәміз – бәрі де Жочы нәсілінән бола қилған*» деген жолдар, анығында, жетінші беттің соңғы жолынан басталып, сегізінші бетпен (149, 150 жолмен) аяқталады. Біздің пікірімізше, егер Абай қолжазбасының қағазы (аяқ жағы) жыртылған болса, онда қисынына қарай қосылған сөз сегізінші беттен басталмас еді.

Сондай-ақ Абайдың 1961 жылғы еңбегінде қолжазбаның аудармасы он үшінші жолдағы «Есте жоқ ескі мезгілде, мұңғұлдан бір татар...» деген абзацпен басталатын (түпнұсқада тиісті беттің дәл ортасында берілген) соңғы 151-жолындағы «*Біздің қазақтың мұңғұлдан чықбақлығы бізге ұят имәс, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз...*» деген сөйлем толық түсіп қалған.

Сонымен бірге қолжазбаның 2-жолындағы «*Оңұсы һәрне, тауарихдан хабар тисе*» деген тіркестегі «әрне» сөзі 1977 және 1986 жылғы жарық көрген ақын шығармаларының жинақтарында «*арине*» деп берілген. Яғни, қателік жіберілген. Дегенмен, осы жинақтардың 1995, 2002, 2005 жылғы нұсқаларында аталмыш қателік түзетілді. Яғни, қолжазбадағыдай «әрне» деп берілді. Өкінішке орай, қолжазбаның 25, 26, 27-жолдарындағы «Сол қырғызды хытайлар «брут» диб атайды, өз тауарихларинда онұң сәбәбин, неликдән *хытайлар* «брут» дигәнүн һәм биләрмин дегәнди көрмәдим» деген сөйлемдегі «қытайлар» сөзі соңғы басылымдарда мүлдем түспей қалған.

Тағы да бірер қателіктер жөнінде. Жоғарыда айтылған 1995 жылғы ақын шығармаларының екі томдық жинағында «түпнұсқа мен көшірме қолжазбалармен, сондай-ақ бұрынғы басылымдармен қайтадан салыстырылып, жекелеген әріп, сөз қателері түзетілген. Бұл басылымда негізінен сол түзетулер қабылданды. Сонымен қатар жаңадан байқалған кейбір қателер мен дәлсіздіктер түпнұсқаға сәйкес келтірілді» – деген дәйектеме берілген (Абай, 2-т., 1995). Іс жүзінде дәл осындай тұжырым Абай шығармаларының толық жинағының 1977 жылы жарыққа шыққан нұсқасында да кездеседі (Абай, 2-т., 1977, 95-96 бб.). Бұл тұста да әңгіме қолжазбаның «Мүрсейіттік нұсқасы» жөнінде болып отыр. Оны аталмыш жинақтардың соңында берілген түсініктемелер де айғақтайды. Алайда, осы басылымда да, 1977 жылдан бергі басылып келген басқа жинақтардан да мұндай түзетулерді кездестіре алмадық. Мысалы: қолжазбаның 5-жолындағы «*Һәммәге мағлұм*» деген тіркес 1933 жылғы жинақта «жалпыға мәлім», 1945, 1977, 1986, 2005 жылғы нұсқаларда «Һәммаға мәлім», ал 1995, 2002 жылғы еңбекте «*Һәммаға мағлұм*» деп түсірілген. 1995, 2002 жылғы аударма көпшілікке түсінікті болғанымен, оның нақты, дәл аудармасы 1933 жылғы нұсқа болып табылады. Сондай-ақ, 10-жолдағы «*көбі тилинің*» деген тіркес 1933 жылғы нұсқада «көптеген» деп, 1945 жылғы жинақта «кей тарафының» деп берілсе, ал 1957, 1977, 1986, 1995, 2002, 2005 жылғы еңбектерде бұл тіркес мүлдем жоқ, яғни түсірілмеген.

Қолжазбаны текстологиялық саралау барысында ақынның әр жылдары жарық көрген жинақтарында түпнұсқаның 33-жолындағы «*Олардың орны Инесейнің қара суы бас жағында болыпты*» деген сөйлемнің (қолжазбаның екінші бетінің оң жақ жиегіне тігіннен жазылған) өрескел қателікпен берілгендігі анықталды: 1933 жылғы жинақта «Олардың біз есей аңғара сурвының басы жағында болыпты», ал қалған 1945, 1957, 1961, 1977, 1986, 1995, 2002, 2005 жылдардағы басылымдарда «Олардың орны Енесей, Аңқара суының бас жағында болыпты» деп түсірілген. Яғни, жоғарыда келтірілген түпнұсқадағы сөйлемге мүлдем сәйкес емес.

Сондай-ақ, түпнұсқаның 8-жолындағы «*чыққанұн*» деген сөз 1933, 1945, 1957, 1977, 1986, 1995, 2002, 2005 жылғы басылымдардың барлығында да «шыққандарын» деп түсірілген. Ал 157, 158-жолдардағы «*Ақтабан чұбұрұнды көретұғыны, Әмудариадан қачамин диб болған*» деген сөйлем басқа басылымдардың біразында түпнұсқадағыдай берілгенімен, ол, мысалы, 2013 жылғы жинақта «Ақтабан шұбырынды көретұғын себебі Нәдірден қашамын деп болған» деп өрескел қателікпен өзгертілген (Абай, 2-т., 2013, 155, 297 бб.). Осы орайда «түсінік» берушілердің бұл түпнұсқаны қай қолжазбаға сүйене отырып түзеткені жөнінде дәлдемал ойға қаласыз.

Ұлы ақынның 1933, 1945, 1957, 1961 жылдары жарық көрген жинақтарында қолжазбаның 15, 16-жолдары «Осы күнде де қазақдұң төрә нәсілдиләрі өзін «біз татармұз» деб айтұсады» деп түссе, одан бергі жылдары жарық көрген, мысалы, 1977, 1995, 2002 жылғы жинақтарда «Осы күнде де

қазақтың төре нәсілдері өзін өзі «біз татармыз» деп айтысады» деп берілген. Яғни, бұл тұста да жинақтарды құрастырушылар қателік жіберіп отыр (Абай Құнанбаев, 2 т., 1977, 227 б.).

Қолжазбаның 23 және 24-жолында «Қазақты өзләріне ағайын тұтады диді, һәм бір тұқымдас икәндигине көргән кісі таласбайды. Тағы һәм қазақ, қырғыз бинән қазақдұң бір тұқымдас икәнүне таласбайды» кездесетін «һәм» сөзі 1933 жылғы жинақта «қана», 1945 жылғы еңбекте «һәм» деп берілген. 1957 мен 1961 жылғы нұсқада 23-жолы «және», 24-жолы «еш» түрінде, ал 1977 жылдан бергі басылымдарда 23-жол «һәм», 24-жол «еш» сөз тұлғалары түрінде түсірілген.

Ойымызды түйіндей айтсақ, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаланың аясында елімізде қыруар шаруалар жасалынып жатқаны белгілі. Мәселен, латын әліпбиіне көшуден бастап, жүз жаңа есімді анықтауға дейінгі көптеген әлеуметтік жұмыстар жүзеге асуда. Қазіргі таңда бұл шаруалар көпшіліктің талқысына салынып, қоғамда қызу талқыланып жатыр. Патриотизм дегеніміздің өзі өскен ауылың мен өңіріңе, яғни кіндік қаның тамған туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады емес пе? Халқымызда «ұлы адамдар өз ескерткішінің тұғырын өздері орнатады, ал мүсінін болашақ соғады» деген ұлағатты нақыл сөз бар. Сол бастамалардың бірі еліміздегі аты жоқ мектептерге белгілі бір тұлғаның атын беру болса керек. Бұл шара республикалық әр аймағында қолға алынып, таяуда ғана Елорданың бірнеше мектептеріне белгілі тұлғалардың аты берілгені белгілі. Өте құптарлық бастама, «аты шықпаған адамнан, аты шыққан төбе артық» дегендей өңірлік деңгейдегі мектептерге сол ауылдан шығып ауылдастарына үлгі, өнеге боларлық іс қалдырған ел азаматының, жергілікті тұлғалардың есімі беріліп жатса нұр үстіне нұр болар. Ауылға еңбегі сіңген аға ұрпақтың атын жаттап өскен оқушылар оның өнегелі өмірі мен қызметінен үлгі алып, халыққа үлгілі істерімен таңылған азаматтың атындағы мектепте оқыған оқушы отансүйгіш болып өсіп, болашақта еліне пайдасын тигізер еді. Елбасының жоғарыда аталынған бағдарламалық мақаласын негізге ала отырып мәдени және тарихи құндылықтары бар нысандарды сақтауға және ұлықтауға бағытталған шаралардың бірі «Туған жерге тағзым» аясында Ескене ауылының қалыптасып көркеюіне зор үлес қосқан, алпыс жасқа жетер-жетпес ғұмыр сүрсе де халқына, туған ел, жұртына осыншама ізгілік нұрын шашып кеткен ауылымыздың тумасы, ұлағатты ұстаз, ел азаматы ардақты ағамызды есте қалдыру мақсатында бастамашыл – ынталы топ өкілдерінің (бұл арада негізге алып отырғанымыз Әбекеннің тұстастары, аттары республикаға танымал, аға буын журналистер, Жаңаарқа ауданның «құрметті азаматтарының» (*Далбай Ізтөлеуов, «Жаңаарқа газеті», 8. 10. 1997 жыл. Ұзақбай Мұқышұлы, «Орталық Қазақстан» газеті, 25.09.2004 және Қалиақпар Әбілдин, 15. 08. 2009 жылдар*) тұлғаның есімін ауыл мектебіне беріп, ол «Әбілғазы Күленұлы Күленов атындағы Талдыбұлақ орта мектебі» ресми атауына лайық деген ұсыныстары бүгінгі күні де өзекті екендігін атап өтуді өзімізге парыз санадық. Халқымызда «жасында байқары жоқтың, қартайғанда айтары да жоқ» деген дана сөзі бар. Қазіргі күндері көз алдымыздан сол бір балалық балдәурен шағымыздың сәулелі күндері «ақырын-ақырын шегініп, елестеп өтіп» жататыны өмір заңдылығы. Саналы ғұмырымызға ата-анаңнан кейінгі бағыт-бағдар беретін қасиетті мекен «алтын ұя» мектебімізді қазіргі аға ұрпақ біздер де сағына еске алып «келдім сені сағына, құй нұрыңды жаныма» деп әлі күнге дейін табалдырығынан имене аттап, жүрексіне кірер болсақ ол жылдар бойы білім алып санамызды қалыптастырған мектебіміз бен ұстаздарымызға деген іңкәр сезіміміз бен ықлас құрметімізден туындағаны сөзсіз.



Әбілғазы Күленов (1927-1984)



«Қызылоба» қорымындағы әкелі-балалы Күлен Түлкібайұлы мен Әбілғазы Күленовтің мазарлары. Кеңестік дәуірдің суық, ызғарлы империялық саясатын еске салатын бұл бейіттердің де өзіндік тарихы бар. Аудандық партия комитетінің хатшысы Ә. Күленов жетпісінші жылдары әкесіне осындай мазар тұрғызғаны үшін партиялық қатаң сөгіс алып, қызметі аудандық ауылшаруашылығы өнімдерін даярлау инспекциясының инспекторы қызметіне дейін төмендетілген



Балалық шағымыздың бір белгісі болып саналатын өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының аяқ кезінде түсірілген мына фотосуреттің де тарихи дерекнамалық маңызы бар. Үстімізге мектеп формасын киіп, мойнымызға қызыл галстук байлап, аяғымызға керзі етік киіп түскен суретте сол заманның тіршіліктің тынысы мен лебі сақталынған. Суретте: «Талдыбұлақ» сегізжылдық мектебінің жетінші сынып оқушылары: алдыңғы қатарда отырған аға пионер вожатый Жаңылтай Мұсабекова, оның артында ортада тұрған Әбекеңнің қызы Гауһар Күленова және оң жақтан екінші тұрған осы жолдардың авторы

Әдебиеттер

- «Ел ағасы болған еді» // «Орталық Қазақстан» газеті, 25 қыркүйек, 2004 жыл.
Әбілғазы Күленов-Аяулы жар, ардақты әке. (Естеліктер). – Алматы: «Темірқазық», 2004 жыл. 50-бет.
Жаңаарқа тарих толқынында. Қарағанды: «Гласир» баспасы, 2015 жыл. – 420 бет.
Жаңаарқа: Энциклопедия. – Алматы: «Темірқазық». 2009. – 476 бет.
Жұмаділдин А. Жаңаарқа. Дерекнама. – Алматы: Кенже-Пресс-Медиа, 2003. – 521.
Түлкібайұлы К. Шежіре. - Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 82-бет.
І. Ісләмұлы, Б. Серікбайұлы, Ж. Қызбалаұлы. Атамекен – Ақтүбек // Ел мен жер тарихы. - Қарағанды: «Гласир», 2011. -368 бет.

FATE IS HISTORY, MERIT IS AN EXAMPLE FOR THE COUNTRY OR SMALL THE GREAT HISTORY OF THE VILLAGE

Article describes the life of a small village, the history of education and building of schools in fiftieth and seventieth of the XIX century. The spiritual essence that serve as backbone of the village is the education institute, and it is the village school. It is evident that the knowledge contains a power that leads any nation to the civilization. And the foundation of the knowledge is laid in the school. The rural village circles that upraises our spirit is in the very village school. By means of biography of father and son Kulen Tulkibaiuly and Abilgazy Kulenov, the formation of collective farms in those times, history of a small village and phases of the village school were narrated from the point of historical view and serve as a basis of the article.

Д. Ескекбаев

*Қазақстан мәдениетінің ғылыми-зерттеу институты
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
d.eskekbaev@mail.ru*

ШАҒЫН АУЫЛ ТОПОНИМИКАСЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атта бағдарламалық мақаласы қоғамда соның ішінде кәсіби тарихшылар мен гуманитарлық сала мамандары арасында зор рухани сілкініс, серпін туғызған еді. Осы орайда «Қоғамдық сананы жаңғырту және тарих ғылымындағы жаңа міндеттер» тақырыбында өткен тарихшылардың IV конгресінде тарихшы ғалымдардың, өлкетанушы мамандардың зерттеу еңбектерін пайдалану арқылы елді мекендердің тарихы мен этнографиясын, дәстүрлі мәдениетіне қатысты топонимика, фольклор, шежіресін де қамту қажеттілігін еске салғаны күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ. Осы бағдарламаны негізге алып Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында «Тарихи әдеби өлкетану» жобасы да қолға алынған болатын. Кейінгі жылдары серпінді түрде жүргізіле бастаған «рухани жаңғыру», «туған елге тағзым», «Қасиетті Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарламаларды негізге алған зерттеуші-өлкетанушылар ел-елге шығып, жер-жерлерді кешенді түрде зерттей бастауы бұқаралық сипат алғандығы көпшілікке аян. Бұлардың біразы мемлекет қолдауына да ие болды. Биылғы жыл басында Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында халықтың көкейінде жүрген шетін мәселелерді қозғай келе тарихымыз тереңде, талабымыз беріде екендігін; тарихшыларымыз бар, тарихқа қызығатындарымыз бар бәріміз жабылып қазақ тарихының тереңіне бойлай алмай жүргенімізді де баса айтып ескерткені де тектен тек болмаса керек. Осы орайда мақала өзегіне айналып отырған Орталық Қазақстанның тарихи мәдени мұраларына жататын тарихи ескерткіштерді ел тарихының қайнар көзі ретінде қарастыру, халқымыздың көнеден қалған мұрасы тарихи мәдени ескерткіштердің алатын орны мен оларды қорғау мәселелері сияқты кейбір аспектілерді әлі де болса тереңдей зерттеп, қарастыруды талап етеді. Тарихи мәдени орындар бұрыннан зерттелініп келе жатса да, бір ізділікке түспеген, басты бағыт бағдары айқын емес. «Туған жер» бағдарламасының пәрменін пайдалана отырып еліміздегі киелі орындардың географиясын анықтап, картасын жасауды кейінгіге қалдырып игі істерді баяулатпау нағыз маңызды сауапты да, жауапты іс деп қарау керек. Бұл жерде баса назар аударатын мәселеле өлке тарихын білу рухани жаңғырудың, ұрпақтар сабақтастығын сақтаудың да бір жолы екендігіне мән бере білу маңызды болмақ. «Ауыл тарихы – ел тарихы» жобасымен ауылдық мектептерде «Өлкетану» сабақтары дербес пән ретінде оқытыла қоймаса да сабақтас тыс үйірме, семинарлар ұйымдастырылып жатса ол тек шәкірттер үшін ғана емес ұстаздар қауымының өзінің де құштарлығын туғызып, біліктілігін арттыра түсері сөзсіз. Ауыл мен қазақ біртұтас бір ұғым, ауылдың тарихы ол қазақтың тарихы екендігін бұл жерде жіпке тізіп түсіндіріп жатудың өзі артық.

Аталынған мәселелерге байланысты бұл мақаланың өзегі ауыл тарихы, яғни, шағын ғана ауыл айналасындағы топонимикалық атаулар болмақ. Ғылыми зерттеулерде Қазақстан жерінде 85 мыңға жуық ірілі-ұсақ өзендер мен 48 мыңға жуық көл бар екен. Жалпы 3 миллионға жуық топонимдер анықталынып отыр. Қазақ даласы топонимдік елдімекен атаулары – *ойконимдер*; ауылдық жер атаулары – *комонимдер*; өзен, су, көл, батпақты жер атаулары – *гидронимдер*; тау, төбе яғни, табиғи жер бедері нысандары атаулары – *оронимдер*; жол атаулары – *дромонимдер*; кесене, күмбез, сағана атаулары – *эклезионим*; бейіт, мола атаулары – *некронимдер* сияқты әлі де болса қолға алынып зерттелінбей жатқан жатаған таулар, бұлақ атаулары қаншама. Ауылдық жерлердегі жер-су атауларына әлі күнге дейін лайықты көңіл бөлінбей келеді. Қазақ халқының жер атауларында

кездесетін топонимдік атаулар жүйесі аса бай, әрбір атаудың астарында ғасырларға жалғасатын терең тарихи деректер жатыр. Заңғар жазушымыз М. Әуезовтің: *«Қазақтың жер-су атаулары тұнып тұрған тарих. Біз оның сыртқы жағын ғана білгенімізбен, тереңіне бойлай бермейтініміз рас. Қай атау қайдан шықты, неден бастау алды, неліктен ұмытылды деген мәселелердің тарихи себептерін зерделей отырып ой тарқату оңай дүние емес»*, - ой тастауы тегін емес. Ол үшін ғылыми тұрғыда жүйелі зерттеулер керек. Қазақстанның географиялық картасына зер салсаңыз жуан ортасында ат жалданып жатқан ұсақ шоқылар, адырлы аймақтар көзге түседі. Қыран құстардың қанатын талдырардай осынау сары жон мыңдаған шақырым жерге созылып жатыр. Солтүстігі Батыс Сібір ойпатынан басталып, Орталық Қазақстанды толық қамти созылған алып жонды ертеден-ақ халқымыз *«Сарыарқа»* деп ерекшелеп атаған екен [1, 3-8].

Осы бір алып Сарыарқаның бір бөлшегіндей ғана «Ескене» ауылы да (Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданына қарасты Ескене тауының баурайында орналасақан жүз отыздай үй, бір жарым мыңдай тұрғыны бар) шағын болса да тарихы терең бекзат өлке. Десек те, Ескене тауы немесе тау етегіндегі Талдыбұлақ ауылы (іргесінен жылап ағып жатқан бұлақ атауына байланысты қойылған) туралы тәуелсіздік жылдары дүниеге келген бірде-бір ғылыми зерттеулерде немесе энциклопедиялық еңбектерде көрсетілмеген. Бүкіл Қарағанды облысын толықтай қамтыған өлке тарихына арналған фотоальбомдық сипаттағы бірнеше энциклопедиялар мен фундаментальды еңбектерді қоса қарастырсақ «мұнда осы өңірдің көне заманнан бүгінге дейінгі тарихы толық қамтылған» деп атап көрсетілсе де сол еңбектердің алфавиттік тізіміне де еңбеген екен. Ал *«Қазақстан географиялық атауларының сөздігі»* деген ғылыми зерттеу еңбекте *«Ескене тауы, Шет, ауданына қарасты кісі есімімен қойылған тау аты, биіктігі 475 метр»* деген өрескел қателікпен, ешбір дәлелсіз деректер келтіреді [2, 294]. Дегенмен жұтан болса да «Сарысу өзені және «Ескене» таулары туралы деректер бұдан екі ғасыр бұрынғы саяхатшылар мен зерттеушілердің назарын аударып, олардың жол жазбаларында кездесетіндігін алға тарта отырып, бұл өңір тарихының тым тереңде екендігін болжай аламыз [3, 11; 78]. Сондай-ақ, Қазақстанның бүкіл географиялық бедері мен табиғатын суреттеген «Атамекен» жинағына, Жаңаарқа ауданының құрылғанына 80-90 жыл толуына арналып шығарылған осы өңірдің табиғаты мен табиғи қорлары, тарихы түгелдей қамтылған энциклопедиялық басылымдарға да еңбеген. Географиялық сөздікте *«Ескене - ауыл, Жаңаарқа ауданы Байдалы би селолық округіне қарасты елді мекен. Атауы ХVIII ғасырдың екінші жартысында осы өңірге көшіп келіп, қоныстанған Алтай Сайдалы руының Қабай бұтағының Ескене атасының есімімен байланысты»* деген қысқаша ғана шолақ қайрылған шолу хабарлама берілген. Әрине, бұған дер кезінде облыстық тарихи ескеркіштер қорғау қоғамы, инспекциясы, жергілікті әкімшіліктер ат салысып, көңіл аударып жатса туып өскен өлкеміздің шырайы кіріп, тылсым сыры ашыла түсер еді. Әйтсе де, кейінгі басылымдарда бұл олқылықтардың орны еселеп толар деген ниеттеміз. Ескене тауы баурайын атқа мініп бөктерлей бір айналып шықсаңыз қойнауы тарихқа толы, тарихы бірнеше ғасырларға созылатын, бірнеше томдық ғылыми-танымдық зерттеу кітаптарға жүк болатын өлке тарихына кез болар едіңіз. Ауылды айнала қоршай орналасқан, бұйрат-төбелер мен бауырынан тарам-тарам болып жылап аққан жылға-бұлақтарға толы құтты мекен. *«Жер - төбесіз, ел - төресіз болмас»* деген ел арасындағы әңгіменің де терең тарихы, астары бар. Көрнекті ғалым Қаныш Сәтбаев күнделікті байқаған ой түйіндерін: *«Мыңшұқыр. Демек бұл жерлерде байырға кен қазба орындары болған. Анықтау керек»*. *«Қара тас. Халық ұғымында бұлай деп темірді емеурін етеді»*. *«Көк тас. Бұлай аталған жерде мыс бар деп топшылауға болады»*. *«Алтын тапқан атауы – алтынның бар екеін аңғартады. Әрине, тегін емес»*. *«Жыланды. Түсті металл рудасы бар болуы керек»*, - деп қойын дәптеріне жазып қалдырса [4, 165] заңғар жазушымыз М.О. Әуезовтың: *«Біздің қазақ жері аты, тау атын әманда сол ортаның сыр- сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да жер, су, жаһан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады»*, - деген пікірлері де ауылдық жерлер топонимикасын ғылыми көзқарас тұрғысынан зерттеулерге шақырып тұрғандай [5, 58].

Іргелі ғалымдардың зерттеулері бойынша Орта жүздің атажұрты, алтын тамыры саналатын Сарыарқа өлкесінің тарихының тамыры тереңде екендігіне ешкім дау тудыра қоймас. Ғылыми зерттеу деректер мен ел аузындағы көне мағлұмат- мәліметтерге иек артып қауза берсек түптің түбінде сонау қола дәуірінен бастау алған үлкен тарихқа барып тірелер едік. Мәселен, Қабантау бітіміне қарай қабанға ұқсайды, әрі жабай Қабаны көп болғандықтан да осылай аталған. Үлкен Айдаһарлы, Кіші Айдаһарлы деген қатар жатқан екі тау бар. Арасынан Атасу өзені өтеді. Қызылтау, Қалмаққырған, Айғырқұшқан деген таулардың тылсым сыры тереңде екендігін өз атауларынан да байқауға болады. Жаңаарқа жерінде ғұн дәуірінде тасқа қашалған бірнеше тас жазулар бар. Бәрінің

де жазу әдісі, үлгісі Орхон жазуымен бірдей. Олардың бір тобы Қызылтау тауына іргелес «Қалмақ қырған» тауының оңтүстік бүйірінде жалпақ қара тастың бетін бүтіндей алып жатыр. Сонымен қатар тасқа ойып түсірілген керуеннің суреттері де бар [6, 6].



Ақтау тауының баурайы, Маңақа өзенінің бойындағы кезінде Кенесары хан жойып жіберген Ақтау бекінісін қоршай орналасқан сақ қорғандарының бірі

Қазақстанның бел ортасын басып жатқан киелі өңірлердің бірі, Сарыарқаның кіндік тұсы «Жаңаарқа» өңірінде Ұлы Дала көшпелілері өркениетінің бастау алған қайнарын айғақтар археологиялық жәдігерлерге өте бай өлке. Өткен ғасырдың 50-70 жылдарында Орталық Қазақстан, Атасу мен Нұра бойындағы қола дәуірі қоныстары мен қорымдары мәдениетін талмай зерттеген академик Әлкей Марғұланның ғылыми еңбектерін қарап шықсаңыз, бұған көз жеткізіп туып өскен өлкеніздің тарихына сусындап қана қоймай оған деген құрметіңіз де арта түсері сөзсіз. Әлекең өзінің Сарыарқа мен Атасу өңірінің көне мәдениетін зерттеген мақалаларының бірі «Древние караванные пути через пустыню Бетпак-Дала» деген еңбегінде *«Пройдя через р. Сары-су в районе Жана-арка, Уванасский караванный путь сразу раздваивался: одна ветвь шла прямо на север и северо-восток и, пересекая волнистые холмы и равнины гор. Эскене и богатую долину р. Нура, подходила к броду Ишима Кара-откель, расположенному в 5 км. выше нынешней Акмолы»* деп, - жаза келе *«другая ветвь Уванасской караванной дороги вела от реки Сары-су на север, к устью р. Нура, проходила через роцвей Кара-агач, затем берегом реки Кулан-отпес»* (мақаланың деректілік мәнін жоғалтпас үшін аудармасыз беріп отырмыз), - деген мәліметтер келтіре отырып оңтүстіктен Бетпақдала шөлі арқылы солтүстікке бет алған сауда керуендерінің негізгі бөлігі Мойынты, Ақтау таулары арқылы Сарысу, Атасу өзендеріне тоқтап бел босатып, одан әрі Ескене, Қасқабұлақ, Ұзынбұлақ, Қарағаш (*патшалық империя дәуірінде отыз екі жыл болыс болып, елге қадірі артып «Телғозының Шоңы, жақсылардың соңы» атанған Шоңкеңе тиесілі құт-мекен болған Қарағаш жері Кеңестік тың игеру заманында «Рассвет» совхозы атанған*) жолдары арқылы сапарларын жалғастырғаны туралы дәйекті деректермен дәлелдейді [7, 20].



Солдан оңға қарай – белгілі өлкетанушы, жазушы Сүтемген Бүкіров, жаңаарқалық азамат, Ескене ауылының басқарушысы Асқар Мұхамедин және археолог ғалым, академик Әлкей Марғұлан

Жаңаарқалық жазушы Асан Жұмаділдин өзінің «Жаңаарқа» атты дерекнамалық зерттеуінде: *«Жаңаарқа жерінен өтетін көне керуен жолдарының бірі атақты Хан жолы. Ресей мен Қытайдың жазба деректері Абылай хан өзінің билігі дәуірлеп тұрған заманда, 1760-1770 жылдары, Көкшетаудан бастап Шуға дейін осы жолмен жүрген екен дейді. Көкшетаудан шығып Есілді өрлеп, одан Атасуға түсіп, оны бойлай Бетпаққа өтетін, Мойынқұм арқылы ескі Таразға соғып Жетісуға шығады екен. Сонымен қатар Жаңарқа жерінен Сарысу жолының екі тармағы өтеді екен. Бірі «Уанас», екіншісі «Кендірлі» көш, керуен жолдары. Бетпақ даладан өткен көшпелі ел Сорбұлақтан кейін-ақ Арқаның шетіне жетіп Маңақа, Сарысудан өтіп, Балабақсыдан асқаннан кейін алыстан мен мұңдалап Ескененің қырлары көріне бастайды. Ескенеден асқан соң Құләнөтпестен өтіп, Нұраны бойлап Қараөткелге тұмсық тіреп тыныс алып, одан әрі Сілеті жолымен Сібір асатын еді дейді»* деген тарихи зерттеулерін одан әрі сабақтай келе *«Ескене мен Ақтасты тауының арасында Үлкенбұлақ, Қасқабұлақ деген бұлақтар бар. Осы бұлақтарды басып ертеде Қызылжардан (Петропавл) Ташикентке апаратын хан жолы өткен. Бұл жол бойы әрбір 25 шақырым аралығында бекеттер салынып отырған»*, - деген мағлұматтармен жоғарыдағы деректерді толықтыра түскен [8,14]. Осы өңірдің тумасы Жаңаарқалық ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің: *«Адам-керуен, өмірі - жол, Ешкімге жат із емес. Жолмен көшкен керуеннің, Алды-арты да - біз емес»*, - деп жырға қосуы да өлке тарихының бір тарауынан хабар беріп тұрғандай, тегін болмаса керек. Қазақ даласының қай ауылын алып қарасаң да айналасын өзіңше бір белдеу, шеңбер құрап жатқан тарихы тылсым ономастикалық атауларға көңіл бөлсек тек қана топонимикалық тақырыптарға ғана құралған атаулардың өзінен ғана бірнеше ғылыми диссертациялық еңбектер жазып шығаруға болар еді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін тек бір ғана «Ескене» ауылын айнала қоршаған 15-20 шақырымдық радиуста орналасқан топонимикалық атауларды ғана атап өтсек болады. Жер атауларына қарап отырып-ақ осы бір дархан даланың тарихына көз жүгіртіп болжауға болады. Мәселен, «Құдайменде» мазары, «Қоржынбай» тамы, «Шапаң» тамы (*некронимдер немесе экклезионимдер*), «Мыңшұқыр», «Таңқы», «Саңқай», «Қызылоба», «Қожа аңызы», «Аюбек», «Жайылма», «Қызыл ауыз», «Барсакелмес», «Оспан көңі», «Беласар көңі» деген сияқты жер бедерінің сын - сипатын білдіретін (*комонимдер*) халықтық жер атаулары табиғатпен үйлесім тауып лайықты қойылған. «Ақтасты», «Айқынбай», «Баянбай», «Заңғар», «Құралы», «Қызылшоқы», «Қарашоқы», «Бала Қарашоқы», «Бүркітті», «Түлкілі», «Айғыржал» тауы, «Құдайменде» шоқысы және өзені, «Қайрақбай», «Қошқарбай», «Баянбай», «Қияш қашқан», «Байтуған адыры», «Байтуған асуы», «Тастықара тауы», «Бүркітті», «Түлкілі», «Оқкөмген» т.б. - таулар атауы да (*оронимдер*) ерекше, ішіне не бір құпияны бүгіп жатқандай. Сарыарқа жерінде қаншалықты жатаған таулар мен адыр, төбелер болса соншалықты табиғи

қарасулар мен бұлақтарға (*гидронимдер*) бай өлке. Мәселен, «Ақсу» өзені, «Аққыз» өзені, «Қарасу» немесе «Шилі Қарасу» өзені, «Бұзау» бұлағы, «Былқылдақ» бұлағы, «Белқараған» бұлағы, «Бекет» бұлағы, «Қабай» бұлағы, «Бақа басы» өзені (жайлауы), «Талшат» бұлағы, «Байғон» бұлағы, «Аққұнан» бұлағы, «Қошқарбай» бұлағы, «Қайрақбай» бұлағы, «Ноғай» бұлағы, «Сәду» бұлағы, «Жұман бұлағы», «Талдыбұлақ», «Тоғамбай» бұлағы, «Әлі» бұлағы, «Жуғы» бұлағы, «Омар» бұлақтары қысы-жазы үзілмей ағып жататын, арналары малға жайлы құтты - мекен болған [9].

Жергілікті ақын Берік Серікбайұлы өлке тарихын: «*Сарысу, Атасу, Талды, Манақалар, Қобыланды жырында болған дейді. Қоңырқұлжа билік құрған сол заманнан, Құдайменде өзені қалған дейді*», - деп жырға қосуы да бұл тарихи атаулардың терең тарихынан хабар берсе керек [10, 346]. М.Н.Калапчук бастаған архологтар 1967 жылы Сарысу өзенінің оң жағасындағы Құдайменде өзенінің құйылысынан Құдайменде неолит тұрағын тапқан. Бұл тұрақтан 20 солтүстік шығысқа қарай 1905 жылы орыс ориенталисі, инженер А.А.Козырев зерттеген Қарағаш обасының белгілері бар (*Бұл табылған археологиялық артефактлердің бірі Қарағанды мұражай қорында сақтаулы екендігін ескертеміз*) [11, 7].



«Ескене» аулынан небары ондаған шақырымдай жердегі «Құдаменде» өзені бойында Ата заңымыздың алғашқы үлгісі «Жеті жарғыны» шығарушы кемеңгер Тәуке ханның кіші ұлы Сәмеке ханның баласы Есім ханнан тараған Құдайменде сұлтанның кесенесі әлі сақтауы тұр. Кесенесінің алдыңғы қас беті шығыс жағынан қарағандағы көрінісі. Артқы батыс жағы тура түскен күннің әсерінен болуы керек мүжіліп құлай бастаған



Қазақ топырағында көнеден келе жатқан тарихи, табиғи, мәдени атаулар әлі де болса баршылық. Қазақ даласында «Қарасу» деген жер атаулары көп кездеседі. Қазақтар ақпайтын, тұйықталып қалған суды «Қарасу» деп, ал ағатын суларды «Ақсу» деп атаған. Топонимикалық атаулар тарихына тереңдеп үнілсек тұнып тұрған тарихқа кез болар едік. Мәселен, қазақта не Қарақол, Нарынқол, Баянқол немесе Қоңырөлең деген жер атауларының түпкі тамыры қол, өлең

деген ескі түркі- моңғол тілінде өзен-су деген мағынаны беретіні ғылым үшін белгілі және жергілікті топонимикалық атауларды зерттеу барысында салыстырмалы түрде қарастыру қажеттігін еске салады. Жалпы қазақ даласы Ресей империясының отарлық қамытын кигеннен бастап ономастикалық атаулары алашұбарланған өлке. Оларды жіліктеп талдасақ оны бірнеше бөлікке бөлуге болар еді. Жаңаарқа жері территориялық жағынан 1824 жылы ашылған Қарқаралы округіне жататын және 1839 жылғы архив құжаттары бойынша, бұрынғы макроэтнонимдік атаулар енді микроэтнонимдік атауларға бөлініп мәселен, Қарпық рулар бірлестігі «Тінәлі-Қарпық» (болыс билеушісі - сұлтан майор Арыслан Құдаймендин), Тоқа-«Қарпық» (сұлтан Бек Құдаймендин), «Айтқожа-Қарпық» (би Сапақ Тәңірбергенев) болыстықтарынан тұратын. [12, 67].

Бұл құжаттан алатын ең құнды мәліметті елдімекендердегі патшалық әкімшілік құрылымның төменгі буыны - болыстар атауындағы өзгерістерден көруге болады. 1865-68 жылдарға дейінгі болыстар ел – рулар атымен аталып келсе, 1875-78 жылғы құжатта елдердің атауы жер-су атауларымен алмастырылған. Мысалы: бұрын *Айтқожа-Қарпық, Сайдалы-Алтай, Тінәлі-Қарпық, Қареке-Алтай* деп аталса, енді *Жаңаарқа, Қараағаш, Ақмола, Спасск* деп ауыстырылған [13, 124].

Ал 1887-1889 жылдар аралығындағы мәліметтер бойынша Ақмола облысына қарасты қазақ болыстары бұрын рулары бойынша аталынып келсе кейіннен олар жер атуларына ауысып мәселен, Қарпық руының «Айтқожа-Қарпық» болысы – «Қараағаш» болысы, Алтай руының «Мойын –Алтай» болысы – «Ортау» болысы, Алтай руының «Сайдалы-Алтай» болысы - Ақтау болысы, Алтай руының «Алсай-Алтай» болысы - Атасу болысы, Тұңғатар руының «Енең-Тұңғатар» болысы Нілді болысы болып – өзгертілген [14, 55]. Міне, Ресей тарапынан басталған осы сияқты қазақ жерін ономастикалық атауларды өзгерту арқылы билеп төстеу империялық отарлау саясаты кейіннен қызыл империялық басқару кезеңінде де толастамай тек сыртқы формасы өзгергенімен де ішкі мазмұны өзгерген жоқ. Отаршылдық бағыттағы топонимикалық атаулар жалғасып жатты. Топонимика саласындағы атаулардың ішінде саяси тарихтың ықпалына көбірек түсіп, өзгеріске жиі ұшырап жататын түрі – елді мекендер атауы. Оны мына төмендегі бір аудан көлеміндегі мысалдардан-ақ байқауға болады: 1. Қазақ жеріне алғаш қоныстанған орыс казактарының бекіністері мен станицаларының атаулары. Бір жақсысы Кенесары ханның қаһарынан қорыққан казак орыстар Қазақстанның басқа өңірлері сияқты емес Жаңаарқа жерінде орын теуіп тұрақтап қала алмаған. 2. Столыпин реформасының нәтижесінде көшіп келген орыс және украин шаруаларының кезеңіндегі атаулар. Мұндай атаулар Жаңаарқа өңірінде жоққа тән. Мәселен, солтүстік облыстарда (бұрынғы Көкшетау облысын мысалға алсақ) Александровка (Новоалександровка), Алексеевка (Новоалексеевка), Николаевка (Новониколаевка), Петровка (Новопетровка), Романовка, Андреевка, Еленовка, Антоновка, Володаровка, Лавровка т.б. сияқты патшалық отаршылдық иісі шығып тұрған елдімекен атаулары кездеспейді. Бұл да болса Жаңаарқа өңірінде Кенесары ханның мысы басым болғанының бір көрінісі сияқты. Салыстыра қарасақ белгілі жазушы А. Смайыл «Қырық екі Калинин, он төрт Ворошилов және жалғыз Бөгенбай» деген Ақмола облысындағы географиялық картасын негізге алып жазған танымдық мақаласында осы атаулардың қазақ жеріне сіңісті болып кеткендігін ашына жазады [15, 207].

1933 жылдың көктемінде Жаңаарқа топырағында отыз екінші зұлматы аштықтан аман қалған аман қалған ауылдар бас құрап, мойынсерік ТОЗ-ға ұйымдастырылып олар бірден тоғызға дейінгі нөмірленген ауылдық кеңестерге бөлінген. Бұл жылдары Кеңес үкіметінің қайраткерлері мен әскери қолбасшыларының құрметіне қойылған мәселен, «Маркс», «Ленин», «Крупская», «Киров», «Калинин», «Голощекин», «Елтай» т.б. сияқты «көсемдер» аттарымен аталынған елді мекендер тізімі 60-70 жылдары одан әрі жаңаша «түрленіп» Кеңестік үгіт-насихат көріністерін білдіретін, «Целинный», «Дружба», «Рассвет», «XXV-партсъезд» атындағы т.б. сияқты коммунистік идеология әсері нәтижесінде қалыптасқан атаулар көп болмаса да біршама кездеседі. Жергілікті атауларды өздерінің тілдеріне ыңғайлап калькалануы нәтижесінде қалыптасқан кейіннен пайда болған атаулар да бар. Мәселен, көне тарихы бар жергілікті «Орынбай» атауы кеңестік дәуірде өзгертіліп тың игеруге байланысты «Целинный» совхозы аталынса, кейіннен тәуелсіздік жылдары қайта қалпына келтірілді. Ал XIX ғасырда «Құдайменде» көңі аталынған жер атауы өткен ғасырдың алпысыншы жылдары жаңа совхоз құрылғанда «Өркендеу» аталынып, кейіннен «заманға сай» орысша атаумен «Рассвет» совхозы болып өзгертілді. 1939 жылы Жаңаарқа аудандық атқару комитетінің № 13 президиум қаулысымен аудандық, ауылдық, поселкелік советтердің қазіргі шекараларын қайта өзгерту, жаңадан ауылдық, поселкелік советтер ұйымдастыру жұмыстары туралы президиум қаулысын желеу етіп «цифрланған» ауылдар қайрадан өзгерістерге ұшырап енді кеңестік «үлгіге» сай қойыла бастады. Мәселен, Сталин атындағы ауылдық кеңеске қарасты: *Еңбек, Қоғамшыл, Еркіндік*; Жеткіншек ауылдық кеңесі: *Жеткіншек, Ұйымшыл, Еңбекшіл* колхоздары; Қызылшоқы

ауылдық кеңесі: *Өркендеу, Өндіріс*; Қараағаш ауылдық кеңесі: *Ынталы колхозы*; Талдыбұлақ ауылдық кеңесі: *Талапкер, Үлгілі* колхоздары; Бірлік ауылдық кеңесі: *Бірлік, Ынтымақ, Алғабас* колхоздары [10, 346]. Сонымен қатар осы жылдары «заманға сай» қойылып, дәстүрлі қазақ қоғамына үйлеспейтін аттар қатарына «*Бас алға*», «*Алғабас*», «*Ілгерібас*», «*Жаңажол*», «*Коммунар*», «*Жаңатілек*», «*Жеңіс*», «*Жарық*», «*Өрнек*», «*Игілік*», «*Жаңақұрылыс*», «*Кәсіпшіл*», «*Жаңаталап*», «*Еркіндік*» т.б. сияқты ауылдар атауларын қоссақ кеңестік «коммунизм жолындағы жаңаша саясатының» патшалық империялық отарлау саясатынан алшақ кете қоймағанын байқауға болады. Ойымызды қорытындылай келе айтарымыз тәуелсіз елдің ономастикасы тәуелсіз болуы керек. «Отар елдің тарихын отаршылыр жазады» (П. Неру), демек тәуелсіз елдің тәуелсіз тарихы да болуы керек. Алашқұбарланған атаулардан құтылу үшін экспедициялық әдіспен кешенді түрде ғылыми зерттеулер қажет. Себебі, көненің тарихын білетін көкірек көзі ояу қарттарымыз да жыл сайын қатары селдіреп барады. Осы жәйттерді назарға ала отырып қазіргі уақытта қарқынды жүргізіліп жатқан «рухани жаңғыру» аясында ономастикалық атаулар яғни, ғасырлар бойы құлаққа сіңісті болған, халық тарихының бөлінбес бір бөлшегіне айналған тарихи-этникалық атаулардың да тарихына үңіле қарап түгендей жүрсек нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Әдебиеттер

- «Жаңаарқа» ақпараттық-танымдық кітапы. Қарағанды: «Мағжан», 2019. – 312 бет.
 Әуезов М. «Қазақ әдебиетінің тарихы». - Алматы, 1948.
 Вестник молодых ученых. Научный журнал. Октябрь-декабрь, 2012 год. №№ 10-12.
 Герн. Пое
 здка по р. Чу к ее устью // Записки Западно-Сибирского отд. ГО, кн. X, Омск, 1889; Ю. Шмидт. Очерки Киргизской степи к югу от Арала-Иртышского водораздела, в Акм. Обл. Западно-Сибирского отд., кн. XVII, вып. 2. Омск, 1894.
 Гумилев Л.Н. Хунны в Китае. Москва, 1974.
 Жұмаділдин А. Жаңаарқа. Дерекнама. – Алматы: Кенже-Пресс-Медиа, 2003. – 521.
 Информаторлар: Құрмаш Алшынбаев - 80 жаста; Елеукен Нұрланов -75 жаста. Ерубай Қасымов – 75 жаста.
 Қазақстан географиялық атауларының сөздігі: (Жезқазған облысы) / ; жауапты ред. Т. Жанұзақов ; Қазақ ССР Ғылым акад. ; Тіл білімі ин-ты, - Алматы : Ғылым, 1990 . – 294 б.
 ҚР ОММ. 374-қор, I-тізім. 1465-іс, 55-56 беттер.
 ҚР ОММ. 393-қор, I - тізім. I-іс, 124-бет..
 Марғұлан Ә. Шығармалары. 7-том. Алматы, 2009. - 432.
 Сборник «Мир казаха». /Сост. Е.М. Арын, Д.А. Маргулан. – Алматы: Институт развития Казахстана, Международный фонд им. Ак. Алкея Маргулана, 1997.
 Сейдімбек А. «Қазақ әлемі». Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 464 бет.
 Смайыл А. Шығармалары. Көп томдық. – Астана: фолиант, 2015. – Т.4. – 304 б.
 Ісләмұлы І., Серікбайұлы Б, Қызбалаұлы Ж. Атамекен – Ақтүбек // Ел мен жер тарихы. - Қарағанды: «Гласир», 2011. -368 бет.

SMALL VILLAGE TOPONYMY AS A HISTORIOGRAPHICAL FACT

One of actual and topical problems in the domain of the history and historical science is nominations of populated localities, i.e. the history of onomastic nominations. A lot of nominations of Turkic era has been completely changed since the Middle Ages during the invasion of Jungars, tsarist colonization era and the Soviet empire ruling period. The onomatology of a sovereign country should be independent. So far there are historical, natural, cultural nominations on the Kazakh land that originated from the ancient times. In this paper author proposes to the discussion of scientists his point of view that the restitution to the possible extent of survived ancient historical nominations is the great objective that has been set before historical scientists and ethnographers.

СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ ВО ФРАНЦИИ

Актуальность данного исследования заключается в том, что процесс формирования диаспор любого народа на различных территориях является по своей сути своеобразным отражением истории государства и региона, а зачастую ее самых печальных страниц. В последующем, определяя развитие отношений между исторической родиной и соотечественниками, проживающими за границей, данные исторические события, или народная память о них, играют не последнюю роль. Казахская диаспора во Франции неоднородна и разнотипна, складывавшаяся на протяжении всего XX в., получившая новые импульсы развития в XXI в. и имевшая в разные исторические периоды свои причины для формирования и развития. Следовательно, характер данных причин дифференцируется, как – политический, экономический, а также личностный (смешанные браки) и т.п.

Во Франции до последнего времени не существовало каких-либо статистических данных о казахах, так как до 1991 г. почти все казахи имели турецкое, а иногда французское гражданство, так что не входили ни в одну статистическую категорию, связанную с миграцией. Казахи во Франции, за исключением последних лет, в основном, происходят из Турции, так как они приняли участие в крупном евро-средиземноморском миграционном потоке после 1960-х гг. в Европу, затем и во Францию. В 1979 г. во Францию приехали более 10 казахов, получивших работу по контракту. Они и встали во главе миграционной волны в Париже. По другим данным, казахи в Иль-де-Франсе появляются в 1971 г. В какой бы части света казахи не находились они никогда не забывают родину своих предков. Среди них является и известный религиовед, сын ученого Халифа Алтая Абдулсамит Алтай. В том году прибывшие туда по работе, такие как Шаймардан Курал, Жусип Богдай, Дениш Яшар и Керим Шынгыс. На сегодняшний день они занимаются частным бизнесом в этом государстве. После того как их состояние на чужбине улучшилось, они начали переселять к себе своих родных. Три человека казахской национальности прибывают во Францию один за другим по контракту (вид на жительство и трудоустройство) для того, чтобы работать в кожевенном цехе, где владельцем является еврей с польскими корнями, женившийся на узбечке. В 1973 г. трое других казахов также приезжают во Францию и пытаются на месте организовать прибытие последующих мигрантов (родственников, друзей, соседей, членов семьи и т.д.). Появляется своеобразная система взаимопомощи. Владельцы предприятий обязались предоставить своим работникам жилье (меблированная комната площадью 9 кв.м., комната в общежитии). После получения временного жилья каждый работник заручался разрешением ONI (De Tapia, Stéphane, 2007, p. 83).

В 1972 г. был принят закон, запрещающий предпринимателям впускать на территорию Франции нелегальных работников. Нарушение закона грозило штрафами и судебными преследованиями. В 1974 г. после мирового энергетического шока приток рабочей силы был приостановлен. Однако в этом же году был принят закон о воссоединении семей мигрантов. Это не остановило поток переселенцев, наоборот, появились новые легальные пути преодоления закона. В то же время члены семей мигрантов приезжают в страну под видом туристов, однако с другой целью – найти жилье и работу. Когда такая ситуация уже узаконена, поток миграции только усиливается: члены семьи, друзья, супруги и т.д. Вместе с миграцией укрепляется родовая структура, и создаются транснациональные сети (Арзаканян, 1989, с. 90-91).

Казахи формируют этнические меньшинства на чужой земле. Они стараются поддерживать первоначальную общность с Казахстаном, давно ими покинутым, а также с Турцией, их новым домом, и другими членами сообщества, разбросанными по всему миру. Транснациональное пространство их общения расширяется, а создаваемая социальная структура стремится поддерживать тесные связи между мигрантами одинакового происхождения, но живущими в разных условиях принимающих стран. Своей идентичности на уровне сообщества казахи уделяют много внимания.

Сведения об участии казахов в трудовой миграции во Францию я получила из интервью с Абдухапом Туркозом.



Рис. 1 – Абдуакап Туркоз и супруга Фатима (Франция).

Он родился в 1956 г. Род – Уак. Переехали в Манису. После 5 класса учился в медресе. 1984 г. приехал в Париж. Женат. Жену зовут Фатима, возглавляла женскую секцию казахской ассоциации. Алтайские казахи. Отца зовут Сейтказы, мать – Маурига. В 1984 г. приехал во Францию по трудовой миграции, работал рабочим. В это время в Париже было много работ по коже, но было мало мастеров, кто бы занимался шитьем кожи. С утра до вечера шили. Абдуахап устроился на французский хрустальный завод Баккара в 1994 г. Все кожевенные фирмы закрылись, и казахи пошли работать в аэропорту в багажном отделении и другие государственные учреждения на тяжелую или малооплачиваемую работу. Остальные были разорены (интервью Абдуакап Туркоз, 2008). Абдуахап Туркоз живет в Сен-Денис в пригороде Парижа. Социальному общению служит и другие, более специфические – религиозные места. Туда обычно ходят мужчины старше 40 лет. Самой посещаемой мечетью является та, что находится под патронажем турецкого государства (кканцелярия по религиозным вопросам при Премьер-министре Турции, «Диянет Ишлери», выделяющая в каждую мечеть имама) и располагается недалеко от площади Нации (Насьон), между станциями метро Пер-Лашез и Филиппа Огюста.

Парадоксально, но все это не является препятствие казахов на пути приобретение французского гражданства. Иногда такой шаг даже рассматривается как стратегический, поскольку французское подданство предоставляет много возможностей. Несмотря на необходимость покинуть Францию, многие турецкие казахи выбрали бы двойное – турецко-французское гражданство. Это позволят обезопасить себя в случае, если чужая земля так и не станет родной (например, возвращение в Турцию или миграция в третью страну). Однако впоследствии они смогут без труда вернуться во Францию. Немногие делают выбор в пользу исключительно французского гражданства – либо из личного предпочтения, либо потому, что турецкое правительство не одобряет такую линию поведения своих выходцев. Оно активно вмешивается с целью предотвращения успешной интеграции в новое общество (Закон РК о миграции населения, 2000, с. 274).

Об этом говорит и закон 1964 г., принятый в дополнение к турецкому Гражданскому Кодексу 1928 г. Данный закон постановлял, что любое лицо, получившее иностранное гражданство, должно подвергаться санкциям (например, в лице утраты прежнего гражданства, приобретенного по рождению). В случае, если гражданин Турции приобретал иностранное гражданство автоматически, то его турецкое гражданство сразу же приостанавливалось. Таким образом, двойное гражданство не допускалось. Однако следует сказать, что с 1980-х годов Турция стала все больше открываться для заграницы по ряду ключевых вопросов. Закон 1981 г. предполагал, что выходцы из Турции могли получать иностранное гражданство без утраты своего прежнего. Однако для этого было необходимо соответствовать следующим требованиям:

- прожить в иностранном государстве, как минимум, 7 лет;
- получить разрешение в МВД Турции (разрешение выдается сроком на 3 г.);
- отвечать всем поставленным требованиям, как в профессиональном, так и в семейной плане, за неимением чего полагалась санкция: лишение прежнего гражданства из-за нарушение установленного регламента;
- поддержание постоянных контактов с турецкими властями;

○ окончательное решение правительства Турции, которое и подает соответствующую заявку в госорганы Франции (Закон РК о миграции населения №204-1, 1998, с. 115).

Прибыв в Париж, казахские мигранты, приехавшие во Францию по трудовому контракту, устраивались на жилье, предоставляемом работодателем. Те же, кто приезжал в рамках воссоединения семьи, жил у своих родственников. Что касается туристов и нелегальных мигрантов, перед ними были две возможности. В первое время использовалось коллективное решение, когда мигранты проживали на квартире одного из своих соотечественников в период от недели до месяца, обычно за скромную плату. Наконец, использовалось индивидуальное решение, к которому прибегал каждый. Однако для этого требовалось наличие постоянной работы с тем, чтобы иметь стабильный ежемесячный доход и оплачивать аренду жилья. Нередко мигранты селились в 11-ом округе Парижа, ближе к производству. Сначала туда заселялись мужчины, после чего в Париж прибывали их жены. Нередко для того, чтобы минимизировать расходы, мужчины жили в одной комнате по несколько человек сразу (в этом случае величина аренды – от 1000 до 2500 франков в месяц – делилась в равной степени на троих-четверых) (De Tapia, Stéphane, 2007, 90 p.).

Когда женщина приезжала к своему мужу, семейная пара продолжала жить в арендованной комнате. В этом случае женщина могла спать в одной комнате с другими женщинами или жила со своим супругом в отдельном помещении. Когда речь шла о том, чтобы как-то устроить детей, их обычно оставляли на попечение в самой Турции (по традиции, такими вопросами занимались родственники по линии мужа: его мать или сестра). Это продолжалось до тех пор, пока родители не получали во Франции официальный статус. Когда это происходило, дети воссоединялись родителями, и целая семья могла уже претендовать на отдельное, пусть далеко не комфортабельное жилье. Как всегда, местом постоянного проживания обычно избирали район, где располагались цеха кожевенного производства. Согласно наблюдениям, такие районы чаще всего находились в центре города, где была хорошая инфраструктура (общественный транспорт, работа, место встреч в турецких магазинах). Таким образом, постепенно осуществлялось восстановление общины в ее первоначальном виде. Это обеспечивало определенное чувство безопасности на психологическом уровне. Кроме того, это способствовало эффективному противодействию последствиям культурного шока (Мендикулова, 2006, с. 283).

В первое время казахи обычно концентрируются в северо-восточной части Парижа. Даже если они и меняют место своего проживания, оно обязательно должно располагаться в этой зоне. Ветхое жилье (электроконвектор, отсутствие полноценной ванной комнаты, протекание потолков) остается, тем не менее, достаточно дорогим. В Париже запросы на социальное жилье очень редко дают положительный результат. Из всех встреченных семей только две смогли его получить. Первая семья получила соцжилье достаточно быстро, во многом благодаря своему статусу политических беженцев, присвоенному сразу же после миграции. Вторая же семья была вынуждена ожидать более 10 лет. В обоих случаях возникает интересный вопрос: почему государство разместило казахских мигрантов именно в 13-ом округе? Случайность ли это? Повлияли ли на такое решение монголоидные черты лица и чисто азиатская внешность, так что мигранты оказались по соседству с китайцами? Очень интересное явление, поскольку казахи, несколько десятков лет назад покинувшие Китай из-за культурной несовместимости, вновь оказались рядом с китайцами.

В то же самое время семей, получивших социальное жилье в пригородах Парижа, несколько больше, но и это не далось им легко. В нашем случае удалось наткнуться на достаточно необычные ситуации: женщина, неожиданно потерявшая мужа с 5 детьми на руках, или семья, вынужденная переехать в другое место из-за обрушения потолка.

Те, кому не удается получить социальное жилье, вынуждены жить в маленьких комнатках, где всегда полно народу. Очень важным фактором остается показатель фертильности среди казахских женщин-мигрантов. Долгом замужней женщины является воспитание детей. Это устремление диктуется самим исламом и патриархальными устоями жизни. Семьи, встреченными нами на территории Иль-де-Франс, имеют от 3 до 5 детей. Таким образом, число детей в комнате, где живут, например, семеро человек, составляет около 3 (Мендикулова, 2006, с. 97).

Такие сложные условия существования определяют весь образ жизни. Каждое утро приходится складывать, а каждый вечер – раскладывать небольшую кровать. Кроме того, спальное место необходимо разделить на зоны: в одной зоне спят отец и сыновья, а в другой – мать и дочери, что, кстати, очень точно напоминает устройство в юрте кочевников!

Помимо всех этих недостатков, стоимость жилья может возрастать в зависимости от дополнительных характеристик: общей площади, географического расположения, старости строения. К этому добавляется еще и то, что большинство арендаторов не могут рассчитывать на

социальную помощь, поскольку владельцы квартир не декларируют свою собственность. Более просторные помещения, не относящиеся к социальному жилью, обычно находятся в распоряжении владельцев предприятий. К таким людям относятся мигранты, прибывшие во Францию самостоятельно и раньше других, а впоследствии использовавшие возможность воссоединения семьи.

Здесь можно наблюдать двойное разделение между социальным порядком и этнической принадлежностью. Состояние рынка недвижимости ставит мигрантов в сложное, часто изолированное положение, а коллективный образ жизни, тем не менее, разворачивается в условиях французской действительности. Образуется определенная изолированность. Так, первое жилье, получаемое мигрантами, обычно является централизованным и располагается в северо-восточной части Парижа (это относится и к тем, кто приезжает позднее), тогда, как существующая тенденция определяется стремлением в пригороды, где стоимость аренды значительно ниже. Обычно мигранты селятся на северо-востоке, юго-востоке и востоке Парижа. Помимо постоянно меняющейся профессии, наблюдается регулярная смена жилища. Это и понятно, поскольку большинство семей стараются найти дешевое, не очень тесное и более чистое съемное жилье (Дэулетов, 2002, с. 230).

Казахи достаточно редко живут индивидуально. Даже владельцы более или менее крупных предприятий стараются проживать коллективно с другими соотечественниками. Помимо владения определенным бизнесом, у них есть кое-что общего друг с другом: принадлежность к одному поколению от 25 до 40 лет, хорошее знание французского языка, прямое отношение к первой волне миграции (или миграция в молодом возрасте), а также наличие постоянной и стабильной работы до того, как у них появились собственные конторы.

Если посмотреть на интерьер жилища казахов, можно сделать вывод о том, что во всех случаях речь идет об одном и том же. Несмотря на то, что они часто ветхие, жилища всегда находятся в хорошем состоянии благодаря своим хозяевам. Обычно наблюдается изобилие ковров, даже на кухне. Гостиная является самой большой комнатой и наиболее богато украшена коврами. Часто случается, что ковров настолько много, что пола под ногами совсем не видно. Диваны также занимают очень важное место в общем убранстве, как правило, они устанавливаются против 2 из 4 стен комнаты. При этом используются два типа диванов. Первые, традиционные, представляют собой большие мягкие подушки, размещенные прямо на полу, спинкой для которых служат менее крупные, но более жесткие подушки. Или же речь идет о западном виде диванов, сделанных из кожи, кожанителя или расцветенной материи. Присутствие диванов обоих типов в одной комнате не является чем-то невозможным. Рядом находится небольшой столик, за которым проходят все приемы пищи в семье. Этот столик, в случае, если недостаточно места, может складываться. В малом количестве квартир казахов можно встретить столы привычной высоты, окруженные стульями. Но если это и встречается, то стол и стулья размещаются не в центре комнаты.

Наиболее ценной, с точки зрения казахов, мебелью является сервант, в котором постоянно располагается телевизор, настроенный на Caspionet, два турецких и французские каналы, видеомэгафон, тюнер для каналов кабельного телевидения, современный музыкальный проигрыватель, телефон, различные сувениры, а также редкие книги и фотографии о казахах и Казахстане. В некоторых местах комнату украшают маленькие скатерти, связанные вручную. Кроме того, оно очень похоже на интерьер жилища турецких семей, поселившихся в новых частях города, расположенных на окраинах, а также на описания внутреннего убранства в домах первых мигрантов в Европе (Мендикулова, 1997, с. 115).

На стенах обычно развешаны предметы, свидетельствующие о религиозных предпочтениях обитателей жилища: календари с изображениями Мекки или мечети Святой Софии в Стамбуле, а также – часто под стеклом, суры Корана, написанные золотыми буквами, молитвенные четки, семейные фотографии... Кроме того, часто в комнате можно видеть фотографии или рисунки степи, юрт, орла, лошади, пейзажи Казахстана или портреты его политических и исторических деятелей, волчьей шкуры, дорожную флягу, использовавшуюся в старину казахскими кочевниками, где хранился кумыс. Кабельное телевидение и Интернет позволяют казахам постоянно поддерживать связь с Турцией, Казахстаном и со всем остальным миром.

Таким образом, можно сказать, что жилища казахов располагаются в районе базирования ремесленного производства. 11-ый округ Парижа является особенно привлекательным для казахских мигрантов. Там работают большинство взрослых и детей. Там также располагаются многие турецкие кафе и магазины. Для мужчин этот округ остается важным местом встреч, которые

происходят преимущественно после работы и по выходным. Они встречаются в кафе и часами могут играть в карты, пытаясь таким образом заглушить свою ностальгию, просыпающуюся на фоне жизненной неустроенности. Женщины, со своей стороны, предпочитают видаться на улице Сан-Мор, куда они приходят по воскресеньям для приобретения свежих продуктов питания и где могут встретить своих соотечественников. Что касается детей, то те чаще всего посещают игровые залы и Интернет-кафе.

В декабре 1999 г. группа французских ученых во главе с проф. Стефаном де Тапия впервые провела анкетирование казахов, проживавших во Франции. В разных местах было распространено более 30 анкет. Вопросники были длинными (18 страниц с большим количеством важных вопросов в открытой форме), а длительность беседы составляла от полутора до 2 с половиной часов на человека. Часто беседы проводились в неудобных условиях (шум, малые дети, постоянная суета, посторонние свидетели). Часто на вопросы анкеты, опрашиваемые отвечали частями несколько раз из-за недостатка времени или профессиональной занятости. По причине того, что некоторые казахи имели сложности со знанием французского языка, а человек, проводивший исследование, плохо говорил по-турецки, приходилось пользоваться помощью посторонних лиц (De Tapia, Stéphane, 2007, p. 145-146).

Ассоциация АКФТ («Ассоциации культуры и взаимопомощи Казахстан-Франция-Турция») и посольство Казахстана во Франции, тесно связанные с потомками казахов-мигрантов (даже если они граждане Турции), заявляли в 1999 г. о том, что только в Иль-де-Франс жили около 300 казахских семей. В то время эти данные было необходимо, несомненно, рассматривать в качестве преувеличенных.

Большинство контактов французским ученым удалось установить во время «хатима» или в ходе праздника, отмечающего конец рамадана, участие в котором принимало большинство членов сообщества. В течение одного дня целая семья или ее отдельные члены один за другим участвуют в разных церемониях. Эти церемонии обычно проводятся под руководством самих членов сообщества.

В создании ювелирного убранства коня соединялись два вида ремесла: кузнечное и ювелирное. Кузнец ковал стремена (үзенгі), узорные облицовки передней и задней луки седла, различные формы пластин, пряжек, блях для пояса и конской сбруи и т.д. По конструкции и технике изготовления седла подразделяются на 5 основных типов: восточный или найманский, центрально- и североказахстанский, западный, семиреченский и сырдарьинский. Для первого вида седла характерна широкая и высокая передняя лука. Седла центрального и северного Казахстана имеют сходство с седлами найманов, однако, они с более низкой передней лукой. Совершенно своеобразная форма седел Западного Казахстана. Они легкие, с характерной передней лукой - узкой, вытянутой вверх, овальной. Семиреченские седла были с узкими высокими передними луками и назывались шошақ бас ер. Передний лук у седла сырдарьинских казахов имеет форму гусиной головы, и назывался үйрек бас ер. Зергер имел набор форм - калып для изготовления различных ювелирных изделий, таких как білезік калып (для браслета), жүзік калып (для печатей и перстней), алқа калып (для штамповки нагрудных украшений).

Косторезное искусство. Создание изделий из кости - древнейший вид трудовой деятельности человека (находки игл, гребней в эпоху каменного века говорят об этом). Резчик по кости - сүйекші имел те же инструменты, что и мастера по дереву и серебру. Создавали интересные по орнаментальным мотивам и композиции предметы домашнего обихода. Изделия, инкрустированные костью, смотрелись живо и оригинально. Материала (костей животных) было предостаточно: лопатки, голень, ребра и челюсти лошадей, верблюдов, крупного скота и овец. В косторезное дело шли также рога, копыта домашних и диких животных. Наилучшими для обработки считались кости упитанных животных. Кости или рога, предназначенные для применения, в течение нескольких часов кипятили. Рога шли на изготовление рукояток кинжалов, плеток и ножей. Из рогов барана выделяли сосуды для хранения табака - шақша. Из рогов крупного рогатого скота изготавливали половник для разлива кумыса - ожау. Особым искусством отличалась инкрустация костяными пластинами различной мебели: кровати, кебеже, сандық, шест-вешалки, асадал, подставки для вещей - жүкаяк. В богатых юртах инкрустировались костью двери, основания купольных жердей, а также мутовка для приготовления кумыса - піспек и чашки - тостаған. Особо ценилась казахская домбыра, корпус и дека которой богато инкрустировались костью. Орнамент наносился при помощи различных зубил - шапқы (Джанибеков, 1982, с.71).

Кожевенное искусство. Большое и важное место в жизни казахов занимали изделия из кожи. Из шкур изготавливали одежду, из кожи - обувь, пояса, конскую сбрую, колчан, кожаные сундуки и т.д. Обработкой шкур и кож занималась каждая семья, в основном мужчины, но помогали им и женщины, они и шили одежды. В каждом доме был тон (шуба), дақы, жақы, жарғақ (тулуп). Распространенным был, пошив ішік из волчьих, лисьих, хорьковых и других звериных шкур. Эти шкуры, шерстью вовнутрь, обшивались сверху плотной домотканой материей - шекпен, сукном - шуга и другими материалами. Мастерицы шили также меховые шапки - бөрік.

На предметы декоративно-прикладного ремесла шли кожи домашних животных - лошадей, рогатого скота и верблюдов, очищенных от шерстяного покрова. Мастера изготавливали сосуды для хранения, перевозки и изготовления молочных продуктов: торсық, саба, сүйретпе, мес. Из кож лошадей и крупного рогатого скота изготавливали ведра - шелек, посуду для дойки кобылиц и верблюдов - конек. Отличается немаловажная роль сапожников - етікші. Толстая кожа, обработанная кустарным способом и шедшая на обувь, называлась кон. Мастера шили сапоги - етік, ичиги - мәсі и кожаные калоши - кебіс. Муса Чорманов писал о том, «киргизы Баянаульского и Кокчетавского округов в сапожном мастерстве нисколько не уступят бухарским и ташкентским мастерам, если еще не превзойдут как аккуратностью, так и прочностью». (Чорманов, 1906, с.6). Кожаные ремни, пояса мог делать каждый взрослый мужчина, но плести плетки из ремешков мог только специалист - өрімеші.

Камнерезное дело казахов было связано в основном с сооружением различных надгробных памятников. Мастера-камнерезы по спросу изготавливали ручные жернова из камня. Этим ремеслом занимались специалисты, искусство которых часто передавалось от поколения к поколению. Регион, где было наиболее распространено камнерезное искусство, охватывал Западный Казахстан. Казахи делали следующие надгробные сооружения: құлпы тас - стелы, қошқар тас - надгробное сооружение в виде стилизованного изображения барана-самца, қой тас - вертикальный гладкий или резной блок, покоящийся на земле или на пирамидальном возвышении, сандық тас - надмогильное сооружение в виде сундука, сағанатам - надмогильное сооружение в виде ограды с открытым верхом, күмбез - мавзолей. Контуры орнамента наносились шилом (біз) или

резцом (қырғы) по трафарету, вырубались набором долот (қашау) и заравнивались ножом с коротким лезвием (пышак) (Джанибеков, 1982, с. 72).

Ювелирное искусство. Казахские мастера – зергеры изготавливали предметы из серебра, отчасти из золота, которые владели сложной техникой: штамповкой, гравировкой, чеканкой, сканью, насечкой, литьем, чернением, зернью, филигранью. Ювелирные изделия: өңіржиек - нагрудное украшение, білезік - браслеты, жузік - перстни, сырға - серьги, кемер белдік - женские пояса, кісе, күміс белбеу - виды мужских пояс. К ним относится и убранство лошади (ер-турман, ат абзелі), в которое входят седло (ер), узда (жуген), чепрак (тебінгі), подпруга (айыл-тартпа), ремень с подвешенными на нем стремянами (таралғы), седельная шлейка (күйысқан), нагрудные украшения (өмілдірік), а также потник (тоқым).

Подводя итог, можно отметить, что особенно большим спросом пользовались изделия мастеров по изготовлению седел, ювелиров, сапожников и др. Мастера, занимающиеся мелким производством, трудились в своем доме или же у заказчика. Все свои инструменты, сырье они возили с собой и могли кочевать вместе с аулом на джайляу и работать. А мастера по дереву, изготавливающие основу юрты, арбы, большие деревянные изделия, мастера по железу, обработке камня открывали свои мастерские, где изготавливали и продавали свой товар.

Литература

- Джанибеков Д.У. Культура Казахского ремесла. Алма-ата: Өнер, 1982. 144 с.
Семенова Т.С. Народное искусство и его проблемы. М.: Советский художник, 1977. 264 с.
Чорманов М. Заметки о киргизах Павлодарского уезда / М.Чорманов // Записки ЗСОРГО. 1906. Омск, кн. XXXII. С. 1-30.
Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). Алматы: Қазақстан, 1998. 184 с.

KAZAKH DECORATIVE AND APPLIED ART

This article «Decorative and applied arts of Kazakhs» examines the main types of decorative and applied arts of the Kazakhs and gives brief description of them. A special place in the article is given to the role of craftsmen who provided the population with vital household items. Crafts were conventionally divided into male and female. Due to significant physical costs were required: processing wood, leather, bone, stone, as well as blacksmithing and jewelry - men were employed. But home decoration, sewing, wool and felt processing, carpet weaving, embroidery and mat weaving were considered women's work. But in the process of making felt, men took part, since it required male strength.

A feature of the nomadic arts and crafts was a combination, for example, of jewelry craft with leatherwork or jewelry craft with blacksmithing (bridle, belts, edged weapons). Almost all the products of the craftsmen, regardless of the type of applied art, were decorated with national ornaments (carpets, symaks, alasha, jewelry, clothing, furniture, and others). The master's skill passed from one generation to another and were highly respected by the people.

Г.Е. Сабденова¹, А.Н. Усерова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
²Орталық Азия университеті. Алматы қ., Қазақстан
Алматы қ., Қазақстан,
gulmiras2801@gmail.com, aiguluser@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ИСЛАМИ ТӘРБИЕНІҢ КЕЙБІР ҚЫРЛАРЫ

Әдептілік, әдет сынды асыл қасиеттер адамзат баласының ерекше сипаттарының бірі. Сол үшін де ата-бабаларымыз тәрбиенің басты бағыты етіп әдепті алған. Әдеп – адамдармен қарым-қатынас барысында аса қажетті сипат. Әдепті адам өзгеменен қарым-қатынасын да сұлу етіп құра алады. Әдепті адаммен жасалған қарым-қатынас өзгелерге де әсер етіп, сезіміне нұр құяды. Яғни, әдепті адам өз қатынасында құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасамайды. Әдепті адаммен жасалған қатынас қайта өзінді сергітеді, бойынды жеңілдетеді.

Көшпелі қазақ қоғамының объективті бейнесін сомдауда тәлім-тәрбиенің алар орны ерекше. Өкінішке орай, кешегі кеңестік дәуір бойымызға сіңген әрі ұзақ ғасырлар бойы қызмет етіп келген ұлттық тәрбиемізді кері итеріп, тек кеңестік бағыттағы тәлім-тәрбиеге ойысты. Бұл тәрбие адамды қоғам үшін қызмет етуге қалыптастырды (Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы, 1994, 98-118).

Адам қоғамдық қатынастар жиынтығы болғанымен, қоғам адамды емес, адам қоғамды билейтінін естен шығарды. Кез келген қатынасты таптық тұрғыдан қарау ондағы іс-әрекеттің шынайы табиғатын ашпайды. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі – тек өзіне тән қасиеттері мен ерекшеліктеріне ие тарихи құбылыс. Әдет-ғұрыптық нормалар мен институттар ұлттық тәрбиемен ұштастырыла отырып ұзақ дәуір маңызды рөл ойнаған. Болса да қазақ халқының тәлім-тәрбиесін құқықтық көзқарастарынан, философиялық ойлау дәрежесінен, наным-сенімдерінен ажыратып, бөлек қарау мүмкін емес. Қоғамдық қатынастарды жүйелеп реттеу үшін бұлардың біртұтастығы қажет. Сонда ғана олардың реттеушілік мәні, қабілеті және мақсаты салмақтана түседі. Бұлардың өзара бірігуі біріне-бірі қуат беріп, жарқырата түседі. Осылардан барып халқымыздың қабылдап сезінуі, танып-білуі, сенімі бой көтереді. Бұл сенім адам, қоғам және әлем шеңберінде өрбіп, адам өмірінің мәні мен мақсаты, қоғамдағы орны пісіп-жетіледі. Сенім мықтылығы дүниетаным шеңберін кеңейтіп, толып-толысады. Нәтижеде дүниетаным қалыптасып әрі өзінің біркелкілігімен, сабақтастығымен көзге түсіп, негізгі сипаты мен бағдарлары күрделі өзгерістерге ұшырамайды. Сондықтан, қазақи дүниетаным ғұн, сақ, түркі дәуірлерінде де, кейінгі исламдық кезеңде де көп өзгерістерге түспей, бастапқы болмысын сақтап қалды.

Ұлан-асыр кең далада мал бағып, көшіп-қонған тайпа-рулар шексіздікті, еркіндікті сезінді. Ондағы тіршілік ететін ұшқан құс пен жүгірген аңдардан бастап баршасы еркін, өз бостандығы өзінде екенін ұғынды. Мұндай тіршілік белгілі бір тәртіпте өмір кешуді талап етті. Өйткені, еркіндік, бостандық өзгеге тәуелді болмай, өзінше өмір сүру болып табылады. Ал, өзінше өмір сүру ортақ қағиданы бұлжытпай ұстауға, егер оны бұзса, біркелкі тұрмыс-тіршілік әуені бұзылатынын сезінді. Кең далада еркін өмір сүру сана-сезім талшығын оятып, соңында өмір қағидаларын жаратуға әкеліп соқты (Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы, 1994, 48-53). Тұтас бір дүниенің әркім бір бөлшегі сезініп, ол тіршіліктегі өз ырғағынан айнымауға ұмтылды. Бірақ, сана-сезімі шексіз адамзат баласы басқа аумақтарда өзге түгіл, адамдардың өзін құл етіп, құқықтарын аяққа басып жатқанда, біздің ата-бабаларымыз «Адам адаммен адам» деген принципті ұстанды.

Өйткені, еркіндік, бостандық, азаттық өмір өзі талап еткен құбылыс болғаннан соң, оны ата-бабаларымыз өздерінің тұрмыс-тіршілігінде, іс-қимылдарында, сөздерінде айқын көрсетті. Өз еркіндігін, бостандығын, ар-ожданын қасиетті санап, оған бақылау қоюды, шектеуді мүлдем қолдамады. Еркіндік, бостандық теңдік арқылы ғана жүзеге асатынын олар жақсы түсінді. Сол үшін есесі кетсе теңдік іздеді.

Теңдік әрине тек әділдік, ақиқатқа жету, шындықты айтумен ғана орнайтыны белгілі. Әділ төрелік айту – теңдіктің адал таразысы. Оны жүзеге асыратындар – билер. Қазақ қоғамы ежелден-ақ билерге төрден орын беріп, төрелігін айтқызыған. Төр – қасиетті орын. Оған кіршіксіз таза, әділ, иманды, адамгершілігі мен көргені мол адамдар ғана отырған. Төр, төрелік айту, төре сөздерінің мәні әділдік, шындық, ақиқат, хақ, ақ, жөн, ретті әрі оны айтушылар төрелер (билер) тек төрелігін айтқан. Теңдікті, төрелікті айту өнер іспетті қаралған. Төрелік айту үшін ол өзінің ішкі пәктігімен, адалдығымен, әділдігімен, турашылдығымен, пайымдылығымен көзге түсуі керек. Оған жету үшін тумысынан соған лайық болып, әрі үйреніп-біліп жетілуі тиіс. Сонда ғана мұндай төрелік айтушы өзгеге жалтақтамай көкейіндегісін дәл, алжаспай нақты айтады. Сол үшін әділ биде туған-туыс, жақындық болмайды. Оған бәрі тең, өйткені бәрін жаратушы жаратқан, өмір сүруге хақылы, оған ешкімнің де қол сұғуға құқы жоқ болып саналады. Мұндай өресі биік төрелік айтушылар қоғам тыныштығын, ағайын татулығын, ел жарастығын үнемі есінен шығармайды. Сондықтан да теңдік, әділдік, адамгершілік бұл төрелік айтушылар үшін құқық, тәртіп түсінігімен тікелей байланысты болып шығады. Яғни, құқық, тәртіп ұғымы адамға, оның өзгелермен байланысында пайда болатын адамдық қасиеттерді құрайды. Нәтижеде құқық, тәртіп түсініктерінен әдет-ғұрып нормалары келіп шығады. Әдет-ғұрып кейін араб тілінен енген түсінік (Өсеров, Қопабаев, 1998, 17-19). Бұрын мұны жол-жора, жөн-жосық, үлгі, өсиет, ата-баба жолы деп айтқан. Бұл түсініктердің көнесі – өсиет, үлгі сөздері. Әрбір ата-ана ұрпағына бағыт-бағдар, өнеге ретінде ақыл-кеңес түрінде айтқан. Кейін келе-келе мұндай үлгілер жиналып, молая түсіп, оның үстіне көпшілік қауым көкейінен шығып, орындалуға міндетті қағида-ережелерге айналған. Оны бұлжытпай орындау сол халықтың міндеті саналған. Бұл ережелерді бұзу, көпке топырақ шашу, елін-жұртын елемеу қылмыстық іс ретінде қаралған. Қылмыс дегеннің өзі жаратушыға бағынбау, көпке топырақ шашу, ардан безу деген сенімге әкеліп тіреген (Өсерұлы, 1994, 92-94). Сол үшін қазақ «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп арын, адамгершілік қасиетін жоғары қояды. Өзінің көппен, халқымен адам екенін терең түсінеді.

Тәлім-тәрбие отбасынан басталатыны даусыз. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп, сәби шыр етіп жарық дүниеге келерден көп бұрын-ақ тәлім-тәрбие басталады. Ол екі қарама-қарсы

жыныстың бас қосып, отау тігуінен басталады. Екі жарты бір бүтін болғаннан кейін, тағдырларын бірге қосқаннан кейін, екеуі бір-біріне жәрдемші, сүйеніш болып, бірін-бірі сүйеп өмір жолын өткізеді.

Тәлім-тәрбие бағыттары нақты салалар бойынша, яғни жеке адамды тәрбиелеуді басты тұтқа етіп ұстай отырып, келеңсіздіктер мен құқық бұзушылықты тыюға, қоғамды ыдыратуға қарсы бағытталған ата-бабалардың әдіс-механизмдеріне жаңаша түр беру, сөйтіп әрбір қоғам мүшелері бойына отан сүйгіштік, қайырымдылық, ізгілік, әділеттілік, біліктілік қасиеттерді сіңіру болып табылады.

Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері қоғам ішінде түрлі келеңсіздіктерді болдырмауға арналып, оны бұлжытпай сақтайтын қағида-ережелер мен дәстүрлерді қалыптастырған. Оның бастысы ұл мен қыздың адамгершілікке, имандылыққа, ізгілікке тәрбиеленуі (Өсерұлы, 1996, 89-92). Екі жас бір-біріне қосылғанда ойларында арам ниет болмайды, екеуі де пәк, бір-бірін адам ретінде құрметтеп, өмірдің ащысына да, тәттісіне де төзімді болып, тек некелескеннен соң ғана жақындасқан. Егер әсіресе, қыз пәк болмаса, оның қара күйесі ата-анасына ғана емес, бүкіл руына жұғып, үлкен дау-дамайға айналады. Кешегі кеңес өкіметі халықтың ділін бұзу үшін әр түрлі айла-тәсілдерді қолданды. Баланы әйелдер босанатын үйде босандырып, кіндігін өзгеге кестірді, өзгенің сүтін еміздірді, қанын құйды. Ержеткендерін интернационалдық отбасын құруға үндеді. Қазақтар арасында өзге ұлттармен аралас некелесу дәстүрі пайда болды. Бұл ұлтымызға зияннан өзге жақсылық әкелмеді. Бұл отаршылдық саясат болып, өзге халықтарды генетикалық тұрғыдан аздырып-тоздырды, ұлттық ерекшеліктерін жоюға көмектесті. Бұлардан тараған ұрпақтар өз ана тіліне шорқақ, қазақ әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен мақұрым, орыс тілді болып өсті. Тіпті солардың ұл-қыздарының көпшілігі тек орысқа үйленіп, орыстанып кетті (Өзімбаев, Дінмұхаммет, 2003, 24-25). Мұның аяғы ұлттық болмыстан айырып, бұрынғы адалдық, тазалық, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге жылан көрістіретін шығар.

Адам баласы шыр етіп дүниеге келгенінде пәк, таза, періште түрінде болады. Кейін есейгеннен соң да сол тазалық, пәктік, адалдық, адамгершілік, ізгілік қасиеттер адам бойында сақталуы үшін мемлекеттік, ұлттық сана мен намыс жоғары болуы қажет. Сол үшін ежелден-ақ ата-бабаларымыз біреудің ала жібін аттамауға, ұятын жоғалтпауға, заңды бұзбауға, ата дәстүрін үнемі бұлжытпай сақтауға бар күшін салып, әдет-ғұрып заң-қағидаларын қалыптастырған (Өсеров, Қопабаев, 1998, 4-6). Билер мен шешендер, ақсақалдар мен ел ағалары әрдайым өтірік пен өсекке, аярлық пен қылмыстық істерге, кісі ақысын жеуге, әлсізге күш көрсеткендерге қарсы аянбай күрескен.

Ежелгі қалыптасқан діни сенім тәлім-тәрбиеге бастау болса, ал исламдық тәлім-тәрбие оны бұрынғы әдептілік жүйені адамгершілікке толы сипаттарымен көмкере түсті. «Көшпелі қазақ қоғамындағы құқықтық сана-сезімнің ерекшелігі ол сахара жұртының дүниетанымының құрамдас бір бөлігі, ажырамас қыртысы есебінде көрініс табады. Демек, бұл адам, қоғам және әлем, олардың арақатынасы туралы, адам өмірінің мәні мен мақсаты, оның қоғамдағы орны жайлы қазақ сахарасында қалыптасқан ой-сезім, ой-санаға ден қоюды қажет етеді» (Кенжалиев, 1997, 30) деп айтқан З. Кенжалиевтің сөзі өте дұрыс. Өйткені, осы сана-сезімдер тәлім-тәрбиеге қатысты, оның қайнар көздері мен бастау бұлақтары. Осы ой-сезімдерден тәлім-тәрбие, құқықтық тәртіп келіп шықты. Бұлар адами құндылықтарды жасауда ерекше орын алған. Қоғамдық тәртіп дегеніміз бейбіт өмір, тыныштық күй дегенді білдерсе керек. Ел ішінің тыныштығы, ағайын және жекжат татулығы бірлікке, ынтымақтастыққа, ал бірлік пен ынтымақ еркін өмір сүруге жетелейді. Сондықтан да тәртіп те, құқық та жеке адамға байланысты болып, оның жарқын көрінісі адамдық сипаттарда (әділдік, теңдік, бауырластық, сыйластық) сомдалады. Адам өзін-өзі билейді, ал заң мен қағида шектейді. Бірақ, бұл шектеу адамның өзінің ар-ұятынан, санасынан, мінез-құлқынан күшті емес.

Адамдардың ең жақсысы – адамдар үшін пайдалысы. Қазақ халқы тәлім-тәрбиені осыдан бастаған. Бұл исламдық жолға да, қазақ әдет-ғұрпына да жат емес. Әсіресе, тәлім-тәрбиеде қатан тыйым салынған іс-әрекеттер мыналар: нақақ қан төгу, адам өлтіру, біреудің мал-мүлкін ұрлау, тонау, таразыдан алдап жеу, қарыз бергенге қарызын қайтармау, жетім-жесірдің ақысын жеу, аманатқа қиянат жасау, аборт жасату, ерлі-зайыптылар арасына шоқ салу, біреудің әйелін азғыру, жалшыға ақысын бермеу, ғайбаттау, қабірді қазу, ата-анаға тіл тигізу, табиғатты бүлдіру, сәлемді қабыл алмау, өтірік куәлік беру, жезөкшелік, діннен безу, жолды бұзу, көпірді алып тастау, қызды өз еркімен күйеуге ұзатпау, уәдені бұзу, арақ-шарап ішу, отанына опасыздық ету, біреуді қылмысқа итермелеу, құмар ойнау, дүниеқоңыздық, пара алу, жағымпаздық, сабыр сақтамау, тәкаппарлық, қызғаншақтық, еңбек етпей жалқау болу, халық мұрасына зияндық жасау, арам тағам ішу, ұрланған малды біле тұра сатып алу, т.б. Міне, көріп отырғанымыздай тәлім-тәрбие араласпайтын жер жоқ.

Ислам дінінің де мақсаты адамды көркем мінезге тәрбиелеу. Бұл өркениет талаптарының да негізгі желісі.

Біздің қазақ халқы туа-бітісімен мұсылмандыққа етене жақын болған халық. Өйткені, ұлан-асыр кең далада өзге адамдарды өте сирек көру, көшпенділік тұрмыс ақкөңілдікке, адамды құрметтеп сыйласуға, мейірімділікке жетеледі. Адамдар бір біріне қонақ екенін, бұл өмір мәңгі баста тұрмайтынын ұғысып, ежелден-ақ ата-бабаларымыз исламдық талап-міндеттерге жақын түрде іс-әрекеттерін, мінез-құлықтарын қалыптастырған. Ислам діні келіп таралғанда оны құптап, тез игеріп, қарсылық көрсетпегені де осындай қасиеттерінен болса керек.

Кең дала, шетсіз-шексіз әлем тұрмыс-тіршілікке саналы ой тастауға мәжбүр еткен (Өсерұлы, 1994, 5-7). Нәтижеде жаратушы бар, ол Тәңірі деп ұққан. Өйткені, барлық нәрсенің басы мен аяғы бар, іс-әрекеттің жақсысы мен жаманы бар деп қарап, сол себепті әлемдік құбылысты: ақ-қара, жақсы-жаман, шындық-өтірік, күшті-әлсіз, үлкен-кіші, обал-сауап, өмір-өлім секілді қарама-қайшылықтарға жауап іздеп, оны реттестіру жолын қарастырған. Оны жүзеге асыруда Тәңіріні еске алып, есеп беруді жадында сақтаған. Осындай сенім ата-бабаларымыздың бойына әбден сіңген болатын. Осыдан келіп, адамгершілікке толы, әмбеге қолайлы, баршаның мақсат-мүддесіне сай жол тандалған. Бұл жол нағыз демократиялық сипатқа ие жол еді.

Мейірбандылық тек жақсы тәлім-тәрбиеден келіп шығады. Әрбір ата-ана өз нәрестесіне кез келген кезде жанын құрбан етуге, оны сақтап-өсіруге даяр тұрады. Қажет болса отқа да түседі. Сондықтан да ата-ана нәрестенің алғашқы да ең аяулы ұстазы. Әркім тәлім-тәрбиенің ең пәк те шынайы түрін отбасынан алады. Жаратылысына, тұла бойына тәлім-тәрбие өнегелі сипатта құйыла берсе, рухы мен болмысы мықты болады. Шын ықылас пен мейір арқылы құйылатын ата-ананың тәрбиесінің орны бөлек. Ата-бабаларымыз осыны көре біліп, отбасына ерекше мән берген, тәлім-тәрбиенің негізгі қазығы санаған, «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп мақалдаған. Міне, осындай пәк жолдарды ислам діні қолдап-қуаттап, сол жолмен тәлім-тәрбие беруге шақырады. Ер мен әйелдің психологиялық үйлесім тауып, өзара сыйластықта болуы тәлім-тәрбиенің дұрыс жүргізілуіне жол ашады. Татулық пен ынтымақ қарым-қатынасты нығайтып, бала мінезінің шынайы қалыптасуына күшті әсер етеді. Ислам діні сондықтан да ерлі-зайыптыларға өзара адал, пәк, тату-тәтті болуды міндеттейді. Мұндай қасиеттерді қазақ қоғамы өскелең ұрпақ бойына жастайынан сіңіруге тырысып бақты.

Әдебиеттер

- Өзімбаев Ғ., Дінмұхаммет Ғ. Этнодемография және саясат жыры. – Алматы, 2003. – 169 б.
Кенжалиев З. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы, 1997. – 192 б.
Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. – Алматы: Рауан, 1994. – 224 б.
Өсеров Н., Қопабаев Ө.Қ. Мұсылмандық құқық. – Алматы, 1998. – 96 б.
Өсерұлы Н. Қазақтың үкім-кесімдері. – Алматы, 1994. – 104 б.
Өсерұлы Н. Шариат. – Алматы: Қайнар, 1996. – 352 б.

SOME ASPECTS OF NATIONAL ISLAMIC EDUCATION

The article deals with the Islamic culture among the Kazakhs. The influence of Islam on the Kazakh society is poorly studied. The Islamic culture of the Kazakhs is connected with the tradition of the people. Nomadic life dictated its own conditions. But nevertheless, the Islamic traditions were preserved among the Kazakhs. From an early age, the child was given to understand the essence of Islam, its main ideas. Legal pluralism in the Kazakh society, which included the norms of ADAT law and Sharia, was a protection against any and all illegal acts of non-adatals.

ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚТАР МӘДЕНИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӨНІНДЕ

Көшпелі халықтардың тарихы мен мәдениетінің зерттеуге қатысты орталықтардың бірі Түркия болып табылады. Бұл түрік ғалымдарының ежелгі тарихқа назар аударғанымен түсіндіруге болады. Сол себептен, мақаланың өзектілігі қазіргі уақытта түрік зерттеушілерінің көшпелі халықтар мәдениеті жөнінде жазылған еңбектерін талдау нәтижесінде негізгі ұстанымдарын, зерттеу деңгейін анықтау, олардың күшті және осал жерлерін айқындауға мүмкіндік береді.

Адамзат тарихы біркелкі зерттелмеген. Түркі өркениетінің құрылуы белгілі бір дәрежеде адамзат тарихының бетбұрыс кезеңіне айналды, өйткені осы уақытқа дейін Жерорта теңізі мен Қиыр Шығыс мәдениеттері бір-бірінің тіршілігі туралы білсе де, бөлек тұрған. Орталық Азияның ежелгі халықтарының мәдениеті алдыңғы дәуірлер мәдениеттерінің әсерінен дамыды (Бартольд, 1996, 29 б.). Ежелгі заманнан бері Орталық Азияның кең аумақтарында үлкен және кіші халықтар өмір сүрді, әлемдік өркениеттің дамуына үлес қосқан мемлекеттер болды. Олардың арасында «түркі» деген атаумен танымал Орталық Азия халықтарының көшпелі өркениеттері болды (Гумилев, 1967, 113-115). VI ғасырдың ортасында Орталық Азияның көшпелі халықтарының бірігуі нәтижесінде Алтайдың шығысынан Қара теңізге дейінгі орасан зор көшпелі империя құрылды және көрші мемлекеттермен және империялармен сыртқы саясатты табысты жүргізді.

Осы мақаланың мақсаты түрік тарихнамасындағы көшпелі халықтардың мәдениеті мен тарихын зерттеу ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Осы мақаланы жазу үшін түрік зерттеушілері (Салих Өзчамджа, Ибраһим Кафесоғлы және т.б.) жазған ғылыми еңбектері пайдаланылды. Түрік ғалымдары жазған еңбектерін бірнеше топқа бөлуге болады.

Біздің тақырыбымыздың тарихнамалық қырларына бірқатар түрік ғалымдары көңіл аударды. Мысал ретінде Юсуф Халачоғлының мақаласы талданды. 2002 жылы Анкарада түрік профессоры Юсуф Халачоғлының түркі тарихы жайлы еңбектерге талдау жасалды (Halaçoğlu, 2002, 8-17). Оның айтуынша, түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге В.В. Радлов, М.А. Кастрен, А.А. Вамбери, В. Томсен сияқты зерттеушілер көп үлес қосқан. Мысалы, В.В. Радлов түркітанудың негіздерін қалаушысы атағына ие болды. Сонымен қатар, Юсуф Халачоғлының өзі орыстың археологтары да түркі тарихын зерттеуге едәуір үлес қосқанын да айтады. Солардың ішінде М.А. Массон, М. Воронец, А.Н. Бернштам, А.Якубовский сияқты тарихшылар мен археологтар да бар екен. Сонымен қатар, белгілі түркітанушылардың ішінде Юсуф Халачоғлы Дьёрд Алмаси, Дьюла Немет, А.Заки Валиди Тоған, М.А. Чаплица, Г. Рамстед, Ф. Бродель және К. Брокельман жасаған жұмыстарға жоғары баға береді.

Содан кейін Юсуф Халачоғлы Түркиядағы тарих ғылымының дамуына 1931 жылы құрылған Түрік тарих қауымдастығының әсер еткеніне тоқталады. Сол кезеңде Түркияда түркі халықтарының тарихы мен мәдениетіне назар аударылғанын айта кету керек. Түрік тарихшыларының айтуынша, Осман мемлекеті құласа да тарихы шынжыр үзілген жоқ. Сөйтіп, Юсуф Халачоғлы келесі байламға келді: дүниежүзі тарихында Еуразия кеңістігінде түркілер маңызды рөл атқарды. Түркілердің ұлы мемлекеттерінің тарихына шолу жасап, автор 1990-шы жылдардың бас кезеңінде Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін түркітілдес халықтардың тарихында жаңа дәуір ашылды деп жазады.

Осы тақырыптың тарихнамалық қырларына түрік тарихшысы Түтен Өзкая бірнеше мақаласын арнады. Мысал ретінде оның «Кеңес Одағындағы Алтын Ордаға байланысты жаңа зерттеулер» («Sovyetler Birliği'nde Altın Ordu İle İlgili Yeni Araştırmalar») атты мақаласын келтіруге болады (Özkaaya, 1990, 498-501). Ең алдымен өзінің мақаласында Түтен Өзкая Алтын Орданың тарихы мен мәдениетін зерттеуге неге маңызды екендігіне тоқталады. Оның айтуынша, Алтын Орда Кеңес Одағының бір бөлігінде орналасқан мемлекет еді. Сонымен қатар, XIII ғасырда Еуропа мен Азияның ең күшті мемлекеттерінің осы Алтын Орданың қарамағындағы жерлерге кіруге батылы жетпеді. Содан кейін Түтен Өзкая Алтын Орданың тарихына зерттеушілердің кім қайсысы үлес қосқанына тоқталып И.Н. Березиннің (XIX ғасырдың 50–60-шы жылдарында) еңбектеріне талдау жасады. Түтен Өзкаяға қарағанда И.Н. Березин көбінесе XIV – XVI ғасырларға жататын хан

жарлықтарына (мысалы, Темір, Құтлық, Тоқтамыс, Меңлі Керей және т.б. билеушілер) сипаттама жасай отырып, осы мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық, сондай-ақ мемлекеттік басқару мәселелеріне көңіл аударды. Бұл ретте Түтен Өзкая Алтын Орданы Жошы ұлысы деп атағаны көшпелі дәстүрлерге сәйкес келетінің айта кету керек. Осы бағытта түрік тарихшысы Алтын Орданың тарихи тағдырына сипаттама берді. Дәлірек айтқанда, Алтын Орда құлағаннан кейін оның аумағында Астрахан, Қазан, Қырым, Қасым, Сібір, Қазақ, Өзбек және басқа да тәуелсіз хандықтар пайда болды. Бірақ Қырым хандығы Османлы түріктеріне бағынғасын, XVIII ғасырға дейін мемлекет болып қала берді.

Белгілі түрік тарихшысы Нихаль Атсыздың «Түрік тарихына қалай қарауымыз керек» атты мақаласында түркі халықтарының тарихына қатысты жалпы мәселелер қарастырылған (Atsız, 2002, 256-267). Оның айтуынша, әуелде Түркия тарихын зерттегенде алдымен сәлжүктер тарихын біраз айтып бірден османлыларын тарихына талдау жасайтын. Сонда Түркияның тарихын іс жүзінде Осман империясымен ғана шектелетін. Ал басқа түркі мемлекеттер ол Түркия тарихының шеңберінде айтылмайды. Бірақ XIX ғасырдан бастап осындай ой пікір өзгере бастады. Түркияның тарихын ежелгі түркілердің тарихымен байланыстыра жаза бастады. Ежелгі түркілердің тарихына қатысты тарауларды кітапқа кіргізді. Нихаль Атсыз осындай сұрақ қойыпты: «Біз Түркияның тарихына қалай қарауымыз керек?» Оның ойынша, Түркияның тарихын үздіксіз тарих деп айтуға болады («Türk tarihi aralıksız bir bütündür»). Нихаль Атсыздың пікірінше, Түркияның және түркітілдес халықтардың тарихын бір тарих деп талдауға болады. Өйткені, мысалы, Францияда бірнеше династия болған (Капетинг, Бурбондар, Наполеондар, Орлеандар т.б. әулеттер), Англияда да солай (Тюдор, Стюарт және т.б.). Ал түркі әлемінде де солай. Соған қарағанда, ғұндар, көктүркілер, ұйғырлар, сәлжүктер, османлылар жеке мемлекет емес, оларды тек қана әулет деп атауға болады. Сол себептен өз мақаласында Нихаль Атсыз түркі әлемінің тарихын бірнеше кезеңге бөліп, сақтар, ежелгі түркілер, қараханлылар, өзбектер, Шыңғысхан ұрпақтарының тарихын Түркия тарихының бөлінбес бір бөлігі деп санайды.

Егер Нихаль Атсыз түркітілдес халықтарының мәдениеті мен тарихына қатысты жалпы мәселелермен айналысса, түрік зерттеушісі Салих Өзчамджа нақты түрде түркі көшпелілерінің тарихы мен мәдениетіне назар аударды. Өзінің көшпенділікке деген көзқарасын ол «Түркілердің көшпелілігі жөнінде біраз жазбалар» («Türklerin göçebeliği hakkında birkaç not») атты мақаласында білдірді (Özçamca, 2007, 177-180). Салих Өзчамджаның айтуынша, түркітілдес халықтарды екі топқа бөлуге болады. Бір жақтан қарағанда, отырықшы халықтар бар, ал басқа жақтан көшпенді халықтары да бар. Және де түркі көшпенділерінің мәдениеті бай болғандықтан, олар Орталық Азияда маңызды рөл ойнады. «Көшпелілік» деген ұғымын талдау нәтижесінде тар мағынадағы уақыт пен орынға қарамастан табиғаттың өмір сүруге мүмкіндігі бар жерлерге қарай үздіксіз немесе маусымдық қозғалысы деп қорытындылауға болатын социологиялық және бұл мәселе процестің бастапқы нүктесін құрайды. Қиындық зерттеуге қатысатын материалдың географиялық, хронологиялық және этникалық артикуляцияларын анықтау, бұл халықтың этникалық құрылымының әртүрлі компоненттерінен туындайды. Отырықшылық пен көшпенділікті бір тұтастық ретінде мәдениетін бұдан әрі дамуына қолайлы жағдай жасады. Дегенмен, екі өмір салтының бір жерден (тегі бір) шыққанын көрсетеді.

Түрік зерттеушісі «көшпенділер» терминінің әлеуметтанулық ұғым болып табылатындығы туралы: тар мағынада бұл ұғым «уақыт пен кеңістікке тәуелді емес» дегенді білдіреді. Осылайша, бұл тұжырымдаманы табиғат оларға өмір сүруге мүмкіндік беретін жерлерге тұрақты немесе маусымдық қозғалыс түрінде жалпылауға болады. Зерттеу нәтижелері осы салада жұмыс істейтін зерттеушілердің жұмыстарын құру процесінде нәтиже береді. Оның пікірінше, көшпенділік – бұл әлеуметтанулық ұғым. Алайда, оның мақаласында тек экономикалық қызметті қарастыра отырып, түркітілдес халықтардың көшпелілер екендігі және олардың әлеуметтік мазмұны зерттелмегені айтылады. Түрік авторының ойынша, батыстың өкілдері «өркениет» тек ауылшаруашылық өмірі арқылы өтті, сондықтан көшпелі халықтардың «өркениетсіз» болды деген жалпы түсінікке ие болды, сонымен қатар олар түркілерді өркениетті қабілеттерінен айырылған көшпелі қауымдастық деген пікір білдірген. Осылайша, батыс өкілдері түркілерді өркениетті қабілеттерінен айырылған қауымдастық ретінде қабылдаған, өйткені оларға «өркениет» тек ауылшаруашылық өмірімен берілген деген жалпы қабылданған пікір тән болды, сондықтан көшпенділік «өркениетсіз» деп болжанған. Сөйтіп, Салих Өзчамджа келесі қорытындыға келді: көшпенділік әлеуметтануға байланысты бір ұғым болып табылады. Көшпенділікті отырықшылықтың баламасы деп айта алсақ да, мәдениеті жоқ деп айтуға болмайды. Өйткені, көшпенділік болмаған жағдайда отырықшылықты сипаттау мүмкін емес.

Салих Өзчамджадан баска, көшпенділік мәселесіне түрік зерттеушісі Ибраһим Кафесоғлы да көңіл аударған. 1992 жылы Анкарада Ибраһим Кафесоғлының «Мәдениет және ұйым» («Kültür ve Teşkilât») деген мақаласы жарық көрді (Kafesoğlu, 1992, 187-193). Ол өз еңбегінде «дала мәдениеті» («bozkır kültürü») ұғымына талдау жасады. Оның айтуынша, дала мәдениеті ұғымы қолданылса да, соны түркілердің мәдениеті ретінде бәрі қабылдайды деп айтуға болмайды. Өйткені, түркі даласы әр түрлі тайпалардың ықпалында болды (иран және моңғол тілді тайпалар). Сол себептен, Ибраһим Кафесоғлы дала мәдениетінің қайдан шыққанын мәселесіне көңіл аударып, жалпы түркі тарихы мен мәдениетіне байланысты мәселелерге шықты. Оның айтуынша, көшпенділер мәдениеті немесе салтатты мәдениеті біздің заманымыздан бұрын IV ғасырда қалыптаса бастады. Және біздің заманымыздан бұрын II ғасырдан бастап көшпенділік көшпелі тайпалардың тарихына тән мәдениетке айналды. Сонымен қатар, салтатты мәдениеті жалпы көшпелі мәдениеттің негізгі элементі болып, саяси, экономикалық, діни және басқа да жақтарға ықпал жасағанын айта кету керек.

Осы мақалада Ибраһим Кафесоғлы ежелгі түркілердің әлеуметтік құрылымына сипаттама берді. Орхон жазбаларына таянып, ол көшпелілердің әлеуметтік құрылымында бірнеше элемент анықтады. Соның ішінде жанұя (отбасы), ру, тайпа, будун (тайпалар одағы), мемлекет. Ибраһим Кафесоғлының мақаласын оқығанда түркі көшпелі қауымдастықтарының әлеуметтік құрылымы өте күрделі көпжақты әрі көп компонентті деген қорытынды шығаруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда келтірілген материалдарға сәйкес келесі қорытындыларды шығаруға болады. Біріншіден, көшпелі түркітілдес халықтарының тарихы мен мәдениеті көптеген ғалымдардың назарына ілінді. Бұл ретте олар көбінесе сол мемлекеттердің саяси тарихы мен экономикалық өміріне сондай-ақ мәдени мәселелерге көңіл аударды. Екіншіден, кейбір зерттеушілер көшпенділік мәселесіне назар аударып жекелеген мақала және т.б. ғылыми еңбектерін арнаса да, жалпы алғанда көшпенділік мәселесінің көптеген қырлары әлі де осы күнге дейін зерттелмей қалғанын айта кету керек. Өйткені, түрік тарихнамасындағы дәстүр ең алдымен ежелгі түркі мемлекеттеріне арналған жұмыстармен шектелетін. Соған қоса түркі мемлекеттерінің тарихын зерттегенде түрік ғалымдары теорияға байланысты мәселелермен аса айналыспайды. Үшіншіден, көшпенділік мәселесі, біз жоғарыда айтқандай, толық зерттелмесе де, бұл зерттелуге тұрарлық бірқатар бағыттарды көрсетті. Атап айтқанда, көшпенділік пен отырықшылықтың арасындағы өзара ықпал ету отырықшы және көшпелі түркі мемлекеттерінің қарым-қатынастары және сондай-ақ түркі көшпенділерінің дәстүрлі мәдениетіндегі өзгешелік. Соның бәрі, жалпы алғанда, болашақтағы зерттеулерге көп мүмкіндік беретінін ойлаймыз.

Әдебиеттер

- Бартольд В.В. Избранные произведения по истории кыргызов и Кыргызстана. – Бишкек: Шам., 1996. – 608 с.
- Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1967. – 504 с.
- Atsız N. Türk Tarihine Bakışımız Nasıl Olmalıdır? / Türkler. Cilt 1. – Yeni Türkiye Yayınları, 2002. – s. 256-267.
- Halaçoğlu Y. Türk Tarihi Üzerinde Çalışmalar / Türkler. Cilt 1. – Yeni Türkiye Yayınları, 2002. – s. 8-17.
- Kafesoğlu İ. Kültür ve Teşkilât / Türk Dünyası El kitabı. Birinci Cilt. Coğrafya-Tarih. – Ankara, 1992. – 544 s. – s. 187-236.
- Özçamca S. Türklerin göçebeliği hakkında birkaç not / Türkiyat Araştırmaları. Sayı 7. – 2007. – s. 177-183.
- Özkaya T. Sovyetler Birliği'nde Altın Ordu İle İlgili Yeni Araştırmalar / Belleten. Cilt LIV. Sayı 209. – Nisan 1990. – s. 497-532.

ABOUT THE PECULIARITIES OF THE CULTURE OF NOMADIC PEOPLE IN THE WORKS OF TURKISH RESEARCHERS

One of the Centers involved in the study of the history and culture of nomadic people is Turkey. This can be explained by the fact that Turkish scientists pay attention to ancient history. Therefore, the relevance of the article is currently due to the analysis of the works of Turkish researchers on the culture of nomadic peoples, which allows us to determine the main positions, the level of research, identify their strengths and weaknesses. The purpose of this article is to identify the features of studying the culture and history of nomadic peoples in Turkish historiography. Turkish researchers' scientific works were used to write this article, and divided into several groups.

The author concludes about the presence of various approaches to the presentation of the history and culture of Turkic peoples in Turkish historiography. One approaches are to consider the history and culture of the Turkic peoples as part of the General-Turkic history.

«СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚ ЖАЗЫҒЫ» ӨҢІРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕРЛЕУ САЛТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КЕЙБІР ТАРИХИ-ЭТНИКАЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛДЕРІ

Кез келген халықтың дәстүлі мәдениетін зерттеу арқылы сол халықтың этногенезі мен этникалық тарихына қатысты маңызды, толғағы жеткен мәселелерді шешуге болады. Әңгіме дәстүрлі мәдениеттегі әрбір элементтің тек-тамырын анықтау және оның өзіндік төлтума өзгешеліктерін айқындау этногенетикалық һәм этникалық тарихтың тиісті мәселелерін зерделеуге мүмкіндік беретіндігі жөнінде болып отыр.

Мақаланың мақсаты көрсетілген территориялық аумақтағы қазақтардың жерлеу салтындағы кейбір тарихи-этникалық элементтерді зерттеу болып табылады. Мақаламызды жазу үшін деректік негіз һәм негіздеме ретінде аталмыш аймақтағы және де салыстыру мақсатында еліміздің оңтүстік өңіріндегі қазақтардың арасында жинастырылған этнографиялық және мұрағаттық материалдар пайдаланылды.

Қазіргі география ғылымында Қазақстанның Ресеймен шекаралас солтүстік аумағының «Батыс-Сібір жазығы» ұғымына кіретіні мәлім. Сонымен қатар, Батыс-Сібір жазығының Солтүстік Қазақстандағы бөлігі батыстағы Қостанайдан бастап, шығыстағы Павлодарға дейін Солтүстік-Қазақ жазығы деп аталады. Революцияға дейінгі кезеңде қазақ жерлерін атау үшін «Қазақ даласы» («Киргизская степь») немесе «Қазақ өлкесі» («Киргизский край») сөз тіркестері қолданылатын. Мысалы, Л.С. Берг пен П. Игнатов өздерінің 1898 жылғы экспедициясынан кейін жарық көрген «Омбы уезінің Сілетітеңіз, Теке және Қызылқак тұзды көлдері» (Берг, Игнатов, 1901) еңбегінде былай жазды: «Біз зерттеп шыққан аумақ Омбы қаласынан оңтүстікке қарай орналасқан Омбы уезінің шегіндегі қазақ даласының бір бөлігі болып табылады. Әрбірдесін, «Қазақ даласы» («Киргизская степь») деген атауды басқа бір мағынада қолданбай, этнографиялық термин ретінде ғана қолданған жөн. Яғни Қазақ даласы дегеніміз қазақтардың көшпелі қоныстары бар аумақ» (Берг, Игнатов, 1901, с. 13). Ал «Қазақ өлкесі» («Киргизский край») деген сөз тіркесін айтатын болсақ, бұл термин 1903 шыққан «Ресей: біздің Отанымызды география тұрғысынан толық сипаттау» (Россия: полное..., 1903) атты іргелі басылымда тұңғыш рет қолданылған болатын.

Қазіргі әкімшілік-территориялық бөліну тұрғысынан алғанда, «Солтүстік Қазақ жазығы» ұғымы Қазақстанның Солтүстік Қазақстан облысы мен Қостанай, Ақмола және Павлодар облыстарының солтүстік аудандарын, сондай-ақ Ресейдегі Омбы облысының оңтүстік аудандарын қамтитын аймақ болып табылады.

Белгілі болғандай, тіршілік (өтпелі) кезеңінің жосын-жоралғыларына жататын жерлеу рәсімі дегеніміз – дүниеден озған адамның тәнін жер қойнауына беруге, жанын бақиға аттандыруға байланысты атқарылатын үрдіс. Жерлеу жосын-жоралғыларының атқарылуы үш бөліктен тұрады, атап айтқанда, мәйітті жерлеуге байланысты жосы-жоралғылар (қазаны естірту, жоқтау, сүйекке түсу және ақыреттеу, дәлел шығару, мәйітті үйден шығару, жаназа шығару, мәйітті зират басына алып жүру); жер қойнауына беру және осыған байланысты атқарылатын жосын-жоралғылар; өлікті артын күтуге (беруге) байланысты салттар, ғұрыптар мен наным-сенімдер циклы (Әлімбаев, Уәли, Белтенев, 2017, с. 475).

Қазақтардың арасындағы жасалған этнографиялық зерттеулер өлікті жөнелтуге байланысты атқарылатын сан алуан іс-шаралар, соның ішінде, ғұрыптық жосын-жоралғылар әрбір тарихи кезеңнің тегеурінді ықпалына қарамастан қазақ өлкесінде ежелден орныққан «ата-баба жолының» ілкімді принциптері мен нормаларына сәйкес «сценарий» бойынша өткізілетіндігін айғақтайды. Соның ішінде, әсіресе, марқұмды арулап жөнелтуге байланысты міндетті түрде айтылатын жоқтау дәстүрін айтуға болады. Қазақтар мекендейтін әр өңірдің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес әртүрлі мәтінмен және сарынмен орындалатындығына қарамастан жоқтау үрдісі дәстүрлі қазақы ортада ежелден орныққан о дүние мен бұ дүние туралы наным-сенімдер жүйесінен толықмәнді түсінік алуға мүмкіндік береді. Мысал ретінде біз Омбы облысының Горьковское ауданындағы Белсендіқазақ ауылында жазып алған жоқтау мәтінін келтіруге болады:

*Бисмиллә дейді сөз басы.
Ағылады екен көз жасы.*

*Қайтпайтын сапарға кеткен жолдасым
Иманы болсын жолдасы.*

*Он екі баулы ақ шатыр
Жауса бір жауын өтер ме?
О дүниеге кеткен қымбатым*


Сағынсам, дауысым жетер ме? (Ф.М. Достоевский ат. ОмМУ АЭМ. I-қор. 154–1-ісі. 107–107-парақтың с.ж.).

Сонымен бірге осы келтірілген мәтіннен бірнеше элемент көруге болады. Соған байланысты зерттеушілердің Еуразияның этникалық қауымдастықтарының мифологияларында өлген адамның осы дүниеден о дүниеге қиын әрі қауіпті саяхаттың әртүрлі варианттары туралы жазғандарын айта кету керек (Невская, 1978, с. 104–108; Ольховский, 1999, с. 129; Подольский, 1981, с. 93–95; және т.б.). Аталмыш мәтіннен, бір жағынан, екі дүниенің ара-қатынасы, ондағы адамдардың орны туралы ежелден жасап келе жатқан қазақы концепцияның сілемін де, екінші жағынан, дәстүрлі тіршілік салтына деген исламның тегеурінді әсерін де айқын аңғаруға болады. Осындай «синкреттік» элементтер, әсіресе, Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі қазақтардың жоқтауларында көп кездеседі (Мустафина Р. М., 1992, с. 155).

Ғалымдардың айтуынша, Солтүстік Қазақ жазығындағы қазақтардың дүниетанымында нақты өмірден о дүниеге өтуге қатысты ислам мен зороастризмге тән тәсілдің біраз элементтері орын алған. Осыған байланысты зерттеуші Д.Абдуллоев Орта Азия халықтарының, соның ішінде қазақтардың жерлеу рәсімінде ислам ықпалынан туындаған өзгерістер мәселесін талдай келе Құранда адамның игі және әділ емес әрекеттерінің таразыланатыны бақилық адамның «Мизан таразысы» деп аталатын «Сират көпірінен» өткен сәтінде атқарылатындығы туралы жазды (Абдуллоев, 1996, с. 80). Ал аталған жазықтықтың Русско-Полян ауданында жинастырылған деректер бойынша, Омбы облысы қазақтарының ежелден орныққан наным-сенім жүйесінде «о дүниеге адам қылкөпір арқылы өтеді» деген түсінік кездеседі (Ф.М. Достоевский ат. ОмМУ АЭМ. I-қор. 154–1-ісі. 105-парақ). О дүниеге апаратын көпір қазақтың фольклорында мол кездеседі. Мысал ретінде, «Қозы-Көрпеш – Баян-Сұлу» поэмасындағы «жұрт өтетін» қылкөпір (сират) жайлы мотивті айтуға болады (Қозы Көрпеш – Баян Сұлу, 1984, 116 б.).

Қазақ этносы мәдениетінің күрделілігі жоғарыда белгіленген аумақта тұратын қазақтардың қабір ескерткіштерінен (құрылыстарынан) де байқалады. Сонымен бірге, бұл өңірдегі қазақтардың қабір үсті құрылыстары өзінің төлтума күрделілігімен һәм ерекшелігімен дараланады. Соның ішінде, әсіресе, шымнан және саман кірпіштерінен салынған қабір үсті құрылыстары ХІХ ғасырда Солтүстік Қазақ жазығы қазақтарының арасында кең тараған. Көп экономикалық шығындарды қажет етпейтіндіктен, шым ХХ ғасырдың бас кезеңінде Қазақстанның бірқатар өңірлерінде, соның ішінде Солтүстік Қазақ жазығында, жоғарыда аталған құрылыстарды салу үшін негізгі әрі басым материал ретінде қолданылған (Востров, Захарова, 1989, с. 47, 49). Жоғарыда айтылғандай, ХІХ ғасырдың аяғында «Солтүстік Қазақ жазығындағы» қазақтар, В.В. Востров пен И.В. Захарованың «Қазақтың халық тұрғын жайы» (1989) деген монографиясында үй тұрғызу немесе басқа да құрылыстарды, соның ішінде қабір үсті ескерткіштердің жасақтауға байланысты үрдісте саман кірпіштерін де қолданылғандығы айтылады. Осы ретте ерекше көңіл аударар жайт – аталмыш ғалымдар саман кірпіштерді жасау техникасын мүмкіндігінше жан-жақты сипаттап өтеді. Зерттеушілердің айтуынша, қабір үсті құрылыстарды салу үшін қазақтар өңделмеген және күйдірілмеген кірпіштерді де пайдаланған (Востров, Захарова, 1989).

Қолда бар мәліметтерге қарағанда, шым және саман кірпіштерінен салынған қабір үсті құрылыстар алдын ала жасалған сызба бойынша төрт бұрышты болған. Сонымен бірге алты және сегіз бұрышты қоршаулар да кездесетін (Берг, Игнатов, 1901, с. 85). Бұлардың қабырғасының қалыңдығы «бір аршындай» болған (Шнэ, 1894, с. 14; 1-сурет).



1-сурет. Солтүстік Қазақ жазығы қазақтарының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі қабір үсті құрылыстары (Берг, Игнатов, 1901)

Шым мен саманнан жасалған кірпіштерді қазақтар қабір үсті құрылыстарды салу үшін XX ғасырдың екінші жартысында да қолданды. Мысалы, Омбының белгілі өлкетанушысы А.Ф. Палашенков 1950 жылдары Омбы облысының Москаленки ауданына сапар жасағанда, «Қараағаш ауылынан оңтүстікке қарай екі шақырымдай жерде бірнеше шақырымнан көруге болатын қазақтың солып, кеуіп қалып тұрған жалғыз қайыңды зираты», ал оның аумағында «қазақтың қазіргі қабірлері мен саманнан және қоршаулы ағаш бағаналар түрінде жасалған ескерткіш орналасады екен» деп жазды (Палашенков, 1990, с. 158). Осы ретте қабір үсті құрылыстың дәстүрлі техникасы ертеден бастау алатындығын ерекше екшеп айтқан ләзім. Мысалы, XIII ғасырдағы саяхатшы Рубрук өзінің жол естеліктерінде қыпшақтар туралы былай жазған: «Олар бай кісілер үшін пирамида, яғни сүйір ұшты үйшік салады; кейбір жерлерде мен кірпіштен салынған үлкен мұнаралар мен тас үйлерді көрдім» (Ахинжанов, 2012, с. 197). Дәл осындай пошымдағы қабір үсті құрылыс түрлері аталмыш «Солтүстік Қазақ жазығы» өңіріндегі қазақтардың арасында да қазіргі кезеңге дейін сақталып отыр.

Сөйтіп, «Солтүстік Қазақ жазығы» қазақтарының шым, саман кірпіштерінен салынған қабір үсті құрылыстары басқа этникалық ортаның (мысалы орыстық) тегеурінді әсеріне қарамастан қазақ халқының дәстүрлі қабір ескерткіштерінің ертеден орныққан дәстүрлі технологиясы бойынша тұрғызылды.

Алайда, зерттеуші О.М. Бронникованың айтуынша, 1970 жылдардан бастап жоғарыда айтылған территориядағы қазақтар бұрынғы қабір үсті құрылыстармен қатар, темірден жасалған қабір қоршауларын қолдана бастады. Бірақ ғалым қазақтардың аталмыш темір қоршауларды қолдана бастағандықтарын орыстардың ықпалымен байланыстырады (Бронникова, 1989, с. 94). Дегенмен О.М. Бронникованың осы айтылғандарының кейбір фактілерге қайшы келетінін айта кету керек. Біріншіден, қазақтардың зираттарындағы темірден жасалған қабір қоршауларының 1950 жылдарда пайда болғаны Омбы өлкетанушысы С.Р. Лаптевтің жол естеліктерінен көруге болады. Мысалы, 1957 жылы Омбы облысының оңтүстік-батыс жағында орналасқан Ебейті көліне бара жатқанда, ол былай деп жазған еді: «Жол-жөнекей қазақтың үлкен зиратын кездестірдім. Қабірлер темір және ағаш шарбақпен қоршалған» (ООМА. Р-2118-қоры. 23-іс. 74-парақ; 29-іс. 64-парақтың с.ж.). Сол жылы Омбы облысының оңтүстік-шығыс жағында С.Р. Лаптев тағы да «...темірден жасалған дарбазасы бар қабір қоршаулары кездесе береді» деп жазды (ООМА. Р-2118-қоры. 28-іс. 72-парақтың с.ж.). Сондай-ақ, қазақтардың темір қабір қоршауларын С.Р. Лаптев жасаған фотосуреттерден де көруге болады (ООМА. Р-2118-қоры. 33-іс. 28-парақ).

Екіншіден, біздің ойымызша, солтүстік қазақ жазығын мекендейтін қазақтардың дәстүрлі өлік жөнелту салтында темір қоршаулардың пайда болуы, хронология тұрғысынан қарағанда, бұрынғы қабір үсті құрылыстардың дамуының нәтижесі болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, әуелде қазақтар шым мен саман кірпіштерінен салынған қабір қоршауларын жасайтын. Кейін, XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап аталған қоршаулармен бірге қазақтар темірден жасалған қабір қоршауларын да қолдана бастады. Ал 1970 жылдардан бастап қабір қоршауларын салу үшін шым мен саман кірпіштерінің орнына бірте-бірте зауытта өндірілген стандарт кірпіштер қолданыла бастады (2-сурет).





2-сурет. Зираттағы қабір үсті құрылыстары: а) сол жақта: Ақмола облысы Зеренді ауданы Өзен ауылы (2019 жылғы маусым); б) оң жақта: Түркістан облысы, Отырар ауданы, Қожатоғай ауылы (2019 жылғы сәуір)

Шымнан салынған қабір үсті құрылыстардан басқа, XIX ғасырда көрсетілген аумақтағы қазақтарда бөренеден (шегеннен) жасалған қабір үсті құрылыстардың да бар болғаны белгілі. Қолда бар мәліметтерге қарағанда, сондай құрылыстың пошымы төмендегідей болды. Қабір үймесінің шетінен бір-біріне қатарлас қылып, бөренелер салынады. Сол бөренелердің үстіне шегеннің биіктігі қабір үймесінің биіктігімен бірдей болғанша бір-біріне басқа қатарлас бөренелерді қоятын. Содан кейін шегеннің үстін ағаш білеумен жабады. Сонынан бөренелерді бір-бірімен тұтастыру үшін сына мен ағаш шеге қағатын (Шнэ, 1894, с. 15). Қатар салынған мұндай бөренелердің саны 3–4-ке жететін. Шегеннің биіктігі 5 аршынға, яғни 3,5 метрге дейін баратын. Шегеннің төбесіне ұшында айлары бар сырықтарды орнататын (Берг, Игнатов, 1901, с. 86).

В.В. Востров пен И.В. Захарованың айтуынша, «Солтүстік Қазақ жазығы» қазақтарының арасында бөренелерден салынған қабір үсті құрылыстардың таралуына қазақтар мен орыстардың арасындағы байналыстар ықпал етті: «Бұл (ағаштан ғимарат салу. – авт.) белгілі бір дәрежеде қазақтар әуелде орыстармен араласқан өңірлерде дамыған-ды» (Востров, Захарова, 1989, с. 51). Дәл осындай фактіні ресей зерттеушісі Н.А. Томилов та келтірген еді: «Омбы округінде қазақтар бөренеден немесе тақтайдан орыстікіне ұқсас төрт бұрышты қоршаулар жасайтын» (Томилов, 1992, с. 208). Осы ретте ерекше ескерер жайт – қазақтың дәстүрлі мәдениетіне орыстардың әсер еткендігі қазан төңкерісіне дейінгі кезеңнен бастау алады. Бұл туралы жоғарыда есімі аталған Л. Берг пен П. Игнатовтың да жазғаны белгілі: «Екі жерде (Сілетітеңіз көлінің шығыс жағалауында, Қарақоға қыстағының жанында және айтылған көлдің солтүстік-батыс жағалауында, Бестөбе шоқыларының біреуінде) төрт бұрышты қоршаулары жасыл бояумен сырланған ағаш торлы қабірлерді көрдік; бұларды орыстың кішкентай шіркеуіне ұқсатып жасағандарына еш күмән жоқ» (Берг, Игнатов, 1901, с. 86).

Бұл үрдіс қазір де жалғасып келе жатыр. Омбы қаласының төңірегінде жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында орыстардың қазақтарға деген әсерінің нәтижесі болған қабір құрылыстарының көбейгендігінің куәсі болдық. Мұндай қабір құрылыстарының сыртқы пошымы төмендегідей. Қабір төмпешігін қабірдің периметрі бойынша стандарт кірпіштермен қоршайды. Қабір төмпешігінің шетіне суреттері мен жазулары бар ескерткішті тігінен тұрғызады. Кейбір реттерде қабір ескерткішінің алдына гүлдерді де отырғызады. Осындай ескерткіштен басқа, кейде мәйіт жатқан қабірдің «аяғында» оған қарама-қарсы марқұмның аты-жөні, туған жылы, руы да жазылған тас орнатады.

Сондай құрылыстар М.Л. Бережнованың «Ертістің орта ағысындағы байырғы орыстардың жерлеу салты» (1997, с. 172, 174) атты мақаласында сипатталды. Қазақтың жоғарыда сипатталған қабір үсті құрылысы орыстың осы құрылысына ұқсас екендігі көрініп тұр (3-сурет).



3-сурет. Сол жақта: Омбы облысы Азов неміс ұлттық ауданының «Бибатыр» зиратындағы қабір үсті құрылысы (Ф.М. Достоевский ат. ОмМУ АЭМ. I-қор. 154–1-ісі. 153-парақ); оң жақта: Омбы облысының солтүстік аудандарындағы байырғы орыстардың қабір үсті құрылысы (Бережнова, 1997, Т. 2, с. 172)

Алайда аталмыш Омбы қаласының төңірегінен тыс жерде, әсіресе, қазақы ауылдардың сыртындағы зираттардың ешқайсысында осындай қабір үсті құрылыстардың жоқ екендігіне көз жеткізуге болады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезеңінде де осыған ұқсас құрылыстардың бар екенін растайтын мәліметтер жоқ.

Сонымен, жоғарыда келтірілген материалдар төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1) қазақтың жерлеу рәсімінде терминология мен жосын-жоралғылардың кейбір ерекшеліктерінен көрініс табатын кем дегенде үш түрлі элементтер кездеседі: а) Орталық Азия халықтары мәдениетінің, соның ішінде өлікті жөнелтуге байланысты атқарылатын іс-шаралар жүйесінде ежелден орныққан исламға дейінгі элементтер; ә) мұсылман дінімен байланысты және б) көшпенділердің дәстүрлі ортасына қатысы бар төлтума элементтер.

2) XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр кезеңінде Солтүстік Қазақ жазығы қазақтарының қабір үсті құрылыстарына жақын тұрған орыстардың әсер еткені байқалады;

3) дәстүрлі көшпелі ортада ежелден орныққан қазақтардың шым мен саман кірпіштерінен салынған қабір үсті ескерткіштері мен құрылыстары сонау ежелгі түркі заманынан бастау алады. Бірақ, XX ғасырда әлеуметтік-экономикалық фактордың тегеурінді ықпалымен өзгеріске ұшырады. Мұндай өзгеріс жоғарыда айтылған қабір үсті ескерткіштерді жасау технологиясынан және оны тұрғызуға пайдаланылатын құрылыс материалдарынан да көрініс тапты.

Әдебиеттер

Абдуллоев Д. Пережитки зороастризма в среднеазиатском мусульманском погребальном обряде // Кунст-камера. Этнографические тетради. СПб., 1996. Вып. 10. С. 69–80.

Авторлардың далалық материалдары (АДМ). Ақмола және Түркістан облыстары.

Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана // Религия в истории народов Южной Сибири и Центральной Азии. Часть II: Эпоха средневековья: хрестоматия. Барнаул, 2012. С. 196–200.

Әлімбаев Н., Уәли Н., Белтенев Ж. Жерлеу // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклопедия. Алматы, 2017. С. 475–487.

Берг Л., Игнатов П. Солёные озёра Селеты-Денгиз, Теке и Кызыл-Как Омского уезда // ЗЗСО ИРГО. М: Синодальная типография, 1901. Кн. 28. 161 с.

Бережнова М.Л. Погребальный обряд русских старожилов Среднего Прииртышья // Этнографо-археологические комплексы: проблемы культуры и социума. Новосибирск, 1997. Т. 2. С. 163–177.

Бронникова О.М. Отражение этнических процессов в области духовной культуры казахов Западной Сибири // Современная духовная культура народов Сибири и Севера. - Омск, 1989. - С. 86-98.

Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище. Алма-Ата: Наука, 1989. 181 с.

Қозы Көрпеш – Баян Сұлу // Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений. Алма-Ата, 1984. 116-6.

Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане XIX–XX вв.). Алма-Ата: Казахский университет, 1992. 176 с.

Невская Л.Г. Семантика дороги и смежных представлений в погребальном обряде // Структура текста. М., 1980. С. 228–239.

Ольховский В.С. К изучению скифской ритуалистики: посмертное путешествие // Погребальный обряд: реконструкция и интерпретация древних идеологических представлений. М, 1999. С. 114–136.

Омбы облысының мемлекеттік мұрағаты (ООМА). Р-2118-қоры. 23, 28, 29, 33-істер.

Палашенков А.Ф. Материалы к археологической карте Омской области // История археологических исследований в Сибири. Омск, 1990. С. 154–160.

Подольский М.Л. Погребальный ритуал и представления о пути в загробный мир (по археологическим материалам Минусинской котловины) // Методические аспекты археологических и этнографических исследований в Западной Сибири. Томск, 1981. С. 93–95.

Россия: полное географическое описание нашего Отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей / под ред. В. П. Семенова. СПб.: Изд-во А.Ф. Девриена, 1903. Т. 18. Киргизский край. 488 с.

Томилов Н.А. Этническая история тюркоязычного населения Западно-Сибирской равнины в конце XVI – начале XX в. Новосибирск: Издательство Новосибирского университета, 1992. 271 с.

Ф.М. Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің Археология және этнография мұрағаты (Ф.М. Достоевский ат. ОмМУ АЭМ). I-қор. 154–1-ісі.

Шнэ В.К. Зимовки и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области // ЗСГО ИРГО. Омск, 1894. Кн. 17. Вып. 1. С. 1–18.

THE FUNERAL RITE OF THE KAZAKHS OF THE NORTH-KAZAKH PLAIN AND HIS SOME HISTORICAL AND ETHNIC PARALLELS

This article discusses the funeral rite of the Kazakhs of the North-Kazakh plain, which is one of the rites of the transition cycle. In addition to the funeral rite, the specified major rites also include rites and customs related to the birth of a child, as well as rites and customs that are associated with the conclusion of marriage. The author comes to the conclusion about the presence of at least three groups of elements in the structure of the funeral rite of the Kazakhs. These include pre-Islamic, Islamic, as well as elements associated with the traditional nomadic environment. This is manifested both in terminology and in some features of the funeral rite. The magic structures of the Kazakhs under the influence of the socio-economic, natural factor, as well as under the influence of the neighboring Russian population, have undergone certain changes. At the same time, one of the types of scaffolding in the Kazakhs designated territory was borrowed from the Russian population.

Г.Е. Сабденова¹, А.Н. Усорова²

*¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ. Қазақстан*

*²Орталық Азия университеті, Алматы қ., Қазақстан,
gulmiras2801@gmail.com, aiguluser@mail.ru*

ҚАЗАҚИ ТӘЛІМ МЕН ДІНИ ТӘРБИЕНІҢ КЕЙБІР ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАЛДАРЫ

Кез келген діннің өзегі тәлім-тәрбиемен тікелей қабысып жатады. Діни көзқарастар қалыптасқан ілкі замандардан бері ол түрлі трансформацияға ұшырап түрленгенімен, жеме-жемге келгенде тәлім-тәрбиеге, үлгілі өмірге бастайтын әрі соны дәріптейтін насихаттар легін құрайды. Туғаннан басталатын тәлім-тәрбие адамзат өмірінің барлық салаларын қамтып отырады. Оны қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі құқықтық сарыннан да байқауға болады дей аламыз (Сабденова, Усорова, Байгунаков, 2017, 23-30).

Көне дәуірлерде ата-бабаларымыздың наным-сенімдері Тәңірге барып тірелген. Тәңірі бүкіл әлемді жаратушы құдірет иесі, оның мекені көкте деп ұққан. Бұл наным-сенім көп рулық-тайпалықтарға бірден ортақ бола қойған жоқ. Олардың кейбіреулері отты құдай ретінде қабылдаса, екінші біреулері пұтқа табынған. Еуразия аумағында өмір сүрген тайпалардың осындай әралуандығы ұзақ мезгіл бойы сақталып қалды. Бұл олардың өндірістік күштерінің үдемелі дамуына нұқсан келтіріп, соғыс пен жаулап алушылықты күшейтті. Кімнің тәртібі мықты, соғыс тәсілдері мықты да шапшаң болса, солар сахна төріне шығып отырды. Бұл дін наным-сенімдердің өзгеріп отыруына да әсер етті. Христиан, будда, зароастритік діндер мен шамандық наным-сенімдер Еуразия аумағындағы тайпа-рулар арасында ауық-ауық алмасып, басты наным-сенімге айналып отырды. Алайда, бұлардан гөрі кейін түркі халқын құраған тайпа-рулардың діни көзқарастары тұрақты, Тәңірі мен аруақты қастерлеу дәстүрі мықты болды.

Күрделі де көп ғасырлық процестер мен өзара жиі болған қақтығыстар ата-бабаларымызды бастапқы наным-сенімінен ажырата алмады. Мұны біз ежелден сақталып келе жатқан эпикалық дастандар, жырлар, ертегілерден де айқын байқай аламыз. Жаратылуға деген сенім белгілі бір діни

идеологияны құрайды. Бұл идеология адам өміріне қатты әсер етіп, қажетсінуін арттыра түседі. Оның үстіне адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге көп жәрдем етеді. Яғни дін адамның тұрмыстық өмірін ғана емес, оның сана-сезімін, қоғамдық идеологиясын да өзгерте алады. Сондықтан мұны жақсы түсінген ата-бабаларымыз дін адамға оның санасымен, сезімімен, жанымен бірге жаратылады деп ойлаған. Адамның биологиялық денесі жан арқылы өмір сүреді, жан денеден болмаса, онда дене өз қасиетінен ажырайды. Жан ұшып кететін нәрсе. Сондықтан оны шыбынға ұқсатқан. Мысалы, «шыбын жаным ұшқалы тұр» дегенде жаным денемді тастап кеткелі тұр дегенді білдіреді.

Адам табиғатпен бірлесе әрекет етеді. Өйткені, табиғат – адамның мекені. Екіншіден, адам адамсыз тіршілік ете алмайды. Ал адамның шынайы, пәк болмысының сақталуы қоғамды дамытады. Керісі, яғни болмысын сақтамауы (тәртіп бұзуы) қоғамды шірітеді. Сөйтіп, дін адамды тәрбиелейді, оларға топырақтан жаралып, топырақпен (содан өсіп-өнген нәрселермен) қоректенеді. Жаратылыстан өз қажетсінуін табады. Бұл пікір ислам діні енуімен кемелдене түсті.

Ислам адамдық қасиеттерді нақты көрсете отырып, оны орындауды қатаң талап етті. Ал адамдық қасиетті жоғалтатын, нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге қатаң тыйым салды. Бұл талап-міндеттерді отбасы тәрбиесінен бастауды талап етеді. Ата-анаға отбасының тәрбиелік қажеттерін толық қамтамасыз ету талап етіледі. Ата-ананың әрқайсысының міндеттері нақтыланып көрсетіледі. Оны олар адал орындап, отбасы мүшелеріне үлгі болады. Өйткені, олар дініне адал, сенімі мықты. Ежелгі Тәңіріге сену, кейінгі ислам діні де ұрлық пен зорлықты, зинақорлықты, нахақ қан төгуді, біреуге жамандық жасауды, өсек пен ғайбат сөйлеуді, парақорлықты қолдамайды. Мұның барлығы мұсылмандық құқықтануда кеңінен айтылып келе жатыр (Рахманов, Рузиев, Рахманов, 2010, 4-8). Қайта адамгершілікті, ата-анаға қамқоршылықты, туыстықты, көрші сыйластығын, жетім-жесірге қайырымдылықты, әлсіздерге мейірімділікті, қиыншылықтағыларға жәрдемдесуді қолдайды. Қысқаша айтқанда, адамдық қасиеттерді иеленушілер арқылы қоғамды дамыта аламыз. Қоғамның мәйегі осылардан тұрғанда ғана әділдік, шындық, қанағатшылдық, имандылық бой көтереді. Мұны түсінгендер әрдайым шалыс баспайды. Яғни, адам өмірінен бастап, қоғамдық қатынас, саясат, базар, мектеп, сот, т.б. құбылыстар исламдық моральмен қамтылады.

Адамзат баласы қандай қоғамда өмір сүрсе де іс-әрекетін басқарып тұратын тәлімі болмайынша өмір сүре алмайды. Мұндай тәлім белгілі бір халықтың сан ғасырлар бойы жинап, қалыптастырған құндылықтары болып табылады. Оны ысырып тастап, жаңадан тәлім жасауға мүлдем болмайды. Өкінішке орай, өткеніне өгейси қарау, ата-бабаларының әдет-ғұрып, салт-дәстүрін ескіліктің қалдығы деп түсіну пиғылдары әлі де болса бар екені жасырын емес. Соның салдарынан тіліміз де, дініміз де азып-тозуға бет алғаны шындық. Тәрбиеге деген ынтаның аздығынан қоғамымызда келеңсіз жағдайлар орын алып, рухани дағдарысты басынан кешіру үстінде.

Діннің басты тамырлары белгілі бір қоғамдық жүйенің діндік тәлім-тәрбиені қажет етуі болып табылады әрі қоғам мен адам арасындағы қатынастарды реттеуге көмектеседі. Адамзат баласы Адам мен Науа анадан, ол екеуі Алла құдіретімен жаратылып, содан өсіп-өнді. Алғашқыда қарама-қарсы екі жыныстан пайда болған адамдар өсіп-өніп, кейін әлемге тарады, түрлі этностарды құрды. Сондықтан ислам әлем халықтарын түсіне, түріне, тіліне қарап бөлмейді. Адамдарды байлығына, кедейлігіне, лауазымдығына, туыстығына, ұлтына қарап ажыратпайды, қайта олар бір-біріне туыс, барлығы тең құқықты, бірінен бірі артық-кем емес деп санайды. Олардың арасындағы айырмашылық тек олардың ойлау қабілетінде, өмір сүруінде, мінез-құлық, сенімінде деп санайды. Сол үшін әрбір адам қоғамдағы әлеуметтік статусына, сөйлеген тіліне қарамай тең құқылы (Исламское право, 2009, 8-17). Қайта Тәуке ханның «Жеті Жарғысында» ақсүйектерге 7 есе құн айып салып, әлеуметтік теңсіздікті қолдаған. Ал, ислам абстракты идея ғана емес, өмір қағидасы, оған қуат берер күш. Исламның адам өміріне араласпайтын аясы жоқ. Шыр етіп өмірге келсең де, кәмелетке жетіп, отбасын құрсаң да, тіпті бақилық өмірге кетсең де ислам діні араласуды қажет етеді. Мұның бәрі ойластырылған, ақылға қонымды, бойға қуат беретін тылсым күштер. Мысалы, пәктену, намаз оқу, ораза тұту, қажылық жасау, зекет беру дененді жеңілдетіп, бойыңа рухани күш береді. Алға сеніммен қарауға түрткі болады.

Адам өзінің жеке басын үнемі қадағалап, пәк-таза жүруі оның денсаулығы жақсы болып, ақыл-ойы толыса түсуіне жәрдемдеседі. Сол үшін ислам діні адамдарға күніге бес рет намаз оқуды міндеттейді. Әрине, намаз оқу тек пәк болуды талап етеді. Намазды орындау үшін қаласаң да, қаламасаң да пәктенуің қажет. Күнде қайталағаннан соң бұл әрекет дағдыға айналып, оны істеуге адам өзі-ақ сұранып тұрады. Намаз оқу тек пәктікті ғана емес, адам ниетінің, киімінің, намаз оқитын орнының пәк, таза болуын да қадағалайды. Сөйтіп, намаз оқушының жүрген ортасы пәк, таза болады.

Ислам адамның еркін өсіп-дамуы, ақыл-ойының жетілуіне дұрыс тамақтану қажеттілігін ерекше ұғындырады. «Ауыз қалта қанша салсаң толмайды» дегендей, тамақты пайдаланудың да қағидасы бар. Ислам адам денсаулығына зияны тимейтін, қайта қуат беретін тағамдарды ғана пайдалануға рұхсат етеді (Құран, 1990, 90). Сондықтан тағамдарды адал (халал) мен арамға (харам) бөледі. Мұсылмандарды тек адал тамақ жеуге шақырады. Арам аталған ас-тағамдар адамның денсаулығын бұзып, істен шығарады. Адамды тіпті адамдық қасиетінен ажыратады. Мысалы, ішімдік, есірткі, бұзылған тамақтар. Тіпті бұл тамақтар адамды ауруға шалдықтырып қана қоймай, адамдық қасиетінен айырып, күнәлі істер жасауға, қылмысқа алып барады. Сол үшін адамзатқа зияндық әкелетін ас-тағамдар, іс-әрекеттер арам, күнә есептеледі (Құран, 1990, 450-451). Тіпті адал тамақты шектен тыс жеп-ішу де арамға айналып кетеді. Өйткені, шектен тыс көп пайдалану адам денсаулығына зиянды.

Адам өзінің денсаулығын үнемі күтуін ислам талап етеді. Тісті күніге екі-үш рет тазалау міндеттелген. Әдетте мұсылмандар мисуақты қолданады.

Ислам діні адамның киім киісіне де үлкен мән береді. Адам қарапайым, аса қымбат емес, өз тәніне сән беріп, үйлесетін киімдер киюге үндейді. Жұрттан өзгешеленіп, көзге түсуді қолдамайды. Әдемі, қымбат киімдер адамды тәкаппарлыққа жетелейді. Ислам ер адамдарға алтынмен апталып, күміспен қапталуға рұхсат етпейді. Адам өзгеге киімімен емес, өзінің мінез-құлқымен, іс-әрекетімен, ақылымен көрінуін қалайды. Тек әйелдерге нәзік, сұлулықтың мәйегі ретінде қарап, оларға боянып, иіс су сеуіп, әдемі киінуге, әр түрлі сұлулық бұйымдарды тағуға рұхсат береді. Бірақ, таныс емес, бөгде еркектер арасында беті-жүзін көлегейлеп, арам ойлардан сақтанып, өздерін мықты ұстауға үндейді.

Ислам діні әйелдің кедейлігіне немесе тіпті күн екендігіне қарамайды, оның Аллаға құлшылық етуіне, пайымына қарап үйленуді насихаттайды. Нағыз құдай жолындағы адамдардың отбасын құруы оларды өкіндірмейді. Өзара түсінісіп, бірін-бірі сыйлайды әрі балаларына ізгіліктік тәлім-тәрбие бере алады.

Ешуақытта да балалары ата-аналарына зияндық келтірмеулері тиіс (Құран, 1990, 137). Өз кезегінде ата-аналары да балаларына зияндық жасамай, имандылықпен тәрбиелеп, тура жолды көрсетуі тиіс. Өйткені, бала туылғанда пәк, ешқандай күнәсіз туылады. Осы қасиетін барынша сақтау жолдарын, әрине ата-аналары үйретулері керек қой. Бала өмірін сақтау, өмір сүруін қамтамасыз ету ата-ана парызы. Сол үшін ислам ешуақытта «бала тастауға» (аборт) рұхсат етпейді. Баланы әкесіз өсіруге де жол бермейді, әрі баланың жалғыз әкесі болуын ескертеді. Мұның барлығы исламдық құқықтануда нақты белгіленген.

Әке-шешесі бар баланың жүрегі жараланбай, толыққанды болып өсіп-жетіледі. Бала барынша толыққанды болып жетілуі үшін оған ішім-жем, тәрбие беру ғана емес, сол секілді білім беруді ислам маңызды орынға қояды. Бала туылғаннан соң 7 күн өткенде оған әдемі, жарасымды ат қоюды, шашын алуды Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.а.) өсиеттеген.

«Жас балаларын бағудан қашып, кедейліктен қорқып, соғыста қолға түсіп құл немесе күн болады деп намыстанып, тірілей көміп тастайтын. Оның үстіне ата-бабаларынан қалған бұзық дін, жаман әдет-ғұрыпқа қатты берілген еді. Мұхаммед пайғамбар енді жас балаларын тірідей көмуге тыйым салды. Ата-анасы жоқ баланы қамқорлыққа алу, жетімдіктің салдарын көрсетпеу кез келген мұсылманның міндеті. Жетім баланы тәрбиелеу бүкіл қоғамға жүктеледі. Адам баласының дұрыс тәлім-тәрбие алуына барлық жағдай жасалған қоғамдағы қарым-қатынас нәтижесі де адамгершілік аясында болады. Қоғам ішінде өмір сүретін барлық адам тең құқықты, міндеттері де бірдей болуы қажет. Тектік, қасталық айырмашылықтар мүлдем болмауы тиіс. Бұл жайлы қасиетті Құранда жиі айтылған (Ахметов, 2005, 286). Өйткені, барлық адамзат баласы топырақтан жаратылған. Олар Алла алдында тең. Тек айырмашылықтары әрқайсысының істеген іс-әрекетімен ғана ажыратылады. Сол үшін Құран адамдарды өзара ынтымақты болуға, бір-біріне жәрдемдесуге, мейірім мен шапағаттарын төгуге, қоғам үшін қолынан келген жақсылық істерін арнауға шақырады.

Мұны данышпан ақынымыз Абай Құнанбаев өте жақсы түсінген. Ол:

Алла деген сөз жеңіл,

Аллаға ауыз жол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл

Басқасы хаққа қол емес, –

деп, өзінің ізгіліктік тұрғыдан айтылатын жырында сенімді ынталы жүрек, шын көңілмен сүюді ескертіп отыр (Мырзахметұлы, 1994, 191).

Құранның негізгі қағидалары: «Барша адам мәртебелі», «Ата-ана құрметті», «Адам қаны қасиетті, оны төгуге ешкімнің құқы жоқ», «Әркімнің мал-мүлкі қасиетті, оған ешкімнің қол сұғуына

құқы жоқ», «Әлем білім мен әдептілікпен ғана дамиды», «Әркімнің ожданы еркін», «Әділдік ауадай қажет», «Бісырапшылдыққа жол жоқ», «Әркім пайдалы іс істесін», «Барлық адамға білім үйрену – парыз», т.т. Бұл қағида-ережелер бір қауым не халыққа емес, барша адамзат баласына байланысты әрі белгілі бір мерзімге емес, бүкіл адам өміріне айтылған. Құрандағы қағида-ережелер тәлім-тәрбие жұмыстарында үнемі көзделуі тиіс. Мұны заманауи қоғам да кеңінен пайдаланса еш ұтылмайтындығы анық.

Рас, әлемдегі ірі діндер он сегіз мың ғаламның жаратушысы барлығына сенім көрсете отырып, бәрі де әлем жүйесінің бір заңдылыққа бағынатынын мойындайды. Бірақ, исламнан өзгелері белгілі бір халыққа көбірек жан беріп, кейде тура жолдан шеттеп шыға келеді. Мысалы, христиан діні Иса пайғамбарды Алланың ұлы десе, индуистар адам жаны қайтадан өзге ұрпақтарына келіп өмір сүреді деп адасады. Ислам діні болса баршаға бірдей тек адамгершілік сипатын сақтап, өзара ынтымақтасып өмір сүруге шақырады. Адамгершілік қасиет ұяттан, сүйіспеншіліктен, ізгіліктен тұратынын ескертіп, адамзат баласы ар-ожданын жоғалтпауға, өзара сүйіспеншілікпен қарауға, өзара ізгілікті болуды, егер оны жоғалтса, тұрмыс-тіршілігі бұл дүниеде ғана емес, мәңгілік дүниеде де қараңғы болатынын түсіндіреді. Біздің ата-бабаларымыздың Тәңіршілік наным-сенімі де осы тұрғылас болғандықтан, ислам діні тіршілігімізге оңай кірігіп кетті.

Ислам діні де, өзге діндер де үнемі үш сипатқа ерекше мән береді. Олар: ұялушылық, қиянатсыздық және сенімділік. Бұл үш сипат адамдарды жаман іс-әрекеттерден сақтайды. Ислам діні және біздің ата-бабаларымыз тәлім-тәрбиесінде қылмысқа шақыру, отбасын бұзу, т.б. келеңсіз нәрселерді айыпталынады. Кез келген жат қылықтарға, ессіз әрекеттерге дәстүрлі құқықтық сана тиым салады. Балаға үлкендер жастайынан «мұны істесең өзгелерден ұят болады», «күледі» деп үнемі сақтандырып отырады. Тіпті, қазақ қоғамының кез келген ортасында (мейлі, алтыбақан тепсе де, той-домалақ болса да, ас-жиында да, мерекелерде де) келеңсіз іс-әрекеттер шешен тілділер сынына ұшырайтындықтан, «бүлінген ел» аталғысы келмей, отбасынан бастап руластарына дейін мұндай тәлім-тәрбиеге аса мән беріп отырған. Белгілі философ Ғарифолла Есім: «Менің дінге, оның ішінде ислам дініне деген көзқарасым өте жақсы. Бұл – алдыңғы діндердің жақсы жақтарын бойына сіңіре білген ең соңғы тарихи дін. Өткен тарихи діндердің жағымсыз тұстарын қабылдамаған, дүниетанымдық мәселесін күшейткен, философиясын нықтаған, ұтымдарын нығайтқан» (Есім, 2004, 3) – деп қазір әлемдегі ең кемелденген дін екенін нақты көрсетеді.

«Ақ пен қараның аражігі ажыратылмай, әділетсіздік салтанат құрып, адамдар құнды қасиеттерінен айырылып, шынайы Жаратушысын ұмытып, қолдан жасаған сансыз меңіреу пұттарға табынып кеткендерге Аллаһ елшісі Құдіретті Аллаһқа иман келтіруге, тәуһид нұрымен сусындауға үндеді» (Әділбаев, 2004, 9). Сөйтіп, Мұхаммед пайғамбар адамдар жүрегіне Құран арқылы ұлы төңкеріс жасады. Кейіннен адамдар арасындағы құқықтық қатынастарды реттеу мақсатында «Ислам құқығы» сынды ғылым салалары де айналымға енді.

Шынында да, ислам діні адамды ізгілікке, адамгершілікке баулиды. Мұсылман елдерінде (бұрын өзіміздің қоғамда да) ажырасу, некелеспей жақындасу, бала тууды шектеу, тастанды бала, қарттар үйі дегендер мүлдем жоқ. Бұрын қазақ халқы балаларын ата-анасы қалауымен үйлендіргеніне қарамай, бәрі де отбасын күйретпеді. Құдаларын құдайындай сыйлап, жезөкшелікке, ажырасуға жол берілмеді. «Қайтып келген қыз жаман» деп, оған тітіркене қарады. Ата-анасын сыйламағандарды қара өгізге теріс мінгізіп, бетіне күйе жағып, бүкіл елді аралатып, масқаралаған. Ұл мен қыздың тәрбиесіне ерекше мән берген. Ұлға отыз үйден, қызға қырық үйден тыйым жасалынып, олардың тәлім-тәрбиесіне бүкіл қоғам араласқан. Қыз баланы төрге отырғызып, құрметтеген. Болашақ ананы ұрпақ жалғастырушы ретінде қасиеттеген. Отбасының өзінде-ақ үй шаруасына бейім етіп өсіріп, өзгелерді сыйлап-құрметтеуді бойына сіңірген. Осыдан келіп, жатқа барған қыз ол жаққа тез сіңісіп, бауыр басқан. Сол елдің отымен кіріп, күлімен шыққан. Сүйегі өз жұрты болғанымен, ішкі мәні барған жерімен біте қайнасып кеткен. Әрине, мұның бәрі ислам діні әсерінен болатын.

Дінге үрке қарағалы бұл дәстүр сағымға айналып, тәлім-тәрбие қайнар көзінен айырылғалы бері қыз барған жеріне сіңісе алмай, көзге шыққан сүйелдей көрініп, ажырасулар, зинақорлықтар көбейе түсуде. Мұның өзі дәстүрлі отбасылық құндылықтардың заманауи қоғамымызда жеткілікті деңгейде насихатталмай жатқандығын да аңғартады.

Заманауи қоғамда ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып жастар санасынан жеткілікті дәрежеде орын алмағандықтан, халықтық мәдениетімізге жат қылықтар мен азғындық іс-әрекеттер күшейе түсуде. Онымен күрес жүргізу үшін ең алдымен ұлттық мәдениетке сүйенген абзал.

Әдебиеттер

- Ахметов Қ.П. Соңғы пайғамбар. – Алматы, 2005. – 448 б.
Әділбаев А. Саңлақ сахабалар. – Алматы, 2010. – 336 б.
Есім Ф. Жалғанда жар жағалап ғұмыр кешеміз // Қазақ әдебиеті. – 2004. – 25 тамыз.
Исламское право. Учебное пособие; перевод с фарси, предисл. и коммент. Н.А.Зейналова. – М.: Издательство «Исток», 2009. – 400 с.
Құран. Бақара сурасы / Ауд. Н.Өсерұлы, Ж.Истаев. – М., 1990. – 1 т. – 656 б.
Рахманов А.Р., Рузиев Р.Ж., Рахманов А.Р. Исламское право: Учебник для вузов. – Уфа: 2010. – 370 с.
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н., Байгунаков Д.С. Қазақ халқының ұлттық тәрбиесіндегі құқықтық сарын // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. 2017. №2. – Б.23-30.

SOME OF THE HISTORICAL AND LEGAL QUESTIONS

The report is devoted to the problem of legal and re-regulation of the upbringing of children among the Kazakhs. Analysis of the history of pedagogical thought of the Kazakh people indicates that the first social monuments of traditional pedagogy arose under the direct influence of everyday life. Legal culture also justifies that the basis of the national view of education of the individual is closely related to the origin of labor and production activities and everyday practice. Through folk pedagogy, the younger generation recognizes the features of the state foundations in traditional society, the character of their people, their mentality, and moral ideals.

К.Б. Сихымбаева

*ҚР Орталық мемлекет музейі
Алматы қ., Қазақстан
kulyan1988@mail.ru*

ДЕРМАТОГЛИФИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЭТНОГЕНЕТИКАЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Дерматоглифика – (алақан мен саусақтағы тері өрнектері) арнайы ғылым саласы ретінде XIX ғасырдың аяғынан бастап дами бастады. Адамдардың саусақ өрнектерінің ерекшеліктеріне ерте заманнан бастап-ақ назар аударылды. Қытайда VII ғасырдан бастап басбармақ өрнегі криминалистикада, ал Мысыр, Үндістан, Жапония елдерінде қолтаңба ретінде қолданыс ретінде жүрді (Гейндль, 1927,156.).

Қазіргі заманда алақан мен саусақ өрнектерінің анықтамалары этникалық және расалық дерматоглификадан басқа ғылыми салаларда (эмбриология, медицина, анатомия, криминалистика, генетика, спорт) зерттеліп, нәтижелері ғылымда жоғары деңгейде қолданылып жатыр. Дерматоглификаның дамуына орасан еңбек сіңірген ағылшын генетигі, психологі және математигі Фрэнсис Гальтон болды. Ол әртүрлі раса мен этникалық топтардың саусақ өрнектеріне бірінші рет ғылыми тұрғыдан талдау жүргізді (Galton,1892, p.18,192-193). Осы кезде Америка ғалымы Уайлдер дерматоглификалық зерттеудің әдістемесін ұсынып, соның нәтижесінде әртүрлі раса өкілдеріне зерттеу жүргізіп олардың өздеріне тән белгілерін анықтаған. Әсіресе Америка ғалымдары Г. Камминс пен Ч. Мидлоның дерматоглифика материалдары бойынша жарияланған ауқымды еңбектерінің маңызы мен нәтижелері осы уақытқа дейін ғылыми құндылығын жойған жоқ (Gummins H., Midlo Ch.,1943, 210 p).

Ресейде XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап дерматоглификалық зерттеулер жүргізіле басталды. Атап айтқанда, П.С. Семеновский орыс халықтарының дерматоглификасы туралы кітабын 1927 жылы баспадан шығарды. Бұл еңбегінде ол орыстардың саусақ өрнектерінің ерекшеліктері туралы көлемді материалдардың қорытындыларын жария еткен (Семеновский,1927, с. 253).

Ресейде кең көлемде, жан-жақты дерматоглификалық зерттеу жұмыстары негізінен 1957 жылдан бері жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Белгілі антрополог Г.Л. Хить Евразия халықтарының дерматоглификасын арнайы әдістемелері бойынша өңдеп, олардың нәтижелерін ғылыми айналымға енгізді (Хить, 1983, 280 б).

Ал енді қазақтар арасындағы дерматоглификалық зерттеулер XX ғасырдың 60-шы жылдарында ғана жарияланды. Г.Ф. Дебецтің оңтүстік Қазақстан өңірінен жинаған дерматоглификалық материалдарын Т.Д. Гладкова зерттеген болатын (Гладкова,1964,16-23 б). Аталмыш топ Оңтүстік Қазақстан облысының бірнеше аудандарынан жиналған ерлер тобы (85 ер адам) болатын. Автор қазақтардың алақан мен саусақ тері өрнектерінің сипаттамаларын орыс пен моңғол халықтарының

дерматоглификасымен салыстырғанда олардың моңғолдарға жақындығын айтқан. Ресей антропологі Г.Л. Хитъ аталмыш қазақ тобын Орта Азия халықтарының (Өзбек, Түркмен, Тәжік, Қырғыз) дерматоглификасымен салыстырғанда олардың айтарлықтай өзгешеліктерін, әсіресе қырғыз бен қазақтардың дерматоглификалық анықтамаларында моңғолоид элементтерінің басым болып келетіні анықталған. Сонымен қатар автор бұл екі халықтың соматология мен дерматоглифика анықтамаларын салыстырып зерттегенде, олардың нәтижелерінің сәйкестігін, яғни қазақтардың моңғолоидтық элементтері қырғыздарға қарағанда аз екені дәлелденген. Г.Л. Хитъ пен Н. Рысназаров 1968 жылы Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың дерматоглификасын зерттеп, қазақтар мен түркмендердің алақан мен саусақ тері өрнектерінде ұқсас анықтамалардың басымдық екенін аңғарған. Сонымен қатар Қазақстан мен Қарақалпақстан қазақтарының бір-бірімен өте жақындығын және де Қарақалпақстан қазақтарында моңғолоид белгілерінің көрсеткіштері жоғары болғанын жазған (Хитъ, Рысназаров, 1968, 19-23 б.).

Түркмен антропологі О. Бабаков 1977 жылы аталмыш мемлекетте тұратын қазақтардың дерматоглификасын зерттеп, алақан мен саусақ өрнектерінің анықтамалары бойынша Қазақстан қазақтарында, еуропеид элементтердің басым екенін және де бұл құбылысты түркмендермен ұзақ уақыт араласуынан туған жәйт деп түсіндіреді (Бабаков, 1977, 138 б.).

Ресей антропологі Г.Л. Хитъ пен моңғол ғалымы Намсарайнайдан 1975 Моңғолияда тұратын қазақтарға дерматоглификалық сипаттама беріп, дерматоглификаның таксономиялық маңызы зор анықтамаларының көрсеткіштері олардың Орталық Азияның кейбір моңғолоид тектес халықтарына жақындығын жазған еді (Хитъ, Намсарайдан, 1975, 23-31 б.).

Г.Л. Хитъ 1983 жылы Москвада шыққан «Дерматоглифика народов СССР» атты монографиясында Оңтүстік Қазақстанның Сарыағаш мекені мен Омбы облысының Есілкөл ауданында тұратын қазақтардың алақан мен саусақ тері өрнектерін зерттеген.

Бұл монографияда барлық зерттелген қазақ топтарының дерматоглификалық анықтамалары сатылы түрде, біріншіден Орта Азия популяцияларымен, содан кейін сол кездегі Кеңес үкіметінің қарамағындағы кейбір халықтардың алақан мен саусақ өрнектерінің кешенді анықтамаларымен салыстырылып, қазақтардың антропологиялық құрамында қарақалпақтар мен қырғыздарға және де оңтүстік пен Батыс Сібір аймағында тұратын этностарға қарағанда моңғолоидтық элементтерінің төмендігін айқындаған еді (Хитъ, 1983, 280 б.).

Ал Белорус ғалымдары И.И. Саливон, Л.И. Тегако, Ресей ғалымы М.С. Архангельская Жамбыл облысы Аккөл ауылының тұрғындарына дерматоглификалық зерттеу жүргізіп, негізгі таксономиялық маңызы зор анықтамалары бойынша (саусақ өрнектері, дельта индексі, гипотенар өрнегі мен саусақ аралық қосымша үшбұрыштар) олардың моңғолоид расасына жататын халықтарға ұқсастығын жазған (Саливон, Тегако и др. 1979, 12-33 б.).

К.Б. Сихымбаеваның «Антропологический состав населения Западного Казахстана по данным дерматоглифики и одонтологии» атты кандидаттық жұмысында, тарих және этнология институтында 1970-1985 жж. аралығында арнайы ұйымдастырылған антропологиялық экспедицияның барысында жиналған материалдар зерттелген.

Бұл жұмыстың негізгі мақсаты батыс Қазақстан өңірінде тұратын қазақтарға (екі жыныс бойынша) толық дерматоглификалық сипаттама беріп, анықтамалардың тарихи корреляциясына, географиялық таралымына назар аударылған. Бұл жұмыста дерматоглифика бағдарламасы бойынша 3450 адамның (екі жыныс бойынша) қолтаңбасы арнайы өңдеуден өткізілген. Аталмыш жұмыстың негізгі нәтижелері батыс өңірдің қазақтарында шығыстық комплекстің көрсеткіші басқа аймақтың қазақтарына қарағанда төмен екені анықталған. Сонымен қатар алақан мен саусақ тері өрнектерінің дерматоглификалық шығыстық комплексі мен ортақ арақашықтығы (ДШК пен ОАК) бойынша қазақтардың өте гомогендігі мен тұтастығы, ал субэтникалық пен территориялық топтар арасындағы айырмашылықтардың төмендігі сондай, ол нақтылы статистикалық деңгейде дәлелденбейтінін анықтаған. Ал қазақтардың кешенді антропологиялық зерттеулері бойынша оңтүстік-сібір (тураноидная) расаға жататыны мәлім, сондықтан осы расаны басқа оралдық (уральская), байқалдық (байкальская), орталықазиялық (центральноазиатская) расаларымен салыстырып көргенде, оңтүстік-сібір мен оралдық расаның бір-біріне жақындығы екі жыныс бойынша да анықталған. Сонымен қатар қазақтарға ноғай, татар, башқұрт, қырғыз халықтарының жақын екені айтылған. Осы жоғарыда айтылған мәліметтер өте ауқымды қазақтардың дерматоглификалық зерттеулерінде толықтай анықталды (Сихымбаева, дисс...канд. Москва, 1987. 23 б.).

Ал 2007 жылы Қазақстанның барлық өңірлерінен 1965-1995 жж. аралығында жиналған дерматоглификалық материалдардың нәтижелері «Этническая дерматоглифика казахов» атты

монографияда жарияланды (Исмагулов и др., 2007, 238 б). Бұл монографияда қазақтардың этноистория мен расогенездік процестердің маңызды проблемаларын зерттеуде қолтаңба өрнектерінің нәтижелерінің құндылығы айқындалған еді.

Аталмыш мақалада Мемлекеттік Орталық музейдің палеоантропологиялық қорындағы дерматоглификалық материалдар өңделіп, жалпы зерттелген қазақтармен толықтырылды. Сондықтан қазақ халқының алақан саусақ өрнектерінің кездесу деңгейі басқа раса өкілдерімен салыстырмалы түрде зерттеліп, өзіндік ерекшеліктері анықталды.

Саусақ пен алақан өрнектері

Саусақ пен алақан тері өрнектерін зерттеуде олардың таксономиялық негізіне сүйенеді. Оларға мынандай анықтамалар: дельта индексі (DI_{10}), Камминс индексі (Ic), білек буынындағы үшбұрыш (t), гипотенар өрнегі (Hu), тенар өрнегі (Th/1) және саусақ арасындағы қосалқы үшбұрыштар (САҚҰ) жатады.

Дельта индексі (DI_{10}). Аталмыш индекс саусақтардағы дельта санының ортақ көрсеткішін анықтайды, ал дельта дегеніміз – саусақтағы тері сызықтарының жанасқан жерінде пайда болған үшбұрыштар. Ол негізінен монғолоидтық раса өкілдерінде өте жиі кездеседі (14,4). Сонымен қатар басқа расаларға қарағанда монғолоидтық раса өкілдері дельта индексі бойынша гомогенді екенін көрсетеді (Хитъ, 2013, 372 б.). Оның төменгі көрсеткіші негроидтық раса өкілдерінде (12,8), ал еуропеидтық пен американоидтық расаларда (13,1-13,5) кездеседі.

Қазақтарда дельта саны ерлерде 22,2-ге, ал әйелдерде 2,55 тең, яғни еуразиялық ауытқулықтың 43,4 % ерлерде, 37,7 % әйелдерде кездеседі.

Сөйтіп дельта индексі ерлер тобында 12,8-15,0, ал әйелдер сериясында 11,7-14,3 аралығында кездеседі.

Аталмыш индекстің төменгі мен жоғарғы деңгейі екі жыныс тобы бойынша Республиканың батыс өңірінде тұратын қазақтар арасынан анықталып отыр. Ал индекстің географиялық таралымы өте шашыранды, әсіресе бұл құбылыс Қазақстанның батыс өңірінде айқын байқалады. Дегенменде, дельта индексінің жоғарғы саны Республиканың оңтүстік, шығыс өңірлерінде шоғырланған.

Камминс индексі (Ic). Дерматоглификалық талдауда алақанды 14 бөлікке бөледі. Алақандағы негізгі 4 – А,В,С,Д сызықтарының қандай бөліктерде аяқталатыны анықталады. С және D сызықтарының қандай бөлікте аяқталатынының ортақ көрсеткішінің Камминс индексі дейді. Аталмыш индекстің төменгі көрсеткіші негроидтық пен американоидтық раса өкілдерінде 7,2, ал жоғарғы көрсеткіші еуропеидтық 8,6, монғолоидтық раса өкілдерінде 7,7. Бұл анықтама негізінен еуропеидтық раса өкілдерінде өте жоғары және басқа расаларға қарағанда бұл индекстің көрсеткіші олардың гомогендігін айғақтайды. Ал австралоидтық раса бұл көрсеткіш бойынша өздерінің өзгешеліктерін дәлелдейді. Жалпы аталмыш индекс монғолоидтық раса өкілдерінде сирек кездеседі.

Қазақтардың ерлер тобында аталмыш индекс 7,4-8,5, ал әйелдер сериясында 7,1 – 8,2 шамасында ауытқиды. Ерлер тобы бойынша алынған индекстің көрсеткіші Еуразиялық ауытқулықтың 33,8 %-ын, ал әйелдер тобы бұл ауытқулықтың 39,5 %-ын құрайды. Жалпы Камминс индексінің жоғарғы мен төменгі көрсеткіштері Қазақстанның батыс өңірінде тұратын қазақтар арасында кездеседі. Бұл анықтаманың географиялық таралымы Республика бойынша шашыранды түрде орналасқан. Индекстің шоғырлануы әсіресе шығыс пен батыс аймақтардың ерлер топтарында төменгі көрсеткіші оңтүстік аймақта (екі жыныс тобында) шоғырланған.

Білек буынындағы үшбұрыш (t). Білік үшбұрышы білек буынының тұсында орналасса оны білек үшбұрышы деп «t» белгісімен, ал алақанның орта тұсында орналасса оны орта білік үшбұрышы «t'» деп, осы екі білік үшбұрыштарының ортасында орналасқан білік үшбұрышын аралық «t''» білік үшбұрышы деп атайды. Алақанның білек буынындағы үшбұрыштар (t) жер шарындағы халықтарда өте жиі кездеседі (50-80%). Ал аралық (t'), орта білік (t'') үшбұрыштары сиректеу болып келеді. Кейбір жағдайларда білік үшбұрыштарының бірнеше варианттары кездеседі (tt' t'' t''' т.б.). Білік үшбұрыштарының мүлдем болмауы да мүмкін (0). Осы айтылған варианттардың ішінде білек тұсындағы үшбұрыштың (t) таксономиялық маңызы зор.

Сонымен алақандағы білек үшбұрышы (t) монғолоидтық раса өкілдерінде жоғары деңгейде (76%), америкалық индейстерде (51%) негроидтық расаларда (56%) австралоидтық пен еуропеидтық расаларда (63-65%) шамасында ұшырасады. Қазақтардың екі жыныс тобы бойынша аталмыш анықтама кең шамада ауытқиды. Ерлер арасында 64,6 – 88 %, ол еуразиялық ауытқулықтың 46,3 %-ын, ал әйелдер сериясында 62,9 – 85,1 % аралығында кездесіп еуразиялық ауытқулықтың 39,3 %-ын құрайды. Қазақстан бойынша білек үшбұрыштың географиялық

таралымында белгілі бір бағыттың барлығы байқалады. Республиканың батысынан оңтүстік-шығыс аймағына қарай аталмыш анықтаманың шоғырлану деңгейінің жоғары екенін байқауға болады.

Гипотенар (Hy). Алақанның проксимальді-ульнар жағын гипотенар (Hy) бөлігі деп атайды. Гипотенар өрнегі еуропеидтық раса өкілдерінде жиі (35%), ал америкалық индейстерде (13%) шамасында ұшырасады. Басқа раса өкілдері бір-бірінен айтарлықтай өзгешеліктерін (монғолоидтық, австралоидтық, негроидтық) байқатпайды.

Қазақтарда гипотенар өрнегінің кездесу жиілігі екі жыныс топтарында айтарлықтай (ерлер тобында 14,2 – 33,5 %, әйелдер сериясында 16,8 – 32,9 %) ауытқиды. Яғни ерлер тобы еуразиялық ауытқулықтың 50,2 %-ын, әйелдер тобы 36,0 %-ын құрайды. Бұл өрнектің географиялық таралымына назар аударсақ, онда Қазақстанның барлық аймақтарында шашыранды түрде таралғанын байқаймыз. Бірақ аталмыш өрнектің жоғарғы деңгейі батыс, солтүстік, шығыс аймақтарда, ал республиканың оңтүстік аймағында өрнектің төменгі деңгейі шоғырланған.

Тенар мен бірінші саусақ аралық төмпешіктің өрнегі Th / I). Th пен I төмпешіктегі өрнектер қосылып (Th / I) жазылады. Бұл төмпешік алақанның проксимальды-радиалды жағында орналасқан. Аталмыш анықтаманы американо-австралоидтық расасына ғана тән деп айтуға болады. Себебі индейстерде 25% дейін, ал австралоидтықтарда 40% дейін кездесетіні анықталды. Негроидтық раса өкілдерінде 15%, ол монғолоидтық пен еуропеидтықтарда 10% шамасында байқалады. Қазақтарда бұл өрнектің жоғарғы деңгейі ерлер тобында 18,5 %, әйелдер сериясында 13,5 % аралығында кездеседі. Бұл өрнектің жоғарғы деңгейін Қазақстанның солтүстік, батыс өңірлерінен қазақтарынан байқауға болады. Аталмыш өрнектің географиялық таралымында белгілі бағыттың жоқтығын көруге болады.

Саусақтар арасындағы қосалқы үшбұрыштар (САҚҰ). Бұл аталмыш анықтамаға II – IV саусақтар арасындағы қосалқы үшбұрыштардың болуынан пайда болады. Ал қосалқы IV саусақаралық бөлікте жиі байқалады. Аталмыш өрнек бойынша негроидтықтар басқа расалардан өте жоғары көрсеткіштерімен ерекшеленеді (39%). Америкалық пен монғолоидтық расалар бұл өрнек бойынша бір-біріне өте жақын (10-14%). Еуропеидтық раса өкілдері негроидтық расаға жақын 35%.

Саусақаралық қосалқы үшбұрыштардың қазақтар арасындағы жалпы саны (барлығы II - IV) екі жыныс топтарында (ерлерде 5,1 – 24,8 %, әйелдерде 4,0 – 22,2 %) кең көлемде ауытқиды. Бұл еуразиялық ауытқулықтың ерлер тобы 44,5 %-ын, ал әйелдер тобы 41,6 %-ын құрайтынын көрсетеді. Бұл анықтаманың ең жоғарғы деңгейі солтүстік аймақтың қазақтарына тән. Ал САҚҰ географиялық таралымы өте шашыранды екені, әсіресе оңтүстік, оңтүстік-батыс аймақтарда ол көріністің анық жүйеленгенін көруге болады. Дегенменде солтүстік аймақта аталмыш үшбұрыштардың жоғарғы деңгейі шоғырланған.

Сонымен жоғарыда баяндалған қолтаңба анықтамаларының кездесуі мен аймақтық таралымында жүйелі белгілі бағыттың жоқтығы байқалады. Бірақ Республикамыздың оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтарында монғолоидтық элементтердің басымырақ екенін аңғаруға болады. Оны дельта индексі (Dl_{10}) мен білек үшбұрышы (t) және саусақаралық қосалқы үшбұрыштардың (САҚҰ) көрсеткіштерінен көруге болады. Ал солтүстік, батыс аймақтардың тұрғындарында еуропеидтық анықтамалардың көрсеткіштері жоғары (гипотенар өрнегі, саусақаралық қосалқы үшбұрыштар) болып тұр.


Енді кешенді дерматоглификалық топаралық арақашықтықтардың (ДТА) көрсеткіштері бойынша қазақ топтарының бірлігі мен айырмашылықтарының қандай деңгейде екенін байқауға болады. Ол үшін екі жыныс топтарына ДТА көрсеткіштері бойынша матрица құрылып, соның негізінде арнайы дендрограммалар сызылды. Бұл көрсеткіштер екі жыныс тобында да өте кең түрде ауытқиды. Бірақ көрсеткіштің өте аз және аз шамасы ерлер тобында 52 %-ды, әйелдер арасында 43 %-ды, ал оның үлкен және өте үлкен көрсеткіштері ерлерде 7 %-ды, әйелдерде 2 %-ды көрсетеді. Ал, ДТА-ның орта көрсеткіші ерлер тобында 10,9, әйелдер сериясында 10,8, яғни олардың бірлігі мен тұтастығының басымырақ екені анықталды.

Жалпы ДТА көрсеткіштерінің шамасы ерлер тобының өзара жақындығын, атап айтқанда дерматоглификалық топаралық көрсеткіштері (ДТА) бірінші кластердікі 7,8; екіншісі – 10,3; ал дерматоглификалық шығыстық комплекстердің бірдей екені байқалады. Енді осы кластерлерге жүйеленген ерлер топтарына талдау жасайық. ДТА көрсеткіштерінің аз шамасы негізінде топтасқан ерлер топтары бірнеше субкластерден тұрады (1-сурет). Аталмыш дендрограммада батыс және солтүстік өңірінің топтары бір субкластерге біріккен. Бұл топтарға Камминс индексі мен қосалқы саусақаралық үшбұрыштардың жоғарғы көрсеткіштері тән. Ал екінші субкластерді солтүстік, батыс және шығыс топтары құрайды. Бұл топтар дельта индексі, білек буынындағы үшбұрыш және


гипотенар өрнегінің жоғарғы көрсеткіштерімен ерекшеленеді. Үшінші субкластерді жетісу өңірінің топтары біріккен. Оларда білек буынындағы үшбұрыштың жоғарғы гипотенар өрнегінің төменгі пайызы кездеседі. Төртінші субкластерлі солтүстік, батыс, шығыс және оңтүстік топтары құрайды. Бұл сериялар Камминс индексінің жоғарғы көрсеткішімен өзгешеленеді. Енді екінші кластерге келсек, онда 12 ерлер тобы 4 субкластерге топтасқан. Олардың дерматоглификалық сипаттамасы бірінші кластердегі топтардың топтасу негізіне өте ұқсас. Назар аударатын жай территория жағынан алшақ топтардың өте жақын ДТА көрсеткіштері бойынша бірігуі болып табылады. Атап айтқанда оңтүстік, батыс және солтүстік өңірінің қазақтары өзара өте жақындығын айтуға болады.

Енді зерттелген әйел топтарының ДТА көрсеткіштері негізінде кластерлік талдауға назар аударайық (2- сурет). Кластерлік талдау негізінде зерттелген әйелдер топтары ДТА көрсеткішінің орта деңгейінде 4 кластерге жіктелді. Бұл кластерлерге дерматоглификалық топаралық көрсеткіштің үлкен дәрежесінде оңтүстік пен шығыс топтары қосылады. Аталмыш екі топтардың басқа топтарға қарағанда шығыстық комплекстерінің шамасы жоғары екені анықталды. Енді әрбір кластерге қысқаша анықтама берейік. Бірінші кластер бірнеше субкластерден тұрады. Бір субкластерде территориялық жағынан алшақ батыс пен оңтүстік топтары біріккен. Оларда білек буынындағы үшбұрыштың төменгі және гипотенар өрнегінің жоғарғы пайыздары кездеседі. Екінші субкластерді шығыс пен батыс топтары құрайды. Бұл топтар дельта индексінің төменгі көрсеткішімен ерекшеленеді. Ал үшінші субкластердегі батыс, солтүстік және шығыс топтарының әйелдері гипотенар өрнегінің өте жоғарғы пайызда кездесуімен өзгешеленеді. Үшінші субкластерде солтүстік пен оңтүстік-шығыс өңірінің әйелдері топтасқан. Ал төртінші субкластер оңтүстік пен шығыс топтарынан тұрады. Оларда білек буынындағы үшбұрыштан басқа дерматоглификалық анықтамалардың көрсеткіштері орта деңгейде кездеседі. Үшінші кластер екі субкластерден тұрады. Біреуін солтүстік пен батыс, екіншісін батыс пен оңтүстік топтары құрайды. Бұл субкластерлердің айырмашылығы дельта индексінің көрсеткішіне байланысты, біріншісінде D_{10} көрсеткіші төмен, екіншісінде жоғары екені анықталды. Төртінші кластерде екі субкластерден тұрады. Бірінші субкластерді солтүстік өңірдің топтары құрайды. Аталмыш әйелдер топтары дельта индексі мен білек буынындағы үшбұрыштың төменгі, ал Камминс индексінің жоғарғы көрсеткіштерімен ерекшеленеді. Екінші субкластерде батыс өңірдің әйелдер топтары біріккен. Оларда дельта индексі мен білек буынындағы үшбұрыштың төменгі және гипотенар өрнегінің жоғарғы пайызы кездеседі.

Сонымен қорыта келе қазақтардың алақан мен саусақ тері өрнектерінің басты нәтижелері бойынша мынандай тұжырымға келуге болады. Зерттелген қазақ топтарында (екі жыныста) таксономиялық маңызы зор дерматоглификалық анықтамалардың өте шашыранды, әсіресе бұл құбылыс батыс өңір қазақтарында жиі кездесетіні анықталды. Республиканың оңтүстік-шығыс өңірінде шығыстық комплекстің (ШК) көрсеткіші жоғары екені және бұл көрсеткіштің шамасы батыстан шығысқа қарай шоғырлана түсетіні байқалады, дегенменде батыс өңірінің қазақтарында монғолоидтық элементтердің әлсіздеу екенін ескеру керек. Дерматоглификалық анықтамалардың комплексті сипаттамалары мен статистикалық талдаудың нәтижелері қазақтардың топаралық, субэтникалық және аймақтық жүйеленуі бойынша гомогенді, бір-біріне жақын этнос екенін дәлелдеп берді.



1-сурет. Қазақ топтарының (ерлер) дерматоглификалық көрсеткіштері бойынша кластерлік көрінісі. О – оңтүстік өңір, С – солтүстік өңір, Ш – шығыс өңір, Б – батыс өңір



2-сурет. Қазақ топтарының (әйелдер) дерматоглификалық көрсеткіштері бойынша кластерлік көрінісі. О – оңтүстік өңір, С – солтүстік өңір, Ш – шығыс өңір, Б – батыс өңір.

Әдебиеттер

- Бабаков О. Антропологический состав туркменского народа в связи с проблемой этногенеза. - Ашхабад. 1977, 138 с.
- Гейндль Р. Дактилоскопия и другие методы уголовной техники в деле расследования преступлений. М.: Государственное техническое издательство, 1927. 320с.
- Гладкова Т.Д. Кожные узоры кисти и стопы обезьян человека. М., Наука, 1966. 151с.
- Исмагулов О., Сихымбаева К.Б., Исмагулова А.О. Этническая дерматоглифика казахов. Алматы, 2007. 237с.
- Саливон И.И., Тегако Л.И., Архангельская М.С. Одонтологическая и дерматоглифическая характеристика казахов аридной зоны // Вопросы антропологии, 1984. - Вып. 73. - С. 116-127.
- Семеновский П.С. Распределение главных типов такильных узоров на пальцах рук человека // Русский антропологический журнал. 1927. Т.16. Вып.1-2. С.47-63.
- Сихимбаева К.Б. Антропологический состав населения западного Казахстана по данным дерматоглифики и одонтологии // Автореф. дис. канд. ист. наук. - М., 1987.
- Хить Г.Л. Дерматоглифика и раса // Расы и народы. - М., 2004. Вып. 30. - С.132-161.
- Хить Г.Л. Дерматоглифика народов СССР. - М., 1983. - С. 26-40.
- Хить Г.Л., Халдеева Н.И. Внутригрупповые связи элементов дерматоглифики и одонтологии // Вопросы антропологии, 1976. - Вып. 52. С.101-108.
- Хить Г.Л., Ширококов И.Г., Слаболубова И.А. Дерматоглифика в антропологии. Санкт-Петербург, 2013, 374с.
- Хить Г.Л., Намсарайнайдан Л. Новые материалы по дерматоглифике монголов // Сов. Этнография, 1975, №2, С.112-116.

Хий Г.Л., Рысназаров Н. Дермаоглифические исследования в Каракалпакии //Вопр. Антропологии, 1968, вып.30. С. 117-126.

Galton F. Finger-prints. London: Macmillan and Co., 1892. 310 p.

Gummins H., Midlo Ch. Finger prints, palms soles. An introduction to dermatoglyphics. Philadelphia, 1943, 210 p.

ETHNOGENETIC ASPECT OF KAZAKHS IN SCOPE OF DERMATOGLYPHICS STUDY

Collected dermatoglyphical data was grouped into 35 local groups, where males and females were studied separately. For dermatoglyphic analysis all groups were separated into four territorial groups: Eastern, Western, Northern and Southern. Complex dermatoglyphic analysis was carried out on data collected from Kazakh population. In this article ethno-dermatoglyphic differences of Kazakhs and the geographical distribution, homogeneity of taxonomic data was studied. Main features of dermatoglyphic data suggests disperse distribution, which demonstrates ethno-genetic process in Kazakhs. Furthermore, among the Eurasian Kazakh group demonstrate unique dermatoglyphic status. Results of the study indicate that the process was started in the Bronze Age. Data correlation of main dermatoglyphic features as palm triradius and hypothenar pattern prove that distant ancestors of Kazakhs were Europoid. Western dermatoglyphic features had less variance among Western Kazakhs in comparison to Eastern Kazakhs. This ethnogenetic process remained in modern Kazakhs, thus they belong to mixed Turanoid race.

Т.Е. Картаева, А.С. Есенманова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы қ., Қазақстан

kartaeva07@mail.ru, esenamanova_aigerim@mail.ru

СЫР ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ДЕМОГРАФИЯСЫ: КӨШПЕЛІЛЕР МЕН ОТЫРЫҚШЫЛАРДЫҢ АРАСАЛМАҒЫ (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы)*

Сыр өңірі қазақтарының тарихи демографиясын саралағанда көшпелілер мен отырықшылардың, ауыл және қала тұрғындарының арасалмағын ажыратудың маңызы ерекше. Біз зерттеу нысанасына XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойындағы Перовск және Қазалы уезі қазақтарын негізге алып отырмыз. Перовск және Қазалы уезі қазіргі Қызылорда облысының аймағы және «Сыр өңірі» деген шартты атау Сырдың төменгі ағысы бойында орналасқан Қызылорда облысы өңіріне, «Сыр өңірі қазақтары» атауы осы облысты мекендейтін қазақтарға қатысты қолданылады. Сырдарияның төменгі ағысы өңірі Арал теңізінің шығыс, солтүстік-шығыс жағалауымен шектеседі.

Н.Н. Балкашин бойынша 1830 жылдары Сырдария облысы жерінде 105000 қазақ болған [Балкашин, 1887, с. 35].

Н.В. Остроумов құрастырған «География Туркестанского края (Родиноведение)» атты еңбекте: «Түркістан өлкесінің солтүстік батыс бөлігі көшпелі шаруашылықты дамытуға қолайлы болды. Өлкенің бұл бөлігінде 802000 адам тұрады. Көшпелі қазақтар Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Әмудария бөлімінде тұрады. Перовск уезінде – 115210, Қазалы уезінде – 105900 адам қоныстанған», – деп көрсетілген [Остроумов, 1856, с. 43]. Н.В. Остроумов берген деректердегі Перовск мен Қазалы уездерін қоса есептегенде 221110 адам көшпелі өмір сүрген.

Сырдария линиясының әскери кеңесшісі Осмоловскийдің есептеуінше 1858 жылы Жаңадария өзені аңғарындағы 2000 шаңырақ егінші, 5000 шаңырақ көшпелі болған [Казахско-русские отношения..., 1964, с. 455]. 1860 жылғы әскери санақ бойынша Перовск форты өңірінде – 8000, №1 форт өңірінде – 6000, барлығы 12000 көшпелі шаңырақ Сырдария бойында қыстауға оралған, ал 1859 жылы осы жердегі көшпелілер саны шамамен 13500 шаңырақ болған. 1860 жылы Сырдария бойында олардың санының шамамен 1500 шаңыраққа кемуіне олардың Сыр бойына оралмай Орынбор линиясында қалып қоюы себеп болды. Сыр көшпелілерінің бір бөлігінің Орынбор линиясында қалып қоюына Сыр өңірінде сол жылы егін түсімінің аз болуы әсер еткен [Казахско-русские отношения..., 1964, с. 468], себебі көшпелілер қыстауға оралғанда отырықшылардан егін өнімін малға айырбастап алған. Тағы бір мұрағат құжаты Перовск, Қазалы өңірінде 1857 жылы – 3853, 1858 жылы – 4986, 1859 жылы – 4944, 1860 жылы – 6777 шаңырақ қыстағанын көрсетеді [Управление киргизами Сыр-Дарьинской линии, с. 79].

*№AP08856696 «Қазақстанның шөлді атыраптарының егіншілік-малшаруашылық ландшафтарын этнографиялық және геоархеологиялық зерттеу: игеру мен бос қалдырулардың тарихи себептері».



1-сурет. Перовск, Қазалы уездері. Статистикалық деректер негізінде авторлар жаңғыртпасы [Гаврилов, 1911; Карта коренных областей Туркестана, 1914; МКЗ...1912; МКЗ...1913; Неуструев, 1911].

Л.Л. Мейер құрастырған «Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба» атты жинақта әскери зерттеушілер қорыта келе, 1860 жылдары Орынбор өлкесінің батыс бөлігінде – 65000 шаңырақта 325000 адам; орта бөлігінде – 55000 шаңырақта 275000 адам; шығыс бөлігінде – 25000 шаңырақта 125000 адам; Сырдария бөлігінде 15000 шаңырақта 75000 адам; Орынбор өлкесінде барлығы 160000 шаңырақта 800000 адам болған, – деген [Мейер, 1865, с. 86-87]. Одан әрі, Сыр бойында 10000-дай шаңырақ егіншілікпен, 25000 шаңырақ көшпелі мал шаруашылығымен айналысып, жалпы өлкеде 35000-дай шаңырақ болған. Халықтың 5/1 бөлігі егіншілікпен, 5/4 бөлігі көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен. 1862 жылы Перовск фортында 9416, №1-ші фортта 6380, Қараөзек, Қуандария, Жаңадария бойында шөмекейлерді қоспағанда 10000 шаңырақ қыстаған, – деген мәліметті көрсеткен [Мейер, 1865, с., 95]. Л.Л. Мейер бұл жазбасында Сыр өңіріндегі қазақтардың бір бөлігінің ғана егіншілікпен айналысып отырықшы болғанын, қалған төрт бөлігінің мал шаруашылығымен айналысып, көшпелі өмір сүргенін негіздеген.

Сырдария линиясының пропорцигі Богдановтың 1865 жылдың 30 қазанындағы жазбасын негізге алсақ, тек №1 форт өңірінде жалпы саны көшпелі 10000 шаңырақ болған [Казахско-русские отношения..., 1964, с. 527]. А.И. Макшеев: «1867 жылы Сырдария және Жетісу өңірінде 500 мың адам көшіп жүрген», – дейді [Макшеев, 1868, с. 54].

1870 жылы Түркістан статистикалық комитетінің Сырдария облысы бойынша берген мәліметінде Перовск уезінде – 10 көшпелі болыс, 109 ауыл, 20018 шаңырақ; Қазалы уезінде – 7 көшпелі болыс, 42 ауыл, 12804 шаңырақ; Әулиеата уезінде – 16 көшпелі болыс, 130 ауыл, 20 405 шаңырақ; Шымкент уезінде – 20 болыс, 184 ауыл, 29 722 шаңырақ; Құрама уезінде – 28 болыс, 78 қышпақ, 11 684 шаңырақ; Ходжент уезінде – 25 ақсақалдық, 1382 шаңырақ; Жизақ уезінде – 7 серкелік, 327 шаңырақ болған [Материалы для статистики..., 1872, с. 6]. Сырдария облысы бойынша салыстырып қарайтын болсақ, Перовск уезі халқының саны жағынан 3, ал Қазалы уезі 2-орынды иеленген.

1870 жылы Перовск уезінің Жаңақорған болыстығында – 15 ауыл, 3083 шаңырақ; Жөлек болыстығында – 14 ауыл, 2740 шаңырақ; Кеңтүп болыстығында – 12 ауыл, 2076 шаңырақ; Царская болыстығында – 12 ауыл, 2141 шаңырақ; Шаған болыстығында – 11 ауыл, 2192 шаңырақ; Жомарт болыстығында – 9 ауыл, 1495 шаңырақ; Байзақ болыстығында – 11 ауыл 1827 шаңырақ; Қармақшы болыстығында – 10 ауыл, 1627 шаңырақ; Қысбөгет болыстығында – 10 ауыл, 1779 шаңырақ; Аққыр болыстығында – 6 ауыл, 1058 шаңырақ, барлығы – 98 көшпелі ауыл, 20018 қазақ шаңырағы болған. 1870

жылы әр шаңырақта орта есеппен 5 адамнан болды десек, шамамен Перовск уезінде 108620 қазақ болған. Егер басқа ұлт өкілдерін мен әскерилер санын қоса есептегенде уезде 112031 тұрғын болған [Материалы для статистики..., 1872, с. 119].

1-кесте

Қазалы уезіндегі қазақтар. 1870 жыл. (Шаңырақ саны есебімен)

Болыстар	Ауыл саны	Отырықшылар	Көшпелілер	Барлығы
Қаракөл	7	1126	1063	2189
Қостам	6	1475	779	2254
Райым	7	1034	1183	2217
Сарытоғай	6	1214	536	1750
Қарабастоғай	7	86	1780	1866
Заңғар	6	-	1356	1356
Қуандария	3	-	726	726
Барлығы	42	4835	7423	12358

1 кестеде көрсетілгендей, 1870 жылғы Түркістан статистикалық комитетінің санақ есебі бойынша Қазалы уезіндегі барлығы 12358 қазақ шаңырағынан 4935 шаңырақ отырықшы, 7423 шаңырақ көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен [Материалы для статистики..., 1872, с. 126-127]. 1870 жылы барлығы Қазалы уезінде 12358 адам болса, 1895 жылы И.В.Аничков жинаған мәлімет бойынша 26000 адам болған [Материалы для статистики..., 1872, с. 23].

В.В. Радловтың зерттеуін негізге алсақ, 1880 жылдары Қазалы округінде барлығы 17680 шаңырақ болып, 4000 шаңырақ шаңырақ егіншілікпен айналысқан. Яғни 13680 шаңырақ көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен. 1882 жылғы Қазалы уезі бастығының есебінде тек Қазалы уезінде 1880 жылы – 19597, 1881 жылы – 19504, 1882 жылы – 19506 көшпелі шаңырақ болғандығы және Қазалы қаласынан басқа жердегі уезд қазақтарының барлығы көшпелі деп көрсетілген [Казалинское уездное управление..., 1964, с. 99-100].

1885 жылы Сырдария облысы бойынша – 1212 600 тұрғын тіркелген. Соның ішінде Перовск уезінде – 116840, Қазалы уезінде – 100000, Ташкент қаласында – 121401, Құрама уезінде – 230020, Ходжент уезінде – 244000, Шымкент уезінде – 157260, Әулиеата уезінде – 173270, Түркістанда – 69800 адам, соның ішінде Перовск уезінде – 116243 (237 адам басқа ұлт өкілдері), Қазалы уезінде – 95132 (4868 адам басқа ұлт өкілдері) қазақ болған [Смирнов, 1887, приложение 4-, 5]. 1885 жылғы ресми дерек бойынша отырықшылар мен көшпелілердің арасалмағына келер болсақ жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар Перовск уезінде – 111560, Қазалы уезінде – 94228 шаңырақты құраған [Смирнов, 1887, с. 58-59].

2-кесте

Сырдария облысы бойынша көшпелілер мен отырықшылар арасалмағы (1885 ж. Сырдария облысы уездерімен салыстырмалы көрсеткіш)

Уездер	Қалалықтар	Отырықшылар	Көшпелілер	Барлығы
Перовск	5280	-	111560	116840
Қазалы	5772	-	94228	100000
Түркістан	3700	11520	54580	69800
Шымкент	9080	17080	131100	157260
Әулиеата	5700	2780	164790	173270
Ходжент	71200	134430	38370	244000
Құрама және Ташкент	121410	179290	50730	351430
	222142	345100	645358	1212000

2-кестеде көрсетілген мәліметпен Перовск және Қазалы уездерінің Сырдария облысының көшпелі мал шаруашылығы басым дамыған аймағы болғанын дәлелдейміз. Бұл санақта Перовск және Қазалы уездеріндегі жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар да көшпелілер қатарына енгізілген, жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақтар егін егуді мал шаруашылығына қосалқы кәсіп еткен. Сырдария облысы бойынша отырықшылар 567600, ал көшпелілер 645300 адам, үлестік салмағы бойынша көшпелілер 53%, отырықшылар 47% құраған.

Жергілікті тұрғындардың діни сенімдері бойынша 1885 жылы жасалған статистикалық мәліметте жергілікті қазақтардың санын нақтылауға негіз болады. 1885 жылы Перовск уезінен барлығы 116480 адамның 115245-і, Қазалы уезінен барлығы 100000 адамның 96090-ы мұсылман ретінде тіркелген [Смирнов, 1887, приложение 4]. 1885 жылғы мәлімет бойынша жалпы қазақтардың саны шамамен 3 236 394 адам [Аристов, 1897, с. 116].

1886 жылы Перовск уезінде 113307 қазақ, 1251 орыс, 787 еврей – барлығы – 115345 адам болса, Қазалы уезінде 96186 қазақ, 3554 орыс, 260 еврей барлығы – 100000 адам болған [Обзор Сыр-Дарьинской области..., 1888, с. 149].

3-кесте

1886 жылғы көшпелілер мен отырықшы тұрғындардың арасалмағы (Сырдария облысы уездерімен салыстырмалы көрсеткіш)

Уездер	Көшпелілер	Отырықшылар	Барлығы	Көшпелілер %	Отырықшылар %
Перовск	111845	3500	115345	97	3
Қазалы	94165	5835	100000	95	5
Құрама, Ташкент қ.	49460	307620	375080	14	86
Ходжент	38130	205630	243760	18	82
Шымкент	129770	26900	156670	77	23
Әулиеата	164975	9780	174755	94	6
Түркістан	55590	16200	71790	78	22
Барлығы	643935	575465	1219400	53	47

3-кестеден көріп отырғанымыздай Перовск уезі тұрғындарының 97%-ын, Қазалы уезі тұрғындарының 95%-ын көшпелілер құраған. Бұл Сырдария облысын құраған басқа уездерге қарағанда басым көрсеткіш. Көшпелілердің үлес салмағы жағынан Сыр өңірінен кейінгі орындарды Әулиеата, Шымкент, Түркістан уездері иеленеді.

Салық жинау мақсатында есепке алынған мәліметтер де статистикалық дерек көздер болып табылады. 1892 жылы Перовск уезінде 110237 адам, соның ішінде қазақтар саны 108916 адам болса, Қазалы уезінде 139805 адам, соның ішінде қазақтар саны 135814 адам болған. Барлығы Сырдария облысында 1892 жылы 1285742 адам тіркелген [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 г, 1894, с. 6-7].

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында өңірдегі адам санының негізгі бөлігін, яғни 99%-ын қазақтар құраған. Мысалы, 1895 жылы Перовск уезінде барлығы 111500 адам болса, соның ішінде қазақтар саны 111221 адам, соның ішінде ерлер – 55928, әйелдер – 55293 болған. Ал, Қазалы уезінде барлығы 140860 адам болса, қазақтар саны – 140729 адам, соның ішінде ерлер – 68835, әйелдер – 71894 болған. Яғни 1895 жылы Перовск уезінде 279 адам, Қазалы уезінен 131 адам басқа ұлттың өкілдері [Қосымша Б, Кесте Б3-Б4].

1895 жылы Сырдария облысында барлығы 1217067 адам болса, соның 251950 адамы Сыр өңірінде, ал 1906 барлығы Сырдария облысында 1667468 адам болса, соның 340050 адамы Сыр өңірінде тұрған [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1895 год, 1897, с. 287].

1895 жылы халық тығыздығы Перовск уезінде 1 кв. верста жерге 1,56 адамнан, Қазалы уезінде 3,2 адамнан келген.

Түркістан Статистикалық комитетінің 1905 жылғы жариялаған мәліметі бойынша Қазалы уезінде 135850 қазақ, 2916 орыс; Перовск уезінде – 130269 қазақ, 1450 сарт, 1165 орыс тіркелген. Статистар Сырдария облысының 1906 жылғы шаруашылық типіне берген анықтамасында: «көшпелі мал шаруашылығы Перовск және Қазалы уездерінде ерекше сақталып отыр, қалған уездерде көшпелілер үлесі жыл сайын азаюда», – деген [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 год, 1907, с. 4]. Көшпелілер мен отырықшылардың арасалмағы ауыл тұрғындарынан ажыратылады, қала тұрғындарын отырықшылар құрағаны белгілі [Қосымша Б, Кесте Б5-Б6].

Қала тұрғындарының демографиясына келетін болсақ, 1906 жылы Перовск қаласында ерлер – 3897, әйелдер – 3253, барлығы – 7150 адам, соның ішінде қазақтар саны ерлер – 1821, әйел – 1092, барлығы – 2913 қазақ. Ал, Қазалы қаласында ерлер – 6085, әйелдер – 4943, барлығы – 11028 адам, соның ішінде қазақтар саны ерлер – 3780, әйелдер – 2765, барлығы – 6545 қазақ. Екі қаланы қосқанда 1906 жылы Сыр

өңірінде 9458 қазақ қалада, қалғандары яғни 180872 қазақ ауылдық жерде тұрған [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 год, 1907, приложение III].

1908 жылы Сырдария облысы бойынша қала тұрғындарының саны 262786 адам болып үлестік салмағы 15%-ды құраса, соның 7765 адамы Перовск қаласында тұрған. Сырдария облысы бойынша жергілікті тұрғындар 95%-ды құраған [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г, 1909, с. 2]. Н. Гаврилов та Перовск қаласында 1908 жылы 7765 тұрғын болғанын айта отырып, қала тұрғындарының жартысын қазақтар, қалғанын орыс шаруалары мен мешандары құрады, тұрғын үй саны 1247 еді, – дейді [Гаврилов, 1911, с. 278].

Кестеде көрсетілгендей 1908 жылы Перовск қаласында 7765 тұрғын, ал жалпы уезде 179800 көшпелі қазақ (ерлер – 94200, әйелдер – 85600) болған. Сырдария облысы бойынша басқа уездермен салыстырып қарайтын болсақ, Перовск уезі халқының саны жағынан 2-орынды иеленген. Кестеден байқағанымыз Перовск қаласын қоспағанда Перовск уезінде қазақтар саны 99,4%-ды, ал орыстар 0,6%-ды құрайды. Перовск уезінде қазақтар тұрғындардың негізгі денін құраған. Перовск уезіндегі 1009 орыс 214 шаңырақты құрап, 4 селениеде орналасқан. Яғни, 1908 жылы Перовск уезінде 20 болыс, 162 ауыл, 27 224 шаруашылық; халық саны жағынан Перовск уезінде 1908 жылы 159 599 қазақ, 1009 орыс, барлығы – 167364 адам болған (ерлер – 88743, әйелдер – 78621) [Гаврилов, 1911, с. 278-279].

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген мәліметті негізге алсақ 1908 жылы Қазалы қаласындағы қазақтар саны 7141 болса, 1909 жылы Қазалы қаласындағы қазақтар саны 4170 адам болып, 2971 адамға кеміген, ал 1910 жылы қала қазақтары 3774 болып, 396 адамға кеміген. Қазалы қаласында қазақтар санының кемуі Қазалыға басқа ұлт өкілдерінің көптеп келуі, сауда пункттерінің ашылуы, қаладан ауылға көшу процесінің – рурбанизацияның болуы әсер еткен.

1908 жылғы демографиялық көрсеткіш мәліметтерін Сырдария облыстық статистикалық комитеті шығарған «Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г.» атты еңбек пен Н. Гавриловтың осы жылғы санақ нәтижесіне сүйеніп жазған «Переселенческое дело в Туркестанском крае» атты еңбектерін негізге ала отырып жаздық. Осы екі еңбек бір комитет зерттеуінің нәтижесінде жазылса да цифрлық мәліметтер арасында айырмашылық бар, яғни Сыр бойы тұрғындарының демографиясы жайында деректердегі сандық көрсеткіштер әр түрлі. Мысалы, Н. Гавриловтың 1908 жылы Статистикалық комитет жүргізген деректі негізге ала отырып жазылған «Переселенческое дело в Туркестанском крае» атты еңбекте Перовск уезінде 166364 адам, 1 кв. верста жерге халық тығыздығы 1,75 адамнан келеді деп көрсете отырып, сол бетте халықтың жыныстық құрамын сараптағанда Перовск уезінде барлығы 167364 адам болғанын көрсетсе [Гаврилов, 1911, с. 278]. «Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г.» атты еңбекте Перовск уезінде жалпы саны 167078 адам болған деп көрсетеді [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г, 1909, с. 2], яғни мәліметте 286 адамға айырмашылық бар.

Сырдария облысы бойынша халықтың табиғи өсімі, яғни бала туу көрсеткіші бойынша 1907 жылы 1906 жылмен салыстырғанда 2, 32%-ға, 1908 жылы 1907 жылмен салыстырғанда 1,11%-ға өсті [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г, 1909, с. 2].

4-кесте

1909 жылғы Сыр өңірі көшпелілері мен отырықшы ауылдарының басқа уездермен салыстырмалы көрсеткіші (шаңырақ саны есебі)

Уездер	Көшпелі ауыл	Отырықшы ауыл	Орыс аулы	Көшпелі	Отырықшы	Орыс	Барлығы
Перовск	164	-	4	27638	-	261	27899
Қазалы	155	-	-	33141	-	-	33141
Ташкент	6	225	18	1921	53382	1303	56606
Шымкент	328	24	37	46602	9028	2279	57909
Әулиеата	227	5	32	47418	1674	2589	51681
Әмудария	122	23	-	25790	15264	-	41054
Барлығы	1002	277	91	182510	79348	6432	268290

4-кесте бойынша статистикалық комитеттің 1909 жылғы санақ дерегі бойынша Перовск уезінде 27899, ал Қазалы уезінде 33141 көшпелі шаңырақ болған [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1909 г, 1911, с. 14], яғни жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындарды да қоса көшпелі шаңырақ деп көрсеткен. Бұл деректе Сыр өңірінде таза отырықшылықты кәсіп еткен қазақ шаруашылығы болмағандығын дәлелдейді.

1910 жылғы статистикалық партия жүргізген ауылшаруашылығы санақ есебі бойынша 1910 жылы Перовск уезінде 310 ауыл, 23689 шаңырақ, 78534 ер, 68 960 әйел, барлығы 147494 адам болған [МКЗ..., 1912, с. 18] 1910 жылы Перовск уезінің жер көлемі 64814 кв. верста жерді қамтып, халықтың тығыздығы 1 кв. верста жерге 2,3 адамнан келген. 1910 жылғы қатысты статистикалық деректі Сырдария облыстық статистикалық комитетінің еңбектері толықтыра түседі, осы комитет мәліметіне сүйенетін болсақ Перовск қаласында барлығы 11531 адам, соның ішінде қазақтар – 2865, қалғаны басқа ұлт өкілдері [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год, 1912, приложение 75]. Бұл мәліметтерден шығатын қорытынды басқа ұлт өкілдерінің шоғырлануы тек қалалық жерге немесе арнайы құрылған поселкелерге ғана тән болды.

1910 жылы Сырдария облысы уездерінде барлығы 269785 шаруашылық ауыл, ондағы адам саны 1592197 адам болған. Перовск және Қазалы уездерін қоса есептегенде 1897 жылы 54586 шаңырақ болса, 1910 жылы 65856 шаңырақ болған. Көршілес Шымкент уезімен салыстыратын болсақ, онда 1897 жылы 41406, ал 1910 жылы 58011 шаңырақ болып, осы аралықта 16405 шаңыраққа, яғни 39,4%-ға өскен, онда бір отбасына орташа есеппен 6,3 адамнан келген [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год, 1912, с. 16-18]. 1910 жылы 1897 жылғы санақпен салыстырғанда Перовск уезінде халық саны 5789 шаңырақ, 34222 адамға, яғни 26,6%-ға, ал Қазалы уезінде 33555 шаңырақ, 70510 адамға, яғни 53,3%-ға өскен. Соның ішінде 1910 жылы қала тұрғындарының арасында қазақтар саны Перовск қаласы бойынша 2865 (ерлер – 1642, әйелдер – 1223), Қазалы қаласы бойынша 3774 (ерлер – 2056, әйелдер – 1718) болған [Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год, 1912, 18].

1910 жылғы көктем мен күзде жүргізілген ауыл шаруашылығының санағы мәліметтеріне көңіл аударатын болсақ, статистар Перовск уезінде сол кезде қыстауда болған нақты 310 шаруашылық ауылды, соның ішінде 23689 шаңырақты, соның ішінде 9195 көшпелі, 14494 отырықшы шаңырақты есепке алып, қазақтардан 78534 ер, 68960 әйел, барлығы 147494 адам болғандығын көрсеткен [МКЗ..., 1912, с. 18, Групповые таблицы, 34]. Статистар 191 шаңырақтың қыстауда болмауы себепті есепке алынбағанын жасырмаған, МКЗ-ның «Общий очерк киргизского хозяйства» бөлімінде: осы 191 шаңырақты қоса есептегенде шамамен Перовск уезінде 23880 қазақ шаңырағы, онда ерлер – 79164, әйелдер – 69514, барлығы 148678 адам болар еді, – деп көрсеткен [МКЗ..., 1912, с. 18]. Бұл екі санақ бір жылдың мәліметін берсе де екі түрлі сандық мәлімет көрсетілуінің себебі, ауыл тұрғындарының мерзімдік жайылымдарда болуы, ішкі миграцияның қарқынды орын алуы себепті болды.

5-кесте

1911 жылғы Сыр өңіріндегі көшпелі мен отырықшылардың арасалмағы (шаңырақ саны есебімен)

Уезд	Болыс	Ауыл	Көшпелі шаңырақ	Отырықшы шаңырақ	Орыс ауылы	Орыс шаңырағы	Барлығы
Перовск	20	167	19240	8430	4	275	27945
Қазалы	18	158	22660	9335	-	-	31995

5-кестеде көрсетіп отырған мәлімет Сырдың төменгі ағысындағы тайпаларының көшпелі мал шаруашылығын негізгі кәсіп еткендерін тағы бір дәлелдей түседі [Обзор Сыр-Дарьинской Области за 1911 г, 1913, с. 15].

6-кесте

1911 жылғы Перовск уезі Перовск учаскесіндегі көшпелілер мен отырықшылар (шаңырақ саны есебімен) [291, приложение, 76-83]

Болыс	Ауыл	Көшпелі	Отырықшы	Барлығы
Царская	10	1214	408	1622
Кентүп	7	744	582	1326
Көткеншек	7	1782	729	2511
Аламесек	6	609	304	904
Шаған	7	758	518	1276
Қысбөгет	12	981	409	1390
Қостам	7	707	443	1150
Қаракөл-Қуандария	6	489	329	818
Айнакөл	8	889	578	1467
Қараөзек	8	969	119	1088

Маслов	6	793	228	1021
Байзақ	7	862	230	1092
Аламесек базары		-	15 – қазақ ш. 5- татар ш. 20 – сарт ш.	15
Александровск селосы		-	21 – орыс ш.	
Ново-Астрахан селосы		-	21 – орыс ш.	
Барлығы		10788	4959	15747

7-кесте

**1911 жылғы Перовск уезі Жөлек участогіндегі көшпелілер мен отырықшылар
(шаңырақ саны есебімен)**

Болыс	Ауыл	Көшпелі	Отырықшы	Барлығы
Скобелев	9	1452	-	1452
Телікөл	4	700	3 – орыс ш.	700
Головачев	8	645	981	1635
Приречная	12	1742	-	1742
Жөлек	9	1624	-	1624
Жаңақорған	6	1060	17	1077
Гродеков	11	811	760	1571
Скобелево селосы		15	82 (орыс, қазақ, парсы)	15
Жөлек селосы		-	70	70
Барлығы участокте		8452	3471	11923
Барлығы		19240	8430	27670

8-кесте

1911 жылғы Қазалы уезі Қазалы участогы бойынша көшпелілер мен отырықшылар (шаңырақ саны есебімен) [291, приложение, 86-104]

Болыс	Ауыл	Көшпелі	Отырықшы	Барлығы
Актоған	10	822	922	1744
Ақтөбе	12	567	1471	2038
Ақшатау	7	984	1080	2064
Қостам	9	1484	560	2044
Сарытоғай	9	1221	300	1521
Қаракөл	12	1909	327	2236
Райым	4	967	-	967
Шебенді	11	2085	322	2407
Қалымбас	9	1705	-	1705
Мақбал	7	927	324	1251
Барлығы		12671	5306	17977

9-кесте

**1911 жылғы Қазалы уезі Қармақшы участогы бойынша көшпелілер мен отырықшылар
(шаңырақ саны есебімен)**

Болыс	Ауыл	Көшпелі	Отырықшы	Барлығы
Қармақшы	12	2064	226	2290
Жамансыр	10	1006	660	1666
Қуандария	11	1125	1151	2276
Аққыр	9	1119	646	1765
Құрғаншы	5	840	160	1000
Қарабастоғай	6	1122	393	1515
Заңғар	7	1281	523	1804
Барлығы уч.-те		9989	4209	14018
Барлығы уезде		22660	9335	31995

Түркістан Статистикалық комитеті 1911 жылғы зерттеуінде отырықшы қазақ шаңырағы деп шартты түрде өз болыстары төңірегінде көшіп қонатындарды да айтқан. Ал, МКЗ-да берілген ауыл шаруашылығы санағы бойынша 1911 жылы Қазалы уезінде 24223 қазақ шаңырағының 42,86%-ы көшпелі, 57,14%-ы отырықшы халықты құраған [МКЗ..., 1913]. Қазалы көшпелілерінің саны көрші Перовск уезімен салыстырғанда басым болды. Перовск уезінде 1910 жылы халықтың 38,8%-ы көшпелі болатын [МКЗ..., 1912. Групповые таблицы, 34].

Тарихи демография ғылымында қалыптасқан жүйе бойынша халықтың жастық және жыныстық құрамын анықтаудың маңызы зор. Біз зерттеп отырған кезеңде екі уезде де ерлердің саны әйелдердің санынан басым болған. Бұл мәліметтің қазіргі таңда демографиялық диспропорция орын алып, керісінше әйелдердің саны ерлерден басым болып отырғаны репрессия, Ұлы Отан соғысы сияқты XX ғасырдағы саяси оқиғалардан туындаған үдеріс екенін дәлелдейді. Қоныс аудару, Азамат соғысы, ашаршылық әсерінен болған кері демографиялық процестер Сыр өңірінен де байқалды, мысалы, Сыр өңірінен 1906 жылы тіркеуге алынған 340050 адамнан, 1920 жылы 189481 адам қалып, 14 жылда 150569 адамға қысқарып кетті. Перовск уезінде 1906 жылы ерлер – 80801, әйелдер – 68919, барлығы – 149720 адам; 1907 ерлер – 80797, әйелдер – 72617, барлығы – 153414 адам; 1920 жылы ерлер – 52856, әйелдер – 49916, барлығы – 102772 адам; Қазалы уезінде – 1906 жылы ерлер – 102261, әйелдер – 88066, барлығы – 190330 адам; 1907 жылы ерлер – 103918, әйелдер – 89577, барлығы – 193495; 1912 жылы ерлер – 117467, әйелдер – 102865, барлығы – 220332 адам; 1920 жылы ерлер – 43565, әйелдер – 43144, барлығы – 86709 адам болған.

И.И. Зарубин бойынша 1917 жылы Перовск уезінде 151458, Қазалы уезінде 122644 қазақ тіркеуге алынған [Зарубин, 1925, с. 11].

1920 жылы Перовск уезі бойынша қала халқы – 9994, ауыл халқы – 92778, барлығы уезде – 102772, ал Қазалы уезі бойынша қала халқы – 17506, ауыл халқы – 69203, барлығы уезде 86709 адам болған, соның ішінде қазақтар саны Перовск уезінде – 92740, Қазалы уезінде – 73436 болған [Отчет о деятельности совета..., 1922, с.47; Материалы Всероссийских переписей 1920 года, 1923, с.30, 48]. Көшпеліліктің жалғасуы себепті 1920 санақ кезінде Қазалы уезінде 2061, Перовск уезінде 1841 адам болмаған [Материалы Всероссийских переписей 1920 года, 1923, приложение, 22, 31]. Перовск уезінің 9,7%-ын қала, 90,3 %-ын ауыл тұрғындары, ал Қазалы уезі тұрғындарының 20,2%-ын қала, 79,8%-ын ауыл тұрғындары құрады [Отчет о деятельности совета..., 1922, с. 49]. Сырдария облысында 1897 жылғы санақпен салыстырғанда 1920 жылы қала тұрғындарының саны 52 %-ға артса, тек Ақмешітте қала тұрғындарының саны 87%-ға артқан, Қазалы қаласы тұрғындарының Жаңа Қазалыға қоныс аударуы басым болып, ішкі миграция қарқындауы орын алды [Қосымша Б, Кесте Б11-Б12].

1920 жылы Перовск уезінің жер көлемі 82720 кв. верста, 1 кв. верста жерге халықтың қоныстану тығыздығы 1,2 адамнан, ал Қазалы уезінің жер көлемі 86688 кв. верста, 1 кв. верстаға халық тығыздығы 1 адамнан келген [Отчет о деятельности совета..., 1922, с. 48].

Перовск уезінде 1920 жылы – 3448, 1922 жылы – 3436 шаруашылық ауыл, ал Қазалы уезінде 1920 жылы – 3338, 1922 жылы – 3339 шаруашылық ауыл [Отчет о деятельности совета..., 1922, с.64], ал, 1926 жылғы санақта Қызылорда уезінде – 171 ауыл, Қазалы уезінде – 46 ауыл тіркеуге алынған [Всесоюзная перепись населения 1926 года, 1928, с. 7].

1920 жылы Сыр өңірінде қала халқының саны артқанымен, Перовск пен Қазалы уезін қоса есептегенде 1917 жылмен салыстырғанда 1920 жылғы санақ нәтижесі бойынша екі уезді қоса есептегенде адам саны 25%-ға кеміп кеткен [Отчет о деятельности совета..., 1922, с. 44]. Азамат соғысынан кейін орын алған аштық пен эпидемия бұл өңірде де орын алып халықтың жалпы санының кемуіне айтарлықтай әсер еткен. 1926 жылғы санақ бойынша Қызылорда уезінде барлығы 22504 шаңырақта – 114030 адам, соның ішінде ауыл халқы – 113183 адам, Қазалы уезі бойынша барлығы 26480 шаңырақта – 139691 адам, соның ішінде ауыл халқы – 127332 адам болған [Всесоюзная перепись населения 1926 года, 1928, с. 7]. 1920 жылғы санақта Перовск, Қазалы уездері көшпелі аудан ретінде қаралып, тек Перовск уезінен 88756 адамды көшпелілер ретінде қарастырған [Крямечев, 1924, с. 27-30].

Жоғарыда көрсетілген демографиялық, статистикалық мәліметтер Перовск және Қазалы уездерінде XIX ғасырдың екінші жартысында көшпелі мал шаруашылығы басым болса, 1910 жылдары отырықшы мал шаруашылығы басым бола бастағанын дәлелдейді. Тұрғындар саны мерзімдік қоныстарға көшіп-қонудың болуына байланысты өзгеріп отырды, қыста Сыр бойына Ырғыз, Торғай көшпелілерінің келуіне байланысты да тұрғындар саны өскен. Санақ көктем, күз айларында ғана жүргізілді, көшпелі ауыл тұрғындары бұл кезеңде уезде толық болмаған, шалғай ауылдар мәліметін статистар санақ жүргізген ауылдарынан сұрап жазған кездері де болған, қазіргі демограф-ғалымдардың дәлелдеуінше біз зерттеп отырған кезеңдегі санақ мәліметі нақты көрсеткіштен 10%-ға төмен.

Әдебиеттер

- Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. Отдельный оттиск из «Живой старины», Вып III и IV, 1896 г. СПб.: Типография С.Н.Худекова, 1897. 182 с.
- Балкашин Н.Н. О киргизах и вообще о подвластных киргиз мусульманах. СПб., 1887. 56 с.
- Всесоюзная перепись населения 1926 года. Центральное статистическое управления СССР. Отдел переписи. Том VIII. Казахская АССР. Народность. М.: Издание ЦСУ Союза ССР, 1928. 193 с. + 5 лист карта.
- Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). СПб, 1911. 335 с.
- Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). СПб, 1911. 335 с.
- География Туркестанского края. Родиноведение. Сост. Н.В. Остроумов. СПб., 1856. 67 с.
- Зарубин И.И. Список народностей Туркестанского края. Л.: Издательство РАН, 1925. 25 с.
- Казалинское уездное управление Министерства Внутренних дел г. Казалинска // КРОММ. 267-қор, 1-тізбе, 227-іс. 107 п.
- Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Издательство Наука, 1964. 572 с.
- Карта коренных областей Туркестана: Сыр-Дарьинской, Самаркандской, Ферганской с Закаспийской и Семиреченской областями – №35 карта; Карта промыслов Азиатской России – №47 карта; Картограммы по земельному хозяйству Азиатской России – №48-61 карты. // В кн: Атлас Азиатской России. Издание переселенческого управления. СПб.: Товарищество «А.Ф. Маркс», 1914.
- Крямечев М.А. Дисперсия коэффициента детей школьного возраста кочевого и оседлого населения Туркестана. Котта-Курганский и Перовский уезды /РСФСР. Центральное статистическое управление Туркестанской Республики. Ташкент: Изд. ЦСУ Турк. Республики. 1924. 30 с.
- Макшеев А.И Географические, этнографические и статистические материалы о Туркестанском крае. СПб., 1868. 60 с. (Переплетено 1884 г.).
- Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Издательство Туркестанского статистического комитета. Вып. 1. Под ред. Н.А.Маева. СПб.: Типография Ф.Михьева, 1872. 237 с.
- Мейер Л. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. СПб.: Тип. Э. Веймера, 1865. – 288 с.+ 12 л карта + табл.
- МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Казалинский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. Ташкент: Типо-литография В.М. Ильина, 1913. – 148 с. + приложение 1-17., табл 1+221 + карта 1 лист. (383 с).
- МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1912. -190 с + приложение 32 с.+ табл. 127 с. + 45 с. + карта 3 лист. (394 с).
- Неуструев С.С. Зона южной полупустыни. Перовский уезд Сырдаринской области // Предварительный отчет об организации и исполнении работ по исследованию почв Азиатской России в 1910 года. Переселенческое Управление Главного управления землеустройства и земледелия. СПб.: Типография Ю.Н. Эрлих, 1911. 122 с.
- Обзор Сыр-Дарьинской области за 1892 г. Приложение к Всепод-данейшему отчету Военного губернатора. Ташкент: Типо-Литография С.П.Петухова, 1894 – 194 с. + 7 с. таблица.
- Обзор Сыр-Дарьинской области за 1895 год. Приложение к Все-подданейшему отчету военного губернатора. Ташкент: Типолитография торгового дома «О И Г. Бр. Каменского», 1897. 327 с + приложение.
- Обзор Сыр-Дарьинской области за 1906 год. Ташкент: Типолитография ВАС. Меф.Ильина, 1907. 287 с. + приложение I+LXV.
- Обзор Сыр-Дарьинской области за 1908 г. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. Ташкент: Типо-литография В.М.Ильина, 1909. 69 с. + приложение I-XXX.
- Обзор Сыр-Дарьинской области за 1909 г. Ташкент: Типография при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1911. 165 с. + приложение I-XXVII.
- Обзор Сыр-Дарьинской области за 1910 год. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического комитета. Ташкент: Электро-типография при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора, 1912., 192 с. + приложение I-XXXIII.
- Обзор Сыр-Дарьинской Области за 1911 г. Издание Сыр-Дарьинского Областного Статистического Комитета. Ташкент: Типолитография В.М.Ильина, 1913. – 182 с. + приложение I-XXVIII табл, 1-116 лист.
- Обзор Сыр-Дарьинской области. Приложение к всеподданейшему отчету военного губернатора области за 1886 г. Ташкент: Типолитография С.И.Лахтина, 1888. 385 с.
- Отчет о деятельности совета народных комиссаров и экономического совета Туркестанской Республики на 1-е октября 1922 г. Составлено Центральным Статистическом Управлением Туркестанской Республики. Под ред Д.П.Красновского. – Ташкент: Издания ТЭС, 1922. 496 с.
- Смирнов Е. Сырдаринская область. Описание, составленное по официальным источникам. СПб.: Типография М.М.Стасюлевича, 1887. 356 с.
- Управление киргизами Сыр-Дарьинской линии // КРОММ. 383-қор, 1 тізбе, 45 іс, – 131 п.

HISTORICAL DEMOGRAPHY OF THE SYRDARYA REGION KAZAKHS: THE DIVERGENCE OF NOMADS AND SEDENTARY (THE LATE XIX – THE EARLY XX CENTURY)

A group of data related to the historical demography of the Kazakhs of the Syrdarya regions consists of records of statistical committees, census books, and works on the results of the census.

The activities of the statistical committees and statistical parties that operated in the 19th century and at the beginning of the 20th century were largely connected with the colonial policy of the tsarist government. One of their main tasks, along with finding suitable lands for the settlement of Russian peasants, was aimed at strengthening the power of the royal government in the places of government. In determining the problem of historical demography of the Kazakhs of the Syrdarya regions, the results of the census conducted based on primary agriculture were used. The agricultural census was conducted in Perovsky uyezd in the early spring and late autumn of 1910 during the wintering of nomads under the leadership of P. Skriplov, in which I.I. Rylov, V.A. Yakimansky, I.E. Suslov, P.I. Putilov, and E.E. Yashlov took part. In the Kazalinsky district, the census was conducted in 1911 led by the statistician I. Rylov. Statistical data serve as a basis for clarifying the ratio of Kazakhs engaged in nomadic cattle breeding and sedentary cattle breeding during the study period. Census books also provide information about the tribal composition of local Kazakhs, periodic migrations, migration directions.

The article was written under the project no. AP08856696: “Ethnographic and geoarchaeological study of agricultural and pastoral landscapes in the desert deltas of Kazakhstan: historical phases of development and desolation”.

Р.Н. Шойбеков

*ҚР Мемлекеттік Орталық музейі,
Алматы қ., Қазақстан
csnrk1986@mail.ru*

ҚҰСТАР ӘЛЕМІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛЫПТАСҚАН КЕЙБІР БЕЙНЕЛІ СӨЗ ОРАМДАРЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СЕМАНТИКАСЫ*

Тілімізде қазақ жерінде тіршілік ететін құстарға байланысты қалыптасқан бейнелі сөз орамдары (фразеологизмдер) аз емес. Олардың бір тобы етін жеуге болатын адал құстарға қатысты болып келеді. Құстарға байланысты пайда болған фразеологизмдердің лингвомәдени мазмұнына барлау жасағанда құстардың тіршілігіндегі ерекшеліктер, олардың «мінез-құлқы», сыртқы ортамен қарым-қатынасы және т.б. қырлары айқындала түседі.

Көгілдір қара түсті, дене тұрқы үйректей ғана, салмағы жарты килограммнан бір килограммға дейін болатын кішкентай құс *қасқалдақ* деп аталады. Қасқалдақтың түсі біркелкі қара, ал мандайы қасқа болып келеді. Кейбір зерттеушілердің атап көрсеткеніндей құс атауы осындай белгісіне байланысты қойылған (Қыдырбаев, Бекенов, 1977, 96).

Қасқалдақ жағасында қамыс, құрақ өскен қопалы көлдерде, өзен бойларында топ-тобымен мекендейді. Олар су өсімдіктерімен және ұсақ жәндіктермен қоректенеді. Салқын түскенде оңтүстіктегі жылы жаққа барып қыстап, көктемде сәуір, мамыр айларында қайта оралып, су бойындағы қамыс-құрақ, қоға және т.б. өсімдіктер арасына ұя салып, бірнешеуі топтасып тіршілік ете бастайды. Жұптасар алдында қасқалдақтар ерекше дауыстар шығарып, бір-бірін қуып, су бетін сабалап ойнайды. Осындай ойын біткен соң қоразы мен мекені қамыс, құрақтан ұя жасап, жұптасып тіршілік етуге кіріседі. Мекені 15-ке дейін жұмыртқа табады. Жұмыртқаны мекені мен қоразы кезектесіп басады. 22 күннен кейін жұмыртқадан балапан шығады. Шыққан балапандар енесінің соңынан жүзіп кете береді. Балапандар тез өсіп, күз түсе көл бетінде үлкен топ құрады. Қасқалдақтар жылдам жүзеді де қанатымен су сабалап, су бетімен жүгіре жөнеледі. Өздеріне қауіпті жағдайды сезген заматта тез сүңгіп қамыс, қоға арасына кіріп жоқ болып кетеді. қасқалдақ ұшқыр және өте сақ құс. Оның осы қасиетіне байланысты ел ішінде «жігіттің ойнақтайды бас бармағы, үйректің атқызбайды қасқалдағы» тәрізді өлең жолдары сақталған.

Тілімізде *тырнақалды, орақ тұмсық, қаздың түйе тіркеуі, тырнадай тізілу, сарыауыз, темір қанат* және т.б. бейнелі сөздер мен сөз тіркестерінің құстар әлеміне байланысты қалыптасқаны белгілі. Осы тәрізді бейнелі сөз орамдарына ұя *бұзбас* («тірі жанға қиянаты жоқ, жуас адам»), ұя *бұзар* («отбасының шырқын бұзған, ынтымағын келтірген, бір нәрсенің негізін жойған (адам) деген

* Мақала ЖТН: BR08555303. «Лингвомәдени сөздік: этносемантикалық талдау» атты ғылыми-зерттеу жобасы аясында жазылды.

мағынада) фразеологизмдерін жатқызуға болады. Олардың шығу төркіні аңшылыққа қатысты жазылған кейбір еңбектерде кездеседі*.

Ұя бұзар. Бұл тіркес о баста құстардың ұя салу кезіндегі іс-әрекетіне және қайсыбір құстардың бөтен ұяны «зорлықпен» иемденуіне байланысты қалыптасса керек. Аталмыш фразеологизмнің қасқалдақтар өміріне де қатысы барлығын төменде келтіріліп отырған деректен байқау қиын емес.

«Жағада бір мезгіл дамылдап, көлдің жиегіне жақын салындыға телміре қарап қалған шақта бір қызық көрініске тап болдық. Қамыстың ішіне қарай сұғынған тұсында қасқалдақтың ұябасары болуға тиіс, салындының үстіне ұя салу қамында. Маңайында болып жатқан санқилы құбылысқа оның қатысы жоқтай өзімен-өзі, түртіншектеп дамылсыз, тынымсыз қимылдайды. Қамыстың шашақ басы ма, қоғаның ұлпасы ма әйтеуір әлденені таңдағыштап, тапқанын болашақ ұя орнына өзінше рет-ретімен салатын тәрізді. Оның қимылынан қарбалас істі, таянып қалған тығыз шаруаның қамын сезгендейсін.

Оның алаңсыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өз мекен-жайын, ұрпақ өргізер жұртын күзеткендей еркек қасқалдақ тұр. Шегара күзетіндегі солдаттай салдың шетінде жан-жағына қарап қояды. Осынау қасқайып тұрған қалпын адамға теңесек, өз ошағының басын, өз семьясын қорғап тұрған бір мақтанш сезім бар дерлік. Немесе жаңа ғана қосылған қосағы үшін қуанышы бар сияқты. Мойнын созып, олай-бұлай қарап қояды.

Оның «қырағы күзеті» тегін емес екен. Жаңа «семьяның» тіршілік қарекетін қалтқысыз бағып отырған біздің көзіміз олардың «тәртіпсіз» көршісіне түсті. Қамыстың арасымен ұры итке ұқсап, мойнын төмен салып жіберіп, ақырын, білдірмей жүзіп келе жатқан көршілес еркек қасқалдақ жақындап қалыпты. Оның бағыты – әлгі ұя салып сипандап жүрген ұябасар. Қанша жасырынып, қамыс арасын паналай жылжығанмен күзеттегі еркек қасқалдақ оны байқап қалды. Сол-ақ екен ол өзінің бақталас, «ұятсыз» көршісіне айбат шеге барқылдап, сал қамысты аяғымен тарс-тарс соға бастады. Оның сартылдата соққан даусы жиекте отырған бізге анық естіледі.

Ұя бұзар көрші қанша жылпос болса да кәдуілгідей тайсалып, жасқана кейін шегінеді. Тағы да бір кеудемсоқ қасқой көрші басқа жағынан келіп қалмас па екен дегендей ұя иесі қасқалдақ жан-жағына қарай бастап еді, әлгі көрсеқызар көрші қайтадан ұрлана жылжуға айналды. Әлгі айбат шегу бұрынғыдан да бетер қаһарлана қайталанды. Бұл жолы маған ол боксерлердің қарсыласына шабуыл жасар алдындағы басын қылқандатып алдамшы қимыл жасағандай көрініс танытты. Өйткені ол еркек қасқалдақ та мойнын иілдіре басын оңға-солға қылқандатып, қанатын қомдана ілгері өңмендегені әлгі салыстырмалы көріністі ойлатқандай еді. Қарсыласын тағы да шегіндірді.

Ойына арамдық кірген жан не мақсатына жетпей қоймайды немесе бір үлкен тойтарыс, қақтығыссыз кейін қайтпайды. Бұзық, көргенсіз де сондай өлермен болып шықты. Жасқанып кейін шегінгенмен көрші ұябасарды айналдыру ниетінен қайтатын емес, иесі табанымен салды қанша сабалап тарсылдатса да, күдер үзіп кетіп қалмай айналсоқтай берді.

Соны анық сезді ме, әлде шыдамы бітті ме, ұябасардың сыңары салды соңғы рет шапақтай соғып-соғып қалды да суға қарғып түсіп тура жекпе-жекке ұмтылды. Сол батыл қимылына қоса даусы да қатты шыққан еді, не де болса тайынбас жұлқысуға беттегені анық. Бірақ әрбір тәртіп бұзар жанның тайсақ болатынындай көрші қасқалдақ зытып берді.

Құстардың табиғатында да үлкен заңдылық бар. Құс түрлерінің тоқсан екі проценті мәңгіге бір-ақ жұптасады. Ұя салар алдында әлі бойдақ жас құстардың парлану, қосақтану күйі ойналып жатқан кезеңде ғана еркектерінің күш сынасу, жұптанар «жұбайы» үшін қақтығысулары болады. Ал ұя салу қамы басталысымен әр қосақ өзді-өзінің болашақ ұрпақ өргізу қамына кірісіп, өзгені мүлде ұмытады.

Әлгі қашып құтылған «сері» қасқалдақ не жұбын таба алмай қалған немесе серігін бір мерген атып алған, әйтеуір, жалғыз қалған болуы ықтимал. Болмаса құстардың табиғи заңын бұзбаса керек еді. Дегенмен, қазақта «ұя бұзар» деген сұсты сөз бар. Осы сөздің төркінінде бір шындық жоқ па екен? Құстар арасындағы әлгіге ұқсас бір заңбұзар әумесерлерін адамдар байқап барып, осы сөзді шығарды ма? Табиғаттан көп ғибрат алғыш жандар бұл сөзді адамдар өміріне дәл де, бейнелі де пайдаланыпты. Әлгі көріністі адамдар өміріне дәл де, бейнелі де пайдаланыпты. Әлгі көріністі адамдар өмірімен шарбыстырып отырып, біз «ұят қой, біреулердің жарасып кеткен жұбын бұздан өткен ерсілік бар ма?» дейміз. Сондықтан да анау сері қасқалдақ айқасқа түспей, одан да қашқанды жөн көрді-ау деймін.

Жолдастардың бұл көріністен шет қалғаны жоқ. Біразы мына үш үйректің көз көріп отырған көрінісіне мәз болулы. Біразы әлгіндей философияға беріліпті. Әйтеуір табиғаттан адамның аңғарары көп екені дәлелденулі...» (Тәукенов, 1991, 178-179).

Қасқалдақтың қанындай. Ертеректе қасқалдақтың қаны көкжөтел ауруымен ауырған адамға ем болады деп түсінген. Алайда, кейбір мәліметтерге қарағанда, «қасқалдақты бес жерден бауыздаса да толық бір тамшы қан шықпайтынын ел айтады. Айтушылардың сөзіне қарағанда қасқалдақтың қанының дәрілік қуаты күшті болатын көрінеді» (Қайдар, 2013, 419).

Қасқалдақ қанының осындай тым мардымсыз болуына орай іздегенде табыла қоймайтын, табылса да тым аз, сонымен бірге өте тапшы, қымбат, таңсық нәрсені сипаттау үшін *қасқалдақтың қанындай* тәрізді бейнелі сөз орамы қалыптасқан.

Ұлы тауға шықтың ба, ұлар етін жедің бе? Денесі тауыққа, қырғауылға ұқсас, шағын тау құсы *ұлар* деп аталады. Алтай мен Алатауда мекендейді. Дене мүшелері, қауырсын – жүні әр түсті болып келеді: *«Арқасы көкшіл сұр теңбілді. Тамағы ақ, құрсағы қара, төбесінде қара теңбілді ақшыл жолағы бар. Тұмсығы жасыл, көзі сұр, жіліңшігі қызыл түсті. Қораздары мен мекиендерінің бір-бірінен айырмашылығы жоққа тән, тек соңғыларының дене мөлшері аздап кіші және аяғында тепкісі болмайды»* (Қазақстан Ұлттық энциклопедия, 2007). Ұлар ұзаққа және биікке ұша алмайды, жер сабалап барып ұшады немесе жоғары шығып алып, беткеймен сырғанаған тәрізді болып ұшады. Сондықтан да ол мекен ауыстыра бермейтін отырықшы құсқа жатады, тек жыл маусымына байланысты жазда неғұрлым биікке (таутеке мен арқарлар жүретін жерлерге) шығып, қысқа қарай таудан төмен түсіп, топтанып тіршілік етеді. Ұясын шөп арасына, арша бұтақтарының арасына салады.

Ұлар жылдың барлық маусымында тауешкілерге жақын жүріп, таудың *ұларшөп, көкнар, қоңырбас* деп аталатын және т.б. шөптерді жейді, арша мен шыршалардың бұталары мен тұқымын қорек етеді. Осыған орай мынадай этнографиялық деректі келтіре кетуге болады:

– *«Атам жерге қайта еңкейді де, жуалдыз іздегендей қалың шөптің арасына қол жүгіртіп: «қияқ, көде, ақбас, жуа, кекіребас...», – деп маған беймәлім шөптердің атын атай бастады. Әлден уақыттан кейін: – Оу, мынау көкнар ғой, бұл шөпті ұлар құстың балапандары сүйіп жейді. Мен ана бір жылы бір қанаты топшысынан шыққан ұларды ұстап, үйге апарып асырағам. Шыққан жерін орнына салып, қаздың майымен сылағам. Көкнарға құмар екенін содан білемін. Бірақ оның төменде өмір сүре алмасына көзім жеткесін, қыстың көзі болса да, мекеніне әкеліп тастағанмын.*

– *Сонда бұлар қыста қайтіп жан сақтайды?*

– *Е, балам, жомарт табиғат бұларды қай кезде де құрқол тастамайды. Қыста арша-шыршалардың тұқымы мен мәңгі көгеріп тұратын бұталарын қорек етеді. Бірді айтып, бірге кеттік-ау. Ұларшөп деген осы болады, – деп атам басы күлтеленіп, қоңыр тартқан тырбық шөпті көрсетті. – Басына қарап мұны «қоңырбас» деп те атайды...*

Екеуміз де жоғары қарадық. – Әне, қарашы, бір топ ұлар сол жерден көтеріліп кетті. Бұл, ұлар деген, жаңа айттым ғой, құс біткеннің сағы. Қысы-жазы тауешкілерге жақын жүреді. Себебі қыста солардың тебіндеп, тұяғымен аршыған жерлерінен қажет қоректерін тауып жейді. Ал, жазда тауешкілердің сақтығын пайдаланады. Олар жауын алыстан сезеді де, қашады. Сол кезде ұларлар да қуыс-қуысқа кіріп жоқ болады» (Ізбасаров, 1986, 34-36).

Ұлар жайылымға таңертең ерте және кешке шығады. Топтанып жайылады. Біреуі жан-жақты бақылап, қарауыл болып тұрады. Ұлар басқа құстарға қарағанда өте сақ. Қауіп-қатер байқалса, қарауылда тұрған ұлар ұлып қоя береді. Сол кезде шулаған дыбыс шығады. Дерек берушілердің айтуына қарағанда, шулаған дыбыс барлық ұлардың дыбыстауынан емес, қарауылда тұрған бір ғана ұлардың құбылтып ұлуынан пайда болады екен. Халық арасында *ұлардай шулады* деп қолданылатын бейнелі сөз орамы ұлар тіршілігінің осындай ерекшелігіне байланысты қалыптасқан. Ал, *таң алдында табысқан ұлардай* тәрізді фразеологизм ұлардың тіршілік қаракетіне өте ерте (таң біліне) кірісетінін меңзейді.

Халық арасында *Ұлытауға шықтың ба, ұлар етін жедің бе?* деген сөз сақталған. Осы уақытқа дейін бұл сөзді кейбіреулер Орталық Қазақстандағы Ұлытаумен байланыстырып, бір кездерде онда ұлар мекендеген болуы мүмкін деп санайды. Ал, шындығында, ұлар – биік тауда тіршілік ететін құс. Оған дәлел ретінде «өте биік асу, қиын асу» мағынасында сақталған *ұлар ұлыған асу* тәрізді бейнелі сөз орамын және «Бас кеткен. Ұлар жеткен» деген аңызды келтіруге болады. Қысқасы, ұлар адам аяғы жете бермейтін, жетсе де қиындықпен шығатын биік жерлерде мекендейді. Таудың төмендегі беткейлеріне уақытша түседі...

Ерте уақыттан бері ұлардың еті ауруға ем болады деп саналады. Алайда, оның етімен қандай ауруды емдегені туралы дерек мардымсыз. Кейбір этнографиялық деректерге қарағанда ұлар етін ашық жараға жаққан, ұлардың қиын шөппен араластырып, дәлірек айтқанда, қара андыздың тамырын, көде, беде, түйежоңышқа және ұларшөппен араластырып қызылмай болған жылқыны емдеген. Ондай жылқының қабынып кеткен өкпесі екі жарым айда тазарып, қондана бастаған...

Әдебиеттер

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 9-том. Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2007. – 688 б.

Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. Этнолингвистикалық сөздік. Том 3. Табиғат. Алматы: Сардар, 2013. – 608 б.

Қыдырбаев Х., Бекенов А. Қазақстанның хайуанаттар әлемі. Алматы: Қазақстан, 1977. – 152 б.

Тәуекенов Қ. Азулы арлан (Аңшылық күнделігі). Алматы: Жазушы, 1991. – 146 б.

Ізбасаров Т. Жұпар тышқан. Өңгімелер. Алматы: Жалын, 1986. – 44 б.

RELATED TO THE WORLD OF BIRDS LINGUISTIC AND CULTURAL SEMANTICS OF FIGURATIVE EXPRESSIONS

The article describes some species of waterfowl and mountain birds and their peculiarities on the basis of scientific and ethnographic data. It is said that as a result of long-term observation of the life of birds, people have gained practical knowledge about nature. On the basis of such practical knowledge it is revealed that a number of phraseologies in our language are formed in connection with the peculiarities of bird life.

Б.С. Қақабаев

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

bsmkk@mail.ru

ТЕРІ ӨНДЕУ ІСІ – ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ КӘСІПКЕРЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ*

Қазақтың дәстүрлі тіршіліккамы жүйесінде теріден жасалған бұйымдар өте маңызды роль атқарды. Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақы ортада тері өңдеу – кәсіпкерліктің ертеден қалыптасқан дәстүрлі түрлерінің бірі болғаны белгілі. Қазақ шеберлері өңделген мал терісінен тұрмыстық бұйымдар, киім-кешек, шаруашылық құралдар жасайтын. Ат әбзелдері, ыдыс, қапшық – дорбалар, бау-шу сияқты шаруашылық және тұрмыстық бұйымдарды жасауға түрлі тәсілмен өңделген тері мен былғары өнімдері қолданылатын. Жүні қырқылмаған, иленген мал терілерінен ішік, тон сияқты сырт киімдермен қатар бас киімдер де тігілетін. Қазақтың кәсіпкер ишілері шаруашылық, тұрмыстық және нарықтық сұранысқа сай тері өнімдерінің көптеген түрлерін шығаратын (Маргулан, 1986-1990). Көршілес отырықшы халықтармен сауда-саттық қатынастарда малдың жүні мен тері өнімдері тауар айналымның негізгі түрлерінің бірі болды. Қазақ ишілерінің өндірген күдерінің сапасы жоғарғы дәрежеде болғандығы жайлы деректі XVI ғ. өмір сүрген Осман түрік тарихшысы Сейфи Челебидің «Тавварих» атты еңбегінен кездестіруге болады. Автор қазақ шеберлері өндірген күдеріден тігілген киім-кешекке өте жоғары баға беріп, Бұқар базарларында олардың бағасы жібек пен атластан тігілген қымбат киімдермен бірдей бағаланатынын жазады (Сейфи Челеби, Хроника.Тавварих). Орыс зерттеушісі Л. Меер «Аральская флотилия в отношении к Средне Азиатской торговле» атты еңбегінде кедендік материалдарды сараптау негізінде, Орта Азиядан әкелінді деген тері, былғарылардың басым көпшілігін қазақ ишілері өндіретіндігін жазады (Меер, 1862, с. 119). Қазақ шеберлерінің өндірістік көлемде тері өңдеп одан көптеген бұйымдар шығаратыны жайлы XIX ғ. бірінші жартысында Қазақстан мен Орталық Азияда зерттеулер жүргізген И.А. Парамонов, И. Краузе, М.И. Бродовский сынды авторлар жазады (Парамонов, 1872; Краузе, 1872; Бродовский, 1875).

Христофор Барданес қазақ жеріне 1771 жылы жасаған саяхаты жайындағы еңбегінде тері өңдеп, былғары жасаудың технологиялық тәсілдері жайлы көптеген деректер келтіреді. Автор қолданыс мақсатына қарай тері, былғарылардың әртүрлі болатындығын және оларды жасау тәсілдерінің де ерекшеліктері жайлы жазады. Мысалы Х. Барданес ұлтан жасауға арналған былғарымен саба, көнек сияқты ыдыс жасауға қолданылатын терілердің жасалу ерекшеліктері жайлы егжей-тегжейлі дерек береді (Барданес, 2007, с. 172). Аталған авторлар қазақ шеберлерінің тері өңдеумен кәсіби түрде айналысып, теріні иіге салу үшін үлкен ұралар қазып, тері өңдеуге стационарлы құрылғыларды

* Мақала ЖТН: BR08555285. «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы фотоқұжатты деректер (отандық музейлер коллекциясы бойынша). Ғылыми каталог» атты ғылыми-зерттеу жобасы аясында жазылды.

кеңінен қолданатындығы айлы біршама деректер қалдырған (Әлімбаев, Қақабаев, 2017, 370-379 бб). Келтіріліген деректерден көшпелі қазақы ортада тері өндеп былғары өндірудің ертеден қалыптасқан дәстүрлі кәсіпшілік болғандығын байқауға болады.

Алайда, XIX-ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ жерінде ақшалай заттай сауда қатынастары орнығып, Ресейден арзан өндірістік тауарлардың, оның ішінде былғары түрлерінің көптеп келуіне байланысты, қазақ кәсіпкерлері өндірген былғарылар нарықтық бәсекеге шыдамай, біртіндеп ығыстырыла бастады. Салдарынан XX-ғасырдың бас кезінде, қазақтардың дәстүрі технологиямен, өндірістік көлемде тері өндеу кәсіпшілігі мүлде жойылды. Кәсіби өндірістің жойылуына байланысты, үлкен көлемде тері өндіруге қолданылған технологиялық ерешеліктері ұмытылып, бұл мәселе, қазақ этнографиясына арналған зерттеулердің назарынан тыс қалды. Мысалы, XX ғ. жазылған еңбектерде күдері, ұлтан өндірудің қазақ шеберлеріне тән дәстүрлі технологиялық ерекшеліктері жайлы деректер кездеспейді. Алайда, Қазақстан музейлері қорларында XIX ғасырда тігілген, күдері киім-кешекпен, түзу табан қазақы аяқкиімдердің көптеген түрлері жинақталған (Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі, 2009, 344 б.). Бұйымдардың қазақ тігіншілері мен етікшілерінің қолынан шыққанын ескере отырып, күдері де, ұлтан да қазақ кәсіпкерлері өндірген қолжетімді жергілікті материалдар қатарына да болған деуге әбден болады.

Тері өндеу. Қазақ ишілерінің ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі тұрмыстық, шаруашылық сұранысқа сай, тері мен былғарының көптеген түрлерін өндіруге мүмкіншілік беретін. Олардың қатарында былғары, көн тері, күдері, иленген тері, ұлтан, жабайы аңдардың терілері, елтірі, жүні қыркылмаған сеңсең терілерді жатқызуға болады. Осының бір мысалы ретінде көшпелі өмірге мейлінше бейімделген, көн теріден жасалған сынбайтын, бактерицидті ыдыстар тобын келтіруге болады.

Еуразия құрлығын мекендеген халықтардың дәстүрлі тері өндеу технологиясының көптеген ұқсастықтары бар. Айырмашылықтары көбінесе теріні өндеуге қолданылатын құрал-саймандардың пошымы мен пайдаланылатын жергілікті шикізаттардың ерекшеліктерімен тікелей байланысты. Мысалы егіншілікпен айналысатын отырықшы ортада иі, малманың құрамында дәнді дақылдардан алынатын жарма, ұн, кебектің үлесі көбірек болса, мал шаруашылығымен айналысатын көшпелі ортада айран, іркіт, сарысу сияқты мал өнімдерінен алынатын шикізаттардың үлесі жоғары болады. Сол сияқты қыбықтырушы компоненттердің де регионалдық айырмашылықтары болды. Оңтүстік өңірлерде құрамында таниндер бар анар (нарпос), жаңғақ ағаштарының жемістерінің қабығы қолданылатын болған. Қазақстанның басқа өңірлерінде көбінесе томар бояу, тамыр бояу, кермек ойран шөп сияқты құрамында қыбықтырғыш заттары көп шөптесін өсімдіктерді қолданатын. Яғни тері илеу технологиясының ұқсастығы болғанымен, қолданылатын шикізаттардың қасиетіне қарай, әр өңірдің өзіне тән техникалық регламенттерінің айырмашылықтары болды.

Тері өндеудің дәстүрлі технологиялық үрдісі негізінен үш сатыдан тұрады. Бірінші сатыда – кірінен тазартылып суға жібітілген теріні әк, сақар, тұз қосылған ерітіндіге салып жүні жидітіп, ақжем болғанша ұстайтын. Майлары ыдырап, ақжем болған терінің жүнін қырғымен қырып кетіріп, шелдеп, жуылып тазаланаты. Мұндай теріні қазақ шылғи тері деп атайтын.

Екінші сатыда – шылғи теріні майсыздандырылған іркіт, сары су, айран, ұн, кебек, жарма қосып жасалған малма, иіге салып, терінің үлкен кішілігіне, қалыңдығына қарай бірнеше сағаттан бірнеше тәулікке дейін ұстайтын. Нәтижесінде қышқыл ортаның (малма, иі) әсерінен терінің құрамындағы ақуыз, қалдық майлар ыдырап, терінің коллаген талшықтары жұмсаратын. Иі қанған тері керіліп, созылып кептірілгеннен соң талқыға салынып мейлінше иленіп, талқыланатын. Талқыланған жұмсақ тері арнайы қырғышпен жаңайланатын. Жаңайланған түсі ақ, жұмсақ, тері – илеген тері деп аталатын. Иленген тері су тисе ішкі құрылымы өзгеріп, жібіп, кепкен кезде қатайып қалатын.

Тері өндеудің үшінші сатысында, иленген терінің ішкі құрылымын тұрақтандыру мақсатында бояу, ыстау, қыбықтыру, майлау амалдары жасалатын. Қазақ ишілері теріні бояу, қыбықтыру үшін құрамына қыбықтырғыш заттар-таниндер бар ойран шөп, нарпос, томар бояу, тамыр бояу, кермек қолданатын (Қақабаев, 2017, 300 б.; Қақабаев, 2017, 556-557 бб.; Әлімбаев, Қақабаев, 2017, 409-б.). Тері бояуға табиғи минерал бояулар да қолданылатын. Ол үшін май араластырылған қызыл охра, сары немесе ақ топырақ терінің өңіне жағылып, бояу жұқпайтын қалыпқа келгенше ысқылап, сіңірілетін.

Киім тігуге немесе салтанатты бұйым жасауға арналған терілерді қазақ ишілері қыбықтыратын. Сырт киім тігуге арналған түгі алынбаған терілерді, киімнің жағасы, баскиім тігуге арналған жабайы аң терілерін қыбықтыру үшін қою етіліп жасалған қыбықтырғыш ерітінділер бірнеше дүркін жағылып сіңірілетін.

Түгі кетірілген иленген терілер мен былғарылар қыбықтырғыштың сұйық ерітіндісіне батырылып, теріге толықтай сіңгенше жатады.

Қазақ ишілері маймен қыбықтыру тәсілін қолданып күдері өндіретін. Маймен қыбықтыруға ишілер жылқының шыжғырылған іш майын қолданатын. Бұл тәсіл жылқы майының құрамындағы қанықпаған карбон қышқылдарының тотығуына негізделген. Яғни теріге сіңген майлар тотығып, ашу барысында терінің құрамындағы талшықтармен ерекше түзілістер құратын. Соның салдарынан тері күдеріге тән жұмсақтықпен, ылғалдың әсеріне төтеп беретін қасиетке ие болатын. Күдерінің барқыт тектес биязы, қоңырқай сарғыш түс, серпімділігі және ылғалдың әсеріне инерттілігі оны өте құнды материалдар қатарына жатқызылуына негіз болды (Әлімбаев, Қақабаев, 2017, 376-378 бб.).

Теріден жасалатын бұйымдар. Дәстүрлі ортада шаруашылық қажеттілікке терінің кез келген сатысындағы өңделген түрлері қолданыла беретін.

Ауырып немесе жұттан өлген малдың сапасы төмен терілері бірінші сатыдағы өңдеуден өткеннен соң тулақ, төсеніш жасауға қолданылатын. Ол үшін теріні қыртысы жазылып, кейде түгінен ажыратылып, керіліп кептірілгеннен соң киіз, кілемнің астына төселетін төсеніші немесе жүн сабағанда төселетін тулақ ретінде қолданылатын.

Бірінші сатыдағы өңдеуден өткен шылғи түрлі ыдыстар мен тері құранды ер немесе күбі сияқты бұйымдарды қаптауға қолданылатын. Тобарсыған шылғи тері кебу барысында жиырылып, бұйымды қаусыра қысып жарылып бүлінуден сақтайды.



КП 1138

1-сурет. Көн торсық. ҚР Мемлекеттік Орталық музей қорынан (КП КП 1138)

Жылқы, түйе және ірі қараның шылғи терілерінен түрлі шаруашылық бұйымдар мен ыдыстар жасалатын. Ол үшін шылғи тері тобарсыған жұмсақ қалпында пішіліп, тарамыс не шуда жіппен тігіледі. Сонан соң ыдысы тігісін ішіне қаратып айналдырылады. Ыдыс күл аралас ылғал құммен тығыздала толтырылып, пошымына келтіріледі де, толық кепкенше көлеңкелі жерде кептіріледі. Тері жақсылап кепкеннен соң, құмы түсіріліп, ыдыс мұқият тазаланып, іші-сырты майланып, ысталады. Маймен ыстың әсерінен ыдыс серпімді, сынбайтын қатты, су өткізбейтін қасиеттерге ие болады (сурет 1). Көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын ортада жеңіл, шағылмайтын, әрі сұйқтқтың әсеріне төтеп беретін көн теріден жасалған ыдыстар уақыт өте, қыш ыдыстарды қолданыстан толығымен ығыстырды. Көннен жасалған ыдыстардың сапасын бір қалыпты ұстап тұру үшін оларды ауқым-ауқым ыстап тұру қажет болатын (Әлімбаев, Қақабаев, 2017, 323-324 бб.).

Өндеудің екінші сатысынан өткен жұмсақ, иленген терілердің қолданыс аясы ауқымды кең болатын. Жүні алынбаған иленген теріден ішік, шапан сияқты сырты матамен тысталған сырт киімдер тігілетін. Жүні жидітілген, түксіз теріден тең, қап, дорба, аяққап, дастарқан, боқша, балалар киімі, баскиімдер және үй ішінде пайдаланатын дастарқан, керме, боқша сияқты көптеген бұйымдар тігілетін. Жұмсақ, ақ түсті, иленген теріден істелген бұйымдар кестеленіп, шытыра, оқалармен әшекейленетін.

Сұйық затарға арналған саба, мес, торсық сияқты ыдыстар да иленген жұмсақ теріден теріден тігілетін. Тағам салуға арналған ыдыстар қолданар алдында міндетті түрде ысталатын (Әлімбаев, Қатран, Шоқпарұлы, 2017, 60-62 бб.). Ысталғанда түтіннің құрамындағы формальдегидтердің бактерицидтік қасиеттері сүт өнімдерін ашып, иістеніп, бұзылудан сақтайтын. Ыс шайылып, оның әсері азайып, ыдыс өңезделе бастағанда, ыдыс мұқият жуылып қайтадан ысталатын (Қақабаев, 2017, 734-735 бб.).

Талқыдан шыққан ірі малды терісінен қазақ шеберлері қайыс, бау-шу, ат әбзелдері мен шілия, қамыт сияқты жегін әбзелдерін жасайтын (Шоқпарұлы, 1987, 278-300 бб.). Иленген тері ылғалдың әсеріне төзімсіз, су тигенде жібіп, кепкен кезде қаудырап катып қалады, сондықтан ондай бұйымдар әлсін-әлсін майланып тұратын. Май жағылған тері бұйымдар су жұқпай ұзаққа шыдайтын.

Тері өңдеудің үшінші сатысынан өткен өткен тері, былғарылар қоршаған ортаның әсеріне төтеп беретін тұрақты қасиетке ие болатын. Қыбықтырылған, боялған терілер судың әсеріне төтеп беретін қасиетімен қатар, декоративтік тұрғыдан да тартымдылығымен ерекшеленетін. Ондай терілерден тон, жарғақ, шекпен, қаптар, аяқ киім, салтанатты ат әбзелдері тігілетін. Күдеріден біркіер сапалы қымбат киім-кешек түрлері – күдері шалбар, күдері шекпен тігілетін (сурет 2). Ондай біркіер бағалы киімдер кестеленіп, күміс шытыра, оқамен әшекейленіп, бағалы аң терілерімен жұрындалатын (Шоқпарұлы, 1987, 278-300 бб.).

Күдерінің ылғалдың әсеріне инерттілігі, оны түрлі бау-шу жасауға таптырмайтын материал қылды. Әсіресе, күдеріні жауынгерлік қару-жарақтың, дулыға-сауыттардың бауларын жасауға қолданатын, себебі күдері бау су тигенде созылмайды, құрғағанда тырысып қатпайды, бұл өз кезегінде сауыт, жарақтардың денеге бірқалыпты қонымды отыруын қамтамасыз етіп, жорықта қобдырап босап кетуден немесе тырысып тартып қалудан сақтайтын. Күдері баудың осы қасиеттері Махамбет, Доспамбет жырау сияқты ақындардың шығармаларынан көруге болады:

Қара бұлан терісін,
етік қылар күн қайда.
Күдеріден бау тағып,

сауыт киер күн қайда (Махамбет, 1979, 83 б.). Былғары, теріден қоржын, қаршын, жағлан, аяқ қаптар жасалатын. Ірі қараның, жылқы, түйенің терісінен ат әбзелдері, шілия, қамыт сияқты жегін әбзелдері жасалатын. Мұндай бұйымдарға қазақ шеберлері міндетті түрде қайың майын жағатын. Қайың майы былғары қайыс бұйымдарда қолайсыз ауа райының әсерінен қорғап қана қоймай, сонымен қатар қаңсып кебуден, көгеріп шіруден сақтайтын (Арғынбаев, 1987, 90-93 бб.).



2-сурет. Кестеленген күдері шалбар. ҚР Мемлекеттік Орталық музей қорынан (КП 10333)

Тері дәстүрлі шаруашылықтың барлық саларында қолданылатын материал болды. Киіз үйдің керегесінің көгінен бастап, сандық, кебежелерді қаптайтын жағлан, ат әбзелдері, бау-шу, арқан зат

тасымалдауға арналған ыдыс-қапшықтар, қанарлар мен қаптар түрлі өңдеуден өткен теріден жасалатын.

Жоғарыда атап өткендей, XIX ғ. екінші жартысынан бастап ақшалай-заттай сауда қатынастардың орнығуымен, нарықты Ресей мануфактурасының өнімдері басып алды. Ресей тері зауыттарының сұранысыны өсіп, мал терілері шикізат ретінде Ресейге көптеп шығарыла бастады. Сатылымда фабрикада өндірілген терілер қаптап кетті, нәтижесінде қазақ кәсіпкерлерінің өнімдері нарықтық бәсекелестікке төтеп бере алмай, дәстүрлі технологиямен тері өндіру құлдырап кетті. Бұл үрдіс әсіресе тері материалдардың сапасына жоғары талап қойылатын, тігіншілікпен етікшілік кәсібінде айқын білінді. Яғни фабрикада өндірілген теріден тігілген заттардың сапасы, қолдан өндірілген теріден тігілген заттардың сапасынан жоғары болды. Мысалы, қазақы ортада лакталған теріден тігілген түзу табан етікті «әміркен етік» деп атайтын. Әміркен сөзі, Ресейден әкелінетін, «американка» деп аталатын лакталған жоғары сапалы былғарының атауының негізінде қалыптасқан (Қақабаев, 2017, 765 б.).

Жоғарыда айтылғандай, тері өңдеу кәсіби өндіріс ретінде тарих сахнасына түсіп қалғанымен, тұрмыстық қажеттілікті өтейтін қолөнер ретінде сақталып келді. Қазақ қолөнершілері үшін ұсақ малдың және аң терілерін дәстүрлі тәсілмен илеп күнделікті тұрмысқа қажет бұйымдарды жасаумен осы күнге дейін айналысады.

Әдебиеттер

- Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер, 1987. 128 б.
- Әлімбаев Нұрсан, Қақабаев Б. Көн // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 3. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 323-324 бб.
- Әлімбаев Нұрсан, Қақабаев Б. Күдері // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 3. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 376-378 бб.
- Әлімбаев Нұрсан, Қақабаев Б. Тері илеу // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5 т. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 370-379 бб.
- Әлімбаев Нұрсан, Қақабаев Б. Томарбояу/Атқұлақ//Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 5. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 409 б.
- Әлімбаев Нұрсан, Қатран Д., Шоқпарұлы Д. Саба // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 5. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 60-62 бб.
- Бродовский М.И. Технические производства в Туркестанском крае. – СПб., 1875. 99 б.
- Краузе И. Заметки о красильном искусстве туземцев. // РТ. – Москва, 1872. С. 206-213.
- Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог(қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: Өнер, 2009. – 344 б.
- Қақабаев Б. Ойраншөп /Ләйлекшөп /Риян // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 4. – Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 556-557 бб.
- Қақабаев Б. Тамырбояу /Кермек // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 5. Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 300 б.
- Қақабаев Б. Ыстау/Ыс салу // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 5. – Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 734-736 бб.
- Қақабаев Б. Әміркен // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Т. 5. – Алматы: «Алем Даму. Интеграция» ЖШС, 2017. 765 б.
- Маргулан А. Казахское народное прикладное искусство. Т. 1-3. Алма-Ата: Өнер, 1986-1990.
- Махамбет. Жыр-семсер. Алматы: Жазушы, 1979. 136 б.
- Мейер Л. Аральская флотилия в отношении к Средне – Азиятской торговле. – СПб, 1862. С.119.
- Парамонов И.А. О кожевенном производстве в Туркестанском крае // РТ. – Москва, 1872-1847. С. 218-225;
- Сейфи Челеби. Хроника. Тавварих // <http://drevlit.ru/docs/turky/XVI/1540-1560/Seifi/text1.php>. (Точка доступа 2.03.2018.).
- Христофор Барданес. Киргизская или казацкая хорография // Из журнала путешествия Христофора Барданеса в Киргизскую степь. // История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. т. IV. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007, С. 93-194;
- Шоқпарұлы Д. Тайжакыдан таракқа дейін // Ер қанаты. Жинақ. Құраст. Ж.Аупбаев. – Алматы: Қайнар, 1987. 278-300 б.

LEATHERWORKING IN THE MATERIAL CULTURE OF KAZAKHS

The article demonstrates the role of leather production and leather goods in the material culture of the Kazakhs. The technological sequence of leather dressing of various types is presented, in accordance with economic needs. The purpose of the article is to show various methods of leather dressing, using the example of ethnographic exhibits from the funds of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. The article notes that in the nomadic pastoralist society, leatherworking and furrier business was one of the developed types of craft activities. The section "leather dressing" shows the ways of leather dressing, which consists of three main stages of leather processing, based on traditional technologies. In the section "manufacturing of leather goods", it is told about the technology of dressing different stages of finishing leather products used in the economy, and preserved among the Kazakh population at the level of home production – ishi (currier) and furriers producing essential goods for economic and household needs.

М.И. Ниязова

Бухарский государственный университет

г. Бухара, Узбекистан

niyazova56@mail.ru

ТРАДИЦИИ И ОБРЯДЫ КАЗАХОВ УЧКУДУКСКОГО РАЙОНА НАВОИЙСКОЙ ОБЛАСТИ (УЗБЕКИСТАН)

Бухарский государственный университет имеет давние научные традиции археоло-этнографических исследований, проводимых на территории Бухарской области и касающихся различных проблем этнографии региона (Бабажанов, 2020; Курбанов Б. 2009, 2011; Курбанов Г. 2002, 2011; Курбанова, 2009, 2011; Курбанов Ф., 2006, 2019; Ниязова, 2002, 2011).

В основу статьи легли сведения и полевые материалы, полученные автором на территории Учкудукского района Навоийской области Узбекистана. Темой экспедиции являлось изучение обычаев и обрядов казахов, населяющих данный регион, как недостаточно освещенной в научной литературе.

Навоийская область является одним из регионов компактного проживания казахов на территории Узбекистана. Степные районы, такие как Кенимехский, граничащий с Учкудукским, являются местами активного расселения казахов со времен Бухарского ханства и их соприкосновения с культурой узбеков и таджиков.

Данная публикация посвящена обряду посещения святых мест казахов, и конкретно комплекса Бедер ата.

Комплекс Бедер ата расположен около 10 км от города Учкудука в живописном горном ущелье (фототаблица 1, 2). Он состоит из захоронения Бедер ата, кустарников с завязанными лоскутами в отдалении, колодца со святой водой и захоронения муллы, долгое время, являвшегося зрителем данного святого места. Имеются хозяйственные пристройки, где паломники могут приносить в жертву барана, готовить пищу, заваривать чай и проводить время. Составные комплекса расположены в отдалении друг от друга, изолированы друг от друга чему способствует и рельеф местности.

Объединяющим комплекс и основным объектом поклонения является захоронение Бедер ата, огороженное невысокой стеной из выложенных булыжников разных размеров, подогнанных друг к другу. Над могилой растет раскидистое дерево (фототаблица 3), имеются два надгробных камня: первый из серого известняка небольшой прямоугольной со срезанными углами формы, заветрен, более ранний. Установлен на камнях оградки, на нем надпись арабографическая, очень заветренная, ниже крупно кириллицей БЕДЕР АТАҒА Второй из черного прямоугольного мрамора в металлической рамке, покрашенном зеленым цветом, укреплен на камнях около ящика для пожертвований. На нем надпись: арабографическая символ веры; ниже кириллицей: Аулие Бедер ата, руы кіші жуз кожаси урпактары нан белгі (фототаблица 4). Из надписи следует, что святой Бедер ата происходит из младшего жуза, из кожа, которые считаются потомками первых проповедников ислама и пользуются огромным авторитетом у казахов в религиозной сфере (Стасевич, 2012, с.279).

Под деревом установлен зеленого цвета ящик для пожертвований, на нем коса-чаша, наполненная водой. Обычно ее наполняли для птиц и верили, что они своим пением ублажают слух святого. Подобный обряд установления чаши с чистой водой у могилы встречается в культуре и

других народов Узбекистана. Вокруг по кругу установлены скамейки для паломников, для чтения молитвы вовремя зийарата.

Поднимаясь выше, паломник попадает в место, огороженное скалами, где растут кустарники, увешанные завязанными на них цветными лоскутками ткани (фототаблица 5).

Затем спустившись обратно к погребению, паломник спускается ниже и по узкой тропинке двигается к колодцу со святой водой. Колодец достаточно глубокий, аккуратно выложен валунами. Площадка вокруг него имеет невысокую оградку из крупных камней (фототаблица 6). Вода в колодце холодная. Поднимаясь еще выше по тропинке, паломник приходит к захоронению, бывшего зрителя святого места. Оградка выложена из камней, практически на каждом камне завязан лоскут ткани или носовой платочек (фототаблица 7).

При беседе с муллой и нынешним зрителем святого места, мы услышали легенду о Бедер ата. Он рассказал, что в ранние времена установления религии ислам, сюда прибыли четыре проповедника ислама. Среди них и был святой, захороненный на этом комплексе, очевидно, поэтому он и получил титул кожа. Убегая от врагов, он попросил помощи у Аллаха и гора, открывшись, защитила его.

Женщины, пришедшие на паломничество, рассказали, что они происходят из малого жуза из рода адай. И пришли сюда обратиться к святому с просьбой счастья для дочери и здоровья для себя и надеются получить благословение и поддержку. Они разжигали самовар и готовили баурсаки. Ухоженность комплекса свидетельствует об активном посещении Бедер-ата паломниками.

Ритуал посещения святых мест казахами разных регионов описаны в исследованиях ряда специалистов (Мустафина, 1992; Стасевич, 2011, 2012).

Так, например, исследователь Р.М. Мустафина выделяет несколько основных категорий святых. Первая из них святые, образы которых связаны с ранней историей ислама (Мустафина, 1992, с. 79), к которым, очевидно можно отнести святого Бедер ата, который как свидетельствует из надписи принадлежал к кожа. Известно, что могилы известных в народе представителей аристократического казахского сословия ақ сүйек («белая кость») — төре и кожа были окружены особым почитанием (Стасевич, 2012, с. 278), как мы имеем в случае с захоронением Бедер ата. Раскидистое дерево у могилы Бедер ата у местных казахов считается символом святости похороненного (Мустафина, 1992, с. 101; Стасевич, 2012, с. 280)

Ритуал поклонения святому, который мы наблюдали на Бедер ата, в основном схож с описанным исследователями и включает в себя, круговой обход захоронения, прикосновение к дереву, камням ограды, затем той же рукой паломник проводит по лицу, чтение молитвы у захоронения святого, завязывания тряпочек на деревьях (на Бедер ата для этой цели выделена целая поляна невысоких кустов), питье воды из священного колодца и жертвоприношение. Жертвоприношение в виде барана или деньги, обязательно сладости и баурсаки и проведение времени на святом месте: на Бедер ата в хозяйственной постройке, где есть все необходимое для этих целей.

Святня Бедер ата посещается не только казахами и не только представителями других народов Средней Азии, исповедующими ислам, но и многочисленными представителями других религий, во время проведения совместных худойи или других жертвенных трапез. Представленная публикация является сугубо предварительной, дальнейшее изучение позволит более глубоко рассмотреть обряды казахов, посвященные паломничеству к святым местам.



Фото 1. Общий вид входа в ущелье и построек святого места Бедер ата.




Фото 2. Общий вид ущелья



Фото 4. Общий вид захоронения Бедер ата



Фото 5. Кустарники с завязанными лоскутами ткани. Бедер ата



Фото 6. Колодец на Бедер ата



Фото 7. Захоронение смотрителя комплекса Бедер ата

Литература

Бабажанов Ш.У. О правилах паломнического этикета (на примере Бухарского оазиса)/ Материалы девятнадцатых Международных Санкт-Петербургских этнографических чтений, СПб: российский этнографический музей, 2020, с. 343-347

Курбанов Б.Г. Учебные принадлежности из коллекции Бухарского музея-заповедника/ материалы Среднеазиатско-Кавказских чтений. Этнология, история, археология, культурология. 2008-2009. Лавровские чтения. СПб: МАЭ РАН, 2009, с. 181-184; он же. Ритуальные металлические кувшины/Праздники и обряды как феномены этнической культуры. Материалы десятых Санкт-Петербургских этнографических чтений, СПб: ИПЦ СПГУТД, 2011, с. 89 - 92

Курбанов Г.Н. Рисола халвогаров позднесредневековой Бухары (роль письменных источников для этнографических исследований)/ Музей. Традиции. Этничность. Материалы международной конференции, посвященной 100-летию Российского этнографического музея. СПб-Кишинев: ИПЦ СПГУТД, 2002, с. 281-283; он же. Этикет трапезы бухарских эмиров из династии Мангыт/ Праздники и обряды как феномены этнической культуры. Материалы десятых Санкт-Петербургских этнографических чтений, СПб: ИПЦ СПГУТД, 2011, с. 92-94

Курбанова М.Б. Супра в обрядах Бухары/ материалы Среднеазиатско-Кавказских чтений. Этнология, история, археология, культурология. 2008-2009. Лавровские чтения. СПб: МАЭ РАН, 2009, с. 324 - 325; Она же. О ритуале «ашури» в Бухаре/ Праздники и обряды как феномены этнической культуры. Материалы десятых Санкт-Петербургских этнографических чтений, СПб: ИПЦ СПГУТД, 2011, с. 142- 145;

Курбанов Ф.Г. Орнаменты предметов ремесленного производства Бухары (по материалам Бухарского Государственного архитектурно-художественного музея-заповедника/Орнаментика в артефактах традиционных культур. Материалы пятнадцатых Санкт-Петербургских этнографических чтений, СПб: ИПЦ СПГУТД, 2006, с. 303-306; он же. Сосуд дервиша кашкуль из коллекции музея «История Тариката Найкшбандийа»/Материалы Восемнадцатых Международных Санкт-Петербургских этнографических чтений. СПб: ИПЦ СПГУТД, 2019, с. 223-225

Мустафина Р.М. Представления, культы и обряды у казахов. Алма – Ата: «Қазақ Университеті», 1992

Ниязова М.И. Женский головной убор в обрядах Бухары (по коллекциям Бухарского Государственного музея – заповедника/Музей Традиции Этничность. Материалы международной конференции, посвященной 100-летию Российского этнографического музея. СПб-Кишинев: ИПЦ СПГУТД, 2002, с. 140-141; она же. Украшения и их место в погребальной обрядности Бухары/ Праздники и обряды как феномены этнической культуры. Материалы десятых Санкт-Петербургских этнографических чтений, СПб: ИПЦ СПГУТД, 2011, с. 285 - 287

Стасевич И.В. Современные формы культа святых у казахов Оренбургской области (РФ)»/«Арало-Каспийский регион в истории и культуре Евразии» Материалы II Международной научной конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан, Алма Ата – Актобе: «АРЫС», 2011, с. 224-226

Стасевич И.В. Практика поклонения сакральным объектам и предметам в традиционной и современной культуре казахов и киргизов (в контексте изучения культа святых), СПб: РАН, 2012, с. 270 - 301 Электронная библиотека Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера) РАН, http://www.kunstkamera.ru/lib/rubrikator/03/03_03/978-5-88431-206-7/

TRADITIONS AND CEREMONIES OF KAZAKHS FROM UCHKUDUK DISTRICT OF NAVOI PROVINCE (UZBEKISTAN)

Navoi province is one of the regions of compact residence of Kazakhs on the territory of Uzbekistan. This publication is dedicated to the rite of visiting the holy places of the Kazakhs, and specifically the Beder Ota complex. This complex is located about 10 km from the town of Uchkuduk in a picturesque mountain gorge. It consists of the burial of Beder ota, shrubs with tied rags in the distance, a well with holy water and the burial of a mullah, who for a long time was the caretaker of this holy place. There are special buildings where pilgrims can sacrifice a ram, cook food, make tea and spend time. The components of the complex are located at a distance from each other, isolated from each other, which is also facilitated by the terrain. While talking with the mullah and the current caretaker of the holy place, we heard the legend of Beder Ata. He said that in the early days of the establishment of the religion of Islam, four preachers of Islam arrived here. Among them was a saint buried in this complex, which is obviously why he received the title of qoja. Fleeing from enemies, he asked for help from Allah and the mountain, opening up, protected him.

ТҮРКИЯНЫҢ ТАШКЕНТІ

Түркияның Ташкент қаласы Ішкі Анадолы бөлгесіне кіретін Кониядан 145 км жерде, Орталық Тавр (Таурус) тауларының солтүстік бөлігіндегі Ташели үстіртінің биік және таулы аймағында, теңіз деңгейінен орташа 1620 км биіктікте орналасқан. Мұндағы Орталық Тавр аймағына Анталия, Алания (Испарта, Бурдур), Силифке, Анамур, Хадим, Ерменек, Бозкыр, Мерсин, Адана және Мараштың батыс жағы кіреді (Копуа, 2015, 281).

7000 жылдық тарихы бар Кония – Түркияның ең көне, діни, рухани қаласы. Қаланың «Икония» атауы Библияда кездеседі. Кония 1096-1307 жылдары Түркия селжүктерінің астанасы болса, кейін осман дәуірінде дервіштердің (дәруіштер) орталығы болды.

Кония қаласында XI ғасырда ақын, математик Омар Хаям, XIII ғасырда әлемге танымал ислам ойшылы, сопылық ақын Мәулана (Жалаладдин Руми) өмір сүрген. Анадолы селжүктері мен Османлы сұлтандардың кезінде халықтың көпшілігі бір-бірімен бес тілде қарым-қатынас жасады және селжүк патшалары көбіне парсы тілінде сөйледі, себебі селжүк басшылары осы аймаққа келместен бұрын, біраз жылдар Иран жерінде тұрып, Иран мәдениеті мен өркениетін, дәстүрін толық танып білген болатын. Кейін Османлы сұлтандарының көпшілігі балаларын парсы тілінде оқытты (Жұмаділова Ғ., 2017, 280-281).

Конияда ЮНЕСКО-ның материалдық емес құндылықтары қатарына кірген дәруіштердің *сема* (айналып билеу) биі 32 жылдан кейін, яғни 1957 жылы қайта қолға алынып, бүгінде оны әлемге таныту мақсатында әр жылдың желтоқсан айында фестивалдар өткізіліп тұрады.

Ташкент әкімшілік-территориялық жағынан Жерорта теңізінің Анталия бөлігінде орналасқанымен, климаттық сипаттамасы Хадимнің метеорологиялық өлшемдеріне сәйкес келеді, яғни қысы суық және қарлы, жазы жұмсақ әрі құрғақ. Кейбір тарихи деректерде, Түркия селжүктері Анталия мен Аланияны қыстақ ретінде пайдаланған. Себебі ол жердің қысы жылы, кейде қыс айларында нөсерлі жаңбыр жауып, температура + 12 ° С-тан төмен түспейді. Жазда, керісінше, жауын-шашын аз, ауа-райы құрғақ, бірақ қатты ыстық емес.

Тавр тауларынан бастау алып, Жерорта теңізіне құятын Гөксу өзені мен оның Ақсу, Сейхан, Джейхан салалары елдің ең маңызды нысаналарының бірі, онда гидрологиялық қондырғылар қойылған. Мысалы, Гөксу өзенінде Авшар бөгеті салынса, Богаздере тармағында ГЭС салынған. Сондай-ақ бұл аймақ жер асты сулары мен тоғандарға, бұлақтарға, жер асты үңгірлерге де өте бай. Оның ішіндегі ең үлкені әрі маңыздысы – Кызыларик (қызыл арық – автор) үңгірі. Өзеннің бойыннан, таудың етегінен зәйтүн, жүз-мың түрлі қарағай ағаштарын және алма, өрік, шие, алмұрт, айва, анар, банан, жүзіммен қатар көкөністердің барлық түрін кездестіруге болады.

Орталық Азиядан Анадолыға келіп қоныстанған тайпалар, өздерінің келген жерлерін ұмытпау мақсатында өзеннің атын Гөксу (Көксу), салаларын Ақсу (Ақсу), Сейхан (Сейхун – Сырдария), Джейхан (Джейхун – Амудария) деп атағанын тарих бүгін шындыққа айналдырып отыр.

Топырағы қызыл, жері тасты болып келген Ташкент қаласының 16,650 гектар жерін орман алып жатыр. Онда қарағай, шырша және емен ағаштарының жүзден аса түрі өседі.

Соңғы статистикалық деректер бойынша, Ташкент қаласында 46396 адам тұрады, көпшілігі үлкен кісілер. Қаланың тазалығына, тыныштығына қарап, осыншама адам қаланың қай жерінде жүр екен деп те ойлайсың?

Мұндағы биік таулар, тік жартастар, ұясына батып бара жатқан күн, дала төсін қақ жарып, асыр сала аққан өзен, көк аспанды торлаған қазбауыр бұлт Ташкент қаласының көркін одан сайын құлпырта түседі (1,1; 1,2 сурет).

Ташкент қаласына алғаш 1074-1080 жылдары көшпенді оғыз тайпалары Авшар мен Салур түрікмендері келді. Селжүк билеушісі тайпа басшыларына Селжүк мемлекетінің құрылуына атсалысқаны үшін «Пири» атағын берді. «Пири (пірі – автор)» атағына ие болған түрікмендер мен 1227-1228 жылдары келген армяндардың бұл қалаға көптеп қоныстануына Селжүктің 1220-1237 жылдардағы сұлтаны Аладдин Кейкубаттың еңбегі зор болды. Атап айтсақ, ол Анадолыға келген Четми түрікмендерді Конияның әртүрлі аймақтарына, әсіресе Ташели (Ташкент) маңына қоныстандырды. Ол кезде бұл аймақ ерте (1074-1080 жылдары) келіп қоныстанған Авшар мен Салур түрікмендерінің жайылымы еді. Мұнда оғыз тайпаларына қарағанда армяндар көп болды.

Сұлтан Аладдин Кейкубат өз билігінің соңғы кезеңінде армян бүліктерін басып-жаншу және шекара князьдігін құру үшін Ерменек, Ташкент және Мут аймақтарын Караман түріктерінің меншігіне берді. Моңғолдардан қашқан Караман түріктері әуелі Әзірбайжанның Ширван аймағына, кейін Анадолының оңтүстік бөлігіне (Ташкент пен оның айналасына) 1237-1238 жылдары қоныс аударды, оны Караман бей басқарды. Караман бей қайтыс болғаннан кейін Ташкентке Бедреддин Ибраһим Хутенид келіп, Караман бейдің ұлдарын тұтқындап, Конияға жібереді. 1265 жылы Караман бейдің ұлы Караманоғлу Мехмет бей түрмеден шығып, Хутенидке қарсы шығып, Ташкентті өз қолына алды. Күшейген Караманоғлулар аймақтан кетіп, әлсіреген Селжүк мемлекетіне және оның астанасы Конияға бірнеше рет шабуыл жасады. Алайда, аймаққа кірген моңғолдар Ларенде, Ерменек және Ташкент аймақтарын тонап, Караманоғлу Мехмет бей мен оның адамдарын өлтіреді. Караманоғлу Мехмет бей қайтыс болғаннан кейін Ташкент (Таш-қала) Гунери бейдің қол астына өтті. Осылайша бір қолдан екінші, үшінші қолға өткен қаланың аты әуелі Пири – Пириконду (Пірі қонды болуы да мүмкін), кейін Пирлерконду (Пірлерқонды) болып өзгерген. Қала атының әр уақытта өзгеріп отырғанын мына еңбектерден де байқаймыз: Шикаридің «Караманнаме» еңбегінде – Пирлерконди, Ибраһим Хаккының «Кония Тарихы» еңбегінде – Пирликонди және Евлия Челебидің «Саяхатнама» жинағының 9-томында Карие-и Конди деп аталған.

Түркияның 1913 жылы қабылданған жаңа заңы бойынша Османлы елі 15 провинциядан тұратын әкімшілік құрылымға бөлінді. Алайда, Османлы дәуірі кезіннен Хадим аймағына қаралып келген Ташкент адам санының өзгеруіне байланысты Кония провинциясына кірмей қалды (İzzet Sak, 2020, 20). Тек 1926 жылы республика қайтадан әкімшілік құрылымға бөлінген кезде Ташкент Хадимнен шығып, жеке қала ретінде статуска ие болып, Конияның қарамағына кіреді. Тарихта «Пирлерконду» деген атпен белгілі болған бұл қаланы 1930 жылы Кония губернаторы Исмайл Иззет бей «Ташкент» деп өзгертті.

Қалаға кірген кезде оның «Ташкент» деп бекер аталмағанын бірден түсінесің, өйткені тасқаланың биік-биік жартастарына, қырларына, белдері мен белестеріне дейін салынған үйлері де, жерге төселген жолдары да таспен қаланған (2,1; 2,2 сурет).

Ташкент қаласының кіре беріс қақпасында талантты әскери басшы, селжүктердің билеушісі, 1220-1236 жылдардағы сұлтаны Аладдин Кейкубаттың ескерткіші бар. Ескерткіште Аладдин атқа мініп, ал жанындағы қыз су толтырған шелегін иығына салып тұр (3,1 сурет).

Осы көрініс ел арасына кеңінен танылған мынандай аңызға негізделген: «Әмірші сарбаздарымен жауын жеңіп, Калоноростан (Анталия) ең қысқа Кония-Чумра-Динек-Белвиран-Хадим және Пирлерконда жолымен қайтып келе жатып, ағып тұрған бұлақтан су алып жатқан қызды көреді де жанына келіп, су ішіп:

- Қызым, ауылдарың қайда?

- (Асар белесті көрсетіп) Ана төбенің артында, сұлтаным депті.

- Ауылдағыларға, сұлтанымыз мына жерден (чешма) құдықтың салынғанын қалайды деп, айтып бар дейді де кетіп қалады. Ауылдағылар сұлтан айтқан соң, бұлақтың басына құдық салып, қарағай ағашынан ойып, «сапшақ» деп аталатын су ішетін ыдысты да қояды. Аладдин сөзін жеге тастамай, құдықты салған халыққа ырза болып: «Çamlarınız kurumasın, güzeliniz farımasın, sularınız ılımasın, bezinizden öşür akçe alınmasın» (Қарағайларың қурамасын, сұлулықтарың солмасын, суларың жылымасын, бөздеріңнен ондық салық алынбасын) – деп бата берген. Содан бері халық арасында бұл құдық ««Аладдиннің құдығы» немесе «сұлтанның құдығы» деп аталып кеткен» (Taşkent Tarihi ve Kültürü, 2017, 46). Сұлтан суын ішіп, ұнатып, құдық жасауға бұйрық бергеннен кейін бұл кішкентай ауылға жан-жақтан халықтар қоныстана бастады. Ғасыдан ғасырға, жылдан жылға, ауыл кеңейіп, халқы көбейе түсті.

Бүгінде Ташкент қаласының тұрғылықты халқы да, барған жолаушылары мен туристері де «Аладдиннің немесе сұлтанның құдығынан» су ішпей кетпейді. Тоғыз жолдың торабында орналасқан Ташкент солтүстігінде Хадиммен, оңтүстігінде Анталияның Гүндөгмуш және Аланиямен, шығысында Караман қалаларымен шектесіп, Орталық Анадолы мен Жерорта теңізін байланыстырып тұр. Кезінде Аланиядан Анадолы өлкесіне қарай беттеген барлық керуен жолдар осы Ташкент қаласы арқылы өткен, соның нәтижесінде мұнда сауда мен қолөнер жақсы дамыған. Сондықтан да Ташкент бүгінде берік болат пышақ жасаудан әлемнің бірнеше еліне әйгілі, мұнда жыл сайын 10 мыңнан аса пышақ жасалып, экспортқа шығарылып тұрады.

Жергілікті жастарға білім беру, оларды мамандықпен қамту мақсатында Селжүк университеті Ташкент кәсіптік-техникалық колледжін ашқан, онда негізінен осы қаланың жастары оқиды. Ташкент қаласындағы мектептер мен жатақханалар, мешіттер мен басқа да кейбір қоғамдық ғимараттар ауқатты, бай ташкенттіктердің қолдауымен салынған. Сауда-саттықпен, ірі бизнеспен

айналысатын ташкенттіктердің жағдайлары өте жақсы. Кейінгі жылдары құрылған «ынтымақ – мәдениет қоры» дарынды, еңбекқор, ұлттық-адамгершілік құндылықтарға бай жастардың білім алуына жағдай жасап, мұқтаж жандар мен жетім-жесірлерге тиісті уақытта және тиісті мөлшерде заттай және ақшалай көмек көрсетіп келеді.

Қаланың орталығында орналасқан «Пирлерконду» бұрын көпшіліктің бас қосатын кафесі, кітапханасы болса, бүгінде үш жұлдызды қонақ үйдің қызметін атқарып тұр.

Қорыта айтқанда, халықтың күнделікті өмірі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, тамақтану сипаты, жүрген жолы, тілі мен тарихы сияқты тақырыптарды зерттеу қай заманда болса да өзекті және тұрақты. Осы ретте, Ташкент қаласының жер аумағы, онда мекендеген ұлт-ұлыстардың сипаты, оған қатысты тарихи деректер мен аңыз әфсаналар, суреттер, олардың қоныстану тарихы сияқты мәліметтер болашақта түркі халықтарының қалыптасу тарихын айқындауға аз да болса мәлімет береді деп ойлаймын. Себебі кезінде Орталық Азияда болған саяхатшылар, миссионерлер көрген-білген, естігендерін қағаз бетіне түсіріп, күнделікті жазбалар жазбағанда, бүгінде біз үшін таптырмас құнды деректер болмас та еді. Жалпы халықтың ортақ тарихын зерттеуде жекеленген елдің тарихын емес, оны тұтас түркі халықтарымен байланыстыра отырып, жаңаша көзқараспен, сабақтастықпен зерттеуіміз керек. Сонда ғана біз жалпы көшпенділердің өркениетін, түркі халықтарының мындаған ғасырлық рухани, саяси, әлеуметтік даму сатыларын толық аша аламыз.

Әдебиеттер

Жұмаділова Ф. Парсы тілі мен әдебиетін дамытып, оны әлемге таратудағы селжүктердің рөлі // Қазақстан мен Таяу және Орта Шығыс: Тарихи-мәдени және рухани мұралар сабақтастығы. Ұжымдық монография. – Алматы, 2017. – 304 бет.

Konya ansiklopedisi. S -T (8, C). Kültür Yayınları (Konya Büyükşehir Belediyesi), Konya, Şubat 2015. S. 394.

Құлназарова Г. Түркияның Ташкенті // «Almaty akshamy» газеті, 2019. №121/5784, 146 бет.

Taşkent Tarihi ve Kütürü. Taşkent: Kaymakamlığı Yayınları, Konya, Şubat 2017. S.139.

İzzet Sak Hadim Kazası Nüfus Defteri (Pirlevganda nam-i diğer Hadim, 1260 (1844-1845) Tarihli). Palet yayınları, Konya, Aralık 2020. S. 338.

TURKEY'S TASHKENT

The article by Kulnazarova Gulbakhram Sultankulovna "Tashkent in Turkey" is dedicated to the existence of the city "Tashkent" in Turkey, its history, territory and climate. Information about the territory of Tashkent, the nature of the ethnic groups living here, historical data and legends, paintings, the history of their settlement will allow us to determine the history of the formation of the Turkic peoples in the future. Studying the general history of the Turkic peoples as a whole, we must study from a completely new point of view, linking it with the Turkic peoples as a whole and not the history of a separate country. Only then will we be able to fully disclose the civilization of nomads as a whole, millennia of spiritual, political and social development of the Turkic peoples.

Т. Болсынбек

ҚР Мемлекеттік Орталық музейі

*Алматы қ., Қазақстан
tbolsynbek77@gmail.com*

ЖҮН ҰҚСАТУ ҮРДІСІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ АТАУЛАР МЕН ҰҒЫМДАР*

Қазақта ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі қолөнерінің түрлі салалары *ұсталық, зергерлік, ағаш ұқсату, тоқымашылық* өнеріне қатысты ел ішінде сан алуан атаулар мен ұғымдар сақталған. Қолөнеріне байланысты қалыптасқан халықтық атауларды ғылыми айналымға енгізуде Әлкей Марғұлан, Халел Арғынбаев, Өзбекәлі Жәнібеков, Марат Мұқанов, Садық Қасиманов, Әбдіқас Тәжімұратов, Рүстембек Шойбеков және т.б. ғалымдар еңбектерінің мәні ерекше. Ал, профессор Нұрсан Әлімбаидың жетекшілігімен жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты көп томдық энциклопедиялық

* Мақала ЖТН: BR08555285. «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы фотоқұжатты деректер (отандық музейлер коллекциясы бойынша). Ғылыми каталог» атты ғылыми-зерттеу жобасы аясында жазылды.

еңбекте жоғарыда аталып өткен қолөнер түрлерімен қатар, жүн ұқсатудың қыры мен сыры баяндалады. Сондай-ақ, қазақтың тоқымашылық өнеріндегі тоқу тәсілдерін сипаттайтын «Жүннен жасалатын бұйымдар» атты кітапта (құрастырған К. Мұқанов) жүнді өңдеп, оны қолданғанға дейінгі аралық сөз етіледі және жүнге қатысты көптеген атауларға түсініктемелер берілген.

Қазақта *баскиім, бойкиім, сырткиім, аяқкиім* сияқты киім-кешек түрлері, киіз үй жабдықтарының құрамына кіретін *туырлық, түндік, үзік* сондай-ақ *кілем, тұскиіз, сырмақ, текемет, алаша* және т.б. бұйымдардың негізі малдың жүнінен дайындалатындықтан мақалада жүн ұқсату үрдісіндегі халықтық атаулар мен ұғымдарға тоқталғалы отырмыз.

Жүн ұқсату үрдісі алдымен *қой тоғыту, қой қырқу, жүн сабау, жүн түту, жіп иіру, жүн бояу* сияқты бірнеше сатылы жұмыстардан тұрады.

Қой-ешкі тоғыту – қыркым алдында, қой-ешкі жүнін тазартып алу (қи, шөп-шалаң т.б.) мақсатында жылы күндері көлге немесе өзенге жүздіріп өту шарасы. Тоғытылған мал кейіннен қыркылады. Осы тұста ескере кететін жайт, малды ауылдың маңында өзен, көл болған жағдайда ғана оны тоғыта алады. Болмаған жағдайда қыркылғаннан кейін де жүнді жуып алады.

Қырықтық – қой-ешкі жүнін қыркатын құрал. Ол малды қырку барысында егеумен егеліп немесе қайрақпен қайралады.



1-сурет – Түркістан өңіріндегі қой қырку. Фото Канарский Н.Я. Шерсть и ее обработка. Том I. Часть I. Москва: издание «Всероссийского товарищества «Шерсть» и правление суконных фабрик Тамбовского района», 1923 атты еңбектен алынды

Қой-ешкі қырку – мал үстіндегі жүнді қырықтықпен қырку шарасы. Бұл науқанды ауыл адамдары (туған-туыс, көрші-қолан) бірлесіп атқарған (сурет 1). Қой-ешкі қыркуға қолына қырықтық ұстай алатын баладан ересек адамдарға дейін, тіпті әйелдерде қатысады. Кейбір балалар қой-ешкі қырку алмаса да қыркылатын малдарды ұстап жәрдем етеді. Малды туырлық, төсеніш үстіне жығып, аяғын буып (көбіне артқы бір аяғын бос қояды) жүнді түбінен қыркады. Қойды жылына екі рет: көктемде және күзде қырықса, ешкіні бір рет жазғасалым қыркады. Қозыны жаздың ортасына таман қыркады. Қыркылған мал жүндері шетінен жинастырылып, қаптарға, қанарларға салынады.

Осы тұста қой-ешкі және түйе жүнінің қасиетіне тоқтала кеткенді жөн санадық.

Қойдың көктемде қыркылған жүні *жабағы жүн*, ал күзде қыркылғаны *күзем жүн* деп аталады. Қой жүні барынша мықты; жылуды жақсы сақтайды, созылғыш келеді; қой жүнінен әртүрлі киім-кешек түрлері және *кілем, алаша, тоқым, дорба* сияқты бұйымдар жасалады. Жүні бояуды бойына жақсы сіңіріп, әрі біраз жылға дейін өңін жоғалтпайды. Қой жүні: *бас жүн, жабын жүн, бауыр жүн, мойын жүн, пұшпақ жүн, тірсек жүн*, деп денесіндегі өскен жеріне қарай аталады. Сонымен бірге, жас ерекшелігіне қарай қой жүні: *қозы жүні, тоқты жүні, саулық жүні, қой жүні, қошқар жүні, бойдақ қой жүні* деп жіктеледі. Сапасына байланысты: *биязы жүн, биязылау жүн, қылышықты жүн, ұяң жүн* деп бөлінеді. Бұл айтылғандармен қатар, қой малының жергілікті жерлерде басқа да атаулары бар. Ал, ешкі жүнінің қылынан жіп, арқан еседі. Түбіті жылуды жақсы сақтайтындықтан *шәлі, мойынорауыш, қолғап, көрпе* т.с.с. бұйымдар тоқыған. Нарықта ешкінің қылынан гөрі түбіті қымбат бағаланған.

Түйе малы жылына бір рет жүнделеді. Жасына қарай жүні *тайлақ жүн* және *үлкен түйенің жүні* деп екіге бөлінеді. Сонымен бірге, түйе жүнінің *боздақ, жабағы, шуда* деп аталатын түрлері де бар. Әр жердің климаттық ерекшелігін ескере отырып, сол жердің тұрғындары түйелерін көктемнің ыңғайлы уақытында жүндеген. Мысалы, Торғай облысы қазақтарының түйе шаруашылығын зерттеген орыс ғалымы А. Добросмыслов Торғай даласында түйені сәуір айының

соңынан маусым айының басына дейінгі аралықта жүндеген десе (Добросмыслов, 1895, с. 26), Батыс Қазақстан өңірі қазақтарының шаруашылығы, тұрмысын зерттеген орыс зерттеушісі Ф. Фиельструп аталған өңірдің тұрғындары қыстан жақсы шыққан түйелерін шамамен мамыр айының ортасынан жүндей бастаса, арығын сәл кейіндеу жүндеген дейді (Фиельструп, 1927, с. 95). Ал, қазақ ғалымы, этнограф Х. Арғынбаев түйе малы сәуір айының аяғынан мамыр айының басына дейін жүнделеді. Оның өзінде күннің жылынуы мен малдың қоңданып көтерілуімен байланысты екендігін айтады (Арғынбаев, 1969, 90-б.). Жүнделетін түйені шөгеріп алып, төрт аяғын бірдей тіздейді. Бірінші рет жүнделгелі тұрған асау тайлақтар тыпыршып мазасызданатындықтан оларды дінгекке басын мойнымен қоса байлап қояды. Түйені жүндеушілер екі жағында тұрып өркештен төмен қарай жабағысын тарта отырып, жүнді түбінен үлкен пышақпен қияды. Бұндай тәсілде түйе жүні кесілмей жұдынып отырады. Түйе жүндеуге 2-3 адам қатысады (Арғынбаев, 1969, 90-б.). Ерте кездері жүнделген түйелердің кейбірі суыққа ұрынбасы үшін, түйешілер олардың үстіне киізден жабу жауып, оны бір айсыз шешпеген (Добросмыслов, 1895, с. 26). Жабуды әркім мүмкіндігіне қарай, тіпті, ескіріп, қолданыстан шығып қалған алаша, текемет сияқты төсеніштерден, сырт киімдерден де құрап жасай берген. Енді мал жүндерінің түстеріне келетін болсақ, қой-ешкі жүні *ақ, сарғыш, қоңыр, қара* және т.б. түстерден тұрады. Ал, түйе жүнінің түсін зерттеуші А. Добросмыслов, қос өркешті түйе жүні түрлі реңктері бар *ақ, сарғыш* және *қоңыр* түстерден тұратынын, сондай-ақ түйе арасында жүнінің түсі *ашық-қоңыр, ашық-сары, қара, бозғылт*, сиректе болса, *ақ түйенің* де ұшырасатынын айтады (Добросмыслов, 1895, с. 8), ал, зерттеуші Ә. Жақыпов өз зерттеуінде, *боз түйе, көк ала бас түйе (бас жүнінің бітісі көк, ақшыл боз, қоңыр болып келуіне байланысты), қара түйе (жүн шуда бітісінің қара қоңыр түске бейімдігіне қатысты)* және т.с.с. мысалдар келтіреді (Жақыпов, 1989, 66-67-68.).

Жүн ұқсату үрдісіндегі сатылы жұмыстарды ары қарай жалғастыратын болсақ:

Жүн сабау – қойдың қырқылған жүнінің ұйысқан, тұтасқан жерлерін тарқатып, көпсіту үшін *тулаққа* жайып, айнала отырып шыбықпен *сабау* тәсілі.

Тулақ – малдың кептірілген терісі. Жүн сабауға қолайлы бұйым ретінде қолданылады.

Сабау – *тобылғы, тал, жыңғыл, ыргай* сияқты ағаштардан ұзындығы құлаштай етіп кесіліп дайындалған солқылдақ шыбықтары. Жүн сабау құралы.

Жүн түту – сабаудан өткен жүнді майдалап отырып қолмен немесе *жүн тарақпен* тарап көпсіту.

Жүн тарақ – басында ұсақ темір тістері бар, сабы ағаштан жасалған, жүн түтуге қолданылатын құрал.

Ұршық – шүйкеленген жүннен жіп иіруге арналған құрал. Ол *сірге ағашы, басы мен саптан* тұрады.

Шүйке – есуге алдын ала әзірленген, домалақталып жинастырылған жүн.

Иіру – жүннен жіп алу процесі. Түтілген шуданы созып, бес саусаққа орай, *ұршықтың* ойығына (оны *сірге ағаш* немесе *мұрындық* деп те атайды) сабақтап алып иіреді. Шеберлердің айтуынша, бір алашаны тоқу үшін шамамен үш-төрт қойдың жүнінен иірілген жіп кетеді екен. Сонымен бірге, жіп иірген кезде, кейде тұтынатын бұйымның ерекшелігі де ескеріледі. Мысалы, кілем жібінен гөрі алаша жібі ширақ (пысықтау), керісінше, алаша жібіне қарағанда кілем жібі жуандау және бостау етіп иіріледі (Жүннен жасалатын бұйымдар, 1990, 11-б.).

Сабалған жүнді шиге салу – сабалған жүннен шаршы тәріздес киіз жасау үшін, ши бетіне алдымен сапасы нашарлау келген, сосын тәуір жүнді бірдей етіп тегістеп төсеу тәсілі (Тәжімұратов, 1977, 34-б.).

Бояу – тоқылатын (басқұр, алаша және т.б.) бұйымның өңін ашып, оған әр беру үшін қажетті жүнді әртүрлі түске бояу тәсілі. Қазақ әйелдері жүнді немесе басқа заттарды бояу үшін түрлі өсімдік тамыры мен сабағын күзде піскен уақытында жинап алып, жуып тазалап кептіріп бояу дайындай білген. Мысалы, ақбас жусан (*achillea millefolium*) мен боз жусанды (*artemisia glauca*) қосып қайнатып ашық сары түс бояу алған (Болсынбек, 2017, 147-б.). Ал, аққаңбақтың (*gypsophila paniculata*) тамырын ұсақтап боялатын жүнді жуады (Болсынбек, 2017, 152-б.). Зерттеуші С. Дудин, бояу әзірлеу үшін қайнап жатқан суға жүнді қайталап салып, бояу қоспаларын қоса отырып, қалаған түске оның өң-түсін келтірген дейді (Дудин, 1928, с. 84). Үй тұрмысы жағдайында қолмен ұқсатылған, боялған жүннен *басқұр, алаша, құр, сандық қап, аяққап* және тағы басқа да тоқыма бұйымдар әзірленеді.

Жүн атауымен байланысты кейбір ұғымдар мен атаулар:

Жабағы жүн – қыстан шыққан малдың көктем кезіндегі ұйысқан жүні. Жабағы жүн иіруге оңай, әрі берік болып келетіндіктен, одан шүйке жасалып, киіз үй жабдығына қажет *бау-шу* есіледі. Жіп ширатылады. Киімнен *шидем шапан, күпі* дайындалады.

Күзем жүн – көктемгі қырқымнан соң, күзге дейін өскен мал жүні. Күзем жүннің талшықтары қысқа, иіруге келмейтіндіктен, одан нығыздап *киіз, текемет* басады. Киім түрлерінен *қалпақ, жүн байпақ, пима* әзірленеді.

Қозы күзем / Қозы жүн – шілде-тамыз айларында қой төлінен алынатын жүн, сонымен бірге, қозының жазда бірінші рет қырқылған жүні *қарын жүн* деп те аталады. Қарын жүн таза, жұмсақ болып келетіндіктен, одан ертеде *жасалық, жөргек, иманкиіз* секілді бұйымдар дайындаған.

Биязы жүн – қылшықсыз жүн.

Биязы жүнді қой – жүнінің ұзындығы мен ирегі біркелкі өскен, жүні үлбіреген қой.

Боздақ – түйенің түлеп жаңа шыққан жұмсақ жүні, сонымен бірге ботаның жақ жүні де осылай аталады.

Бөкен жүн – мал түлегеннен соң шыққан, әлі өсе қоймаған қысқа жүн.

Жөргем – үй маңайындағы шарбақтарға, жайылымдағы бұта-қурайларға ілініп қалған малдың түлеме жүні.

Жұлма – қой терісінен жұлып алынған өлі жүн, жабағы жүннің шет пұшпағы.

Жұлым – жүн, түбіттің мөлшер орауы.

Жүндеусіз түйе – жүндейтін мезгілі келсе де, әлі түлей қоймаған, жүнделмеген түйе.

Жүнді – жүні қалың өскен қылшықты мал.

Жүнділеу – жүні қалыңдау өскен қой малына айтылады.

Жүнсіз – жүні жоқ, тықыр мал.

Жүн-жабағы – түрлі жүн, жабағы атауына қатысты айтылады.

Жүн-жұрқа – жүн, тері-терсек.

Тобар – көктем мезгілінде сиыр төлі тана, торпақ, тайынша терісінен алынатын жүн. XX ғасырдың 60-шы жылдарына дейін ауыл балалары көктемде сиыр терісінен түлеп, жұмсарып тұрған жүнді уқалап алып, түкірікпеп сулап отырып доп жасаған.

Түбіт – малдың қылшық жүнінің астындағы биязы жүн.

Қылшық – түбіттен жуан, ұзын, көбінесе бұйраланбай тік өсетін жүн талшығы.

Тірі жүн – жаңа қырқылған жүн.

Өлі жүн – малдың көктем мезгіліндегі түлеп түскен жүні. Екінші мағынасы, өлген немесе сойылған түйе, қой-ешкі терісінен жұлынып алынған жүн атауы (Жақыпов, 1989, 80-б.).

Ұяң жүн – мал жүнінің құрамында аралық және майда талшықтары бар жүн.

Құрғақ жүн – ұстағанда жүні қаттылау, құрғақ, солғынды байқалатын жүн. Мұндай жүн көбіне терісінің шайыры аз қойлардан қырқылған жүннен аңғарылады.

Шайырлы жүн – сапасы жақсы жүн. Шайыр – қой терісіндегі май мен тері бездерінен бөлінетін шырын. Шайыр жүннің қалыпты өсуіне, сапасының жақсы болуына көп әсері бар.

Шайырсыз жүн – сапасы нашар жүн. Қой терісінің шайыры аз болса, жүні де құрғақ, қаттылау болады.

Шуда – түйе малының мойнындағы, өркешіндегі және тірсегіндегі ұзын салалалы қылшық жүн.

Жүн қолғап – түйе немесе қой жүнінен тоқылған қолғап.

Жүн шұлық – түйе немесе қой жүнінен тоқылған шұлық және т.с.с.

Жүнмен байланысты айтылатын мақал-мәтелдер: «*Нар малының жүні – жібек, сүті бал*»; «*Жуас түйе жүндеуге жақсы*»; «*Жібекті түте алмаған жүн қылады*»; «*Жақсы әйел жүн қарыз алып, байпақ басады*» және т.б.

Жүн сөзімен байланысты қолданылатын сөз орамдары: «*Жұмыртқадан жүн қырыққан*»; «*Жүн жеп, жабағы саңғыды*»; «*Жүн-жүнін шығарды*»; «*Жақ жүні үрпиді*»; «*Жүні жығылды*»; «*Жүн боп кетті*»; «*Жүн жеп кетті*»; «*Жүнін жұлған тырнадай*» «*Сөзді жүндей сабады*» және т.б.

Мал жүнімен байланысты қалыптасқан ырым-тыйым, сенімдер: Қариялардың айтуы бойынша ертеректе, қой қырқып, жүн сабап, киіз басу науқаны кезінде жел соғатын болса, жүнді ұшырып әкетеді деп, екі тал шиді айқастырып, жүнмен байлап қоятын болған. Оның мағынасы жел шамынан сақтану дейді. Ырым «*кемпірдің жағын байлау*» деп аталады. Сондай-ақ, жергілікті жерлерде қой қырыққан қырықтық иесіне қайтарарда оны жүнге орап қол жалғап бермей, жерге қойып тұрып, ішіңнен «*Мұны мен емес, жер беріп отыр*» деп ойлау керек дейді. Қырықтық иесі оны жерден алуы керек. Олай жасамаса, қырықтық қой терісін кесе беретін болады деген және т.с.с. ырым түрлері бар (Парасат, 2015, 11-б.).

Өткенінді білмей, болашаққа бағдар жасай алмайсың, бүгінгі жаһандану заманында өскелең ұрпаққа төл тарихымызды, мәдени құндылықтарымызды, салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымызды насихаттауда музейлердің алатын орны ерекше. Жасыратыны жоқ, қазіргі таңда ұмыт бола бастаған дәстүрлі қолөнеріміздің салаларының бірі *тоқымашылық* өнеріне жататын бұйымдардың көбісін музейлерден кездестіреміз. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі (ҚР MOM) қорында негізі жүннен жасалған *кілем, алаша, сырмақ, текемет* сияқты бұйымдар көптеп сақталған. Мысалы, ҚР MOM қорындағы тақта кілем (КП 26649-7) 1870-1880 жылдары аралығында тоқылған (сурет 2). Өлшемі: ені 200 см, ұзындығы 300 см. Кілемнің негізі жүн жіппен, құрылымы қызғылт, ақ, сарғыш түсті жалпақ және қоңыр түсті жіңішке жолақтардың бірнеше рет қайталынып берілуі тәсілімен тоқылған. Түксіз кілем. Жолақтарға ақ, қызғылт, қоңыр түсті құс ізі өрнегі тоқылып, аралықтарына бірнеше қатар қара түсті су жүргізілген. Кілемнің ұзына бойы екі кенересі қоңыр түсті жүн жіптен тарақ өрнегі салына тоқылып, екі шетіне желі жібінен шашақ шығарылған (Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары, 2012, 154-б.).



2-сурет – Тақта кілем. ҚР MOM қорынан (КП 26649-7). Фото Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі коллекциясынан (ғылыми каталог) Алматы: ICOS, 2012) атты еңбектен алынды

Мақала барысында айтылған жүн ұқсату үрдісіндегі халықтық атаулардан бөлек, жергілікті жерлерде әлі де ғылыми айналымға енбеген терминдер жеткілікті. Ұлттық қолөнер түрлерімен қызығатын, оған бейжайлық танытпайтын әрбір азаматтың жергілікті жерлердегі қолөнершілерден, тоқымашылардан, ең бастысы кезінде өздері қолөнер түрлерімен шұғылданған көнекөз қариялардың өз аузынан қолөнермен байланысты мәлімет, дерек жинақтау парызы деп санаймыз.

Әдебиеттер

Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым, 1969. – 172 б.

- Музей народної архітектури і быта УССР. Фотопутеводитель / С.В. Верговський, Н.А. Зозуля, С.П. Смолинський і др. – Київ: Мистецтво, 1985. – 193 с.
- Наулко В.И. Развитие межэтнических связей на Украине. – Киев: Наукова думка, 1975. – 276 с.
- Отрощенко В. Бронзова доба // Історія декоративного мистецтва України: У 5 т. – Київ: Наукова думка, 2010. – Т. 1. – С. 91–114.
- Першиц А.И., Монгайт А.Л., Алексеев В.П. История первобытного общества: Учебник. – 3-е изд., пераб. и доп. – М.: «Высшая школа», 1982. – 224 с.
- Пилипенко М.Ф. Этнография Белоруссии. – М.: Высшэйшая школа, 1981. – 192 с.

- Польщикова Н.В. Строительство и архитектура Украины до образования Киевского государства: Учеб. пособие. – Одесса: Астропринт, 2002. – 159 с.: ил., табл.
- Прибега Л.В. Методика охорони та реставрації пам'яток народного здочства України. – К.: Мистецтво, 1997. – 143 с.
- Свешніков І.К. Історія населення Передкарпаття, Поділля і Волині в кінці III – на початку II тисячоліття до нашої ери. – Київ: Наукова думка, 1974. – 208 с.
- Седов В.В. Славяне Верхнього Поднепрров'я і Подвин'я. – М.: Наука, 1970. – 198 с.
- Ситник О. Культурна антропологія: походження людини і суспільства: Навч. пос. – Львів: Вид-во Львівської політехніки, 2012. – 180с.
- Сминтина О.В. Давня історія України. Частина I. Епоха антропогенезу та ранньопервісної общини: Навч. посібник. – Одеса: Гермес, 1999. – 125 с.
- Смирнов С.В., Котова Н.С., Яковлева Л.А. та ін. Історія культури давнього населення України // Історія української культури: У 5 т. / НАН України. Ін-т археології. – Київ: Наукова думка, 2001 – 2006. – Т. 1. – 2001. – С. 43–268.
- Станко В.Н., Гладких М.І., Сегеда С.П. Історія первісного суспільства. – Київ: Либідь, 1999. – 240 с.
- Телегін Д.Я. Про роль носіїв неолітичних культур Дніпро-Двинського регіону в етногенетичних процесах: балти і слов'яни // Археологія. – 1996а. – № 1. – С. 30–40.
- Телегін Д.Я. Про роль носіїв неолітичних культур Дніпро-Двинського регіону в етногенетичних процесах: балти і слов'яни // Археологія. – 1996б. – № 2. – С. 32–45.
- Телегін Д.Я., Титова Е.Н. Поселення Днепро-Донецкой етнокультурной общности эпохи неолита. – Киев: Наукова думка, 1998. – 144 с.
- Телегін Д.Я. Ігреньське поселення на Подніпров'ї та проблема житлобудування в мезоліті Східної Європи. – Київ, 2002. – 92 с.
- Титов В.С. Историко-этнографическое районирование материальной культуры белорусов XIX – начало XX в. – Минск: Наука и техника, 1983. – 152 с.
- Титова Е.Н. Жилища лесной зоны Правобережья Украины как источник для этнических и хозяйственных построений // Міжнар. симпозіум: Ад неалітызацыі да пачатку эпохі бронзы. Культурныя змены ў міжрэччы Одры і Дніпра паміж VI – II тыс. да н. э. Брэст, Рэспубліка Беларусь, 28 – 31 мая 2000. – Брэст. – 2000. – С. 35–37.
- Титова О. М., Кепін Д.В. Музейний показ давніх жител Українського Полісся (за археологічними матеріалами) // Праці Центру пам'яткознавства. – Київ: Центр пам'яткознавства НАН України та Українського товариства охорони пам'яток історії та культури, 2002. – Вип. 4. – С. 49–71.
- Трацевский В.В. История архитектуры народного жилища Белоруссии. – Минск: Вышэйшая школа, 1989. – 192 с.
- Яковлева Л. Пізній палеоліт // Історія декоративного мистецтва України: У 5 т. – Київ: Наукова думка, 2010. – Т. 1. – С. 25–46.
- Яковлева Л. Найдавніше мистецтво України=L'art des origines en Ukraine. – К.: «Стародавній Світ», 2013. – 288 с.: 246 іл.
- Jelínek Jan. Velký obrazový atlas pravěkého člověka. – Praha: Artia, 1972. – 560 s.
- Schlette F. Die Ältesten Haus – und Siedlungsformen des Menschen auf Grund des Steinzeitlichen Fundmaterials Europas und ethnologischer vergliche // Ethnographisch – Archäologische Forschungen. – Berlin: VEB Deutscher verlag der Wissenschaften, 1958. – Bd. – 186 s.; Tafel 93.
- Sklenář K. Palaeolithic and Mesolithic dwellings: problems of interpretation // Památky archeologické. – Praha, 1975. – Č. 2, R. LXVI. – P. 266–304.
- Sklenář K. Palaeolithic and Mesolithic dwellings: an essay classification // Památky archeologické. – Praha, 1976. – Č. 2, R. LXVII. – P. 249–340.

THE USE OF ETHNOGRAPHIC MODELS IN THE CREATION OF INTERIOR-THEMED EXHIBITION COMPLEXES (ON THE MATERIALS OF THE BRONZE AGE AT UKRAINIAN POLISSYA)

The article explores the possibility of creating reconstructions of housing architecture of the Bronze Age explored in Northern Ukraine in the Open-Air museums. Materials from the Pustynka settlement (XIII – XII centuries B.C.) (Chernigiv region) were analyzed (research by Dr.Prof.S.S. Berezanskaja). The data of ethnologists on traditional folk architecture in the territory of Ukrainian and Belorussian Polesya, Belorussian Dnieper Area, Belorussian Nieman are considered.

The analysis of the nature of housing construction in the settlement of Pustynka does not allow to identify its inhabitants not with the Ancient Slavs, and not with the Ancient Baltic. This once again confirms the view of the archaeologist E.V. Maksimov about the predilability of the pine culture (probably, this settlement belongs to it) Slav-Balts. We assume that the roof of construction' sochna was used in the Pustynka. Additional research deserves the question of the possibility of using the construction roof on krokvach. According to the presented materials, it is necessary to assume the existence of log shell (construction) in some dwellings.

The creation of archeoparks and archeodroms in areas of Stone Age and Eneolithic – Bronze Ages monuments' concentration, which are impossible to be preserved in situ and on the specially reserved territories as well: Archaeological complex "Archeodrome" - "Ancient Ukraine architecture" in the National Open-Air museum of folk architecture and Life of Ukrainian (village Pyrogiv, near Kyiv) with natural reconstruction in scale 1:1 of Upper Palaeolithic dwellings as well as Mesolithic and Neolithic ones; also Eneolithic and Bronze dwellings. In the historical and ethnographic zone "Polissya" it is possible to place reconstruction of the domestic complex (dwelling and household construction) Pustynka settlement.




Табл. 1. Сравнительный типлист построек эпохи бронзы по материалам поселения Пустынка с традиционными постройками конца XIX – середины XX в. Украинского, Белорусского Полесья, Белорусского Понеманья и Белорусского Поднепровья:
 1 – реконструкция строительного процесса по материалам поселения эпохи бронзы Пустынка (по С.С. Березанской);
 2 – реконструкция С.С. Березанской жилища № 4 из этого поселения; 3 – фото хаты (фасад) из с. Беловеж Рокитнянского р-на Ровенской обл. 1797 г. (Национальный музей народной архитектуры и быта Украины (НМНАПУ) в Киеве (с. Пирогово);
 4 – обобщенная реконструкция С.С. Березанской хозяйственной постройки из поселения эпохи бронзы Пустынка;
 5 – хата и конюшня-стодола из с. Боровое Рокитнянского р-на Ровенской обл. XIX в. (по Р.Ю. Гошко); 6 – хата и конюшня-стодола из с. Ляховичи Зельвенского р-на Гродненской обл. Конец XIX в. (по Д.К. Зеленину);
 8 – фото хлева из с. Рыжки Коропского р-на Черниговской обл. Середина XX в. (НМНАПУ); 9 – фото клуни из с. Карацубин Коропского р-на Черниговской обл. Начало XX ст. (НМНАПУ).




Табл. 2. Сравнительный тип-лист хозяйственных построек эпохи бронзы по материалам поселения Пустынка с традиционными постройками конца XIX – начала XX в. Украинского и Белорусского Полесья: 1 – обобщенная реконструкция хозяйственной постройки на сваях с поселения эпохи бронзы Пустынка (по С.С. Березанской); 2 – реконструкция С.С. Березанской хозяйственной постройки № 7 из этого поселения; 3-4 – амбары из с. Хоцк Лунинецкого р-на Брестской обл. Конец XIX – начало XX в. (по В.В. Трацевскому); 5 – оборог, характерный для Украинского Полесья (по Т.В. Косминой).

ТАҢБАЛЫ ТАС ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРІН МУЗЕЙЛЕНДІРУ

Таңбалытас – Алматы қаласынан солтүстікке қарай 110 шақырым жердегі Іле арнасының жарқабағындағы суреттер мен жазулар. Бұл Алматы облысы территориясындағы буддизмнің толық суреттелген және эпиграфиялық тұрғыдағы ескерткіші. Ескерткіш Қапшағай қаласынан солтүстік-батысқа қарай 22 км жерде, Іле өзенінің арнасының жарқабағында салынған. Қазақстанда буддистік мазмұндағы тибет және ойрат тілдеріндегі жазуларының едәуір саны белгілі. Олардың негізгі бөлігі – ежелгі тибет жазуы түріндегі дұғалар мен ежелгі түркі әліпбиімен жазылған моңғол тіліндегі жазулар. Руна жазулары Будда символарынан бұрын жазылған болуы мүмкін дейді ғалымдар. Бұл аймақта бірнеше ғибадатханалардың қирандылары тіркелген. Будда дінінің тибет – моңғолдар арасындағы инфрақұрылымның болуы, оның әртүрлілігін, Ренатаның Ю.Г. жоңғар картасындағы мәліметтер бойынша белгілі (Ерофеева, 2009, с.39). Қапшағай таңбалы тасы ескерткішінің ең белгілісі – Үш Будда суреті.

Сол жақ жартастас бетінде, Шакьямуни буддасы салынған, астында «Будда шакьямуниге сыйынамын» деп жазылған. Ортасында Авалокитешвара-қайырымдылық және қорғаушы құдай суреті бейнеленген, астында «әулие Авалокитеге сыйынамын» деп жазылған. Оң жақ жартастас бетінде бхайшаджьягуру«дәрігер ұстаз» буддасы бейнеленген, астында «дәрі әулиесі буддасына-сыйынамын» деп жазылған.

Таңбалытаста тұрақты ғимараттардың қирандылары әлі белгісіз. Бұл жер 1677-1771 жылдар аралығында Ойраттардың ашық аспан астындағы ғибадатханасы болған. Барлығы аударылып ғылыми айналымға түскен елу жазба, буддалардың төрт бейнесі және бесіншісі – боддисаттылар (барлығы сәтті түсіндірілген) осы кешеннің керемет бірегейлігін құрайды (Григорьев, Железняков, 2010, с.447). Бұндағы жазулардың бірі (ең көлемді: 11 тік сызық) соңғы жылдары И.В. Ерофееваның басқаруымен жасалған жан-жақты зерттеулері барысында аударылды. Бұл Ойраттықтардың жазған хаты. Хатта 1771 жылғы оқиғалар туралы куәландырады. Бұл қазақтардың жоңғарларды толығымен жеңгендігін және сол ұзақ және қанды соғыстың ұмытылмас орны бола алатындығын дәлелдейді (Ерофеев, 2017, 35-48). Ламаизмнің Қазақстан территориясындағы тарихы бірнеше рет И.В. Ерофееваның соңғы монографиялық еңбектерінде толық жазылған.

Ескерткіштің 160 жылдан астам тарихы бар, ескерткіштегі ғылыми жұмыстардың толық тізімі көптеген парақтарды алады. Ең алғаш Таңбалытас кешенін зерттеп және буддистердің суреттері мен жазбаларын қағаз бетіне түсірген Ш.Ш. Уалиханов. Өз еңбегінде 1856 жылы Таңбалыар деп атап көрсеткен. Шығыстанушы А.М. Позднев, Н.Н. Пантусовтың фотосуреттері бойынша жазуларды аударып, тастарда бейнеленген буддисттік құдайларды анықтап, егжей-тегжейлі түсініктеме берді.

Таңбалытас зерттеушілерінің барлығы табиғи түрде үлкен тау жартасында әсем гүлденген құм үйінділерінен пайда болған төбешікте отырған үш бейнеге назар аударды. Құдайлар бейнесі бар бұл тастар, туристер үшін ең тартымды орын және киелі мекеннің орталық бөлігі болып табылады. Тастың ортасында үлкендігі 3.46 x 3.79 метр болатын құм үйінділерінен пайда болған төбешіктермен, сол және оң жағында құдайлардың кішігірім бейнелері қашалған. А.М. Поздневтің анықтамасы бойынша тас ортасындағы керемет бурхан, моңғолдар мен жоңғарлар арасында зор ықыласқа ие Ариясы болып есептеледі. (Ария) -бало (тиб. Chjan-ra-sik, Chenraisi) - Avalotikesvara деп аталады. Авалокитешвараның оң жағында кішігірім өлшемде (1,42 x 1,44 м) сол қолымен тостаған ұсынған ыдысы бар Будда Шакьямуни. Олардың төменгі жағында «Мен Будда Шакьямуниге табынамын» - деген тибет тіліндегі жазу. Чжан-рай-сиканың сол жағында өлшемі 1,79 x 1,46 м болатын Манла Будда (Шипалы Будда) қашалып салынған. Сол қолында құлыпталған патра, ал төменге түсірілген оң жаққолында барлық ауруларды емдейтін жеміс бар (алтын миробалан). Манла бейнесінің астында тибеттік «Мен Будда Манлаға табынамын» - деген жазу бар (Григорьев, Железняков, 2010, с. 441-443).

Төртінші жалғыз бурхан (1,28 x 1 м) басында жеті жылан бейнесімен тасқа қашалған (жазусыз), үш құдай суреті салынған орталықтан батысқа қарай 15 м жерде орналасқан. Тағы бір жалғыз бурхан (бесінші) әсем гүлдің үстінде отырған (өлшемі 1,27x1,4 м) қасиетті орынның орталығынан оңтүстік-батысқа қарай 26,5 м жерде орналасқан. Тибеттік ламаизмде оны Митюкба

(«бейімделмеген») деп атайды. Тағы бір таста он бір жолды ойрат тілінде жазу және бір таста Тибетше: «Мен Чой-хи-Жалцанға тағзым етемін» - нағыз тарихи тұлға деп қашалған. Бұл жазба ескерткіштің жазылу кезеңін анықтау үшін өте маңызды, себебі ұзақ уақыт бойы оны зерттеу ең қиын мәселе болып келген (Григорьев, Железняков, 2010, с. 444).

Іле өзені – Жетісудың ең үлкен өзені, ол жүздеген және мыңдаған туристерді, соның ішінде туған жерінің тарихын білдіруге, демалушыларды және т.б. қызықтыратын орын. Қарама-қарсы жағалауда «Көшпенділер» фильмін түсіру үшін салынған ортағасырлық толық көлемді салынған сарайшық туристерді тартатын орталыққа айналып үлгерді. Бұл сарайшықты қалпына келтіріп, сақтауға және қорғауға қарапайым басқаруды жүзеге асыра отырып жағалауларды бір-біріне байланыстырса туристер саны артар еді. Өзеннің оң жағалауындағы будда суреттерінен жоғарыда будда жазулары мен қазақ халқының рулары мен тайпаларының көптеген таңбалары бейнеленген тағы бір тас бар. Мұндай «коллекцияға» арналған орын өзен жағалауының көркем ландшафты негізінде таңдалған. Өзен әр уақытта тайпалар арасындағы табиғи шекара қызметін атқарған, сонымен қатар Қазақ хандығының құрылуы мен нығаюы кезінде де болған. Өзен бойымен серуендеу немесе мәдени және тарихи ескерткіштерді аралауға арналған жол арқылы шатқалдың биік жеріне шығып, туристер өзен арнасы мен алқабының бірнеше километрін бақылай алады. Іле өзенінің орта ағысының керемет көрінісі. Қазақстанның ең жақсы ландшафттарының бірі деп санауға болады (Әмірғалиев, Железняков, Херман, Шарипов, 2019, 212 б.).

Толық ағып жатқан және қарқынды Іле өзені, әрине, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан жолдарға айтарлықтай кедергі болды. Ш. Уәлиханов 1856 жылы: «Көктемгі су тасқыны, ол наурыз айынан ерте болмайды; күзде ол азаяды, қыркүйек пен қазан айларында малға ыңғайлы шөптер пайда болады, сол себепті өткелдер белгілі: Оғыз-Өткел, Шелек пен Түрген сағалары арасында; Есік пен Талғар арасындағы Қыз-өткел, немесе Қызкелді, өзеннің оң жағындағы өзеннен төмен орналасқан. Жыңғылды және Таңбалы-өткел, Таңбалы-тас шатқалында. Соңғысы арқылы Ташкент, Құлжа мен Семейге керуен жолы бар және ол Жанайжол (Джанаевский жолы) деп аталады (Валиханов, 1985, с. 323).

Осылайша, Таңбалытас киелі кешені – XVII бірінші жартысы – XVIII ғасырдағы Жоңғарлардың тұсында Жетісудағы ламаизмнің таралуы мен өмір сүруіне жататын табиғи ескерткіш және тарихи мекендердің бірі болып табылады.

1981 жылдың ақпан айында Таңбалытас жергілікті маңызы бар ескерткіш ретінде мемлекеттік қорғауға алынды. 2000 жылдары «Қазқайтажаңғырту» РМК мекемесі арқылы ескерткіштің орталық бөлігінде мұражайландыру және ескерткіштің ашылу жобасы жүзеге асырды.

Әдебиеттер

Әмірғалиев М.О., Железняков Б.А., Херман Л., Шарипов Р.К. Жетісудың жартас өнері. – Алматы: «Жамбыл», 2019. – 280 б.

Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 2. – Алма-Ата, 1985.

Григорьев Ф.П., Железняков Б.А. Ламаистское святилище Тамгалытас на р. Или // Роль номадов в формировании культурного наследия Казахстана. Научные чтения. Памяти Н.Э. Масанова. – Алматы, 2010 г. – С. 440-458.

Ерофеева И.В. Памятники тибетского буддизма середины XVII- первой половины XVIII веков в Казахстане: новые исследования и находки // Научные чтения памяти Н.Э. Масанова. Сб. Материалов научно-практической конференции. – Алматы, 2009. – С. 43-54.

Ерофеева И.В. Буддийские монастыри ойратов в Семиречье (середина XVII – середина XIX в.) // Сборник научных статей по монголоведению посвящается 70-летию юбилею российского ученого-монголоведа, педагога, дипломата Лидии Григорьевны Скородумовой. – СПб, 2017. – С. 35-48.



1-сурет. Таңбалы тас жартас бетіндегі: үш будданың суреті



2-сурет. №11 1771ж. Ойрат жазуы бейнеленген жартас беті



3-сурет. Іле өзенінің ландшафты



4-сурет. Лотос тағында отырған Ногешвараджи буддасының бейнесі. 2000 ж. басында зақымдалған

MUSEUM OF HISTORICAL MONUMENTS OF TANBALY TAS

Drawings and inscriptions on the floodplain of the Ili canal, 110 kilometers north of Almaty. It is a fully illustrated and epigraphic monument of Buddhism in the territory of Almaty region. The monument was built in the floodplain of the Ili riverbed, 22 km northwest of the city of Kapshagai. A significant number of Tibetan and oirat inscriptions of Buddhist content are known in Kazakhstan. The main part of them is prayers in the form of an ancient Tibetan inscription and inscriptions in Mongolian, written in the ancient Turkic Alphabet.

А.А. Бисембаев, Ш. Сарсенов, А.Б. Уразова

Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты, К.Жұбанова ат. АӘУ,

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі

Ақтөбе, Қазақстан

e-mail: abissembaev@mail.ru

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ӘЛЕМДІК МУЗЕЙЛЕРДІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Музей (ежелгі грек. Μουσείο – музалар үйі), жалпы анықтама бойынша табиғи-тарихи, материалдық және рухани мәдениет ескерткіштері болып табылатын заттарды жинауға, зерттеуге, сақтауға және экспонаттауға, сондай-ақ ағартушылық және насихаттау жұмыстарына бағытталған арнайы мекеме.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі 2018 жылы қарқынды дамып келе жатқан қаланың жаңа орталығында, дамыған инфрақұрылымы бар Батыс-2 шағын ауданында көптен күткен жаңа ғимаратқа ие болды.

Осыған байланысты, насихаттау мәселелеріндегі көптеген дәстүрлі әдістемелер біршама ескірген сипатқа ие болған цифрлық технологиялардың әлемдегі музейдің даму перспективаларын қорытындылап, белгілегіміз келеді.

Музейге қатысты негізгі ұғымдарды қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени өмір жүйесіндегі орнын анықтау қажет. Қазіргі қоғамда қазақстандық және әлемдік мәдениет құндылықтарының сақталуы мен ұдайы өндірілуін, орнықты тарихи жадыны қалыптастыруды және мәдени-тарихи дамудың сабақтастығын қамтамасыз етуді айқындайтын факторлардың жалпы блогында маңызды орын музейлерге тиесілі. Ұзақ уақыт бойы олар әлеуметтік-мәдени салада, қоғамның рухани өмірінде, ағартушылықта, білім беруде, адамдардың адамгершілік-эстетикалық тәрбиесінде, ақпараттық және коммуникациялық процестерде, ұлттық өзін-өзі тануды бекітуде үлкен рөл атқарады (Гнедовский, 2001, с.283-284).

Жағдайды талдау кезінде музей ісі – бұл музейлердің елдің мәдени мұрасын жинақтау, есепке алу, сақтау, қорғау, зерттеу және пайдалану, сондай-ақ осы процестерді сырттан көрсетуді қамтитын ерекше қызмет түрі екенін ескеру қажет. Музей ісі кешенді түрде музей саясатын – музей заңнамасын, музей құрылысын, музейлерді басқаруды ұйымдастыруды, сондай-ақ музейтануды, музей практикасын, ғылыми қор, экспозициялық және ғылыми-ағартушылық жұмысты қамтиды.

Егер музей ісі ұғымын тұтастай мәдениет жүйесінде қарастыратын болсақ, онда музей әлемі деп қоғам құнды деп таныған және болашақ ұрпаққа материалдық мәдени-тарихи тәжірибе ретінде сақтауға және беруге жататын тарих, мәдениет, табиғат объектілері жұмыс істейтін мәдени кеңістіктің бір бөлігі деп түсінуге болады. Музей әлемі сақталуға және қазіргі заманғы мәдениетке енгізілетін объектілерді ғана емес, сонымен қатар, осы міндеттерді орындайтын мекемелердің, адамдардың, идеялардың жиынтығын да қамтиды. Объектілерді қазіргі заманғы мәдениетке енгізу, оларды өзектендіру процесінде музей әлемі шеңберінде қазіргі және болашақ мәдениетіне белсенді әсер ететін ерекше тарихи-мәдени орта қалыптасады.

Қазіргі уақытта музей білім беруден басқа, халыққа жаңа қызметтер көрсетуге және сәйкесінше қоғамның өсіп келе жатқан зияткерлік және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған заманауи бөлімдердің кең желісі бар күрделі организм болып табылатын демалыс орталығына айналууда. Осылайша, ХХІ ғасырдың басында музейлердің миссиясы айтарлықтай өзгерді, оның мазмұны жаңа әлеуметтік сұраныстармен тікелей байланысты (Дмитриева, 2001, с.357-358).

Бүгінгі күні музейдің маңызды мәселесі – бұл еркін нарық жағдайында келушілерді, басқаша айтқанда, сатып алушыларды, тұтынушыларды, сондай-ақ олардың серіктестерін немесе демеушілерін білу. Осы тепе-теңдікті сақтау – музейдің әлеуметтік және экономикалық табыстылығының міндетті шарты. Жаңа маркетингтік стратегиялар мен технологияларды әзірлеу қажет. Жоғарыда айтылғандардың бәрімен музейдің барлық қызметі тек қоғамның айтылған тілектеріне қарай жүре алмайтындығын ескеру қажет. Осы орайда жағдайды ашық бұрмалау жолымен кету мүмкіндігі бар. Ғаламтордағы тексерілмеген ақпараттың көптігі әлеуетті тұтынушылардың басында өте фантастикалық картиналардың болуына әсер етеді (Мастеница, 2005, с.14-22).

Бүгінгі таңда музей мамандары құралдардың барлық арсеналын кеңінен қолдануы керек: білім, кәсіби қарым-қатынас дағдылары, әлеуетті аудиторияны ақпараттандыруға және музей ұсынысын жарнамалауға бағытталған өнер.

Халықтың жас бөлігінде музей "ескірген", "іш пыстыралық" және "заманауи емес" мәдени мекеме деген тұрақты идеяларға байланысты әр түрлі түсініктерді жоққа шығару маңызды. Музей ісіндегі заманауи инновациялық технологиялар тұтастай алғанда музей сервисінің деңгейін айтарлықтай кеңейтіп, сапаны арттыра алады және халықтың мұражай қызметтеріне жаңа әлеуметтік-мәдени қажеттіліктерін қалыптастыра алады. Жоғарыда айтылғандардың бәрі өз кезегінде музейлерге келушілермен жұмысты жаңа жолмен ұйымдастыра алатын әлеуметтік-мәдени қызмет бойынша жоғары деңгейдегі мамандарды даярлауды қажет етеді.

Бүгінгі таңда музей өзінің талғампаз келушісіне материалдық және материалдық емес көптеген өнімдерді ұсына алады. Оның орнына, оның оң имиджін және тиісті атмосферасын қалыптастыруға қатысатын келушілердің оң реакциясын ала отырып, табысқа жеткен кезде олар еріксіз оның жарнама агенттеріне, түрлі салалардағы ынтымақтастықтағы жақсы серіктестеріне айналады.

Қазіргі әлем бір орында тұрмайды, үнемі дамып отырады және музей қоғамдық мекеме ретінде де әлеммен бірге өзгеруі керек. Біздің ойымызша, қазіргі замандағы музейдің виртуалды экскурсия мүмкіндігі бар өз сайты болуы керек. Қазіргі уақытта музейлерге барудың бұл түрі әлемдегі барлық ірі музейлерде жүзеге асырылған. Осылайша, іс жүзінде Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейіне баруға болады, онда музей сайтында экспонаттардың 3D моделдерін қарауға болады. Бірақ экскурсия кезінде сіз көрме туралы көбірек ақпарат ала алмайсыз, залда көрсетілгеннен гөрі экспонаттардың 3D модельдеріне де қатысты, экспонаттың атауынан басқа, сіз қосымша ақпарат ала алмайсыз, бұл виртуалды экскурсияның басты кемшілігі. Ғылыми

мақалалар мен диссертациялардың ақылы сайттары сияқты, ақылы түрде жүктелетін ақпараттың көлемін кеңейту қажет. Бұл музей үшін қосымша табыс алуға, сайтты жұмыс жағдайында ұстау үшін бос қаражаттың болуына мүмкіндік береді.

Болашақта музейлерді VR платформасына ауыстыру перспективасы мүмкін болар еді. VR платформасы музей ісін дамытуға өте жақсы қосымша болар еді. Виртуалды музей тұжырымдамасы музейдің барлық экспонаттарын VR платформасына толығымен немесе ішінара ауысады деп болжайды. Еліміздің барлық музейлері осылай бір қосымшаға біріктіруге болады, ал VR платформасына қосылуға арналған құрылғысы бар адам осы қосымшаны сатып алып, музейдің виртуалды залдарында экспонаттарды қарап жүре алады. Сондай-ақ, мұндай тұжырымдаманы қолданған кезде экспонат туралы ақпарат музейге келуші үшін мүмкіндігінше ыңғайлы түрде ұсынылуы мүмкін. Авторлық құқыққа қатысты мәселелерді болдырмау үшін, жазба авторларымен қарым-қатынасты нақтылау және т.б. мәтіндерді, фотосуреттер мен файлдарды еркін жүктеу мүмкіндігі бұғатталуы керек. Бірақ, музей кеңістігіне қолжетімділік тәулік бойы бос және барынша жеңілдетілген болуы тиіс.

Сонымен қатар, музейлерді VR платформасына толығымен көшіру, әр экспонат мүмкіндігінше шынайы жазба өте қиын және көп уақытты қажет ететіндігін түсіну керек. Сондықтан, ұсынылған тұжырымдама музейлердің өздерін жоймайды, өйткені адамның тарих экспонаттарын тірілей көруге, ең бастысы түпнұсқаны көруге деген ықыласы әрдайым келушілер үшін қызықты болып қалады, ал виртуалды музей өте жақсы қосымша болады, кез-келген уақытта сілтеме жасау мүмкіндігі бар анықтамалық материал ретінде қалыптасыды. VR платформасына әртүрлі дәуірлердегі шайқастардың қойылымын модельдеуге болады, онда тағы ежелгі рәсімдердің әр келкі түрлерін көрсетуге болады. Анимацияға монтаждалған деректі және тақырыптық фильмдерге кең орын ашылады. Музейге келушілер бұның барлығын VR платформасына қосылуға арналған арнайы құрылғылары бар залдарда көре алады.

Қазіргі заманғы музейді дамытудың тағы бір нұсқасы ашық аспан астындағы музей болып танылады, мұндай музейлер соншалықты кең таралмаған, бірақ олар көбінесе мүсіндер, әскери техника, ұшақтар және тағыда басқа ғимараттарға орнықтыруға қиын экспонаттар орналастырылады немесе мұндай музейлер ежелгі қалалардың қирандылары мен бұрынғы қалпына келтірілген қоныстар болуы мүмкін. Ақтөбеде Кеңес Одағының Батыры Т. Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери авиациялық училищесінің ұшу техникасы музейі жарқын мысал бола алады. Жылына бір рет ол қала тұрғындарының еркін кіруіне мүмкіндік береді, кейде оған кіру мүмкін емес болады.

Мұндай музейлерде VR технологиясы өте жақсы қосымша болады. Ежелгі қалалардың қирандыларын VR платформасында қайтадан құруға болады, мысалы, Отырар ашық аспан астындағы музейіне келушілер Отырар қаласының қирандыларын көріп, содан кейін VR платформасында қалпына келтірілген жойылмаған кездегі Отырар қаласының көшелерімен серуендей алады. Қазіргі уақытта Қазақстанның оңтүстігіндегі қалаларды қайта құру әрекеттері жүріп жатыр, бірақ өкінішке орай, сыншылардың қатты қарсылығына ұшырауда. Мәселе идеяда емес, оның жүзеге асырылуында, сыбайлас жемқорлық схемалары, қайта қалпына келтіру кезінде заманауи құрылыс материалдарын қолдану және т. б.

Музейге келушілер ортағасырлық қаланың тұрғындарымен серуендеп, олардың сол кезеңдегі өмірімен таныса алады, сонымен бірге келушілер қала туралы ақпаратпен ең ыңғайлы түрде таныса алады, осы қаладан шыққан әйгілі тұлғалар туралы біле алады және мұның бәрі музейге келушілерде өте жақсы әсер қалдырады және қала тарихына деген қызығушылықты оятады.

Техника және көлік музейлерінде сіз музейде ұсынылған жабдықты басқарудың виртуалды курсына жүзеге асыра аласыз. Келуші бұл техниканы басқаруды үйренбесе де, басқармалар туралы болжалды түсінік алады, бұл музейге және онда ұсынылған басқа да экспонаттарға қызығушылық тудырады. Сол қағида бойынша сіз темір ұстасы сияқты өткен дәуірдің түрлі қолөнерімен таныстыру курстарын өткізе аласыз. Айта кету керек, мұндай курстар қазір кейбір ашық аспан астындағы музейлерде өткізіледі, онда өткен қалалардың өмірі қалпына келтіріледі, бірақ виртуалды курстарда мұны әлдеқайда жақсы жүзеге асыруға болады (Златоустова, Каспаринская, Кузина, 2001, с.402-403).

Бірақ VR технологияларын қолдануға кеңес берілмейтін музейлер бар, оларға Ақмола облысындағы "Алжир" музейі немесе Польшадағы "Аушвиц-Биркенау" музейі кіреді. Бұл музейлер бұрынғы концлагерьлер болып табылады, онда көптеген жазықсыз адамдар қамауға алынған. Олардағы атмосфера мұңды, сондықтан оларды VR платформасымен толықтыру қажеті жоқ.

Мұндай музейлерде осы мекемелердің тарихы туралы деректі фильмдер көрсетілетін ақпараттық экрандарды іске асыру оңтайлы.

VR платформасын пайдалану жалпы музейлердің дамуына үлкен түрткі болады. Қазірдің өзінде ұсынылған заттардың кейбірін VR платформасынның көмегімен жүзеге асыруға болатындығын ескере отырып, соншалықты шынайы және әдемі болмаса да, мұндай музейлердің болашағы зор. Егер VR индустриясының өсу қарқынын ескеретін болсақ, онда бұл барлық инновациялардың іске асырудан алыс емес деп сеніммен айтуға болады және жақын арада біз Қазақстан музейлеріне виртуалды экскурсиямызды бастай аламыз.

Музейдің қазіргі қоғам үшін маңызы жаңа қажеттіліктерді қалыптастыратын және жаңа мамандарды тартуды талап ететін мәдениет саласындағы қызметтер нарығындағы өзгерістермен анықталады. Бұл музей жұмысына тікелей байланысты. Бірнеше саланың қиылысында жаңа қызметтерді құру және дамыту мүмкін. Мысалы, музейді дәстүрлі әлеуметтік-мәдени институт ретінде туризм, білім беру мекемелерінің қызметі, демалыс, сауда және ақпараттық қызметтер сияқты бағыттармен байланыстыру қызметтерді дамытуда үлкен мүмкіндіктер береді.

Осылайша, ғылым мен техниканың қазіргі жағдайы, ақпараттық технологиялардың қоғам өмірінің барлық салаларына енуі музейден дәстүрлі балалар мен егде жастағы адамдар туратын аудиторияны жоғалтып қана қоймай, кез-келген жаңа ақпаратқа күмәнмен қарайтын – жасөспірім мен жастар аудиториясына ие болу керек. Ал бұл музейлер өткен жәдігерлерді сақтай отырып, заман ағымына ілесе жүрсе ғана мүмкін болады.

Әдебиеттер

Гнедовский М.Б. Коммуникация музейная // Российская музейная энциклопедия. Т. 1. М., 2001. С.283-284.

Дмитриева Е.К. Мемориальные музеи // Российская музейная энциклопедия. Т. 1. М., 2001. С.357-358.

Златоустова В.И., Каспаринская С.А., Кузина Г.А. Музейное дело в России // Российская музейная энциклопедия. Т. 1. М., 2001. С.402-403.

Мастеница Е.Н. Культурное наследие и музей: проблемы взаимодействия // Научно-исследовательская работа в музее. Тезисы докладов на VIII Всероссийской научно-практической конференции МГУКИ / Науч. ред. Н.Г. Самарина. М., 2005. С. 14-22

REALITIES AND PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF THE MUSEUM IN THE MODERN WORLD

Museum is a special institution focused on collecting, studying, storing and exhibiting objects that are monuments of natural history, material and spiritual culture, as well as educational, popularization and propaganda activities.

This article summarizes the existing results, and also outlines the prospects for the development of the museum in the modern world, with an active component of digital technologies, when many traditional methods of propaganda and popularization are somewhat outdated.

The current state of the science and technology, the penetration of information technology into all spheres of society, requires the museum to be sensitive to changes in order to acquire new categories of visitors.

А. Ершат

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

e.ardak1011@gmail.ru

ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ФАРФОР ҒЫДЫСТАРЫ

Тарихы мен мәдениеті ежелден қалыптасқан Қытай халқы әлемдегі төрт өркениетті мемлекеттердің бірі саналады. Ертеден-ақ бүкіл әлемге танымал болған Қытай фарфоры – Аспан асты елінің дәстүрлі мәдениетінің маңызды бір бөлігі болып табылады. Қытайдың төрт ұлы өнертабысынан (қағаз, компос, оқ-дәрі, кітап басу ісі) кем түспейтін фарфор бұйымдары дәстүрлі тамақтану, яғни шәй ішу мәдениеті және көркемөнермен тығыз байланысты. Сол себепті фарфорды ежелгі қытай мәдениетін танып, білудің алғашқы қадамы деп атауға болады.

Ежелгі Қытайда ойлап табылған фарфор әлі күнге дейін өзінің әсемдігі мен құндылығын жоймай келе жатыр. Мыңдаған жылдар бойы қытайлықтар бұл бұйымдарын одақтас елдерге, көрші елдердің елшілеріне, белгілі тұлғаларға мемлекет атынан сыйлап отырған.

Фарфор бұйымдарын айтпас бұрын, біріншіден оның негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын қышқа тоқталу керек. Белгілі бір ыдысты жасау үшін, алдымен, саз балшықтан оның пішіні істелінеді. Содан кейін ол жоғары қызуы бар пеште күйдіріледі. Яғни саз балшықтан жасалынған ыдыс пішіні қышқа айналады. Алғашқы кездерде қыштан жасылынған ыдыстарға ешқандай өрнек салынбаған екен. Ежелгі адамдар өздерінің тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына (егін, мал шаруашылығы және т.б.) байланысты пішіні жағынан әртүрлі болып келетін қыш ыдыстарды жасап шығарған. Қыш бұйымдарының шығу тарихы, яғни нақты қай дәуірде пайда болғаны жайында деректер жоқтың қасы. Дегенменде, қытай елінің қыш ыдыстары жөнінде шындыққа жанасатын аңыз әңгімелері де баршылық. Мысалға, Цинь дәуірінің (б.з.д. 221-207 жж.) Батыс Хань кезеңіндегі (б.з.д. 206 ж – б.з. 8 жж.) «逸周书» (Иджоушу) атты тарихи жайыттар жайындағы кітабында Шенлонг ауыл шаруашылығының дамуына байланысты қыш ыдыстар жасай бастады деп айтылған. Шенлонг қытай аңызындағы үш императордың бірі болған. Ол халқына егін егуді, керамикадан бұйымдар жасауды үйретіп, шөптерден дәрі-дәрмек жасап, халқын ауру-сырқаттардан емдеген адам болған деген аңыз кездеседі. Сол себепті оны халық «егістік құдайы», «керамика құдайы» және «дәрі-дәрмек құдайы» деп атап кеткен. Ал Шығыс Чжоу дәуірінің Чунь-цю кезеңіндегі (б.з.д. 770-476 жж.) «管子·版法» (Гуанзы • банфа) кітабында кездесетін аңызға келсек, бес императордың бірі Шун, Ли тауына егістік еккен, ежелгі Лейзы көлінен балық аулаған, Хуанхеның (Сары өзеннің) жағалауында қыш бұйымдар жасаған деп баяндалады. Осы тәріздес аңыздар көп ұшырасады. Осы аталып өткен аңыздарға сүйене отырып, ерекше мән беретін жайт ол – қыштың шығуын егістіктің дамуымен байланыстырады. Сол себепті қыш ыдыстардың жасалуы тас дәуірінен бастау алады деседі. Ал бұл мәліметтің тарихи шындығы бар. (吴战垒, 2001, 3 б.)

Ғалымдардың зерттеу нәтижелері Қытайда таза фарфор ыдыстары Тан кезеңінде пайда болғанын дәлелдейді. Таң дәуірінің бірінші жартысы (б.з. 618-907 жж.) феодалдық Қытайдың дамыған кезеңі болды. Жаппай жер аумағын кеңейту саясатының арқасында Қытай жан-жағындағы мемлекеттермен араласа бастайды. Дәл сол кезеңдерде Қытайдың оңтүстігінде сауда байланысы кен өріс алады. Қытай Ұлы жібек жолы арқылы Азия мен Еуропа аралығында сауда-саттық жүргізді. Осы кезеңдегі сауда мен экономиканың қарқын алуына байланысты Қытай әдебиеті, мәдениеті және өнері өрлей түсті. Қолөнер саласында фарфор бұйымдары ерекше дамыды. Тұрмыс-тіршілікке қажетті фарфор ыдыстар кеңінен қолданыста болды. Тан дәуірінің екінші жартысында көбінесе ақ, қара, жасыл және қызғылт түстес жұқа әйнек сынды сылық материалмен қапталған фарфорлар көптеп жасалынған. (Кречетова, Вестфален, 1947, С. 4)

Сун (б.з. 960-1279 ж.), Ляо (б.з. 916-1125 ж.) және Си Ся (б.з. 1032-1227 жж.) империялары кезеңінде фарфор ыдыстарының жаппай даму кезеңі болды. Сол кезеңдердегі император сарайындағылар мен халықтың сұраныстары мен талаптарына сай жасылынған күнделікті қолданысқа керекті фарфор ыдыстарының сапасы жақсарып, түр-түстері әсемдене түсті. (1 сурет) (徐卫东,宋志军, 2009, 109 б.).

Фарфор ыдыстары қытай елінде негізінен тамақтану мен шай рәсімдерімен тығыз байланыста дамыды. Қытайдың «民以食为天» (минишывейтиан) деген мақал бар. Яғни мазмұны дәстүрлі ортаның «Ас адамның арқауы» мақалымен астарлас. Қытай халқы тамақтануды адамның өмірлік қажеттілігі деп қана санамай, оған арнайы көңіл бөліп, тамақтану және шай ішу рәсімдерін бөлек өнер ретінде қарастырады. Ал фарфор ыдыстары және олардың түрленуі де осы рәсімдерге тікелей байланысты.

Фарфор – ерте заманнан қытай тамақтану рәсіміне көп өзгеріс енгізген бұйым болып есептелінеді. Уақыт өте келе таза, көрікті және сапасы жақсарған фарфор ыдыстары жасалғаннан кейін, бірден халыққа тарап, ас үй бұйымдарына айналды. Фарфор ыдыстары мен тамақтану рәсімдерінің жақсара түсуі әр әулеттің келуімен үлкен өзгерістерге ұшырап, дамуын тоқтатпады. Тамақтану рәсімі – қытайдың дәстүрлі мәдениетінің айырылмас бір бөлігі. Олар тек тамақтың түр, түс, келбетіне ғана көңіл аударып қана қоймай, ас салатын ыдысқа аса мән беретін болған. Ерте заманнан фарфор ұсталары әр түрлі шыны, табақтарды өздеріне тән ерекше формаларымен әсемдеп, бейнелеу өнерімен безендірген. Ал сол ыдыс-аяқтардың әр алуан формалары астың көркін кіргізіп, тамақтану рәсіміне эстетикалық мәнін арттырып, тамақтанушының тәбетіне де жақсы әсер еткен. (2 сурет) (Жилкобаева, 2020, С. 101).

Шай мен шарап (ішімдік) ішу де қытай халықтары үшін орны ерекше болғандықтан өзіндік рәсімдері қалыптасқан. Цинь (б.з.д. 221-207 жж.) және Хань (б.з.д. 206 ж.- б.з. 8 ж.) династияларынан бері, шай – ерекше тартымды дәмі бар әрі денсаулыққа пайдалы сусын ретінде

санала бастады. Тан дәуірінен (б.з. 618-907 жж.) бастап шай ішу халық арасына молынан тарап, өзіндік сән-салтанатқа айналды. Сол кезеңдерде кіші шай кеселері мен шай демдеуге арналған шәйнектер қолданысқа ене бастады. Әсіресе елдің оңтүстігінде фарфордан жасалан «цинцы» ыдысы кең тарады. Тан дәуірінің атақты ақын, жазушысы Лу Юй өзінің «Чайный канон» кітабында сол замандағы юэяо пешінде күйдіріліп жасалынған «цинцы» ыдысым шай демдеуге өте қолайлы болған деп айтып кеткен. Ал бұл юэяо пешінде жасалған жоғары сапалы фарфорларды тек император отбасылары ғана қолданған. Қарапайым халықтың қолдануына тиым салынған. (3 сурет) (黄晓赢, 2020, 189).

Сун династиясында (б.з. 420-478 жж.) император сарайларында және қарапайым халық арасында «斗茶» (доуча) атты шай сайысы өткізілетін болған. Бұл сайыста шай демдеудің әдісінен бастап, шайдың түр-түсіне, иісіне дейін баға беретін болған. Ал керамика ыдыстары шәйдің көркін тіптен асыра түскен. Сол кезеңде Фуцзянь өңірінде жасалынған қара фарфор ыдыстары сәнге енді. Мин (б.з. 1368-1644 жж.) және Цин (б.з. 1644-1911 жж.) империясы кездерінде халықтың шайға деген құмарлықтары артып, осы шәй рәсімдеріне арнап көптеген фарфордан ыдыс-аяқтар жасалынды. (4 сурет) (黄晓赢, 2020, 189 б.).

Ішімдікке арналған фарфор ыдыстары да аз болған жоқ, себебі ежелден Қытай мәдениеті арақ-шараппен тығыз байланысты екені бәрімізге мәлім. Бізге «Қыздырылған шараппен өрік жеп, батырлар жайында әңгімелесу» және «Ли Боның шарап ішкеннен кейінгі жүз өлеңі» сияқты атақты ақындары жазған тамаша өлең жолдары қалып отыр. Өзгеше формасымен ерекшеленетін «太白尊» (Тайбайтзунь) ыдысының атауы Либоның құрметіне берілген болатын. Бұл фарфор ыдысы жарты шар тәріздес, мойыны жіңішке әрі қысқа болғандықтан ішімдік сақтауға өте қолайлы болған. (5 сурет).

1983 жылы Цзянсу, Чжэньцзян және Юньшан аймақтарында жүргізілген қазба жұмыстарының зерттеу нәтижелері бойынша Сун империясының Оңтүстік Сун (б. з. 1127-1279 жж.) кезеңіне жататын ішімдік құятын құман тәріздес ыдысы мен үлкен шынысы табылған. Құман тәрізді ыдыстың шүмегі жіңішке, қақпағы бар, сабы доға тәріздес болып келеді. Ыдыстың сұйықтық құятын бөлігі домалақ пішінді. Ол үлкен шынысының ішінде салынып тұрады. Ал сол үлкен шынының сыртында жаңадан ашылған лотос гүлі бейнеленген. Жалпы бұл шарап ыдысы ашық жасыл түсті. Көнергеннен кейін өңі кетіп сұр ала түске айналған. (6 сурет) (徐卫东,宋志军, 2009, 112-113 бб.).

Фарфор сөзін ауызға алғанда бірден ежелгі Қытайдың Цзиндэчжэнь қаласы еске түседі. Бұл шаһар Қытайдағы ең алғашқы фарфор жасайтын шебер көзешілердің жиналатын әрі сапалары мықты әр-алуан түрлі фарфорлар жасалатын негізі орталық қаласы болды. Халық арасында бұл қаланы фарфордың астанасы деп те атаған. Цзиндэчжэнь қаласының тарихына келсек, бұл қала алғашында Чаннань деп аталған. Кейбір деректерде ағылшын тіліндегі «China» осы Чаннань сөзінің транскрипциясы деп те жатады. Соңғы рет бұл қаланың Цзиндэчжэнь деп атау берген Сун империясының (б. з. 960-1127 жж.) Чжэнь-цзун императоры болды. Бұл император осы қаланың шеберлері жасаған цинхуа фарфорының, түрі мен сапасына өте риза болған. Сол себепті қалаға өзі император болған кездегі ұранының атауын берген.

Цзинь дәуірінде (б. з. 265-420 жж.) Цзиндэчжэнь қаласының атауын берген Цзиндэчжэнь пештердің фарфор шығарудағы технологиясы мықты болды. Бірақ ол кезеңде бұл пештердің жоғарыда аталып кеткен юэяо пешінен көп айырмашылығы болмаған. Ал елдің оңтүстік аймағы экономикалық орталыққа Сун дәуірінен (б.з. 960-1279 жж.) бастап енді. Тек сол кезеңнен бастап қана Цзиндэчжэнь пештерінде өндірілген Цинхуа фарфорлары назардан тыс қалмады. Юань дәуірі (б.з. 1271-1368 жж.) тұсында үкімет Фулян фарфор істері басқармасын осы қалаға тұрақтады. Осыдан бері Цзиндэчжэнь қаласы императорлық династиялардың саясатымен тығыз байланыс орнатты. Мин (б.з. 1368-1644 жж.) және Цин (б. з. 1644-1911 жж.) династияларынан бастап елдің солтүстігі мен оңтүстігіндегі барлық мықты фарфор ұсталарын жинап жұмыс жасатуға мүмкіндіктері болды. Соның нәтижесінде бұл жерде ең мықты күйдіру технологиясы мен баға жетпес цинхуа, доуцай және фэньцай фарфорлары пайда болды. Осы қалада империя бойынша ең мықты фарфор шеберлері болды. Және олар император отбасыларына арнайы фарфор бұйымдарын жасайтын болған. Осыған байланысты Цзиндэчжэнь қаласы Аспан асты елінің ең мықты шеберлері орналасқан басты шаһарға айналды. Саяси жүйенің жақсаруы мен құлдырауларына қарамастан Цзиндэчжэнь пештерінде жасалған көркем фарфор бұйымдары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, әлі күнгедейін фарфор астанасы деген атауды сақтап келеді. (7 сурет) (Жилкобаева, 2020, С. 90).

Юань династиясы (б.з. 1271-1368 жж.) кезеңінде ақ түске ерекше мән беріп, Цзиндэчжэнь пешінде дайындалған Цинхуа фарфоры жоғары бағаланды. Соған байланысты қалада арнайы үкімет басындағыларға арнап, Фулян фарфор бұйымдарының өндірісі мен сапасына жауап беретін басқарма ісі құрылды. (8 сурет).

Мин (б.з. 1368-1644 жж.) және Цин (б. з. 1644-1911 жж.) дәуірлеріндегі императорлық пештер қаланың дәл ортасында орналасты. Қазіргі таңда ол жер Чжушань деп аталады. Бұл жердің табиғаты өте сұлу, әрі фарфор бұйымдарының тарихына байланысты көптеген орындар бар. Сақталған жәдігерлер мен тарихи орындарды зерттей отырып, біз сол кездегі императорлық фарфор ыдыстарын жасайтын пештердің көлемділігіне баға бере аламыз. Осы тарихи мекенде Аспан асты елінің ең мықты деген фарфор шеберлері жиналып, күйдірудің озық технологиясын ойлап табады. Сондықтан Мин және Цин дәуірлерінде керемет сапалы фарфор ыдыстары өндірілді әрі бұл кездер тарихта фарфор өндірісінің ең дамыған кезеңі болып саналады.

Қазіргі таңға дейін қытай фарфорлары тек Қытай елінде ғана емес, бүкіл әлемде жоғары бағаланады. Дәуір өзгерген сайын фарфор ыдыстары да өзгеріске ұшырап, дамып отырды. Қазаба жұмыстары барысында табылған әрбір ежелгі фарфордың фрагменті өзіндік тарихымен, яғни белгілі бір дәуірге тән белгілерімен ерекшеленеді.

2020 жылдың 1 қазанында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде халықаралық ынтымақтастық аясында Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулдығымен бірлесе отырып, Қытай Халық Республикасының 71 жылдығына арналған «Ғажайып қолтаңба» атты көрме өткізілді. Аталмыш көрмеде фарфордан, фаянс, керамика, мыс, саздан жасалған 60-тан астам бірегей экспонаттары қойылды. Ұсынылған жәдігерлердің ішінде Талғар қаласынан (Талхир) табылған, Ұлы Жібек жолымен бізге жеткен қыш бұйымдарын көрсететін археологиялық қыш бұйымдары ерекше қызығушылық тудырады. Бұл бұйымдар XI-XII ғасырлардағы қытай фарфорынан жасалған, Сун династиясына тиесілі, Алматы маңындағы ежелгі Талхир (Талғар) қаласындағы қазба жұмыстары кезінде табылған тостақтар мен табақтар. XIX-ғасырдың 40-жылдарында Орынбор қаласында сатып алынған гүлді оюлар мен қытайлық өрнектері бар фарфордан жасалған ыдыс-аяқтардың ғажайып коллекциясы, құмыралар, оның ішінде Қашқариядан Ш.Уәлиханов әкелген жеке құмырасы, сонымен қатар 20 ғасырдың әр жылдарындағы шай рәсіміне тиесілі бұйымдар да көрмеде ұсынылды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевқа ҚХР басшылары сыйға тартқан құмыралар мен кәдесыйлар де құнды жәдігерлердің бірі болып табылады. Бұл көрме шынайы өнерді бағалаушыларға музейдің фарфор коллекциясымен танысып, қытай фарфорын тамашалау арқылы эстетикалық ләззат алуға мүмкіндік берді.

Әдебиеттер

Пер. с кит. Жилкобаевой В.Р. История китайского фарфора. – Москва: ООО Международная издательская компания «Шанс», 2020. – 199 с.

М.Н. Кречетова, Э.Х. Вестфален. Китайский фарфор. – Ленинград, 1947. – 88 с.

黄晓赢. 瓷器史话. – 莫斯科: 国际出版公司, 2020. – 199页.

吴战垒著. 图说中的陶瓷史. – 杭州: 浙江教育出版社, 2001. – 216页. (2001. 6 重印)

中国国家博物馆编. 责任编辑:徐卫东,宋志军. 文物宋元史:彩色图文本. – 北京:中华书局, 2009. – 442 页. (2009. 2 重印).

PORCELAIN DISHES IN CHINESE CULTURE

Author Yershat Ardak, in her article which named «Porcelain dishes in Chinese culture» briefly focused on the history of Chinese porcelain dishes and noted the connection of them with the culture of the Chinese country, including the porcelain dishes of food and tea ceremonies. We all know that porcelain products first appeared in China. With the arrival of each dynasty, the methods of making porcelain dishes was changed and the quality of dishes were improved. Talked about the ancient Chinese city Jingdezhen and their furnaces, which were made by the strongest masters in the country specifically for the imperial families. Nowadays Chinese porcelain is highly valued not only in China, but also around the world. The appearance of the first porcelain dishes and the appearance of the first high-temperature furnaces and their technology for making porcelain will forever remain the history of China. On October 1, 2020 the Central State Museum of Republic of Kazakhstan in the framework of International cooperation with Consulate General of China in Almaty opened the exhibition "Amazing painting", dedicated to the 71st anniversary of the founding of the People's Republic of China. The exhibition will allow true art lovers to get acquainted with the Museum's collection of porcelain and get great aesthetic pleasure from the contemplation of Chinese porcelain.



1-сурет. Гуаняо пешінен өндірілген гуанар құмырасы. (Сун дәуірі б.з. 960-1279 жж.)



2-сурет. Қарбыздың сырты түстес табақ. (Мин әулеті б.з. 1368-1644 жж.)




3-сурет. Юэяо пешінде жасалған Цинцы фарфоры



4-сурет. Шэй рәсіміне қолданылатын қара форфор ыдыстар



5-сурет. Тайбайтзунь шарапқа арналған құмыра



6-сурет. Үлкен шынымен қапталған инцин шарап ыдысы. (Оңтүстік Сун империясы б.з. 1127-1279 жж.)



7-сурет. Домуху шэйнегі, ашық жасыл түсті, лотос гүлі бейнеленген. Цзиндэчжэнь фарфоры. (Цин империясы б.з. 1644-1911 жж.)



8-сурет. Көк түсті хризантема және пион гүлдері бейнеленген кесе. Цзиндэчжэнь фарфоры. (Юань империясы б.з. 1271-1368 жж.)

ОПЫТ СОЗДАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО ПОСЕЛЕНИЯ ЭПОХИ БРОНЗЫ В РАМКАХ НАЦИОНАЛЬНОГО ПАРКА «БОЗОК»*

Проект, получивший название «Создание Национального парка под открытым небом на основе археологических раскопок древнего городища Бозок», реализуется в рамках Плана нации – 100 конкретных шагов (69 шаг), инициированного Первым Президентом Республики Казахстан Н.А. Назарбаевым в 2016 г (Концепция создания ..., 2018).

Идея создания Национального парка на базе городища Бозок впервые была высказана в 2003 г. известным казахстанским археологом, д. и. н. К. А. Акишевым. С 1999 года под его руководством Есильская стационарная археологическая экспедиция начала полевые исследования на памятнике (Акишев, Хабдулина, 2004, с. 48-57). После его кончины исследование Бозока продолжено Институтом археологии им. К.А. Акишева Евразийского национального университета им. Л. Гумилева под руководством к.и.н. М.К. Хабдулиной (Ганиева, 2019).

Создание Национального парка под открытым небом на основе археологического памятника – раннесредневекового городища Бозок реализуется в настоящее время силами коллектива Государственного историко-культурного музея-заповедника «Бозок» Министерства культуры и спорта Республики Казахстан. Музей-заповедник был образован в соответствии с постановлением Правительства РК в марте 2018 года в рамках программы «Рухани жаңғыру».

В настоящее время для создания Национального парка акимат столицы выделил территорию, составляющую 412 га.

Археологический памятник Бозок – (VII-XVIII вв.) – первый масштабно исследованный средневековый памятник степной зоны Казахстана, расположенный к западу от г. Нур-Султан по Коргалжынской трассе в 6 км восточнее села Ильинка (в 1920-30-е гг. – село Караоткел, в 1930-40-е гг. с. Кенес).

Местность вокруг памятника является восточной окраиной равнины Өрікті-жөн обширной Атбасарской равнинной провинции.

Национальный парк историко-культурного музея-заповедника «Бозок» уникален также и по истории изучения этнокультурной памяти через памятники материальной и не материальной культурной деятельности человека на территории современного Казахстана с древности вплоть до этнографической современности. В нашем музее под открытым небом деятельность человека экспонируется за счет расширенной вселенной экспериментальной археологии и историко-этнографической реконструкций.

Проектный путь, которым идет Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок», для меня как практикующего археолога и увлеченного экспериментальной археологией молодого специалиста, показался смелым шагом среди большинства музеев-заповедников под открытым небом. Основная идея проекта продемонстрировать огромный потенциал Всаднической культуры и репрезентация его величия на материалах богатого исторического наследия, хранящихся в музеях по всему миру. Национальный парк «Бозок» будет включать реконструкции стационарных сооружений, культовых и храмовых комплексов.

В ходе работы в проекте появилась идея отобразить эпоху бронзы на этапе становления всаднической культуры.

Историческое поселение бронзового века в Национальном парке «Бозок» - одна из шести интегрированных экспозиции представляющих собой музей нового типа, способного объединить исторические широты нашей страны в экспозицию с рекреационными площадками, что создаст в итоге привлекательную и эффективную туристскую дестинацию «Бозок».

Экспозиционно-выставочные объекты будут реконструированы на основе археологических и письменных источников, накопленных научными фондами отечественных и зарубежных исследований.

* Работа выполнена в рамках концепции: создания историко-культурного, рекреационного комплекса в парке РГКП "Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок».

В ряде стран Европы за последнее столетие функционируют подобные музеи под открытым небом, которые презентуют этнографическую идентичность культуры этноса в исторической ретроспективе. Одним из первых музеев под открытым небом 1891 году стал шведский Скансен в Стокгольме (Матюхина, 2018). Данный опыт был довольно положительным для многих стран Европы и СНГ и дал импульс к сохранению историко-культурного наследия через живую тематическую экспозицию на открытом пространстве. Такие объекты, как Национальные парки во многих развитых странах являются центрами культурного и активного отдыха, привлекающих огромное количество туристов и посетителей.

В контексте мировой практики на сегодняшний день отдельные музеи Казахстана используют визуальное представление экспозиции (использованием манекенов, 3D изображения и т.д.).

В Национальном парке «Бозок» посетителя ждет полное погружение в аутентичную среду отдельных исторических эпох, начиная с неолитического поселения Ботай, эпохи палеометалла (андроновцы, саки, гуны), тюркских городов и т.д.

Яркое и богатое наследие предков, природно-ландшафтная среда и этнокультурное разнообразие являются большим сегментом туристической инфраструктуры нашего государства, и ждет своей презентации миру.

Для реализации основной идеи Национального парка в рамках проекта известными учеными, специалистами в своей области разработаны ряд научных концепций, позволившие воссоздать исторические комплексы. Основной опорной концепцией является «История эволюции стационарного жилища на территории Казахстана» (автор: профессор Зайнолла Самашев). Концепция предполагает рекомендации по созданию поселенческих комплексов, включающие культуру домостроения в бронзовом веке и ее влияние на развитие материальной культуры Азиатской части степной Евразии. Современные научные исследования археологических памятников расширяют информацию по архитектуре и обустройству поселения бронзового века, способствуя реконструкции памятника.

Для достижения поставленной цели в 2020 году определены и начаты следующие задачи:

- анализ вопросов историографии изучения жилищ эпохи бронзы Центрального Казахстана;
- проведены архивно-библиографические изыскания по теме исследования в Алматы, Нур-Султане, Караганде и др.;
- сбор письменных и графических материалов по строительству и архитектуре сооружений древнего населения Центральной Азии;
- создание детальной масштабированной 3D модели поселения бронзового века;
- воссоздание и строительство, проработанной 3D модели в Национальном парке «Бозок»;
- разработка комбинированной экспозиции жилища в/вне помещения.

В эпоху бронзы обширные степные пространства Казахстана, как и Сибири, Приуралья Средней Азии были населены родственными по происхождению племенами, оставившими яркую самобытные археологические культуры как Феодоровская, Андроновская и Бегазы-Дандыбаевская и т.п. Подобный широкий кластер культурных связей с их отражение в одном воссозданном поселении, ярко покажет простому обывателю динамику исторической призмы, разделяя подсознательно ландшафтную среду обитания древнего общества Азиатской леса-степной части Евразии.

В течении XX века на территории Казахстана обнаружено свыше сотни поселений эпохи бронзы, введенные в науку Центрально-казахстанская археологическая экспедиция, во главе которой стояли ведущие ученые А.Х. Маргулан, М.К. Кадырбаев, А.М. Оразбаев, К.А. Акишев. В разные годы вели исследования памятников бронзового века Г.Н. Пацевич, Т.Н. Сенигова, А.Г. Максимова, А.С. Ермолаева, Ж.К. Курманкулов, В.В. Варфоломеев, М.К. Хабдулина, А.А. Горячев и др., внесшие несомненный вклад в археологическую науку Казахстана. Научные материалы и исторические реконструкции специалистов-«бронзовиков» использованы как объекты для воссоздания.

В эпоху бронзы строили фундаментальные прочные жилища типа грунтовых землянок, полуземлянок каркасно-столбовой конструкции и наземных жилищ. Внутри жилых строений нередко обнаруживались мастерские для плавки и обработки металла. По всей видимости, гончарные мастерские располагались там же. Иногда следы металлургических мастерских обнаруживаются в тамбурах, которые пристраивались к жилищам (Маргулан, 1998, с. 233-251).

Из исследования Оразбаева А.М. наиболее наглядный пример разнообразия домостроений эпохи бронзы представляют собой поселения Шагалалы (Оразбаев, 1970, с. 144), где отмечаются конструктивно-планировочный строй жилища от полуземных до надземных. Данное научное

обоснование развивает Сакенов Сергазы выделев следующие типологические характеристики объектов:

I – полуземлянка, прямоугольной формы, каркасно-столбовая, при строительстве использован котлован. Подтипы отличаются наличием одного или двух помещений;

II – наземная каркасно-столбовая конструкция прямоугольной формы, с незначительным котлованом;

III – сооружение, состоящее из двух комнат круглой формы, соединенных между собой проходом. Постройка наземная, каркасно-столбовая;

IV – наземное, легкое каркасно-столбовое сооружение прямоугольной формы, предназначенное для сезонного проживания;

V – надземное жилище с каменными стенами. На поселении сооружение имеет прямоугольную форму, углы сильно сглажены, торцовая стена имеет полуовальную форму (Сакенов, 2020, с. 851-860).

Вопросы о перекрытии жилищ бронзового века остаются актуальной темой. Каркасно-столбовых конструкциях использовались разновидности скатной крыши свойственные всем культурам бронзового века (Горячев, 2018, с. 87-105). Но к примеру, были конструкции перекрытия кровли плоским положением, которая как отмечает А.Г. Максимова, являлось характерным для домостроения казахов Восточного Казахстана в XX веке. К жилищу примыкали хозяйственные пристройки, имевшие сплошное перекрытие (Максимова, 1959, с. 92-94). Необходимо отметить, что все основные принципы и технологии домостроительства, возникшие в эпоху бронзы, находят свое развитие в последующие периоды. Они дожили до этнографической современности и отчетливо заметны в казахских жилищах.

Формирование исторического этнокультурного фона на поселении бронзового века зависит от сочетания в себе таких свойств памятника как приспособление к природно-климатическим условиям ландшафта, хозяйственно-культурный тип, мировоззрение общества. Конечно же, данные условия будут создаваться на оригинальных исследованиях памятника. За основу природно-климатической репрезентации выделены следующие регионы распространения культурного типа памятника – широкие просторы степи Сарыарки, пустынные холмы Устюрта, лесостепная зона юга и севера Казахстана.

В экспозиции поселения эпохи бронзы под открытым небом в качестве модели будут использованы жилища с разными архитектурными решениями, построенные древними зодчими в различных природно-ландшафтных и климатических условиях:

- 1 Аккезен (Центральный Казахстан);
- 2 Бугулы 2 (Центральный Казахстан);
- 3 Шагалалы I – II (Северный Казахстан);
- 4 Атасу (Центральный Казахстан);
- 5 Тургень 2 (Жетысу);
- 6 Токсанбай (Западный Казахстан).

Площадь экспозиции: 20 000 м².

В данном секторе будет представлена историческая реконструкция жилищ, объединенных в один поселенческий комплекс эпохи бронзы. Помимо реконструкции самого сооружения и его особенностей, внутри жилища будут представлены скульптурные макеты (манекены), позволяющие представить облик, одяние людей бронзового века в процессе определенной жизнедеятельности (изготовления орудия, выделка кожи, ткачество, изготовления гончарной продукции, приготовление пищи и т.д.). Внутренний интерьер жилищ будет воссоздан по результатам археологических раскопок. В окрестностях поселения будет представлено хозяйство «андроновцев» (пастушеское скотоводство, земледелие) с использованием характерных для этой эпохи орудий труда.

Хозяйственно-культурный тип один из главных атрибутов нашей репрезентации. Перед нами поставлена задача раскрыть самодостаточный образ жизни человека, проживавшего 4000 лет назад в контексте одного поселения. Тем самым, показать уровень социально-экономической и духовной культуры степных племен эпохи бронзы, хронологический диапазон которых охватывает III-II тыс. до н.э. Культурные пласты эпохи бронзы в полной мере обогащают нашу историю развитием металлургии, гончарного ремесла, ювелирного искусства, ткачества, вооружения, колесниц и т.д. Все достижения и опыт насельников бронзового века будут отражены в открытой экспозиции.

Отражения специфичной экспозиций жилищно-бытовыми условиями начиная от земледелия, гончарства и металлургии, а также, построением коммуникационных транспортных служб

бронзового века. Таким образом, данный сектор полностью раскроет хозяйственное устройство и быт древнего человека

Предлагаемая работа, предполагая проведение музееведческих и иных научных исследований, является основой для реконструкции отдельных сторон материальной культуры древних эпох Казахстана.

Музеефикация как процесс воссоздания материально-культурной жизнедеятельности методом создания музейных экспозиций создает условия для объективной культурной потребности в сохранении дошедших до нас элементов историко-культурной жизни и использования его в социокультурном, научном и экономическом процессах. Создание Музея под открытым небом с сооружением полноценной реплики жилищ и теплотехнических сооружений металлургов эпохи бронзы Казахстана будет ярким аутентичным объектом Национального парка.

Это в свою очередь, окажет не только положительный эффект на туристическую привлекательность Казахстана, но и будет иметь сильный социальный эффект, который во многом связан с популяризацией национального достояния и богатого культурного наследия, которое позволит сформировать у молодого поколения такие важнейшие качества как историческое самосознание и патриотизм.

В целом, проект перспективен, так как полученный результат будет способствовать повышению туристического имиджа страны, а также образовательного уровня, самосознания, культуры широких масс населения. Теоретические разработки на основе полученных данных послужат толчком дальнейшему развитию музееведческой и исторической дисциплин. Новые материалы по культурному наследию металлургов эпохи бронзы Казахстана, позволяют выйти на новый уровень осмысления, тщательного анализа материала и построению полновесных теоретических разработок.

Литература

Акишев К.А., Хабдулина М.К. Результаты раскопок городища Бозок (1999-2003 гг.) // Известия НАН РК. Серия общ. наук. – 2004. – С. 48-57

Бозок в панораме средневековых культур Евразии // Материалы международного полевого семинара, 29-30 июля 2004 г. - Астана: ЕНУ, 2008. - 208 с.

Ганиева А.С. О проекте создания «Государственного историко-культурного музея-заповедника Бозок»//Портал Qazaqstan tarihy. Источник: <https://e-history.kz/ru/news/show/5674/>. 18 Май 2019

Горячев А.А. Обустройство поселений эпохи поздней Бронзы Жетысу// Қазақстан Археологиясы №1-2 2018. С 87-105.

Концепция создания историко-культурного, рекреационного комплекса под открытым небом «Бозок». – Астана, 2018.

Максимова А.Г. Эпоха бронзы Восточного Казахстана // Труды Института истории, археологии и этнографии АН КазССР. Т. 7, 1959. – С. 92-94.

Маргулан А.Х. Сочинения. В 14 томах. Том 1. Бегазы-дандыбаевская культура Центрального Казахстана / сост. Д.А.Маргулан, Д.Маргулан. – Алматы: Атамұра, 1998. – С. 233, 251

Матюхина Ю. Скansen – этнографический музей под открытым небом// KUKU.TRAVEL.Источник:<https://kuku.travel/country/shveciya/dostoprimechatelnosti-shveciya/skansen-etnograficheskij-muzej-pod-otkryтым-nebom/>. 6 Июл, 2018

Оразбаев А.М. Поселение Чаглинка (Шагалалы). Некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1970. – С. 144-145

Оразбаев А.М. Северный Казахстан в эпоху бронзы // Труды Института истории, археологии и этнологии. Т. V. Археология. – Алма-Ата: Наука, 1958. – С. 253-254.

Сакенов С. К. Архитектура жилищ эпохи бронзы в северной Сарыарке// Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая – World of Great Altay 6(2) 2020. – С. 851-860

THE EXPERIENCE OF CREATING A HISTORICAL SETTLEMENT OF THE BRONZE AGE WITHIN THE FRAMEWORK OF THE NATIONAL PARK «BOZOK»

The article describes new approaches to the study of cultural heritage and visual interpretation of historical monuments as segments of the tourist infrastructure of our state. By the method of modeling the historical reconstruction of the Bronze Age settlement, which will be located within the boundaries of our capital, the city of Nur-Sultan, in the National Park of the Historical and Cultural Museum-Reserve "Bozok".

The experience of world parks in the open air, and the beginning of a fairly young method of representation the historical self-consciousness of cultural objects, for example, the Swedish Skansen in Stockholm.

Focusing on the concept "History of evolution of stationary dwellings on the territory of Kazakhstan" (author: Professor Zainolla Samashev), recommendations were made for the creation of settlement complexes, including the culture of housing construction in the Bronze Age and its influence on the development of the material culture of the Asian part of the steppe Eurasia.

Analysis of fundamental works of archaeologists and researchers of interdisciplinary sciences. Displaying the rich heritage of ancestors, natural landscape environment and ethnocultural diversity, this is a brand of steppe civilizations, which is generally inherent in our Turkic peoples.

Presentations of the preliminary model of the Bronze Age settlement, the results of the selected material on the cultural significance and regional features of the natural landscape area and the degree of study of the research objects.

Қ.Ж. Жұбатқанова

*Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі
Алматы қ., Қазақстан
kukash.96@mail.ru*

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІН МУЗЕЙ КОЛЛЕКЦИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТАЛДАУ

Қазақ халқының материалдық мәдениетін зерттеудің бірден-бір объектісі жергілікті тарихи өлкетанулық музейлер екені белгілі. Бұл тарихи-өлкетанулық музейлердегі қазақтың дәстүрлі мәдениетіне қатысты материалдардың ғылым үшін маңызды екенін көрсетеді. Сонымен қатар, кейбір материалдық мәдениет үлгілерінің халық арасында сақталмауы этнограф, музеолог, өлкетанушыларды тікелей музей қорымен жұмыс жасауға жетелейді. Бұл орайда еліміздегі ҚР МОМ, ҚР Ұлттық музейлері сияқты ірі музейлердің әрбір қорына арналған каталогтары жарық көрген (Нұрсан Әлімбаев, 2012, 227-230). Алайда жергілікті жерлердегі шағын өлкетанулық музейлердің коллекциялары мен қор материалдары осы күнге дейін толық ғылыми айналымға енген. Ең алдымен тарихи өлкетанулық музейлердің қор материалдарын жергілікті халықтың тарихы мен мәдениетін айшықтауда басты нысан ретінде қарастырған жөн

Осы орайда 2020 жылдың 1 қазан – 15 қараша аралығында Ақтөбе облысы территориясында кешенді этнографиялық экспедиция жұмысы жүргізілді. Экспедициялық жұмысты Ақтөбе облысы әкімшілігінің қолдауымен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Этнология және антропология бөлімі ұйымдастырды. Кешенді экспедиция негізінен Солтүстік Үстірттегі Доңызтау ауданының тарихи және мәдени ескерткіштерін, халықтық архитектурасын және өңірлердегі музейлерді зерттеуге бағытталды. Экспедиция құрамы кәсіби этнографтар, этноархеологтар, өлкетанушылар және музейтанушылардан құралды. Далалық зерттеу жұмыстары Ақтөбе облысының Байғанин, Темір, Мұғалжар, Шалқар және т.б. аудандарын қамтыды.

Ақтөбе облысында жүргізілген кешенді этнографиялық экспедициялық жұмыстарының негізгі мақсаты - жергілікті халықтың этномәдениеті мен мәдени мұрасын зерделеу болып табылды. Сонымен қатар, аудандық өлкетанулық музейлердегі жергілікті халықтың мәдениеті мен дәстүрлі шаруашылық түрлері мен кәсібіне, салт-дәстүріне байланысты материалдар жинақтау болды.

Жергілікті музейлердің қорларында қазақ халқының ұлттық құндылығына қатысты көптеген материалдар сақталған. Соның ішінде – қазақ халқының «ұлттық қолөнері» болып табылады. Дәстүрлі қолөнер туралы сөз болғанда ұлттық киімдер де шет қалмайды. Себебі, ұлттық киімдер де ұлттық қолөнердің бір бөлшегі. «Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі» деген ұлағатты сөз бар. Қазақ халқының ұлттық киімдері еш халықтан кем емес екені анық. Қазақтардың дәстүрлі киімі – сонау көшпелі кезеңдерден қазіргі уақытқа дейін өзінің тамаша әсемдігі мен ыңғайлылығының арқасында қолданыстан қалмай келе жатқан асыл қазынамыз. Дәстүрлі киімдерді зерттеу халқымыздың тарихы мен мәдениетінің маңызды мәселелерін зерделеумен тығыз байланысты.

Қазақтың дәстүрлі киімдерінің тарихы Еуразия көшпелілерінің тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Көшпелілердің киім үлгілерінің тігілуі мен пішілу тәсілінде сабақтастық сақталған. Олар атқа отыруға қолайлы болу үшін ойлап тапқан кең шалбар мен екі өңірі ашық, қаусырылатын кеуде киімдерін адамзат өркениетіне қосқан. Қазақ халқының ұлттық киімі экономикалық, климаттық жағдайды ескеріп және рухани құндылықтарды сақтай отырып тігілген. Алайда көне ғасырларда пайда болған көптеген киім түрлері мен үлгілері бізге жеткен жоқ. Кейбір түрлерін этнографиялық музейлерден, көркем өнерден, сахнадан, жеке адамдардың үйлерінен көруге болады.

Ақтөбе облысына жүргізілген этнографиялық зерттеу жұмыстары барысында қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері әлі де жалғасын тауып келе жатқандығы байқалды. Соның ішінде дәстүрлі қазақ киімдеріне қатысты материалдық емес мәдени мұраның әлі де ел ішінде сақталғаны көрінді. Бұл киім тігу ісіндегі ежелден бері пайдаланып келе жатқан материалдар жергілікті әдіспен аң, мал терілерінен өңделуі болып табылады.

Жалпы, қазақтарда салтанаттық киім мен күнделікті киім-кешектің пішімінде айырмашылық бола бермейді. Салтанаттық киімнің бітімі сыпайылау, тігісі жатық, зерлі оқалы, кестелі басына киетіндері көтеріңкі, аяқ киімдері шоңқима, биік өкшелі, түрлі түсті қайыспен, таспамен өрнектелген, зерлі жіптермен кестеленген болып келеді. Күнделікті киімге шекпен тоқымасы, қолда бар мата, бөз, кенеп, шыт, сәтен сеңсең терісі, көн секілді қарапайым материалдар жаратылса, салтанаттық киім-кешекке барқыт, масаты, мәуіті, шұға, жібек, қырмызы, мақпал кездемелері, сусар, кәмшат, құндыз терілері, бұлан немесе бұғы күдерісі, жылқы шегірені пайдаланылған (Хинаят, Сужикова, 2011, 197-198).

Қазақи киімде негізгі сырт киімдерге – шапан, күпі, тон, ішік, шекпен, кебенек және т.б. жатады. Ішіне түйенің жабағы жүнін салып, бидай шүберекке сырып, сыртына берік қоңыр түсті матадан тігілетін киімнің бірі – күпі. Қажетті бұйымдар мен тігілуі оңай болғандықтан, мұны бұрынғы қазақтардың бәрі де киген. Киімнің бұл түрі көктем мен күзде киіледі. *Қадыр Мырза Әлидің Абайға арналған өлеңінде: «Күпі киген кемеңгер өзің ғана, - дейтін жолы болса, Мұқағали Мақатаев: «Күпі киген қазақтың қара өлеңін» деп жазған.* Осындай күпінің бірі Ақтөбе облысы Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінің экспозициясынан орын алған. Ауыл тұрғыны Бекмағамбетов Қанаштың XIX ғасырда ауыл шаруашылығымен айналысқанда киген күпісі. Түйе жүнінен жасалып, түлкі терісімен астарланған. Атадан мұра ретінде сақтап отырған құнды жәдігерін музейге Қанаштың ұрпақтары тапсырған (АӨЖМ. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. 2020 жыл).

Көшпелі қазақтар ішкі-сыртқы киімдерінің бәрін жүріп-тұруға, көшіп қонуға ыңғайлы етіп ықшамдап тіккен. Ауа райының қолайсыз жағдайлары да ескерілген. Мұндай киімдерді киген халыққа қатты аяз немесе күннің аптап ыстығы, қатты өңменіңнен өтетін жел, құрғақшылық ешқандай қауіп төндірмеген. Себебі киімдер төзімді, ыңғайлы, қарапайым және әсем болған.

Ал ерлердің сырт киімдері түймесіз, көбінде тек белбеумен ғана оң жаққа қарай қаусырылған. Мысал ретінде Темір аудандық музейінде орналасқан шекпенге тоқталсақ болады (сурет 1). Тек қана түйе жүнінен тоқылатын жаздық сырт киім шекпенді матаны иіріп, оны өрмекпен тоқып, шапан үлгісінде пішкен. Оған қалың матадан тік жаға салынып, қолының жиектері өрнектермен көмкерілген. Белбеуі үш түрлі түспен (қызыл күрең, ашық көк, қоңырқай) өрілген. Осыған байланысты Ақтөбе облысы Байғанин ауданының тұрғыны дәстүрлі киім тігу шебері Қуанғалиева Ақбибі Ұзақбайқызымен сұхбаттасып, одан дәстүрлі киім туралы мәлімет алынды. Ол өзінің келіндеріне арнап заман талабына сай шапан, жакет, камзол, ал ер адамдарға арнап тіккен шапан, шекпенін көрсетіп, тігілу технологиясы жайында әңгіме етті (сурет 2). Оның мәліметтеріне қарағанда, шекпен тек қана түйе жүнінен тоқылады. Күзеп алынған түйе жүнін шаң-тозаңынан арылтып, одан соң қолмен майдалап түтеді де, шүйке жасайды. Шүйкеленген жүнді ұршықпен иіреді. Шекпен тоқитын жіп өте жіңішке болады. Иірілген жіпті екі ағаштың арасынан ыспалап өткізіп, оның буылтықтарын кетіріп қайта өңдейді. Шекпен де терме бау тоқитын өрмекпен тоқылады. Тоқылып болған кездемені кәдімгі матадан киім пішкендей етіп өлшеп, шекпен пішеді. Шекпенді жазда киеді. Оған қара барқыттан не болмаса басқа тыстық матадан қаптал жаға (дөңгелек жалпақ жаға) салып, етек жеңін сондай матамен көмкеріп әдіптейді. Шекпеннің ең әдемі түрін «Шидем шекпен» дейді. Шидем шекпен тайлақтың жүнінен тоқылады. Тайлақтың жүні әрі майда, әрі жеңіл болатындықтан, одан тоқырай шекпен де әдемі болып шығады. Шекпен су өткізбейді. Сондықтан ол әрі сулық, әрі жайшылықта кие беруге жарамды бес аспап киім. Су тиген сайын шекпен ширьғын қалындай түседі. Шекпеннің тағы бір артықшылығы ол таза түйе жүнінен тоқылатындықтан аса мықты болады, ұзақ киіледі (V).

Аяқкиім түрлері олардың жасалған материалына, тұтынушысының жасы мен жынысына, әлеуметтік жағдайына байланысты жасалады. Жалпы қазақтың ұлттық аяқ киімдеріне: байпақ, кебіс, мәсі, етік, шоңқайма және т.б. жатады. Осындай аяқкиім коллекциясы Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейінде өте көп кездеседі. Соның бірі кебіске тоқталсам, мәсінің сыртынан киюге арналып, былғарыдан тігілген аяқ киім. Қоңырқай келген. Өкшесіне бірнеше қабат ұлтан салып шегелеп, тұмсығы домаланған. Табанын айналдыра екі қатар мық шегемен бекітілген. 1950–1955 жж. аудан тұрғыны Мұңайтбасова Жұмабике пайдаланған. Оның немересі Темірхан музейге сыйға берген. (АӨЖМ. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі материалдары. Ақтөбе облысы,

Шалқар ауданы. 2020 жыл). Ұлттық аяқ киімдердің әрқайсысының өзіне тән тігілу ерекшелігі мен жасалу жолы бар. Осы жайында Жарқамыс ауылының белгілі шебері Қали Ахметовтың баласы Қалиев Өмірбек етіктің жасалу технологиясынан мағлұмат берді. «Саптама етік – қазақтың ұлттық қысқы аяқ киімдерінің бірі. Оны ерлер киеді, кең қонышы тізені жауып тұрады. Ал жасалу жолы ұлтанды кесіп дайындап, ағаш шеге пайдаланады. Оны пештің үстіне кептіріп ромбик қылып темір шегеге ұқсатып шабады. Аяққа ызғар болмас үшін темір шегені жолатпайды. Құрыммен (былғарының жіңішке түрі) мәсі тіксе, былғарымен саптама етік тігеді. Шешеміз ішіндегі астарын ақ матадан тігіп беріп отырған. Ал жиегін іс машинамен мәсіні тіккен. Саптама етіктің іші киізден жасалады, ал мәсіге астар салады Ағаш шегенің ағашы қайыңнан жасалады. Ағаш шегені қаққанда екі жолақты болып қағып шығады. Ылғалданған сайын ағаш ісініп керемет болып шығады. Көбіне саптама етікті қойшылар киген. Басы сүйір, үзеңгіге кіргенде ары қарай өтіп кетпейді, қауіпсіз. Қойшылар бір саптама етікті бір үлкен ісек қойға бағалап, тігіп берген» (сурет 3) (IV).

Ертеректе қазақ етіктері түзу табан етіп тігіліп, оң аяқ пен сол аяққа бірдей киіле беретін. Яғни қазақ халқы күнделікті тұрмыс-тіршілігіне ыңғайлы аяқ киім киген. Етікті оң мен сол аяққа бейімдеп, қисық табан етіп тігу кейін пайда болған.

Ақтөбе облысының көптеген аудандарында киімнің түпкілікті өзгеріп кеткеніне қарамастан, дәстүрлі қазақ ұлттық киімінің көптеген элементтері әлі де сақталған. Атап айту керек, өңірде дәстүрлі киімді толықтай топтамасымен тек қана егде жастағы әйелдер киеді. Адамның киіміне қарап әлеуметтік деңгейін, жас ерекшелігін байқауға болады. Аталған өңірде дәстүрлі киімдерді тігуде үй жануарларынан алынған тері мен жүн өнімдері қолданылды. Сонымен қатар, фабрикалы маталардан да дәстүрлі пішімді сақтай отырып тігілген. Және де өңірдегі қазақтар қазіргі таңдағы еуропалық үлгідегі күнделікті және мерекелік киімдеріне дәстүрлі элементтерді үйлестіріп киюге тырысады.

Қазақ қолөнерінің көркемдік ерекшелігінің негізі болып киіз басу өнері саналады. Жүннен әртүрлі киіз басып, киіз үйге туырлық, үзік, түңлік, дөдеге және тұрмысқа қажетті еденге төсейтін текемет, сырмақтар, тұсқа ілінетін тұскиіздер мен қап түрлерін жасаған. Киізден жасалған бұйымдар қазіргі заманда халықтың генетикалық мәдени қарым-қатынасындағы байланысты көрсететін дерек ретінде қабылданады. Ақтөбе облысы Байғанин аудандық музейі қорында киізден жасалынған бұйымдар – қайталанбас өнер туындысы ғана емес, әлі сыры ашылмаған, толығынан зерттелмеген асыл мұра. Мұнда текемет, тұскиіз, алаша, сырмақ, кілемше секілді құнды жәдігерлер коллекциясы киіз үй төрінен орын алған. Соның бірі ауданның қолөнер шебері Нұрымбетова Райханның қолынан шыққан Тобық Жармағанбетовтың бейнесі салынған кілемше (АӨЖМ. Байғанин аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. 2020 жыл). Апайдың өзімен кездескенде бұл портреттің жасалу жолы өте ауыр екенін тілге тиек етті. Портретті салу үшін алдын-ала штрихтап, клеткалап қағаздың бетіне салынып алады да, соған қарап тоқылады. Оны штрихтайтын басқа адамы болады. Райхан апайдың тоқыған кілемдері ауданның әр үйінен кезіктіруге болады. Қазір бұл өнермен айналыспайтындықтан кілем тоқитын станогында музейге тапсырған (VI).

Киізден жасалған бұйымдардың ішінде өзінің қанық, ашық түсімен оюлы сырмақтар ерекше көз тартады (сурет 4). Музей қорындағы сырмақ топтамасы қазақ халқының ертеден келе жатырған киіз басу тәсілінің бар сырын кеңінен меңгеріп, сырмақ басудағы көркемдік қасиетін толығымен аша білгенін дәлелдейді. Жалпы оюдың қызыл түсі сырмақ бетінің ақшыл түсімен өте жылы үндестік тауып, үйлесіп жатса, қара түсті шаршының жіңішке жолақтары көтеріңкі көңіл лебін сезіндіреді. Сырмақ оюларының негізін көне заманнан байлықты, барлықты білдіретін мүйіз тексті оюлардың барлық түрлері кеңінен қолданылады. Оюлардың орналастыру реті әрқашан бұрыннан келе жатқан ой-санадағы наным-сенімге бағындырылады. Орталық бөлікті жиек оюларымен қоршау – отбасын, өзі өмір сүрген ортаны сыртқы жаман күштерден, күйреуден сақтау, оны қоршау мағыналары сақталған. Киізден жасалған бұйымдар ауыл аралық жүргізілген этнографиялық экспедиция жұмыстары кезінде молынан толықтырылған. Оймауыт ауылының тұрғыны Елбайқызы Күлзираның мәліметіне қарасақ, нарықтың кезінде киізді көптеп басып, Атырау, Құлсары жаққа сатқан. 1 дана сырмақ – 10.000, 15.000 теңгеге дейін бағаланған» (II).

Қызыл, сары, жасыл түсті иірілген жүн жіптерден **жүз теру** тәсілімен тоқылған. 18 қатар жалпақ жолақтардан құрастырылып тігілген. Алашаның екі жаны ақшыл жасыл түсті иірілген жүн жіптермен көмкеріліп жиектелген. Дияр ауылы тұрғыны Шүренбаева Жамилияның қолынан шыққан алаша (VII).

Ұмыт болып бара жатқан ұлттық өнерді насихаттап жүрген Жанбөпе Сырғабекованы Мұғалжар аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлерімен бірге Ақкемер ауылына арнайы іздеп

барып, киіз басу тәсілдерін үйреніп, жаңғырған көнеден тәбәрік алып қайттық. Жалпы алғанда киіз басу өнері барлық жерде бір тәсілмен орындалады десек те, әжей өзінің киіз басу өнерінің қырсырымен бөлісті. «Бұрын киіз басу кішігірім той іспетті өтетін. Ауылдың қыз-келіншектері мен апа-әжелері асарлатып, белсене кірісетін. Қазан-қазан су қайнатып, келіндер жағы үлкен қазанға ет асып, апа-әжелер өлең айтып, өздерінің жақсы көңіл күйлерімен жасайтын. Киіз басу ауыл тұрғындарын ынтымақ пен бірлікке шақыратын керемет дәстүр болатын. Киіз басқан жерге ер адамды кіргізбейтінбіз. Себебі, үлкендер «киіздің басы бірікпей қалады» деп ырымдайтын» – дейді әжей (VII).

Ыстық буымен балбырап жатқан киізді қатарласа отырған киізшілер шидің үстінде көлденең жатқан киізді өздеріне қарай жұла тартып алып, білегімен ұрып, аяққа салып басады. Неғұрлым адам көп болса, соғұрлым демде басылады. Білектеліп болған киізді ұзыннан екі қабаттап бүктеп, оның екі басын бір-біріне түйістіре жіппен көктеп, қарпу әдісін пайдаланып, киіздің ұзындығын шығарады. Киіз басудың кәнігі шебері болған Жанбөпе Сырғабекқызы киіз басудың дәстүрлі технологиясы сабау, шабақтау, булау, ырғау, білектеу, қарпу секілді әдістерінің барлығын көрсетті.

«Мен текеметтеріме қошқармүйіз, сынықмүйіз сынды оюларды салатынмын. Кейде балаларымның атын жазып сәндеймін. Қазір солардың кейбірі бар, бірақ басым бөлігі ескіріп қалды. Үйдегі киіздерімді жинап қойдым. Бүгінде келіндер заман талабы деп киіз төселмейтін болды ғой. Қазіргі жастар киіздің пайдасын білмеген соң солай жасайтын шығар» – деді ол (VII).

Біз көрген Жанбөпе әжейдің отбасы – қаймағы бұзылмай, қазақилықтың иісі аңқыған, ене мен келіннің әдемі үндестігі, жеңге мен қайынсіңлінің сырлы сыйластығы орнаған киелі шаңырақ. Ұлтымыздың ұлттық өнері мен тәлім тәрбиесін насихаттайтын осындай отбасы барда, салт-дәстүріміздің де ескірмейтіні хақ.

Атадан балаға ауысып, уақыт өткен сайын құндылығы арта беретін қолөнер бұйымдарының мәңгілік өлмес озық үлгілерін дүниеге әкелген, оны біздің дәуірімізге ұштастырған шеберлер Ақтөбе облысында көптеп саналады. Ағаштан түйін түйетін шеберлер Басшин Қарамұқан, Қамысбаев Шырынның жасаған домбыралары мен басқада музыкалық аспаптары кезінде таптырмас дүниелердің бірі болды. Шеберлердің осы дәстүрін Байғаниндік бесаспап шебер Хасенов Құтым одан әрі жалғастырып қана қоймай, жетілдіріп дамыта түскен. Бүгінде жасы жетпісті алқымдаған атамыз ұсталықты жастайынан бастаған. Ұсталық болғанда да, жай бір дүние емес – қазақтың қара домбырасын жасаудың нағыз шебері. Домбыра жасау үшін қажетті ағаш түрлерін тандап, оның дыбысын, саздылығын, сәні мен мәніне үйлестіре жасай білетін ол өзі дайындаған бұйымдарын VI Республикалық «Үкілі домбыра» байқауына ұсынып, II – орын жүлдегері атанған. Сонымен қатар Нұрсұлтанның 10 жылдық тойында, «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі кезінде Құтым ата жасаған домбыралар шетелдіктерге сый ретінде ұсынылған. Шебердің айтуына қарағанда, домбыраны кез келген ағаштан жасамайды екен. Қажетті материалдарды іздеп, қымбаттығына қарамай сатып әкеледі. Әрине, жол шығыны, материал құны аз қаржы емес. Солай болса да, өзінің табиғат сыйлаған дарынын көрсету үшін осының бәріне тәуекел етіп келген. Байғанин аудандық музейінде Хасенов Құтым жасаған туындыларына арнайы экспозиция бөлінген (АӨЖМ. Байғанин аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. 2020 жыл).

Осы музей қорындағы музыкалық аспап сыбызғының тарихы қызық. Музейде тұрған темір сыбызғы төрт ойықты, түтіктің бір басы сәл жіңішкелеу. Ұзақ уақыт бойы қолданбағандықтан болу керек, ақшыл түсі қарая бастапты. Сыбызғының иесі Боқанов Қайдас 1898 жылы Ақтөбенің Ебейті жерінде туған. Жастайынан нар қамысынан сыбызғы жасап тартып машықтаныпты. Бір кластықта білімі жоқ, бірақ тұла бойы тұнған талант сыбызғышы Қайдос қарт сегіз қырлы бір сырлы болған. Сыбызғыны жанына серік еткен ол түнде қой күзетіп отырып сыбызғысын сызылтып тартқанда, бүкіл ауыл тыңдайды екен. Қайдас қарт 1975 жылы дүниеден өткенде ұрпақтары көненің көзін көз қарашығындай сақтап қалған (АӨЖМ. Байғанин аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. 2020 жыл).

Ақтөбе облысы он саусағынан өнер тамған небір ұсталар мен шеберлерге өте бай елді мекен. Тағы бір себебі қазақты қазақ ететін өнердің бірі – ұсталық десек, осы бір қасиетті өнерді жанына серік еткен Айдос Мұратов Шалқар ауданы тұрғыны. Қолөнерлікті әкеден мұра етіп алған Айдос ақсақал өз өнерін ағаш етік тігумен бастаған. «Балам бұл тіршілігіңді қой, оданда молдаға барып, арабша оқу, жазу үйреніп дәріс ал балам» деген әкесінің бұл сөзін жерге тастамай әке тілін алып молдаға барып, бір жылдай дәріс алған. Келесі жылы молдалықты қойып, тағы да қолөнермен айналысуға бел байлайды. Енді ол ағаштан, тастан, сүйектен бұйымдар жасауға кіріседі. Ағаштан үй жиһаздарын жасаумен айналысқан. Айдос ата жасаған сықырлауық есік, ер-тұрман, адалбақан, ағаш керует, сандық, асадал сынды құнды этнографиялық мұралар Шалқар аудандық тарихи-

өлкетану музейі экспозициясында қойылған (сурет 5). Ал, шебердің қайыспен қаптап, сүйекпен жиектеп көмкеріп жасалған ер-тұрманын баласы Ілиясқа арнаған екен. Ал, асадалды қолөнер шебері Айдос Мұратов өзі тұтынған. Кейіннен оны немересі Ерболат Мұратов музейге тапсырды. Міне, Айдос Мұратовтың қол табы қалған бұйымдар 30 жыл бойы музейдің көркін кіргізіп тұр (АӨЖМ. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. 2020 жыл).

Осы секілді көне жәдігерлерді заманауи нақышта жасап жүрген Қандыағаш қаласының тұрғыны Аслан Қосыбаев қамшы, ер-тұрманның қазіргі таңда сұраныста екенін тілге тиек етеді. Ал бағалануы жағынан ер-тұрманды 200.000 теңгеге дейін бағаланса, қамшыны 30.000 теңгеден бастап, 100.000 теңгеге дейін бағалаған (IV).

Мұғалжар ауданы, Бегімбет ауылының тұрғыны Әділбеков Қайырбек дене шынықтыру пәнінің мұғалімі. Десе де, әкесінің өте шебер, ауылға танымал кісі болғанын ескерсек, әкесінің қанында бар өнер баласына да берілгені анық. Қалмұратов Әділбек 1932–2000 жылдары өмір сүрген. Тек әкесі ғана емес, арғы ата-бабалары да айналысқан. Темірден, ағаштан барлық шебер түрінің бәрімен айналысқан. Әкесі үш ұлына үш қамшысын жасап мұра ретінде тастап кеткен (сурет 6). Сабы ұзын, батыстық стильде жасалған. Сырты табиғи түс, қызғылт, ешқандай лак жағылмаған. Оның сырты көн, таспамен қапталған. 8 өрім қамшы. Осы қамшының жасалу жолдары туралы Қайырбек түсіндіріп өтті. «Қамшыны иесіне қарап тұрып жасаған. Сабы тоғайда өсетін тобылғылар қолданады. Тобылғы ағаштың ішіндегі ең берік, әрі киелісі болып есептеледі. Өмір сүру ұзақтығы ғасырға дейін барады. Қасақана жасамаса әдейілеп сындырмаса қамшыны пайдаланғаннан сынбайды. Сырты көннен жасалады, ал көн жасау үшін жиырма күндей өтеді. Түйені қыста сояды, жазда майлы болғандықтан желінбейді. Қысты күні теріні әдемілеп бүктеп, көктем шыға жерді белге дейін қазады. Жаңағы терінің жүнін сыртына дейін бүктеп шұңқырға тастаған. Үстінен бос топырақпен 40-50см көміп тастайды. Күн сайын су құйып тұрады. Бүгін құйған су ертең сіңіп қалатын. Солай бір жеті жатады. Содан кейін теріні алғанда иісі өте жаман болады. Түгін ажыратып алуымыз керек. Жерден алынған терінің жүні өзінен-өзі алына береді. Соны алып бір түйенің терісін екіге бөліп, жан-жағынан кереге сымдармен керіп тастаған. Ол тері көлеңкеде кебу керек, күннің көзіне кеппейді. Күннің көзінде кепсе, тері тартылып қалады. Көлеңкеде бір айлап кебеді. Әбден тері кебеді, кепкен терінің ішкі жағындағы артық еттері, көк еттерінің бәрі өзінен өзі жалбырап түсуге келіп тұрады. Сол кезде алып тастайды. Кепкен теріні алып, өзіне керекті мөлшерде қиып алады. Қамшыға пайдаланатын кезде сабының ішіндегі өзегі сиырдың терісінен жасалады. Қамшының арнайы өзегін шығарып алатын құралы болады. Түйенің көнін әкеліп сыртынан орайды. Көннің жауы – су менен күн. Суға тисе жаны кіре береді. Бір жағынан езіле береді, көлемін үлкейтіп. Ал күнге тисе қақсиды. Сол себепті малдың майымен майлап қояды. Ал ондай қамшы өмірі ескірмейді. Өзегін шығарып алған соң, арнайы өлшеніп қиылған таспаларын ыстық суға бір салып алып жібітеді. Соны бүркеп отырып тоқиды. 8, 12, 16 өрім деп бөлінеді. 12, 16 өрімдерді көбіне қару ретінде пайдаланады. Тиген жері малдың, аңның қабырға, бас сүйектерін сындырады. Мықтылығын осымен көруге болады. Сабы 6 тұтам болады. Ол кезде «ас-салау», «мағалейкум», «амансыңба», «есенсіңба», «өлісіңба», «тірісіңба» деген мағынаны береді екен. Жеті мүшесі сау, төрт қабырғасы бүгін адам аттың үстінде келе жатырғанда қолындағы қамшысына қарайды екен. Егер 6 тұтамдықтай сабы болса, төрт құбылам түгел, ес ақылым жеті мүшем сау деген мағынаны береді. Жағдайға байланысты қысқара береді екен. Бауын «бүлдіргі» деп атайды. Оныда өрудің бірнеше түрлері бар» (I).

Ертедегі ұсталар пайдаланған құрал-саймандарды бүгінде тек музей экспозициясынан кездестіреміз. Әйтсе де, біз осы қалыптасқан ұғымға кереғар жайттың орын алғанына куә болдым. Темір аудандық музейіндегі көптеген жәдігерлерді аралай жүріп, сол өңірде өмір сүрген зергер, ұсталардың құрал-сайманына көзім түсті. Кезінде шебердің қолынан түспеген сом балға мен қысқыш, көмір оятын балға, шаппа шот, жоңғы, бұрғы, кирка, үрлеуіш пен қалақ, тістеуіш пен шымшуырлар қаз-қатар тізіліп тұр. Бұл құралдар музей қорына этнографиялық экспедициялар барысында жинақталған, сондай-ақ жекелеген адамдардың музейге сыйға тартуы барысында толығып отырған.

Осы құралдардың жанында ескірген көрік қойылыпты (сурет 7). Көне мұраларды сақтап, жаңа буынға насихаттап отырған мәдени орталықта сақталған көріктердің бірі аудан тұрғыны Турдамен Қобыланнның пайдаланған көрігі. Бұрынғы кездері көрікті бойында қасиеті бар адамдар ұстаған. Оны жоғары ұстап қастерлейтін болған. Көріктің кереметтілігі сондай ауру адамдарды емдеп жазған. Сонымен бірге көрікті ерте заманда зергерлік бұйым жасау кезінде металдан қыздыру үшінде үрлеп тұратын құрал ретінде пайдаланған. Ұста, зергерлер пайдаланған бұл бұйымның

көлемі мен қолдану тәсілдеріне қарай бірнеше түрі болған. Олар – қол көрік, мес көрік, қос көрік, жел көрік. Қазір ол кәсіппен айналысушылар жоқтың қасы (АӨЖМ. Темір аудандық музей материалдары. Ақтөбе облысы, Темір ауданы. 2020 жыл).

Халық тұрмысында ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең ежелгі жиһаздың бірі – сандық. Заман ағымына сай дәстүрлі ортада қолданылған көптеген үй жиһаздары бүгінде қолданыстан шығып, өзінің әуелгі функциясы ұмытыла бастағанмен, сандықтар әлі күнге дейін ұзатылған қызға жасалатын жасаудың бірі ретінде өз мәнін жоғалтпай келеді. Жасалу материалына, көлемі мен атқаратын қызметіне қарай сандықтар: жағлан, кебеже, абажа, абдыра, ақырет сандық, шай сандық, ағаш сандық, сүйектелген сандық, оймышты сандық деп бөлінеді. Қай дәуірде болмасын қазақ ұсталары жасаған осындай дүниелері өзінің құндылығын ешқашан жоғалтқан емес. Оның дәлелі Темір аудандық музейі қорларында сақтаулы қазақтың ұлттық үй жиһаздары. Коллекциядағы жиһаздардың дені ағаштан жасалып, оймышталып, сүйектеліп, бағалы металдар, тастармен әшекейленіп, кейбірі былғарымен, қаңылтырмен қапталған, ішінара металдан да жасалған түрлері бар. Жалпы қазақ халқы үй тұрмысында жиһаздардың бірнеше түрін пайдаланған. Оларды атап айтар болсақ: сандық, кебеже, асадал, жүкаяқ, жағлан, жастықағаш, төсеқағаш, адалбақан сияқты жиһаз түрлері. Солардың бірі – асадалға тоқталсақ. «Ас және адал» деген сөздерден құралған. Асадал негізінен шкафтың қызметін атқарған. Этнографиялық деректерге қарағанда асадалдың бірнеше түрі болған және асадалды түркі халықтарының бәрі пайдаланған екен (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 1998, 124-б). Асадал музей қызметкерлерінің құнды жәдігерлер жинақтау экспедициясы кезінде Шұбарқұдық өңірінен табылып, музей қорына өткізілген. Бұл асадал қазіргі уақытта елімізде сақталған басқа асадал түрлеріне ұқсамайды және өзіндік пішінімен ерекшеленеді. Асадалдың ашпалы есігі бар. Маңдай бетіндегі гүл тәріздес оюлар және қошқар мүйіз тәріздес өрнектермен өз реңкін, өз нақышын тапқан. Ал асадалдың бет жағы, екі жаны төрткілденген және бір зер саларлық жәй төрткіл іші қауызын жарған гүл тәріздес ою бедерленіп айналасына шаттық оюымен безендіріліп өрнектер жүргізілген. Осындай әртүрлі ою-өрнектердің бір-бірімен қиылысуы, үйлесуі, шебердің ұсталық өнерінің жоғары дәрежеде болғандығын көрсетеді (сурет 8).

Кебеже – қазақ халқының қол өнері ішінде өнер туындыларына жататын бұйымдардың бірі, әрі тамақ сақтауға арналған сандық сияқты ағаш бұйым. Көшпелі заманда сүр ет, құрт-май салып сақтауға да, түйеге теңдеп алып жүруге де ыңғайлы, кімге болса да тұрмысқа өте қажет бұйым болған. Бізге келіп жеткен, қазіргі Темір аудандық музейі қорында сақтаулы кебежелер өте әсем көркемделген. Көлемдері жағынан да, сыртқы сәнділік жағынан да бірін-бірі қайталамайтын сәнді түрлі кебежелер бар. Кебенің түбі қалың тақтайдан жасалынған. Беттеріндегі өрнектері қызыл сырлы бояумен боялған, қалың тақтайдың бетіне қырып отырып орнатылып, нәзік мықтармен шегелеу арқылы құрастырылған. Кебенің бұл түрінде үстінен ашылатын топсасы жоқ. Қақпағын үстінен екі қолмен тік көтеріп ашады. Сандық тәрізді аяғы аласа, сыртқы беті геометриялық фигуралармен ойылған. XXғ 50–60жылдары жасалынған (АӨЖМ. Темір аудандық музей материалдары. Ақтөбе облысы, Темір ауданы. 2020 жыл).

Ұсақ-түйек бұйымдар мен әшекей-зергерлік бұйымдарды *шай сандықта* сақтаған. Сондай шай сандықшаның бірі – Байғанин аудандық музейінде сақталған. Теңелбаев Мұқантайға сый ретінде берілген. Ені – 34см, ұзындығы – 63см, биіктігі – 25,5см. Шебері белгісіз, жобамен Қамысбаев Шырын. Музейге 1989 жылы өткізілген бұл экспонаттың тұтастай ағаштан жасалып, беті, жаны сүйекпен безендірілген және геометриялық фигуралармен әсемделген. Кеміргіштер мен құрт-құмырсқа кіріп кетпес үшін шебер оны мұқият жасайды. Мұндай сандықтың мықты екенін білу үшін дайындап болған соң ішіне су құяды. Су сандық астынан тамшыламаса, сапасы өте жақсы деген сөз (АӨЖМ. Байғанин аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. 2020 жыл).

Мұндай шай сандық Мұғалжар аудандық тарихи-өлкетану музейінде де кездеседі. Ағаштан жонылып, түйе өркеші сүйегінен жасалған. Шебері белгісіз бұл экспонат шамамен XVIII ғ II жартысына жатады. Өлшемі 50*40. Музейге тапсырған: Байғанин ауданы, Н.Крупская ауылынан келген Жарикешова Алмагүл (АӨЖМ. Мұғалжар аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы. 2020 жыл).

Сандықтар күні бүгінге дейін қазақ жерінің барлық өңірінде кездескенімен, кең қолданыстағы түрі – ағаш сандықтар. Ал, тарихи дәуірлерде, дәстүрлі тұрмыста қолданыста болған жағлан, киіз сандық, сүйек сандық, кебеже сияқты түрлерін музей қорлары мен экспозицияларынан кездестіруге болады.

Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музей қорында жинақталған дәстүрлі өнер коллекцияларының ішіндегі қайталанбас туындылардың бірі – зергерлік әшекей бұйымдар. Оларға

Батыс өңірінің өзіндік стилінде жасалған күміс жүзіктің түрлері, қапсырмалар, өңіржиектер, білезіктер, ер адамның, әйел адамның белбеулері, алтын адамның киімінен табылған алтын әшекейлер т.б жатады. Қазақтың зергерлік өнерінде көбінесе күміс қолданған. Күмістің адам ағзасына пайдасы бар екенін ежелден білген халқымыз күміс ыдыстан тамақ ішіп, күміс әшекейлер тағынған. Яғни күміс алтыннанда қатты металл болған. Күміспен күптелген қазақ халқының әшекей бұйымдары экспозиция төрінен орын алған. Ер адам, әйел адамның белдіктері. Ер адамның негізгі әшекейі белдік болып табылады. Қазақ арасында белдіктің кісе белдік, кемер белдік, күміс белдік секілді атаулары өте көп тараған. Экспозицияда әйел адамдардың киім-кешектеріне тағатын бұйымдары өте мол. Оларды қатарына қапсырма, тана, түйме, қапсырма кіреді (АӨЖМ. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. 2020 жыл).

Зергерге аса қажетті қасиет – суретшілік, дәлдік, икемділік, ептілік. Халық арасындағы «зергердің көзі өткір, қолы ұсынақты, ойы жүйрік» деген сөз тіркесі зергерлікті құрметтеуден туған. Осындай ағаш пен темірден түйін түйіп, жез қақтап, күміс құйған Байғанин өлкесінің өнерлі ұрпағының бірі – зергер Құрманалы Наурыззалыұлы. Ол 1887 жылы Байғанин ауданында туылған. Зергерлікпен аты шыққан Құрманалыға алыс-жақыннан қымбат ат әбзердері мен әшекей бұйымдарды жасатуға келушілер көбейіп, шебердің аты елге тараған. «Қазақтың дәстүрлі қолөнері ХІХ ғасырдың ІІ жартысы мен ХХ ғасырдың басында өз дамуында айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді» деген тұжырымға сүйенсек, Құрманалы зергердің өнерінің дамуы да осы кезеңге сәйкес келеді. Бірақ ол өз-өзінен зергер болып шыға салмаған. Ол аса нәзік өнерді меңгеріп, оны шыңдауға ұстаздық еткен Күмісбайды пір тұтқан. Музей экскурсоводы Алмагүл Жексенбайқызы Құрманалының зергер болуы туралы аңызбен бөлісті: «Бірде жалғыз өзі жапан далада келе жатып, ақ боз үйді көреді. Ішіне кіріп қараса іші толған зергердің құралдары екен. Сыртқа шығып әрлі-берлі айғайлап, ешкімнің жоқтығына көзі жеткен шебер, «Құдай осыны маған берген шығар» - деп меншіктеп алған» - дейді. Құрманалы шебер металды қолдан өңдеудің дәстүрлі технологиясын (қюю, дәнекерлеу, шекіме, безендіру, сымкәптеу, қаралау т.б.) қолдана отырып, өзіндік ерекшелігі бар әшекей бұйымдарды дайындады және әйелдерге арналған әшекейлерді асқан талғампаздықпен жасады. Соның бірі – күмістен соққан қазақ қыздарының білезігі. Беті геометриялық фигуралармен көмкерілген. Білезікті қыз балаларда, орта жастағы әйел адамдарда, үлкен әжелерімізде таққан. Таққанына орай әйелдің жасын, қоғамдағы орнын, әлеуметтік мәртебесін анықтау мүмкін болған. Оймауыт елді-мекенінің тұрғыны Қанат Қалышев Құрманалы шебер кезінде Қабылқызы Қалыш келіні Хадиша Қалышеваға арнап соғылған білезік. Қақ ортасында 8 жапырақ, жан-жағы геометриялық фигуралармен безендірілген. Сонымен қатар Наурызбаев Байман, Оңғалиев Тәжіғали, Оразов Қали, Қармысов Кемелбай сынды ұста, зергерлердің күмістен жасалған көптеген бұйымдары көптеп кездеседі. Бұлардың соққан заттары Көкжар, Қарақамыс жәрмеңкелерінде қолға түспес зәру затқа айналған (АӨЖМ. Байғанин аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. 2020 жыл).

Қорыта келгенде, Ақтөбе облысы қазақтарының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінде әлі де жалғасын тауып отырған дәстүрлі мәдениет элементтері бар. Оны жергілікті тарихи-өлкетанулық музейлердің коллекцияларынан көруге болады. Бұған жоғарыда жазылған мәлімет арқау бола алады. Сонымен қатар жергілікті жерлерде дәстүрлердің жаңадан жаңғырғаны да, өзгеріске ұшырағаны да кездеседі. Өзіндік ерекшеліктері де жеткілікті екендігін экспедиция барысында көз жеткіздік. Ақтөбе облысы қазақтарының материалдық мәдениетін аймақтық тарихи-өлкетанулық музейлер тұрғысынан талдау қазіргі этнолог, музеолог мамандардың басты мәселесі болуы тиіс. Келешекте бұл мәселе жан-жақты зерделенеді деген сенімдеміз.



1-сурет. Ішік тон. Темір аудандық музейі



2-сурет. Қуанғалиева Ақбибінің келіндеріне тіккен жакет пен шапаны



3-сурет. Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылдық округіндегі мектеп музейінде сақталған саптама етік



4-сурет. Сырмақ. Байғанин аудандық музейі




5-сурет. Айдос Мұратовтың жасаған туындылары, Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі



6-сурет. Қалмұратов Әділбек жасаған қамшы. XX ғасыр



7-сурет. Көрік. Темір аудандық музейі



8-сурет. Кебеже. Темір аудандық музейі

Әдебиеттер

АӨЖМ. Шалқар аудандық тарихи-өлкетану музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы. 2020 жыл

АӨЖМ. Темір аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Темір ауданы. 2020 жыл

АӨЖМ. Байғанин аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы. 2020 жыл

АӨЖМ. Мұғалжар аудандық музейі материалдары. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы. 2020 жыл

Қазақ кілемдері мен тоқыма бұйымдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік музейі коллекциясынан. (Ғылыми каталог. Казахские ковры и ковровые изделия из коллекции Центрального Государственного музея Республики Казахстан. Научный). Ғылыми ред. және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев.- Алматы: ICOS, 2012.– 384 б

Қазақ халқының ұлттық киімдері. Национальная одежда казахского народа. National dothes of Kazakh people. /Құраст. Б. Хинаят., А. Сужикова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2011. – 384 бет

Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» 1998. – 470 бет

Информаторлар

I. Әділбеков Қайырбек. 40 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Бегімбет ауылы тұрғыны

II. Елбайқызы Күлзира. 62 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Оймауыт ауылының тұрғыны

III. Қалиев Өмірбек. 58 жаста. Етікші. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылының тұрғыны

IV. Қосыбаев Аслан. 39 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Қандыағаш қаласы

V. Қуанғалиева Ақбибі. 57 жаста. Ісмер. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданының тұрғыны

VI. Нұрымбетова Райхан. 68 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Байғанин

ауданының тұрғыны

VII. Сырғабекова Жанбөпе. 82 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ақкемер ауылы

VIII. Шүренғалиева Жәмиля. 82 жаста. Қолөнер шебері. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Дияр ауылының тұрғыны.

К.С. Ахметжан

Центральный государственный музей РК

г. Алматы, Казахстан

bsmkk@mail.ru

КАЗАХСКИЕ КИНЖАЛЫ И ТЕСАКИ

(исследование на основе музейных и иконографических материалов)

В последние десятилетия наблюдается постоянно растущий интерес в стране и зарубежом к вооружению и военному искусству кочевников Центральной и Средней Азии позднего Средневековья и раннего Нового времени, в том числе и к вооружению казахов. В комплексе вооружения казахского воина XVII-XIX веков, наряду с длинноклиновым оружием (мечом, саблей), немаловажное место занимали среднеклиновое и короткоклиновое оружия. Такими видами холодного оружия казахов были кинжалы, тесаки и боевые ножи. Но кинжалы и тесаки казахов до сих пор не были объектом

специального научного исследования, это тема только кратко рассматривалась автором данной статьи в своей монографии, посвященной традиционному вооружению казахов (Ахметжан, с. 104-107, рис. 86). В настоящей статье более подробно исследуются особенности конструкции, формы клинков и рукояти, система художественного оформления ножен казахских кинжалов и тесаков, их атрибуция, особенности применения в бою и способы их ношения.

Источником для изучения этих видов казахского оружия использовались вещественные памятники - образцы из музейных собраний, в основном из коллекции Центрального государственного музея Республики Казахстан, а также изобразительные материалы – изображения различных видов кинжалов на кулпытасах (каменных стелах) Западного Казахстана и на казахских граффити (рисунках на стенах культовой архитектуры казахов) XVIII-XIX веков (Тасмағамбетов, 2002), а также их изображения на произведениях европейских и восточных художников (Рахимова, 2010). Дополнительными материалами послужили сведения из письменных и устных источников.

Кинжалы. По определению кинжал – это короткоклинковое колюще-режущее оружие с тонким или широким, прямым или изогнутым, одно-двулезвийным клинком и рукоятью для одной руки. Со времен древних тюрков у кочевников кинжал становится самым распространенным, постоянно используемым короткоклинковым оружием. Кинжалы коленчатой формы часто изображаются на древнетюркских изваяниях Монголии, Алтая, Тувы, Казахстана, а также в согдийской настенной живописи на территории Средней Азии времен Тюркского каганата, хотя археологические находки подобных кинжалов не так много. На древнетюркских изваяниях кинжал подвешен спереди к поясу на двух коротких портупейных ремнях острием клинка и изгибом рукояти вверх. Коленчатый кинжал вместе с тюркским кафтаном с отворотами-лацканами и характерной прической в виде нескольких длинных кос, рассматривается исследователями как этнический маркер древних тюрков (Кубарев, 2008, с. 68-70).

«Ұлытау» тарихи-мәдени қорық-мұражайы құрамындағы мәдени-тарихи ескерткіштер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы» Тұжырымдаманың «Табиғат бірлігі және көшпелі мәдениеттер» туристік кластерлеріне енген.

Осы өңірде Алтын Орда заманына тиселі, есімдері Еуразия елдеріне мәлім тарихи тұлғаларға қатысты ескерткіштер – *Жошыхан мазары, Жошы ұлысы кезеңінен – Болған Ана, Құлан Ана, Аяққамыр(Құтылық Темір) мазарлары, Алтын Орданың әмірі Едіге мен Алтын Орданың ханы Тоқтамыс жерленген Едіге шыңы, 1391 жылы Ақсақ Темір тасқа жазып қалдырған жазуы бар Алтыншоқы тауы және Жошы Ордасы(Орда Базар) қалашығы қай кезде болмасын өңірге келген туристердің қызығушылығын тудырып келеді.*

Ұлытау өңіріндегі Алтын Орда ескерткіштерінің тарихи анықтамасы, туризмдік жай-күйі.

Жошы хан күмбезі – Жезқазған қаласынан солтүстік шығысқа қарай 50 шақырым жерде, Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан көне архитектуралық ескерткіш. Күмбезде сақталған таңбаларға қарағанда, оны салуға Жошы бағынған тайпалардың бәрі (оғыз, арғын, қыпшақ, керей, найман, қоңырат, қаңлы, т.б.) қатысқан. Тарихи дәстүр бойынша күмбезді қайтыс болған кісінің жылдық асын беруден бұрынырақ жасайтын болған. Соған қарағанда 1227 жылы қайтыс болған Жошыға 1228 жылы күмбез тұрғызылған болуы керек. Жошы хан порталды-күмбезді құрылыстар қатарына жатады. Жобасы тік бұрышты. Құрылыс материалдары – күйдірілген кірпіш, ғаныш, әк. Жобаның аумағы 9,55-7,25 метр. Көзге айрықша түсетін нәрсе – салтанатты портал. Оның маңдай алдына сүйір арқа түрінде шығарып, екі жақ босағасын үстіңгі салмақты еркін көтеріп тұру үшін мейлінше берік етіп тұрғызған. Портал жақтауларын өрнекті кірпішпен безендіріп, киіз үйдің басқұрына ұқсатқан. Өрнекке пайдаланылған тақта кірпіштердің ауданы 45x45 сантиметр. Бұл кірпіштерде өрнекпен бірге жазу да болған. 1911 жылы Атбасар уезін билеген бір ұлық өрнекті кірпіштерді сындырып алып, музейге жібереді. Қазір кірпіштердің кейбір сынықтары ғана сақталған. Порталдың жоғарғы жиегін парапед тәріздендіріп, астынан қалақ кірпіштен фриз тартқан. Ежелгі құрылыс әдісінің бірі – күмбез орнату. Ол Жошы хан күмбезінде тамаша шешімін тапқан. Қабырғаның іш жағынан сөрелеп шығарған белдеулердің үстінен екі қабатты зәулім күмбез орнатқан. Ішкі күмбездің (биіктігі 7 метр) салмағын «жалған еңсе» шығару тәсілімен белдеулерге жайса, сыртқы күмбезді (биіктігі 8 метр) он алты барабанға отырғызған. Ішкі күмбезден шығарылған түнік сыртқы күмбезді орнатқан кезде жабылып қалған. Жарық кесененің екі жақ бүйірінен, барабанның астынан шығарылған терезелерден (35x35 сантиметр) түседі. Күмбез бедерлі қалақ кірпіштермен әшекейленген. Күмбезді көп қырлы барабанға орнату – оғыз, қыпшақ тайпаларға тән тәсіл. Ішкі қабырғаларында таңбадан басқа ешбір әшекей жоқ. Еденіне қалақ кірпіштер төселген.

Күмбезді қазу жұмысы кезеңінде екі қабір табылды. Қабір қабырғаларын үлкен кірпіштен өріп, астына жұқа тақша кірпіш төсеген. Бірінші қабір күмбездің күншығыс іргесіне (ұзындығы 2,2 метр, ені 70 сантиметр, тереңдігі 1,2 метр) орналасқан. Қабір ішінен тақтай табытқа жерленген адамның сүйегі шықты. Сүйектің оң қолы жоқ екендігі анықталды. Оның үстіне қабір ішінен салтанатты киім жұрнақтары, қызыл сафиян етіктің қалдығы, тұт жібегінің шіріп жатқан сілемдері, аң сүйектері мен түйенің бас сүйегі, темір қарудың сынықтары табылды. Бұл «Жошыны аң аулап жүргенде құланның айғыры шайнап өлтірді» деген халық аңызына үндес келеді. Халық аңызында «Жошының тек бір қолын тауып қойған», кейде «бір шынашағын ғана тапқан» деген әртүрлі жорамалдар бар. Екінші қабір Жошының үлкен бәйбішесі (Керей хандығының билеушісі Тоғырыл ханның інісінің қызы) Бектұмыштікі болуы тиіс. Қабір астына төселген қалақ кірпіштерде араб әрпімен «ықпал» деген сөз бірнеше қайтара жазылған. Жошы хан күмбезі республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне енгізілген. 1999 жылдан Жошы хан күмбезіне қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Жошы хан мазарының бүліне бастағандығы жөнінде алғашқы деректі геодезист Ю.А. Шмидт жазған.

Өткен ғасырдың соңында жергілікті халықтың айтуы бойынша мазардың алдыңғы жағындағы көк жолақ болған. Осы төрткүл жолақта жазу болады екен. Сол жазуды 1911 жылы Атбасар уезі Далалық өлкенің генерал-губернаторына көрсету үшін қопарып алған. Бұл жазулы кірпіштің қазіргі

тағдыры белгісіз. Жергілікті тұрғындардың айтуынша 1927 жылы Шоң деген біреу қазына іздеп мазардың ішінде 2 қабірді қазған. Бір қабірде жерленген адамның бас сүйегінің үстіңгі жағымен, оң колының жоқ екендігі анықталған (Марғұлан, 1947).

Орда-Базар. XIII ғасырдың орта шенінде Ұлытау өңірінде Орда Базар қалашығы пайда болды. Осы кезеңдегі маңызды қалалардың бірі болған ол Ұлытау өңірі ұлан-байтақ Жошы ұлысының саяси-әлеуметтік, мәдени-экономикалық орталығы болды. Жошы мавзолейінің жанындағы Орда-Базар қаласының даңқы алысқа тарады. Бұл қала Еділ бойында 1254 жылы Сарай-Бату салынғанға дейін Жошы ұлысының ғана емес, Алтын Орданың да астанасы болды. 1237 жылғы Батудың Европаға, 1258 жылғы Құлағу мен Кетбұғының Батыс Азияға (Палестина, Сирия, Мысыр) жасаған жойқын жорықтарына дайындық осы бүгінгі Ұлытау-Жезқазған өңірінде тұрған Жошы мазарының маңында жүргізілді. Орда-Базардың географиялық жағынан алып империяның дәл кіндік тұсында орналасқандығы, Еуразиялық кеңістікке ұтымды және ықпалды геосаяси саясат жүргізуге қолайлылығы оның ұзақ уақыт бойы тарих сахнасынан жоғалмауына игі әсер етті.

Болған ана күмбезі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Жезқазған қаласынан 50 шақырым оңтүстік-батысқа қарай, Сарысу мен Қаракеңгір өзендерінің құйылысында, Қаражар шатқалында орналасқан. Болған ананы XVIII ғасырда П.Рычков, 1946-1948 жылдар аралығында Ә. Марғұлан зерттеген. Кесене атына байланысты әр түрлі болжамдар айтылады. Бір деректерде онда Жошы ханның Сырдария мен Талас өзендері арасын жайлаған қаңлы тайпасының билеушісіне ұзатылған қызы Болғанның жерленгені айтылса, тағы бір аңыздарда Болған анайы Алаша ханның келіні деп те айтады. 1990 ж. Алматы архитектура және құрылыс институтының экспедициясы (жетекш. Е.Бәйтенов) зерттеген. Кесененің қасбетіндегі арқалы, порталды кірер аузының айналасы қуыстана қаланып, қабырғаның өрнегі ретінде жасалған. Бөлменің төменгі шаршы бөлігінің күмбез шеңберіне әтер тұсындағы бұрыштары арқалы тромпты тәсілмен өрілген. Тромп қолтықшалары қосарланған кірпішті қиғаштау бұрышын шығара қалау арқылы өрнектелген. Ескі сылақтың қалдығы П тәрізді порталдық арқаның белдеуі мен жапсырылған әшекейлі қыш тақташалардың терракота түсті болғанын көрсетеді. Порталдың ширек бұрышты бағаналары мен басқа қабырғалары түгел ақ түсті. Көрнекі жерге салынған Болған ана күмбезі алғашқы нұсқаларында өте әдемі болғанға ұқсайды. Ол осы өңірдегі кейінірек салынған кесенелер архитектурасына (Ақтыбай, Қауқабай, т.б.) да әсерін тигізген (Герасимов, 1957).

Аяққамыр күмбезі – ортағасырлық, Алтын орда кезінен қалған, қызыл кірпіштен салынған сәулет өнері ескерткіші. Академик Ә.Х.Марғұланның пікірінше Құтылық-Темірдің моласы болуы керек. Құтылық Темір 1395-1399жж аралығында Алтын Орда ханы болған тұлға. А.И.Шренк пен Ш.Уәлихановтардың жазбаларында бұл ескерткішті бұрын ел «Қамыр ханның күмбезі»-деп атаған. Алайда ондай кісінің аты әзірге тарихтан кездескен жоқ. Қарағанды облысы Ұлытау ауданы, Жезді ауылынан солтүсік бастысқа қарай 9м қашықтықта орналасқан. Автор, құрылысшы, тапсырыс беруші, құрылу тарихы белгісіз. Кесенені алғаш рет 1946 жылы Қазақ ССР ғылым Академиясының Орталық Қазақстан археология экспедициясы зерттеді. 1973 жылы ҚазССР Мәдениет министрлігінің экспедициясы өлшеу мен фотофиксация жұмыстарын жүргізді.

Орталық Қазақстанның көрнекті ескерткіштерінің бірі болып табылады. Биіктігі 1 м тас іргетастың үстіне 8,10 м x 9,84 м көлемде тік бұрышты жобамен порталды-күмбезді пішінде салынған. Алдыңғы беті П әрпі сияқты жиектеліп, монумент портал түрінде әшекейленген. Кіретін қуыс түзу арқамен жабылған. Күмбезі күйдірілген кірпіштен қаланып, жарты оюлармен әшекейленген тақталармен қапталған. Шаршы негізден бұрыштарын кеміте қалау арқылы күмбез шығарылған. Архитектура құрылымы мен безендірілуі 9-11 ғасырлардағы осындай құрылыстарға тән. Тікбұрышты құрылыс жоспары үш көлемнен тұрады: ғимараттың текшесі, порталы және күмбезі. Құрылысқа 27x27x6см өлшеміндегі кірпіштер пайдаланылды. Сақталған портал бөлігінің биіктігі - 6,75м. Ішкі периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 5,75x5,75. Сыртқы периметр бойынша жоспардағы өлшемдері: 8,0x10,0. Архитектуралық және конструкциялық шешім, құрылыс жұмыстарының сапасы ескерткішті ортағасырдағы Қазақстан территориясындағы тамаша ғимараттардың қатарына жатқызады (Сембин, 1977).

Алтыншоқы. Ақсақ Темірдің тасы. КСРО ҒА-ның академигі Қ.И.Сәтбаев басшылығымен Орталық Қазақстанда жүргізілген экспедицияларының бірінде Ұлытау ауданы Алтыншоқы шоқысынан 1935 ж. тамызда табылған, екі тілде жазуы бар үлкен жартас сынығы. Таста бар болғаны екі жазу бар: үш жол арабша жазу, сегіз жол – шағатай тіліндегі жазу. Эрмитаждың ғылыми қызметкерлері – А.П.Григорьев, Н.Н.Телицын, О.Б.Фролова ұсынған нұсқасы бойынша аударманың соңғы нақтыланған нұсқасына сәйкес арабша жазудың мазмұны мынадай: «Рақымды да шапағатты Алланың атымен! Жер жүзінің әміршісі, шындықтың шамшырағы. Берік қорғаушы,

бәрінен де күшті, бәрінен де құдіретті, Өмір мен өлім сыйлаушы данышпан!». Шағатай жазуы осы авторлардың аударуында былайша беріледі: «Жеті жүз тоқсан үшінші жылдың жазы, қой жылы көктемнің ортаңғы айы [1391 ж. 6 сәуір], Тұран сұлтаны Темір бек ислам діні үшін үш жүз мың әскермен бұлғар ханы Тоқтамысханға қарсы аттанды. Осы жерге жетіп, ескерткіш белгі болуы үшін ол осы қорғанды тұрғызды. Алла беріп, жаратушы әділ төрелігін жүргізсін! Жаратушы ел халқына мейірімін төксін! Бізді ескеріп жарылқасын». Бұл тамаша археологиялық олжа 1391 ж. нақты оқиғаны – Ақсақ Темірдің Алтын Орда ханы Тоқтамыс ханға қарсы жасаған жорығының жарқын куәсі болып табылады. Шараф әд-дин Әли Йездидің XV ғ. бірінші ширегінде жазған «Зафар нама» – «Жеңіс кітабы» атты шығармасында Ақсақ Темірдің Дешті Қыпшаққа жасаған жорығының осы бір уақиғасы туралы былай дейді: «Айдың (15 IV) 21-і (аталған) сәрсенбісінде олар Қыпшақтау дейтін атақты тауға жетті және одан көшіп, 2 түннен кейін жұмада Ұлытау деген жерге барып тоқтады. Сол даланы көз қуантып көру үшін Темір таудың басына шықты; бүкіл жазық дала көкпеңбек болып жатты. Ол сол күні сонда болып, (сонан соң) сол жерге мұнара тәрізді биік белгі орнатуға жауынгерлерге тас әкелу үшін жарлық берді. Шебер тас қалаушылар сол кездің белгісі қалу үшін тасқа сол күннің уақытын қашап жазды». Халық аңызы да оқиғаны осылай өрбітіп, оны Алтыншоқы шоқысымен байланыстырады. Тас табылған Алтыншоқы шоқысы Ұлытау тауларынан солтүстік-батысқа қарай, Жезқазған – Арқалық тас жо-лынан батысқа қарай 90 км, Саят ауылынан батысқа қарай 80 км жерде орналасқан. Аласа, биіктігі бар болғаны 50 м ғана және сыртынан қарағанда, жанындағы шоқылардан ерекше де емес. Бірақ оның үстінен сонау көкжиектегі көзге әрең шалынатын ойлы-қырлы дала келбеті алақандағыдай болып айқын көрінеді. Алтыншоқыны есте қалдыратын нәрсе – оның төбесінде қиық пирамида тәрізді жасанды тас үйіндісі айқын байқалып тұрады. Бұл тастағы жазуда айтылатын қорғанның қалдығы емес пе екен? Жанынан қарағанда қиық пирамида тәрізді үйіндінің ортасында ойық бар, бұл, сірә, қазба жұмысы салдары болуы мүмкін. Осы ойыстағытастардың арасынан балқыған қождың кесектері кездеседі, бірақ оның мұнда қалай келгенін айту қиын. Жазуы бар тасқа келетін болсақ, 1936 ж. бастап қазірге дейін ол Ресейде, Санкт-Петербургтегі Эрмитажда «кат. 195.Темір аты жазылған тас. Алтын Орда. 1391» деген хаттау кодымен сақтаулы тұр. 1990-шы жж. екінші жартысында облыстық мәдени басқармасының бастамасы бойынша түпнұсқа мен ұқсайтын екі жазу да жазылған көшірме-тас дайындалған болатын. Бұл тас қазір Алтыншоқы шоқысында тұр. Олшоқының төбесіне жақын жердегі кішкене ғана тепсеңнің үстіне орнатылған. Оған үлкен трассадан жалғызаяқ жол барады. Фотосуреттен оның тек символикалық көшірмесін ғана көруге болады, ал, шын мәнінде, тастың түпнұсқасының формасы, түсі және фактурасы бойынша елеулі өзгешелігі бар (Қазақстан ұлттық энци..., 1998, 439 б.).

Едіге тауы. Едіге (1352-1419) – Ноғай ордасының негізін қалаған әмірші, қолбасшы. Едіге маңғыт руынан шыққан, жоғары мәртебелі мырзалардың ұрпағы.

Едіге тауы Ұлытау ауданынан батысқа қарай 35 шақырым қашықтықта орналасқан. «Едіге шыңы», «Едіге биігі» атанған бұл биікте Едіге батырмен қатар Алтын Орданың атақты ханы Тоқтамыстың да сүйегі жатыр. Тоқтамыс ханның ордасында беделді би болған Едіге қасиетті Ұлытаудың биік шыңдарының бірінде жерленген. Ол шың кейіннен Едіге деп аталып кеткен. Едіге Алтын Орда ханы Тоқтамыспен қатарлас болған. Ал Тоқтамыстың 1380-1395 жылдары Алтын Орданы билегені, Сауран, Сығанақ шаһарларын орталық еткен. Едіге сол Тоқтамыспен тізе қосып, кейін Еділ, Жайыққа дейінгі жерді өзіне қаратып, Ноғай ордасының негізін қаласады. 1396 жылдан бастап Алтын Орда хандығын 15 жылдай билейді. Ноғай ордасының негізін салған Едігенің есімі қазақ, қарақалпақ, башқұрт халықтарының аңыздарында кездеседі. Кейін Тоқтамыс ханды Едіге өлтіреді. 1419 жылы Сарайшық қаласының жанында Тоқтамыс балалары әке кегін қайырып, оны өлтіреді, ел-жұрт Едіге бидің денесін Ұлытауға әкеліп жерлеген. Ол шың «Едіге тауы», «Едіге обасы» деп аталып кетті. Бұл тарихта аты қалған, әйгілі Едіге батырдың сүйегінің үстіне салынған қорған. Қорғанның кейбір жерлері бұзылуға ұшыраған. Едіге моласы ірі тастардан дөңгелете қорған түрінде салынған. Қорғанның диаметрі – 8,8 м. Биіктігі – 4,80 м. Қорғанның солтүстік жағынан таға тәрізді кішкене «коридор» жалғанған. Оның ұзындығы – 3 м., ені – 2 м. Мола биіктігі – 2 м. болатын тік жартастың шетінде орналасқан.

Бізге жеткен аңыз-әңгімелерде Едігенің хан алдында қаймықпаған қайсарлығы ақыл мен пайым-парасаттылығы турасында көп айтылады. Ел жадындағы Едіге – әрі батыр, әрі көсем, әрі шешен, әрі би, әрі ақылгөй дана. Сондықтан халық арасында «Ер қамын жеген Едіге» деген қанатты сөз бекіп қалған (Қарағанды облысы: Энци..., 2006).

Ұлытау өңірінде Алтын Орда дәуірі және басқа өңірдің белгілі республикалық, жергілікті маңызға ие тарихи-мәдени, сәулет ескерткіштерін, көне заманнан қазіргі кезеңге дейінгі

ескерткіштердің шоғырлануы Орталық Қазақстандағы ең тартымды туристік бағыт және ғылым мен зерттеу қызметін дамытудың тірек орталығы болуы мүмкін.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев алдағы уақытта ұлттың рухани ордасы, ұлы тарихтың куәсі болған Ұлытау мемлекет қадағалауында, қамқорлығында болады деген сөзі аясында Ұлытау аймағы Қазақстанның туристер тарту картасының алдыңғы қатарына енетіні болашақ ұрпақ үшін жасалатын жақсы қадам.

Әдебиеттер

Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 2006.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 1998, 9 том.

Маргулан А.Х. Археологические разведки в бассейне реки Сарысу. Вестник АН КазССР, 1947, №7.

Герасимов Г.Г. Памятник архитектуры долины реки Кара-Кенгир в Центральном Казахстане. Алма-Ата, 1957.

Қазақстан Президенті Қ. Тоқаев: Алтын Орданың 750 жылдық мерейтойы тойланады. <https://qazaqtimes.com/article/>

Сембин М.К. Мавзолей Аяк-Камыр /историческая справка/, 1977. Архив НИПИМ.

THE MONUMENTS OF THE GOLDEN HORDE PERIOD OF THE ULYTAU –ZHEZKAZGAN REGION ARE AN IMPORTANT AREA OF TOURISM DEVELOPMENT

Ulytau-Zhezkazgan region is one of the unique places of concentration of monuments of the Golden Horde. The study of these monuments is of paramount importance for the study of the formation of the Kazakh statehood. In Ulytau, many centuries ago, events unfolded that became turning points in the history of the Kazakh people, here were located the Khan's headquarters – Khan Ordasy. It is from Ulytau that the campaign of the legendary Tamerlane against Khan Tokhtamysh begins, and here the great khans-Zhoshy, Alasha, Tokhtamysh, Batyr Yedige and other historical figures rested. The region has a huge potential in terms of tourism development, both inbound and domestic. Historical and cultural sites of various periods, as well as biological and landscape diversity, allow you to organize a wide range of trips here.

Б. Шәкен

ҚР Орталық мемлекеттік музейі

Алматы қ., Қазақстан

agazhai_altai@mail.ru

ЖЫҒА – ЭКСКУРСИЯ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ (музей педагогикасының тиімділігі жөнінде)

Қазақ халқы үшін ұрпағының тәрбиесі мен білімі әрқашан маңызды болып табылады. Ілгеріде «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деп ұлдың ұлағаттылығы әкеге, қыздың қылықтылығы анаға тікелей байланысты болды. Жылдар жылжып, жаңа үрдістердің белең алуы, бала тәрбиесін жаңа бағытта қалыптастырды. Яғни, енді бала тәрбиесіне ата-ана ғана жауапты емес, оқыту мен тәрбиені қатар алып жүретін «педагогика» деген ұғым пайда болды. Білім беру институттары қалыптасып, оқу-ағартудың альтернативті әдістері пайда болды. Соның бірі музей педагогикасы деп аталады.

Музей педагогикасы және мектеп музейлерін дамыту ісі елімізде кенже қалып келе жатқан салалардың бірі. Шетелдік тәжірибеге сүйенсек, музейлік ортаны, экспозицияны білім беру үрдісіне пайдалану немесе мектеп программасына арналған шағын мұражайлар құру, музейдің ғылыми-ақпараттық базасы мен педагогикалық оқыту әдіснамасын бір арнада сәтті тоғыстыру жұмысы сүбелі нәтижелер көрсетіп отыр. Себебі, «Музей педагогикасы – музейтану, педагогика, психология, өнер (жалпы мәдениеттің бөлігі ретінде) мен өлкетанудың тоғысқан жеріндегі ғылыми білімнің жаңа саласы» (Музееведение, 2010, с. 103). Яғни, ол ғылым мен педагогиканы ұштастырудағы тиімділігімен ерекшеленеді. Музей педагогикасы тарихи, мәдени, ұлттық құндылықтарды экскурсия және дәріс нысанына ала отырып, ақпарат берудің мұражайлық әдіс-тәсілдерін пайдалана білім беруде ұтымды нәтижеге қол жеткізеді.

Музей педагогикасы – қазіргі педагогикадағы маңызды бағыттардың бірі. Н. В. Нагорскийдің пайымы бойынша музей педагогикасы – еркін ортадағы білім беру, оны музей қабырғалары шектеп,

қоршай алмайды. Музей педагогикасы педагогикалық мақсатқа сай ұйымдастырылған мәдени кеңістік құра отырып, мәдени, білім беру және демалыс мекемелерінің бірігуінен пайда болған оқу-ағартудың ұтымды әдістерімен жабдықталған саласы (Нагорский, 1993, с. 89). Дегенмен қоғамда қалыптасқан «музей – мәдениет ордасы» деген бір жақты көзқарасы оның педагогикалық қызметінің көмескіленуіне әкеліп жатқандай. Жас категориясына қарамастан музей қонақтарының аталмыш мекемені мәдени-демалыс орны ретінде ғана қабылдап, соған сай әрекет жасау (мысалы, суретке түсу т.б.) олардың музей функциясын жете түсінбегенін көрсетеді. Әрине, бұл жерде үгіт-насихат жұмыстарының да жүйелі жүргізілмегендігін атап өткен жөн. Мұндай түйіндердің пайда болуының негізгі себептерінің бірі – адамдардың мектеп кезінен бастап музейге деген көзқарасының дұрыс қалыптаспауы. Бүгінде музей статистикасы отандық аудитория мен шетелдік көрерменнің ақпараттық-экскурсиялық қызметке жүгінуінің сандық көрсеткіштері мен музей ішіндегі іс-әрекет этикасындағы үлкен айырмашылықты көрсетіп отыр.

Осындай мәселелердің туындау себептерін ескере отырып, білім беру процесінде музейдің ғылыми-ақпараттық-технологиялық қорын пайдалану, яғни музей педагогикасының тиімділігін көрсету – тақырыптың өзектілігін арттыра түсері хақ.

Ал мақаланың негізгі мақсаты – батырлар мәртебесінің бір белгісі болып табылатын жығаны музейлік дәрістің объектісі етіп ала отырып, тақырыпты түсіндіруде музей кеңістігін, экспонатын және көрнекілігін пайдаланудың тиімділігін жан-жақты көрсету.

Музей ішіндегі білім беру процесі бірнеше ғылымның бірігуі арқасында жүзеге асып жатады. Сол себепті де аталмыш жұмыста пәнаралық әдістерді пайдалана отырып дәстүрлі оқыту үрдісінде шетте қалып қоятын кейбір ақпараттардың музейлік сабақтарда түрленіп, ерекше мәнге ие болып, оқушы санасынан тез және тереңінен орын алуының сыры батырлар мәртебесінің бір белгісі болып табылатын «жыға» арқылы ашылады.

Кез-келген дәріс немесе экскурсия кіріспеден басталады және бұл бөлімнің маңызы тыңдаушының қызығушылығын тудырып, назарын аудартумен байланысты. «Ал қызығушылық, психология ғылымында, мүлдем беймәлім заттар мен жаңа ақпараттарға байланысты туындайды екен. Адамның қабылдау объектісіне деген қызығушылығы артқан сайын оның сол затты немесе ақпаратты қабылдау, есте сақтау қарқыны мен ұзақтылығы да өсе түседі» (Жарықбаев, 2010, 20–23 бб.). Тақырыптың «жыға» деп алынуы да осы себепті. Музей педагогының келесі қадамы тыңдаушыға «жыға» туралы қысқаша түсінік беру. Әуелі «жыға» сөзінің этимологиясы мен шығу тарихына тоқталға жөн. Мәселен, «жикка, жыға» парсының «құстың төбесіндегі айдары» деген сөзінен алынған екен. Тарихи деректерге сүйенсек, парсы шахтары өздерінің әлеуметтік мәртебесін, билігін көрсету мақсатында тәжге құс қауырсынын немесе қауырсын бейнесінде асыл тастардан жасалынған әшекейді бас киімдеріне таққан. Оның мәні ежелгі наным-сенімдерде жатыр. Яғни, ертедегі космологиялық түсініктер мен шығыс аңыздары бойынша аспан әлемін мекен ететін құстар билеушіні өздері тұратын құдайлар әлемімен байланыстырады екен. Сол құстар арқылы аспан әлеміне қол жеткізген адам жаратушының ерекше ықыласына ие болып, құдайдың өкілі ретінде жер бетінде өз билігін жүргізеді жеген сенім болған. Сондықтан шығыс елдерінде құстың бейнесін немесе қауырсынын бас киімге тағу сол пенденің аспан әлемі мен тікелей байланысын, билік өкілеттілігін және әлеуметтік статусын көрсеткен. Ал орта ғасырда көшпенділер арасында жыға патшалардың ғана емес, батырлар, қолбасшылар мен әскербасылардың да дәрежесін айыру белгісі ретінде қызмет атқарған. Міне осындай қысқа да қызықты ақпараттар тыңдаушының санасында аталмыш тақырып туралы алғашқы ұғымның қалыптасуына, түсінік алуына көмектеседі.

Экскурсия жүргізудің көптеген әдістері бар. Оның дәстүрлі оқыту тәсілдерінен айырмашылығы нақты-ғылыми, абстракты ақпарат және аңыз-әңгімелерді үйлесімді пайдалана алуында. Соның бірі тыңдаушының жас категориясына байланысты нақты-ғылыми мәліметтерді қосу болып табылады. Өйткені әрбір музей экспозициясы ғылыми деректерді басты ұстанымға алған. Осы тұрғыдан келгенде жығалар туралы келесідей материалдарды атап кету артық болмайды. Мысалы, жыға ғылыми әдебиеттерде жеке зерттеу нысаны ретінде алынбаған. Көбінде көшпенділердің әскери-соғыс өнері және батырлардың қару-жарақтары туралы көлемді еңбектерде ғана дулығаның бір бөлігі ретінде зерттеуге тиек болды.

Соңғы кездері жарық көріп, қазақтардың әскери ісі туралы жазылған қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінің ішінен қару-жарақ тақырыбы да қарастырылған. Солардың арасынан А. Тасболатов, К.Р. Аманжолов, А.Ш. Қадырбаев, Т.К. Алланиязов, Ш. Қартаева, А.К. Кушқумбаева т.б. ғалымдардың еңбектерін атауға болады. Аталмыш еңбектерде қазақ қару-жарақтары қазақтардың әскери істері, кейбір қарулардың дамуы мен ерекшеліктері және ұрыста қолданылуы аясында ғана қарастырылады. Ал қазақ қару-жарақтарының жасалу техникасы мен әсемделуі

колөнер бұйымы ретінде ғана Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев, Т.К. Басенов, С. Қасиманов, Р. Шойбеков сынды авторлардың еңбектерінде қалам ұшына алынған. Дегенмен, қазақтың дәстүрлі қару-жарақтарын жан-жақты зерттеп, сүбелі еңбек еткен ғалымның бірі – Қ. Ахметжанов. Ғалым 2003 жылы «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағы: даму тарихы, құрылымы, этномәдени функциясы (тарихи-этнологиялық зерттеу)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 2006 жылы «Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы» атты монографиясы, ал 2007 жылы толықтырылып, орыс тілінде «Этнография традиционного вооружения казахов» атты еңбегі жарық көрді.

Жалпы экскурсиялық практикада ғылыми танымның әдісі болып табылатын аналогия әдісі кеңінен қолданылады. Мұнда экскурсовод екі немесе одан да көп объектілердің ұқсас жақтарын, белгілерін салыстырады және осының негізінде олардың ұқсамайтын бөліктерінде айқындайды (Емельянов, 2007, с. 209). Мәселен, жоғары айтып өткендей жығаны батыр, баһадүр, қолбасшы немесе әскербасылары дулығасының төбесіне тағатын болған. Ал дәріс тыңдаушыда батыр мен баһадүр туралы сұрақ пайда болады. Экскурсанттарға сұрақ қою, пікірлерін білу дегеніміз проблемалы баяндау әдісі болып табылады. Жалпы, материалды проблемалы түрде баяндау әдісі тыңдаушының қабылдау белсенділігін арттырады. Сол себепті, жығадан бұрын оны тағатын батыр, баһадүр туралы қысқаша тоқталсақ. Өйткені, батырлар және олардың қару-жарақтарының өзі баланың санасына, бірден ықпал ететін тақырыптардың бірі. Балаларды отан сүйгіштікке, патриоттыққа баулу кезінде ең жиі мысал ретінде алынатын, ертегі аңыздардың басты кейіпкері болып табылатын жандардың бірі – осы батырлар. Жасөспірімдер батырлар туралы аңыз-ертегілерді оқыған соң, олардың қиялында батырдың, тұлпарының, қару-жарағының бейнесі қалыптаса бастайды. Әрине, суреттер арқылы қабылдау мүмкін. Алайда, сол батырдың, оның қару-жарағының нақты түр-түсін музей экспозициясынан артық ешнәрсе бере алмас. Себебі, мәселе кеңістікте жатыр. Яғни, музей кеңістігі – бала қиялындағы бейнелердің шындыққа айналуына себепші болады. Музей кеңістігі арқылы бала затты, оның өлшемін, материалын, салмағын, түр-түсін сезінеді. Міне, музей кеңістігінің әдеттегі көрнекілік құралдардан немесе 3Д форматтағы бейне-технологиялардан айырмашылығы осында жатыр.

Ең алдымен батырлар институтынан бастасақ. Қазақ елінің тарихындағы толассыз әскери қақтығыстар мен соғыстар жиі болған қазақ хандығы дәуірі, әсіресе оның ыдырау кезеңінде батырлар институтының нағыз гүлдену кезеңі болды. Тынымсыз сыртқы жаугершілік соғыстар, көршілес елдердің жаугершілік соғыс қимылдарынан қорғану, ішкі тартыста ел бірлігін сақтап, тұрақтылықты күшейту сынды күрделі түйіндердің қайнаған ортасында батырлар жүрді, ел азаттығын қорғауда басты роль атқарды. Сол себепті батырлардың мүддесімен дала элиталары – «ақсүйек» (хан, сұлтан, қожа) және «қарасүйек» (би, рубасы-ақсақал) өкілдері үнемі санасып отыруға мәжбүр болған. Көшпелі қоғам өмірінің негізгі тіршілік көздері белгілі бір деңгейде әскери жағдайға да тәуелді. Бұл түрлі әлеуметтік топтардың ішінен батырлардың бірте-бірте институт болып қалыптасуына алып келді. Батырлардың әлеуметтік сипатындағы ерекшелік осында. Яғни, хан да, қара да жау жүректілігімен қоса ақылдылығымен көзге түсіп, батыр атана алады.

Батыр және баһадүр терминіне байланысты ғалымдар негізінен ақсүйектер, ел билеуші хандар батырлық қасиеттеріне сай «баһадүр» атағын алып, ал қарапайым қазақ руынан шыққандар «батыр» деген атаққа ие болды деген тұжырым жасайды. Негізі қазақта ханнан да, қарадан да жаужүрек батырлар шығып отырған. Бірақ бәрі бірдей баһадүр атағына ие болмады. Енді осы мәселеге талдау жасап қарағанда, батырлығымен әйгілі болған хандардың саяси титулдарымен қатар баһадүр деген атақтарының да болғаны белгілі. Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың мөрінде «Мұхаммед Қазы баһадүр Әбілқайыр хан Қажысұлтанұлы» деген жазулар бар. Қазақ билеушілері Тәуке хан, Абылай хан, Әбілқайыр хан, Қайып хан, Нұралы хан, Қаратай сұлтан сияқты тұлғалардың ресми хат алмасуларда, мөрлерінде өздері жайындағы толық мағұлмат қатарында баһадүр титулын бірге көрсетеді. Ғалым И. Ерофеева XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың ортасында баһадүр титулы қазақтардың шыңғыс тұқымдарында ірі әскери жетістіктері үшін берілді, ол көшпелі қазақ қоғамының барлық топтарында беделді маңызға ие, сондықтан әрбір жаңа сайланған хан мен сұлтан өзінің мөрінде негізгі титулымен қатар міндетті түрде жаздырып отырды» – деп есептейді (Ерофеева, 2004, 29 б.). Ал М. Дауытбекова «батыр» сөзіне қатысты 1917 жылға дейінгі зерттеушілер еңбектерінде алғаш көңіл бөлініп, оның түркі моңғолдық «баһадүр, батур, бағадүр, бак-хату» сөздерінен шыққан деген тұжырымдарын ұсынады (Дауытбекова, 2001, 69 б.).

Ғылыми негіздемелерге сүйенсек, адамдардың 80 пайызы ақпаратты көру арқылы, яғни визуальды есте сақтайды екен. Дегенмен, көру мен көрсетудің айырмашылығы – қарау кезінде адам ескерткіштің сыртқы түрін ғана қабылдайды. Көрсетілім кезінде ол тек ескерткішті ғана көрмейді, сонымен бірге гидтің көмегімен объектінің әртүрлі жақтарын, бөліктерін, сыртқы ерекшеліктерін

ажыратады, оларды талдауға қатысады. Мәселен, тыңдаушы бір қарағанда дулығаның төбесіндегі құстың қанатын, жылқының жалын немесе жібек мата, жалаушаны ғана көруі мүмкін. Ал экскурсовод көрсеткен кезде олардың айырмашылықтары, айырым белгілері пайда бола бастайды. Мәселен, дулығаның төбесіне келесідей белгілер орнатылды: «шашақ» аттың жалынан немесе жібек жіптен жасалған, «жалау» түсті маталардан жасалған, «жыға» құстың қанаты. «Дулығаға аттың жалынан жасалған шашақ қорғаныс қызметін атқару үшін орнатылды, серпімді аттың жалы суық қарудан келген соққыны әлсіретті. Уақыт өте келе ат қылынан алынған шашақ пен жібек жіп жаужүрек батырдың айырым белгісіне айналды» (Ахметжанов, 2006, с. 194). Ғалым Л.А. Бобровта «...ойраттарда қызыл түске боялған шашақтарды дулығаға тағу батырлардың басты атрибуты болғанын» айтады (Бобров, Худяков, 2008. с. 473).

Мұнда музей педагогінің сөзі де өте маңызды рөл атқарады. Тыңдаушы экскурсоводтың сөздері арқылы заттардың айырмашылығын ғана көріп қоймай, қосымша функциялары туралы да білімге қол жеткізеді. Мәселен, «Дулығаның төбесіндегі түсті матадан жасалынған жалаушалар әскери бөлімдерді айыру белгісі қызметін атқарды. Ертеде соғыс майданында жауынгерлер үшбұрышты түсті жалаушаны дулығаның төбесіне қай әскери бөлімнен екенін айыру үшін тағатын болған. XIX ғасырдағы орыс авторларының жазбаларында қазақ әскербасыларының қауырсыннан алынған айыру белгісін таққаны туралы айтады» (Ахметжанов, 2006, с. 195). Міне осылардан-ақ экскурсия – бұл тақырыптық және кескіндемелік айқындылық құралдарының органикалық тіркесімі және сөздің осы ерекше тіркесіміне маңызды қосымша екені көрінеді. Алайда, экскурсия жүргізу барысында адамның заттарды бақылау кезіндегі алған мәліметтері мен гидтің түсіндірмелері арасындағы органикалық бірлікті қамтамасыз ету маңызды. Жалпы, педагогикада Л.В. Занковтың оқыту жүйесі деген теория бар. Осы теория бойынша «оқушы өзін емен-еркін сезінеді, оның әлеуметтің мүмкіндігі мен дербестігінің дамуына жағдай жасалады. Осы жүйеде оқушы мен мұғалімнің арасындағы жаңаша қарым-қатынастың іргетасы қаланады. Мұғалім түсіндіруші тұрғысында емес, оқушының оқу әрекетін ұйымдастырушы-бағыттаушы ретінде көрінеді» (Занков, 1962, с. 473). Экскурсия барысында экскурсовод пен экскурсант арасында да осы байланыс сақталады.

Жұмысты қорытындылай келгенде музей кеңістігі, көрнекіліктері тыңдаушыға танымдық (көру, сезіну) тұрғыдан көмектеседі. Экскурсоводтың зат немесе оқиға туралы үйлесімді баяндай білуі көрерменге өткенге қиялымен саяхат жасағандай, көз алдына елестеткендей эмоцияларды тудыруға көмектеседі. Ал эмоциялар өз кезегінде ақпараттың толық және ұзақ сақталуын қамтамасыз етеді. Музейге келушілердің экспонатқа қызығушылығынан бастап – көруі, сезінуі, түйсінуі сол арқылы жадында сақтауы музей педагогикасының тиімділігін көрсетеді.

Әдебиеттер

- Ахметжан Қ. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: Алматыкітап, 2006. – 216 б.
- Бобров Л.А., Худяков Ю.С. Вооружение и тактика кочевников Центральной Азии и Южной Сибири в эпоху позднего Средневековья и раннего Нового времени (XV — первая половина XVIII в.) / Под ред. В.П. Никонорова. – Санкт-Петербург.: Филологический факультет СПбГУ, 2008. – 776 с.
- Дауытбекова М. Қазақ қоғамындағы батырлар институтының тарихи бастаулары // 10 лет независимости Казахстана: итоги и перспективы развития. // Материалы международной научной конференции. 20-24 февраля 2001 г. Ч. II. – Алматы: 2001. – 932 б.
- Емельянов Б.В. Экскурсоведение. – М.: Советский спорт, 2007. – 216 с.
- Ерофеева И. Символы казахской государственности. – Алматы, 2004. – 295 с.
- Жарыкбаев Қ.Б. Психология негіздері. – Алматы: Эверо, 2010. – 462 б.
- Занков Л.В. О предмете и методах дидактического исследования. – М., 1962.
- Музееведение / ред. Н.В. Мягиной. – Владимир: Изд. Владим. гос. ун-та, 2010. – 116 с.
- Нагорский Н.В. Музей как институт социально-культурной деятельности. – Санкт-Петербург, 1998.

ZHYGA - AS AN OBJECT OF MUSEUM TOUR (The effectiveness of museum pedagogy)

The article discusses the effectiveness of the use of museum space-exposition and information-excursion in the educational process. Museum pedagogy is one of the new and rational areas of the world education system. It combines disciplines such as museum studies, pedagogy, history, culture, psychology, etc. and provides with spiritual rest. The article also explains the difference between a museum lecture and a traditional teaching system with examples.

In addition, psychological terms in museum education are also used as a basis for such as sight, hearing, reflection sections of the museum tour. The meaning, concept, etymology, types, functions of “Zhyga” are discussed in detail in

the work. Museum pedagogy achieves effective results in education using museum methods of information, taking historical, cultural, national values in the form of excursions and lectures. In other words, the advantages of museum pedagogy over traditional education are revealed through interdisciplinary links through museum lessons on the subject.

Ж. Құрбанәлі

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі

Есік қ., Қазақстан

zhazi1981@inbox.ru

ЕЛІМІЗДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУДАҒЫ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ

XXI ғасыр өткен шақты зерттеу және насихаттау мемлекеттілігіміздің тарихи тәжірибесінің және ұлттық мәдениетімізді сақтау мен дәріптеу ісінің орталығы ретінде Қазақстан музейлерінен жаңа технологиялар мен тәсілдерді талап етеді. Осы мақсатқа жету үшін ғылым мен техника саласындағы қазіргі дәуірдің барлық заманауи жетістіктерін музейде қолдану өте маңызды болып табылады.

Музей – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме, сондай-ақ ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді (А.Е., Музейное дело в Казахстане (2-пол. XIX – нач. XX вв.), А., 1979).

Еліміздің тарихи-мәдени мұрасының қазіргі жағдайы сан ғасырлық дәстүрлерді сақтау мен одан әрі насихаттау жөніндегі шаралар кешенін қолдан келгенше қамтамасыз ету керек. Мысалы жаңа тарихи-мәдени ескерткіштерінің ашылуын, кесене, мешіттердің қайта қалпына келтірілуі, қорымдардың сақталуын қадағалау және музейлендіру жұмыстарын жасау, музей қорындағы жәдігерлерді қайта қалпына келтіру сынды жұмыстарды жүзеге асыру, жас ұрпаққа тарихи-мәдени ескерткіштерге деген түсініктерін арттыру мақсатындағы түрлі насихаттаудағы музейдің атқаратын ролі ерекше. Сондай-ақ музейдің қоғам дамуына, оның мүшелерінің жан жақты көзқарасының қалыптасуына қосатын үлесі олардың өзіне тән қызметі мен мүмкіндіктерін жан жақты аша білуіне байланысты.

Осы заманда әлемдегі көптеген музейлер, соның ішінде Қазақстан музейлері де жаңару, модернизациялау және ребендинг үдерісінен өтуде. Музейлерге келушілердің өзгеріп отырған талаптарына сай болу үшін олар осы үдерістерден өтуі қажет. Қазіргі қоғам – тұтынушылар қоғамы. Осы факторды музейлерге ескеру керек. Сонымен бірге тұтыну мәдениетін тәрбиелеу қажет. Музейлер үшін бұл өте күрделі үдеріс, XXI ғасырда болып жатқан өзгерістер әлемдегі барлық музейлерде даму бағыттарының түрлерін көрсетеді. Естеріңізге салсақ, 2004 жылдың 13 қаңтарында Қазақстан Республикасы Президентінің №1227 Жарлығымен бекітілген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстанның ғылымын және қоғамын еліміздің тарихи-мәдени құндылықтарын қорғау мен ұқыпты пайдалануға бағытталған. Осы маңызды құжатта зерттеулердің археологиялық бағытына ерекше көңіл бөлінген. Соның ішінде барлық тарихи орындарды зерттеуге, ұлттық тарихи мұраларды халықаралық деңгейде насихаттауға, тарихи-мәдени мұраларды кешенді түрде зерделеуге басымдық берілген. Осы бағдарламаның сәтті аяқталуына орай өткен шарада елбасы Н.Ә.Назарбаев: «мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты екенін айта келіп, «Мәдени мұра» бағдарламасы – мәдениетке деген мемлекеттік көзқарастың соңғы стратегиялық ұстанымын айқындаған маңызды жоба болды. Ол жаңадан қалыптасып жатқан қазақстандық қауымдастықтың әлеуеті мен гуманистік бағыт-бағдарын танытты», деді. Елбасы бағдарламаны іске асыру барысында, тарих пен мәдениеттің 35 ескерткішіне қайта жаңғырту жұмыстары аяқталып, Қазақстан аумағындағы 30 қалашық, қоныс, тұрақтар мен қорғандарда маусымдық археологиялық зерттеулер жүргізілгенін мәлім етті (ҚР Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану заңы, 2019, 5 бап.).

Айта кету керек, тарихи-мәдени құндылықтарды қорғау және ұқыпты пайдалануға қатысты мемлекеттік реттеу мәселелері Қазақстан Республикасындағы маңызды міндеттердің бірі екені анық. Материалдық мұра объектілерінің сақталуын, ғылыми пайдаланылуын қамтамасыз ету мемлекеттің өзіндік мәдени-ұлттық ерекшелігін дамытуға ықпалын тигізеді, қазіргі заманғы

жаһандық және интеграциялық үдеріс жағдайында қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда тарихи, археологиялық, сәулеттік және мәдени ескерткіштердің қирауы мен мүлдем жойылып кету қаупі төніп тұрғандықтан, бұл мәселе одан әрі өзекті бола түсуде. Орын алып отырған күрделі экологиялық, антропогендік факторлар қоршаған табиғи және мәдени ортаның жағдайына, оның маңызды құрамы болып табылатын тарихи және мәдени ескерткіштердің үгітіліп қирай түсуіне ықпал етуде. Сондай жағдайда тұрған ескерткіштерді анықтау және зерттеу арнайы археологиялық зерттеу әдістерін қолдануды, әртүрлі ғылым мен білім жүйелерін бір арнаға тоғыстыратын жаңа бағдарламалар мен жобалар кешенін әзірлеуді талап етеді. Барлау-іздірету жұмыстарына нано технологиялық және инновациялық әдістер қолдану көп жағдайда алға қойылған міндеттің нақты маңыздылығына және мамандардың кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты болмақ (Мәдениет мұра, Астана, 2006-2011).

«Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі 1970 жылы сақ ханзадасы жерленген қорған табылған аумақта, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 30 қаңтарындағы №43 Қаулысына сәйкес, ел президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен іске асқан «Мәдени мұра» Стратегиялық ұлттық жобасы аясында құрылды. Қорық-музей ашылған күнен бастап Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін

қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес Есік қорымындағы сақ ақ сүйектерінің мәңгілік мекеніне айналған осынау ірі қорымдардың (б.з.д. V – IV ғғ.) заңдық мәртебесін анықтау, қоршау жұмыстары бүгінгі таңда зор нәтижелі болды, яғни 2013 жылдан бастап қорық-музейдің қорғау аумағы бекітілгеннен кейін, тарихи ескерткіш жерлерін мемлекеттік меншікке қайтаруға заңдық негізі пайда болды. Есік қорық-музейі құрылғаннан бастап және 2011 жылы археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуге лицензия алғаннан бері қорық-музей қызметкерлері Есік қорымдарының 123 нысандарына паспорттау және тіркеу жұмысы жүргізіліп, географиялық координаттары, орналасқан жері, мерзімі, диаметрі, биіктігі толық сипатталды. Рахат, Өрікті қала-жұрттарына Халықаралық кешенді археологиялық ғылыми зерттеу жұмыстары жасалынып, нәтижесінде музей қоры толықтырылды. ЮНЕСКО тізіміндегі Ортағасырлық Талғар қалашығы 2018 ж «Есік» қорық-музейінің меншігіне беріліп, ғылыми зерттеу жұмыстары жасалынып жатыр. Сондай-ақ туризм көлемінің өсуін және туристерге қызмет көрсету сапасының заманауи стандарттарға сай жасауды басты міндетке қойып отыр.

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауда музейдің алатын орны ерекше екені белгілі, алайда алдымен ескерткіштің түпнұсқа қалпында сақтау қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып отыр. Көптеген тарихи-мәдени мұралар жеке тұлғалардың жауапсыздығынан өзгерістерге ұшырап, кейбір жағдайда жойылып кету қаупі төніп отырады. Музейтануда музей функциясының әлеуметтік негізін белгілейді: 1) мәдениет және табиғат мұраларын сақтау мақсатында табиғаттағы құбылыстар мен үрдістерді құжаттау қызметін жүзеге асыру; музей қызметкерлері оларды сақтау, құжаттау және зерттеу қызметтеріне бөледі; 2) білім беру және тәрбиелеу қызметі. XX ғасырдың соңында музей коммуникациясында адамның субъект ретіндегі рөлінің артуына байланысты музей зерттеушілері музейден тыс коммуникативті байланыс саласында әлеуметтік қызметті қолдана бастады (Қартаева, 2013, 55 б.).

Музейдің әлеуметтік қызметі – музейдің негізгі бағыттарын жүзеге асыру жолында көп функционалды мекеме ретіндегі қызметі барысын қоғамның әр түрлі салаларында қолдану, енгізу. музей бағдарламасындағы мәдени-білім беру бағыты оқу орындарында оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуге көп көмегін тигізуде. Себебі, оқушыға көп мағлұматты ауызша жеткізгеннен, бір нәрсені көзбен көрсету көкейге қонымдырақ болатыны ғылымда дәлелденген. Сол себепті «Есік» қорық-музейінің мәден-білім беру қызметі мектептермен жүйелі түрде жұмыс жасай отырып музей қабырғасында экскурсия, музейлік дәрістер, үйірме және түрлі іс шараларды жүзеге асыра отырып жас ұрпақтың өз тарихына, мәдениетіне қызығушылығын арттыра түсірді. Яғни тарихи-мәдени ескерткіштерді қоғауға атсалысады.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау, зерттеуде қор коллекцияларын толықтыру ғылы ми-зерттеушілік, археологиялық және этнографиялық экспедициялардың маңызы зор. Далалық экспедициялық жұмыстар арқылы ақпараттық құндылыққа ие болатын материалдар музей қорларына жинақталуда. Бірақ, қаржыландырудың жетіспеушілігінен жергілікті жерлерде музей қызметтері тиісті деңгейде жүргізілмей отыр. Мәселен, ғылыми экспедицияларды ұйымдастыруда, мәдени құндылықтарды зерттеу және насихаттауда, музейлердегі жәдігерлерді сақтау және есепке алуда, тарихи-мәдени және табиғи құндылыққа ие заттармен қорды жасақтауда, олардың тиісті дәрежеде сақталуында, жәдігерлерді жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын сапалы жүргізуде қиыншылықтар туындап отыр (Мерекеева, 2009, 88 б.).

Қазақстанда қазіргі кезеңде 200-дей музей жұмыс істейді. Бұл музейлер сипаттары бойынша әр түрлі бағытта және деңгейде деуге болады. Қорық музейлер белгілі бір территорияны қамти отырып, жұмыс істейді. Қазақстандағы бұл бағыттағы музейлер: Мемлекеттік «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайы, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік қорық музейі, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейі, Жидебай-Бөрілі тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық қорық музейі, «Ұлытау» мемлекеттік тарихи-өлкетану және табиғи қорық музейі, «Ордабасы» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы, «Таңбалы» мемлекеттік қорығы. Осы салада, ҚР Президенттік мәдениет орталығының музейі, ҚР Мемлекеттік орталық музейі, ҚР Археология музейі, Ықылас атындағы Республикалық музыка аспаптар музейі, мемориалдық тағы басқа да музейлер тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау, білім беру, тәрбиелеу, ағарту саласында үлкен жұмыстар жүргізуде. Солардың ішінде облыстық маңызы бар музейлер әр облыс аумағында өлкенің тарихын, заттай мәдениет ескерткіштерін сақтау, қорғау, көрсету, насихаттау, жариялау жұмыстарын жүргізеді. 27 облыстық, 42 қалалық, 55 аудандық және мекемелік музейлер жұмыс істейді (Мұстапаева, 2011, 45 б.).

Қазақстанның немесе өзге мемлекеттің аумағындағы қазақ халқының тарихи және мәдени мұралары мемлекет тарапынан қорғауға алынуы қажет. Тарихи-мәдени мұраларға тарихи мәдени сипаттағы кітап, қолжазба, мұрағат материалдары, архитектуралық, тарихи шығармалар, монументалдық ескерткіштердің құрылымдық бөліктері т.б. құнды ескерткіштер жатады. Рухани мұралар тізімге алынып, мемлекет аумағынан сыртқа шығарылмайды. Тек белгілі бір мәдени іс-шаралар кезінде күзіретті органның қатаң бақылауымен уақытша сыртқа шығарылуы мүмкін. Тарихи мұраларды қорғау және сақтау мәселесі халықаралық дәрежеде қолға алынған. Көптеген халықаралық актілердің арасынан 1954 жылғы «Қарулы қактығыс кезінде мәдени мұраларды қорғау туралы», 1972 жылғы «Мәдениет және табиғат мұраларын қорғау туралы», 1979 жылғы «Мәдени мұраларды заңсыз тасымалдау және оларға деген меншік құқығын беруге тыйым салу шаралары туралы» Конвенцияларды атауға болады (Тұяқбаев, 2002, 40 б.).

Қазіргі таңда археологиялық ескерткіштер мен қатар қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары мен ұлттық фольклор, қолданбалы халық өнерінің бүгінгі жағдайын жан-жақты зерттеуге бағытталған кешенді этнографиялық экспедициялар өткізу қажеттігін ескеруіміз керек.

Қазақ жерінде туристік рекриациялық орталық ретінде дамуына мүмкіндік беретін өзіне ғана тән табиғат сұлулығы да, аңызға толы тарихи орындары мен көшпелілер өркениетінің қайталанбас материалдық және рухани ескерткіштері де баршылық.

Мәдени құндылықтарымыздың мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін тарихи, сәулет ескерткіштері, қызықты табиғи орындар негізінде жаңа тарихи-этнографиялық, табиғи-ландшафттық қорықтар ашылуы керек. “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы аясында 2004-2007 жылдары облыс көлеміндегі тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау, зерттеу, күтіп-ұстау, насихаттау бойынша негізгі орталықтарға айналуы қажетті жаңа тарихи-этнографиялық, табиғи-ландшафттық қорықтарды ашу бойынша ұсыныстар мен негіздемелерін жасақтауда көптеген игілікті істер атқарылғанын баршаңыз білеміз. Айталық, бағдарламаны іске асыру барысында еліміздегі 35 тарихи-мәдени ескерткіштер қайта жаңғыртылса, Қазақстан аумағындағы 30 қалашықта, обалар мен қорғандарда археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония және Батыс Еуропа елдеріне ғылыми-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, бұрын-соңды белгісіз болып келген бес мыңға жуық қолжазбалар мен баспалық басылымдар табылып, сатылып алынды. Бұрын беймәлім болып келген қыпшақ қолжазбалары қолға түсті. Сондай-ақ, мұрағаттық құжаттарды сақтандыру мақсатында көшіру және қайта жаңғырту, музыкалық қолжазбаларды қалпына келтіру және осы заманғы аудиоқұралдарға көшіру үшін арнайы жұмыстар атқарылды. Бағдарлама аясында 218-ге жуық кітаптың түрлері шығарылып, олар еліміздің әдебиет, тарих, археология, этнография салаларының қорын толықтырды. Әрине, біткен істің бәрін осы жерде санамалап отыруға келмес. Өйткені, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы 2007 жылдың ақпан айында қорытындыланып, сол жиында Елбасы Н.Назарбаев жүзеге асырылған істердің бәрін бүге-шігесіне дейін халыққа жария еткен болатын. Сол қорытынды жиында Елбасы бағдарламаның идеологиялық және саяси мәніне тоқталып, оны қайта жалғастыруға тапсырма бергені есімізде. Тарихи қалалар мен ежелгі діни сәулет кешендері базасындағы туризм инфрақұрылымын дамытуға жағдай жасау – оларды халықаралық туризм жүйесіне енгізу болып табылады. Бірінші кезекте өз еліміздегі тарих және мәдениет ескерткіштерін, Қазақстан тарихына қатысты алыс және жақын шетелдердегі ескерткіштерді зерделеу мен қалпына келтіру жұмыстары тұр. Бұл бағыт бойынша Дамаск қаласында Әл-Фараби кесенесі мен этномәдени орталығын салу, сол қаладағы сұлтан Бейбарыстың кесенесі мен Каирдегі сұлтан Бейбарыс мешітін

қайта жаңғырту, Дамаск қаласында екі тұлғаға да монументті ескерткіштер орнату өзекті болмақ. Сонымен қатар, Монғолия аумағынан табылған көне түркі руникалық жазбаларының көшірмесін дайындау мен Өзбекстан аумағында Әйтеке би кесенесін зерттеу және қайта жаңғырту көзделіп отыр. Салалық бағдарламаның екінші кезеңінде археологиялық зерттеулер, оның ішінде орта ғасырлық қазақ елінің саяси, экономикалық және мәдени өмірінде маңызды болған тарихи қала орталықтарына археологиялық, этнографиялық зерттеулер жүргізу жоспарланған. Іс-шараның жоспарына Берел, Шілікті обалары мен Қызылұйық зиярат орнына, қазақ даласындағы ежелгі және орта ғасырдағы сақтардың, қарлұқтардың, оғыздардың астаналары және Ақ орда мен Қазақ хандығының астаналарына терең археологиялық зерттеу жүргізу кіргізілген. Айтылған барлық іс-шаралар жоспарында еліміздегі тарих және мәдениет ескерткіштерін насихаттау және пайдалану, оларды туризм инфрақұрылымы жүйесіне енгізу, кешендерді қайта жаңғырту, абаттандыру, музейлендіру мәселелері басшылыққа алынған (ҚР мәдени саясат тұжырымдамасы, 2014).

Қорытындылай келсек тарихи мәдени мұра біздің баға жетпес қазынамыз деп айтуға болады. Осы қазынамызды зерттеп, нәсихаттауда «Мәден мұра» мемлекеттік бағдарламаның алатын орны ерекше. Бұл бағдарлама еліміздің археологиялық саласына ғана емес, жалпы мәдениет саласына да зор үлесін тигізіп, қазақ халқының ұлттық рухани байлығын әлеге паш етті. Ендігі мақсатымыз Қазақтың кең байтақ даласындағы осы атадан балаға жалғасын тапқан жерімізді, тарихи-мәдени ескерткіштерімізді, тау-тасымызды, табиғи байлығымызды қорғап, сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізу біздің міндетіміз!

Әдебиеттер

- «Мәдениет мұра» - 2006-2011 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама. - Астана, 2006.
Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы. - Астана, 2014 жыл.
Қартаева Т.Е. Әлемдік музейлер кеңістігі. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 148 б.
ҚР Тарихи – мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану заң, 26-желтоқсан, 2019 ж №288 – YI, ҚРЗ, 5 – бап.
Мерекеева С.К. Музеи Казахстана. – Алматы. 2009.
Мұстапаева Д.О. Қазақстандағы музей ісінің тарихы Түркістан, 2011жыл.
Тұякбаев Қ.Қ., Тарихи – мәдени мұраны жаңғырту мәселелері, Қазақстан Музейлері №1(1) қазан – желтоқсан, 2002ж, 40 б.).
Ферман А.Е. Музейное дело в Казахстане (2-пол. XIX – нач. XX вв.), А., 1979.

PRESERVATION AND PROMOTION OF HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE IN THE COUNTRY SHARE OF NATURE RESERVES AND MUSEUMS

The article analyzes the role of nature reserves and museums in the preservation and promotion of historical and cultural heritage, and our task is to preserve our values in a competitive world in a globalized world, based on the widespread transmission and protection of our historical heritage to the younger generation.

The following tasks have been solved in the content of the article: The article comprehensively considers the role of nature reserves and museums in the preservation and promotion of cultural heritage, pays special attention to the archeological direction in the study of cultural heritage. At the same time, the role of the reserve-museum in the study of historical sites, the promotion of national historical heritage at the international level, taking into account the various opinions of society, protects our land, mountains and natural resources inherited from fathers to children in the vast steppes of Kazakhstan, our task is to preserve and pass on to future generations.

Э.Ә. Айтқұлова, Ә.Ж. Амаргазиева
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі
Есік қ., Қазақстан
elmira.3006@mail.ru, klio_7@mail.ru

«ЕСІК» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҚОЛА ДӘУІРІНЕ ТӘН ҒҰРЫПТЫҚ БҰЙЫМДАР КОЛЛЕКЦИЯСЫ

Қазіргі таңда қола дәуірінің ескерткіштері кешенді зерттеліп, осы дәуірге тиесілі артефактілердің аналогтары анықталып, мерзімделу мәселелері өз шешімін тапқан. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде анық болғандай қола дәуіріндегі негізгі тұрмыстық бұйымдар мен әшекей

заттары қыштан, қоладан, мыстан, тастан, жартылай асыл тастардан, сүйектен жасалған. «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қорында осы аталып өткен материалдардан жасалған қола дәуірінің коллекциясы музей қоры құрылғаннан бастап жинақталған. Бұл дәуірге тиесілі қор коллекциясы Шығыс, Оңтүстік, Батыс Қазақстан және Жетісу өңірінен археологиялық зерттеулер барысында және кездейсоқ табылған артефактілер жиынтығы.

Қорық-музей қорындағы қыш ыдыстар (4) қолмен сомдалып, күйдірілген, бойына геометриялық өрнектер салынып, мойнына бірнеше жолақтар түсірілген (1-сурет). Мысалы Алматы облысы Қойлық ауылынан кездейсоқ табылған қазан бүйірі шырша тәріздес үшбұрышты сызықтармен өрнектелген. Ыдыс сопақша келген, қолмен сомдалған. Мойны қысқа, бүйірінен цилиндр пішінді мойнына қарай кеңейген, ернеуінің жиегі тік, түбі тегіс. Қара-сұр түсті, күйік табы бар. Артефакті б.з.д. XIII-XI ғғ. мерзімделеді. Биіктігі – 22 см, ернеу диаметрі – 18 см, бүйір диаметрі – 18,5 см, түбінің диаметрі – 11 см (1-сурет, 1).

Қойлық ауылынан кездейсоқ табылған қыш қазанның тағы бір түрі цилиндр пішінді болып келеді. Формасы бүйіріне қарай кеңейе түскен. Ал ернеуінің жиегі сыртқа қарай сәл иілген және көлемді сынық орны бар. Бүйірі мен мойны шырша тәріздес үшбұрышты сызықтар және ноқаттармен өрнектелген. Түбі тегіс болып келген, қара-сұр түсті, күйік табы бар. Қазан б.з.д. XIII-XI ғғ. тән. Биіктігі – 14,2 см, ернеу диаметрі – 16 см, бүйір диаметрі – 16 см, түбінің диаметрі – 10,5 см. Бұл қазандарды 2011 жылы ЖШС «Археологиялық сараптама» ғылыми мекемесі қорық-музей қорына тұрақты пайдалануға, яғни сыйға берген (1-сурет, 2).

Қыш құмыралар қатарындағы ежелгі көзелерді тұтқасыз, тұтқалы және қос тұтқалы деп қарастыруға болады. Қорық-музей қорында тұтқасыз көзелер (2) коллекциясы сақтаулы (2-сурет). Бұл көзе түрлері сызылған-тырналған сызықтармен әшекейленген (Самашев, 2008, 35 б.).

2011 жылы қорық-музей қорына археолог-ғалым Б. Нұрмұханбетов қыш көзені тапсырған. Бұл бұйым қолмен сомдалып, күйдірілген. Көзе б.з.д. XI-X ғғ. жатады. Бүйірі шар тәрізді, мойны қысқа. Ернеуі тік, кеңейтіліп сыртқа қайырылып, табаны тегіс келген. Ернеуінің астында геометриялық өрнектер салынып, одан төмен төрт жолақ түсірілген. Қоңыр түсті ангобпен әрленген және күйік табы бар. Қалпына келтірілген. Жоғарғы бөлігінің бөлшектері жетіспейді. Алматы облысы аумағынан кездейсоқ табылған олжа. Өлшем биіктігі – 11 см, табан диаметрі – 7 см, бүйір диаметрі – 14 см, ернеу диаметрі – 16 см (2-сурет, 1).

Қордағы қола дәуіріне тән екінші көзе де қыштан жасалып, қолмен сомдалған, мерзімделуі бойынша б.з.д. X-IX ғғ. тән. Тікше, бүйірі жоғары қарай кеңейген, ернеуі тік, табаны тегіс. Көзе бойы әртүрлі пішіндегі геометриялық өрнектермен безендірілген. Тікше келген ернеуіне сызықтар түсірілген. Биіктігі – 22 см, ернеу диаметрі – 23,3 см, түбінің диаметрі – 14,5 см. Бұл Орал облысынан табылған кездейсоқ олжаны Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты 2010 жылы қорық-музей қорына тапсырған (2-сурет, 2).

Қола дәуірінің жерлеу орындарында қыш ыдыстар әдеттегідей марқұмның бас жағына қойылған. Сонымен қатар әйелдер қабірде қола білезіктер, алтын жалатылған сырғалар, киімнің қола қапсырмалары, сүйек, тас, қоладан жасалған моншақтар сынды салтанатты киім-кешектерімен және әшекейлерімен бірге жерленген.

Моншақ ұсақ, түрлі түсті және әртүрлі пішінде (шар тәрізді, сопақша қырлы) болып келеді. Алғашқы сүйектен, тастан жасалған моншақтар неолит дәуірінің ескерткіштерінен табылса, қола дәуірінде пастамен металдан жасалды (Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтама, 2005, 455 б.).

«Есік» қорық-музей қорында 1974 ж. Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы Отырар қаласына жүргізген қазба барысында табылған б.з.д. X-IX ғғ. тән моншақ тізбектері (2) сақталып тұр (3-сурет). Бұл моншақ тізбектерін осы экспедиция мүшесі археолог Б.Нұрмұханбетов өзінің жеке коллекциясын музей қорына өткізгенде бірге тапсырған.

11 данадан тұратын моншақ тізбегі пастадан жасалған. Цилиндр пішінді, саңылау түсірілген, ақ, жасыл түсті. Өлшемі: диаметрі – 0,3см-ден 0,2 см-ге дейін, ұзындығы 1см-ден 0,3 см-ге дейін (3-сурет, 1).

Ал, 12 данадан тұратын моншақ тізбегі қоладан жасалып, қалыпталған. Дөңгелек пішінді, жіп өткізетін саңылаулар түсірілген, жасыл түсті. Зең қабаты бар. Өлшемі: диаметрі – 0,4-0,2 см, ұзындығы – 0,7-0,4 см-ге дейін (3-сурет, 2).

Қола дәуірінде ер адамдардың қабіріне пышақ, қанжар, найза ұшы, жебе ұштары, тас немесе қола балта, шот шаппалар сияқты негізгі қару-жарақтар мен тұрмыстық құралдар қойылған. Аталған бұйымдардың ішінде металдан жасалған қару-жарақтар, тұрмыстық бұйымдар мен құралдар (4-сурет) «Есік» қорық-музей қорынан табылады. Олар найза ұштары (3), қашау (1),

шаппалар (2), пышақ (6) және жебе ұштары (4). Бұл артефактілер Шығыс Қазақстан және Жетісу өңірінен кездейсоқ табылған олжалар, музей қорына 2013-2020 жылдар аралығында келіп түскен.

Найза – жақыннан ұрыс салу барысында қолданылатын, ұшы металдан, сабы ағаштан, түйреуге арналған қару (Чотбаев, 2013, 62 б.). Қорық-музей қорындағы найза ұштарының сапқа бекітілуіне қарай ұңғылы және шегелі болап келетін екі түрі де бар. Олар қоладан құйылған. Екеуінің соққыштары жапырақ тәрізді, екі қанатты, бірінің ұшы қырлы. Ал енді найза ұштарының әрқайсының өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала кетсек.

Бірінші найза ұшы Жамбыл облысы Отар ауылынан кездейсоқ табылған. Найзаның ұшы екі жүзді, жүзінің ұшы дөңес, сабы жайпақ, шегелі. Артефакті б.з.д. IX–VIII ғғ тиесілі. Ұзындығы – 20,5 см, тұтқасының ұзындығы – 8 см, ені – 2,5 см, қалыңдығы – 0,5 см (4-сурет, 1).

Екінші найза ұшы 2019 жылы кездейсоқ табылған Бесағаш көмбесіндегі жеті бұйымның бірі. Ол көлденең қимасы бойынша соққышы алты қырлы, қанаттары кең лавр жапырағы іспеттес. Ұңғысы соққышына қарай тарыла түскен, сапқа бекітуге арналған саңылау түсірілген (4-сурет, 2). Өлшемі: ұзындығы – 24,5 см, найза жүзінің ұзындығы – 13 см, найза жүзінің ені – 2,7 см, ұңғымасының диаметрі – 2,8 см. Бұл найза ұшы қимасына байланысты өте сирек кездесетін түрінің бірі. Ұқсас түрлері Солтүстік Қырғызстан, Шынжаң (ҚХР) және Памир жерлерінде анықталған. Оларға тән ортақ ерекшелік сапқа бекітуге арналған ұңғысының ұзынша болып құйылуы (Чекин, Тулегенов, Иванов, Бесетаев, 2018, 90 б.).

Үшінші найза ұшы да Бесағаш көмбесіне тиесілі. Найзаның соққышы төрт қырлы, ұшы сүйірленген. Ұңғысында сабына бекітуге арналған екі жағында саңылауы бар. Өлшеміне келер болсақ: ұзындығы – 15,6 см, жүзінің ұзындығы – 9 см, ұңғымасының диаметрі – 2,5 см, сақина диаметрі – 2 см құрайды (4-сурет, 3). Бұл екі артефакті б.з.д. X–VIII ғғ. тән. Қазіргі таңда аталмыш қару түрлерінің мерзімделуі бойынша ғалымдардың пікірі бір тоқтамға келе қоймаған сынды. Дегенмен де ғалымдардың еңбектерін сараптай келе мұндай найзаларды және қысқа, лақтыруға арналған түрлері – дротиктерді (4-сурет, 4) пайдалану ежелгі Орталық Азияда көптеген ғасырлар бойы жалғасып, кем дегенде б.з.д. X–VIII ғасырдан бері, б.з. I–II-ші ғасырларына дейін сақталып келген деуге болады.

Қола дәуіріндегі ғұрыптық және шаруашылық құралдарының бірі шот және шаппа шот. Шот балтадан кіші, сабы жіңішке әрі қысқа болады. Балтамен шауып, нобайы келтірілген ағаш бұйымдарды шотпен өңдейді, ал оның кішкентайын шаппа шот дейді. Бесағаш көмбесінің құрамындағы шаппа шоттар (2) қоладан құйылған, сапқа бекітер басы ұңғылы. Ұңғысының сыртында (құралдың ішкі бүйірінде) құралды сабына байлап қою үшін арнайы саңылаулы қосымша құлақша құйылған. Доға тәріздес жүзі қайралған. Бұл екі шаппа шоттардың негізінен өлшемдерінде ғана айырмашылықтар болғанымен, қимасында аса айырмашылық жоқ. Бірінші шаппа шот (4-сурет, 5) ұзындығы – 7,2 см, ені – 3,7x2,8 см, екінші шаппа шот (4-сурет, 6) ұзындығы – 10 см, ені – 3,4x3 см.

Қорық-музей қорында қола дәуірі коллекциясында Есік және Бесағаш көмбелеріне тиесілі 4 пышақ сақтаулы.

Бесағаш көмбесіндегі пышақтар (2) бір жүзді, үшбұрыш пішінді, ұшы сүйір, жетесінің орта тұсында саңылауы бар, жүзіне қарай тарыла түскен. Бірінші пышақ (4-сурет, 7) ұзындығы – 12,7 см, жетесінің ені – 2,3 см, екінші (4-сурет, 8) ұзындығы – 11,6 см, жетесінің ені – 2,8 см. Осы пышақтарға өте ұқсас келген пышақ Бақай тауы, Асысаға ауылынан табылған. Пышақ үшбұрыш пішінді, дөңестелген, бір жүзді, ұшы сүйір, сабының орта тұсында саңылауы бар, жүзіне қарай тарылып кеңейе түскен. Б.з.д. XI–X ғғ. тән бұл пышақтың ұзындығы – 11,4 см, ені – 2,6 см, қалыңдығы – 0,3 см құрайды (4-сурет, 9)

Есік қаласының маңынан кездейсоқ табылған келесі пышақтар (2) бір жүзді, қимасы үшбұрышты, жүзіндерінде қайраудың ізі бар. Саптары тегіс, басына қарай жіңішкере түскен. Сап басы дөңгелектенген диск тәріздес. Бірінші пышақтың (4-сурет, 10) ұзындығы – 14 см, сабының ұзындығы – 7 см, жүзінің қалыңдығы – 2 см, екінші пышақтың (4-сурет, 11) ұзындығы – 21,4 см, сабының ұзындығы – 9 см («Есік» қорық-музейі: Есеп-альбом, 2020, 67). Мұндай пышақтар қола дәуірінде кең таралған бір жүзді пышақ түріне жатады және оларды Орталық Азияның барлық аймақтарынан, соның ішінде Жетісудан өте көп кездестіреміз. Ал қыры түзу, төрт бұрышты және сабы жоқ бір жүзді пышақтар (4-сурет, 12) Еуразия даласында, біздің дәуірімізге дейінгі 2 мыңжылдықтың екінші жартысындағы ескерткіштерде кездеседі (Кузмина, 1966, 46–49 бб). Мұндай пышақ түрі қорық-музей қорында әзірше біреу және ол Бесағаш көмбесіне тиесілі жәдігер.

Тағы бір қордағы ерекше бұйым – қола дәуіріне тән, Есік қаласынан кездейсоқ табылған қола жебелер. Бұл жебелер қорымызға 2020 жылы келіп түскен. Жебелердің қондырмасы бойынша

ұңғылы болып келеді. Қимасының пішіні бойынша екі қанатты, төрт қырлы (2) және ұштары сүйірленген, дөңгеленген оқ тәріздес (2), бойында саңылаулары бар. Жібелер ұзындығы – 3,7-2,5 см аралығында (4-сурет, 13).

Қола дәуіріне тиесілі қару-жарақтар және т.б. бұйымдар жартас бетіндегі суреттерде кездеседі. Олардың көмегімен тек тарихи даму сатыларын, кезеңдерін біршама дұрыс жіктеп қана қоймай, этномәдени сәйкестендіруді жүзеге асыруға талпыныс жасауға болады (Самашев, 2012, 30 б.). Яғни кездейсоқ табылған олжалардың қатарындағы қару-жарақтардың мерзімделуін петроглифтер негізінде де анықтауға болады.

«Есік» қорық-музей қорындағы қыш ыдыстар, моншақ тізбектері, қару-жарақтар мен құралдардан тұратын қола дәуіріне тиесілі коллекция жиынтығы Қазақстандағы жалпы қола дәуірінің коллекцияларымен бірге ғылыми каталогтау, археология, этнология және басқа да гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің материалдарын толықтырып, тың ізденістердің негізгі дереккөздері бола алады. Сонымен қатар қорымыздағы аталған қола дәуірінің жәдігерлері тарихымыздың рухани құндылығына айналары сөзсіз. Себебі, жерлеу орындарынан марқұммен бірге қойылған қабір ішілік ғұрыптық ыдыстардың, қару-жарақтар мен әшекей бұйымдардың табылуы қола дәуірінде өмір сүрген тұрғындардың «о дүние бар» деген дүниетанымдық сенімінің көрінісі. Демек болашақта бұл артефактілерге жүргізілетін тың зерттеулер қола кезеңін жан-жақты сипаттап, сол дәуірде тіршілік еткен тайпалардың өмірін, діни наным-сенімдерін, әлеуметтік жағдайын айқындауға мүмкіндік береді.



1-сурет. Қазандар.



2-сурет. Көзелер



3-сурет. Моншақтар: 1 – Моншақ тізбектері, паста; 2 – Моншақ тізбектері, қола.



4-сурет. Қару-жарақтар мен құралдар: 1-3 – Найза ұштары; 4 – Қысқа сапты найза ұшы (дротик); 5-6 – Шаппа шоттар; 7-12 – Пышақтар; 13 – Жебе ұштары.

Әдебиеттер

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі: Есеп-альбом.: бас ред: Мухтарова Г.Р. – Алматы, 2020. – 248 б.

Кузмина Е.Е. Металлические изделия энеолита и бронзового века в Средней Азии. САИ. Вып. В 4-9. – М., 1966. – 149 с.

Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтама. – Алматы, 2005. – 455 б.

Самашев З., Кузнецова О., Плахов В. Сарайшықтың қыш бұйымдары. – Алматы, 2008. – 264 б.

Самашев З. Жетісу жартас суреттері. Баянжүрек. – Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2012. – 240 б.

Чекин А.Г., Тулегенов Т.Ж., Иванов С.С., Бесетаев Б.Б. «Третий клад» эпохи раннего железного века из г. Иссык // Материалы международной научно-методической конференции «X Оразбаевские чтения» «Историко-культурное наследие Казахстана: Проблемы изучения, интерпретации и сохранения» / отв. ред. Г.К. Омаров. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – С. 90–98.

Чотбаев А. Қазақ даласының ежелгі көшпелілерінің қару-жарақтары. Астана: Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы, 2013. – 200 б. – Қазақша, орысша, ағылшынша.

COLLECTION OF BRONZE ARTICLES IN THE FOUNDATION OF THE RESERVE-MUSEUM «ESIK»

The article provides a brief description of the pottery, beads and weapons belonging to the collection of the Bronze Age in the fund of the State Historical and Cultural Reserve-Museum «Issyk». Their similarities and differences were analyzed. In the funds of the state historical and Cultural Reserve-Museum "Issyk", a collection of the Bronze Age made of these materials has been collected since the foundation of the museum. The collection of funds belonging to this era is a collection of artifacts found during archaeological research and by chance in eastern, southern, western Kazakhstan and the Zhetysu region.

МЕХАНИЗМ РЕАЛИЗАЦИИ КУЛЬТУРНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ И ПРОЕКТОВ В ОНЛАЙН-ФОРМАТЕ (из опыта Центрального государственного музея РК)

Музеи, осуществляющие комплектование, хранение, изучение и популяризацию памятников естественной истории, материальной и духовной культуры, как правило, функционируют в системе формирования национально-культурной идентичности, являются «символами национального самосознания, национальной гордости, взаимодействия культур» (Коссова, 1997, с. 5). Безусловно, велика роль музея в презентации и популяризации историко-культурного наследия страны, в развитии взаимодействия культур, этносов, популяризации общечеловеческих ценностей, формировании духовности и гражданственности. Существуют в отечественной историографии различные определения Музею: «Музей – генератор культуры», «Музей - переосмысление границ», «Музей и общество» и др. (Коссова, 1997, с. 5). В последние годы существенно изменилась роль музея и его направления и формы взаимодействия с аудиторией, где на первое место выдвигается роль музейных коммуникаций. Музей, как социальный институт поддерживает перспективные изменения в сфере музейной коммуникации, привлекая все новых и новых посетителей. Если реклама – это краткое сообщение, то PR – это более развернутые комментарии (Музей будущего, 2001, с. 20-21). В современное, быстро меняющееся время, музеи выстраивают новый формат работы с музейной аудиторией, используя, прежде всего, свои основные ресурсы – коллекции и PR технологии, перенося свою деятельность в онлайн-плоскость. Музеи функционируют, как мы видим, теперь уже в новых онлайн-условиях, совмещая традиционные направления и формы работы с инновационными, тем самым, расширяя свои границы взаимодействия с обществом.

Центральный музей РК, как и большинство музеев страны, также перешел в онлайн-формат презентации историко-культурного наследия и с марта 2020 года (с момента начала пандемии) запускает разнохарактерные культурно-образовательные, научно-познавательные и социальные онлайн-проекты и контент, представляя вниманию посетителей редкие и уникальные артефакты по истории и культуре нашей страны в виртуальном пространстве.

Безусловно, отметим, что в новых реалиях музей и музейные виртуальные программы воспринимаются по-новому в непривычной подаче научно-образовательного и экспозиционно-выставочного материала. Культурно-образовательная деятельность Центрального музея РК сегодня широко освещается во всех интернет-ресурсах, где социальные сети давно уже стали самым популярным коммуникационным инструментом взаимодействия и популяризации историко-культурного наследия. Центральный музей использует все возможные каналы коммуникации с посетителями – информационные порталы, веб-сайт, онлайн-платформы: фейсбук, инстаграмм, ютуб-канал, привлекая к сотрудничеству социальные группы, и мотивируя посетителей на активное участие в жизни музея: мероприятиях, акциях, выставках, фестивалях, знакомя зрителя с артефактами, отражающими различные аспекты истории и культуры Казахстана. Подобная новая форма диалога с онлайн-зрителем позволяет не только выстроить новые способы трансляции музейных коллекций за его пределами, но и объединить группы людей по их интересам, создав для них новые платформы, возможности и условия познания и обучения через музейные контент и онлайн-программы, которые сегодня доступны широкой общественности и не привязаны к месту и времени. Таким образом, формируется новая, скажем так **«онлайновая» концепция развития современного музея** как часть программы цифровизации музеев Казахстана, которая предусматривает новые формы коммуникации с онлайн-аудиторией и разные формы популяризации и презентации музейных коллекций – это онлайн-экскурсии, видеопрезентации редких коллекций, онлайн-выставки и экспозиции, онлайн-благотворительные акции, видеообзоры и исторические сюжеты (Дандыгараева, Кущенко, 2020, с.48).

В 2020 году практически во всех музеях мира, от самых известных до небольших региональных остановилась жизнь. Виной тому – пандемия коронавируса, накрывшая планету, и заставившая изменить концепцию работы в рекордно короткие сроки (Ведерникова, 2021, с.14).

Ситуация существенно отразилась не только на концепции развития музеев, с учетом того, что изменились показатели посещаемости за счет сокращения потока посетителей, в том числе туристов

и иностранных гостей, кроме того, замедлился процесс обратной связи, который трансформировался в онлайн-проекцию, также, как и трансляция самого музея, его коллекций, деятельности и исторического наследия. Таким образом, мы можем отметить некоторые особенности работы музеев в новых условиях и новом формате, выявляя как положительные тенденции развития, так и недочеты, проблемы, с которыми столкнулось большинство музеев. С одной стороны, - это информационный прорыв, использование новых возможностей, ресурсов, технологий, инструментов и форм работы с аудиторией, способов популяризации историко-культурных ценностей, где цифровой формат уже занял определенную нишу в деятельности музеев. Онлайн-музейное пространство стало новой формой работы Центрального музея, сохраняя доступность к музейным коллекциям для посетителей. На примере опыта работы музея, мы видим, как онлайн-проекты объединили выставки, лекции, экскурсии, презентации и иные формы. С другой стороны, наблюдается ряд сложившихся проблем, связанных с техническим обеспечением в области реализации онлайн-программ, многие проекты получили отсрочку и были перенесены в онлайн-формат. К примеру, большинство российских музеев изменили формат из традиционного музея, превратились в культурно-информационные центры, аккумулирующие идеи культуры будущего. Приоритет деятельности культурно-исторических центров сместился на инновационные проекты, круг интересов стала определять коммуникационная деятельность (Васильченко, 2021, с. 5).

Центральный музей РК превратился в ту инновационную платформу, вокруг которой создано креативное сообщество — в музейных онлайн-программах и проектах участвуют как художники, мастера искусства и ремесел, готовые творить и представлять свои творческие работы в рамках музейных проектов, так и бизнес-сообщество - коммерческие структуры, фонды, способные оказать определенную поддержку музею.

Центральный музей РК продолжил осуществлять свою деятельность по всем направлениям работы - культурно-образовательной, научно-фондовой, экспозиционно-выставочной и др. За 2020-2021 гг. Центральным музеем реализовано множество онлайн-проектов и программ (более 400), над которыми трудился весь коллектив музея, разрабатывались концепции, программы, сценарные планы, привлекались организации – партнеры, осуществлялась плотная работа со зрителем. Среди основных онлайн-программ и проектов: онлайн-лекции директора музея Нурсан Алимбай «Қазақтың тарихи этнографиясының музейдегі деректік негізі һәм негіздемесі», «ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорындағы Абай Құнанбайұлы шығармашылығына қатысты материалдар», лекции научных сотрудников музея - «Проблемы истории и культуры государство Кангюй» и «Изучение материалов эпохи бронзы (XVIII-IX) на основе археологической коллекции Центрального музея РК: история формирования, научная атрибуция», «Проблемы современной семьи и брака в Казахстане»; «Независимость и национальная валюта», «Ақтерек шатқалының археологиялық ескерткіштері», «ҚР Мемлекеттік орталық музей қорындағы сирек кездесетін қолжазбалар мен басылымдар хақында бірер сөз», «Музейлік затты зерттеу мен насихаттау: кезеңдері, әдістері (ҚР МОМ тәжірибесінен)»; онлайн-выставки: «К.Сатпаев–Великий ученый Земли казахской», «Самаурының қайнасын...»: коллекция самоваров из фондов музея; программа «История уникального предмета: пояс Амангельды Иманова; домбра жены Абая – Дильды, мумия (г.Фивы), шапка Хаджимукана; видеоэкскурсии и музейные уроки по истории Казахстана для учащихся школ: «Нет героя без народа», к 75 Победы в ВОВ, «Исторические судьбы депортированных народов», «Подарки Первому Президенту РК (из фондов ЦГМ РК)», «Ел тірегі - Ата Заң», «Бірегей заттың тарихы», «Бір шаңырақ астында» и многое др. (см.: Архив ЦГМ РК, отчет, 2020).

Реализация онлайн- проектов и программ – это новый опыт в деятельности музея в области выставочных программ и образовательных музейных практик, новая форма коммуникаций с аудиторией, новые принципы и способы подачи экспозиционно-выставочного и научно-образовательного материала, где объединяются музейные коллекции, новые подходы, музейные ресурсы и цифровые технологии.

Примером применения комплексного подхода в подаче музейного материала является культурно-образовательный ОНЛАЙН-ПРОЕКТ «Средства связи и телекоммуникации. Коллекции из фондов Центрального музея», сочетающий элементы онлайн-показа экспонатов и музейного урока в формате интерактивной онлайн-игры-викторины. Сотрудниками музея был подготовлен сценарный план, создан экспозиционный комплекс, разработан и реализован цикл музейных онлайн-уроков для учащихся учебных заведений, знакомящих с различными средствами связи и развитием телекоммуникаций в прошлом нашей страны: «Письменность – средство коммуникации», «Радио», «Почта. Телеграф», «Телевидение», «Патефоны. Магнитофоны»,

«Телефоны», «Компьютер. Интернет». Большой живой интерес вызвал у детей показ музейных предметов, рассказывающих об истории развития письменности, о древних способах передачи информации – от гусиного пера до шариковых ручек и печатных машинок. Онлайн-проект «Средства связи и телекоммуникации» предоставил возможность детям не только получить полезную и интересную информацию об истории развития связи, с чего все начиналось, и как мы пришли сегодня к современным коммуникациям и достижениям на примере фондовых коллекций музея, познакомиться с экспонатами, принадлежавшими известным деятелям науки и культуры Казахстана, а также принять участие в онлайн-викторинах, ответив на тематические вопросы. Таким образом, выставки, викторины, тесты и музейные уроки по-прежнему, остаются популярными формами онлайн-работы со зрителями.

Центральный музей РК, объединяя творческих людей, в 2020 г. реализовал еще один уникальный проект – «**Шебермен сырласу**», который продемонстрировал профессиональные навыки, знания и мастерство художников и мастеров ДПИ по различным видам искусства и ремесел – живописи, скульптуре, керамике, ювелирному и войлочному искусству, изготовлению музыкальных казахских инструментов. В онлайн-проекте приняли участие известные художники Казахстана, заслуженные деятели искусства – Т.Волкова, Т.Бинашев, К.Жангутты, А.Мусаев и др. В рамках проекта музей представил новую форму проведения онлайн-мастер-классов для взрослых и молодежи по изобразительному и декоративно-прикладному искусству.

Примером сотрудничества с партнерами стран ближнего и дальнего зарубежья является реализованный онлайн-проект «**Тан Шолпан**», объединивший профессиональных художников из Казахстана, Узбекистана, Туркменистана, Таджикистана, Кыргызстана, Австрии, Германии, Канады, США, Турции и др. стран, имеющих художественное образование, работающих в разных видах и жанрах искусства: живопись, графика, декоративно-прикладное искусство, скульптура. Выставка познакомила посетителей в виртуальном арт-пространстве с работами, отразившими современные реалии – творчество и жизнь людей в период пандемии. Таким образом, художники, мастера продолжают творить, развиваться и экспериментировать, а музей продолжает сотрудничать с людьми и предоставлять новые стимулы и возможности для реализации их творчества.

Традиционная акция «Ночь в музее», которую проводит ЦГМ РК с 2006 года, в 2020 г. транслировалась также в онлайн-режиме, демонстрируя многолетний опыт, успехи и лучшие примеры, креативные идеи за 15 лет. Виртуальная ночь в музее состоялась в непривычном новом формате и познакомила более 8000 тысяч человек с разными активностями и программами.

Онлайн-проекты, представленные в виртуальном пространстве предназначены для людей разного возраста, профессий, в зависимости от степени их интереса доступны для каждого зрителя в любое время, и в этом преимущество данной формы работы.

Центральный музей в пространстве Интернета продолжает сотрудничество с Дипломатическим корпусом – посольствами и консульствами зарубежных стран, представляя на различных онлайн-платформах разнохарактерные образовательные, познавательные программы по истории и культуре разных стран мира, демонстрируя уникальные и редкие предметы, фотографии, произведения искусства и другие материалы, имеющие ценное значение. Успешными примерами являются онлайн-проекты, реализованные ЦГМ РК, в сотрудничестве с Генеральным Консульством КНР - **офлайн/онлайн-выставки «Традиционный праздничный костюм народов Китая» и «Гажайып колтанба» (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы қытай фарфор бұйымдарының топтамасы)/ «Удивительная роспись» (коллекции китайского фарфора)**. Онлайн-зрители (более 6000 чел.) познакомились с уникальными фарфоровыми изделиями, росписью китайских мастеров, разнообразием форм и тематических сюжетов, погружаясь в культуру другой страны. Такая тенденция взаимодействия музея с обществом позволяет всем субъектам адаптироваться к новым условиям – в режиме самоизоляции и определенных ограничениях, представляя свои контенты через цифровые технологии и авторские проекты.

Разрабатывая онлайн-проекты и программы, музейные специалисты, как показал опыт, сегодня успешно осваивают современные информационные технологии, новые подходы, новые профессии и навыки работы в качестве сценариста, продюсера.

Проектная работа, сочетающая разные направления выставочной, культурно-образовательной, информационно-коммуникативной работы в онлайн-формате представляет большой интерес с точки зрения актуальности, новизны, экспериментальности, информативности, где определяются как положительные стороны, преимущества в музейной работе, так и недочеты, связанные, как правило, с техническим обеспечением, нестандартным восприятием музейного материала в новом формате, с позиции наименьшей доступности ко всем музейным предметам и др.

На примере реализации онлайн-культурно-образовательных проектов Центрального музея, можно отметить некоторые **особенности их реализации**, делаясь опытом.

Во-первых, важная составляющая разработки онлайн-проектов – это режиссура – идейная составляющая и постановка, сценарий проведения, видеосъемка и техническая поддержка. Все это проводят музейные специалисты: педагоги, методисты, хранители фондов, кураторы, экскурсоводы, выступая в роли сценаристов и продюсеров. Обсуждается сценарный план подготовки онлайн-мероприятия или выставки. В связи с разработкой виртуальных, мультимедийных программ актуальными и востребованными в музейной сфере являются профессии – веб-редактора, разработчика сайтов, видеооператора, IT-менеджера и др. В онлайн-работе используются современные информационные технологии – интерпретация экспонатов и образовательных программ через социальные онлайн-платформы, видеоносители – видеоролики, видеочаты, видеопрезентации, учебные фильмы. В связи с этим, музеям требуется специальное техническое оборудование для подготовки видеоматериалов, проведения видеозаписи и фотосъемок. Цифровые версии также записываются для архива музея. Немаловажное значение имеет и эмоциональный аспект взаимодействия с онлайн-посетителями – использование интонации голоса, обращение к зрителям при видеозаписи материала.

Во-вторых, важную роль в презентации онлайн-мероприятия играет наглядность – музейное сценирование, виртуальная проекция – создание и оформление зоны (сцены), экспозицию, где размещаются экспонаты музея, инсталляции и декорации, создающие визуализацию и влияющие на эффективность восприятия материала.

В-третьих, как правило, в реализации музейных онлайн-мероприятий, будь то онлайн-выставка, видеолекция, видеоэкскурсия или музейный урок участвуют все подразделения музея – научные сотрудники, специалисты отдела учета и хранения фондов, реставраторы, музейные педагоги, методисты и экскурсоводы, экспозиционеры, IT-специалисты и др. Это большая коллективная работа, требующая знание научного и экспозиционно-выставочного материала, истории, коллекций, информационных технологий, новаторских идей и подходов, навыков и методов работы с посетителями, креативности. При разработке сценарного плана обсуждаются не только концепция, авторские позиции и предложения, общее восприятие и подача материала, а также определяются интерактивные методы взаимодействия с аудиторией. К примеру, основная аудитория онлайн-проекта «Средства связи и телекоммуникации» – это дети, для которых и были подготовлены музейные уроки с применением словесно-наглядного метода объяснения материала, комбинируя показ экспонатов, рассказ и задания по темам в виде вопросов для учащихся. Поэтому определение методики работы и формы взаимодействия с онлайн-посетителями – это задача музейных педагогов. Сегодня необходимо осваивать профессию цифрового педагога, у которого есть способность и возможность видеть аудиторию и улавливать с нею обратную связь. Сочетание различных вариаций – элементов декорирования, художественное оформление и демонстрация коллекций, использование инсталляций при создании онлайн-выставки или экспозиции, - это задача художников-экспозиционеров, внедрение в онлайн-программу мультимедиа, - прерогатива IT-специалистов. Реализация онлайн-программ требует от музейных специалистов новых навыков – технического, виртуального решения, высокого разрешения, разносторонних подходов. Все это в комплексе делают проект более привлекательным, содержательным и интересным для зрителя. Такая форма взаимодействия с аудиторией подразумевает диалог в сети Интернет, которая позволяет понять какие темы образовательных программ более интересны посетителям и востребованы по количеству их отзывов, комментариев. Это, в тоже время, часть социологических исследований, которые проводит музей, изучая интересы и потребности онлайн-музейной аудитории. В этом отношении важную роль играет количество подписчиков у музея в сети - инстаграмм, фейсбук. Чем больше подписчиков, тем больше охват онлайн-аудитории. К примеру, общая аудитория всех онлайн-ресурсов Третьяковской галереи за 2020 год составляет 10 млн. человек (Смольникова, 2021, с. 39). Проведенный анализ помогает музейным работникам скорректировать дальнейшие планы культурно-образовательной работы в офлайн и онлайн-формате.

В-четвертых, виртуальная плоскость уже не требует живого контакта со зрителем, который выступает, прежде всего, наблюдателем и слушателем, лишаясь возможности напрямую участвовать в обучающих мастер-классах и всесторонне изучить экспонат. Также как не заменить ту работу с экспонатами, которую прделывают хранители фондов и реставраторы для сохранения культурного наследия.

Таким образом, как показывает опыт Центрального музея РК, онлайн-формат выступает как новый инструмент выполнения своих функций, имеет свои как преимущества, так и недостатки. Ранее, музей проводил работу по оцифровке своих коллекций, созданию виртуального музея, в социальных сетях размещалась информация о музейных событиях. Но ныне музей расширил границы своей деятельности, поскольку возникла необходимость развить новые формы презентации и популяризации наследия и общения с аудиторией.

Механизм реализации музейных онлайн-программ следующий:

- создание концепции онлайн-проекта
- определение содержания и формы подачи музейного контента
- определение платформы
- создание экспозиции или выставки: отбор и оцифровка коллекций, видеозапись, видео и фотосъемка, художественное оформление
- определение формы и способа взаимодействия со зрителем
- информационное обеспечение музейного контента
- финансирование и сотрудничество с партнерами.

Исходя из вышеизложенного, можно отметить большое значение, актуальность и результативность применения комплексных форм, интерактивных методов и игровых приемов, различных видов коммуникаций с многочисленной разновозрастной аудиторией в офлайн-онлайн-проекциях культурно-образовательной деятельности ЦГМ РК. Онлайн-проекты и программы Центрального музея имеют большой успех и отличаются разноплановостью и интерактивностью. Главные герои – это, прежде всего коллекции музея, поскольку именно предметный ряд вызывает наиболее живой и научно-познавательный интерес. Задача же музейных специалистов – привлечь и удержать внимание аудитории, применяя разные современные подходы и методики, познакомить посетителей с подлинными историческими источниками. Видеоматериалы музея (трансляция экспонатов), к примеру, могут быть использованы в качестве вспомогательных дополнительных материалов к учебным программам – к урокам по истории, краеведению и для всех желающих с целью расширения круга интересов.

Литература

- Архив ЦГМ РК: отчет, 2020 г.
- Васильченко А. Виртуальная жизнь самого посещаемого музея Сибири-музейного центра г. Красноярска // Музей, №1, 2021. с. 4-13
- Ведерникова Н. Как выживали музеи во время пандемии 2020 года: переход в онлайн, флешмобы и онлайн-выставки // Музей, №1, 2021. с. 14-16.
- Дандыгараева Б., Кущенко А. Онлайн-проекты Центрального государственного музея РК//Открытая школа, № 08 (199), 2020. с. 48-51
- Коссова И.П. Культурно-образовательная деятельность музеев. Тенденции и перспективы// Культурно-образовательная деятельность музеев. Сбор. трудов. – Москва, 1997. – 120 с.
- Музей будущего: информационный менеджмент / Сост. А. Лебедев.М., 2001. - 200 с.
- Музей и его аудитория. Маркетинговая стратегия. Сборник трудов творческой лаборатории «Музейная педагогика». – М.-223 с.
- Смольникова Д. Третьяковка дома: пандемия как способ сделать музей доступным каждому // Музей, №1, 2021. с. 38-40

CULTURAL AND EDUCATIONAL ONLINE-PROGRAMS OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

This article discusses the forms of cultural and educational activities in online-formats, some aspects of the educational concept of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. The cultural and educational activities of the Central Museum of the Republic of Kazakhstan include the widest range of various forms, methods, types and techniques. Currently, the Central Museum of the Republic of Kazakhstan is actively developing interactive dialogue online forms of working with the audience, where the visitor is a participant, partner, client.

The questions, constrained with the use of information technologies, hardware, are examined, to realize projects in online-resources. It is presently needed museums It specialists and developers of web-sites and educational programs. Experience of the Central museum shows that there are the positive and negative parties in online-work. A museum can not valuably demonstrate to the visitors all collections in an online-format. The plan of online-work is developed, where the theme of exhibitions and certain exhibits are determined. The mechanism of realization of online-projects includes development of online-conception and creation of video of materials.

**БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНТЕРАКТИВТІ
МУЗЕЙЛІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ
(ҚР МОМ тәжірибесінен)**

Қазіргі кезде өте қарқынды дамып келе жатқан педагогиканың бір саласы – музей педагогикасы. Бұл бағыт оқушыларды талай тарихқа куә болған құнды жәдігерлермен таныстыру арқылы, болашақ ұрпақты елінің қадірін біліп, жерін сүйіп, Отанын құрметтеуге, ата-баба аманатын түсініп, патриот болуға тәрбиелейді. Музей педагогикасы – өз қызметі аясында танымдық сабақтар, түрлі тақырыптық үйірмелер ұйымдастырып, бала санасындағы мектеп білімін бекіте түседі. Педагогика бала санасына тек білім құюмен ғана шектеліп қалмай, оның қабілетін түрлі деңгейде дамыта түседі. Сондықтан да аталған ілімнің мағынасы тәрбиелеу деген ұғыммен түсіндіріліп, жас ұрпаққа ақыл айту, өнерге баулу, үйрету, түсіндіру және таныту дейтін түрлі бағыттарды жан-жақты қамтиды (Кайназарова, 1979, 77 б).

Осы орайда, Орталық музейдің музейлік-педагогика қызметінің басты жұмыс бағыттарының өзегі – Қазақстан тарихын, оның мәдениеті бойынша мәдени-білім беру жобалары мен бағдарламаларын дайындау арқылы жүзеге асырып келеді. Мәдени-білім беру орталығының жұмысы педагог-мамандардың тарихи-мәдени құндылықтар жүйесі бойынша музейдің тақырыптық көрмелері шеңберінде орта білім беретін мекемелердің оқушыларына арналған дербес білім бағдарламаларын дайындап ұсынады. Бұл бағдарламаларды дайындауда музей-педагогикасы қызметі балалардың шығармашылығы және зияткерлік қабілеттерін қатар дамытатын түрлі әдістер, көкейге қонымды тәсілдер қолданады. Осы мақсатта диалог құра отырып оқыту арқылы аудиториямен тікелей қарым-қатынас орнату, яғни интерактивті тәсіл – музейдің қазіргі заманғы мәдени-білім беру бойынша қызмет көрсету әдісінің кең тараған түрі саналады. Оқушылармен жұмыс жүргізу кезінде сабақ ойын, рөлді кейіптеу, сұрақ-жауап сияқты оқушы белсенділігін арттыратын әдістер өте ұтымды қолданылып келеді.

Орталық музей қызметкерлері «Музей педагогикасы» саласын күн өткен сайын кемелдендіріліп, белсенді түрде жұмыс атқаруда. Сала мамандары тек танымдық сабақтармен шектеліп қалмай, музейде өткізілетін мерекелік шараларға да үлес қосып, оқушыларды араластыруға тырысады. Әрбір атаулы күндердегі мерекелермен сабақтастырыла музейде балалар шығармашылығына арналған түрлі іс-шаралар үнемі өткізіліп отырады.

Мәдени-білім беру қызметінің жетекші бағыттарының бірі – музейлік коммуникацияның маңызды құрамдас бөлігі десек, ал мәдени-білім беру қызметінің теориялық негізі ол – музейлік педагогика ғылымынан бастау алады. «Музейлік педагогика» термині «мәдени-білім беру қызметі» түсінігінің кеңейтілген түрі және ол өзіне әртүрлі музей аудиториясымен көп аспектілі жұмыс жасаудың барлық түрлерін біріктіріп келеді (Левкина, Хербста, 1988, с. 431).

Әлеуметтік-мәдени институт ретінде музей жұмысы үнемі көпшілікпен байланыс жасауға бағытталғандықтан, көпшілікпен жұмыс жасау қызметі алғашында мәдени-тәрбие жұмыстары деп аталса, кейінірек ағартушылық және ғылыми-ағартушылық жұмыстарымен сабақтастырылып келді. Мәдени-тәрбие жұмыстары аталған кезеңде музей жұмысының дәстүрлі формалары – экскурсия, дәріс оқу сияқты дәстүрлі қызмет түрлерімен бірге қатар дамиды. Жалпы Орталық музейде арнаулы және жалпы білім беретін оқу мекемелері: мектеп, гимназия, училищелермен байланыс жасау мәселелері нақтылы жолға қойылған.

Қазіргі таңда көпшілік ортада «мәдени-білім беру қызметтері» термині кең қолданылады. Оның дамуы музейлердің әлеуметтік рөлінің өзгеруі музей мен қоғам ынтымақтастығының жоғарғы деңгейге көтерілуімен тікелей байланысты. Музейлердің басым көпшілік денінде барлық көпшілік аудитория үшін мәдени, білім беру орталықтары құрылған. Мұндай орталықтар үнемі балалар аудиториясымен жұмыс жасайды. Сонымен қатар, келесі кезекте барлық музейлік аудиториямен ынтымақтастыққа бағытталған музейлік мәдени орталықтар құру арқылы заманауи жаңа тенденциялары қалыптастырды. Мұндай қызмет көрсету музей педагогикасының басым міндеттерінің біріне айналды деуге болады (Музееведение, 1988, с. 18).

Бүгінгі таңда музейлер өз келушілеріне тек экскурсия мен тақырыптық дәрістер ұсынып қана қоймай, интерактивті бағдарламалар, шеберлік-сабақтар, рөлдік ойындар, музейлік мерекелер, фестивальдар және т.б. мәдени-білімдендіру бағдарламаларын да ұсына алады.

ҚР Мемлекеттік Орталық музейінің мәдени-білім қызметінің аса маңызды аспектілерінің бірі – өскелең ұрпақтың тәрбиесі, олардың білімі мен мәдени деңгейлерін жоғарылату. Сондықтан, мектеп пен музей арасындағы болашақтағы әріптестікті ұйымдастыруда мәдени, ғылыми-білім және ақпараттық кеңес беруші маңызды орталық ретінде қалыптасқан. Бұл ретте музей қызметкерлері педагог мамандармен білім берудің түрлері, мұғалімдермен бірлескен жұмыстар жайлы ақпараттандырып отыру бойынша да белсенді жұмыстар жүргізіп келеді.

Музей қызметкерлері жыл сайын жаңа келушілермен жұмыс істеудің инновациялық формаларын кеңейту бойынша да, ауқымды жұмыс жүргізіп отыр. Музейлік көрнекі құралдарды, электронды тұсаукесер, бейнефильмдерді және т.б. пайдалана отырып, түрлі жастағы жасөспірімдер мен студенттерге арналған әртүрлі білім беру бағдарламалары мен музей сабақтарын қатар жүргізіп келеді. Бүгінде аудиториямен жұмыс жасаудың жаңа үлгісі ретінде ең белсенді дамып келе жатқан квест ойындары ерекше танымалдылыққа ие болуда.

Музейдің педагогика секторының қызметкерлері жыл сайын жас ерекшеліктері әртүрлі мектеп оқушылары үшін қызықты ойын, викториналық сұрақтар, балалар үшін қызықты тың дүниелермен үнемі бөлісіп отырады.

Қазақстан тарихы бойынша өткізілетін квест-ойындар қазақ халқының тарихы, дәстүрі мен әдет-ғұрпы туралы тапсырмаларды орындау, алдын-ала дайындалған бірқатар сұрақтарға жауап беру, қандайда бір жәдігерді сипаттау арқылы музей экспозициясына қойылған әлдебір затты табу балалар үшін қызықты. Сондықтан аталмыш бағыттағы музей залы бойынша саяхат квест-ойыны деп атауға болады. Бұл тапсырманы музейлік-педагогика секторының мамандары белгілі бір экспозициялық зал немесе тақырыптық бөлім бойынша дайындайды. Мұндай ойындар оқушылардың үнемі логикалық ойлау жүйесі мен есте сақтау қабілетін жақсартып, музейде сақталған тарихи, мәдени жәдігерлермен танысуға деген қызығушылықтарын оятады. Мұндай саяхат квест-ойындарына тек мектеп оқушылары ғана емес сондай-ақ, үлкендер қауымы да қатыса алады. «Музей бойынша саяхат» ойынының тапсырмаларын орындау барысында балалар топпен араласу, көпшілікпен бірігу тәсілдерін де қатар үйренеді.

Музей жұмысын жандандырудың келесі бір түрі – шеберлік сабақтары.

Шеберлік сабақтар – соңғы кездері көпшілік арасында үлкен сұранысқа ие болған және музейдің мәдени-білім жұмысында білім берудің ең тиімді түрінің бірі. Мұндай сабақта жаңа әдістемені, жаңа жанрды, өнердегі тың техниканы үйренуге, авторлық бағдарламаны меңгеруге, сонымен қатар педагог-маманмен өзара тіл қатысуға мүмкіндік береді. Бұл музей педагогикасы қызметіндегі интерактивті оқытудың бір саласы өзінің ұтымдылығын теориялық негізде, жеке жұмыс пен тәжірибе жинақтаудың үйлесімінен де көрінеді.

Бүгінде музей қызметкерлері әзірлеген бірнеше мәдени-білім жобасына қысқаша тоқталып өтер болсам, ҚР Мемлекеттік орталық музейі жыл сайын мектеп оқушыларына арналған еліміздің тарихы мен мәдениетін дәріптейтін дербес жобалар мен бағдарламаларды дайындап, оны тиімді жүзеге асыруда.

Сондай-ақ үнемі оқу орындары және оқытушылармен де бірлесе жұмыс атқарып келеді. Орталық музей түрлі бағдарламаларды ұсынып, көрермендерге тарих, археология, этнография бойынша музей қорындағы бірегей коллекцияларды көрсетіп, мәдени-білім беру қызметін белсенді түрде жүзеге асыруды, осы жұмыстарды жалғастыруды қолға алып отыр. Қазірде ҚР Мемлекеттік орталық музейі қорының жәдігерлері негізінде музейлік педагогика «Байланыс және телекоммуникация құралдары» атты өз жобасын ұсынууда.

Жобаның мақсаты мен ерекшелігі – байланыс құралдары мен телекоммуникацияның дамуы туралы пайдалы да, қызықты ақпарат беріп, адамзат тарихындағы жаңалықтары мен өнертабыстары жетістігі жайлы, музей қорында жинақталған материалдық құндылықтарымен танысуға мүмкіндік беру. Аталмыш жоба музейлік коллекция мен тарихи-мәдени мұраны дәріптеудің жаңа формасы, әрі балалармен жұмыс жасаудың жаңа бағыты. Көпшілік назарына, оның ішінде атап айтар болсақ 1953 жылы шыққан бірегей Кеңестік заман стиліндегі үстел үстіне қойылатын лампалық КВН-49 теледидары. Сондай-ақ, 1940-1950 жылдары шығарылған радиоқабылдағыштар мен радиолалар. Одан басқа да, КСРО байланыс министрлігінің музей қорына өткізген 1935 жыл мен 1976 жыл аралығындағы телетайп сериясы. Көрнекті ақын, жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфулинге тиесілі 1930-шы жылдары шыққан патефон. Көпшілік назарына түскен музей қорындағы – 1928 жылы жасап шығарылған «Красная заря» атты Ленинград телефон зауытынан

шыққан ағаш телефон аппараттарын ұсынылды. ҚР МОМ музей қорының «Байланыс және телекоммуникация құралдары» тақырыбындағы жоба аясында музей қызметкерлері байланыс және телекоммуникация құралдарымен таныстырып қан қоймай, викториналық сұрақтар әзірлеп ұсынылды.

Жыл сайын музей ауқымында өткізілетін іс-шаралардың тақырыбы мен салалық бағыты бойынша 40-тан астам шеберлік сабақтарын өткізеді:

Кескіндеме және дәстүрлі қазақ қолөнері бойынша – зергерлік, киіз басу, кесте тігу, былғары, ағаш және металл т.б. өңдеу бойынша;

Музейдің реставратор мамандары да өз тарапынан музейлік іс-шаралар мен көрмелер аясында кесте тігу мен құрақ көрпе жасаудың әдістері және оның сан түрімен таныстырады. Төменде музей қызметкерлері әзірлеген мәдени жобасын назарларыңызға ұсынамыз.

Орталық музей қызметкерлері «Шебермен сырласу» атты мәдени-білім жобасы аясында, дәстүрлі қолөнер өнімдері негізінде көптеген жылдар бойы сәндік-қолданбалы өнер туындыларын және әшекей заттарды жасаушы кәсіби маман шеберлері, мәдениет және өнер қайраткерлерінің шығармашылығымен сабақтастыра отырып музейлік іс-шаралар мен көрмелерде көрермен назарына ұсынып, келешек ұрпаққа олардың дағдысы мен тәжірибесін дәріптеп келеді. Іс-шара аясында Орталық музей түрлі шеберлік-сабақтар өткізіп, онда балалар танымал сәндік-қолданбалы өнер шеберлерімен танысып, кескіндеме, скульптура, графика сияқты кескіндеме өнерінің жанрларымен, зергерлік өнер, киіз басуы, халық арасында танымал ұлттық аспаптарды жасау сияқты түрлі дәстүрлі қолөнер туындылардың түрлерімен танысуға мүмкіндігі мол.

Бүгінде елде орын алған пандемиялық жағдайға байланысты Орталық музей қызметкерлері мәдени-білім беру жұмысын офлайн форматпен қатар онлайн форматта да қатар жалғастыруда. Әсіресе, қашықтықтан оқу бағдарламасына көшкен мектеп оқушылары мен студенттер назарына онлайн форматта сирек те, кеңінен танымал әшекейлік заттардың сәндік-қолданбалы өнер шеберлерінің «Шебермен сырласу» атты танымдық шеберлік-сабақтарының циклынан да қолжетімде түрде танысады.

Негізінен музей педагогі музейде білім беру қызметін ұйымдастырушы маман болумен қатар, оның атқаратын рөлі мен қызметіндегі ағартушылық жұмыстарында музей құралдары арқылы көп салалы білім беруге басымдық бергенде оның маңызы да арта түсті. (Каулен, Коссова, Сундиева, 2010, с. 673).

Қорыта айтқанда, бүгінгі буын уақыт талабына сай ғасырлар бойы жиналған асыл мұрамызды ардақтап, ұлтымыздың игілігі үшін тынымсыз жұмыс жүргізілуі игілік үшін қызмет ете бермек. Музей жұмысының, музей педагогикасының маңыздылығы да осында. Балалар аманатын келешек ұрпаққа деректік маңызын бұзбай, жүйелі түрде айшықталған қалпында жеткізуде де, басты бағыттан жаңылмауымыз керек. Бүгінгі күн ертең-ақ тарихқа айналады. Ол тарихта жаңа заманды бастаған серпінді елдің мәдени талғамы мен парасаты да өзгелерден биік көрінуі тиіс.

Әдебиеттер

Кайназарова А.Е. Музейное дело в Казахстане – Алматы, 1979, 77 с.

Левыкина К.Г., Хербста В. Музееведение. Музеи исторического профиля: Высшая школа, – Москва, 1988. - 431 с.

Музееведение. Музей исторического профиля: Учеб. пособие: Высш. школа. – Москва, 1988. – с.18.

Музейное дело России: Под.ред. Каулен М.Е., Коссовой И.М., Сундиевой А.А. – Москва, 2010. – 673 с.

INTERACTIVE MUSEUM AND PEDAGOGICAL PROGRAMS FOR CHILDREN (From the experience of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan)

The article deals with the cultural and educational programs of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan and the contents of the project "I am and the World Museum" project, as well as the social significance of the museum in the upbringing of generations. As well as the ability to demonstrate the rationality and importance of interactive learning in the activities of museum pedagogy. Today, due to the pandemic situation in the country, the staff of the Central Museum continues its cultural and educational work both offline and online. In particular, students who have switched to distance learning will be able to get acquainted with both rare and popular decorative items in an online format from a series of educational master classes of masters of decorative and Applied Arts. Museum pedagogy-within the framework of its activities, it organizes educational classes, various thematic circles, consolidates school knowledge in the minds of children.

ҚР МОМ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРЫ

Соңғы уақытта тарихи-мәдени мұраны сақтауға және болашақ ұрпаққа үлгі-өнеге тұрғысында ұсынуға байланысты негізгі функцияларды, өзінің әлеуметтік миссиясын орындай келе маңызды мәдени-білім беру және ашық қоғамдық институтқа айналған музейдың рөлі айтарлықтай өзгерді. Бүгінгі таңда музей тарихи және көркемдік құндылығы бар музей артефактілері мен жәдігерлерін толықтырып, сақтап қана қоймай, сонымен қатар әлеуметтік маңызды оқиғалардың белсенді нысанына, мектеп жасына дейінгі балалардан бастап аға буын тұлғаларға дейінгі түрлі санаттағы адамдардың жылы шырайлы кездесуі мен диалогына айналды.

ҚР Мемлекеттік орталық музейі өз ресурстарын – (коллекцияларын, технологияларын) аудиториямен өзара әрекеттесудің түрлі нысандары мен тәсілдерін пайдалана отырып, өскелең ұрпақ арасында еліміздің тарихи мұрасын танымал ету ісіне мол үлес қосуда. ҚР Орталық музейі өзінің тақырыптық мазмұны жағынан бірегей тарихи кезеңдер мен оқиғаларды қамти отырып, Қазақстанның ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі тарихы мен мәдениетін көрсетеді. Музей әркімге тарихпен, археологиямен, этнографиямен жанасуға, танымдық, шығармашылық тұрғыдағы мұражай қызметіне қатысу арқылы жеке тұлға ретінде ашылуға, квест, экскурсия, көрме, фестиваль, және арт-алаңдардың, оның ішінде әлеуметтік қайырымдылық акцияларының қатысушысы болуға тең мүмкіндіктер беріледі.

Әлеуметтік қайырымдылық жобалар - музейдің келушілермен өзара іс-қимылының және ел мұрасы мен мәдени дәстүрлерді дәріптеудің бір түрі, музейдің түрлі қоғамдық құрылымдармен ынтымақтастық салаларының бірі. ҚР Орталық музейі 2003 жылы мүмкіндігі шектеулі балаларды (түрлі аурулармен), қаланың әлеуметтік мекемелері – балаларды оңалту орталықтарының, балалар үйлері мен мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілерін қолдау мақсатында қайырымдылық іс-шараларын өткізу дәстүрінің бастамашысы болды. 2003-2020 жж. музей балалар шығармашылығының көрмелерін, концерттерді, музей сабақтарын, экскурсияларды, аукциондарды, мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесулерді біріктіретін түрлі сипаттағы 60-тан астам қайырымдылық акциясын өткізді. Әрбір іс-шара қосымша акциялармен, арт-терапиямен, балаларға арналған мастер-класстармен сүйемелденеді, онда олар суретшілермен және сәндік-қолданбалы өнер шеберлерімен бірлесіп заттарды зерттейді, өздерінің шедеврлерін жасайды, және өздерін суретші, дәстүрлі қолөнер шебері ролінде сынап көреді.

Музей қабырғасында 2000-нан астам бала болды, олар үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Әрбір акция – бұл ең алдымен тәжірибе: балалармен қарым-қатынас тәжірибесі, шығармашылық жұмысты ұйымдастыру және партнерлер мен демеушілердің ынтымақтастық тәжірибесі. Музейдің дәстүрлі акциялары - Халықаралық балаларды қорғау күніне, Мүгедектер күніне, жетім балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жаңа жылдық шыршалар болып табылады, олар «Ана мен баланы қоғау «Алтын Көл» Қайырымдылық қорының есебінде тұрған балалар және «Қайырымдылық Істер Өлкесі» ҚҚ ынтымақтастықта іске асырылады.

Осы санаттағы балалардың мұражай іс-шараларына қатысуы оларға сұранысқа ие болуға және ортақ мәдени дәстүрлерге, отандық тарихқа қатыстылығын сезінуге, сонымен қатар өздерін көрсетуге және өзінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді.

Жыл сайын қайырымдылық іс-шаралары шеңберінде балаларға арналған тақырыптық бағдарламалар олардың жасын, қоршаған әлемді қабылдаудың физиологиялық және психологиялық ерекшеліктерін, оқиғаларды ескере отырып әзірленеді. Бағдарламалар, ең алдымен, баланың әлеуметтік бейімделуіне және олардың шығармашылық дамуына бағытталған. Мұражайда балаларды түрлі музыкалық стильдермен және аспаптармен, қобызды, домбыраны орындаудағы дәстүрлі бағыттармен таныстыратын концерттер өтеді. Бағдарламалар танымдық сипатқа ие, балаларды мұражай әлемімен, оның жұмысымен, ерекше коллекцияларымен таныстырады. Кішкентай балалар үшін интерактивті ойын бағдарламалары үлкен қызығушылық тудырады, онда тапқырлық танытуға, өз білімдерін көрсетуге, тарихи тақырыптағы конкурстар мен викториналарға қатысуға болады.

ҚР Орталық музейі жыл сайын Мүгедектер күніне арнап өткізетін «Бақытыма сенемін» қайырымдылық акциясы аясында сурет көрмелерінде балалар өз шығармашылықтарын толық

көрсетеді және түрлі техникалар мен жанрларда орындалған: кескіндеме, графика, ағаш ою, мүсіндеу, кестелеу, аппликациялар және т.б. өздерінің әр түрлі математикалық жұмыстарын ұсынады және бұл кемелдікке шек жоқ екенін тағы да дәлелдейді «Мүмкіндіктер – шектеулі, қабілеттер – шексіз».

Емдеу мен оналтудағы балаларға, ең алдымен, Мемлекет, білім беру институты, акцияларды ұйымдастырушылар тарапынан психологиялық, моральдық қолдау қажет екенін түсіну маңызды. Қайырымдылық іс-шаралары балалар мен аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек көрсетуге бағытталған, сондықтан музей өмірге қажетті сыйлық өнімдерін (заттар мен азық-түлік және т.б.) ұсына отырып, балаларға көмектесуге және қолдауға дайын серіктестер мен демеушілерді ынтымақтастыққа белсенді түрде тартады. Әлеуметтік жобаларды іске асыру қаржы ресурстарының болуын талап ететіні сөзсіз. ҚР Орталық музейі 2003 жылдан бері белгілі бір тұрақты серіктестер және демеушілер тобымен бірлесе жұмыс істеп, маңызды әлеуметтік жобаларды іске асыруда, олардың қатарында «Бостан», «Алатау – Құс», «ZUGO HOME TEXTILE», «Lemonadoff Food» ЖШС, «Мейірім» ОБФ, «AMIRAN», «Ақсай-Нан» компаниялары бар.

Музейдің қайырымдылық дәстүрі және әлеуметтік серіктестігі – бұл әртүрлі типтегі және бейіндегі ұйымдар мен мекемелерді (музей, коммерциялық құрылымдар, еріктілер, оқу орындары), барлық адамдарды әлеуметтік миссияны орындауға, көмектесуге және игі іс жасауға талпындыратын ұйым.

ҚР ОММ әлеуметтік қайырымдылық жобаларын жарнамалық көздер – әлеуметтік желілер, фейсбук, инстаграм, ютуб платформасын пайдалана отырып, онлайн-бағдарламалар арқылы ілгерілетеді.

2020 жылы орталық музей санитарлық-эпидемиологиялық жағдайға қарамастан Медеу ауданындағы 35 мүмкіндігі шектеулі балаға арналған «Музей сенімен бірге» көшпелі қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Акция аясында музей қызметкерлері мен демеушілер балаларға сыйлық жиынтықтарын (үйге барып) табыс етті.

ҚР МОМ мәдени-білім беру қызметінде Ұлы Отан соғысы ардагерлерін құрметтеуге арналған іс-шараларға ерекше орын беріледі. Жыл сайын біздің арамызда адамзат бастан кешкен барлық соғыстардың ең ауыры және қатыгездігі туралы айта алатын ҰОС ардагерлерінің саны азайып келеді. Қаза болғандарды еске алу қасиетті және бұл іс-шара патриотизмнің ұлы сезімін тәрбиелейді. ҰОС ардагерлерімен кездесу өскелең ұрпаққа еліміздің тарихи өткенімен танысуға мүмкіндік береді, Отанға деген сүйіспеншілік пен ардагерлерге деген ризашылық пен құрмет сезімдерін тәрбиелейді.

Орталық музей 2014 жылдан бастап Алматы қаласының ардагерлер кеңесінде есепте тұрған ҰОС ардагерлері мен еңбек майданының қатысушыларын қолдау мақсатында тағы бір әлеуметтік маңызы бар «Память в наших сердцах»/«Халық жүрегіндегі жауынгерлер» қайырымдылық жобасын іске асыруда. Аталған іс-шара аясында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады: соғыс жылдарындағы әндерді орындайтын Қазақстанның халық әртістерінің қатысуымен концерт, тақырыптық экскурсиялар, сондай-ақ ардагерлерге сыйлықтар тапсыру.

Риясыз көмек идеясы бүгінде жаңа мағынаға ие. Бүгінгі қоғам қайраткерлері демеуші, қоғамдық қор жетекшілері, суретші, өнертанушы, мәдениеттанушы, ғалым, еріктілер ретінде түрлі әлеуметтік, шығармашылық белсенділікті танытары қуантады. Қазіргі қоғамның дамуына қозғау салу мақсатындағы мейірімділік шаралары да әлеуметтік жобалар арқылы көрініс беруде. Қайырымдылық жобаларын іске асыруда волонтерлік қозғалысты жандандыру және волонтерлердің мұражай саласына қатысуы, музей саласындағы волонтерлік мәртебесін нығайту да өзекті мәселе. Осы сынды іргелі қозғалыстар ынтымақтастық пен қайырымдылық шекарасын кеңейтуге де мүмкіндік бермек.

Әдебиеттер

- Барри Лорд, Гэйл Лорд. Менеджмент в музейном деле. -М., 2002 г. -256 с.
Столяров Б.А. Музей и модернизация отечественного образования // Музейная педагогика в школе. Вып.3 Спб., 2002. -228 с.
Юхневич М.Ю. Детский музей: прошлое и настоящее // Культурно-образовательная деятельность музеев, сбор, трудов. -М., 1997, -120 с.

SOCIAL PROGETCS OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF KAZAKHSTAN

The article is sanctified to realization of eleemosynary events from experience of the Central museum of Kazakhstan. In the article are illuminated social meaningfulness of eleemosynary projects and feature of work with visitors. Social projects are the form of cultural and educational work of museum. Holding charity events of the Central Museum is a traditional form of work of the museum for the purpose of material and moral support of various categories of the population. Central State museum every year actively supports children and veterans of Great Patriotic war, conducts for them different actions - concerts, meeting, excursions. The participants of actions meet in a museum with history and culture of country, collections, work of museum. Every social project includes conception, program, partners. Realization of social projects requires financial resources or support from sponsors. The museum cooperates with public foundations, artists, business structures, private companies, musical ensembles and collectives, and jointly implements socially significant projects. An important value has participating of volunteers in social actions.

Б. Дандығараева

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

dandygaraveva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІНЕ КЕЛУШІЛЕРГЕ ӘСЕР ЕТКЕН ФАКТОРЛАР НЕМЕСЕ ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙ КЕЛУШІЛЕРДІ ҚАЛАЙ ТАРТАДЫ

Кез келген музейдің рейтингі мен оның танымдық һәм эстетикалық тартымдылығы көп ретте келушілердің саны мен деңгейі арқылы анықталады. Яғни аталмыш көрсеткіштер, сайып келгенде, музей қызметінің тиімділігін бағалау критерийі болып табылады.

Музейге келушілер саны ішкі және сыртқы бірнеше факторға, атап айтқанда, ғылым, білім және мәдениет саласындағы даму бағдарламалары, музей ісі саласы бойынша болашақ мамандарды дайындау жүйесі, педагогтардың өзара әріптестік және шығармашылық ынтымақтасық орнатуға дайындығы, мәдени-білім беру және көрме қызметін жоспарлау мен ұйымдастыру, музейлердің ағартушылық, консультативтік қызметі, келушілерді ақпараттандыру және қызмет көрсету, музейлік білім беруге ақпараттық технологияларды енгізу, ғылыми-баспа жұмысын дамыту, музейдің қоғаммен байланысы және ақпараттық-жарнамалық жұмыс, қарым-қатынас тиімділігі, музейдің әлеуметтік статусы мен имиджін қалыптастыру және т.б. факторларға байланысты. Сонымен бірге музей қызметі алғашқы кезекте адамдардың әртүрлі әлеуметтік категорияларымен жұмыс жасауға бағытталғандығын ерекше атап өткен жөн (Музейное дело России, 2010, с. 56).

Музейге келушілердің санын арттырудың алғашқы факторы – музейдің мәдени-білім беру және көрмелік қызметін белсендіру. Қазіргі таңда Орталық музей келушілермен жұмыс жасауда дәстүрлі және инновациялық деп аталатын сан алуан әдістер мен жұмыс түрлерін (50-ден аса) пайдаланады. Олар көрмелер, фестивальдар, жәрмеңкелер, музейлік мерекелер, экскурсиялар, таныстырылымдар, шығармашылық кездесулер, концерттер, музейлік сабақтар мен квест-ойындар, дәрістер, шеберлік сабақтар және т.б.

Келушілерді тартудың маңызды бағыттарының бірі – келушілермен жүргізілетін мәдени-білім беру жұмыстарының түрлерін көбейту болып табылады.

1. Орталық музей оқу орындары үшін музей экспозициясы бойынша Қазақстанның тарихы және мәдениетімен кезең-кезеңімен таныстыратын тақырыптық білім беру бағдарламаларын әзірлейді. Атап айтқанда, музей залдары бойынша квест ойын-саяхаттар, театрландырылған тақырыптық экскурсиялар, көрмелер аясында балаларға қосымша білім алуға, музейлік заттарды өздігінше зерттеуге арналған тапсырмаларды орындауға бағытталған интерактивті білім беру бағдарламаларын өткізеді.

2. Жалпы білім беретін мекемелердің оқушыларына арналған музейлік сабақтар. ҚР Мемлекеттік орталық музейі Алматы қаласы Білім басқармасының Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығымен ынтымақтасып (келісімшарт негізінде) музейдің тұрақты экспозициялары және уақытша көрмелер базасында тарих, палеонтология және археология, этнография салалары бойынша музейлік сабақтар өткізеді. Қалалық әкімшілікпен бірлескен жұмыс нәтижесінде Алматы қаласының 190 мектебімен тұрақты байланыс орнатылып, музей шараларына тартылды.

3. Орталық музей түрлі ұйымдармен бірлесіп дәстүрлі мәдениет пен өнер фестивальдарын өткізеді. Онда Қазақстанда тұратын этностар әлем елдерінің мәдениеті мен салт-дәстүрлерінен фольклорлық таныстырылымдар мен көріністер көрсетеді. Осыған байланысты, мәселен, музей қабырғасында ұйымдастырылып өткізілген «Наурыз нақыштары», «Жапон мәдениетінің күні» фестивалі, «Иранның мәдениеті мен өнері» т.б. шараларды ерекше атап өтуге болады.

4. Музей көркемөнер және бейнелеу өнері студиялары, сондай-ақ, білім беру орталықтарымен ынтымақтасып Арт-жобаларды жүзеге асырады. Мұнда балалар музей қабырғасында өз шығармаларын жасаудан шеберлік сабақтар көрсетіп, балалар шығармашылығының көрмесі ұйымдастырылады.

5. Әдеби-музыкалық шаралар, мұнда дәрістер, ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесу, концерттер ұйымдастырылады.

6. Алматы қаласының колледждері мен жоғарғы оқу орындарының студенттерін тарту. Орталық музей жоғарғы оқу орны студенттерін музей қабырғасындағы мәдени шаралар мен жобаларға тұрақты қатыстырып отырады. Атап айтқанда,

– волонтер (ерікті) ретінде студенттердің түрлі концерттер ұйымдастыруы («Музей түні» жобасы, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық акциялары, Жеңіс күніне арналған «Ел есінде» жобасы), мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс және т.б;

– музейлік іс-тәжірибе, мұнда студенттер музей ісінің негізгі бағыттары – музейлік заттарды жинақтау, сақтау және зерттеу, музейлік заттарды консервациялау және қалпына келтіру, музейдің мәдени-білім беру, көрме және ғылыми-зерттеу жұмыстарымен танысады;

– студенттер өздерінің авторлық және шығармашылық жұмыстарын насихаттайтын тақырыптық жобалар, көрме-конкурстарға белсенді араласады. Мәселен, Жастар жылына арнап «Музей түні – 2019» жобасы аясында ұйымдастырылған «Біз – Қазақстанның болашағымыз» жобасын ерекше атап өтуге болады;

– Алматы қаласының колледждері музей іс-шаралары аясында қазақтың дәстүрлі қолөнерінің түрлері бойынша шеберлік сабақтар өткізіп тұрады.

Мәдени-білім беру жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру. Келушілер арасында мәдени-білім беру жобаларының ерекше қызықтыратындары олардың кешенді немесе интегралды түрлері. Өйткені мұнда аудиториямен жұмыс жасауда музей жұмысының түрлі бағыттары бірден қамтылады. Аталмыш мәдени-білім беру жобаларына Орталық музей дәстүрлі түрде 2006 жылдан бастап ұйымдастырып өткізетін «Музей түні», 2010 жылдан бастап ұйымдастырылатын «Наурыз нақыштары», «Отбасымен музейге» және басқа да ірі жобалар музей қызметін және еліміздің тарихи-мәдени мұрасын насихаттап қана қоймай, музейге келушілер санын, сонымен қатар ынтымақтастықта жұмыс атқаратын серіктестер тартуға мүмкіндік беріп отыр. Осыған байланысты Орталық музей жыл сайын музей мамандары әзірлеген бағдарламалар негізінде түрлі категориядағы келушілер үшін 80-нен аса сан алуан шаралар ұйымдастырады.

Музейдің халықаралық байланысын дамыту және отандық және шетелдік тарих пен мәдениетті насихаттауға бағытталған халықаралық бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру. Жыл сайын Орталық музей түрлі мазмұндағы 40-тан аса көрме ұйымдастырады, оның 10-15-і – халықаралық жылжымалы көрмелер. Бұл бағытты дамыту үшін Орталық музей Қазақстан Республикасындағы ҚХР, Жапония, Корея, Египет, Ауғанстан, Германия, Польша, Венгрия, Швеция, Иран және т.б. елшіліктері мен консулдықтарымен белсенді түрде ынтымақтастықта жұмыс жасады. Нәтижесінде әлем елдерінің тарихы, мәдениеті мен өнердің түрлі аспектілеріне арналған халықаралық көрмелер келушілер санын арттыруға үлкен серпін берді.

Маркетингтік бағдарламаларды жүзеге асыру мен әлеуметтік зерттеулердің тиімділігі. Қазіргі таңда әлеуметтік зерттеулер музейдің мәдени-білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың, сондай-ақ «музейге келушілер санын қалай арттыру керек, музейге келушілерді тарту үшін не істеу керек» деген сұрақтарға жауап беретін нақты әлеуметтік мәселенің шешімін табудың маңызды құралы болып отыр. Музейде жүргізілген сауалнамаларды зерделеу, келушілер қалдырған пікірлер кітабы және әлеуметтік зерттеулер арқылы музей жұмысының сапасын арттыруға, келушілердің талабын қанағаттандыруға, сонымен қатар музейдің әрі қарай дамуын жоспарлауға болады. Бұл тұрғыда Орталық музей маркетингтік зерттеулер, атап айтқанда, белгілі бір уақыт аралығында (жарты жылдық, тоқсан сайын, жылдық) түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің музейге келу динамикасына талдау жасап отырады.

Музейге келушілердің санын арттыру үшін жүргізілетін Орталық музей қызметін белсенді түрде ақпараттық жарнамалау. Музей өз іс-шаралары мен көрмелері туралы келушілерді ақпараттандыру үшін түрлі типографиялық және кәдесый өнімдерін әзірлеп, музей

туралы БАҚ жарияланымдар, мерзімді баспасөз (газет, журнал) беттеріне ақпарат беріп, радио және теледидар арқылы хабарлап, ақпараттық тақталарды пайдаланады. Музейге келушілер тартудың тағы бір құралы радио, телебағдарламалар арқылы музейдің таныстырылымдарын жасау, сонымен қатар PR-жұмыстар – акциялар өткізу, музей қызметін насихаттайтын мақалалар жазу, Әкімшілікпен бірлескен брифингтер, баспасөз конференциялары, репортаждар жасау болып табылады. Қазіргі таңда музей интернет жүйесінде, әлеуметтік блоктарда, ақпараттық порталдар мен веб-сайтта, фейсбук, инстаграмм сияқты әлеуметтік желілерде кеңінен танымал. Музейдің баспасөз қызметінің жүйелі түрде жүргізген жұмысы арқылы музей жаңалықтары түрлі байланыс құралдары негізінде жарияланып отырады (Музееведение, 1989, с. 20).

Орталық музейдің тарихи-мәдени мұраны насихаттау және келушілер санын арттыру барысындағы жұмысында төмендегі маңызды бағыттар қамтылған:

– музейдің ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі ретіндегі полиграфиялық баспа өнімдері: ғылыми еңбектер, каталогтар, монографиялар, энциклопедиялар дайындап, жариялау; бағдар кітапша, буклет, проспект, альбом, жарнамалық парақшалар мен брошюралар сияқты ақпараттық-жарнамалық материалдар;

– музейдің кәдесый өнімдерін (ашықхат, күнтізбе, музей логотипі қойылған қалам, блокнот, пакет және т.б.) жасау және тарату.

Музейдің серіктестік аймағын кеңейту. Осы ретте, мәселен, туристік агенттіктермен жұмыс жасау арқылы туристік топтарды музейге шақыру сияқты ауқымды іс-шараны айтуға болады. Бұл орайда, Орталық музей Қазақстандық Туризм Ассоциациясы мен қаланың туристік компанияларымен әріптестік қарым-қатынас орнатқан. Жыл сайын музейді алыс-жақын шет елдерден келген туристер тамашалайды. Сонымен қатар жергілікті туризм саласының өзгеруі мен заманауи тенденцияларды қарастыруға болады. Бұл орайда Қазақстан Республикасына туристер тарту туралы мемлекеттік жобалар әзірлеп, жүзеге асыру және олардың бағдарламасына еліміздің музейлерін аралау туралы қосу қажет.

Музей саласының мамандарын дайындау. Бұл тұрғыда музей педагогтары, социологтары мен маркетингшілерін даярлаудың маңызы зор. Сонымен қатар халықаралық дәрежеде музейтанушылардың кәсіби білімі мен біліктілігін көтеру туралы жобалар мен мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру қажет.

Музей жұмысының даму бағыттары төмендегідей:

1. Қазіргі таңда ақпараттық, телекоммуникациялық және мультимедиялық технологиялардың рөлінің артуына байланысты музейлік білім беруде мультимедиялық құралдар – оқушыларға қосымша білім беретін және олардың зияткерлік қабілетін одан әрі дамытуға септесетін музейдің тұрақты экспозициясы мен көрмелері базасында дайындалған мультимедиялық интерактивті тақырыптық бағдарламалар өзекті болып отыр. Мысал ретінде Қазақстан тарихы бойынша компьютерлік ойындар сериясын жандандыру һәм жетілдіре түсу қажеттілігін ерекше екшеп айтуға болады.

2. Айтылған қисын тұрғысынан шығармашылық зертханалар, балалар шеберханасы, балаларға білім беру орталығын құру мәселесінің де айрықша өзектілігін атап өткен жөн. Өйткені мұндайда балалар зерттеуші рөліне еніп, музейлік заттарды зерттеп, тәжірибе жасап машықтанады.

3. Халықаралық мәдени-білім беру, көрме жобалары және бағдарламаларды жүзеге асыру (музейде ұйымдастырылып, келушілерді тартатын халықаралық дәрежедегі іс-шаралар циклі).

Сонымен Орталық музейге келушілерді жоғарыда аталған түрлі әдістер мен құралдар арқылы ынталандыруға тырысады. Жоғарыда айтылғандай, келушілер санының мүмкіндігінше арттырып отыру, түптеп келгенде, музейдің қызметін барлық бағыттар, атап айтқанда, ғылыми-зерттеу, ғылыми-қор жұмысы, мәдени-білім беру, көрме жұмысы секілді қоғам мен музейдің өзара тиімді қарым-қатынасын қалыптастыратын, білім беру бағдарламалары мен коммуникативтік міндеттерін тиімді шешетін қызметтерін табысты жүргізіп отырғанына тікелей байланысты.

Әдебиеттер

Музейное дело России. – М., 2010. – 676 с.

Музееведение: Проблемы культурной коммуникации в музейной деятельности. – М., 1989.

FACTORS OF BRINGING IN OF VISITORS IN MUSEUM (FROM EXPERIENCE OF CENTRAL STATE MUSEUM OF KAZAKHSTAN)

The main factors influencing the expansion of the scope of the museum audience of employees of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan will be discussed in the presented report. These include various exhibitions, festivals, fairs, museum holidays, thematic excursions, creative meetings, concerts, museum classes, including master classes, lectures. In order to implement these events, it is also important to ensure the support of the museum's long-standing sponsors. The use of modern information technologies also plays a special role in this regard. Such type of events as "Museum Night", "Nauryz", "To Museum with a family" and so on launched from 2006. Now every year the total number of the above-mentioned events has exceeded 80. That is, the effective implementation of the above-mentioned measures made it possible to increase the number of visitors to the Central Museum.

"One of the fundamental factors affecting the increase in the number of museum visitors is sociological research, which answers the questions: "how to increase the number of museum visitors, what things should be done to increase the cognitive and aesthetic appeal of museum events". In this regard, the report analyzes these issues based on the experience of the Central Museum for many years.

Г. Стамкулова

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

gulmira.stamkulova97@mail.ru

ҚР МОМ АРХЕОЛОГИЯ ҚОРЫНДАҒЫ АРЫС МӘДЕНИЕТІ КОЛЛЕКЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНАН ҮЗІНДІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің (әрі қарай – ҚР МОМ) қалыптасуы барысында жиналған бай коллекцияның басым бөлігі ерте темір дәуіріне жатады. Бұл материалдар әр жылдары археологиялық зерттеулер барысында Қазақстанның ескерткіштерінен табылған, олар әлемдік тарихтың маңызды оқиғасы болып саналатын – көшпелі өркениет дәуірінің: сақтар, савроматтар мен сарматтардың, сондай ақ үйсіндер мен ғұндардың ежелгі мәдени қауымдастықтарының қалыптасу үрдісін мейлінше толық айғақтайды. Ертедегі темір дәуірі кезеңіндегі шаруашылықта көшпелі және отырықшы тіршіліктер үдерісі қатар дамыды. Оңтүстік Қазақстан сақтары тұрмысында егіншіліктің жолға қойылғандығын тұрақты қоныстар, суландыру жүйесі (Шірікбад, Жетіасар, Қаңлы, Арыс, Отырар-Қаратау, Қауыншы) дәстүрлердің бәрі ежелгі қаңлы мәдениеті деп аталатын бірегей тарихи-мәдени «шенберге» жатады. Бізге белгілі, Қазақстанның қаңлылар мәдениетін алғашында т.ғ.к. Н.П. Подушкин, кейіннен профессор А.Н. Подушкин басқарған археологиялық экспедициялар Арыс өзені алабындағы молалар мен қоныстарда барлау-зерттеу-қазба жұмыстарын жүргізді, солай б.з.д. IV ғ. – б.з. VI ғ. мерзімделетін материалдар коллекциясы пайда болады. 2000 жылдан бастап археолог профессор А.Н. Подушкин бұл коллекцияны сақтау мақсатында ҚР МОМ-ның археология қорына өткізе бастады.

2001-2020 жылдар аралығында археолог, профессор А.Н. Подушкин ҚР МОМ-ның археология қорына 902 дана артефакт; оның 697 сақтам бірлік негізгі ғылыми қорға және 205 сақтам бірлік ғылыми қосымша қорға өткізді. Аталмыш коллекция құрамына бірегей, бедерлі қыш ыдыстар, майда пластика, әр түрлі әшекей бұйымдар, қару-жарақ, ат әбзелдері, зооморфтық және антропоморфтық мүсіншелер, тұрмыстық заттар мен ғұрыптық бұйымдар, ерекше екшеп айтар нәрсе, тың жазба деректер кіреді.

2011 жылдан бастап ҚР МОМ-ның Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының жетекшісі, профессор А.Н. Подушкинмен бірлесіп Арыс өзені алабындағы археологиялық ескерткіштерде кешенді ғылыми-зерттеу, барлау, қазба жұмыстарын жүргізеді, солай етіп б.з.д. IV ғ. – б.з. VI ғ. мерзімделетін материалдардың бай коллекциясы пайда болды.

2000 жылдардың басында профессор А.Н. Подушкин археологиялық деректер бойынша Қазақстанның қола және ерте темір дәуірінде өмір сүрген көшпелі тұрғындардың киімдерін, қару-жарақтарын қайта жаңарту бойынша қайта қалпына келтіру реконструкциялық жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде "қола дәуіріндегі (б.з.д. II мың.) Андронов мәдениеті әйелінің киімдерін қайта жаңарту" (К. А. Ақышевпен бірлесіп); "б.з.д. II ғ. – б.з.д. IV ғ. Қаңлы мемлекеті әйелінің киімі мен әшекейлері» қайта жаңарту (авторлық жоба); "Ғұн (сюнну) бекзадасының киімі мен қару

жарағы". (б.з.д. I ғ. - б.з.д. III ғ.) (авторлық жоба). Аталмыш жаңғыртпалар қазіргі күнде ҚР MOM экспозициясынан орын алған.

2005-2007 жылдары «Мәдени мұра» стратегиялық ұлттық жобасы аясында дайындалған «Қазақстанның ежелгі көшпелілер мәдениеті» археологиялық коллекция атты ғылыми басылымның «Оңтүстік Қазақстан және Арал маңы сақтарының мәдениеті» атты бөлімін дайындауға қатысты.

2008-2009 жылдар аралығында ҚР MOM "Мәдени мұра" ұлттық жобасы аясында "Оңтүстік Қазақстандағы археологиялық және жазба ескерткіштер (б.з.д. II – I ғғ. - б.з.д. IV ғғ.)» атты бағдарламасын жүзеге асырды. Зерттеу тақырыбы аталмыш текшелердегі тың жазба деректерді аудару және оның ғылыми мәнін анықтау. Бүгінгі күнде Күлтөбе қалашығынан табылған көне жазуы бар қыш текше бірегей эпиграфикалық артефакт болып есептеледі. Аталмыш күлтөбелік жазу – шығыстық көне иран (соғды) тілінің диалекттерінің бірі - арамей эпиграфиясымен жазылған әзірге ғылымға белгілілердің ішіндегі ең ертедегісі болып отыр. Зерттеушілердің пікірінше, күлтөбелік жазу б.з. II – III ғасырлар басымен мерзімделеді, демек ол «Ескі соғды жазуынан» (б.з. 313 – 314 жж.) бұрын пайда болған. Сонымен бірге, бір айта кететін жайт, жоғарыдағы аталған кезеңде осындай түрде (қыш текшедегі жазба) орындалған жазуға ұқсас нұсқасы Орталық Азия мен Қазақстанда ұшыраспайды (Подушкин, 2000, с. 49-50).

2010 жылы археология орталығының БҒҚ т.ғ.д. А.Н. Подушкиннің басшылығымен ҚР MOM археологиялық экспедициясы Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы аймағындағы археологиялық ескерткіштер тобында кешенді ғылыми-зерттеу, іздестіру, барлау, қайта құру және далалық қазба жұмыстарын жүзеге асырды: Күлтөбе қалашығының (б.з.д. III ғ.) рабад бөлігінде, Қылышжар қорымынан б. з. д. III ғ. – б.з. IV ғ. №9,10 қорғандар; Күлтөбе қорымынан (б.з.д. II ғ. – б.з. IV ғ.) №28-29 қорғандарда қазба жұмыстары жүргізілді.

Табылған заттар: ғұрыптық бұйым, темір семсер, күрделі құрамалы садақтың орта тұсын әсемдейтін сүйектен жасалған жақтау, темірден соғылған пышақ және жебе ұштары, аспалы қайрақ тас, және темірден соғылған тоғалар. Тоғалардың көпшілігінде қалың және жұқалап тоқылған маталардың орындары сақталған.

Қылышжар қорымы № 9-10 қорғандағы катакомбалық жерлеу орнынан табылған материалдар біріккен сармат тайпаларының (б.з.д. IV ғ. соңы, III ғ. басы) этникалық атрибутикасына ұқсас. Осы жылы Күлтөбе қалашығынан тағы да (13 ші) жазуы бар қыш текше табылды. Музейдің археология қорына тіркелген заттар – барлығы 38 с.б, соның 18 с.б негізгі ғылыми, 20 с.б. қосымша ғылыми қорға қабылданды. (АКТ №9 8.04.2010).

2011 жылы археологиялық экспедиция Күлтөбе қалашығында (б.з.д. III ғ.), Қылышжар қорымынан б. з. д. III ғ. – б.з. IV ғ. №11,12 қорғандардың оңтүстік тобына қазба жұмыстары жүргізілді.

Табылған заттар: Күлтөбе қалашығынан (14 ші) жазуы бар қыш текшенің фрагменті табылды. Қыш текшенің үстіңгі бетіне 18 белгіден тұратын төрт қатар мәтін түсірілген.

Музей қорына 63 с.б. қосымша ғылыми, 3 с.б. негізгі ғылыми қорларына қабылданды. (АКТ №15 30.03.2011)

2012 жылы Күлтөбе қалашығында және Қылышжар қорымындағы № 7,8 қорғандарға қазба жұмыстары жүргізілді. №7,8 қорғандары Қылышжар қорымының оңтүстік тобындағы жерлеу орындар.

Табылған заттар: ас үйге арналған қыш ыдыстар, тұрмыстық заттар – темірден соғылған пышақтар және тоғалар, ойын үшін жасалған сүйектен жасалған бұйымдар.

Музей қорына 48 с.б. негізгі ғылыми, 12 с.б. қосымша ғылыми қорға қабылданды.

2013 жылы Күлтөбе қалашығының рабад бөлігінің оңтүстік-батыс бағытында және Қылышжар қорымының (қорғандардың ортаңғы тобы) № 13,14, және 15 үйіндісі, Күлтөбе қорымының (қорғандардың шығыс тобындағы) №1,2 үйіндісінде қазба жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында рабадтың батыс бөлігінде (15 ші) жазуы бар қыш текшенің фрагменті табылды. (АКТ №31 19.08.2013).

Музей қорына 29 с.б. негізгі ғылыми, 3 с.б. көмекші ғылыми қорға қабылданды.

2014 жылы экспедиция археологиялық зерттеу жұмыстарын Күлтөбе қалашығы, Күлтөбе қорымының шығыс тобындағы 3-5 үйінділерде жүргізді.

Музей қорына 31 с.б. негізгі қорға, 17 с.б. ғылыми көмекші қорға, жалпы 48 с.б. қабылданды. (АКТ №17 10.06.2014).

2015 жылы Күлтөбе қорымында (шығыс тобындағы №7-9 қорғандар) жұмыстар жүргізді. Сармат, ғұн және қаңлы тайпаларының шеңберіне жататын археологиялық аспектіде толыққанды әрі салмақты жерлеу кешендері ашылды, бұл б.з.д. I ғ. - б.з. I ғ дейінгі аймақтағы этномәдени жағдай

туралы біздің түсінігімізді айтарлықтай кеңейтті және осы ауданда зерттелген ескерткіштер ауқымын ұлғайтты.

Табылған заттар: ас үйге арналған қыш ыдыстар, тұрмыстық заттар – темірден соғылған пышақтар және тоғалар, ойын үшін сүйектен жасалған бұйымдар, ғұрыптық бұйым, темірден соғылған семсер, күрделі құрамалы садақтың орта тұсын әсемдейтін сүйектен жасалған жақтау, сырға, ұршықтас.

2015 жылы археология қорына 7 с.б. негізгі қорға, 8 с.б. ғылыми көмекші қорға, барлығы 15 с.б. қабылданды. (АКТ № 35 14.12.2015).

2016 жылы Мыңтөбе қорымы, Күлтөбе қалашығы және Бөген су қоймасы аймағындағы археологиялық нысандарда зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында Арыс мәдениетінің жерлеу ескерткіштерінен, соның ішінде Күлтөбе 2 қорымынан жаңа материалдар алынды. Бөген су қоймасындағы су басқан аймақтан бір неше ескерткіштер зерттелді. Ескерткіштер сармат және қаңлы тайпаларына тиесілі жерлеу орындары болды.

2016 жылы археологиялық қазба жұмыстары соңында музейдің археология қорына 104 с.б. негізгі қорға 6 с.б. ғылыми көмекші қорға, барлығы 110 с.б. қабылданды.

2017 жылы Күлтөбе қалашығы рабад бөлігінің (оңтүстік-батыс бөлігі), Қылышжар қорымында (қорғандардың оңтүстік батыс тобындағы №1,2 үйінділер) археологиялық зерттеулер жүргізілді. Күлтөбе қалашығынан тастан жасалған еңбек құралдары, аспалы қайрақ тас, қыш ыдыстың сыртын тегістеу құралдары табылды. Ең құндысы (17 ші) жазуы бар қыш текшенің фрагменті. Қыш текшенің үстіңгі 10 белгіден тұратын төрт қатар мәтін түсірілген. Екіншісі нумизматикалық материал, яғни тиын Кушан империясының негізін қалаушы Вима Кадфистің ұлы Вима Такто бейнеленген, ол б.з. I ғасырда билік жүргізді. Айта кету керек, барлық заттар бір мәдени қабаттан табылды. Қылышжар қорымынан функциясы әртүрлі қыш ыдыстар, еңбек құралдары, әшекей бұйымдар.

2017 жылы музейдің археология қорына 83 с.б. негізгі қорға қабылданды.

2018 жылы экспедиция археологиялық зерттеу жұмыстарын Күлтөбе қалашығы рабад бөлігінің оңтүстік-батыс бөлігінде, Қылышжар қорымындағы №3,4,5,6,7 үйінділерінде және Мыңтөбе қорымында жүргізілді.

Археологиялық зерттеулер нәтижесінде күнделікті тұрмыста қолданылатын қыштан жасалған ыдыстар, сондай-ақ, тастан, сүйектен жасалған еңбек құралдарынан тұратын археологиялық материалдар алынды. Кезектегі палеолингвистикалық жазба текше бөлігі табылды. Қыш текшенің үстіңгі бетіне жақсы оқылатын 4 белгіден тұратын бір қатар мәтін түсірілген. (АКТ №9 19.04.18.2018).

Осы жылы музей қорына 8 с.б. ғылыми көмекші қорға қабылданды.

2019 жылы Күлтөбе қалашығы рабадтың оңтүсті батыс бөлігі, Қылышжар қорымының оңтүстік-батыс қорғандар тобындағы № 8,9, үйінділерінде, Төлебайтөбе III (3 қорған), Үшбастөбе қалашығында (цитадел бөлігі), Үшбастөбе қорымында тастан үйілген «патша» қорғаны, Қызылкөл-1 қорымының оңтүстік тобындағы №1 қорғанда кешенді ғылыми-зерттеу, реконструктивтік және практикалық дала жұмыстары жүргізілді.

Күлтөбе қалашығынан алынған материалдар (қыш ыдыстар, тұрмыстық заттар және т.б.) Күлтөбе және Қылышжар ірі қорымдардан табылған материалдармен өте сәйкес келеді, себебі Күлтөбе қалашығының төменгі мәдени қабаты (б.з. I ғ.), яғни Қаңлы мемлекеті өмір сүрген уақытпен (б. з. д. II ғасыр) байланысты деп айтуға мүмкіндік береді. (АКТ № 4 03.04.2019).

Күлтөбе қалашығынан күйдірілмеген тахтаның бетіне бір белгісі бар палеолингвистикалық материалдың фрагменті табылды.

Төлебайтөбе қорымындағы жерлеу орындарының құрылысынан алынған материалдардан сармат және сюнну тайпаларының этникалық көрінісі байқалады. Қызылкөл-1 қорымынан табылған артефактлер Оңтүстік Қазақстан аумағында Қаңлы мемлекетінің құлдырап, орнына эфталиттер этносының пайда болған кезі немесе ежелгі түркі дәуіріне жақын келеді.

2019 жылғы қазба жұмыстардың негізінде музейдің археология қорына жалпы 78 с.б., соның 75 с.б. негізгі қорға, 3 с.б. ғылыми қосымша қорға қабылданды.

Бүгінгі таңда ҚР МОМ ғылыми зерттеу және мәдени-білім беру жобалары мен бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында таяу және алыс шетелдердің музейлерімен көпжақты қарым-қатынасты сәтті дамытып келеді. Осыған орай, халықаралық ынтымастық шеңберінде көптеген шет елдік музейлерде өткізген ірі көрмелердегі «Ежелгі көшпелілер мәдениеті» экспозициялық бөлімінде алғашқы номадтардың – сақтардың, үйсіндердің, ғұндардың (сюнну) және

қаңлылардың жоғарғы дамыған мәдениетін көрсететін экспонаттардан тұрады (Әлімбаев, 2018, 45 б.).

Ал, жоғарыда айтылғандай, музей қорындағы Арыс өзені бойында орналасқан қорымдар мен елді мекенді орында жүргізілген қазба жұмыстары барысында табылған артефактілер кешені көрмеге келушілердің айрықша қызығушылығын тудырды. Бұл кешенді археологиялық материалдар көрменің ежелгі номадтар – қаңлылардың мәдени дәстүріне тән өзіндік төлтума бітімінің локалды-этникалық ерекшелігін көрсетті.

Әдебиеттер

Подушкин А.Н. Арысская культура Южного Казахстана IV в. до н.э. – VI в. н.э. Туркестан, 2000. 202 с. 2011г.

Нұрсан Әлімбаев. Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті/Ғылыми каталог (қазақ, түрік, ағылшын, орыс тілдерінде) – Алматы: ҚР Мемлекеттік орталық музейі, 2018. – 43-48 бб.

ЦГМ РК Акт прием передачи № 9 от 8.04.2010. Акт поступления основного фонда 2010г., с 154.

ЦГМ РК Акт прием передачи № 31 от 19.08.2013. Акт поступления основного фонда

ЦГМ РК Акт прием передачи № 17 от 10.06.14. Акт поступления основного фонда 2014г., с 1.

ЦГМ РК Акт прием передачи № 35 от 14.12.2015. Акт поступления основного фонда 2015г., с 28.

ЦГМ РК Акт прием передачи №9 от 19.04.18. 2018г. Акт поступления основного фонда 2018г., с 48.

ЦГМ РК Акт прием передачи № 4 от 03.04.2019. Акт поступления основного фонда 2019г., с 1.

THE HISTORY OF THE FORMATION OF THE COLLECTION OF ARYS CULTURE IN THE FUND OF THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The article discusses the history of the formation of the collection of Arys culture from the archeological fund of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan.

As we know, archaeological expeditions led by candidate of historical sciences N. P. Podushkin. Then Professor A. N. Podushkin conducted exploration and excavations of graves and settlements in the Arys river basin, as well as in the 4th century B.C.- 6th a collection of periodical materials appears. Since 2000, Professor A. N. Podushkin, an archaeologist, has been transferring this collection to the archaeological fund of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (herein after referred to as the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan) in order to preserve it.

The collection includes unique, relief ceramics, fine plastic, various ornaments, weapons, horse equipment, zoomorphic and anthropomorphic figurines, household items and ritual objects, something special, and New written sources. Excavations of burial grounds and settlements located on the arys River in the museum's funds.

К.Н. Курбанов

*Бухарский государственный университет
г. Бухара, Узбекистан
kurgolib@mail.ru*

КИБЛА-НАМО – ПЕЧАТЬ-КОМПАС СЕРЕДИНЫ XIX ВЕКА ИЗ БУХАРЫ

В фондах Бухарского Государственного музея-заповедника хранится коллекция печатей XIX - начала XX вв. Она включает в себя печати правителей, чиновников, частные, вакфные и ритуальные печати. В позднесредневековой Бухаре изготовлением печатей занимались специальные мастера ювелиры – «мухрканды». Их мастерские находились под торговым куполом Таки Заргаран (монументальная постройка XVI в. в Бухаре, где изготовляли и продавали ювелирные изделия). Рукописные источники сохранили имена крупных «мухркандов» позднесредневековой Бухары. По форме печати музейной коллекции делятся на пластинчатые, объемные и печати – шкатулки. (Курбанов, 1987, с. 12- 14) Среди последних, выделяется миниатюрная печать-шкатулка чиновника Бухарского эмирата (инв. № 7931/8) (табл. 1). В Книге Поступлений музея она описана следующим образом: «Печать именная серебряная с ручкой для подвески и компасом (кибланом) внутри». (Книга Поступлений, 5) По архивным данным, она была приобретена сотрудником музея Абдурахмановым в 1931 г. на базаре Бухары (Курбанов, 1983, с. 61).

Печать изготовлена из серебра 84-й пробы. Техника изготовления – литье, гравировка. Печать имеет вид миниатюрной шкатулки, верхняя сторона - в форме конуса, в центре ручка. К

ручке припаяно листообразное навершие из тонкой проволоки для продевания сквозь отверстие шелкового шнурочка «банди мухр». Внутри печати шкатулки под стекло вставлен компас. Стрелки его – изогнутой формы, красная указывает на запад. Нижняя сторона печати изготовлена в виде крышки восьмиугольной формы. На ней выгравировано имя чиновника, которому принадлежала печать: «Хал мирза бий ибн Фазыл джан 1271/1854-55». Графика надписи – арабская, почерк – наста'лик. Надпись состоит из двух горизонтальных строчек. По краю печати выгравирована тонкая кайма орнамента в виде чередующихся крестиков. На боковой стороне печати, по центру, выгравирован небольшой знак – определитель овальной формы. Он служил для правильного направления печати при оттиске на документах. Вес печати – 6,5 г, общая высота 2,8 см, размеры нижней стороны – 1,6 x 1,4 см.



Табл. 1. Печать кибла-намо. Бухара, конец XIX – начало XX вв.

Как следует из надписи, именная печать принадлежала чиновнику в чине «бий» периода правления эмира Насруллы (1826 – 1860) из Мангытской династии. «Бий» / بی / - титул узбекской аристократии. (Бартольд, 1963, с. 282) Первоначально богатый и знатный представитель кочевого народа; в XIX - начале XX вв. чин представителя правительства у кочевого народа. (Olufsen, 1911, р. 238; Хакимова, 1984, с. 221) Они относились к старшим чинам иерархической лестницы эмирата. По данным М.С. Андреева и О.Д. Чехович, ежедневно при приеме эмиром приветствия «салом» своего двора «бии» (если это происходило в загородной резиденции) подходили первыми; в случае отъезда эмира в поход они назначались во главе походного казначейства.

В анонимной записке «Рутбаи уруни Бухорои шариф (О порядке мест в соответствии с чинами в благородной Бухаре)» - содержится перечень чинов (в нисходящем порядке), сидящих с правой и левой стороны от эмира-правителя; седьмым по числу, после «дадха (один из старших чинов в Бухарском ханстве), (Хакимова, 1984, с. 221) упоминается «бий». (Книга поступлений 7; Андреев, Чехович, 1972, с. 35,36,63) «Бии» чаще всего находились в провинциях, возглавляя различные округа в должности хокимов. (Андреев, Чехович, 1972, с. 63) Ежегодно их одаривали из казны эмира. (Хакимова, 1984, с. 7)

Уникальность данной печати состоит в том, что она выполняла две функции: являлась именной печатью чиновника для заверения документов и одновременно служила компасом «кибла намо».

«Кибла – намо» (араб.-перс.) компас, (Гаффаров, 1974, с. 620) определитель «киблы» (ал-кибла – направление на Мекку, на ал-Каабу). Способ определения ал-Киблы являлся одним из важных направлений средневековой мусульманской математической географии и сферической астрономии (Резван, 1991, с. 136,137). Обязательные пятикратные «намаз» молитвы требовали умения определять необходимое направление в любом географическом пункте. Особенно важно это было для путешественников, находившихся в открытых пространствах, горах, не населенных местах.

Подобные определители «кибла», известны в Иране 17-18 вв. в виде бронзовой круглой формы шкатулки с компасом внутри для путешественников. (The Islamic, 2010, р. 49)

Известно, что «бии» - правители различных округов – ведали, в частности, и строительством зданий. Описываемая печать, могла быть использована ими при определении «киблы» при строительстве мечетей, хонако (странноприимных домов дома суфиев), мечетей внутри медресе.

Но вероятнее всего данная печать компас служила для личного пользования при определении «киблы» во время молитвы вне стен мечети, и во время путешествия.

Литература

- Андреев М.С., Чехович О.Д. Арк Бухары. Душанбе, 1972
Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Соч., Т.2, ч.1, М., 1963
Гаффаров М.А. Персидско-русский словарь. Т.2, М. 1974
Книга Поступлений № 5, Фонды Бухарского музея-заповедника
Курбанов Г.Н. Печать-компас середины XIX в. из Бухары/ОНУ, № 4, Ташкент, 1983
Курбанов Г. Бухарские печати XVIII – начала XX веков. Ташкент, 1987
Резван Е. ал-Кибла, Ислам. Энциклопедический словарь. М., 1991
Книга Поступлений 7, фонды Бухарского музея – заповедника, группа рукописных документов включающих «список амалдаров, находящихся в резиденции и табаррук талаб» ркп. № 10967/11 – 5
Хакимова К. З. Фонд канцелярии кушбеги эмира Бухарского- источник изучения истории крестьянского движения в Бухарском эмирате. В ежегодниках «Письменные памятники Востока» за 1976-1977. М., 1984
Olufsen O., The Emir of Bukhara. Copenhagen, 1911
The Islamic World. A History in Objects. The British Museum. 2010

KIBLA-NAMO - SEAL-COMPASS OF THE MIDDLE 19th CENTURY FROM BUKHARA

The article deals with the study of the unique exhibit from the collection of the official seals houses in the Bukhara State Museum-Preserve. The seal done of silver and engraved by local jeweler. The seal looks like a miniature box: the top side is in the shape of a cone and it has a handle in the center. A sheet-like pommel of thin wire is soldered to the handle for threading a silk cord known as "bandi muhr" through the hole. A compass is inserted inside the seal of the box under the glass. Its arrows are curved in shape, the red one points to the west. The seal had two unique functions, one as a personal seal of the official "Hal mirza biy 1271/1854-55" to approve a document and second as a compass "kibla-namo". "Kibla-namo" (arab. – pers.) is a compass, Kibla pointer (al-Kibla – the direction of Mecca, of al- Kaaba). Seal-compass could be used for personal use as a Kibla pointer.

Б.Г. Курбанов

*Бухарский государственный университет
г. Бухара, Узбекистан
kurbanovb86@mail.ru*

ПОДНОС ИЗ СОКРОВИЩНИЦЫ БУХАРСКОГО ЭМИРА

В отделе нумизматики и эпиграфики Бухарского Государственного музея-заповедника экспонируется медный луженый поднос круглой формы из толстого листа металла. Судя по инвентарному номеру экспоната (1), он поступил в коллекцию музея из сокровищницы последнего бухарского правителя Амир саййид Алима Мангыта (1911-1920), в 1927-28 гг. (табл. 1)

Поднос украшен арабографическими надписями на староузбекском языке, расположенными на лицевой поверхности подноса. Почерк настальлик.

Начало надписи расположено в ободке в центре подноса:

ایمپراطور اعظم اقدادشانتنگ گاشغردگی جنرالنی کانسولی پطروسکی توراهه گاشغرده سوداگرلردین هدیه

«Дар купцов Кашгара Генеральному консулу Высокопоставленного Императора Царя России (2) в Кашгаре г-ну Петровскому»

Далее продолжение надписи, расположенной в четырех фигурных картушах:

1: سوداگر باشی

2: سید عمر خان

3: سید علی خان اوغلی

4: سنه ۱۹۰۳ سنه ۱۳۲۱

«Глава купцов Саййид Умархон сын Саййида Алихона, дата 1321/1903»

Надпись в ободке по краю перечисляет имена купцов, преподносящих этот подарок:

..... / اخوند خواجه / حاجی توره / موسی خان بای / محمد ابراهیم / محمد خان / صالح خان / عبد القادر حاجی / محمد قاسم
دملا / محمد عمر صوفی / ملا رحیم بابا / محمد کریم قاری / یونس علی بای / توخته سون حاجی / عارف حاجی / صالح جان / ناصر
جان / محمد صدیق / ملا علی خان / شراب الدین / ملا عبد الرحیم / جلال خان / قاسم بای حاجی / عبد العظیم بای / تیلاب الد {ین}
اخوندی / رحمت الله / ملا اسلام بچه بای / صاحب نظر حاجی / میرزاخان حاجی / اتاخان / یونا / یعقوب / ریحان/ ...

...Охунд ходжа/ хожи Тура/ Мусахан бай/ Мухаммад Ибрахим/ Мухаммадхан/ Салиххан/ Абд ал-Кадир хожи/ Мухаммад Касым домулла/ Мухаммад Умар суфии/ Мулла Рахим бобо/ Мухаммад

Карим кари/ Йунус Али бай/ Тухтасун ходжи/ Ариф ходжи/ Салихжан/ Насиржан/ Мухаммад Садык/ Мулла Алихан/ Шароб ад-Дин/ Мулла Абд ар-Рахим/ Жалалхан/ Касым бай ходжи/ Абд ал-Аъзим бай/ Тилаб ад-Дин ахунди/ Рахматуллах/ Мулла Ислам бача бай/ Сахиб Назр ходжи/ мирзахон ходжи/ Атахан/ Йуно/ Якуб/ Рейхан...

Надпись свидетельствует, что данное блюдо было изготовлено в 1903 году по заказу кашгарских купцов для Генерального Консула Российской империи в Кашгаре господина Петровского.

Петровский Николай Федорович русский дипломат, с 1870 года – агент Министерства Финансов в Туркестанском Генерал-губернаторстве в Ташкенте. Являлся активным членом Туркестанского кружка любителей археологии в Ташкенте, единственной крупной научно-краеведческой организации исторического профиля (Россия-Средняя Азия, 2011, с.187).

Қонақтарға экскурсиялар көбіне музей фойесінен басталады. Музей тарихы мен еліміз жайлы әңгімелей келе осы жерде қойылған ғылыми археологиялық жаңғыртпаларға, соның ішінде, «Алтын адамға» тоқталып өтеді. Содан кейін, таңдаған тақырыптары бойынша экскурсия залдарда жалғасады. Қазақстанның көне тарихына, түрлі тарихи кезеңдерде осы жерді мекендеген көне тайпалар – сақтар, үйсіндер, ғұндар, түркілерге тиесілі бірегей артефактілер қойылған «Палеонтология және археология» экспозициялық залы бойынша қонақтар жиі экскурсияға тапсырыс береді.

Жалпы қонақтар тарапынан көшпенділердің мәдениетіне деген үлкен қызығушылық байқалады. Сол себепті, шетелдік қонақтар Қазақ хандығының құрылуы, көшпелі халықтың тұрмысы мен мәдениеті бойынша терең мағлұмат беретін «Тарихи этнография» залы бойынша экскурсияларға көңіл бөледі. Экспозицияда қойылған қазақтардың тарихи даму процесінде қалыптасқан жоғары көркем өнер туындысы болып табылатын киіз үй олардың қызығушылығын тудырады. Әсіресе, киіз үйдің ішіндегі асқан шеберлікпен жасалған барлық қажетті керек жабдықтары - кілемдер, сәндік бау-басқұрлар, тері мен ағаштан жасалған ыдыс-аяқтар және т.б. көрермендердің ерекше назарына ие.

Сонымен қатар, аталған зал бойынша жүргізілетін экскурсияға қонақтардың қызығушылығын тудыратын қазақтардың салт-дәстүрлеріне қатысты мәліметтер де қолданылады (сурет 2). Экскурсия жүргізу алдында мамандар жеке экскурсияның мәтінімен қатар терминдер, ұғымдарды, нақыл сөздерді қайталау қажет. Сондай-ақ, экскурсия мәтіндерін Қазақстанда болып жатқан саяси, экономикалық, мәдени құбылыстарға байланысты қажетті мағлұматтармен үнемі жаңалап отыру керек.



2-сурет. Бөлім қызметкерлерінің Германиядан келген қонақтарға 2 зал бойынша экскурсия жүргізу сәті

Әлемнің түкпір-түкпірінен келген қонақтар қазақтардың дәстүрлі мәдениеті мен сан ғасырлық тарихына, қазіргі Қазақстанның саяси, экономикалық т.б. дамуына үлкен қызығушылық танытады. Осы категориядағы тыңдармандарға қызықты экскурсиялар қатарында – «Сақ мәдениетінің ескерткіштері», «Қазақстанның петроглифтары», «Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстан», «Көне түркі ескерткіштері», «Алтын Орда кезеңі», «Қ.А. Яссауидің кесенесі» және т.б. тақырыптар бар.

Шетелдерден келген қонақтарға Қазақстан туралы жалпы мағлұмат беріледі. Экскурсия барысында ұлттық ерекшеліктерге назар аударып, тарихымыз бен мәдениетіміздің жалпы адамзат дамуында алар орнын көрсету маңызды. Ал шет мемлекеттерден келген қандастарымызға көбіне еліміздің қазіргі дамуы қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, қандастарымыз қазақтың белгілі тұлғалары, аса көрнекті мемлекет қайраткерлері, ірі ғалымдарына т.б. арналған көрмелер бойынша тақырыптық экскурсияларға тапсырыс береді.

Бүгінде ҚР МОМ көптеген туристік компанияларымен тығыз байланыс орнатып жұмыс жүргізіп келеді. Шетелдік қонақтарды музейлік коллекциялармен таныстыру үшін, оларға ыңғайлы күн, уақыт белгіленеді. Музейге келетін ресми делегациялар – сыйлы қонақтарға экскурсия жүргізуге үлкен көңіл бөлінеді, алдын ала ұйымдастырушылармен экскурсия жүргізу бағыты, келетін күні, уақыты, қай тілде жүргізілетіні – ағылшын немесе аудармашы арқылы болатыны келісіледі (3-сурет).

Экспозициялық залдарда көрермендер назарына ұсынылған материалдық және рухани мәдениеттің ескерткіштері, ұлы оқиғалар туралы баяндайтын тарихи куәгерлер болып табылады. Шетелдік қонақтардың қызығушылығын тудыратын «Ашық қор» 5-экспозициялық залында қойылған «Жалаулы көмбесі», «Шілікті алтыны» және т.б. сақтардың бірегей зергерлік өнерінің туындылары болып табылады.

Қонақтарға экспозициялар бойынша үш тілде ақпарат беретін электронды дүңгіршектер мен лифлеттер дайындалған. Сонымен қатар, алдағы уақытта залдар бойынша және бірегей экспонаттар жайлы мағлұмат беретін аудиогид дайындалып жатыр.



3-сурет. Бөлім қызметкерлерінің Польша елінен келген ресми делегация өкілдеріне 5 зал бойынша экскурсия жүргізу сәті

Бүгінде экскурсия мамандары тыңдармандардың сұрауларына сәйкес музей ғимаратының архитектурасы мен музей коллекциясына байланысты экскурсия тақырыптарын кеңейтуде. Осы ретте, музейдің ғимаратының өзі ресми танылған архитектуралық ескерткіш (2010 ж.) болып табылатынын атап кету керек.

Музейдің жылдан жылға танымалдығы артуда, жыл сайын музейге 30-мыңға жуық алыс-жақын шетелдерден қонақтар келеді – Өзбекстан, Ресей, Белоруссия, Грузия, Латвия, Аустралия, Үндістан, Мексика және т.б. Бұл пандемияға дейінгі көрсеткіштер. ҚР Мемлекеттік орталық музейі ТМД елдерінің үздік 5 музейінің қатарына енуі осыны дәлелдейді.

Әдебиеттер

Должиенко Г.П. Экскурсионное дело: Учебное пособие. (Серия «Туризм и сервис»). – Москва: ИКЦ «МарТ», Ростов н/Д: Издательский центр «МарТ», 2005. – 272 с.

Зәкиева А.Е. «Қазақстан Республикасында экскурсиялық туризмді дамыту жолдары». Қазақстан-Американдық Еркін университетінің хабаршысы. Ғылыми журнал. №3. – Өскемен, 2018. – 325 б.

Ягофаров Г.Ф. Экскурсоведение: педагогические и практические аспекты. – Алматы: Алматинский университет им.Абая, 2003. 117 с.

THE IMPLEMENTATION OF EXCURSIONS ORGANIZATION FOR FOREIGN VISITORS IN THE CENTRAL STATE MUSEUM OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

The given article consists of information about the profession of guide at the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. Exploring all about this profession, there is written about foreign visitors who travel to our country. However, the significant excursions of guided tourism in Kazakhstan indicates a lack of well-educated guides, who can provide knowledge to people with a new mentality. The museum halls are divided into several parts, every hall has a particular theme, a period of Kazakh history. Visitors from foreign countries who are interested in the culture and history are coming to the country year by year. In addition, the article includes the psychology of guides and the tasks they should do before people. Museum workers, tourism developers should try to attract visitors' whole attention and interest to our nomadic culture and history. Statistics of visitors visiting the country, paying attention to tourism of Kazakhstan - the next step on the way of the development of the country.

Д. Буркитбаев

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

fati_72@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА (ҚР Мемлекеттік Орталық музей экспозициясы негізінде)

Өркениетті мемлекеттердің қай-қайсысы болсын өздерінің ұлы тұлғаларын өзге елдерге таныту арқылы әлемдік мәдениетті бағындыруды мақсат етеді. Абай – қазақ топырағында туған әлемдік деңгейдегі ренессанстық тұлға. Қазіргі заман тілімен айтсақ, Абай Қазақстанның бренді. Нарықтық экономика, қарқынды ғылыми техникалық прогресс және әлемдік жаһандану процессі осы заманды түрлендіріп отыр. Мұндай жағдайда өз бітімін сақтап қалу үшін қазақ қоғамының ынта-ықыласы Иассауидің хикметі, Абайдың ғақлиясы, Шәкәрімнің сырлы сөздері сынды халық руханиятының киелі бастауларына ауа түсетіні анық.

Абай мұрасы арқылы, қазақтың ұлттық өркениеті мен мәдениетін танытып, оны ұлтымыздың мәдени капиталы ретінде насихаттау бүгінгі күннің міндеті. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» деген қағидасы оның асқан гуманизмінің, ақыл-ойының көрсеткіші.

Абай мұрасы қазақ халқы тарихындағы бір тұтас дәуірді қамтиды. Ақын шығармаларында қазақ халының тек әлеуметтік-саяси мәселесі ғана емес, халқымыздың ұлттық ерекшелігі, менталитеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, бір сөзбен айтқанда этнографиясы кеңінен суреттелді. Бұл тұрғыдан алғанда Абай шығармаларын ұлттық мәдениеттің энциклопедиясы деуге болады. Сол себепті, Абайдың әдеби мұрасын, ілімін жүйелі зерттеп, халық игілігіне пәрменді пайдалану, әдебиеттану мен қоса музейтануда да басты жолға қойылып отыр. Ұлттық мұраға толық бұрылып, оны ұрпақ тәрбиесіне пайдалануға баса назар аударған шақта өткен өмірден мол сыр шертетін

Абайдың ұлттық қорға қосқан үлесін көрсетіп, әділ бағасын беру бүгінгі күннің талабы. Ақын мұрасын музей экспозициясында таныту немесе экспозицияны Абай шығармашылығымен байланыстыра таныту абайтанумен қатар, музейтануды да кемелдендіре түсері даусыз.

Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орта Азия аумағына танымал, 300 мыңға жуық қоры бар Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің «Дәстүрлі қазақ мәдениеті» этнографиялық залы экспозициясын Абай шығармашылығымен сабақтастыра таныстыру, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды қызмет атқарады.

Ұлы ағартушы ақынның өзі де еліміздегі музей ісінің дамуына үлесін қосқаны белгілі. 1885 жылы ауылына келген Н. Долгополов арқылы өлкетану музейіне қазақтың тұрмысын, мәдениетін көрсететін 50-ден астам затты тегін, сый ретінде тапсырады. Абайдың музейге тапсырған заттары көшпелі халықтың тұрмысын, шаруа-кәсібін, мәдениетін, өнерін танытатын: ұлттық музыка аспаптары, ертоқым, ыдыс-аяқ, қару-жарақ, киіз үй жиһаздары, тоғызқұмалақ, және ұста саймандары болып бөлінеді. Жәдігерлердің сан алуандығы Абайдың қазақ халқының этнографиясын жан-жақты танытуға ғылыми тұрғыдан қарап, заттарды жүйелі түрде жинақтағанын көрсетеді. Қазақтың материалдық мәдениетін, этнографиясын салт-дәстүрін көрсететін мәліметтер Абай өлеңдерінде суреткерлік шеберлікпен беріледі.

Абай өмір сүрген дәуірдің әлеуметтік-экономикалық кескін-келбеті, сол тұстас дәуірдің киім үлгісі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ақын шығармаларының лексикасынан анық, айқын көрінеді. Абайдың табиғат, саяси-әлеуметтік тақырыптағы туындыларының этнографиялық лексикасы халқымыздың XIX ғасырдың 2-жартысындағы заттай-рухани мәдениетінің, көшпелі тұрмысының көркем көрінісі десе болады.

Абай өмір сүрген заманының тірлік-тынысын көрсету арқылы танымдық та, тағылымдық та мәні ерекше этнография-мәдени көрінісін жырға қосты, зерттеді. Ақынның этнографиялық лексикасын әсіресе, табиғат лирикасында көп кездестіреміз. Атақты «Жаздыгүн шілде болғанда» өлеңінде қазақтың жайлаудағы тұрмысы асқан суреткерлік шеберлікпен жырланады. Суреткер ақын пейзажды адамның тұрмыс кешетін табиғи ортасы, мекен-жайы ретінде ала отырып, әлеуметтік өмірмен, қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланыстырып көрсетеді.

Дәстүрі қазақ көшпелі қоғамының материалдық мәдениет саласындағы үлкен бір жетістігі киіз үй. Киіз үйді қазақ халқы қасиетті, киелі шаңырағымыз деп дәріптейді. Өйткені, ол қазақтың құтты мекен-жайы, тұрағы, еншісі, баспанасы.

«Жаздыгүн шілде болғанда,
Көкорай шалғын, бәйшешек,
Ұзарып өсіп толғанда;
Күркіреп жатқан өзенге,
Көшіп ауыл қонғанда;
... Қыз келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап (Құнанбайұлы, 2005, 63 б.).

Жайлауға қоңыстану, қыз-келіншектердің киіз үй тіккен сәті өлеңде суреткерлікпен шеберлікпен беріледі. Қазақтың әдет-ғұрпына сай, киіз үйдің керегесі мен шаңырағын ер адамдар орнатады. Осыдан кейін бар қыз-келіншектер уық шаншып байлай бастайды. Киіз үйді ауылдағы бар жастар жиналып, ойнап-күліп, қалжындасып жүріп тігеді.

Қазақ ұлттық мәдениетінің ең байырғы, аса құнды салаларының бірі – қолөнер. Өнер үйрену, білімпаз болуға насихаттау Абай шығармашылығының басты идеясы.

Мысалы: отыз үшінші қара сөзінде «Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазақтың әулиесі сол» дейді (Құнанбайұлы, 2005, 119 б.).

Қазақтың қолөнершілері көшпелі шаруашылықтың түріне қарай мал шаруашылығына қажетті заттар, күн көріс тіршілігіне қажетті құрал-жабдықтар, ыдыс-аяқтар, аспаптарын жасады.

Этнографиялық залда көрсетілген XVIII ғ. аяғы мен бүгінгі күнге дейін жасалған – кілем, алаша, тұскілем, сырмақ, текемет, тұскиіз, тұскесте сияқты үй жиһаздары мен откиіз, шайкиіз, тегеріш, қоржын, керме, аяққап, сандыққап, атжабу, асмадық (түйе жабу), бота жабу, жайнамаз, бау-басқұр, арқан, көген сынды тұрмыстық және шаруашылық бұйымдарының барлығы да қазақтың шеберлерінің қолымен жасалған қолөнер туындылар. Қолөнердің бір саласы-зергерлік өнер туындылары сырға, сақина, алқа, шолпы түрлері де залда көрсетілген.

Абай лирикасындағы қазақтың ару қызының бейнесі ұлттық киім үлгісі мен сән-әшекей бұйымдары арқылы ашылады. Қазақ қызының өзіне тән мәдениеті мен болмысын ашады. «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңінде:

«Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты» - деп сұлу қыздың келбетін шолпының сылдыр қағумен үйлестіреді. Иесі қозғалғанда, олар әсем дыбыстар шығарып, сұлу қыз, кермаралдай керілген кербез келіншектердің әсем жүрісіне үн қосып, ару сыны мен сымбатын одан әрі ажарлай түседі (Құнанбайұлы, 2005, 101 б.).

Қазақ халқының дүниетанымында өрілген ұзын бұрым — сұлулықтың сәні саналған. Абай «қолаң қара шашы бар жібек талды» деп суреттейді. Шашқа тағатын және оның сәнін келтіріп, мәнін арттыратын, сәндік бұйымдардың ішіндегі асылы - шолпы. Шолпы сәндік үшін ғана емес, шашты өсіретін әрі ұзартатын, желді күнде көтеріп кетпес үшін де тағылады. Әсем, сәнді шолпыларды қыздар мен келіншектер ғана таққан, егде әйелдер тақпаған.. Қазақ қыздарының басты әшекей бұйымдарының бірі болып табылатын шолпы түрлерін этнографиялық залдан көруге болады. Камшат бөрік камшат елтірісінен тігілген ұлттық баскиім. Кәмшат бөрікті ерлер де, қыздар да киген. Ал үкілі кәмшат бөрік бойжеткендерге арналып айрықша сәнмен тігілген. Абай камшат бөрікті қыздың сұлулығын ашатын атрибут ретінде қолданады.

Қазақ халқының сыртқы киім-кешегі туралы Абайдың «Ескілік киімі» деп аталатын өлеңі бар.

- «Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен,

Тон қабаттап кигенім – шидем шекпен.

Жейде – дамбал ақ саннан, жарғақ шалбар,

Жырым балақ матамен әдіптеткен.

Мықшима аяғымда былғары етік,

Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.

Үлкен кісе белімде жез салдырған,

Шақпағым дәндәкуім жарқ – жүрк етіп.

Күләпәра бастырған пұшпақ тымақ,

Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.

Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,

Артын белге қыстырған бар құрысқақ.

Қалмақы қара үзенгі, биік қасты ер,

Қанжығамда байлаулы жіптен шідер.

Жарғақ жастық көпшігім, жезді пыстан,

Өлеңде аталған ұлттық киім үлгілерінің барлығын ҚР MOM-нің этнография залынан көруге болады (Құнанбайұлы, 2005, 150 б.).

Экспозицияның ауқымды бөлігі – аңшылыққа арналады. Аңшылық- халқымыздың ежелгі кәсібі. Ит жүгіртіп, құс салу серілікке жатқанымен де, қазақ аңшылыққа кәсіп ретінде қараған. Абайдың аса көркем шығармаларының бірі - «Қансонарда бүркітші шығады аңға» саятшылыққа арналады.

Қансонарда бүркітші шығады аңға

Тастан түлкі табылар аңдығанға.

Жақсы ат пен тату жолдас бір ғанибет,

Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға (Құнанбайұлы, 2005, 42 б.).

Үсте ықшам киім, қасында тату жолдас болу аңшылықтың алғы шарттарының бірі.

Сөрелерде орналасқан құсбегілікке қажетті жабдықтар: томаға, балдақты көруге болады.

Томағасын тартқанда бір қырымнан,

Қыран құс көзі көріп самғағанда.

Сонымен қатар, мерген аңшылар қолданған білте мылтық, қақпаншылардың қақпаны да бағалы көне жәдігер ретінде экспозицияда орын алған.

Абай тарихы тереңнен басталатын, өте пайдалы зияткерлік ойын – тоғызқұмалақты шебер ойнағаны белгілі. Өзі ойнағанымен бірге осы ұлттық ойынды дәріптеп, арнайы жарыстар ұйымдастырып отырған. Ұлттық ойынның бұл түрі қазақ арасында кеңнен тарады. Экспозициядан тоғызқұмалақтың түрлерін көруге болады.

Ұлттық колөнердің, халық шеберлерінің үздік туындылары болып табылатын атәбзелдер, ертұман түрлері этнографиялық залдың бағалы жәдігерлер: кісен, ноқта, қалмақы үзенгі, биік қасты ер, жіп шідер, сабау қамшы, қанжыға этнографиялық бөлімнің тақырыбын аша түседі.

Ата-бабадан қалған құнды этнографиялық жәдігерлерді экспозицияда таныстыруды әр түрлі форматта жүргізу музей жұмысын тиімді етеді.

... Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? деп жырлаған Абай шығармашылығы (Құнанбайұлы, 2005, 63 б.) арқылы ата-бабамыздың бай мұрасын, қазақ халқының материалдық бай мәдениетін жан-жақты ашып таныстыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. 1-т. – 296 б.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005. 2-т. – 336 б.

ABAY CREATION IN KAZAKH MATERIAL CULTURE (By the foundation of the museum exposition of the Central state museum of Republic of Kazakhstan)

This article aims to show our great personalities as civilized states does in conquering World Culture. Abay is a world - class renaissance person born on Kazakh land. In modern terms, Abay is a brand of Kazakhstan. The market economy, rapid scientific and technological progress, and the process of globalization have transformed our time. In this case, the enthusiasm of the Kazakh society for preserving its peace falls on the sacred origins of the people's spirituality, such as the wisdom of Yassawi, the moral of Abai, and the mysterious words of Shakarim. The task is to promote Kazakh National civilization and culture through the heritage of Abai and promote it as the cultural heritage of our nation. "I love all mankind..." the principle, is an indicator of his (Abay) noble humanism and intelligence.

Abay's works cover not only the socio-political problem of Kazakh people, but also the national identity, mentality, customs and general ethnography of our people. Abay's works can be called an encyclopedia of national culture. A systematic study of the poet's literary heritage and teachings, effective use for the benefit of the people, as well as literary studies, is being established in museology. It is a requirement of today to give a fair assessment of the contribution of Abai to the National Fund, which fully turns to the national heritage and uses it for the education of generations. The connection of the exposition of the ethnographic Hall "Traditional Kazakh Culture" of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan, known not only in Kazakhstan, but also throughout Central Asia, with funds of about 300 thousand, with the work of Abay, is important in the formation of historical consciousness of the younger generation.

The poet contributed to the development of the museum work in the country and donated more than 50 items to the Local History Museum free of charge through N. Dolgopolov, who arrived in his village in 1885. These items represent the life of the nomadic people, the peasant profession, culture and art: national musical instruments, dishes, weapons, yurt furniture, togyzkumalak, blacksmith's tools. Ethnographic vocabulary of Abay's works on natural, political and social themes are an artistic reflection of the material and spiritual culture of our people, nomadic life of the second half of the XIX century.

The presentation of valuable ethnographic exhibits of our ancestors in various formats makes the museum's work more effective. «...The immortal word left behind...".. the work of Abay (Abay (Ibrahim) Kunanbayuly 2005, p.63) allows us to widely introduce the rich heritage and material culture of our ancestors.

Ү. Ашимова

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

muzfond2015@mail.ru

МУЗЕЙЛІК ЗАТТЫ ЗЕРТТЕУ МЕН НАСИХАТТАУ: КЕЗЕҢДЕРІ, ӘДІСТЕРІ (ҚР МОМ тәжірибесінен)

Мақаланың басында, көп жағдайда, тіпті, музей мамандары шатастырып қолданатын музейлік мәні бар зат, музейлік зат, экспонат ұғымдарының аражігін ажыратып алуды жөн деп санаймын. Сонымен, музейлік мәні бар зат дегеніміз тарихи-мәдени, музейлік құндылығы бар, музей затының қасиеттеріне жауап беретін, белгілі бір тарихи кезеңге тиісті, шынайы өмірде қолданыста болған, зерттеу немесе ғылыми жинақтау барысында алынған, бірақ әлі музей жинағының құрамына енген бұйым немесе зат. Осы алынған музейлік мәні бар зат немесе бұйым «Мемлекеттік музейлерде қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясын құру қағидаларына» сай құрылған Қор-сатып

алу (қор-іріктеу) комиссиясының (әрі қарай – комиссия) қарауына ұсынылып, комиссияның ұсыныстары негізінде іріктеліп, қажетті өңдеуден (камералдық, ғылыми) өтіп, музей жинағына енгеннен кейін нағыз «музейлік зат» статусына ие болады. Осыдан кейін, яғни, құжатталғаннан кейін кеңейтілген ғылыми сипаттама жасалады және оның ғылыми, көркемдік, тарихи, мемориалдық құндылығы жан-жақты зерттеледі. Ал экспонат дегеніміз экспозицияға қойылған музейлік зат. Ол латынның «экспонатус» сөзі, яғни, «көруге қойылған» деген мағынаны береді. Бұл жерден түйетініміз, музейдің экспозициялық залдарында, көрмелерге қойылған музейлік құндылықтардан өзге, қор сақтау қоймаларындағы музейлік заттарға экспонат термині қолданылмайды.

Музей ісіне арналған әдебиеттерде музейлік затты зерттеудің атрибуциялау (ғылыми сипаттау), жіктеу және жүйелеу, интерпретация (түсіндіру) сияқты үш кезеңмен жүретінін көрсетеді, дегенмен, аталғандарға ғылыми тәлқұжаттау, каталогтау кезеңін қосып қарастыруға болады. Бұл музейлік затты немесе коллекцияны жан-жақты зерттегеннен кейін оны насихаттау қажеттігінен туындайды.

Музейлер қорында бейінді және бейінсіз музейлік заттар сақталатындықтан оларды атрибуциялау, ғылыми сипаттау, жіктеу және жүйелеу, жалпы алғанда зерттеу барысында музейдің профиліне сәйкес пәндердің әдістемелері қолданылады. Мәселен, өнер туындыларын зерттеуде – өнертану, археологиялық материалдар үшін – археология, жаратылыстану нысандары үшін сәйкесінше жаратылыстану ғылымының әдістемелері қолданылады.

Жалпы музейлік затты зерттеуде қарапайым құралдар (микроскоп, микро және макрофото жасау, бинокулярлы ұлғайтқыш әйнек) пайдалану арқылы жүргізілетін сынама алуды қажет етпейтін әдіс және заттың құрылымын, материалдың сапалық құрамын анықтаумен байланысты сынама алуды қажет ететін әдіс қолданылады. Соңғысы арнайы зертханаларда физикалық, химиялық немесе микрохимиялық талдаулар жасау негізінде жүзеге асады. Аталған әдіс түрі Қазақстан музейлері тәжірибесінде ішінара болмаса (осы саладағы шетелдік мамандарды тарту немесе сынама палатасы арқылы) қолданылмайды деуге болады. Осы тұста айта кетерлік жайт, ҚР МОМ алғашқылардың бірі болып археологиялық артефактілерге талдаулар мен сараптамалар жасау жұмыстарын жолға қойған бірден-бір музей.

Музейлік затты атрибуциялау. Музейлік затты атрибуциялау (ғылыми негізде анықтау) – заттың, бұйымның мән-мазмұнын ашу үшін оның өзіне тән белгілерін анықтау болып табылады. Мұндай белгілерге заттың материалы, пошымы, өлшемі, салмағы, түсі, тақырыбы, сюжеті, техникасы, авторы, жасалған уақыты мен орны, қолданылу аймағы, белгілі бір адамға, жағдайға немесе құбылысқа тиістілігі сияқты белгілері, жалпы алғанда, морфологиясы, материалы мен технологиясы, функциясы қарастырылады (Каулен, Косова, Сундиева, 2010, с.303). Музейлік затты зерттеу, дәлірек айтқанда ғылыми анықтау зерттеліп отырған бұйымның немесе заттың белгілі бір құбылысқа немесе жағдайға тиістілігіне, сол жағдайды зерттеу барысында алынғандығы немесе бірнеше жылдан кейін сол орыннан басқа заттар кешенімен табылғандығы сияқты жағдайларға тікелей байланысты. Сонымен қатар затты (бұйымды) ұсынушының айтуы бойынша музей тарапынан қабылдаушы қалдырған «зат туралы әпсананың» болуы да аса маңызды. Ескере кетерлігі, әпсананың шынайлық деңгейі көз жеткізуді қажет етеді.

Әдетте, музейлік затты атрибуциялау оның жеңіл анықталатын белгілерінен басталады. Сондықтан музейлік затты зерттеуді оның атауы, материалы, жасалу әдісі, өлшемі мен көлемі, құрамынан бастаған абзал. Әдетте, металл, ағаш, керамика, әйнек, мата, пластмасса, қағаз, пергамент сияқты материалдарды жазбай тануға болады. Ал ағаштың түрін, қағаздың сұрыпын, талшықтың, әрлегіштің құрамын анықтау үшін арнайы білім, ізденіс қажет. Табиғи кездесетін (тас, минерал, ағаш, сүйек т.б.) материалдарды анықтауда ботаника, зоология, минералогияға жүгінсек, жасанды жолмен алынатын (түрлі металл, қыш), сондай-ақ пластмасса, синтетикалық талшық, бояуларды анықтауда химия, технология саласы бойынша білім қажеттілік тудырады. Материалдың физикалық-химиялық қасиетін анықтау үшін арнайы жабдықталған зертханаларда талдаулар (химиялық, спектралды т.б.) жасау нәтижесінде ғана қол жеткізуге болады. Өкінішке орай, бұл қазіргі қазақстандық музейлердің өзекті әрі негізгі мәселелерінің бірі.

Көп жағдайда музей маманы музейлік затты зерттеуде күрделі құрамды материалды анықтауға тиіс болады. Бұл әсіресе бейнелеу өнері туындыларын, киім-кешектерді зерттеуде кездеседі. Мәселен, кескіндеме мен графика туындыларына қолданылған бояуды (атап айтқанда, майлы бояу, темпера, гуашь, акварель, пастель, қарындаш т.с.с.) және ол салынған негізгі материалды (кенеп, қағаз, картон, ағаш) анықтауды қажет етеді. Мұндай күрделі құрамды материалды анықтауда музей қызметкері арнайы мамандарға жүгінуге тиіс болады немесе органолептикалық әдістерді (заттың

сапалық көрсеткіштерін сезім мүшелері (көру, ұстау, есту, дәмін тату) арқылы қабылдап, талдау)қолданады.

Музейлік затты сипаттау барысында оның жасалу әдісін анықтаудың маңыздылығы зор. Негізінен заттар қолдан және механикалық әдіспен жасалады. Мәселен, қолдан жасалған бұйымдар қарабайыр, симметрия сақталмаған (ассимметриялы) болса, станокта жасалған немесе арнайы құрылғыда өндірілген өнімдер пошымның дәлдігі мен симметрияның сақталуы, бірдейлігімен ерекшеленеді.

Музейлік заттарды зерттеуде өлшемі, пішіні мен құрылымын анықтау оның функционалдық қызметін көрсетуге жәрдемдеседі. Бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер саласы бойынша зерттеулерде стильдік ерекшеліктер маңызды рөл атқарады. Стиль ұғымы авторлық жұмыстарға да тікелей қатысты (мыс., жазушының, суретшінің жазу мәнері немесе стиль ерекшеліктері). Стильдік ерекшеліктерді айқындау арқылы заттың жасалған уақытын, орнын, қолданылу ортасы мен авторын анықтауға болады. Авторы анықталған зат тарихи шындыққа бір табан жақындай түседі. Ал материалы мен жасалу әдісін зерттеу нәтижесінде сәкесінше, уақыты мен орындалған орнын дәлірек көрсетуге мүмкіндік туындайды (Левыкина, Хербста, 1988, с. 98-99).

Бейнелеу өнері, жазба деректер, фотосуреттер мен фоножазбалардың уақытын анықтауда олардың тақырыбы мен желісі айырықша мәнге ие. Себебі, тақырыпқа қарай тарихи оқиғаның уақытын байланыстырып анықтауға мүмкіндік бар. Сонымен қатар бейнелеу өнері туындылары мен фотосуреттердің уақытын анықтауда бейнеленген немесе сипатталған сюжеттегі жағдай, адамдардың киім үлгісі және кейіпкердің түрлі айырым (ерекшелік) белгілеріне талдау жасау арқылы қол жеткізуге болады (қараңыз: визуалды антропология). Фотодеректерді ғылыми сипаттаудың жалпы әдістемесіндегі негізгі қадам оларды жіктеуден басталады. Сондықтан дәстүрлі түрде фотодеректердің негізгі белгілеріне қарай төмендегідей жіктеуге болады:

- Функциясына және қолданылуына байланысты (документалды, көркем, қолданбалы фотосурет);

- Жанрына байланысты (оқиғалық, көріністік, портрет);
- Түріне байланысты (дагерротип, негатив, позитив, слайд т.б.);
- Түпнұсқалық деңгейіне байланысты (түпнұсқа, көшірме) (Кучеренко, 2009, с.5-6).

Сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары және утилитарлық заттарды анықтауда стильдік, құрылымдық ерекшеліктерге ден қойып, жасалу тәсілдерін анықтау қажет. Тақырыбы, материалы, уақыты, жасалған орны белгілі болғаннан кейін оның әлеуметтік, этникалық тиістілігі белгіленеді. Мәселен, матаның морфологиялық белгілері, киімнің пішілу үлгісі, сәндік сипаттары, стильдік ерекшелігі, жасалған уақыты мен орны оның қай әлеуметтік ортаның немесе топтың арасында тұрмыстанғандығын ажыратуға мүмкіндік береді. Көнеден қалған заттар немесе архаикалық белгілерін сақтаған бұйымдарды анықтауда этникалық тиістілік мәселесі зор мәнге ие.

Музейлік заттағы жазба, таңба (клеймо), геральдикалық белгілер оның қолданылу аясын, тақырыбы мен сюжетін, жасалу уақытын, тіпті авторын немесе иесін анықтауға болады.

Атрибуция соңында музейлік заттарды зерттеу барысында алынған мәліметтер сол затқа ұқсас, «туыстас» заттармен баламаланып, салыстырылады. Бұл жағдайда ғылыми және анықтамалық басылымдар, әсіресе, коллекциялық каталогтар үлкен көмек көрсетеді. Ғылыми және анықтамалық әдебиеттер, каталогтарды пайдалану арқылы толық сипатталып, музейлік заттардағы белгі, жазба және бейнелерді зерттей отырып кеңейтілген ғылыми сипаттамалы карточка (инвентарлық карточка) толтырылады.

Музейлік затты жіктеу және жүйелеу. Жүйелеу ғылыми операциялардың ең маңыздысы болып табылады. Ғылыми жүйелеу барысында топтау (затты немесе құбылысты бір немесе бірнеше ортақ белгілеріне қарай бөлу), жіктеу (классификация) (топтар арасында шекара қою мақсатында белгілердің айырушы қызметін тереңдету), типтеу (тип құру, топтауға сай тиісті белгілерді сипаттаудың жүйелік кодын құру) ғылыми жүйелеудің негізгі операцияларды болып табылады. Жіктеу тұтасты топтарға бөлуге, ал типтеу топтарға біріктіруге бағытталған (Дмитриев, 2006, с.7). Яғни, музейлік затты жіктеу – заттардың ұқсас немесе айырым белгілеріне байланысты бөлу болып табылады. Музей ісінде музейлік затты жіктеу, ең алдымен, оларды сақтауды қамтамасыз ету жүйесі үшін аса қажет. Жіктеу әр музейдің профиліне сай жолға қойылған схема негізінде жүзеге асады. Музейлік заттарды оның анықтаушы белгілеріне қарай бірнеше негізгі жіктерге (ортақ жіктеу және дара жіктеу) бөлуге болады:

- материалына байланысты;
- уақытына байланысты, яғни жасалған немесе қолданыста болған уақыты;

- қолданылу аймағы (географиясына) байланысты, яғни жасалған орны мен қолданыста болған аймағы;
- этникалық тиістілігіне байланысты, яғни топтарға бөлу;
- әлеуметтік, яғни қай ортада қолданылғанына байланысты;
- тұлғалық тиістілігіне (бір адамға тиесілі заттар, әсіресе, мемориалдық музейлер үшін аса маңызды);
- заттық, яғни қолданылуы, сюжеті, материалы ұқсас заттар тобы;
- тақырыптық (әсіресе, тарихи музейлер үшін маңызды) және т.б.

Ғылыми-қор жұмысында қалыптасқан жүйелеу картотекалар (алфавиттік, заттық, атаулық, түгендеу, тақырыптық, реттік) жүргізу немесе заманауи автоматтандырылған жүйені (мыс.: АС-Музей, КАМИС, АИС т.б.) қолдану арқылы жүзеге асады. Қазіргі таңда қазақстандық музейлерде дәстүрлі картотекалар жүргізумен қатар автоматтандырылған жүйе арқылы электронды база қалыптастыру енгізіліп келеді. Бұл «Музей дерекқорын жүргізу қағидалары» негізінде жүзеге асады. Музей дерекқоры – музейлік заттар мен музей коллекцияларының мемлекеттік есепке алынуын қамтамасыз ететін, музей жинағына кіретін және Қазақстан Республикасының музейлерінің ұлттық қорына енгізілген әрбір музейлік зат пен музей коллекциясы туралы мәліметтердің жиынтығы.

Интерпретация. Музейлік затты ғылыми өңдеудің басты мақсаты – заттың музейлік маңыздылығын анықтау, мәліметтерді толықтыру, тереңдету, нақтылау және ғылыми пайымдау болып табылады. Яғни, атрибуциялау мен жүйелеу нәтижесінде музейлік заттың түпнұсқалығы, шынайылығы, көрнекілігі, ақпараттылығы, сондай-ақ аттрактивті (музейлік заттың пошымының көңіл аударуға тұрарлығы, яғни көз тартарлығы), экспрессивті (музей затының эмоция тудыруы) және коммуникативті (заттың көрнекі сыртқы белгілерінің ақпарат беруі), репрезентативті қасиеттері анықталып, бірегей немесе типтік тиістілігі белгіленіп, музейлік құндылығы бекітіледі.

Музейлік затты ғылыми төлқұжаттау. Музейлік затты толық әрі жан-жақты зерттеп, оның кеңейтілген сипаттамасын жасағаннан кейін күрделі құрылымды ғылыми төлқұжат толтырылады. Ғылыми төлқұжат – музейлік зат туралы мәліметтер толық қамтылған ақпараттық тасымалдаушы болып табылады. Музейлік заттың ғылыми төлқұжатында есепке алу-сақтау құжаттарында көрсетілген мәліметтермен қатар зерттеу жұмыстары барысында жасалған ғылыми атрибуция қорытындыланады. Ескерте кетерлік жайт, музейлік заттың төлқұжатына енгізілген мәліметтер нақты дәлелденген болуы тиіс және анық (сызбай, өшіріп қайта жазбай) жазылуы шарт (Дубов, Шангина, с.10). Ғылыми төлқұжатта музей затының түсім кітабы бойынша есептік белгісі (шифры), түсім құжаты мен уақыты, атауы, типі, саны, топографиясы, түсім көзі, бағасы (сатып алынған жағдайда), қабылдау актісінің нөмірі, қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясының хаттамасы, этникалық тегі, тақырыптық тегі, материалы, техникасы, суреті, сипаттамасы, жазбалар мен белгілер, таңбалар, мөртаңбалар және басқа да белгілер, жасаушы (автор), жасалу орны мен уақыты, тарихы, тұрмыстануы, түсім сипаты, сақталуы, қалпына келтіруге ұсыныстар, тасымалдау мүмкіндігі, көрнектеу, жарияланым, ғылыми-музейлік мәні сияқты мәліметтер толтырылып, төлқұжат түзушінің және төлқұжатты тексерушінің аты-жөні жазылады. Ең соңында зерттеу нәтижесі қорытындыланып музейлік заттың типтік (типовой), сирек кездесетін (раритет) немесе бірегей (уникум) екендігі көрсетілген музейлік, ғылыми мәні нақтыланады. Ғылыми төлқұжат тек негізгі қордағы музейлік заттарға толтырылады (Дубов, 1999, с. 20-21). Ғылыми төлқұжаттың әр бағанына енгізілген ақпараттың толықтық деңгейі зерттеу нысанына алынған музейлік заттың қаншалықты дәрежеде ғылыми өңделгендігін (зерттелгендігін) аңғартады.

Ғылыми төлқұжатты түзу сөздік, классификаторлар автоматтандырылған есепке алу жүйесі және электронды каталогтау бағдарламалары үшін база болып табылады. Мұндай жүйелі жұмыстар жүргізу арқылы музейдің есепке алу-сақтау, ғылыми-зерттеу және көрме-экспозиция жұмыстарының тиімділігі артады.

Осы тұста айта кетерлік жайт музейлік затты анықтауды сапалы әрі нақты орындау үшін музей маманы сол саладағы түсініктер, ұғымдар мен терминдер, белгілер мен символдар, яғни, «ғылым тілін» (язык науки) меңгерген және зерттеуге алынып отырған нысанның құрамдас бөліктерінің атауларын білуі тиіс. Қарапайым мысал: балтаны сипаттауда «...сабы ағаштан жасалған, басы болаттан құйылған, бір жүзді» деп келетін жалаң сипаттамалар кездеседі, алайда әр бөліктің: сабы, басы, жалманы, шүйдесі, сағағы, бүлдіргісі, бекіткіш темірі сияқты атауы бар екенін де қаперге алған жөн. Сондықтан әрбір музей маманында өз коллекциясына байланысты терминдер, атаулар сөздігінің болуы зерттеудің сапасын, тиімділігін арттырып, уақытты үнемді әрі мақсатты пайдаланудың алғышартын қалыптастырады.

Каталогтау: кітаптық және электрондық. Қазіргі таңда мәдени мұраны сақтау, насихаттау, ғылыми айналымға енгізу үшін музейлік заттардың немесе коллекцияның каталогын жасақтау өзекті мәселелердің бірі. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «... мәдени қазыналарымызды әлем жұртшылығына таныстырудың мүлдем жаңа тәсілдерін ойластыру керек. Мәдени өнімдеріміз тек кітап түрінде емес, әртүрлі мультимедиялық тәсілдермен де шыққаны абзал» (Егемен Қазақстан, 2017) деген жолдар кездеседі. Осы ретте Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі республика музейлерінің арасында 2003 жылдан бастап музей қорындағы коллекцияларды каталогтау ісімен айналысып, көш бастап тұрғандығын ерекше екшеп айтқан абзал. Орталық музейдің қордағы коллекцияларды каталогтау жұмыстары екі бағытта жүргізіледі: кітаптық және электрондық.

Каталогтау музей ресурстарын тиімді басқарудың әрі насихаттаудың жетекші бағыттарының және негізгі түрлерінің бірі, сондай-ақ музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызды бөлігі. Музейлік заттарды, коллекцияларды жүйелеу, зерделеу және каталог ретінде жариялаудың ғылыми-тәжірибелік және танымдық маңызы зор. Каталогтау музей қорында жинақталған артефактілерді ғылыми айналымға енгізуге жол ашады.

Соңғы жылдары музей ісінде компьютерлік техниканы пайдалану жаппай үрдіске айналды. Әсіресе, есепке алу және каталогтау жұмыстарында компьютерлік бағдарламалардың тиімділігі артуда. Орталық музей тәжірибесінде электронды каталогтау «Museolog» электронды бағдарламасын қолдану негізінде жүзеге асып отыр. Қор коллекцияларын сақтау мен насихаттау – музей қорының базасында электронды ресурс құру арқылы есептік және ғылыми құжаттарды жүргізуге, музей ісін жетілдіруге және сапалы жаңа дәрежеге көтеруге мүмкіндік береді. «Музеолог» – музей коллекцияларының электронды каталогтарын құруға арналған компьютерлік бағдарлама, басқаша айтқанда виртуалды түгендеу карточкалары бар электронды каталог (Мишар, 2001, с. 38). 2005 жылдан бастап «Музеолог» электронды каталогының мәліметтер базасына археологиялық, этнографиялық, жаратылыстанулық сипаттағы 23 мыңнан астам музейлік зат енгізілді.

Қандай формадағы каталог болса да ондағы мәліметтер толық әрі нақты зерттелген, реттелген, топтастырылған, ғылыми екшелген, жүйеленген әрі талапқа сай рәсімделген болуы тиіс. Сонда ғана оның ғылыми парқы мен танымдық тағылымы артып, қазіргі заманғы ақпараттық қажеттілікті қанағаттандырады (Щурина, 2011, с.10).

Бүгінгі таңда Орталық музей еліміздің өзге де жетекші ғылыми-зерттеу мекемелерімен тең дәрежеде іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулермен айналысуға мүмкіндік беретін зор ғылыми әлеуетке ие. Бұған музейдің отандық музей ісі тарихында тұңғыш 2005 жылы ғылыми-зерттеу мекемесі ресми мәртебесіне ие болып, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде мерзімді түрде аккредиттелуі дәлел бола алады. Бұл мәртебе ғылыми-зерттеу, ғылыми-қор жұмысы және мәдени-білім беру қызметін жетілдіру мен тиімді дамытуға тың серпіліс берді. Сонымен қатар ғылым мен мәдениет саласына ерекше пәрмен берген «Мәдени мұра» стратегиялық бағдарламасы негізінде бірқатар ғылыми басылымдар жариялады. Осы орайда музейлік құндылықтарды тарихи, тарихи-этнографиялық, археологиялық, антропологиялық, нумизматикалық, деректанулық тұрғыдан зерттеу, ғылыми каталогтау, жарыққа шығару ісін отандық музейлер арасында алғаш рет тәжірибеден өткізіп, жүзеге асырған ҚР МОМ ұжымы екенін баса айтқан жөн.

Орталық музей өз қорындағы коллекцияларды зерттеумен қатар, қазақ тарихы мен мәдениетіне қатысты Ресей музейлерінде сақталған музейлік құндылықтарды анықтау, жүйелеу, каталогтау жұмыстарын әріптестік ынтымақтастық аясында жүргізіліп келеді. Орайы келгенде айта кеткен жөн, қазіргі таңда музей қабырғасында Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне қатысты 20-дан аса ғылыми-қолданбалы жоба жүзеге асырылды. Сонымен қатар этнограф-ғалым, музейтанушы, профессор Нұрсан Әлімбаевтің жетекшілігі әрі ғылыми редакторлығымен орындалып, он мыңнан астам этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларды қамтыған, деректік негіздемесі шынайы дәйектелген ғылыми зерттеу – 5 томдық іргелі этнографиялық энциклопедияны ерекше атап өту керек (Толығырақ: «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі». Энциклопедия. 1-5 т. – Алматы: «Әлем. Даму. Интеграция», 2017. (Толықтырылып, өңделіп екінші басылуы). Аталмыш энциклопедия ұлттық мәдениеттің болмыс-бітімін зерделеуге арқау болатын, танымдық тағылымы өлшеусіз деректерге негізделген. Шетел ғалымдары тарапынан жоғары бағасын алған. Музейлік басылымдардың ғылыми және ғылыми-танымдық тағылымымен қатар, тәжірибелік маңызы да ерекше. Музейлік ғылыми-зерттеу жұмыстарының бастамашысы Нұрсан Әлімбаев: «Өкінішке орай, күні бүгінге дейін Қазақстан

тарихшылары, шығыстанушылары, фольклортанушылары, этнологтары және тілшілері өз еңбектерінде музей материалдарын ғылыми дерек ретінде пайдаланбай келеді. Ал шетелдік ғалымдар үшін музейлік деректерді жан-жақты пайдалану ғылыми еңбектің теориялық-методологиялық өресін қамтамасыз ететін қажетті алғышарттардың бірі болып табылады» (Нұрсан Әлімбаев, 2011, 13 б.), - деген пікірін білдіреді. Мұны халықаралық музейлер тәжірибесі де айқындай түседі.

Мақала барысында сөз болған атрибуциялау, ғылыми төлқұжаттау, оның негізінде ғылыми каталогқа енгізу сияқты дәстүрлі немесе ағымдық деп саналатын жұмыстар, шынтуайтына келгенде, өзіндік әдістемелік негіздемесі мен әдіс-тәсілдер арқылы, ізденіс арқылы кезің-кезеңімен жүзеге асатын күрделі ғылыми жосық.

Әдебиеттер

Атрибуция музейного памятника: классификация, терминология, методика. Серия «Мир культуры, истории и философии». Под ред. И.В. Дубова. – СПб, 1999. – 352 с.

Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 26 сәуір, 2017 ж. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // Егемен Қазақстан. 26 сәуір, 2017 ж.

Дмитриев В.А. О методологии музейной систематики в этнографии / Проблемы классификации, типологии, систематизации в этнографической науке: Материалы Пятых Санкт-Петербургских этнографических чтений. – СПб.: РГПУ им. А.И. Герцена, 2006.

Кучеренко М.Е. Атрибуция фотоисточников в музее. 4-е доп. издание. – Москва, 2009. – 31 с.

Музейное дело России. 3-е изд., испр. и доп. / Под ред. Каулен М.Е., Косовой И.М., Сундиевой А.А. – М.: ВК, 2010. – 676 с.

Музееведение. Под ред. К.Г. Левыкина, В.Хербста. – Москва: Высшая школа, 1988. – 431 с.

Мишар А. «Museolog». Методология создания цифрового каталога музейной коллекции. – 2001.

Система научного описания музейного предмета: классификация, методика, терминология. Науч. ред. И.В. Дубов, И.И. Шангина. СПб, 2003. – 408 с.; илл.125.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы бірегей қолжазбалар мен басылымдар. Ғылыми каталог. Жоба жетекшісі және ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбаев. Иллюстрацияланған, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде. – Алматы: Өнер, 2011. – 328 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-5 т. Жоба жетекшісі және ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: «Әлем. Даму. Интеграция», 2017. (Толықтырылып, өңделіп екінші басылуы).

Щурина Е.Г. Каталогизация музейного собрания. Система музейных каталогов. Подготовка к изданию каталогов музейных собраний / Вестник Кирилло-Белозерского музея. - №21. – 2011. (Электронды ресурс: <http://www.kirmuseum.ru>).

STUDY AND POPULARIZATION OF MUSEUM OBJECTS: STAGES, METHODS (CSM RK as case study)

At first, the author gives definition to the museum terms of exhibit, museum items, item of museum value that even museum employees confuse and explains difference between them.

The article considers and analyzes the main directions of scientific and fund work: the stages and methods of studying and scientific attribution of museum objects, their classification, as well as certification of museum objects. The article also focuses on the cataloging of museum collections as one of the main and effective methods of popularizing historical and cultural heritage. The article presents materials from the fund of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. The article also describes the advantage and the effectiveness of using the electronic catalog "Museolog", in the practice of the Central State Museum of Republic Kazakhstan.

The potential of research work of the Central State Museum, the procedure for scientific certification of museum objects and the experience of cataloging the collections of the fund are also described in detail. The author of the article paid considerable attention to basic requirements for records maintaining. This article is written as a methodological aid for museum workers and curators.

К.О. Жолдасбаева

*Алматы технология-экономикалық колледжі
Алматы қ., Қазақстан
kazizhas@mail.ru*

АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДА ІЗ ҚАЛДЫРҒАН ДАРА ТҮЛҒА – СӘЙДЕН ЖОЛДАСБАЙҰЛЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНЕН ҮЗІНДІ



Дара тұлға деп отырғанымыз Алматы облысы Ұйғыр ауданындағы, Үлкен Дихан «Кеңеш» ауылында, қарапайым шаруаның отбасында дүниеге келіп, Шалкөде жайлауынан күш жинап, Алматы шахарына келіп білімін жетілдіріп, қазақ халқының даму тарихына баса көңіл аударып отырықшы ел екенін сөзбен емес іспен дәлелдеген археолог-ғалым.

Сәйден Жолдасбайұлы 250-ден астам қыстау қоныстарында қазба жүргізді. Жинақталған үлкен материалдар негізінде монографиялық зерттеу жазып, 1996 жылы докторлық диссертация қорғады. Ғалым мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған көптеген оқулықтардың авторы. 2003 жылдан бастап Сығанақ археологиялық экспедициясын басқарып, Отырардан кейінгі Қазақстандағы аса құнды нысанада зерттеулер жүргізуде. Аталған зерттеулер «Мәдени мұра» бағдарламасының қатарына еніп, үлкен нәтижелер беруде. 10 монография, 34 оқулық және 300-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалар авторы. Сәйден Жолдасбайұлы өз өмірін осы археология саласына арнады. Демалу дегенді білмей, демалу бұл менің қазба жұмысында табылған жәдігерлер жиынтығы дейтін. Қазақ халқының отырықшы ел болмаған, олар тұрақ-жай салмаған деген бір жақты, кертартпа негізсіз тұжырымдардың қателігін археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде дәлелдеп, оны тарихи ғылыми еңбек ретінде тарих саханасына шығарған ғалым С. Жолдасбайұлы Жолдасбаев. (Жолдасбайұлы С.Ж. Жетісу тарихы. – Алматы, 1997. – 301-б., 44-60 б., 80-б., 107-108 б., 127-б.)

Онда Жетісу аймағындағы елді мекендердің, қола дәуірінен ХІХ ғ. екінші жартысына дейінгі даму тарихы ғылыми тұрғыда зерттелген. Осы еңбектің мәтіні Қазақстан Ұлттық энциклопедияның үшінші томына Жетісудың тарихи сипаттамасына еніп отыр. Бұл еңбектің ғылым үшін өте құнды екенін байқатады. Ғалым осы бөлімде қазақ халқының елді мекендерін ХV ғасырдан бастап зерттеу үшін ежелгі дәуірлерде осы кең байтақ жерімізді мекендеген ру-тайпалардың елді мекендерін, қоныс жайларын зерттеу арқылы байланыстың қандай дәрежеде болғанын айқындау қажеттігін көрсетеді және ол қоныс-жайлардың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып жатқаны заңды құбылыс деген негізгі мәселенің мәнін ашады. Ғалым өз еңбегін ХV ғасырдан бастамай оны сонау ерте кезден бастаудың өзінің сыры бар екені байқауға болады және ғылыми айналымға түспеген деректерді қолдана отырып тарихтың ашылмай жатқан сырларын ашуға баса көңіл аударған. Бұл еңбектен біз сонау алғашқы қауым кезіндегі адамдардың өмір сүруінің әдіс-тәсілдерінің нақты археологиялық қазба жұмысының нәтижесімен дәлелденгенін көреміз. Оның құндылығының бірі – тарихтағы алғашқы адамдардың тұрақтарынан бастап тарихи кезеңдегі елді мекендерде болған өзгерістерді жүйелі түрде зерттеуі болса, тағы бір жағынан қазіргі кезеңде елді мекендер тарихын зерттеумен шұғылданатын және болашақ ғалымдар пайдаланатын негізгі еңбек болып есептеледі. Ғылыми еңбекте жеріміздегі елді мекендердің ежелгі қола дәуірінен бастау алатынын дәлелдеген энциклопедист ғалым академик А.Х. Марғұланның «*Ерте дәуірдің архитектурасы*», әсіресе қола дәуіріндегі құрылыс ісінің даму кезеңін жүйелі түрде көрсеткен еңбегінде (Марғұлан Ә.Х. Ерте дәуірдің архитектурасы // Қазақстан архитектурасы. Алматы, 1959.) алғашқы қауым кезіндегі құрылыс ісінің дамуына ерекше көңіл аударылған.

Академик Ә.Х. Марғұлан өзінің еңбегінде археологиялық қазба жұмыстарының қортындыларына сүйеніп, құрылыс ісінің өнер дәрежесіне жетіп, өркендей бастауы қола дәуірінің соңғы кезінен бастау алатынын анықтай отырып: «Тарихи топография үйсіндер мен қаңлылардың қыстақ-кенттерінің үш типі болғанын көрсетеді: 1. Қыстақтардың тау өзендердің аңғары мен тау етегіндегі сайларда орналасқан ірі тұрақтар (қыстау). Үйсін тұрақтарының қалдықтары Алатаудың бүкіл етегінде, қазіргі Шелек, Түрген, Есік, Талғар, Алматы, Қарғалы, Ақсай, Қаскелең

қыстақтарының төңірегінде жиі кездеседі. 2. Қыстақтардың екінші типіне толық отырықшы болып егіншілікпен айналысқан қыстақ-кенттер тобы жатады. 3. Қыстақтардың үшінші типі – тайпа одақтарының күшейген дәуірінде туған астана-қалалар» - деп, қоныс жайлардың бөлінгенін ерекшелеп, оларға жеке-жеке түсініктеме беріп, археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған орындарын көрсетеді (Марғұлан Ә.Х. Ерте дәуірдің архитектурасы // Қазақстан архитектурасы. – Алматы, 1959. 81-82 бб. Бұл деректен біз үйсіндер мен қаңлылардың тұрақ қоныстарының болғанын және олардың қандай дәрежеде дамығанын байқадық. Осы қоныс жайды бөлуде кейбір ескеретін жағдайлардың мәніне С. Жолдасбайұлы көңіл аударған, Ә. Марғұланның қала мен кентті екі типке бөлу дұрыс еместігін нақты дәлелдерді келтіріп дәлелдеген.

Ә.Х. Марғұланның «*Ерте дәуірдің архитектурасы*» еңбегіндегі үш түрге бөлінген елді мекендерде жан-жақты сараптама жүргізу арқылы С. Жолдасбаев мынандай қорытындыға келеді: «Қазақтардың сол кезде елді мекендерін археологиялық зерттеу негізінде келесі түрлерді: *қыстау, қыстақ, уақытша қорғандар, кенттер – қалашықтар* деп ажыратуға болады (Жолдасбайұлы С.Ж. Жетісу тарихы. – Алматы, 1997. – 79-80 бб.). Бұдан біз алғашқы кездегі мәліметтерге қарағанда қазақ жеріндегі елді-мекендердің бұлай бөлінуінің өзі қазіргі кезеңдегі этнологиялық, археологиялық, жазба деректер мен ауыз әдебиетіндегі деректерді зерттеудің қарқындап дамуының және осы деректерді дұрыс зерттеп, өз орында қолдана білген ғалымның арқасында деп түсінуімізге болады. Автор елді мекендердің атауларына ерекше тоқталып мынандай пікір білдіреді: - «Халқымыздың тұрақты қоныс-жайларының болғандығын анықтауда, *қыстау, қыстақ, кент немесе қала, шәһәр, қорған, бекініс, қамал, уақытылы қорғандар* сияқты сөздердің өздеріне тән мән-мағынасын толық ажырата білу қажет. Ғасырлар тереңінен, қазақ топырағында жаратылған рутайпалардың өсіп-дамуымен қатар бірге жасап-дамып келе жатқан сөздер. Тұрақты мекен жайлардың әртүрлі атауларының болуының өзі-ақ қазақ жеріндегі отырықшылықтың, ол жартылай немесе тұрақты отырықшылық болсын халқымыздың өзімен көрші жатқан отырықшылықпен айналысатын елдермен байланысының нәтижесінде болсын, кейбір шапқыншылықтың әсерінен Қазақстанға келіп, олардың тұрғындары мен араласудың бір-біріне әсер етудің нәтижесінде болсын, әйтеуір жерімізде тұрақты мекен жайлардың салынғандығы айдай анық» (Жолдасбайұлы С.Ж. Жетісу тарихы. – Алматы, 1997. – 80-81 бб.). Осы айтылғандардан біз қазақ жерінде тұрақты қоныс жайдың салынғанын, елді мекендердің атауларынан анық байқайтынымызды автор нақты көрсетіп берді. Қазақ жерінде елді мекендердің әрқайсысының атауының болуы және ол атаулардың қазірге дейін ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқаны ежелден отырықшы елдің өмір сүргенін анық байқатады. Қазіргі кезеңде қаладағы, ауылдағы кәсіпкерлер мал шаруашылығымен айналысып таулы жерлерде қыстақ-қыстаулар салып онда өмірдің қазіргі кезеңіндегі ғып құрлыстар салып жатқанын білеміз. Елді мекендердің атауының болуы және ол атаулардың қазірге дейін сақталуы, бұл тарихтың тоқтамай үздіксіз диалектикалық даму жағдайында болғанын көрсетеді. С. Жолдасбаев өз еңбегінде осы мәселені зерттей келе негізгі қортындыға келген: «Қыстау мен қыстақтардың дамуы тарихи жағдайға әлеуметтік-экономикалық жағдайларға көп байланысты болған. Егер қыстаудың салынған жері тарихи тұрғындарын әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайын қанағаттандыратын болса ол қыстаққа айналып, ал қыстақ ірі қалалы дәрежеге көтеріліп ірі елді мекендерге айналып отырған. Жеріміздегі атақты ірі қалаларымыз Сауран, Түркістан, Отырар, Тараз, Сайрам сияқты т.б. қалалар өздерінің алғашқы кезін сонда қыстау, қыстақ сияқты елді-мекендерден бастаған. Қыстау – ол уақытша қыстың суық кезінде мекендейтін тұрақ жайлар салынған жерді айтқан. Қыстақ – бір орында тұрақты өмір сүретін шағын елді мекендерді айтады» (Жолдасбайұлы С.Ж. Жетісу тарихы. – Алматы, 1997. 110-111 бб.). Осы археологиялық зерттеу нәтижесінде Оңтүстік Қазақстанда Сауран қалашығының маңайында Шығырлы I, II, Жалғызтам, Сырдария өзенінің бойында Ақтасмешіт, Арасатын Құмы қыстақтары табылған. Бұл айтылған тұжырымнан біз елді-мекендердің даму барысында кішіден үлкенге қарай, саннан сапаға қарай дамудың философиялық заңдылығының бір көрінісін байқаймыз. Қыстау мен қыстақтың даму деңгейіне экономикалық, әлеуметтік, мәдени және саяси жағдайлар әсер ететінін автор өзінің жүргізген археологиялық жұмыстарының нәтижесінде дәлелдеп берді. Сонымен қатар қыстаудың дамуының нәтижесінде ол қыстаққа айналып, ал қыстақ өзінің даму барысында қалалы дәрежеге көтерілген елді мекендерге айналғанын дәлелдеу осы ғалымның жүргізген ғылыми зерттеу жұмысының нәтижесі деп айтуымызға болады.

Қазіргі қазақ жеріндегі ежелгі қалалар Отырар, Түркістан, Сығанақ, Сауран және тағы басқа қалалар да өздерінің даму барысын осындай кішігірім қыстау, қыстақтан бастағаны К. Байпақов, У. Шалекеновтың ғылыми еңбектерінде де дәлелденіп отыр. С. Жолдасбайұлы осы қыстау мәселесін зерттегенде дәстүрлі деректермен қатар ауыз әдебиетіндегі батырлар жырына, мақал-

мәтелдерге, тарихи аңыз әңгімелерге көңіл аударып халықтың өз басынан өткен өмірін сипаттау, осы ауыз әдебиеті арқылы дүниеге келетінін көрсетіп берді. Қазақ халқының арасында таралған аңыздарға, Ә. Қоңыратбаевтың “Қобыланды батыр” жырына ғылыми сараптама жүргізген.

С. Жолдасбайұлының “Қаратау аңыздардары” деген мақаласы ел аузынан жиналған аңыздардағы (Қыз әулие, Ақбикеш туралы аңыз, Қоңыршұнақ аңызы) елді-мекендердің орналасуын археологиялық зерттеулердің нәтижелерімен сәйкестендіре отырып дәлелдеу арқылы, сол көне елді мекендердің атаулары қазірге дейін сол атаумен аталатынын нақты көрсеткен (Жолдасбайұлы С.Ж. Қаратау аңыздары // Қазақ әдебиеті. – 1981, желтоқсан).

Сонымен қатар зерттеліп отырған елді мекендердің өмір сүру кезеңі неге тоқталды деген сұраққа жауап іздейді: біріншіден, жоңғар шапқыншылығы болса, екіншіден, өзбек-қазақ хандарының арасында Оңтүстік Қазақстан жеріндегі қалалар үшін болған талас-тартыстар, үшіншіден, Шығысқа қарай теңіз сауда жолының ашылуы, сол себепті Орта Азия мен Қазақстан арқылы өтіп жатқан Ұлы Жібек жолының маңызы біржола жойылуы. Бұл елді мекендердің қалалық өмірінің тоқталу себебі. Ал қала өзінің өмір сүруін тоқтатқанмен халық кішігірім елді мекендерде, қыстауларда өз өмірлерін одан әрі жалғастырғанын ғалым археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерімен дәлелдеп отыр. Осы дерек жайлы айта келе Б. Кәрібаев «Жер жанаты – Жетісу» атты мақаласында: «Халық ауыз әдебиетінің мәліметтері зерттеп отырған кезеңдегі халықтың жандүниесін психологиясын, сондай-ақ халықты іштен танып білуге мүмкіндік береді. Ал, онсыз жазылған тарих, онсыз зерттелген тарих-жаны жоқ тарих, тарихтың тек сұлбасы ғана» (Кәрібаев Б. Жер жанаты Жетісу // Алаш газеті, – 1997, сәуір) деп ауыз әдебиетінің тарихи зерттеулерге әсерінің өте зор екенін байқатады. Сол ауыз әдебиетіндегі деректер арқылы тарихтағы болған оқиғалар туралы мәліметтер қосымша дәлелге ие болады.

С.Ж. Жолдасбаев қандай мәселені зерттемесін оларды дәлелдеу үшін бірнеше дәлелді себептерді көрсетеді, яғни бұл әдіс-тәсілдің өзі тарихи бір жағдайдың нақты болғанын және дәлелді шындық екенін ғылыми тұрғыда көрсете білген ғалым екенін байқатады. Ол ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры туралы белгілі ғалым, қазақ фольклорын зерттеген маман Ә. Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» - деген еңбегіне (Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. - Алматы, 1987. -142-149 бб.) сүйеніп, ондағы Қобыланды батыр жырының 29 нұсқасы барын, оның сюжетінде көрінетін тарихи желісін беске: оғыз пешене, пешене, ноғайлы, өзбек-қазақ және жоңғар соғысы дәуірлері деп бөлінгені белгілі болғанын көрсетіп, ондай көп нұсқаның болуы бір шындықтың болғандығының бір дәлелі деп есептейді.

Оның еңбегінде Қобыланды батыр жыры қаланы, қыстауды зерттегенде бір дерек көзі ретінде көрініс алады. Мәселен, төменгі шумақтардан қыстаулардың болғанын хабарлайды:

Қыс қыстау Қараспан,

Қараспан көкпен таласқан.

Қыс қыстауы Бұқаржай

Қалың қыпшақ көп ноғай. (Ақсауыт - 1т. Алматы, 1979. 156; 140 б.).

Осы шумақ көкпен таласып тұрған Қараспан, Бұқаржай тауларының етегінде орналасқан қыстаулардың болғанын хабарлайды. Бұл шумақтан қазақ халқының өмірінің бір көрінісін көруге болатынын айтады және осы батырлар жырын жан-жақты зерттеп, археологиялық зерттеулермен сәйкестендіргеннен кейін ғана пайдаланып отырған.

Осы қыстау мәселесінде тағы бір дерек ретінде орыс ғалымдарының еңбектеріндегі мәліметтерді пайдалана білген. С. Жолдасбаев А. Левшинның «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» деген еңбегіндегі (Левшин А. Описание киргиз казачьих или киргиз кайсацких орд и степей. Этнографические известия. Спб., 1832. – 26 стр.) деректерді пайдаланған. А. Левшинның еңбегі жайлы Х. Арғынбаев мынандай пікір білдіреді: - “Левшин еңбегінің басты құндылығы – оның қазіргі күнде із-түссіз жойылып кеткен архив деректері мен ел арасынан тікелей жинаған мағұлматтар негізінде жазылғандығында. Бұл еңбек XIX ғ.басындағы қазақ өмірінің шынайы шындығын жан-жақты сипаттаудың ең жақсы үлгісі болды”(Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. Алма-Ата, 1973. – 12-б.) – деп еңбектің өте құнды екенін және де бұл еңбекті пайдаланбаған ғалым жоқ екенін атап өтеді. Осы еңбектен С. Жолдасбаев пайдаланған дерек: Пастбища обыкновенно бывают у киргизов двоякие: одни летние, другие зимние. Ничем не закрытая, ровная и тучная пажить очень хороша для скота летом, но зимою потребны для оного, в особенности для овец, частные холмы, которые могли бы защищать от бурь и ветров, пески, вбирающие в себя воду, и потому скорее обнажающиеся от снега, камыши и кустарники, служащие в пищу верблюдам и вместе для топки или для согревания пастухов”(Левшин А. Описание киргиз казачьих или киргиз кайсацких орд и степей. Этнографические известия. Спб., 1832. – 26 стр.).

Бұл үзіндіден А. Левшинның қазақ халқының жеріндегі болып жатқан өзгерістерді өз көзімен көрген жағдайларды сипаттап жазу болып табылады. Қазақ халқының қыстауды таңдағанда оның қолайлы болуына баса көңіл бөлгені, мал жайлымының жаз айында да, қыста да бағып отырған малдарының өсіп өну әсеріне де назар аударғаны байқалады.

Автор сонымен қатар Н. Харузиннің «История развития жилища у кочевых и полукочевых тюркских и монгольских народностей России» деген еңбегін дерек ретінде қолдана білген (Харузин Н. История развития жилища тюркских и монгольских народов. 2-е издание дополнительно. - Астана: «Алтын кітап», -2007. - 183 стр., -8-стр., -9-стр., -25-стр., - 36-стр., - 54-55-стр., - 65-стр., - 56 - стр., - 58-стр., - 87 стр) Ол Балқаш бойында қазақтардың ХҮІІІ ғасырда тұрақты қыстауы болып, онда қора-жай салғаны жайлы жазады. Бұл дерек қазақ халқының тұрақты өмір сүргені сонау ерте заманнан келе жатқанын байқататынын көрсетеді.

Шоқан Уәлихановтың «О кочевках киргиз» деген еңбегінде қыстаулардың дамуы мен орналасуына көңіл аударғанын нақты дәлел ретінде көрсетеді (Уалиханов Ш.Ш. О кочевках киргиз. - т.1. - 1961.).

С. Жолдасбайұлы қыстаулардың даму туралы дерек ретінде шығыс зерттеушілері еңбектерін де пайдаланған. Тарихшы Фазлаллах Ибн Рузбихан «Михман-наме йи Бухара» деген еңбегіндегі (Ибн Рузбихан Ф. Михман наме йи Бухара (Записки Бухарского гостя) Перевод предисловие и примечания Р.П.Джалиловой / Под редакцией А.К. Арендеа. Москва, - 1976. – 94-131 стр.) жазбаларды дәлелді зерттеу ретінде пайдалана білген. Бұл зерттеулерді нақтылап көрсетуі қыстаулардың даму барысында ол қалаға айналатынын байқату еді. Сонымен қатар олар тарих беттерінде жазылған отарлау саясатының мәліметтеріне және қазақ халқы таза көшпелі ел деген теорияға қарсы жинақталған дәлелді соққы болып есептеледі. П. Хворостанскийдің «Киргизский вопрос в связи с колонизацией»(Хворостанский П. Киргизский вопрос в связи с колонизацией // Вопросы колонизации, - 1907. - №1, 64-67 стр.), Н.М. Карамзиннің «История государства Российского» (Карамзин Н.М. История государства Российского. - IVт. - Москва, 1903. 31-34 стр.) деген еңбектер қазақ халқы отарлау саясаты кезінде пайда болып, қазақ халқының басқа халық сияқты даму кезеңдері бар екенін мойындамай, қазақ халықын қаралап, өздеріне отарғып ұстауға жеңіл болу үшін де орыс мемлекетінің басқару жүйесінің жүргізіп отырған саясатының бір қыры. Бірақ бұл тұжырымдардың түпкі тамырын шабатын ғылыми еңбектер қазіргі кезеңде молшылық. Осындай еңбектің бірі С. Жолдасбайұлының «Жетісу тарихы» болып табылады. (Жолдасбайұлы С.Ж. Жетісу тарихы. - Алматы, 1997. – 301-б., 44-60 бб, - 80-б., 107-108 бб, 127-б.).

Қазақстан өзінің көп ғасырлық тарихында адамзат қоғамының ғылыми және мәдени өміріне елеулі үлес қосты. Қазақ халқы тәуелсіздігіне қол жеткізген уақыттан бері тарих ғылымы үлкен өзгерістерді бастан кешіріп отыр.

Ол қазақ халқының ғасырлар бойы армандап, аңсап келген егемендігіне қол жеткізген күннен бастап, Қазақстанның тарих беттері құнды да маңызды, сарапталған, дәлелді зерттеулермен толыға түсті. Әсіресе, ұзақ жылдар бойы жинақталған этнографиялық, археологиялық материалдарды сараптаудан өткізу нәтижесінде, қазақ жеріндегі сонау ерте кезеңдегі даму үрдісі кейінгі кезеңдерде өзінің жалғасын тауып эволюциялық дамуда болғандығы нақты дәлелденіп тарих ғылымы жаңа материалдармен толыға түсті.

Ғалым, ұстаз, тәлімгер, әке, бауыр, аға, қамқоршы, дос – барлық әлеуметтік ролдерге ие болған дара тұлға туралы ғалымдардың естелік беттерінен үзінді келтіріп отырмын.

К. Байпақов Академик НАН РК доктор исторических наук, профессорда өз естелігінде Сәйденов Жолдасбаев туралы былай дейді: «С.Ж.Жолдасбаев по итогам работ выпускает многочисленные научные и научно-популярные статьи, а в 2008 г. издает фундаментальную монографию «Город Сыгнак» на казахском, русском, турецком и английском языках. Это важный вклад в историографию науки Казахстана.

В заключении очерка о научной, педагогической и общественной деятельности С.Жолдасбаева необходимо подчеркнуть, что его огромный интерес к археологии, проявленный еще в студенческие годы, до сего времени сохранился и позволяет активно проводить археологические исследования памятников. Он защитил диссертацию на ученую степень кандидата, а затем доктора исторических наук, получил звание профессора, был избран академиком «Академии истории и общественных наук». Его научные работы получили признание в научном сообществе Казахстана, ближнего и дальнего зарубежья. Много сил и энергии вкладывает академик С. Жолдасбаев в развитие исторической науки Казахстана и в образовательный процесс. Как педагог, наставник, учитель он подготовил плеяду талантливых ученых. И сейчас он полон сил, жизненной энергией, творческих

планов, являясь одним из лидеров исторической науки, активным полевым археологом, открывающим новые страницы древней и средневековой истории и истории культуры Казахстана». (Профессор Сәйден Жолдасбайұлы Жолдасбаевтың 75-жылдығына арналған Ғылыми конференция материалдары. «Тұран-2011» 3-бет).

Тотай Тұрлығұл – Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор: Сәйден Жолдасбаевтың оқулық жазған кезіндегі естеліктері: «С.Жолдасбаев егеменді еліміздің жастарын жаңа буын оқулықтарымен қамтамасыз етуде ойдағыдай еңбек етті десем артық айтқан болмаймын. Автордың оқулықтары орыс, ұйғыр, өзбек тілдеріне де аударылып үш рет баспадан жарыққа шығып бүкіл еліміздің мектептерін қамтамасыз етіп отыр. Оқулықтарындағы айтарлықтай және бір артықшылықтары оқулықтың соңында уақиғалары, тарихи терминдері, ортағасырлық қалалар мен сәулет өнерінің ескерткіштері, орта ғасыр саяхатшылары мен зерттеушілерінің және негізгі әдебиеттердің тізімдері берілген. Бұл оқытушыларға, оқушыларға өте пайдалы. Мұндай ең қажетті нәрселерге көптеген авторларымыз көңіл бөлмей жүр, ал бұл шындықта өте қажет. С.Жолдасбаев өзінің бар ғұмырын жаңа буын оқулықтарын жазуға үш сыныпқа (7,10,11) арнады». (Профессор Сәйден Жолдасбайұлы Жолдасбаевтың 75 жылдығына арналған Ғылыми конференция материалдары. «Тұран-2011» 9-бет).

Құлбек Ергөбек, профессор. Сәйден Жолдасбаев туралы баспасөз беттерінде өз естеліктерін жариялап, құнды деректерді көрсетеді. «Сығанақ сыры – қазақтың орта ғасырдағы сыры. Сығанақ сыры – өнген, өркен жайып өскен, өскен де салғырттықтан, алауыздықтан құлаған, қираған қала, өшкен, өлген өркениеттің мұңды, шерлі жыры! Тым ұзамай, біз ол тылсым сыр, тарих жырын археолог аға жортуылынан, қалам жорғасынан естіп қанығармыз...Біздің әл-әзірге білетініміз – профессор Сәйден Жолдасбайұлы бастаған археологиялық шоғыр қазақ хандығының алғашқы астанасы болған – Сығанақ қаласының солтүстік-шығыс беткейіндегі «қақпаны» ашты. «Қақпа» – Сығанақтың ортағасырлық кенттік өмірінен бірсыпыра мәлімет бергендей. Демек, қазақ сол XIV ғасырда бірыңғай көшпелі емес, отырықшы ел!Ендігі бір археологиялық олжа – «кесененің» ашылуы. Аршылып тазаланған төрт бөлмелі «кесене» – Ежен хандыкі деп отыр, Сәйден аға. Оны жан-жақты дәлелдеп археологиялық есеп, есептен туындатып мақала жазды. Олай болса, Сығанақ – қала, қаланы мекен еткен халық, халықты қырық уәзірімен ақылды басқарған ханы бар! Ежен хан тұсында Ел екенбіз-ау кәдімгідей. Кәдімгідей ел екенбіз. Суық сөз қайдан сыпсындады? Ынтымақ көздеген ырыс қалай шайқалды? Бәрі де көрші отырған «Жаман көздерден», қазақ байлығына ішегін тартқан сұқтан басталған шығар-ау! Ғұлама жылдар парағын судырлатқанда тарихи себеппен жабылып кетіп, көз жасына иленген үйіндіге айналған, енді қайта аршылып ғылыми жаңалық райында қайта ашылған «Кесененің» бізге айтары аз болмаса керек.Тағы бір археологиялық ашылым – «ғибадатхана». XIV– XV ғасыр болып межеленген 9 (тоғыз) бөлмелі «ғибадатхана» құран оқитын бөлмелер мен қадірлеп кісі жерлейтін сағаналардан тұрады. Бұл енді шәрлік мәдениет қана емес, үлкен өркениет көрінісі. Сәйден аға, әсіресе, көзге көрінетін, көңілді демдендіретін осы үш нысан бойынша әңгімелей бастаса кісі тоқтатып болмайды». (Ергөбек Қ. Байылдыр аға жайлы баян (тарихшы ғалым Сәйден Жолдасбаев туралы сыр). Бейне Трояны іздеген Шлиман секілді // Евразия. 2007. № 20 (127).

Берекет Кәрібаев – тарих ғылымының кандидаты, профессор, академик, тарих ғылымдарының докторы, академик Сәйден Жолдасбаев жайлы естеліктерінен үзінді: «С.Жолдасбайұлының, «Жетісу тарихы» (XVI-XVIII ғ.ғ.) атты монографиясы Жетісудың XVI-XVIII ғасырлардығы тарихына, оның ішінде аталған аумақтың көрсетіліп отырған тарихи кезең ішіндегі саяси дамуы мен тарихы, материалдық мәдениеті мен экономикалық жағдайы мәселелеріне арналған. Осы еңбек арқылы Жетісу тарихы сонау ежелгі заманнан жаңа дәуірге дейін (XIX ғасырға дейін) зерттелді деп нық сенімен, толық айтуға болады. С. Жолдасбайұлы кәсіби тарихшы-археолог ретінде 30 жылдан аса Жетісу өңірінің материалдық мәдениетін, дәлірек айтсақ, аумақтың қоныстарын, қыстауларын, тұрақ-жайларын, яғни отырықшылық мәдениетінің мәселелерін зерттеген елімізге белгілі тарихшы. С.Жолдасбайұлының «Жетісу тарихы» - Қазақстанның тұтас бір тарихи- географиялық аймағының ортағасырлар мен жаңа ғасыр аралығындағы тарихын байланыстыратын, екі дәуірді жалғастыратын көлемді зерттеу еңбек дейміз» (Профессор Сәйден Жолдасбайұлы Жолдасбаевтың 75-жылдығына арналған Ғылыми конференция материалдары. «Тұран-2011» 15-бет).

Хазрет Тұрсүн – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент А. Ясауи атындағы ХКТУ. Сәйден Жолдасбаев туралы естеліктерінен үзінді: «Еліміздің саяси тәуелсіздік алғанына биыл 20 жыл толып отыр. Осы кезеңде қоғамдық өмірдің барлық саласында реформалық өзгерістер іске асты. Сондай өзгерістер тарихи танымда да іске асуда, жоғарыда аталған отарлық сананы сілкіп тастап. тәуелсіз тарихи сана қалыптастыру бағытында тыңға түрен салған тарихшы ғалымдардың бірі – тарих

ғылымдарының докторы, профессор Сәйден Жолдасбайұлы. Тарих ғылымының нәтижелері - тарихи танымды қалыптастыруға қызмет жасайды. Ал тарихи таным қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени рухани құндылықтарын қалыптастырады. Ғылыми ойдың тезінен өтіп, адамдардың саналы іс-әрекетіне түрткі болатын құндылықтар қоғамның кезкін-келбетін, даму бағыттарын айқындайды. Бұл тұжырымдар жалпыға мәлім ақиқат. Осы ақиқаттың мойындалуында екі айырым жол бар. Оның бірі - ұлттық тарихты жалпы адамзат тарихының контекстінде бағалау; екіншісі – жалпы адамзат тарихын ұлттық тарих контекстінде тану. Осы күрделі формуланың мәні салыстыра айтқанда сауатында жат тілде ашып, сонан соң барып ана тіліңді меңгеру немесе керісінше. Кеңестің қоғамның тарих ғылымы алдыңғы бағыт бойынша қалыптасты. Алдымен жалпы адамзат тарихын біл, содан соң барып өз тарихыңды таны! Бұл постулаттың ұлттық дүниетанымды, онын даралық болмысын күйретудегі ықпалы көп болды. Мектепте жалпы адамзаттық тарихи мазмұн негізінде қалыптасқан таным жас ұрпақтың бойына ұлттық нигилизм дәнін септі. Ал жоғары оқу орындарындағы тарих курстары барынша саясиландырылып, таптық-партиялық қағидалардың шеңберінде біржақты дамыды. Осындай жағдайда білім алған жоғары білімді тарихшы маманның ұлтшыл- интернационалист болып шықпаса лажи қалмады. Осыған байланысты тарихи танымды мынадай парадокс қалыптасты: жалпы адамзат тарихын жақсы білесің, ал өз ұлтыңның тарихын шала білесің немесе мүлдем білмейсің! Бұл – отарлық сананың типтік үлгісі болатын.

Сәйден Жолдасбайұлы – археолог, тарихшы ғылым ғана емес, ол сонымен бірге орта мектептер мен ЖОО тарих пәнінен оқулық, оқу құралдарын жазып, оқу хрестоматияларын дайындаған методист ғалым да. Оның жоғары оқу орындарына арналған алғашқы оқу құралы (Қазақтардың жартылай отырықшылық мәдениеті 1998) ғылыми зерттеулер мен білім беруді тең ұстаған ұстаз-ғалымның үлкен теориялық және әдістемелік дайындықпен жарық көрген оқулық (Жолдасбайұлы С. 2010) оның ұзақ жылдарғы еңбегінің жемісі». (Профессор Сәйден Жолдасбайұлы Жолдасбаевтың 75 жылдығына арналған Ғылыми конференция материалдары. «Тұран-2011» 18-бет). Қазіргі кезеңде оның жасаған еңбегін жалғастырушы шәкірттері жалғастырып мақсаттарын орындау үстінде.

Д.М. Жолдасбаева

ҚР Мемлекеттік орталық музейі

Алматы қ., Қазақстан

dameter1980@mail.ru

СӘЙДЕН ЖОЛДАСБАЙҰЛЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША ӨМІР-ДЕРЕК (ағайын-туыстарының естеліктері негізінде)

2021 жылдың 27 наурыз күні бүкіл Жолдасбай әулеті кара жамылды. Өйткені бұл күні осы әулеттің тұңғышы Сәйден Жолдасбайұлы (1936-2021) дәм-тұзы таусылып, түс қайта бес күн жалғаннан озған еді. Өмірінің соңғы кездері ауруы асқынып, төсек тартып, беймаза күй кешкен академик, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәйден Жолдасбайұлы келместің кемесіне мінді (Қазақстан ғалымдарының..., 2011, 12 б.). Санаулы күндерден соң, яғни 26 мамырда торқалы жас 85 толатын еді... Өкінішке орай бұл күнге жету оған бұйырмапты. Аз жас жасаған жоқ, Жаратушының пешенесіне жазған ғұмырына шүкіршілік етсек те бәрімізге мейірімін төгіп, асқар тау әкеміздей болған көкеміздің өлімі жанымызға қаты батты...

Біз Жолдасбай әулетінің немерелері Сәйден ағамызды «көке» деп өстік. Бұл естелік мақаламда мен көкемнің ғылым жолына емес, оның ғұмыр жолының кейбір кезеңдерін, яғни балалық шағына, тәлім-тәрбие алған отбасына, ағайын-туыс арасында өткізген өмірінің кейбір сәттері мен тұстарына тоқталғанды жөн көріп отырмын. Себебі оның ғылыми ортадағы қызметі мен шығармашылығы жөнінде әріптестері тарапынан аз жазылған жоқ, әрі оқырман қауымға көбі мәлім (Кәрібаев, 2016, 10 б.).

Көкемнің балалық шағы ауылда, Шалкөде жайлауында өтті. Атамыз Іліпбаев Жолдасбайдың тұла бойы тұңғышы Сәйден көкем дәлірек айтсақ 1936 жылы 26 мамырда Алматы облысы Ұйғыр ауданы Үлкен-Дехкан «Кеңеш» ауылында дүиеге келеді. Атам Іліпбайұлы Жолдасбай 1912 жылдың қақаған қаңтар айында (күні белгісіз) туылып, 1972 жылдың 23 тамызында 60 қараған шағында қайтыс болған (Сурет 1). Әжеміз Іліпбаева Күпәш Жұмабекқызы 1914 жылдың қаңтарында (күні белгісіз) туылып 1991 жылы 17 ақпанында 77 жасында дүниеден өткен екен. Атамыз екі ағайынды болыпты. Жолдасбай мен оның Серікбай деген ағасы бір кіндіктен тарапты. Серікбай Кеңес үкіметі

тұсында колхоздың ауылсоветінде қызмет еткен. Ал Жолдасбай соғыс кезінде «жұмысшылар батальонының» құрамында темір жолда (Ресейдің нақты қай жері екені белгісіз) қара жұмыс атқарады. Ол аяғына темір түсіп ауыр жарақат алған соң, демобилизацияға түсіп ауылға қайтады. Бұл қазақтың бетке ұстар зиялы өкілдерімен қатар хат танитын көзі қарақтыларының да жаппай қуғындауға ұшыраған репрессия кезі болса керек. Қуғын-сүргіннің зардабын тартып әбден шошынған халық бір-бірінің үстінен домалақ арызды қарша боратып жатады. Сондай бір кезекті арыз-шағым Жолдасбайдың ағасы Серікбайдың үстінен түседі. Бұл жайсыз хабарды ести сала Жолдасбай оның арты ату жазасы екенін тез түсінеді. Дереу қимылдап, амалын тауып, ағасын көрші ел Қытай асырып жібереді.

Арасында Жолдасбай шекара асып ағасына барып көріп тұрыпты. Кейін жағдай мүлдем киындап кетеді. Сол кездерде Кеңес үкіметі мен Қытай мемлекеті арасындағы шекараның қазіргідей ешқандай қоршауы болмапты. Күніне атқа мінген бір-екі шолғыншы солдаттар ғана қарауылдапты. Оның үстіне олар мекендеген Кеңеш ауылы таулы аймаққа жатқандықтан екі ел арасында барыс-келісті іске асыратын құпия жолдар көп болса керек. Кейіннен шекараға қоршау қойылып, күзеті күшейтілген соң екі ел арасындағы алыс-беріс пен адам қатынасы күрт нашарлап кетеді. Бір жағы Советке келсе қайта ұсталынатынын жақсы түсінген Серікбай сол Қытай жерінде қалып қояды. Қытайда Серікбайдан Қанша деген қыз және Қонысбай деген ұл балалар тарайды. Жұбайының аты белгіз. Кейін қызы Қанша тұрмысқа шығып, күйеуімен осы жаққа көшіп келіп, Алматы облысы, Шелек жақтағы Қорам деген ауылда тұрақтап қалады.

Ал Күпәш әжеміздің отбасынан үш қыз, екі ұл бала өрбіген екен (Сурет 2). Әкелері Жұмабек қызметтегі адам болған. Ол да Советте қалса түбі бір ұсталынатын біліп Қытайға өтіп кеткен. Ал Күлімхан деген әпкесі осында қалған. Сол Күлімхан Жолдасбайдың атастырып үйлендірген бірінші жары болыпты. Яғни Күпәш әжеміз көкемнің туған анасы емес. Сөйтіп Жолдасбайдың бірінше әйелі Күлімхан әжемізден Сәйден көке туады. Күлімхан әжем қайтыс болғаннан кейін Жолдасбай атам өзінің балдызы Күпәш әжемді екінші әйелдікке алуға араға туысқандарды салып ұсыныс жасайды. Онсызда бір алыстау жамағайындардың қолында жүріп қалған туған әпкесінің ұлы кішкентай Сәйденді жетімсіреткізгісі келмеген Күпәш әжемізде бұл ұсынысқа қарсы келмеген екен. Ал Күпәш әжеміз Жолдасбайдан 10 құрсақ көтереді, жеті ұл, үш қыз. Олар: Мақаш (3-4 жас кезінде, ангина ауруынан шетінеп кеткен), Манас, Жарас (2017 жылы марқұм болды), Сайдал, Мелісқан (бесікте жатқан кезінде үйге бұзау кіріп кетіп, су ішем деп шелекке басын тығып шығара алмай, мөңіреген, соның даусынан шошып, шетінеп кеткен), Данышпан (2014 жылы марқұм болды), Төлеген, Керімжан, Тілеужан, Қайыржан (Сурет 3).

Сәйден Жолдасбайұлы 1946-1955 жылдар аралығында Ұйғыр ауданы Кіші-Дихан ауылындығы «Октябрь» орта мектебін бітірді. Сәйден аға артынан ерген іні-қарындастарына өте бауырмал болады. Олардың дұрыс тәлім-тәрбие алып, оқуға түсіп білім алуларына, жалпы өмірде адам болып қалыптасуларына көмегін көрсетіп, ағалық ақылын айтып отырған. Осылайша інісі Жарасты бесінші сыныптан кейін сол кездерде Алматы қаласындағы жалғыз қазақ тілінде сабақ беретін №12 мектепке орналастырады. Сол Алматыда тәуір білім алған Жарас інісі Іле ауданында, кейін Алматы облысында сот болып лауазымды қызмет атқарады. Сәйден ағамыздың көзі тірісінде Жарас інісінің арқасынан қағып, үмітімді ақтаған інім осы деп марқайып отыратын. Сонымен қатар тетелес өскен кенже інілері Тілеужанды ҚазПИ-дің, Қайыржанды ҚазМҰУ-дің тарих факультеттеріне оқуға түсіріп, білім алуларына жол ашады. Ол ағайын-туыстың арасында ең үлкені болғандықтан әкесінің өлімінен кейін артында қалған іні-қарындастарын өз қамқорлығына алу жауапкершілігін жақсы түсінеді. Кішіге болысуды «әкелік парызым» деп ұққан ол інілерін үйлендірген кезде де туысқандар қуаныштарының басы-қасынан табылады (Сурет 4).

Сәйден Жолдасбайұлының інісі Сайдал Жолдасбайұлы өзінің ағасы жайлы: – Ағам Сәйден 1963 жылы Алматыдағы С.М. Киров атындағы Мемлекеттік университетті бітіріп келгеннен соң, ауылда мұғалім болып жұмыс істеді. Жаңадан өсіп келе жатқан ауыл жастары кешке «бұғынбақ», «атыспақ» ойындарын ойнайтын. Сол жастарға ағамыз: «Сендер осылай күнде сабақты ысырып қойып, күні-түні ойын қуасындар. Бұлардың дұрыс емес, адам болғысы келетін кісі уақытын босқа өткізбейді. Келешекте жоғарғы оқу орындарына түсулерің керек» деп ағалық ақылын айтып, жанашырлық танытып отырады екен. Ауылда әкеміздің қоржын үйі (кішкентай там) болатын, осы үйдің алдынан Сәйден аға үлкен үй салуға бел буады. Мұғалімдік жұмыстан қолы қалт еткенде өз күшімен үй салуға кіріседі. Тіпті балшықты өзі езіп, жалаң аяқпен айдап, арнайы қалыппен «шешенше» құйып алып, тынбай еңбек етіп, үлкен үй салуды бастайды. Ол кезде балалардың бәрі ер жетіп, өсіп келе жатты, киім-кешек тапшы болды, үйді салып бітіруге қаражат жетпегендіктен әкеміз (Жолдасбай) 10-15 жыл бақпай кеткен колхоздың қойын қайта бағуды жөн көреді. Сөйтіп,

Сәйден аға 1968 жылы үйді салып бітіріп, оны әкемізге тапсырады. Өзі бағы жанып, аспирантураға түсіп Алматыға кетеді..., – деп өз естелігін баяндап берген еді (Сурет 5).

1980 жылдың мамыр айында көкем мен інісі Жарас ауылға барып, Манас пен Сайдал інілерін Алматыға көшіру туралы Күпәш әжемізбен ақылдасады. Бұл ниеті інілерін де қалаға жақын тұрғызып, олардың балаларының, яғни біздің Алматыда оқу оқып, білім алуымызға көмектеспекші болған ойынан туындаса керек. Ағайын-туыс арасындағы келісімді мәміледен кейін менің әкем Манас Кеңеш аулындағы өзінің кішігірім үйін сатып, дәл сол ауылдағы Сәйден көкеміз салған қара шаңыраққа көшіп барады. Ал сол әкеміздің қолында тұрған Сайдал ағамыз жанұясымен Алматыға көшіп келеді. Бастапқыда басында баспана болмағандықтан уақытша Сәйден көкеміздің үйін паналай тұрады. Кейінірек қала төңірегінен тұратын қолайлы жер іздейді. Нәтижесінде Іле ауданы, 12 декабрь ауылы, Школьная көшесінен кішігірім екі бөлмелі жер үй табылып, сол жерге қоныстанады. Ал, ауылда қалған Манас інісі өзіне үй саламын деп бірсыпыра жылдар бойы жинаған дайын құрлыс ағаштарын Сайдал інісіне береді. 1982 жылдың мамыр айында Сайдал інісі төрт бөлмелі үйін салып бітіргеннен кейін әкеміз Манас ауылдағы қара шаңырақты (Сәйден көкем салған) 6000 сом рубльге сатып, сол қаражатқа Сайдал інісі тұратын көшеден дайын алты бөлмелі үйді сатып алады. Кейіннен біздің қасымызға әкемнің Данышпан деген қарындасы да отбасымен көшіп келеді. Осылайша бір әулеттен тараған ағайынды үш отбасы бір ауылда, бір көшеде қазіргі уақытқа дейін тұрып келеді.

Сәйден көке әскерден (әскери борышын Калининград қаласында өтеген) келіп, ауылда әртүрлі қара жұмыстар істеп жүрген кезінде өзінің ауылы Кеңеште тұратын Жайнақан деген қызға үйленеді. Екеуінен дүниеге Асылжан деген тұңғыш қызы келеді. Кейінірек студент болғанда Алматыда отбасымен бірге тұрады. Жайнақан жеңгеміз кондитерлік фабрикада жұмыс істеген екен. Үлкен қалаға үйренісе алмаған жеңгеміз, «ауылды сағындым» деген сылтаумен, қайта-қайта төркіне кетіп қала беретін болыпты. 1963 жылы көкем оқуын бітіріп, ауылға барған кезде, екеуі еш ренішсіз, өз шешімдерімен айырылысып кетеді....

Сол кезеңдерде Кеңес үкіметі халық арасында орыстандыру саясатын тереңдетіп жүргізу үшін шалғайдағы ауыл мектептерінің оқушыларына орыс тілі мен әдебиетін үйретуді желеу қылып, жаңадан оқу бітірген жас мамандарды ауылға жіберетін. Осындай мақсатта қаладан үш қыз Кеңеш ауылына келіп, мектепте сабақ береді. Сондай бір сәттерде Сәйден көке болашақта екінші әйелі болтын Галина Григорьевна жеңгемізбен танысып, бір мектепте қызметтес болады. Олар 1965 жылы сөздері жарасып, отау құрады. Ауылда тұрған жылдары Сәуле, кейін аспирантураға түсіп Алматыға келген жылдары Тамара және Серік (егіз) деген ұл-қыздары дүниеге келеді. Өкінішке орай С. Жолдасбайұлы бұл жеңгемізбен де дәм-тұздары жараспай өзара у-шусыз ажырасып кетеді....

1982 жылы көке Майра жеңгемізге үйленеді. Сол жылы Дәурен деген кенже ұлдары туылып, өмірінің соңғы күндеріне дейін осы отбасымен тұрады. С. Жолдасбайұлы барлық балаларын теңдей жақсы көріп, әкелік мейірімін көрсетіп, қарайласып отырған. Жоғары білім алған ұрпақтарының барлығы қазіргі таңда өз салалары бойынша қызмет атқарып келеді. Әрі әр қайсысы бір-бір отбасын құрап, балалы-шағалы болып өсіп өніп отыр. Көкеміз Сәйден Жолдасбайұлы (1936-2021) көзі тірісінде жоғарыда аттары аталған ұл-қыздарынан (үш қыз, екі ұл) 14 немере, 2 шөбере сүйіп өтті....

Мен 1997 жылы мектеп бітіргеннен кейін, ҚазМҰУ-нің шығыстану факультетіне емтихан тапсырдым, бірақ түсе алмадым. Сол кезде көкем мені өзінің досы ғалым, филология ғылымдарының докторы Файзолла Оразаевтың Алматы Халықаралық мамандықтар институтына оқуға түсуге кеңес беріп, осы аталмыш жоғарғы оқу орнына алып келді. Сөйтіп мен осы институтқа емтихан тапсырып, ақылы түрде оқуға түстім. Студенттік шағымның бірінші курсында көкеміздің үйінде тұрдым. Медеу ауданы, Орманова көшесінде оналасқан үй институтқа жақын болды. Жер үйдің алдында кішігірім бақшасы бар болатын. Көкем жүзім, алма, шие ағаштарын өсіріп, күтіп баптап, көкеністер отырғызып, өнім алатын. Үй құстарынан тауық асырайтын. Көкем тумысынан өте қарапайымдылығы және еңбекқорлығымен ерекшеленді. Ғылымнан бөлек үй шаруасына да өте бейім еді....

Жолдасбай әулетінің тұңғышы Сәйден көкенің өмір жолы, шығармашылығы және қызметі жөнінде тың деректер әлі де жазыла жатар деп ойлаймыз. Ол уақттың еншісіндегі нәрсе. Ағайын-туыстың басы қосылған түрлі жиындарда көкеміздің әңгімесін тыңдап, батасын алып өскен ұрпақтары біз үшін ол кісі қандай өмір сүрсе де оның әрбір сәті ғибрат әрі қымбат (Сурет 6). Өкінішке орай көкемізбен бірге енді ондай бас қосулар болмайды, тек ғана ұмытылмас өсиет сөздері ғана естелік болып қалады. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын жан көкешім!

Әдебиеттер

Кәрібаев Б. // Егемен Қазақстан. 2016. №105. 3 маусым, 10 б.

Қазақстан ғалымдарының библиографиясына қатысты материалдар. Сәйден Жолдасбайұлы Жолдасбаев. Түркістан: Тұран, 2011. 125 б.

A BRIEF LIFE-FACTS ABOUT SAIDEN ZHOLDASBAYULY

Author Zholdasbayeva Dameter, in her article which named «A brief life-facts about Saiden Zholdasbayuly» told about her relative academician, doctor of historical sciences, professor Saiden Zholdasbayuly who is her father's old brother's childhood, family and some moments which spend among his brothers and sisters. Some information of this article are taken from the memoirs of his relatives.



1-сурет
Іліпбаев Жолдасбай



2-сурет
Іліпбаева Күнәш ұлдары Сайдал мен Төлеген



3-сурет
Іліпбаев Жолдасбай отбасымен



4-сурет
Жолдасбайұлы Тілеужанның тойынан естелік

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

Ноғайбаева М.С. Кіріспе сөз.....	3
Әлімбай Нұрсан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейіне 190 жыл.....	4

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТИ ҚЫРЫ ЖӘНЕ ЕУАЗИЯ АРХЕОЛОГИЯСЫ

Тілеукабыл Ж.Ж. Солтүстік-Шығыс Арал маңында орналасқан ежелгі дәуірдің археологиялық ескерткіштері.....	6
Баянова Ж.К. Строительство архитектуры Ботайского жилища.....	10
Төлеубаев Ә.Т., Шакенов С.Т., Ермағылов А.Е. Тарбағатайдағы қола дәуірінің Сабырбай қорымында жүргізілген зерттеу жұмыстары.....	14
Мерц И.В., Рогожинский А.Е. Андроновское поселение Елеке сазы в Тарбагатае.....	23
Марсадолов Л.С. Сакральные пути для живых и мёртвых в I тыс. до н.э. (по материалам курганов и петроглифов Центральной Азии)	27
Ямаева Е.Е. Солнечная тамга алтайцев и изображения колесниц на скалах: в контексте интерпретации материалов пазырыкской культуры Горного Алтая.....	44
Кариев Е.М., Самратова Д.Б. Основные этапы научного поиска в археологии (в свете некоторых аспектов общенаучной методологии и исторического источниковедения)	48
Подушкин А.Н., Мякишева О.А. Работы Культобинского отряда археологической экспедиции Центрального государственного музея РК в 2013 году	55
Қалыш А.Б., Аққалиева А.Ш. Письменные источники о сарматских племенах в трудах античных авторов	70
Утубаев Ж.Р., Сүйіндікова М.Қ. Бәбіш мола кешенінің керамикалық материалдары (2020 жылғы қазба бойынша)	76
Утубаев Ж.Р., Шағирбаев М.С. Бәбіш мола қалашығынан табылған жануар сүйектерінің археозоологиялық талдаулары (2020 жылғы материалдар бойынша)	83
Мякишева О.А. Исследование усуньских курганов на могильнике Актерек (материалы археологической экспедиции Центрального государственного музея РК)	93
Ерсариев А.М. Жетісу ежелгі көшпелілерінің қару-жарақ коллекциясы (Актерек қорымы материалдары негізінде ҚР МОМ қорынан)	99
Худяков Ю.С., Борисенко А.Ю. Характерные особенности военного искусства древних тюрок в период образования Первого тюркского каганата.....	104
Шайкен Ж.А. Древнетюркская каменная архитектура степной зоны.....	107
Bahar Hasan Memorial tomb of Bilge khan and turkish Archeology.....	112
Торежанова Н.Ж. Полевые археологические исследования кургана №10 могильника Актерек (материалы археологической экспедиции Центрального государственного музея РК)	120
Айтқали А.К., Жунисханов А.С., Исин А.И., Рахманкулов Е.Ж. Курганы Қарасу-Үштөбе.....	124
Хасан Аксой Наскальные рисунки в историческом процессе: оценка значительных этапов дифференциации	129
Ақымбек Е.Ш., Шағирбаев М.С., Нұрғали Н.Б. Шу өңірінен жаңадан ашылған ортағасырлық төрткүлдер (2018–2020 жылдардағы зерттеу жұмыстары бойынша)	137
Молдахмет А. Ортағасырлық Қышқала (Баршынкент): эпостық деректерде.....	151
Рахимов Н.Т. Полевой сезон в период пандемии: раскопки в крепости Худжанда.....	154
Жұмай Г. Жетісу өңіріндегі қалалық мәдениет және ортағасырлық ескерткіштер	160
Петров П.Н., Брагин А.О., Шокай Е.Т. Куйрыктобинский клад серебряных тимуридских монет начала XV века.....	163
Сүлейменов А.Б. Қазақстандағы музыкалық аспаптар археологиясы мәселелері.....	173
Гильманова Н.Ф. Возрождённый из руин.....	175
Полев Е.В., Дикий Я.В. Научное наследие Е.А. Хамзиной в археологических коллекциях ИМБТ СО РАН.....	180
Нуржанов А.А., Шағирбаев М.С. Археозоологические исследования костных остатков из средневекового городища Кастек (по материалам раскопок 2020 г.)	185
Суатаева Д.С. Ортағасырлық Талғар қалашығынан шахмат тасының табылуы мен зерттелу тарихы	193
Сатаева Б.Е. Ортағасырлық Рахат археологиялық кешенінен табылған қыш бұйымдардың жасалу ерекшеліктері мен атқаратын қызметі (2020 жылғы археологиялық қазба жұмысының есебі негізінде).....	197

ЭТНОГРАФИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

Әлімбай Нұрсан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі қорындағы Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығына байланысты бес түпнұсқа-қолжазбалар жөнінде	206
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-----

Курбанова М.Б. Традиционные мясные блюда Бухарского оазиса как фактор взаимодействия оседлых и кочевых культур (конец XIX в. – начало XX в.).....	215
Шалманова А.Б. Қандастардың қазақстандық қоғамда бейімделуі (Ақтөбе облысы мысалында).....	221
Чадамба Л.Д. Историко-культурное наследия Тувы: проблемы изучения и сохранения	225
Курбанов Ф.Г. История суфизма в музейных экспонатах.....	228
Омарбеков Т.О. Қазақ ру-тайпаларының ұрандарына айналған символдық тарихи тұлғалар.....	232
Батырева С.Г. Традиционное жилище калмыков в призме мировидения номадов	237
Ермекбаева А. Этнографиялық коллекцияның қорлану үрдісінің бастауы, бағыттары және құрамы.....	241
Зунунова Г.Ш. «Вещный мир» узбеков: локальные практики гендерного форматирования	245
Ескекбаев Д. XX ғасырдың екінші жартысындағы ауыл тарихы немесе тағдыры тарих болған тұлға туралы.....	253
Ескекбаев Д. Шағын ауыл топонимикасы тарихнамалық дерек ретінде	259
Кистаубаева А.К. Социально-демографические характеристики казахской диаспоры во Франции.....	266
Медведев В.В. Индигенные сообщества в городском пространстве: специфика и практики повседневности	272
Атығаев Н.Ә., Жандосова З.Ә. Қазақ хандығы тарихын зерттеудегі <i>Тарих-и Алфи</i> шығармасындағы деректердің құндылығы жайында	279
Бекназаров Р.А., Искендиоров С.Р. Обычай и обряды казахов в условиях глобализации.....	283
Солтиева Б.Ш. Қазақ мәдениетіндегі сал-серілік дәстүрінің эстетикалық ерекшеліктері.....	286
Жапақова Г.С. Казахское декоративно-прикладное искусство.....	290
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. Ұлттық ислами тәрбиенің кейбір кырлары.....	293
Морякова М.Т. Түрік зерттеушілерінің еңбектеріндегі көшпелі халықтар мәдениетінің ерекшеліктері жөнінде	297
Смагулов Б.К. «Солтүстік қазақ жазығы» өңіріндегі қазақтардың жерлеу салты және оның кейбір тарихи-этникалық параллелдері.....	300
Сабденова Г.Е., Усерова А.Н. Қазақи тәлім мен діни тәрбиенің кейбір тарихи-құқықтық сауалдары.....	305
Сихымбаева К.Б. Дерматоглификалық зерттеулердегі қазақтардың этногенетикалық аспектісі.....	309
Картаева Т.Е., Есенаманова А.С. Сыр өңірі қазақтарының тарихи демографиясы: көшпелілер мен отырықшылардың арасалмағы (XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы)	315
Шойбеков Р.Н. Құстар әлемімен байланысты қалыптасқан кейбір бейнелі сөз орамдарының лингвомәдени семантикасы	324
Қақабаев Б.С. Тері өңдеу ісі – қазақтың дәстүрлі кәсіпкерлігінің негізгі бағыттарының бірі	327
Ниязова М.И. Традиции и обряды казахов Учкудукского района Навоийской области (Узбекистан).....	332
Құлназарова Г.С. Түркияның Ташкенті	337
Болсынбек Т. Жүн ұқсату үрдісіндегі халықтық атаулар мен ұғымдар.....	339
Жандосова З.А., Атығаев Н.А. Из истории казахско-сафавидских отношений: письмо Аббас-шаха II к казахскому хану Тауке.....	344

МУЗЕЙ ІСІ ЖӘНЕ МӘДЕНИ МҰРА

Кистаубаева А.К. Фотодокументальные материалы об истории Верного из фондов Центрального государственного музея РК.....	348
Кепин Д.В., Титова Е.Н. Использование этнографических моделей при создании интерьерных тематико-экспозиционных комплексов (По материалам эпохи бронзы Украинского Полесья).....	354
Мукашев Ж.Б. Таңбалы тас тарихи ескерткіштерін музейлендіру	362
Бисембаев А.А., Сарсенов Ш., Уразова А.Б. Қазіргі кездегі әлемдік музейлердің даму перспективасы.....	364
Ершат А. Қытай мәдениетіндегі фарфор ыдыстары.....	367
Рахманкулов Е.Ж. Опыт создания исторического поселения эпохи бронзы в рамках национального парка «Бозок».....	372
Жұбатқанова Қ.Ж. Ақтөбе облысы қазақтарының материалдық мәдениетін музей коллекциясы арқылы талдау.....	376
Ахметжан К.С. Казахские кинжалы и тесаки (исследование на основе музейных и иконографических материалов).....	384
Искаков А.Ш. Ұлытау – Жезқазған өңірінің Алтын Орда кезеңінің ескерткіштері туризм дамуының маңызды бағыты.....	399
Шәкен Б. Жыға – экскурсия объектісі ретінде (музей педагогикасының тиімділігі жөнінде).....	403
Құрбанәлі Ж. Еліміздегі тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттаудағы	

қорық-музейлердің үлесі	407
Айтқұлова Э.Ә., Амаргазиева Ә.Ж. «Есік» қорық-музей қорындағы кола дәуіріне тән ғұрыптық бұйымдар коллекциясы	410
Кушенко А. Механизм реализации культурно-образовательных программ и проектов в онлайн-формате (из опыта Центрального государственного музея РК)	415
Қыдырәлиева Г.Қ. Балаларға арналған интерактивті музейлік-педагогикалық бағдарламалары (ҚР MOM тәжірибесінен)	420
Бакқұлова С.М. ҚР MOM қайырымдылық әлеуметтік жобалары	423
Дандығараева Б. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейіне келушілерге әсер еткен факторлар немесе Орталық музей келушілерді қалай тартады.....	425
Стамқұлова Г. ҚР MOM археология қорындағы Арыс мәдениеті коллекциясының қалыптасу тарихынан үзінді	428
Курбанов К.Н. Кибла-намо – печать-компас середины XIX века из Бухары	431
Курбанов Б.Г. Поднос из сокровищницы Бухарского эмира	433
Мурзинцева А.Е. Естественноисторические музеи в Республике Бурятия	435
Бағдаулетова Б., Қыбырай Ж. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде шетел қонақтары үшін экскурсия ұйымдастыру ісінің жүзеге асырылуы.....	444
Буркитбаев Д. Қазақтың материалдық мәдениеті Абай шығармашылығында (ҚР Мемлекеттік Орталық музей экспозициясы негізінде)	447
Ашимова Ү. Музейлік затты зерттеу мен насихаттау: кезеңдері, әдістері (ҚР MOM тәжірибесінен).....	450

ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ХАБАРЛАР

Жолдасбаева К.О. Археология ғылымында із қалдырған дара тұлға – Сәйден Жолдасбайұлының еңбектерінен үзінді	456
Жолдасбаева Д.М. Сәйден Жолдасбайұлы туралы қысқаша өмір-дерек (ағайын-туыстарының естеліктері негізінде).	461

Ғылыми басылым

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНЫҢ ТАРИХИ-
МӘДЕНИ МҰРАСЫ: ЖАҢА АШЫЛЫМДАР МЕН ПӘНАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР» атты
«ХІІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

20-21 мамыр, 2021 жыл

ИБ №14642

Басуға 22.06.2021 жылы қол қойылды. Формат 70x100 ¹/₈.

Көлемі 58,5 б. т. Тапсырыс №6172. Таралымы 30 дана.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.